

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**



**«НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ
МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ»**

**ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**



Шымкент – 2022

ӘОЖ 372.881.11

КБЖ 74.268.1

Н32

Шымкент қаласы білім басқармасының «Әдістемелік орталығы» КММ-нің ғылыми-сараптамалық кеңесінде қаралып, баспаға ұсынылған, №1 хаттама 29.03.2022ж.

Редакциялық кеңес:

Медетбекова Меруерт Асқарбекқызы (төраға)

Сражиева Гаухар Мухиддинқызы

Бекболаева Гулнюра Әшімқызы

Арысбаева Жарқынай Асетуллақызы

Н32 Нәтижеге бағытталған сабақ: жоспарлау мен саралау тәсілдерін қолдану: республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары - Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2022.- 452 б.

«Нәтижеге бағытталған сабақ: жоспарлау мен саралау тәсілдерін қолдану» республикалық ғылыми-практикалық онлайн конференциясының материалдар жинағына конференция қатысушыларының қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту үдерісін тиімді жоспарлау негізінде білім сапсын арттыру мәселелерін қарастырған баяндамалары, сөйлеген сөздері, шығармашылық жұмыстары еніп отыр. Жинақ мектепке дейінгі, жалпы орта және кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған.

ӘОЖ 372.881.11

КБЖ 74.268.1

@Шымкент қаласының әдістемелік орталығы, 2022.

НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ - УАҚЫТ ТАЛАБЫ

**Шымкент қаласы білім басқармасы
«Әдістемелік орталықтың» директоры, ф.ғ.к.
Медетбекова Меруерт Асқарбекқызы**

Әрбір тарихи кезеңде, қоғамда туындаған талаптарға сай келешек ұрпаққа берілетін білімнің мәніне жаңа сипат беріліп, жаңа ұстанымдар қарастырылуда.

Қазіргі таңдағы білім саласында, жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты - ой-өрісі жанашыл, шығармашылық деңгейде қызмет ете алатын, дүние - танымы жоғары, білімдік бәсекеге қабілетті, жан - жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Мемлекет басшылары еліміздің дамыған, өркениетті елу елдің қатарына қосылуы үшін бірінші кезекте ғылым мен білімнің дамуына, оның негізгі орта мектеп түлектерінің білім сапасына баса назар аудару қажет екендігін айта келіп, білім саласына нақты міндеттер жүктеді.

Осы міндеттерді алға тартып, еліміз оқытудың жаңа кезеңінде жұмыс жасап келеді. Нәтижеге бағытталған білім беру дегеніміз - жеке тұлғаның құзырлығын қалыптастыру. Құзырлық - ол тереңнен берілетін білім.

«Құзырлық - тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениетімен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті» деген болатын Т.Г.Браже.

Оқушының құзырлығын қалыптастыру үшін мұғалімнің өзі бір-құзырлыққа жетуі керек. Бүгінгі таңда мұғалімге қойылатын талап та күшті. Жаңа формация мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу ғана емес, тарихи танымдық, педагогикалық, психологиялық және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың жаңа технологиясын меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

ҚР «Білім туралы» заңында айтылған «Білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі - жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектісін дамыту» деген сөздерін басшылыққа ала отырып, бүгінгі білім беру саласының алдында жүйеленіп, дайындалып берген білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс жасай алатын, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілеттерімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр.

Яғни, білім беру жүйесінің негізгі мақсаты - құзіретті оқушы дайындап шығару үшін, ең алдымен, мектепке шығармашылық қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалім даярлау қажет. Бір уақытта педагог, психолог және оқу процесін ұйымдастырушы технолог бола білу керек. Сонымен қатар оқушының шектеусіз қабілетін дамыта алатындай білім берудің кеңістігін құруға қабілетті бола білуі шарт. Бұдан мұғалімнің мамандық шеберлігі анықталады.

Қазіргі таңдағы білім беру салаларында бұрынғы біліммен салыстырғанда

көп айырмашылық бар. Бүгінгі білім саласында ақпараттық-коммуникативтік құралдар, техникалық құралдар, аудио-визуалды құралдарды кеңінен пайдаланып, оқушының тек кітаптан оқып, құлақпен естіп қана қоймай, оны іс жүзінде көруге де көп мүмкіндігі бар. Сондықтан да мұғалім өзінің шеберлігінің, ізденімпаздығының арқасында ең жоғары деген нәтижеге жетуге күзиретті.

Күзиреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

Мұғалімнің басты рөлі - тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, нәтижеге бағытталған жалпы орта білім берудің жаңа жүйесіне ауысу білім беруді басқару жүйесіндегілерден мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда жаңаша көзқарасты, ал мұғалімдерден негізгі кәсіби құзырлылықтарын дамытуды талап етеді.

Бүгінгі таңда білім беру саласын ізгілендірудің басты бағыттарының бірі - жүйелі оқу мақсатына жоспарланған қысқа мерзімді жоспарды құрылымдау, белсенді оқыту түрлері мен әдістерін жетілдіру. Ескі мазмұнды ығыстыра отырып, сабақ үдерісінде білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыру. Әлемнің оқыту технологиялары жоғары дамыған елдерінің тәжірибесіне назар аударсақ, түпкі мақсаты-баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыру, яғни, бірінші орында баланың білім, білігі мен дағдысы емес, жеке тұлғаның білім алу арқылы дамуын қояды. Осы мақсатқа орай, бүгінгі педагогика ғылымында жаңа оқыту технологиялары: дидактикалық біліктерді шоғырландыру, ізгілікті-тұлғалық бағдарламалар, дамыта оқыту, мәселелік, тірек сигналдары арқылы, деңгейлеп саралап оқыту, өздігінен ізденіп даму, оқытудың компьютерлік, модульдік технологияларды ғылыми тұрғыда дәлелдеп, баламен бірге жұмыс жүргізіп жүзеге асырушы мұғалім.

Барлық мектептерде жоғары білім сапасына қол жеткізу үшін мұғалімдердің педагогикалық шеберлігімен қатар, оны басқару ісін тиімді ұйымдастыру, дұрыс бағыт-бағдар берілетін әдістемелік жұмыстарды жүргізу дұрыс жолға қойылған, себебі қазір санның заманы өтіп, сапаның дәуірі туып отыр. Жас ұрпаққа жан-жақты білім беруде сапа категориясын бірінші орында қойып отырған мектеп ұжымында «Озат тәжірибе» мектебі, «Жас маман» мектебі, «Шығармашылық топ» және пән бірлестіктері аталған мәселелерді талқылап, зерттеп, шешу жолдарын анықтауда ұйымшылдықпен табысты еңбек етуде. Бәрінің алдына қойған өзекті мәселесі: «Озық педагогикалық тәжірибені қолдана отырып, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырып, нәтижелі білім сапасына қол жеткізу». Жеке тұлғаны қалыптастыру барысында білім беру

сапасына мектеп ұжымы ерекше мән беріп келеді. Сапалы білім беруді көздеген ұжым оқушылардың мүмкіндіктерін алдын-ала болжауға, модельдеуге ұмтылады. Өйткені, олар оқушының білім беру нарығында қабілетті болу үшін ішкі тапсырыс талаптарына сәйкес болу керек екенін жақсы түсінеді. Соған байланысты, мектеп деңгейінде сапалы білімге кеңінен қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында «Әдістемелік орталық» әдістемелік жұмыстарды бірнеше бағытта жүргізіп келеді.

«Әдістемелік орталықта» пән мұғалімдерінің, жас мамандардың әдістемелік көмек алуына педагогикалық шеберлігін жетілдіруіне, бағыт-бағдар алуына негізделіп «әдістемелік орталықтың» жұмыс істеу жоспары, «Ulagat» педагогикалық қауымдастығының, «Жас маманға көмек», «Біздің жаңашыл ұстаздар», «IT-TIL» жобасы, оқыту семинарлары, форумдары мен ғылыми-практикалық конференциялары ұйымдастырылып, ғылыми - әдістемелік көмекші кітаптармен, ғылыми-әдістемелік баспасөз материалдары арқылы әдістемелік көмек берілуде.

Сондай-ақ, мектепті сабақтың оқу мақсатына қол жеткізуде нәтижеге бағытталып, оқушылармен бірге пән мұғалімдерінің де қосымша оқу ресірстарымен, платформалармен, электронды оқулықпен, интерактивті тақтамен жұмыс істей алуына ерекше мән беріліп әр түрлі тақырыптағы сабаққа қажетті аудио-видео таспалармен, дискілермен, электронды оқулықтармен жабдықталған. Кез келген пән мұғалімі «Әдістемелік орталықтан» қажетті материалдармен қаруланып, дәстүрлі пәндер шеңберінен шығып, оқушылардың сұранысына, олардың ерекшелігіне, жеке басына бағытталған білім беру ісін жоғары деңгейде жүргізуде әдістемелік жұмыстар ұйымдастырылуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. Алматы-2007.
2. ҚР «Білім туралы» Заңында
3. Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте.
4. Қазақстан мұғалімі.
5. «Нәтижеге бағытталған білім беруде жеке тұлға қалыптастырудағы мұғалім ролі» тақырыбындағы педагогикалық оқу материалдары. Өскемен, 2006.
6. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы». (Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы). Астана, 2006 жылғы 1 наурыз
7. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» (Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы). Астана, 2007 жылғы 28 ақпан. 2000 ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА САРАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫН ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Кенжебаева Гүлдарига Мерекебайқызы,

**Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясының
жетекші ғылыми қызметкері, п.ғ.к.**

Арысбаева Жарқынай Асетуллақызы,

Шымкент қаласы білім басқармасы әдістемелік орталықтың
қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдіскері, п.ғ.м.

Аннотация

Мақалада әр балаға жеке индивид деп қарап, оларға берілетін білім мазмұны бірдей болғанымен, берілу жолдары әр түрлі болатындығы туралы айтылады. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі, әр баланың танымы, қызығушылығы, қабылдауы әр басқа болғандықтан мұғалімнің баламен жүргізетін жұмысы да жан-жақтылықты, шығармашылықты талап ететіндігі туралы айта келіп, әр баланың өзіндік даму ерекшелігіне тоқталады. Соған орай барлық баланы бірдей әдіспен оқыта алмайтындықтан, әр баланың ерекшелігін ескере отыра, олардың қажеттілігін қанағаттандыратындай әдіс-тәсілдерді қолдану керектігі, осы қажеттілікті өтеуде бірге көмекке келетін бірден-бір жол осы, саралап оқыту деген түйінді ой айтылады.

Кілт сөздер: *саралау тапсырмалары, деңгейлік тапсырмалар, шығармашылық жұмыс, даму ерекшелігі, әдіс-тәсіл, бейімділік, қабілет.*

XXI ғасырдың адамы - жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жан-дүниесі бай, ұлттық менталитеті жоғары, адамдармен, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген қиын жағдайдан шығудың жолын таба білетін, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс. Мұндай жеке тұлға болып қалыптасуына мектеп қабырғасынан алатын тәрбиесі мен білімі басты орында тұрады. Балаға мектептен берілетін ұлттық білім үлгісінің басты бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, сол арқылы оның рухани жан дүниесінің баюына, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. Осы бағытта білім беру үшін мектептегі пәндерді оқушының танымдық белсенділігін қалыптастыруға бағыттаудың бүгінгі күннің басты талаптарының бірі екендігі баршаға аян. Баланың танымдық белсенділігін, дүниетанымын қалыптастыру әр сабақтың мазмұнында болуы керек. Балаға әр пән бойынша берілетін білім мазмұнында осы нәрселер басты орында тұруы керек. Ол үшін мұғалім өз міндетін шығармашылықпен атқарып, әр сабақта оқытудың түрлі тәсілдерін орнымен қолдана білуі керек. Осындай мақсатқа бағытталған тәсілдердің бірі- саралау тапсырмалары арқылы оқыту.

Ең біріншіден, жалпы саралау тапсырмалары дегеніміз не, оның қолданылатын орны қайда, мақсаты қандай, нәтижесі қалай болмақ деген сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

XX ғасырдың 20-жылдары кеңестік, шетелдік, яғни әлемдік педагогикада саралап оқыту туралы зерттеулер қарастырыла бастады.

Біздің алаш зиялыларының педагогикалық ой-тұжырымдарын қарап отырсақ, бұл мәселе назардан тыс қалмаған. Алаш зиялыларының еңбектерінде баланың жас ерекшеліктері, олардың қажеттіліктері туралы тұжырымдарын көруге болады. Мысалы, Мағжан Жұмабаевтің «Педагогика» атты еңбегінде: «Баланың әсерленуі, суреттеу, ойлау һәм сезінуі ержеткен адамнан әжептәуір

басқа. Баланың бұл жан көріністерінің әрқайсысының жеке-жеке алғанда басқалығы болған сықылды, бұлардың бәрін тұтас алғанда да басқалық бар» - делінген [1]. Осы оймен пікірлес Ахмет Байтұрсынұлында: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның біліміне шеберлігінің керек орны, өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолын қысқарту үшін, сол жолдан балалар қиналмай өту үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беруі мен бетін белгілеген мақсатқа түзеп отыру керек» [2, 336 б.], – дейді. Алаш зиялыларының еңбектерінде дәл қазіргідей «саралап оқыту, саралау тапсырмалары» деген термин қолданылмағанымен, пікірлері осы қазіргі зерттеулердегі «саралап оқыту», «тапсырмаларды саралап беру» деген ұғымдармен сабақтасып жатыр.

Қазіргі жаһандану, бүгінгі жаңалықтың ертеңгі тарихқа тез айналып жатқан заманында балалардың жас ерекшелігіне сай білім мазмұнын меңгеруі, қабылдауы, олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мұғалімнің алдына үлкен жауапкершілікті жүктейді. Әр балаға жеке индивид деп қарайтын болсақ, оларға берілетін білім мазмұны бірдей болғанымен, берілу жолдары әр түрлі болуды қажет етеді екен. Себебі, бүгінгі күннің өзекті мәселесі, әр баланың танымы, қызығушылығы, қабылдауы әр басқа болғандықтан мұғалімнің баламен жүргізетін жұмысы да жан-жақтылықты, шығармашылықты талап етеді. Бұл бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Өзекті дейтін себебіміз әр баланың өзіндік даму ерекшелігі бар. Сондықтан да біз қазіргі таңда барлық баланы бірдей әдіспен оқыта алмаймыз.

Әр баланың ерекшелігін ескере отыра, оның қажеттілігін қанағаттандыратындай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып оқыту қажет. Міне, осы қажеттілікті өтеуде бірге көмекке келетін бірден-бір жол осы, саралап оқыту екен.

Саралап оқытудың мақсаты: Әртүрлі оқушының бейімділіктерін айқындауға, қабілетін дамытуға қолайлы жағдайлар жасау.

Саралап оқыту дегеніміз - бір материалды барлық оқушыларға әртүрлі оқыту тәсілдерін қолданып оқыту дегенді білдіреді және мұғалімнен әрбір оқушының қабілетіне қарай тапсырмаларды қиындық деңгейі бойынша жіктей отырып, сабақты ұйымдастыруды талап етеді.

Саралап оқыту (дифференциация) латын тілінен алынған сөз, яғни біртұтас затты түрлі бөліктерге, нұсқаларға, сатыларға бөліп жіктеуді, саралауды білдіреді, ал француз тілінде айырмашылық, ерекшелік дегенді білдіреді. Қазақ тілінде «саралау» ұғымы жеке, ерекше, бөлекше дегенді білдіреді. Сонымен, саралап оқыту дегеніміз – пән бойынша берілетін білім мазмұнын мұғалімнің сыныптағы оқушылармен жекелеп, жұптап, топтап меңгертудегі оқу үдерісін ұйымдастыру түрі. Ол қалай жүзеге асады? Әрине, білім алушымен жұмыс жасау арқылы жүзеге асады. Сонда білім алушымен жүргізілетін жұмыс – бұл баланың ерекшелігіне сай (жас ерекшелігі, есте сақтау қабілеті, ойлау ерекшеліктері, темперамент, білім мазмұнын қабылдау деңгейі, баяулығы, шапшаңдығы, зейіні, көшбасшылық қабілеті, шығармашылдығы, қызығушылығы т.б.) пән мазмұнына құрылған саралап берілетін тапсырмалар жүйесі.

Саралау тапсырмаларының тиімділігі неде? Саралау тапсырмаларын қолданудың тиімділігі – өз бетімен дами алатын, әртүрлі өмірдің қиындықтарына төзе білетін, белсенді, білімді жеке тұлға тәрбиелеуге бағытталған білім беру. Сыныптағы оқушылардың білім деңгейі, білімді менгеру дағдысы барлығында бірдей болуы мүмкін емес. Бұл мұғалімнен әр оқушыға жекелей қарауды қажет етеді. Саралап оқыту оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағыттайтын тиімді тәсілдердің бірі. Әрине, саралап оқыту саралау тапсырмалары арқылы жүзеге асады.

Саралау тапсырмалары міндетті үш деңгей және шығармашылық деңгейден тұрады. Тапсырмаларды деңгейлеп алудағы мақсат – білім алушыны «жақсы оқиды», «жаман оқиды» деп жікке бөлумен намысына тимей, керісінше барлығы жұмыла жұмыс жасайтындай күйге жеткізу. I деңгейдегі тапсырманы сынып жаппай орындайды, бұл тапсырманы орындауға барлық оқушы міндетті. Бірінші деңгейлік тапсырма оқушының есінде қалуға ыңғайлы, өмірмен байланысты болуы керек.

Екінші деңгейдің тапсырмалары күрделене түседі. Мазмұны өткен тақырыпқа байланысты түрленген, ойлауды қажет ететін, оқушы өз бетімен жұмыс жасауға лайықты тапсырмалар дайындалады.

Үшінші деңгейдегі тапсырмаларды орындау арқылы оқушы өзі тұжырым жасайды. Мұғалім нұсқаушы, бағыт беруші, кеңесуші ретінде болады. Оқушының өзі қосымша материалдарды пайдаланып, мәтіндермен жұмыс жасайды. Берілген мәтіндерге сұрақ ойлап жазады. Өзіне керек материалдарды іздеп, тауып оқиды.

Төртінші деңгейлік тапсырма дарынды, қабілеті жоғары балаға арналады, тақырып беріп, ізденуге өзі мақсат қояды. Мұғалімнің көмегінсіз барлығын өзі орындай біледі.

Егер оқушылар I деңгейдегі міндетті тапсырманы орындап, қалған деңгейлердің тапсырмаларын орындау қиын болып жатса, үйде орындауға беру керек.

Саралау тапсырмаларының тиімділігі мен нәтижелеріне тоқталсақ:

- Төменнен, жоғарыға қарай, яғни жеңілден күрделіге қарай жүру;
- Әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады;
- Оқушылардың әр тақырыптан алған білім мазмұны естерінде жақсы сақталып, бекітіледі;
- Күрделі тапсырмаға байланысты оқушының ойлау қабілеті артады.

Мақсаты:

- Әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту;
- Деңгейі төмен оқушылармен жеке жұмыс жасау, қолдау көрсету;
- Дарынды оқушының тереңірек білім алуына жағдай жасау;
- Оқушының ынтасын, қабілетін арттыру.

Ерекшелігі:

- Таланттылар, дарынды оқушылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады;
- Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылардың психологиялық ерекшелігін, ақыл-ойының дамуы және өзін-өзі жетілдіруі жүзеге асады;
- Дарынды балалар зерттеу жұмыстарымен айналысып, өзін дамытады;
- Мұғалімнің шығармашылықпен айналысып, жан-жақты дамуына мүмкіндік туады. Яғни үйрете жүріп үйренеді.

Оқыту барысында сабақта саралау тапсырмаларын жоспарлау өте маңызды да жауапты жұмыс. Сабақтың өз дәрежесінде өтіп, мақсатқа жетуі осы тапсырмаларды дұрыс саралауға тәуелді. Тапсырмаларды саралауда мына нәрселер ескерілуі керек: қабілеттері, деңгейлеріне қарай және қызығушылықтары бойынша. Осыларды ескере отырып тапсырма дайындағанда: білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар; оқушылардың қажеттіліктеріне қарай (көмектесе отырып орындалатын, өздері орындай алатын күрделі тапсырмалар); ерекше дарынды баланы жалықтырып алмай, алға қарай ұмтылдырып отыруға бағытталған күрделі тапсырмалар.

Оқушыларға оқу мақсатына жетуді көздейтін тапсырма, жаттығуларды беру барысында баланың жеке ерекшелігі және қажеттілігі ескерілуі керек. Бұл мәселе аясында ұлы ғұлама Аристотельдің өзі былай деген: «Оқушылар биіктен көрінуі үшін алдыңғыларға жетіп, соңғыларды тоспауы керек». Яғни, әр бала өз ерекшелігіне, қажеттілігіне және мүмкіндігіне қарай тапсырмалар мен жаттығуларды орындай отыра оқу мақсатына жетуі керек. Жоспарлау және оқыту барысында тапсырманы саралаудың маңыздылығы басым. Саралаудың бұл тәсілі негізгі мазмұнды қамтитын түрлі тапсырмалар ойластыруды көздейді. Оқушыларға жекелеп немесе топтарға олардың меңгерген білімдеріне негізделген тапсырмалар беріледі. Аса қабілетті оқушыларға айтарлықтай жоғары деңгейде ойлауды дамытуға мүмкіндік беретін, проблемаларды шешу қабілеттері мен зерттеу қабілетін пайдалануды талап ететін күрделі тапсырмалар беруге болады.

Күрделілігімен, оқу-танымдық қызығушылықтарымен, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану – сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады. Негізгі тапсырмалар кейінгі тапсырмаларға қарағанда жеңіл болғанымен, сыныптағы кейбір оқушылар үшін қиындық туғызуы мүмкін. Кейінгі тапсырмалар күрделірек болғанымен, негізгі тапсырманы нәтижелі орындаған оқушылар үшін қиындық келтірмеуі мүмкін. Тапсырмаларды оқушының өзіне таңдап орындауына мүмкіндік жасау керек. Аздан көпке, оңайдан қиынға, жақыннан алысқа қарай жылжыта отыра оқыту заңы әр пәнде қолданылады. Тапсырманың де сондай жолы бар.

Тапсырмаларды пәнге қарай кеңейтілген түрде беруде оқушылардың таңдауына мүмкіндік болады. Тапсырмаларды кеңейтіп бере отыра, оқушылардың алаңдауын, мазасыздануын алдын-алып, қызығушылықтарын арттыруға болады және де нәтижесінде жұмыс сапасы да артады. Мұғалім оқушылардың зер салып тыңдауын сақтап қалу мақсатында сыныпта орындалатын жұмыстың барынша күрделі және әртүрлі болуын қадағалайды. Бұл ретте оқушылардың бойында тапсырмаларды орындау үшін қажетті дағдыларды қалыптастырып, білім береді. Мысалы, төмендегі тапсырмалар жүйесін беруге болады.

№1. Өткен материалды бекіту және қорыту бойынша ұйымдастыруға болады. Барлық балаға берілетін мәтін бірдей, бірақ тапсырма әр түрлі. Сыныптағы балалар барлық тапсырманы алады, бірақ өзі орындай алатынын орындайды. Біреулері шығармашылық тапсырма алып, оларды өз бетінше орындайды. Екінші оқушылар дайындалған карточкадағы немесе оқулықтың сұрақтары бойынша тапсырмаларды өз бетінше орындайды. Енді бір оқушылар мұғалімнің жетекшілігімен жұмыс істейді. Жұмысты осылайша ұйымдастыру арқылы «күшті» балаларға өз қабілеттерін барынша көрсетіп, тиісті бағасын алуға мүмкіндік туады. Ал «әлсіз» оқушылар өздерін сенімдірек сезініп, олар да жақсы баға алады.

№2.

Мәтінмен жұмыс:

Қадыр - менің әкем. Еһ, шіркін дүние-ай десеңші. «Әке» деген сөзді айтқанда, жүрегім қарс айрыла жаздайды-ау. Қандай жақын, қандай ыстық. Балалар менің әкем өйтті, менің әкем бүйтті. Менің әкем ананы сатып әперетін болды, менің әкем мынаны сатып әперетін болды деп мақтаныш етіп жатады. Ал мен болсам, әкемнің қандай адам екенін де білмеймін. Өйткені, ол майданға аттанғанда, мен екі жастамын. (Екі жасар ақымақ не біледі, не түсінеді? Сол кеткеннен абзал әкем мол кетті, оралмады...)

Еһ, қайран әкем! Егер сен тірі болсаң, мүмкін, мен бұдан гөрі басқадай болар ма едім. Кім біледі, жер-әлемді шулатып, сотқар Қожа атанып жүргенім әкесіз жетім өскендігімнен де шығар.

Кімге де болса бір әке әбден керек. Тіпті селкілдеген шалдардың өздері кейде «жарықтық, әкем анандай еді, әкем мынандай еді» деп, еске алып, армандап отырмай ма? Шіркін, менің әкем тірі болса деп, бала Қожа еріксіз әкесін есіне алып, сағыныш сезіміне беріліп кетті. Отбасында әке орны бөлек, асқар тау ғой!

Бердібек Соқпақбаев "Менің атым Қожа"

1-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Қожаның әкесінің аты кім?
2. Қожа әкесімен мақтана алмауына не себеп болды?
3. Қожаның арманы қандай?
4. Мәтін кейіпкері қандай адам?

2-тапсырма. Мәтін бойынша тәуелдік жалғаулы сөздерді теріп жаз.

Үлгі: әке+м

3-тапсырма. «Менің әкем» тақырыбында шағын әңгіме жаз.

№3.

Қазақ дастарқаны

Қазақтар сүттен уыз, ірімшік, қатық, іркіт, сүзбе, құрт, қаймақ, сары май, қымыз, саумал, шұбат, көже, малта жасаған.

Каспий, Арал, Балқаш, т.б. теңіз, көл, өзен суларының төңірегін мекендейтін халықтың дастарқанынан жыл бойы балық тағамдары да үзілмеген.

Өсімдік, жеміс-жидек, т. б. тағамдарды «жұмақтың асы, оны ішіп- жеу сауап» дегені - халқымыздаң олардың денсаулыққа пайдалылығын ертеден ақ білгені. Тарыдан сөк, жент, жарма, ұннан бауырсақ, көмеш, таба нан, т. б. жасаған.

Қазақ халқы адамның жынысы, жасы, еңбегінің түріне қарай тамақтана білген. Күнделікті ішетін тамақ құрамында адам тіршілігіне өте қажетті элементтердің болуын көздеген. «Жаман ауруға жақсы ас», - деп түйіндеген. Аурудың түріне қарай тағамдарды сұрыптаған. Айталық, өкпе ауруына қымыз, шұбат ішкізген. Суық тигенде құйрық май шыжғырып ішкізген. Қазақтың белгілі ақыны Қасым Аманжолов: « Болса денің, бойың сау- ақылың сау, ойың сау», - деп тамаша тұжырымдаған.

Қазақ халқы денсаулыққа қажет жағдайлардың бәрінің ішінен «Ас- адамның арқауы» деп тағамның қасиетін өте жоғары бағалаған.

1-тапсырма. Түсіндірме сөздікте ұлттық тағамдар туралы қалай берілген, дәптерге теріп жазыңыздар.

2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыр.

3-тапсырма. «Ас- адамның арқауы» эссе жазыңыз.

Қорыта келе, жоспарлау мен оқыту үдерісінде саралаудың тәсілдерін қолдану балаларға оқу тапсырмаларын өз деңгейі бойынша, қолдау немесе көмек көрсету арқылы орындауына мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың оқуға деген сенімділігі мен ынтасын арттырады.

Нақты мақсат қойып сараланған тапсырмалар арқылы оқыту барысында мұғалімдерге оқушылардың мүмкіндіктерін анықтауға, ерекшеліктерін ескеруге, қызығушылықтарын арттыруға, қажеттіліктерін қанағаттандыруға және оқушыларға өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін анықтап жетілдірулеріне, тапсырмаларды жеңілден күрделіге қарай және де тандап орындауларына жол ашады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. М.Жұмабаев. Педагогика. 1922 жыл, 15 сентябрь, Қызылжар. https://qamba.info/site/book/online/maghzhan-zhumabaev_pedaggika/content/content_1.xhtml/
2. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы. Ана тілі. 1992. 442б.
3. Ж.Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы. Бесінші том. Алматы. Ғылым. 1999. 304 бет.
4. Күрделендірілген тапсырмалармен таныстыру. «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасы, 3 апта, 5 күн материалдарынан.
5. Ж.Әбиев, С.Бабаев, А.Құдиярова. Педагогика. Оқу құралы. Алматы. Дарын. 2004. 448 бет.
6. Н.Б.Жақыпова. Физика пәнін оқытуда саралау тәсілін тиімді қолдану. <https://www.youtube.com/watch?v=bqj6jxXRsq>

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аблаева Ақмарал Еламанқызы

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы білім беруді
дамыту орталығының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің әдіскері.

Аннотация

Ұсынылып отырған мақалада қазақ тілі пәнін оқыту барысында жүргізілетін жалпы білім беретін орта мектептерде мемлекеттік тіл - қазақ тілін дамыта оқыту мәселелерін жетілдіру мақсатын көздейді. Дағды мен оқу мақсатына қол жеткізу барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер жайлы баяндалған.

Аннотация

Предлагаемая статья преследует цель совершенствования вопросов развития государственного языка-казахского языка в общеобразовательных школах, проводимых в ходе изучения казахского языка. Изложены методы и приемы, применяемые при достижении навыков и учебных целей.

Annotation

The proposed article pursues the goal of improving the development of the state language, the Kazakh language in secondary schools, conducted in the course of studying the Kazakh language. Methods and techniques used to achieve skills and learning goals are outlined.

Бүгінгі таңда білім саласының алдында білімді, бәсекелестікке қабілеті бар, шығармашыл, дербес ойлай алатын, іздеп, білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алатын, функционалды сауатты жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр.

Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгеріп, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалды сауаттылыққа жету деген сипатта ұғынылады. Яғни, «функционалды сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді.

Мектептегі оқу үрдісінің негізгі мақсаттары - баланың білім игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіріп, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеп дамыту болып табылады. Осы міндетті жүзеге асыру - баланың білім игеру кезінде өзіндік іс - әрекеттері мен ізденуін белсендіріп, шығармашыл қабілетін дамыту арқылы іске аспақ.

Әрбір мұғалімнің үнемі біліктілігін арттырып, педагогикалық шеберлігін жетілдіріп отыруы және жалпы мектептің кәсіби мәдениетін дамытуы - білім беру сапасын арттырудың басты шарты. Ұстаз еңбегінің ең негізгі және басты көрсеткіші шәкірттерінің еңбексүйгіштігімен, білімімен, өнегелілігімен, адамгершілік қасиеттерімен өлшенеді. Шәкірт бойында қалыптасқан жақсы

қасиеттердің барлығы ұстаз еңбегінің көп жылдық жемісі. Білімді меңгеру үшін оқушының ынтаықиласын туғызу, оқу мәдениетін оның әдеттегі дағдарысына, рухани қажеттілігіне айналдыру керек. *Еліміздің білім жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігуі оның халықаралық талаптарға сай болуын қажет етеді.* Осыған байланысты білімнің мақсаты, мазмұнымен инновациялық технологиялар ғылыми тұрғыдан зерттелуде, білім берудің жаңа жүйесі жасалуда.

Оқушыларға қазақ тілінен білім мазмұнын игеруіне оқулық пен көмекші оқу құралдары, ғылыми көпшілік әдебиет, журнал мен газет материалдарының мәні зор. Мұғалімнің түсіндіруі мен жаттығу жұмыстары кітапқа сүйенгенде ғана нәтижелі болады. Сондықтан да мұғалім оқушыларға кітапты пайдалануды үнемі үйретіп отыруы керек. Кітаппен жұмыс істеу әдісі сабақтың барлық кезеңінде қолданылады. Мұғалім тілдің белгілі бір единицасын түсіндіргеннен кейін оқушылардың сұрауларына жауап беріп болған соң, оқулықты алдырып, өтілген материалды кітаптан оқып шығуды тапсырады. Оқулық пен дидактикалық материалдардың оқушыларға үйде тигізетін көмегі де мол.

Бұл проблеманың кейбір қырлары тамыры тереңге бойлайтын көне замандардан бастау алады. Сократтың өзі де оқыту барысында шәкірттің танымдық іс-әрекетін арнайы басқарудың маңыздылығын атап көрсеткен. Баланың әрбір еңбегі құр босқа жаттауға жұмсалмай, мағыналы және жүйелі болуы керек. Баланың жас кезінен-ақ танымдық әлемін кеңейту, сол бағытта әрекет ету маңыздылығы Абай Құнанбаевтың да еңбектерінде көрініс тапқан.

«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша оқу бағдарламаларының негізгі мақсаты пәннің мазмұнын сапалы меңгеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар, басқа пәндермен сабақтастық арқылы жалпыадамзаттық құндылықтардың, ұлттық әдебиет пен мәдениеттің үздік дәстүрлерінің негізінде оқушылардың шығармашылық және зияткерлік деңгейін дамыту болып табылады.

Қазақ тілі - қазақ халқының ана тілі және Қазақстандағы мемлекеттік тіл мәртебесіндегі өзара қарым-қатынас құралы.

Қазақ тілі қазақстандық қоғам мен қазақ тілін ана тілі ретінде қолданатын әрбір жеке тұлға өмірінде бірегей қызмет атқарады. Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік және қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқыту тілдің қоғамдағы маңызды қызметі мен рөлін саналы түрде түсінуге, тілдің табиғатын ғылыми танымдық тұрғыдан түсініп меңгеруге, коммуникактивтік тілдесім әрекетіндегі тілдік бірліктердің функционалдық қасиеттерін саналы түрде қолдануға, әрбір тілдік бірліктің ішкі мағыналық иірімдерін түсініп қолдануға дағдыландырады.

Жалпы білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты - ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай-ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

«Қазақ тілі» пәні бірқатар маңызды мақсаттарды жүзеге асырады:

1) қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникактивтік дағдыларды (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауатты қолдану дағдыларын қалыптастырады;

2) оқушылардың қазақ тілін күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым-қатынас құралынан енді оны құбылыс ретіндегі заңдылықтар негізінде танып-білу дағдыларын қалыптастырады;

3) қазақ тілі жүйесінің құрылымын, тілдік бірліктерді және олардың табиғатын танып-біледі;

4) тілдік бірліктердің қарым-қатынас құралы, ойды жеткізу, танымдық құрал, ақпаратты сақтау құралы ретіндегі қасиеттерін функционалдық-коммуникативтік бағдарда танып-біледі, соған лайықты машықтар мен дағдыларды қалыптастырады.

«Қазақ тілі» пәні бағдарламасы оқушының тілдік сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және оқушының ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздейді.

Сонымен қатар, оқушыларға түсіну мен жауап беруді, тілдесім мен аудиобейне материалды тыңдау барысында өз көзқарастарын білдіруді үйретеді. Көркем мәтін және жай мәтіндерге мақсатқа сай қорытынды жасау, синтез, анализ жасау дағдыларын меңгертеді.

«Қазақ тілі» пәні бағдарламасы функционалдық-коммуникативтік бағытқа негізделіп құрастырылды. Ол оқушылардың тіл туралы түсініктерін тереңдетіп, ұлттық мәдениет пен әлемдік мәдениеттің маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейтеді.

«Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасы білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін және шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу мәселесін жүзеге асыруға маңызды үлес қосады. «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы оқушысына қазақ тілін ана тілі ретінде тілдік қатынас және таным құралы ретінде оқытуды, сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің мәтін түзімдік қызметін танытуды, тілдік бірліктердің табиғатына сай мәтін құратуды, мәтін құраудағы заңдылықтарды үйретуді, тілдік жағдаяттарда ауызша және жазбаша сөйлеудің нормаларын меңгертуді, әсерлі сөйлеудің лексика-грамматикалық тәсілдерін меңгертуді көздейді. Қазақ тілін пән ретінде оқытуда оқушылардың ұлттық дүниетанымын кеңейтетін, шығармашылық ойлауға төселдіретін, айналадағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауды үйрететін, оны тұлға ретінде әлеуметтендіруге мүмкіндік беретін қазақ тілінің танымдық, қатысымдық және кумулятивтік қызметтерін меңгерту, оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеу және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту басты нысана болып табылады.

«Қазақ тілі» пәні бағдарламасы білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін және шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу мәселесін жүзеге асыруға маңызды үлес қосады. «Қазақ тілі» пәнінің бағдарламасы негізгі орта мектеп оқушысына қазақ тілін ана тілі ретінде тілдік қатынас және таным құралы ретінде оқытуды, сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің мәтін түзімдік қызметін танытуды, тілдік бірліктердің табиғатына сай мәтін құратуды, мәтін құраудағы заңдылықтарды үйретуді, тілдік жағдаяттарда ауызша және жазбаша сөйлеудің нормаларын

меңгертуді, әсерлі сөйлеудің лексика-грамматикалық тәсілдерін меңгертуді көздейді.

Ұрпақ тәрбиесінде әлем халықтары өзінің сан ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан тарихи тәжірибесін қолданады. Келешек иелерін тәрбиелеудің негізі-өздері әрқашанда өткен уақыттан қалған бай мұра болмақ. Жылдар өтіп, ел жаңарған сайын жаңғыра түсетін, қайта айналып соға беретін тақырып білімді ұрпақ тәрбиелеу. Бүгінгі тәрбие үрдісін халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін ұлттық ерекшеліктерін ұстана отырып, жаңарту керек. Бала ең алдымен өз ұлтының мәдениетін, ана тілінің ерекшеліктерін бойына сіңіріп, сонан соң өзге халықтардың мәдениетінің игі мұрасын меңгергені дұрыс. Жалпы дүниежүзілік қркениет әр ұлттың рухани қазынасы арқылы дамып, байып отыратыны сөзсіз.

Қорыта айтқанда, оқушылар тарапынан жоғарыда аталған оқытудың түрлерін мұғалімдер күнделікті сабақтарында қолданып отырса, бұл шәкірттерге үлкен көмегін тигізері хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оралбаева Н. Жақсылықова Қ. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі, А: 1996 жыл.
2. Қожамқұлова Ж. «Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар» Алматы, 2013 ж.
3. С.Мирсеитова, Ә.Іргебаева «Әрекеттегі РWCT философиясы мен әдістері» Алматы, 2006

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Төңкерқызы Айгүл

Ақмола облысы, Целиноград ауданы Софиевка ауылы ЖББОМ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, зерттеуші педагог

Танымның бар тамашасы – кітапта,
оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа.
Абай

Қазақ әдебиеті пәні - адамзатты тәрбиелеуші, адам баласын ізгілікке жетелеуші күш. Көркем шығарманың құдіреті оқушысына ең жақын адамдар бере алмайтын дүниені береді. Яғни, сезім тәрбиесін, достықтың ережесін көп адам көркем әдебиеттен үйренеді, адамдар қарым-қатынасындағы шынайылықты танып, жасандылықтан жиренеді, рухы биік кейіпкерден рух алып, сол кейіпкердей парасат, ақыл иесі болуға ынталанады, елжанды болып тәрбиеленеді.

Ғалымдардың айтуынша, 8-сыныптан бастап білім алушылардың 60 пайызының өз бетімен жазып-оқуға деген ынтасы жоғалады екен. Көркем шығарманы оқымау - қазақ әдебиетін оқытудағы басты мәселелердің бірі. Бұл олқылықты болдырмау үшін, алдымен, қазақ әдебиетін оқыту барысында

оқушылардың көркем мәтінді сүйсініп, әрі түсініп оқып, оқырмандық мәдениетін қалыптастыруымыз қажет. Ендеше, көркем әдеби шығарманы оқушыларға оқытудың қандай тиімді тәсілдері бар деген сұрақ туындайды. Осы орайда әрбір мұғалім оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін терең талдаудан өткізіп, тақырыпты ашатын әрі оқу мақсатына жетудің тиімді әдісті таңдауы тиіс.

Бүгінгі таңда көркем шығарманы оқытуда СТО, АКТ, диалогтық оқыту, жобалап оқыту, сатылай кешенді талдау қатарлы түрлі әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігі өте зор. Тәжірибемде СТО әдісінің «Джиксо», «INSERT», «Әдебиет үйірмесі», «Бас кейіпкер әдісі», «Соңғы сөйлемді мен айтамын», «Бас кейіпкерге хат», «Авторға хат», «Тұжырымдамалық кестені», т.б. әдістерін жиі қолданамыз. 8-сынып қазақ әдебиетінде Д.Исабековтың «Әпке» драмасын өткенде «Әдебиет үйірмесі» әдісі өте тиімді.

1.Баяндаушы (Шығарма мазмұнын баяндайды.)

2.Ізденуші (Тақырып туралы ақпарат, мәлімет жинайды.)

3.Сұрақ қоюшы (шығарма негізінде сұрақтар дайындайды.)

4. Сілтеме табушы (шығарманың ең қызық жерін табады. Оны неге қызық деп тапқанын түсіндіреді)

5.Бейнелеуші-суретші (Оқиға желісімен сурет салады)

6.Дәнекер (шығарма оқиғасын өмірмен байланыстырады)

Сонымен бірге шығарманың үзінділерімен жұмыс жасау, көркем шығарманың заманауилығы мен жаңашылдығына баға беру, бөлшектен тұтасқа, тұтастан бөлшекке, сыни шолу жазу мақсаттарына тіптен тиімді.

Көркем шығарманы оқыту барысында мәтін мазмұнын меңгертіп қана қоймай, автор көтерген басты идеяға оқушылардың назарын аудару қажет деп ойлаймын. Шығарманың идеясымен қоса тарихи маңызы, әдеби құндылығы, философиялық тереңдігі ашылуы тиіс. Оқушы қазақ әдебиетінде шығарманың мазмұнын меңгеріп, тәрбиелік мәнін де бойына сіңіріп, ізгілікпен рухтанып, шығармадан сабақ алуы керек.

Психолог Искра Даунистің тәсілі "сүйікті кейіпкер хаты" деп те аталады. Бала таңертең оянғанда бөлмесіне оның сүйікті ертегі кейіпкері (мысалы Кенжекей) хат қалдырғанын көреді. Хатта Кенжекей балаға сыйлығы бар екені және оны қай жерге жасырып қойғаны жазылған. Бала расымен сыйлықты тауып алады және келесі күні де хат тауып алады. Бірақ бұл жолғысы сәл ұзақтау. Кенжекей өзінің қызық оқиғаларын, бала өміріндегі маңызды нәрселерді жазады. Күн сайын хат ұзарып, күрделене түседі. Осылайша хатты оқу арқылы баланың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға болады-екен.

Көркем шығарманы оқытуда сабақта АКТ-ны қолдану өте маңызды, өйткені ол оқушылардың білім деңгейін, пәнге деген қызығушылығын арттырады. Мысалы, Kahoot қосымшасы, Wardwall веб сервисі/ойын/, Quizizz қосымшасы, Learning apps сервисінде түрлі ойындар, Thinglink сайтымен ақын-жазушылардың өмірімен де таныстырып, Google формада Абай Құнанбайұлының шығармаларын, қара сөздерін, Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», О.Бөкей «Атау кере», М.Әуезов «Абай жолы», т.б., төменгі сыныптарда «Қобыланды батыр», «Батыр Баян», «Қыз Жібек», т.б. осы сияқты көлемді шығармалардың негізгі мазмұнын меңгертуге арналған сұрақтарды, тестерді

құруға, кейіпкерлер бейнесін талдауға мүмкіндік береді. Уақытты тиімді пайдалануға, сонымен қатар жаңа тақырыпты тереңдете түсу үшін бұл қосымшаларды кең көлемде қолдануға болады. Сыныпта оқушылар сұрақтарды талқылап, жауаптарын смартфон, компьютер немесе планшет арқылы жолдайды. Әрбір оқушының сұраққа қалай жауап беріп отырғанын, сондай-ақ барлық сынып оқушыларының үлгерім диаграммасын, жеке оқушының өз нәтижесін арнайы кестеден бақылауына мүмкіндік береді. Бұл шығарма мәтініне қарай сұрақтар құрастыру оқушының ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, сабаққа деген ынтасы мен талпынысын арттыруға көмектеседі. Өзара бәсекелестік туындап, жарысып, жоғары ұпай жинауға мақсат қояды. Әсіресе, көлемді шығармаларды толық оқуға, әдеби мазмұнды меңгеруге, негізгі оқиғаларды есте сақтауға тырысады.

Тағы да бір, ресми деректерге сүйенсек, мектеп жасындағы білім алушылардың 40% әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Жалпы, барлық зерттеушілердің болжамы бойынша, адамдардың сауаттылық деңгейінің төмендеуі оларға дұрыс білім беріп, тиянақты оқытпаудан, оқырман болуға үйретпеуден болған көрінеді[1]. Олай болса, «Кітап дегеніміз - алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік-деп, Ғ. Мүсірепов айтқандай, әр оқушының көркем шығарманы өздігінен оқуын ынталандыруда сыныптан тыс уақытты да пайдалану керек. Оқушыларға өздері оқыған көркем шығармаларын есте сақтағандай, оқырман күнделігін жүргізуге дағдыландыру қажет. **«Менің оқыған кітаптарым»** деп қойын дәптер бастап, күнделік жүргізіп отырса, оқырмандық сауаттылығы қалыптасатыны аян.

Шығарманың аты: _____

Авторы: _____

Негізгі сюжеті:

Маған ұнағаны:

Менің ойым:

Байлардың 88%-ы бір күнінің кемінде жарты сағатын кітап оқуға арнайды екен. Мысалы, Ең бай адам саналатын Билл Гейтс жылына 50 кітап

оқиды, Герман Греф те сол. Уоррен Баффет әр күнінің 5-6 сағатын кітапқа бөледі. Илон Маск зымыран құрастыруға деген ниетінің кітап оқудан пайда болғанын айтқан. әдебиеттерді таңдайды. Өзін дамыту үшін сапалы әдебиеттерді оқиды. Балаларды да сол жолмен жүруге үйретейік!

Тұрақты кітап оқу қажеттілігінің 7 себебі:

- Жадыны және ойлауды дамытады;
- Қиялдау және шығармашылық қабілеттерді дамытады;
- Адамдармен қарым-қатынас жасауға көмектеседі және әдемі сөйлеу дағдыларын дамытады;
- Сөздік қорды байытады және жалпы сауаттылық деңгейін арттырады;
- Талдауға, сарапқа салуға үйретеді;
- Қоршаған ортаны, әлемді және өзін тануға көмектеседі;
- Мектептегі және ересек өмірдегі табыстылықтың негізі.

Сабақ уақытында ғана көркем шығарманы оқып, құндылығын сезіну мүмкін емес. Ал өздігінен оқуға қазіргі бала құлшынып тұрған жоқ. Міне, осындай мәселенің шешімін табу үшін оқушының көркем шығарманы оқуға деген шынайы махаббатын ояту қажет. Ол жол, бізге, мұғалімдерге, көп ізденуді, талмай еңбектенуді қажет етеді. Туған әдебиетіміздің бай қазынасын игеріп, ана тілін терең меңгерген оқушы ғана кез келген салада, ортада өзін ұстап, жоғары деңгейге жете алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР БҒМ «Ақпараттық талдау орталығы» АҚ. PISA-2015 Халықаралық зерттеуінің негізгі нәтижелері. Ұлттық есеп. Астана, 2017 жыл.
2. Қазақ әдебиеті. Жалпыға білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық / Б.Қапалбек, А.Омарова, Г.Закиряева, Г.Абнасырова, Алматы: Атамұра, 2018.
3. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлігілік оқу бағдарламасы

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТИІМДІ СТРАТЕГИЯЛАР

Арысбаева Жарқынай Асетуллақызы,

Шымкент қаласы білім басқармасы әдістемелік орталықтың
қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдіскері, п.ғ.м.

Аннотация

Нәтижеге бағытталған оқыту үдерісінде сабақты жүйелі жүргізу маңызды. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерін оқытуда оқу мақсатына сәкес педагогикалық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары жайлы баяндалған.

Аннотация

В процессе обучения, ориентированного на результат, важно систематически проводить занятия. Изложены пути повышения познавательной активности учащихся с использованием педагогических технологий,

адекватных целям обучения в преподавании казахского языка и казахской литературы.

Annotation

In a result-oriented learning process, it is important to systematically conduct classes. The ways of increasing the cognitive activity of students with the use of pedagogical technologies that are adequate to the goals of teaching in teaching the Kazakh language and Kazakh literature are outlined.

Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алынуда. Әр оқушыға терең білім беру, сонымен қатар олардың ойлау қабілеттілігін арттыру мақсатын іске асыру үшін көптеген ғалымдар ұзақ уақыт талмай еңбек етуде. Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі орта, жоғары мектептегі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Осыған орай оқу үрдісінде педагогикалық технологияны қолданудың белгілі тәжірибесі қалыптасқан. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Ғылымға мықтап енген «педагогикалық технология» ұғымына әр түрлі түсініктемелер берілген. Түсіндірме сөздікте «Технология – бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы» - деген анықтама беріледі. В.П. Беспалько: «Педагогикалық технология тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жағдайға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер, оның құрамды бөлігі ғана», - деп анықтама береді.

Бүгінгі таңда В.П.Беспальконың және басқа да көптеген ғалымдардың технологиялары кеңінен танымал. Қазақстанда педагогика ғылымының докторы, профессор Ж.Қараевтың деңгейлік оқыту жүйесі, филология ғылымының докторы Ә. Жүнісбектің, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Т. Жұмажанованың және т.б. ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде қолданылуда. Бұл оқыту технологиясының бір ерекшелігі – оның білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді: яғни, жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл және т.б.), ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға; белсенді сөздік қорын (ауызша және жазба тілінде) дамытуға бағытталуда. Оқушылардың оқу материалын қайта жаңғырту деңгейін, қарапайым білік пен дағдыларды және білімін іс жүзінде бірнеше рет қайта қолдануы сөйлесу бөлімі сабақтарында жүзеге асырылады. Тақырып мазмұнына (тұтас тақырып немесе тарау бойынша) «өсу» бағытымен – қарапайымнан күрделіге, репродуктивтік тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмаларға, зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше мәрте қайта оралып отыру әр тілді үйренушіге оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, ауызша және жазбаша тілін дамытуға мүмкіндік береді.

Сөйлесу бөлімінде танымдық процесс топты 4-6 адамнан шағын топтарға бөлу арқылы негізінен оқушылардың өзара әрекет етуіне құрылған. Оқушылардың танымдық қызметі әрбір оқушының әр сабақта үш күрделілік

деңгейде берілген оқу материалын тыңдау, жазу, көру және айту мүмкіндігі болатындай етіп құрылған. Оқытуды ойын түрінде ұйымдастыру және әр түрлі белсенді формаларды (топтық, топтық-жеке және жұппен жұмыс, пікірталастар) қолдану оқытудың міндетті шарты болып табылады.

Бұл технологияның негізгі шарты – оқушылардың кез келген ғылыми көздерді, оқулықтарды, оқу құралдарын пайдалану, сондай-ақ ұйымдастырушы, көмекші, кеңесші ретінде мұғалімнен жедел кеңес ала алатындығы. Сөйлесу бөлімі сабақтарының ережелері, құрылысы және жүру барысы алдын-ала таныстырылады. Егер оқушы қандай да бір себептермен оқу модулінің сөйлесу бөліміндегі сабақтарда болмаған болса, оған осы сабақтарда қолданылған барлық деңгейдегі тапсырмалар жеке беріледі. Оны оқушы сабақтан тыс уақытта орындауы тиіс. Тапсырмаларды орындаған соң оқушыға өзін-өзі тексеруі үшін жауап үлгілерін беруге немесе мұғалімнің өзіне, не болмаса осы топ оқушыларының біреуіне тексеруге болады. Тек содан кейін ғана оқу модулінің қорытынды бөлімінің тапсырмалары берілуге тиіс, ал ол тапсырмалардың орындалуын мұғалім өз бақылауына алуы қажет.

Оқу модулінің қорытынды бөлімі - бақылау, оқушылардың сөйлесу бөліміндегі танымдық қызметі барысында қалыптасқан білім, білік, дағдыларын бақылауға, тексеруге және бағалауға арналған бөлім. Егер сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында оқушылардың бір-біріне көмегі, бірін-бірі оқытуы, түрлі ғылыми көздерді пайдалануы құпталынып келсе, енді қорытынды бөлімде оқушы өзінің сөйлесу бөлімінде алған білімін, білігі мен дағдыларын ешкімнің көмегінсіз көрсетуі тиіс. Білімді бақылау формалары ретінде тестілік тапсырмалар, бақылау жұмыстары, сынақ, шығарма немесе диктант оқытылатын пәннің ерекшелігіне орай қолданылып, оқу модулінің осы қорытынды бөлімінде беріледі.

Сыни ойлау қабілеті дамыған, ұғынғанын тәжірибемен ұштастыра білетін белсенді тұлға қалыптастыру оқыту үрдісінде жүргізілетін барлық жұмыстың негізі болып табылады. Қазақ тілін оқытып үйрету барысында көзделетін басты мақсаттардың бірі – сыни тұрғыда ойлай білуге үйрету, нәтижелі білімге қол жеткізу. Оқушылардың сыни ойлау мүмкіндігінің жетілуімен бірге оқыту ісінде де өзгерістер жүреді. Сыни ойлауды дамытуға негізделген әдістер оқушының өз ойын жеткізуге мүмкіндік жасайтындай дәрежеде болуы керек.

Оқушылардың сыни ойлауын дамытуда сабақ үрдісін үш кезеңнен құруға болады:

- 1) ізденіс;
- 2) жаңа білімді игеру;
- 3) тәжірибелік дағды қалыптастыру;
- 4) алған білімін өмірде тиімді қолдану.

Бірінші кезеңде - белсенді оқу әрекеттеріне оқушылардың ынта-ықыласын туғызу, қызығушылығын ояту, өткен материалды қайталау; жаңа тақырып тәңірегіндегі бастапқы білім деңгейлерін анықтап, өзара ұштастыру; белсенді ойлау әрекетін ұйымдастырып, жаңа білім жөнінде болжау жасау;

Екінші кезеңде – тілдік тақырыптың өзіндік белгілері мен ерекшеліктерін талдау арқылы көп деңгейлі ойлауға қол жеткізу; салыстыру, зерттеу, бақылау

арқылы гипотезаны дәлелдеу; ой түйін жасап, белгісіз сұрақтарға жауап табу, анықтаманы айқындау;

Үшінші кезеңде жаңа білімді қолдану, өнімді ойлау әрекеттеріне, нәтижеге қол жеткізу; тілдік тапсырмалар, жаттығулар, өзіндік жұмыстар орындау арқылы ой алмасу, ой түйістіру; танылған жаңа түсінік, ой-толғауларының нәтижесін байқау мақсаттары белгіленеді.

Мысалы: сан есімді оқыту үрдісінде жоғарыда аталған әдісті қолдана отырып, оқушылардың сыни ойлауын дамыту барысында, сабақты төмендегі тәртіппен өткізуге болады.

Сабақты ұйымдастыру барысында топ оқушылары «Санамақ» ретімен төрт топқа бөлінеді, топтарға «Бірліктер», «Ондықтар», «Жүздіктер», «Мыңдықтар» деп ат қойылады.

Бірінші – ізденіс кезеңінде үйге берілген тапсырманы тексеру мақсатында 4 топқа да материалдар таратылады, тақырыпқа байланысты әр топқа мәтіндер беріледі: «Бірлік» тобына - «Тайқазан», «Ондық» тобына – «Жақсы мен жаман», «Жүздіктер» тобына – «Ақсүйек», «Мыңдықтар» тобына «Екі соқа» мәтіні. Ұсынылған мәтіндер бойынша келесі тапсырмалар орындалады:

1. Берілген мәтіндегі сан есімдерді тауып, оларды өздері тіркескен сөздерімен көшіріп жазып, тапқан сан есімдерді құрамына қарай талдаңыздар.

2. Мәтіннен сан есімдерді тауып, олардың қалай жасалғандығына көңіл бөліңіз, сан есімге фонетикалық талдау жасаңыз.

3. Мәтіндегі сан есімдердің мағынасын түсіндіріңіздер.

4. Мәтін бойынша өз ойларыңызды қысқаша баяндаңыздар, сан есімдерді тауып, жасалу жолына қарай талдаңыздар.

Тапсырмалар орындалған соң, оқушылар жалпы есеп, сан, рет, реті, реттік сөздерінің мәні айтқызылады. Әр топ өз ойын қорытады және қорғайды. Оқушылар өз болжамдарын айтып, пікір алысады.

Екінші – жаңа білімді игеру кезеңінде оқушыларға төмендегі кесте ұсынылады.

Ішіне	Сыртына
-------	---------

Келтірілген мысалдардан есептік сан есімнің басқа сан есімнің түрлерін жасауға ұйтқы екендігін өздері дәлелдейді.

Үшінші – тәжірибелік дағды қалыптастыру кезеңінде оқушылар ауызша және жазбаша тапсырмаларды орындайды.

Сабақ қорытындыланып, белсенділік танытып, жақсы қатысқан оқушылар балдық жүйемен бағаланады. Үйге «Менің ғұмырнамам» тақырыбына есептік, реттік сан есімдерді қатыстырып, шағын өмірбаян жазып келу тапсырылады.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллетуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына игі әсерін тигізеді, сондай-ақ тілді оқыту үрдісінде оқушылардың білім қорын молайтуға, белсенділіктерін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі. Оқушылар өз тәжірибелерін бір-бірімен, мұғаліммен қарым-қатынас жасау арқылы толықтырады.

Халқымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек», - дегені әр мұғалімнің жадында болуға тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Беспалько В.П. Слагаемое педагогической технологии. - М.: «Педагогика», 1989.
2. Выготский Л. Образование. – Москва, 2000.
3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде.- Алматы, 2002.

**САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУ КЕЗІНДЕГІ САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН
ҚАРАСТЫРУ**

С.Ергарина

Ақтау қаласы, әдістемелік орталық әдіскері

*Баланың әсерленуі, суреттеу, ойлау, һәм сезінуі
ержеткен адамнан әжептәуір басқа.
Баланың бұл көріністерінің әрқайсысының
жеке-жеке алғанда басқалығы болған сықылды,
бұлардың бәрін тұтас алғанда да басқалық бар.
М.Жұмабаев*

Саралап оқыту – бұл білім алушыға білім берудің қолайлы әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, білім беруге бағытталған әрекет. Бұл оқушының қабілетін, бейімділігін, қызығушылығын ескере отырып, жеке басын дамытуда қамтамасыз ететін білім беру тәсілі.

Саралап оқыту – оқуды саралаудың және баламен жекелей жұмыс жасаудың тәсілі, оқу материалын игерудің жетістігі, яғни оқушыларға дер кезінде көмек беру, қабылдау деңгейіне қарай тапсырма беру. Мұғалім сабақ жоспарлауда саралап оқытудың тәсілдерін қолдана отырып құрастырғаны жөн. Мұғалімнің қазметі оның білімі мен шеберлігіне, жоспарлаған сабақта қолданатын әдіс-тәсілдерді мақсатты, ұтырымды қолдана білуіне байланысты. Мұғалім оқушының жұмысын бақылап қана қоймай, оқушымен жеке жұмыстар жүргізеді.

Жаңартылған оқу мазмұны жағдайында оқытудағы саралаудың маңызы зор. Қазіргі таңда барлық баланы бірдей әдіспен оқыта алмаймыз. Әр баланың ерекшелігіне, қажеттілігіне қарай әдістемені қолдана білуіміз керек. Саралап оқыту барысында барлық оқушылар қол жеткізетін, нақты өлшенетін нәтижеге қол жеткіземіз.

Саралап оқыту – баланың қабылдауын, қабілетіне, психофизиологиялық даму ерекшелігіне қарай қолданылатын тәсіл.

Саралап оқытуды жоспарлау – оқу үдерісінде әр түрлі топтарда бейімдеу үшін мүмкіндік беретін дидактикалық жүйенің бір бөлігі. Саралап оқытудың алғашқы формасы дарындылық бойынша қабілетті балаларды жекелеп оқыту

болып табылады. Оқыту мен оқуда оқушылар қажеттілігіне негізделген барлық оқушыларды қамтамасыз етуді көздейтін бірегей әдіс ретінде қолданылып келеді.

Саралау тапсырмалары белгілі бір шарттар сақталғанда жүзеге асады:

- дағдылар қалыптасуы және жетілдірілген оқу жоспарының функционалды деңгейдегі диагностикалық бақылауы болған кезде;
- зерттеу нәтижелерін қолдана отырып, оқушылар топтарын құрған кезде;
- жетілдірілген оқытудың нәтижесін бағалау кезінде.

Сабақ жоспарын әзірлеу кезінде сыныптағы барлық оқушылардың қабілетін, қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін ескеруге, сондай-ақ өткізілетін тақырыптың құрылымы мен жүйесін, мазмұнын сақтай отырып, төмендегідей қағидалар басшылыққа алынады.

- күрделендіру қағидасы (сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттырады)
- тереңдету қағидасы (зерттеу дағдыларын жетілдіреді)
- тегеурін қағидасы (ашық тапсырмаларды шешу дағдыларын дамытады)
- креативтілік қағидасы (шығармашылық дағдыларын дамытуға мүмкіндік туғызады)
- жеделдету қағидасы (оқу бағдарламасын тиімді оқыту әдістері арқылы жылдам меңгерту)

Саралаудың педагогикалық және психологиялық тұрғыдағы негіздерін ескерсек, оқуды саралаудың қазіргі таңдағы білім беру саласына қосар үлесі зор. Білім берудегі саралау мақсаттары "оқушы - мұғалім" жүйесінде субъективті қарым-қатынастарға ауысу үшін қолайлы жағдайлар жасау, бір-бірінің даму жағдайы мен даму құралы болған кезде психологиялық тұрғыда жүзеге асады. Ал әлеуметтік тұрғыда қоғамның шығармашылық, интеллектуалды, кәсіби қалыптастыруға, мүмкіндіктерді барынша пайдалануға ұмтылу жағдайында қалыптасады. Сонымен қатар, білім берудің сыртқы және ішкі дифференциясына негізделген жаңа әдіснамалық жүйені құру арқылы оқушылардың өзекті мәселелерін шешу барысында әдістемелік тұрғыда мақсатқа қол жеткіземіз. Дидактикалық тұрғыда оқушылардың жеке қабілеттеріне сәйкес ұйымдастырылған әдістердің, формалардың және құралдардың жиынтығын іске асыру арқылы әр оқушының мүмкіндіктерін дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасауда нәтижесі айқындалады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда саралау тәсілін қолданып түрлі жетістіктерге қол жеткізуге болады. Оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын жетілдіруде, мәтіндермен бірнеше жұмыс түрлерін ұйымдастыру кезінде саралау тәсілінің маңызы зор. ДЖИГСО әдісі негізінде ресурстарды, ақпарат материалдарын пайдалануда топтық жұмыс жасап (оқушы деңгейін анықтап алып), тапсырмаларды күрделендіріп беруге мүмкіндік туғызады. Шығармашылықпен айналысатын оқушыларды анықтау үшін сабақ барысында оқушының жас ерекшелігіне қарай белгілі бір тақырып беріп, мәтін құрау, ертегі құрастыру, өлең шығару, т.с.с. жеке жұмыстар жүргізуге болады. Кей жағдайда презентация дайындауды да тапсырма етіп беріп, зерттеу жұмыстарын іске асыруға да болады. Қабілеті жоғары оқушылар өз бетінше ізденуге, жоба құрастыруға машықтанады. Жаңадан жаңаны табу және басқа пәндермен байланыс орнату, ғылыми терминдерді қолдану, тақырып

деңгейінен тыс жұмыстар жүргізу – оқушының сыни тұрғыдан ойлау қабілеті мен зейінін толықтыра түседі. Оқушы өз бетінше жұмыс жасауға бейімделеді.

Қазіргі таңда, мұғалім сабақты жоспарлау кезінде саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған тәсілдерін қарастырған жөн.

- тапсырма (білім деңгейі әр түрлі оқушыларға арналған тапсырмалар)
- дереккөздер (ауқымы талқылануға негіз болатын мәтіндер)
- қарқын (оқушы деңгейіне қарай қолданылатын тәсіл)
- жіктеу (топқа бөлу)
- диалог және қолдау көрсету (ынталандыру, мадақтау)
- қорытынды (анализ)
- бағалау (оқушы қажеттілігіне қарай қолданылатын тәсіл)

Психолог Н.А.Менчинская: «Оқыту тиімділігі оның мазмұны мен әдістеріне ғана тәуелді емес, сонымен қатар, оқушылар тұлғасының жеке басы ерекшеліктеріне байланысты» - деген. Олай болса, саралап оқытудың тәрбиелік мәні жағын қарастыра болсақ, оқушының ойлау қабілетін арттырып қана қоймай, сыныптағы ынтымақтастыққа әсер етіп, оқушы бойындағы жанашырлық сезімдерін қалыптастырады.

Қорыта айтқанда, мақсат нәтижеге жеткізеді, нәтижеден жетістік туындайды. Жетістікке жеткен оқушының алар асуы мен шығар шыңы көп.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.«2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы»: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021ж.
2. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлігілік оқу бағдарламасы
3. А.Құсайынов. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. Алматы, 2013 ж.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. I деңгей 2012 ж.

БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ОҚУҒА ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ДАМУДА САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Нұрмолдаева Айсұлу Аманқұлқызы Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинетінің әдіскері

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған көкейкесті мәселелерінің бірі білім сапасын арттыру, оның әдістемесін жетілдіру жас ұрпақтың тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау. Осыған сәйкес бүгінгі күн талабы- баланың ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптасрыу, тілін дамыту, заман талабына сай оны жүйрік етіп тәрбиелеу.

Саралап оқыту-орта мектепте оқыту тәсілі. Жалпы білім беретін мектептердегі оқу жоспары мен бағдарламасын оқушылардың бейімі мен

қабілетіне, білім деңгейіне қарай жіктеу. Саралап оқыту оқушылардың білімін жан-жақты дамытуды, оларды қызықтыратын ғылым мен техника саласынан білім жетілдіруді, сондай-ақ мамандыққа бейімдеуді көздейді. Мұндай оқыту арнаулы мектепте, сыныпта, сынып ішіндегі топта жүзеге асырылады.

Саралап оқыту білім деңгейі әр түрлі оқушыларды топтарға жіктеп, әр топты өз деңгейіне сай оқытып, білімін одан әрі жетілдіру үшін қолданылады.

Деңгейлік саралау – оқушылардың бір сыныпта бір бағдарлама және бір оқулықпен оқу материалын түрлі деңгейде меңгеруі.

Оқушылардың даму деңгейінің бірыңғай болмауына және қабілеттеріндегі айырмашылықтар мен басқа да себептерге байланысты оқу үздіктері мен үлгермеушілердің пайда болатыны белгілі. Осыған орай, деңгейлеп саралап оқыту технологиясы әр оқушының қабілетіне, мүмкіндігіне, деңгейіне қарай оқытуды көздейді.

Саралап оқытудың тиімділігі оның формаларының жаңа типологиясын жүзеге асырумен байланысты:

- Оқушылардың ерекшелігінің типологиясы негізінде тұрақты сынып немесе топ құру;
- Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, жан-жақты дайындықты жүзеге асыру.

Барлық оқушылардың оқуға қабілеттілігінің дамуы мен дайындық деңгейі бірдей болмаған жағдайда саралап оқыту технологиясы қолданылады.

Сыныпты топқа бөлу бір-бірінің жұмысын өзара тексеруде және ұйымдастыруда көмектеседі. Сабақта сұрау топ бойынша жүргізілетіндіктен, тапсырманы орындауда өзара жауапкершіліктері жоғарылайды, тобына байланысты әрбір оқушының мүмкіндігін ескере отырып жеке тапсырмалар беріледі.

Осыдан саралап оқыту үлгерімі қабілеті төмен оқушыларды жаңа материалды қабылдауға, дайындауға, білімділігі кемшіліктерді уақытында жоюға, күшті танымдық мүмкіндіктерін кең қолдануға, біртіндеп пәнге деген қызығушылығын көтермелеуге мүмкіндік туғызады [1].

Саралап оқыту үдерісі - оқушылардың оқуға қабілетінің, бейімділігінің, қажеттілігінің, психологиялық-педагогикалық диагностиканың нәтижесінде, оқу әрекетін ұйымдастыруда әр түрлі формалар мен тәсілдерді кең түрде қолдану.

Әр мектепте оқу іс-әрекетін саралап ұйымдастырудың негізгі міндеті-жекелік, даралық қасиетін ашу, оған өмірлік жағдайларды таңдауға, іріктеуге, байқауға, төтеп беруге көмектесу. Саралап оқыту әрбір оқушының қабілеті мен талабын дамыту және арттыруға саяды. Осы негізде ауылдық және қалалық мектептерінің жалпы білім беру деңгейі барлығы үшін бірдей болу керек.

Саралап оқыту шартына байланысты оқушының дербестігін дамытуда сабақ мақсаты тұлғаның өзіндік ерекшелігін ескере отырып, білімін, іскерлігін, дағдысын қалыптастыру болып табылады [2].

Оқыту үдерісінің барлық кезеңдерінде оқушыларға «бірдей талаптарды» олардың ерекшеліктерін, жеке психологиялық дамуын ескермей жүзеге асыру, оқушылардың ерекшеліктерін, жеке психологиялық дамуын ескермей жүзеге асыру, оқушылардың нормалды оқуына бөгет жасайды, оқуға деген

қызығушылықтарын жоғалтады. Оқу қызметін саралап ұйымдастыру, бір жағынан оқушылардың ақыл-ойының даму деңгейін, психологиялық ерекшеліктерін, абстрактілі-логикалық ойлауын ескереді. Екінші жағынан-тұлғаның жеке мұқтаждығын, нақты білім беру аймағында оның қызығушылығы мен мүмкіндігін назарға алу.

Саралап оқытуды ұйымдастырудың негізі-барлық мектеп оқушыларының оқу іс-әрекеттеріне әсер ететін және оқу нәтижесінде тәуелді психологиялық ерекшеліктерін ескеру. Саралау мүмкіндігі оқушылардың әрекет қабілетінің болуымен анықталса, қажеттілігі-қабілетін арттыру үшін тиімді жағдайлар міндетімен белгіленеді.

Жас ұрпақтың ой-өрісін жоғарылату, тілдік, шығармашылық, әлеуметтік, таным және денсаулық дағдыларын арттыру, рухани байлығын, тапқырлық тапсырмаларды шешу теориясының негізгі түсініктерімен таныстыру, проблемалық жағдайдан шығу жолын іздеуде алған білімдерін қолдануға үйрету, әрбір мұғалімнің міндеті.

Жаңартылған мазмұн жағдайында оқытуды саралаудың маңыздылығы артуда. Ішкі саралау кезінде оқушылар топқа бөлінбейді, оқу үрдісінде мұғалімдер оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық қолдау көрсетеді. Сыртқы саралау кезінде білім алушылар үшін факультатив және бейіндік пәндер бойынша қосымша сабақтар ұйымдастырылып, оқушылар белгілі бір критерийлерге сай бөлінеді. Сыртқы саралау барысында белгілі бір мақсатқа сай түзету, жетілдіру, педагогикалық қолдау көрсету шаралары, оның ішінде дарынды балалармен жұмыс, қосымша шығармашылық тапсырмалар арқылы дамыту, мамандықты игеру жұмыстары жүзеге асырылады.

Сонымен қатар саралап оқыту оқушылардың сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне анализ жасап, қателіктері мен кемшіліктерін орындауда қолданған тәсілдеріне анализ жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді. Яғни саралап оқыту оқушының өз қабілетіне, болашағына сенуіне, оқушының ынталандыруға, оқушы мен оқытушының ынтымақтастық қарым-қатынас достығына, оқушының өз білімін өзі бағалай білуіне, баға әділдігіне, білім көрсетудің әділ сайысына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Концепция дифференциации обучения в средней общеобразовательной школе / Под ред. В.М.Монахова, В.А. Орловой. –М.1990.-195с.
2. Новикова Л.И.Дифференцированный подход к учащимся в процессе обучения //Начальная школа. -2002. -№1.-С. 48-51 с.

Түрлі деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. Астана, НЗМ.2016.-40б

**ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢАШЫЛ ӘДІС - ТӘСІЛДЕРДІ
ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ**

**Ефремова Валентина Николаевна,
Жуалы ауданы білім бөлімінің әдіскері**

Тіл білімі ереже жаттату түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына,
қисын жағын тану түрде үйрету керек.Сөздің тұлға, мағына
жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс.

Ахмет Байтұрсынұлы

Бүгінгі таңда білім беру ісіне ерекше көңіл бөлініп, қолға алынып отыр. Соған сәйкес білім саласына заман ағымына сай жаңа бағдарламалар, жаңа технология әдіс-тәсілдері енгізілуде .Осы идеялардан оқытудың және тәрбиелеудің инновациялық технологияларын қолдану қажеттілігі туындайды.

Білім саласындағы жаңа көзқарас тұлғаның дамуы мен нәтижеге бағытталған білім беруді көздейді. Сондықтан, білім жүйесін құру, оқушыларға қазіргі заман талабына сай білім беру-бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі.

Қазіргі кезде сабақта жаңа технологияларды бәріміз кеңінен қолданамыз. Қазақ әдебиетінің классигі, ұлы атамыз Абай Құнанбайұлы «Шәкірттерің жақсы оқу үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек» – деген. Расында да, тек қана жігерлі, әр нәрсені үнемі білгісі келген, табандылығын, шыдамдылығын көрсеткен адам ғана мақсатына жетеді.

Заманауи жаңашыл технологиялар ұғымының пайда болуы білім беру саласында компьютерлік сабақтар өткізумен тығыз байланысты. Көптеген электронды оқулықтар мен оқу бағдарламалары, мультимедиалық оқу бағдарламалары жасалуда және жасалып та жатыр. Сондықтан, бүгінгі таңда қазақ тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзырлылығы құрылымынан оқытудың ақпараттық – коммуникациялық технологиялары ерекше орын алады.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру үрдісі.

Сонымен бірге, ақпараттық коммуникативтік технология сабаққа дайындалуда қосымша ақпаратты іздеуді кеңейтеді. Интернеттің іздеу жүйесі арқылы қызықты мәліметтер, көрнекіліктер таба аламыз.

Сонда, оқу-жүйесінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану мынадай нәтижелерге қол жеткізеді:

- – оқушылар электронды оқулықтармен және интернет желісімен жұмыс істей алады;
- – оқушының білімі қысқа мерзімде және кез келген уақытта бағаланады;
- – орындаған жұмыстарының қателерін бірден көруге мүмкіншілік тудырады;
- – интерактивті тақтаны еркін қолданады;
- – ақпараттық мәдениетін дамытады;
- – зерттеу дағдылары дамиды;
- – оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артады;
- – әрбір оқушының шығармашылық мүмкіндігі ашылады.

Бүгінгі таңда республикада компьютерлік бағдарламалар шығарылып, оқытудың жаңа технологиялары оқу үрдісінде кеңінен 243 пайдаланылып, оң нәтижелер беруде. Олар – В.Фирсовтың саралай оқыту, П.Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру, Ш.Амонашвилидің ізгілікті –

тұлғалық, В.Монаховтың оқыту үрдісін жобалау, М.Жанпейісованың модульдік оқыту, Ж.Қараевтың деңгейлік саралап оқыту, Г.Селевконың өзін-өзі дамыта оқыту және т.б.технологиялары. Аталған технологиялардың қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқытудағы маңызы ерекше.

Осындай ізденістен туындаған технологиялардың бірі – тірек сызбалар арқылы оқыту әдістемесі. Әдістеменің ерекшелігі мен маңызы неде?

Бірінші ерекшелігі – нақты, дәл есептелген тұтас оқу процесін құра білу. Виктор Федорович Шаталов бұл құрылымды былай түсіндіреді: «Тірек сызба дегеніміз – ойынның элементі, уақыт 29 үнемділігі және оқушы психологиясын қызықты құбылысқа бағыттау. Бірақ ең басты мақсат – берілген тақырыпты логикалық байланыстар негізінде оқушының түсінуі және ұзақ уақыт есте сақтауы».

Екінші ерекшелігі – уақыт үнемділігі. Мысалы, белгілі бір тарауды түсіндіру барысында бірнеше тақырыпты жинақтап, ықшамдап бір-екі тірек сызбасына сыйдыруға болады.

Ал ең негізгі ерекшелігі -тірек сызбасын қолдану. Бұл әдістеме қазіргі күнге дейін құндылығын жойған жоқ.

Тірек сызбалар оқушылардың сөйлеу тілін арттыру мақсатында пайдаланатын тәсілдің бірі. Сонымен қатар тірек сызба жаңа тақырыпты жеңіл түсінуге, есте сақтап қалуға көмектеседі. Орыс топтарында қазақ тілін оқытуда ең қолайлы жолдардың бірі-тірек сызбаларын пайдалану: себебі олар тірек сызбалар арқылы сөйлем құрастырып, өз ойларын айтып жеткізуге үйренеді, сабаққа қызығады, еңбектенуге талпынады. Тірек сызбасын сабақта кеңінен пайдалану- мұғалімнің жан-жақты дайындалуына, уақытты ұтымды өткізуіне әсер етеді.

Уақыт талабы мұғалімнен сабақты қызықты, тартымды өткізе білуді, көп шығармашылық ізденісті, білімділікті, тапқырлықты қажет етеді. Оқушылардың белсенділігін, жеке дара жұмыстануын ынталандыру, жеке көзқарастарының қалыптасуын, дамуын, оқу еңбегінің нәтижесі тиімді болуын талап етеді.

Грамматикалық тақырып бойынша ережені жаттау түрде бермей, тірек сызбалар арқылы үйрету, көп есте қалатын болады. Оқушылар ережені тірек сызбалар арқылы ұғып алса, оларды сабақта жиі пайдаланып отырса, оқу жүйесін жақсы түсінетін болады. Берілген тірек сызбаларды пайдалана отырып, оқушыларға грамматиканы кеңінен және керекті ережені қолдануларына мүмкіншілік туғызуға болады. Сабақ барысында көп сөйлемей-ақ сабақ негіздерін қысқа да нұсқа ұсынып, шығармашылық ой-өріс жүйесін арттыруға жағдай жасалады. Оқушылар аудару жұмысын орындағанда грамматиканы оңай түрде қолдана алатын болады.

Постермен жұмыс – тақырыпты ашудың тиімді тәсілі. Постермен жұмыс барысында оқушылар түрлі идея тастап, оны дәлелдеу үшін еңбек етеді. Оқушының ойлануы, ол ойын жеткізуі тілді меңгеру үшін өте тиімді. Постерді қорғау – шешендік өнерді қажет етеді.

Сын тұрғысынан ойлауға арналған әртүрлі қызықты тапсырмалар беру, топтық жұмыста белсенділігін арттыру мақсатында постерлер жасату арқылы баланың қызығушылығы артады. Әрбір сабақ соңында оқушылармен кеңесу барысында

оларға зерттеушілік қабілетті арттыру үшін интернет желісіне кіріп, іздену керектігін және кітапханаларға барып тіл байлықтарын арттыру үшін әдеби оқулықтар алып оқуды түсіндіремін. Оқушының сыни тұрғысынан ойлануына оң ықпалын тигізетін әңгіме түрі зерттеушілік әңгімесі болып саналады. Осы зерттеушілік әңгімені өз сабақтарымда жиі қолданамын. Сонда ғана оқушы білімді, саналы, ойлау қабілеті мен сөйлеу шеберлігі дамитындығын, өмірге көзқарасы қалыптасып, белгілі бір шешімді қабылдай алатынын, есте сақтау қабілеті дамитындығын, алған білімін кез-келген жерді пайдалана алатын тұлға қалыптасатынына сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Артықова Т.М. Қыстаубаева Ж. Қазақ тілі . Оқыту әдістемесі.А., 2005 ж.
2. Бақыбекова.Н. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру.-А: Қазақ тілі, №4, 2007.16б.
3. Қуанышбаева А.Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.А: Қазақ тілі: Әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №2,2004. 47 б.
4. Оралбаева Н. Жақсылықова Қ. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі, А: 1996 жыл
5. Бұзаубақова, Қ.Ж. (2003). Жаңа педагогикалық технология. Тараз
6. Қадашева,Қ. (2001). Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: өзге тілді дәрісханалардағы қазақ тілі. Алматы
7. Мирсеитова, С(1998). Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы.
8. Рақышова, Г.А., Игибаева, А.К.(2006). Жаңаша оқыту- жетістік көзі.
9. Тұрғынбаева, Б.(2005). Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Қазақстан мектебі, 4

«НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ.

**Смагулова Гульнара Шаймуратовна
Павлодар облысы, Ертіс ауылы, «Ертіс ЖОББМ №3 КММ»**

Ата-бабалардың аңсауымен, желтоқсаншы жастардың , қыршыннан киылған аға әпкелеріміздің қайсарлығымен Тәуелсіздік есіктен еніп, жанымызға шаттық сыйлағалы міне 30 жыл, 30 жас. Осы Отыз жылда ел жаңа, еліміз көркейіп, жеріміз жандануда. Осы аз уақыттың аралығында Қазақстан терезесі тең елдермен иық тіресті. Береке мен бірліктің, татулық пен ынтымақтың арқасында әлем танып отырған, іргелі мемлекетке айналып келе жатырмыз...

Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір, жаңа заман осы тәуелсіздіктен бастау алады. Отыз жылға жуық уақытта еліміз көптеген жетістіктерге жетті. Осыдан отыз жыл бұрынғы Қазақстан мен бүгінгі Қазақстан адам танымастай өзгеріп, биік белестерді бағындырып, дамыған елдермен бірдей дәрежеге жетіп келеді. Артқа тастаған отыз жылдың ішінде не жасадық не атқардық деген сауал туса, тізбектеп сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Осы жылдар ішінде елдің әл ауқаты, тұрмыс тіршілігі, төл мәдениетіміз, ұлттық тілімізді жаңғырту

ісінде көптеген жұмыстар атқарылуда. Егеменді елімізде білім, ғылым, денсаулық, медицина, экономика, спорт салалары айрықша даму үстінде.

Ең басты мәселе білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс» - деген болатын мемлекетіміздің алғашқы президенті Н.Ә.Назарбаев 2017 жылдың 31 қаңтарындағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа жолдауында. Қазақстанның қазіргі білім беру кеңістігінде елеулі өзгерістердің орын алып жатқандығы бәрімізге белгілі.

Біз ХХІ ғасырда өмір сүреміз. Яғни біздер педогогтар осы ғасырдың балаларына білім беріп қоғамға қосып жатырмыз. Әлем күннен күнге, жоқ тіпті минут - секунд сайын қарыштап дамуда. ХХІ ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. ХХІ- ғасыр ол білім мен мәдениеттің, техника мен өнердің «бәсекеге» түскен кезеңі. Қазіргі кезде адамдар бұрынғы жаугершілік замандағыдай білек күшімен емес ақылдың, білімнің күшімен өзін көрсету қажет.

Тұңғыш Президент- «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты 2018 жылғы 10 қаңтардағы халыққа жолдауында жаңартылған мазмұн дегеніміз – халықаралық стандартқа сай келетін заманауи оқу бағдарламалары екендігін ескере отыра, бұлардың біздің балаларымызға қажетті функционалдық сауаттылық пен сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дарытатындығын атап көрсеткен. Әр уақытта елбасы халыққа Жолдауларында оқушылардың сыни ойлау қабілеті, өз бетінше іздену, креативтілікті, командада жұмыс істей білу, өмір бойы білім алу дағдыларын дамыту жөніндегі міндеттерді алға қояды. Бұндай дағдылар Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында негізгі орта білім берудің басты міндеттерінде көзделген. Олар өздігінен білім алу және тұлғалық өзін-өзі дамыту, сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау, қауымда өзін-өзі іске асыру және өзара әрекет жасау дағдыларын дамыту болып табылады. Бұл дағдылар ХХІ ғасырда оқушылардың өзін-өзі жүзеге асыра алуы үшін аса қажетті дағдылар. Әрине, бұл дағдылар барлық оқушылар үшін де қажетті.

Бірақ оқушылардың барлығы бірдей аталған дағдыларға қол жеткізе бермейді. Осы тұста «неге?» деген сұрақ бәрімізде туындайтыны сөзсіз. Себебі, оқушыларды бірдей оқыту әдістемесімен оқыта отыра, бұл дағдыларды игерту қиынға соғады. Сондықтан да педагогтардың басты міндеттерінің бірі оқушыларға білімді, ақпаратты көп беру емес, берген білім мен ақпаратты өз бетінше тиімді игеруі үшін жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеріп, қажеттіліктерін қанағаттандыру. Бұл проблеманы шешуде жоспарлау мен оқыту үдерісінде педагогикалық тәсілдердің бірі саралап оқытуды қолдану ең тиімді жолдардың бірі болып табылады. Жоспарлау мен саралау деген не? Ол тәсілдерді қалай қолдануға болады сол туралы ашып көрейін.

Әлемдік педагогика оқуды саралау туралы ХХ ғасырдың 20-шы жылдары ойлана бастаған. Бұл кезеңде кеңестік және шетелдік педагогикада оқуды жеке даралау және саралау саласында белсенді жұмыстар жүргізген. Өткен ғасырдың басында оқыту үдерісіндегі даралау әдістерін іздеу АҚШ-да кең етек алған. Кеңес, Батыс Еуропа және Америкада білім саласындағы жеке даралау саралау бағытындағы зерттеулер бір уақытта басталғанымен, қазіргі таңда батыстық педагогиканың бұл бағытта үлкен практикалық және теориялық тәжірибесі басымырақ. С.Бабаев «Бастауыш сынып педагогикасы» атты оқу

құралында: Даралық бағыт әр оқушының танымдық күштерін, белсенділігін бейімділігін және дарынын дамытуға аса қолайлы мүмкіндіктер түзуге жәрдем береді. Бұл тәрбиелік бағытты «қиын» шәкірттер, қабілеті төмен оқушылар үшін қажет - деп атап көрсеткен. Саралап оқыту - ең алдымен білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр педогогтың жетекшілігімен жеке жүргізіледі. Біз қарастырып жүрген саралап оқытудың теориялық негізін Л.Выготский, А.Леонтьев, Б.Ананьев, С.Рубинштейн т.б атақты ғалымдар жасаған. Ал, бастауыш мектеп кезеңіндегі саралауға байланысты мұғалім әрекеттерін В.Давыдов, Л.Занков, Ш.Амонашвили т.б қарастырып зерттеген.

Саралап оқыту дегеніміз:

Мұғалім оқу үдерісінде маңызды болып табылатын белгілі бір ортақ ерекшеліктеріне қарай топтастырылған оқушылар тобымен (гомогенді топ) жұмыс жүргізетін оқу үдерісін ұйымдастыру түрі;

Оқу үдерісін оқушылардың әртүрлі топтары үшін бейімдеуге мүмкіндік беру үшін құрылған жалпы дидактикалық жүйенің құрамдас бір бөлігі.

Оқушылардың оқу талаптарына сәйкес оқыту үдерісін реттеу.

Оқушылардың тиімді оқуына мүмкіндік беретін кішкентайдан үлкенге дейін өзгерістер енгізу.

Оқу бағдарламаларын әр түрлі жолмен жүргізу. Оларға мысалы дағды, білім, түсінік және сан алуан тапсырмаларды берудің әр түрлі жолымен келетінін көрсету;

Ең бастысы міндетті түрде оқушылардың бойындағы ерекшеліктерін ескеру және оған сәйкес жоспарлау;

Оқушылардың білімдерін кеңейту үшін жеке тұлғалардың не оқушы топтарының әр түрлі қабілеттіліктеріне сай жұмыс ұсыну

Саралап оқытудың негізгі түрлерінің бірі ол даралап оқыту болып табылады, сондықтан авторлардың көпшілігі «саралап оқыту» туралы түсінікті «даралап оқыту» (оқушының белгілі бір ерекшеліктерін, қасиеттерін ескеру) ұғымымен тығыз байланыста қарастырады, бірақ әртүрлі анықтама береді (тәсілі, түрі, кешені, топтастырылуы, құралдарына қарай және т.б.).

Сабақ – логикалық аяқталған, толық, шектеулі бағандармен негізделіп қамтылған оқу – тәрбие үрдісі. Сабақты жоспарлау – нақты оқу уақыты барысында оқытушы мен оқушы әрекеттесулерін құрастыру. Негізі оқытушының оқу-тәрбие іс-әрекетінің және оқушылардың оқу материалының мазмұнын меңгеруі, дамуы және тәрбиеленуі бойынша оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің мақсаттары, міндеттері, принциптері, әдістері және мазмұны болып табылады. Білім беруді дамыту үшін оқу – тәрбие жұмыстарын жетілдіру аса маңызды. Оқытудың негізін құрайтын сабақ болған соң, әрбір мұғалім өз сабағының сапасын жақсартуға аса мұқият болу керек. Әр сабақтың сапасы оның жоспарлануына, алдын ала даярлануына, қажетті көрнекі құралдармен жабдықталуына байланысты. Сондықтын әрбір материалды үйлестіру, сабақтың түрін және оны өткізу тақырыптың мақсатына сәйкес келгені дұрыс.

Келесі кезекте сабақтың кеңейтілген жоспарын жазып, әдістемелік жобасын құрады. Белсенді сабақты жоспарлау үрдісі әрбір педагогке белгілі келесі қадамдардан тұрады:

Сабақтың мақсат, міндеттерін анықтау (тақырыпқа байланысты сабақтың оқу мақсаттарын, тілдік мақсаттарын анықтау);

Бағалау критерийлерін анықтау (белгіленген мақсаттарға жету деңгейін бағамдауға қолданатын бағалау критерийлерін анықтау);

Тапсырма. Балаларға (жеке немесе топта) олардың меңгерген білімдеріне негізделген әртүрлі тапсырмалар беріледі.

Мұның құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді. Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай түрлі кестелерді немесе жаттығулар мен тапсырмаларды жасау оқу тапсырмасының мазмұны бойынша: шығармашылық деңгейі бойынша, қиындық деңгейі бойынша, көлемі бойынша, әрекетті ұйымдастыру бойынша:

Мұғалім тапсырманы бәріне бірдей таныстырады, ал орындалу кезеңі төмендегідей болуы мүмкін:

1 топ-мұғаліммен бірге;

2 топ- алдымен мұғаліммен, содан кейін өз бетінше;

3 топ- өз бетінше

Тапсырмалардың нұсқалары қиындық деңгейі, шығармашылық деңгейімен және көлемімен ерекшеленеді.

1-нұсқа- негізгі тапсырма;

2-нұсқа-көлемі үлкендеу тапсырма;

3-нұсқа-шығармашылық тапсырма. Саралауды қамтамасыз ететін тапсырмаларды құрастырудың төмендегідей түрлерін қолдану ұсынылады:

Ашық түрде орындалатын тапсырмалар;

Қаламдық тапсырма түрінде орындалатын тапсырмалар;

Таңдау түрінде орындалатын тапсырмалар; Сондай-ақ оқушының таңдауы бойынша тапсырма жағымды оқу ынтасының қалыптасуына әсер ететінін естен шығармауымыз керек.

Нәтиже. Балалар қойылған жалпы мақсатқа сәйкес бірдей тапсырмамен жұмыс істейді, бірақ мұғалім балалардың алдыңғы нәтижелерін ескере отырып, әр баладан әртүрлі нәтиже күтеді. Нәтиже дегеніміз – сабақтың соңында мазмұн бойынша оқушының алған білімін демонстрациялау әрекеті. Мұғалім мазмұнды меңгерту мақсатында тапсырма береді, барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады. Оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді және жетпей тұрған білімдерін жетілдіру туралы ойлағандары маңызды. Сабақта мұғалім барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізулеріне әрекет жасайды.

Жұмыс қарқыны. Балаларға ортақ тапсырма беріледі, бірақ оларды аяқтауға жұмсалған уақыт олардың дағдыларына қарай анықталады. Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді. Қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануға болады. Негізгі тапсырмаларды түсіндіруге көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі.

Қорытынды: Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да, олардың нәтижелері әртүрлі болады. Мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауап бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз

тұстарына қарай жауап береді. Барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетінін түсінгендеріне көз жеткізу керек.

Бағалау. Сыныптағы саралау әдістері сыныптағы жекелеген оқушылардың нені үйренгенін анықтауға және оны бағалауға мүмкіндік береді. Мұғалімдер оқушылардың табысты оқуын қамтамасыз етумен қатар, оқушының жеке даму аймағын анықтау арқылы нені жақсарту қажеттігін түсінуге мүмкіндік беретін икемді үдеріс.

Оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін. Сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыны оқытуға қарай ілгерілей аламыз.

Сабактың барлық сатыларында саралап оқыту тәсілдерін енгізу қажет. Мысалы: үй тапсырмасының орындалуын тексеру барысында, сіз тестілеуді оқушы ұнатпайтын әрекетке айналдыруға жол бермейтін әдістемелерді пайдалана аласыз. Оқушыларға саралап оқыту әдісін қолдану оқушылардың білім сапасын, олардың біліктілік деңгейі мен қабілеттерін жақсартуға мүмкіндік береді. Тәжірибе корсеткендей, сенімді түрде алға жылжу оқушыларды шабыттандырып, оларды қарқынды жұмыс істеуге ынталандырады. Тапсырманың түрлі деңгейде болуы баланың күш-жігеріне деген сенімін нығайтады, оны табысқа жетелеп, танымдық қызығушылығын арттырады.

Саралау – білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында неге өзекті? Ең бастысы оқушылардың метасанасын дамыту. Оқу процесін «қажеттен» «өте қызық» деңгейіне жеткізу. «Бұл сендерге қажеттен» оқушыға «бұл маған қажетке» жетелеу.

Саралап оқыту – мұғалім мен оқушының ынтымақтастығын, қазақ тілі мен әдебиетті оқыту үдерісінің диалогтік сипатта, әрекеттік-шығармашылық сипатта өтуін, оқушының жеке тұлғасының дамып, қалыптасуын көздейтін дидактикалық жылжу.

Біз ескінің көлеңкесінде қалмай, жаңа технологияларды тиімді қолдана білуіміз керек. Жастарымызға дұрыс бағыт беріп, сапалы білім алуына жағдай жасауымыз қажет. Қазірде елімізде тыныштық заман орнап, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман келді деп мақтанышпен зор сеніммен ауыз толтырып айтамын. Дамыған елдер қатарынан өз орынымызды табу үшін еңбектеніп келеміз. Бәсекеге қабілетімізді арттырдық. Білім мен ғылымда, мәдениет пен спортта топ жарып жүрміз. Жастарымыз жарыстардан жүлдесіз қайтпады. Әлем сахналарында Әнұранымыз шырқалды. Осыдан асқан бақыт барма? Еуразия жүрегінде, өркениеттердің ұштасқан орталығында көптеген ұлт пен ұлыстың құтты мекеніне айналған ұлы далада азат елдің ұстазы болудан асқан бақыт жоқ. Ата- бабаның асқақ арманының жолында ұлағатты өскелең ұрпақ бой түзеп келе жатыр. Болашақпен бағытталып, келешекпен кемелденетін ақылды жастарымыз көк байрақты төмен түсірмесі анық. Тәңірден келген Тәтті сыйдың еңсесін биік ұстау өз қолымызды. Алла Тағала бізді осы бақытымыздан айырмасын...

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Оралбаева Н. Жақсылықова Қ. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі, А: 1996 жыл
2. Бұзаубақова, Қ.Ж. (2003). Жаңа педагогикалық технология. Тараз
3. Қадашева, Қ. (2001). Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: өзге тілді дәрісханалардағы қазақ тілі. Алматы
4. Мирсеитова, С(1998). Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы.
5. Рақышова, Г.А., Игибаева, А.К.(2006). Жаңаша оқыту- жетістік көзі.
6. Тұрғынбаева, Б.(2005). Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Қазақстан мектебі, 4.

ОҚЫТУДА САРАЛАУ ТӘСІЛІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Жангабулова Анар Асилхановна

**«Өрлеу» БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша
кәсіби даму институт филиалы**

**«Әдіснама және педагогикалық инновация» кафедрасының аға
оқытушысы**

Білім беруде саралауды ХХ ғасырдан бастап қолданғаны анық және ол әрбір дәуір талаптарына сәйкес оқыту мәселесіне қатысты дамып келеді. Бұл мәселені оқытуды ұйымдастыруға қатысты жалпы тәсіл іздеу, білім беруді ұйымдастыруда элитарлы амал контексінде саралап оқыту және білім беруде жалпы оқытуды жүзеге асыратын жаңа амалдарды анықтау деп үш кезеңге бөлуге болады.

Педагог ғалымдар білім беру ұйымдарында саралап оқытуды жүзеге асырудың бастамасы ретінде 1922 жылы енгізілген Дальтон-план бойынша жұмысты көрсетеді. Себебі Дальтон-планның көмегімен оқыту процесіне оқушылардың мүмкіндіктерін ескеретін бағдарламалар енгізілді және құрылды. Оқу бағдарламаларын күрделілік деңгейіне бөлу, нақты пән бойынша біліміне нұсқау, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін қамтамасыз ету және олардың Дальтон-план бойынша жұмысы саралап оқыту принципіне жауап берді. Сонымен қоса, ол білім алушыларды деңгейлік дайындаудың қазіргі талаптарына сәйкес. Кеңестік мектептерде саралап оқытудың алғашқы түрі қабілетті дәрежесі бойынша саралау болып табылды. Кеңестік мектепте саралап оқытудың тиімді формасы ретінде арнайы мектеп және сынып шегінде пәндерді тереңдетіп оқыту болып табылды. Оны сол кезде енгізілген факультативтік сабақтар мен пәндерді тереңдетіп оқытатын сыныптар мен мектептерге бөлу болды. Осы екі түрінің де мақсаты: білімді тереңдету, оқушылардың қабілеттерін, қызығушылықтарын, кәсіптік хабарын жан-жақты дамыту.

Саралап оқытудың барлық түрлерін ұйымдастырудағы жетістіктер, олардың барлығы негізінен оқушылардың типологиялық ерекшеліктеріне ғана бағытталған еді, ал оқушылардың жеке ерекшеліктерін толығымен ескермеді.

ХХ ғасырдың соңында саралап оқытуға қатысты жаңа пікірлер туды, яғни мектептерде саралау мәселесінің дамуындағы жаңа кезеңге аяқ басты. Осыған орай, саралап оқытудың мақсаты психолого-педагогикалық, әлеуметтік,

дидактикалық бағытта қарастырылды. Біз үшін дифференциалды оқыту мақсатының бірінші және үшінші бағыты қажет. Психология-педагогикалық көзқараспен саралап оқытудың мақсаты былай анықталды: «әрбір оқушының қабілетін және қызығушылығын дамыту, келешегін анықтау үшін қолайлы жағдай жасауға негізделген оқытудың жекешеленуі».

Қазақстандық педагог ғалымдар Ж.Қараев, М.Жанпейісова саралап оқытудың болашағын оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, деңгейлік тапсырмалар жүйесін құруды ұсынды.

Ғалымдар В.М. Монахов, В.А. Орлов, В.В. Фирсов саралап оқытудың келесі түрлерін ұсынды:

1. Ішкі (деңгейлік) саралау – пән бойынша міндетті базалық деңгей бойынша білімді қабылдауда әр түрлі деңгейге бөлу негізінде оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру, ұйымдастыруда оқытудың әдісі, формасы және тәсілінің жиынтығы.

2. Сыртқы саралау – пән мазмұны бойынша талаптарды, оқушының қызығушылығы, қабілеті, нәтижеге жетуі, бейімделгіштігін ескеру.

Білім саласындағы соңғы өзгерістер жаңартылған мазмұндағы білім бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстарында саралап оқыту тәсілдері бойынша жаңа түсініктер мен дағдыларды қалыптастырдық. Құрастырған қысқа мерзімді сабақ жоспарларымызда сыныптағы білім алушылардың тек жас ерекшеліктеріне байланысты білімді тең дәрежеде қабылдай алмайтындығын, олардың жеке ерекшеліктеріне көбірек назар аудару керектігін түсіндік. Сыныптағы білім алушылардың кейбірі өз жасына сай түсіну, талдау, саралау тағы басқа да ойлау деңгейі болмайды, жинақтап, қорытындылай бермейді, осыдан кейін сабақ мақсаттарына жете алмай қала береді. Бұндай оқушылардың оқуға қызығушылықтары жоғалады, оқуға ықыласы болмайды. Жақсы оқитын оқушылармен де жұмыс істеу қиынға соғады, себебі мұғалім сабақты жоспарлағанда орташа оқитын білім алушының қабілеті тарапынан тапсырмалар дайындайды. Жақсы оқитын оқушылар жеңіл тапсырмаларға үйренеді де, қиын тапсырмаларды орындауда қорқыныш, сенімсіздікке әкеледі. Сондықтан барлық білім алушылардың оқуға қабілеттілігінің дамуы мен дайындық деңгейі бірдей болмаған жағдайда саралап оқыту қолданылады.

Сонымен оқытуды саралау дегеніміз:

1. Білім берудің мазмұнын, түрін, әдісін, темпін, көлемін таңдау арқылы әр білім алушыға білім меңгеруіне қолайлы жағдай жасалатын оқу іс-әрекетін ұйымдастыру.

2. Әр түрлі білім алу қажеттіліктерді қамтамасыз етуге арнап оқыту жүйесін бағдарлау.

Бірінші ереже ішкі саралауға негізделген. Ішкі саралау - әдеттегі сынып көлемінде әр оқушының даралық ерекшелігін ескере отырып сабақ барысындағы жұмыстың ұтымды түрін анықтау.

Ауылдық мектептерде ішкі саралау бір сыныпқа жиналған білім алушылардың үлкен тобын әр түрлі оқыту. Бұл білім алушылардың дара және топтық ерекшелігін толық ескеруге мүмкіндігіне негізделген. Ол оқу материалы бойынша ресурстарды таңдау, оқушылардың оқыту темпін, оқу

тапсырмаларының саралануын, әр түрлі іс-әрекетті таңдау, мұғалім тарапынан көмектің мазмұны мен дәрежесін мөлшерлеуді болжайды. Бұл әр түрлі деңгеймен әр түрлі әдістер арқылы оқыту жұмысын жүзеге асыру мақсатымен сыныптағы білім алушыларды әр түрлі топтарға бөлуге мүмкіндік туғызады. Әдетте бұл топтар мобильді, икемді, жылжымалы, ұйымшыл, гендерлік, аралас болады. Қазіргі кездегі ішкі саралаудың ерекшелігі ол тек оқуда қиындық сезген білім алушыларға ғана емес, сонымен бірге дарынды балаларға бағытталған. Ішкі саралау білім алушылардың даралық ерекшелігін ескере отырып мазмұннан тыс, яғни бағдарламадан тыс дамытуға бағытталған дәстүрлі түрде немесе оқыту нәтижелерін жоспарлау негізіндегі деңгейлік тапсырмалар арқылы жүзеге асады. Сонымен бірге ішкі саралау білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып индивидуальдік жолмен оқыту түрлері мен әдістерін қолдану болып табылады.

Білім алушыларды бірдей бағдарламамен оқыта отырып, білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес сабақта әр түрлі сараланған мақсатты қоюға болады, бірақ міндетті деңгейден төмен емес оқытуды ұйымдастыруды ойластырады.

Қазіргі кезде саралап оқытудың „топтық саралау“ тәсілін жиі қолданамыз. Қандай топтар құруға болады? Топтың құрылымына қарай „жоғары оқу қабілеті бар“ оқушылар тобы. Бұл топтың оқушылары оқу міндеттерін өз бетімен шешуге және белгісіз жағдайда қажетті білімді қолдануды талап ететін қиын материалдармен жұмыс жасайды. Бұндай қабілетті оқушыларға жоғары талаптар қою, яғни күрделенген тапсырмалар арқылы дамуына жағдай жасалады. Екінші топ – „орташа қабілеттері“ бар оқушылар. Бұл топтағы оқушылар бірінші топтың тапсырмасын, мұғалімнің және маршруттық карта немесе тірек схемасының көмегімен орындайды. Үшінші топ – „оқу қабілеттері төмен“ оқушылар. Бұл топтағы оқушылар оқу тапсырмаларына шек қоюды, сабақта қосымша түсіндірулерді және жаттықтыратын жұмыстарды қажет етеді.

Саралап оқытуда мұғалімнің көмегін қажет ететін оқушылармен сабақтан соң, қосымша дайындалуды қажет етпейді. Саралап оқыту процесінде оқушылардың бір топтан, екінші топқа көшуі мүмкін. Ол оқушының даму деңгейінің өзгеруінен, сабақта білім алуда қызығушылығының тууына талаптануда, оқу бағыттылығының жоғарлауы және кемшіліктерді толықтыруында болады.

Мектепте саралап оқыту тәжірибемде жоғары сыныптағы оқушылардың көбі кейбір әрекеттерге тұрақты қызығушылық танытады оны сабақ мақсаттарына сай келетін тапсырмалар құрған кезде ескеремін.

Дәстүрлі сабақтардағыдай нашар оқитын оқушыларым үшін шамадан тыс қиындық тудырмай, диалогтік қолдау арқылы бағыттап отырамын. Оқытуда саралап оқыту тәсілін қолданудың негізгі шарты оқушының танымдық деңгейі мен мұғалім беретін көмектің сипаты көрінетін сараланған тапсырмалар болып табылады. Саралап оқыту қазіргі таңда оқыту процесін тиімді етуде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Саралап оқыту туралы ойлар. cpm.kz/ru/portal/blogs?blog=...
2. Дифференциялап оқытудың оқу процесіндегі мүмкіндіктері.
http://go.mail.ru/redirect?src=11d26e&via_page=1&type=sr&redirect=eJzLKCKpKLbS18MS8svLcrP1isq1U_JTEtLLUrNS86sTMxJLNDNzywpTcnUzS_VLSjKT04tzsxLSU3P1M3NzQayMrNLUosydQ3NDEwMLYz1MkpycxgYDE1NzswNDSwNTBlu_v1-cXOWWLDY3BjFSIbiywBizCk-&user_type=47
3. Манабаева А.Ш., Абылайхан С.М., Байжұманова Н.С. Оқытудың жана технологиялары Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2010. – 204 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ахметбекова Назгүл Асқарбекқызы

Т.Рысқұлов ауданы, №2 шағын орталықты орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Оқытуды саралау дегеніміз – оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес әртүрлі сыныптар, топтар, мектептер үшін әртүрлі оқу ортасын құру және әртүрлі топтарда оқытуды қамтамасыз ететін әдістемелік, психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық шаралардың кешені. Ал саралап оқыту дегеніміз: оқыту мен оқуға қатысты анықталған ортақ қасиетті ескере отырып дайындалған, оқушылар тобына мұғалімнің оқу үрдісін ұйымдастыру нысаны. Саралап оқыту - әрбір оқушының мақсатқа жетуіне оң ықпал етудің тиімді жолы.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында саралап оқыту кезінде жүзеге асыратын қағидаларым:

- ✓ Оқушылардың оқу стиліне негізделген дизайн сабақтар дайындаймын.
- ✓ Бірлескен қызығушылық, тақырып немесе тапсырмаларды орындауға қабілетті оқушыларды топтастырамын.
- ✓ Оқушылардың білімін формативті бағалаймын.
- ✓ Қауіпсіз және қолдау ортасын жасау арқылы сыныпты басқара аламын.
- ✓ Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сабақ мазмұнын үнемі бағалап және реттеп отырамын.

Ең әуелі, білім алушылардың әлеуетін зерттеймін. Алғашқыда оқушыларды ең қарапайым ақпаратты қабылдау қабілетіне қарай 3 топқа бөліп алыңыз: **аудиал, визуал, кинестетик**. Қолдауды қажет ететіндігі / етпейтіндігіне қарай топтастыруға, жұптастыруға болады. Және өз бетінше жұмыс істей алу қабілеттеріне қарай жеке жұмыстарды дайындау ұсынылады. Осы және бұдан да басқа ерекшеліктерді ескере отырып дайындалған тапсырманы сұранысқа қарай бейімдеу қажет. [1, 78б.]

Саралау үдерісінде: барлық оқушыларға бірдей тапсырма беремін, бірақ олардың алдыңғы білімі мен тәжірибесін ескере отырып, оқушыдан деңгейіне сай нәтиже күтемін. Барлық оқушыларға бірдей тапсырма беремін, бірақ

олардың ЖЫЛДАМДЫҒЫН ескеріп тапсырманы орындау уақытын түрлі етіп береді. Тапсырма ортақ, бірақ РЕСУРСТАР әртүрлі болу керек.

Төменде саралау тапсырмаларын ұсындым. Әдебиет пәні бойынша, тапсырма барлық оқушыға бірдей беріледі. Осы қағиданы естен шығармағаны абзал.

Тапсырма

Әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттаңдар.

➤ Қолдауды көп қажет ететін оқушыға көмек ретінде дайын ұсынылады. тек оқушы «сәйкестендіру әдісі» арқылы сөйлемдер мен тіркес сөздерге тиісті қасиеттерді сәйкестендіреді.

➤ Қолдауды орташа қажет ететін оқушыға қасиеттер ұсынылмайды, өздері тауып жазады.

➤ Қолдауды мүлдем қажет етпейтін оқушы тапсырманы өз бетінше орындайды.

Сынып ішіндегі саралаудың мынадай түрлері бар: қабілеттері бойынша саралау, деңгейлік саралау, қызығушылықтары бойынша саралау. Әдетте, оқушылардың жеке өзіндік ерекшеліктері бойынша ішкі саралау олардың әрқайысына жеке қарауға негізделеді.

Оқушы қарқынын ескере отыра, қосымша тапсырмаларды қолдану тиімді тәсіл. Сондықтан да қосымша тапсырмалар қолданылады. Әдетте бұл қосымша тапсырмаларды оқушылардың орындауы немесе орындамауы өз еріктеріне байланысты. Бірақ мұғалім міндетті емес бұл тапсырмаларды орындаулары үшін әр түрлі мадақтауларды пайдалана отыра оқушыларды арнайы ынталандырып отыруы керек. Мұғалімдер тапсырмаларды оқушы қарқыны бойынша саралауды басқа да саралау тәсілдерімен біріктіре алады. Мысалы, қосымша тапсырма ретінде шығармашылық жаттығулар немесе деңгейі қиынырақ тапсырмалар ұсынылады. Қосымша тапсырмаларды жоспарлайтын мұғалімдер тапсырмаларды тақтаға жазып қояды немесе арнайы карточкалар береді. Негізгі тапсырмаларды ерте орындап болған оқушылар қосымша тапсырмаларды орындауға мұғалімнен сұрамай өздері орындауға кіріседі. Ал мұғалім бұл уақытта негізгі тапсырманы орындауда қиналып отырған оқушыларға көмектеседі. Мұғалім әр түрлі типтегі қосымша тапсырмаларды алып, оқушылардың таңдауына ұсына алады. [2, 216б.]

Қосымша тапсырмаларды орындау жұмысын ұйымдастыру ережесі:

- негізгі тапсырманы тексермей тұрып қосымша тапсырманы орындауға кіріспеңіз;
- қосымша тапсырмалар міндетті емес, сондықтан да оларды ішінара, толық емес орындауға да болады. Бірақ оқушыларды қосымша тапсырманы орындауы үшін ынталандыру қажет;
- егер сыныпта негізгі тапсырманы тексеру жүріп жатырса, қосымша тапсырманы кейінге қалдырып, мұғаліммен бірге жұмыс жасаған жөн;
- қосымша тапсырмаларды орындауға сабақтың басқа кезеңдерінде оралуға болады.

Оқыту барысында саралаудың дереккөздер тәсілі деген оқушылардың қажеттілігіне, қызығушылығына, білімді, ақпаратты қабылдауына қарай әр түрлі дереккөздермен жұмыс жасайтындай тапсырмалар беру болып табылады.

Психологтар оқушылардың білімді немесе ақпаратты қабылдауын үш түрге бөліп қарастырады. Олар визуалдар, аудиалдар және кинестетиктер. Сондайақ, ақпаратты қабылдаудың сирек кездесетін дискреттер деген түрі де бар.



Аудиалдар – бұл оқушылар ақпаратты есту арқылы қабылдайды. Ақпаратты игеру және түсіну үшін аудиал оқушыларға тыңдатып және қайталап айтып өту керек. Бұл типтегі оқушыларға тыңдау арқылы қабылдауға болатын дереккөздерді ұсынған жөн.

Мысал үшін аудио және видео жазбалар, аудио кітаптар т.б алуға болады.

Визуалдар – бұл оқушылар көптеген жағдайда дүниені көзбен көру арқылы қабылдайды. Бірақ бұл визуалдар есту, сезу арқылы білімді қабылдай алмайды деген сөз емес. Дегенменен де олар ақпаратты көру арқылы көбірек қабылдайды. Бұндай оқушыларға кестелер, мәтіндер, суреттер, презентациялар, картиналар, видеожазбалар секілді көру арқылы қабылдауға мүмкіндік беретін дереккөздер ұсынып жұмыс жасатқан жөн.

Кинестетиктер (көне грек – «қозғалтамын, ұстап көремін», ағыл. kinesthetic – «қозғалысқа сезімтал») – ақпараттың көптеген бөлігін дене арқылы сезіну жолымен жанасу арқылы қабылдайтын оқушылар. Бұндай оқушыларға өз көзімен көріп, қолымен жұмыс жасап қабылдауына мүмкіндік беретін дереккөздермен жұмыс жасаған жөн. [3, 93б.]

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы - оқушының туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке даму жанжақтылығына негізделген білім беру жүйесі. Бұл технологияда бірінші орында оқушы туралы және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударады. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының екінші бір жағы – оқушыларды дүниежүзілік білім жүйесінде қолдананылаты рейтинг – ұпай жинау әдісіне баулу. [4] Деңгейлік тапсырмалар рейтинг-ұпай – балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, оқушылардың деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне анализ жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді. Жоспарлау мен оқыту үдерісінде саралаудың тәсілдерін қолдану балаларға оқу тапсырмаларын өз деңгейі бойынша, қолдау немесе көмек көрсету арқылы орындауына мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың оқуға деген сенімділігі мен ынтасын арттырады. Баяндамада ұсынылған саралаудың әдіс-тәсілдері мен сараланған тапсырмалардың үлгілері оқыту барысында мұғалімдерге оқушылардың мүмкіндіктерін анықтауға, ерекшеліктерін ескеруге, қызығушылықтарын арттыруға, қажеттіліктерін қанағаттандыруға және оқушыларға өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін анықтап жетілдірулеріне, тапсырмаларды жеңілден күрделіге қарай және де тандап орындауларына жол ашады. [5,448б.] Орыс данасы Л.Толстойдың «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдісті болу; керек орында жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек. Оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» - деген кеңесін Ахмет Байтұрсынов «... әр әдіс өз орнында жақсы», - деп өрбітеді. Сондықтан да мұғалімдер мен оқытушыларға әдіс-тәсілдерді барынша көбірек білу артық етпейді деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.М. Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде» Алматы 2002 жыл
2. Жұмабекова А.Л. «Деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту».
3. Оқыту технологиясының түрлері. Куәлік №1235 11 қазан 2012. Самашова Г.Е., Құрымбаев С.Ғ., Егоров В.В. және т.б.
4. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту тәсілдері. Оқудың жеке тұлғаға бағытталуының он тәсілі. «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасы. 3 апта, 5 күн материалынан.
5. Ж.Әбиева, С.Бабаев, А.Құдияров. Педагогика. Оқу құралы. Алматы. Дарын. 2004.448б.

НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ - МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ

Бурибаева Раушан Оразбековна

Т.Рысқұлов ауданы Д.Қонаев ауылы

№5 шағын орталықты орта мектебі

«Еліміздің ертеңі мен бүгінi - жас ұрпақтың қолында,

ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында»

Н.Назарбаев

XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Сондықтан жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Олай болса, мектептегі білім беру ісі ғылыммен тығыз байланысты болып, жаңа дәуір жаңалықтармен суарылып отыруы тиіс.

Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестік, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Қазіргі білім беру үрдісі адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынастарда өз орнын табуға, өзін шығармашылықпен өзгертуге белсенділік танытуға ықпал етуі тиіс.

Қазіргі таңдағы білім саласында, жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты – ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет ете алатын, дүние - танымы жоғары, білімдік бәсекеге қабілетті жан - жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Елбасы Н. Назарбаев еліміздің дамыған, өркениетті елу елдің қатарына қосылу үшін бірінші кезекте ғылым мен білімнің дамуына, оның негізгі орта мектеп түлектерінің білім сапасына баса назар аудару қажет екендігін айта келіп, нақты міндеттер жүктеді.

Осы міндеттерді алға тартып, еліміз оқытудың жаңа кезеңіне көшті. Ол - нәтижеге бағытталған білім беру. Нәтижеге бағытталған білім беру дегеніміз – жеке тұлғаның құзырлығын қалыптастыру. Ал құзырлық дегеніміз – тереңнен берілетін білім.

Қазіргі заман мұғалімінің міндеті ғылым мен техниканың қарқынды дамып келе жатқан заманда өмір сүруге икемді, қоғам пайдасына қарай өзін - өзі толық

жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Бұл міндетті тек кәсіби білімі жетік, құзыретті, бәсекеге қабілетті ұстаздар ғана атқара алады. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ.

«Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «компетенс» белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді», - деп көрсетеді. «Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениетімен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті» деген болатын Т.Г. Браже.

Оқушының құзырлылығын қалыптастыру үшін мұғалімнің өзі бір-құзырлыққа жетуі керек. Бүгінгі таңда мұғалімге қойылатын талап та күшті. Мұғалімге өз ісінің маманы болумен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тыңдай білу керек. Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – оның жан-жақты білімі мен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. Құзырлылық – белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді. Осы орайда, педагогикалық құзыреттілікті қалыптастырудың шарттарына тоқтала кетуді жөн көрдім.

Педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың шарттары:

1. Әдістемелік құзыреттілік – оқытудың әртүрлі әдістерімен қарулану, дидактикалық әдістерді білу, оларды оқыту процесінде білім мен іскерлікті меңгерту үшін қолдана білу;
2. Зерттеушілік құзыреттілік – оқыту мен тәрбиелеудің заңдылықтары, құрылымы туралы жаңа білімді жасау үшін педагогикалық құбылысты, актілерді оқып үйренудің ғылыми әдістерімен қарулану;
3. Басқарушылық құзыреттілік – өз қызметі мен оқушы қызметін басқару тәсілімен, әдісімен қарулану;
4. Ақпараттық құзыреттілік – қазіргі ақпараттық технологиямен қарулану, қажеттісін пайдалану;
5. Коммуникативтік құзыреттілік – өзінің кәсібилігін үздіксіз жетілдіру, жеке және қоғамдық өмірді дамыту.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – бүгінгі ғасыр талабына сай белгілі бір нәтижеге бағытталған білім берудің негізі болмақ. Кәсіби құзыреттілік бір нәрсе жайлы

беделді ой, кесімді пікір білдіруге мүмкіндік беретін білімділердің сипаттамасы ретінде қарастырылады. Ендеше, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізгі шарттары төмендегідей болмақ.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізгі шарттары:

1. Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.
2. Қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.
3. Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.
4. Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті
5. Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.
6. Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

Қоғамымыздың болашағы, дұрыс бағытта дамуы жас ұрпақтың іс-әрекетіне, тәлім-тәрбиесіне, сана-сезіміне, дүниетанымына тікелей байланысты. Сондықтан да ұрпақ тәрбиесі мен білімі мәселесі егеменді еліміздің болашағын айқындайтын ең маңызды міндеттердің бірі. Осы міндетті шешу педагогтердің кәсіби құзыреттілігінде. Олай болса, қоғам педагогтерге үлкен үміт артып, педагогикалық шеберлікті, үлкен жауапкершілікті, кәсіби құзыреттілікті талап етеді.

Кәсіби құзыреттілік – өз бетінше және жауапты әрекет жасауға мүмкіндік беретін белгілі бір психикалық жағдай, арнайы білімнің болуы, ғылыми-кәсіби дайындығын үнемі жетілдіру, күнделікті іс-әрекетте міндеттерді шешу үшін еңбек субъектісінің кәсіби дайындығы және қабілеті. Ал мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі білім беру нәтижесін қамтамасыз ететін шешуші фактор, өз кезегінде, тіпті қоғамның жағдайының сапалы өзгеруіне әсер етеді.

Білімді толық игеру үшін оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, еркін сөйлеуіне, өз ойын ашық және толық айтуға үйрету, ой-өрісін кеңейту – оқытудың ең басты мақсаты. Әрбір оқушыны өз мүмкіндігіне қарай білім, дағды алатындай етіп оқытуымыз дұрыс.

Жас өркеннің жақсы азамат, білікті тұлға ретінде қалыптасуы мұғалімдердің білімі мен кәсіби шеберлігіне, мемлекет пен халық алдындағы азаматтық парызына деген жауапкершілігіне тікелей қатысты. «Мектептің жүрегі – жақсы мұғалім» деп ұлы даланың дана педагогы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, бүкіл мемлекеттің, тұтас ұлттың болашағы – ұстаздардың қолында. Қазіргі заман талабына сай пәнді оқытуда жаңа тақырыптарды оқушылардың өздеріне меңгере алатындай билік беру, ізгілендіру, түрлендіру, тұлғаға бағытталған білім беру ұстанымдары арқылы жүзеге асырылады.

Қай пәннің мұғалімі болмасын, өзінің пәніне деген оқушының қызығушылығын арттыру басты міндеті болып саналады. Білімді әрқашанда жүйелі, құрылымы жағынан мазмұнды етіп беру, әр түрлі әдіс- тәсілдермен түрлендіру әр мұғалімнің өз шеберлігіне байланысты.

Заман талабына сай білім беру – бұл оқушыларды адамгершілік интеллектуалдық, мәдени дамудың жоғары деңгейі мен білімін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу процесінің ғылыми теорияға

негізделген және оқушының қабілеті мен бейіміне негізделген оқытудың таңдамалы, белсенді, қарқынды әдістеріне көшу болып табылады.

Сондықтан қазіргі таңдағы адамзаттың тіршілігінің негізгі тұғырнамасы – білім болып табылады. Тәуелсіздік алғалы бері жыл сайын жүргізіліп, білім жүйесіне енгізіліп отырған реформалар біздің болашағымызға салынып жатқан даңғыл жол деп айтуымызға болады. Себебі, қай мемлекеттің болсын даму жолы, яғни экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей апарар жол – сол елдің білімінің дамуы болып табылады. Яғни, болашақта бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына ену міндеті бәсекеге қабілетті құзыретті маман мойнына жүктелетін абыройлы да, жауапты міндет болып отыр.

Қазіргі заман талабына сай білім сапасын арттыру жолында мұғалімдердің құзіреттілігін қалыптастыра отырып, кәсіби дәрежелерін заманауи технологияларға сай көтеріп, дамыту еліміздің білім беру саласындағы басты мақсаты.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Білімді Ел» газеті, 15.09.2021
2. Құдайбергенова К.С. «Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары». Алматы, 2007.
3. ҚР «Білім туралы» заңы
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте». Алматы, 2019
5. «Қазақстан мұғалімі». Алматы, 2020
6. <https://bilimainasy.kz/мұғалімнің-кәсіби-құзіреттілігі-нә/>
<https://infourok.ru/malimni-ksibi-ziretiligi-bayandama-1764779.html>

САБАҚ ЖОСПАРЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сергазина Зинегуль Джумадиловна
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №18 мектеп-гимназиясы» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрі

Сабақ – педагогикалық туынды, мұғалімнің жұмысының көзге көрінетін негізгі бір бөлігі. Әрбір сабақ біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асыруға бағытталады: оқыту, дамыту, тәрбиелеу. Сабақ сыныпқа кіргенге дейін оған алғашқы дайындықтан басталады және сабақ жоспарын дайындау – табысты сабақты құрылымдаудағы жауапты кезең. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны мен құрылымы, оқу мақсаттарының жүйесі туралы болмақ. Оқыту қазақ тілінде емес мектептерде бастауыш білім беру деңгейінде «Қазақ тілі» пәні ретінде, негізгі орта және жалпы білім беру деңгейлерінде «Қазақ тілі» мен «Әдебиеті» пәндері «Қазақ тілі мен әдебиеті» кіріктірілген пәні ретінде оқытылады. «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін біріктіріп оқытудың басты себебі – көркем шығарманы түсіну қиындығын жеңілдету. «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – оқушының коммуникативтік дағдыларын дамытып, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық

мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, осы тілде еркін сөйлесуге әрі сауатты жазуға үйрету «Қазақ тілі мен әдебиеті» кіріктірілген пәні – өзге тілде білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие процесінің маңызды бөлігі болып табылады.

Қазақ тілі мен әдебиетінің тақырыптық және тілдік ортақтығы арасындағы өзара байланыстың күшейтілуі арқылы оқушылардың қазақ тілінің түрлі стильдерін бір оқу бағдарламасы аясында меңгеруіне ықпал етеді. Өйткені ортақ тақырып қазақ тілінен мен әдебиеттен алынатын білімдердің ерекше синтезін жасайды. Оны меңгерту үшін жаңа деңгейдегі оқу - танымдық процесі Ұйымдастыратын әдістер мен тәсілдер жүйесі де айқындалуы керек. Оқушылар қазақ тілін үйрене отырып, айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым дағдыларымен қатар түсіну және жауап беру, анализ, салыстыру және бағалау дағдыларын дамытады, сонымен бірге оларды өмірде тиімді қолдана білуді үйренеді. Тілді меңгеру әлемдік деңгейде жаңа өзгерістерге бейім, жаңашыл, ұлттық құндылықтарды түсінетін жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді.

Жаңартылған білім беру мазмұнын жүзеге асыруда оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша қолданылатын құжаттар:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
- Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (қосымшасы: ұзақ мерзімді жоспар)
- Пән бойынша оқу жоспары (орта мерзімді жоспар);
- Күнделікті сабақ жоспары (қысқа мерзімді жоспар) Пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленді.

Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары оқушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды. Оқу бағдарламалары білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидатын және нақты пәнді оқыту мақсаттарының жүйесі бар мектепті бітіргеннен кейінгі нәтижелерін іске асыруға мүмкіндік береді. Оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады.

Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі: білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық- коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады. Үлгілік оқу бағдарламасы пәннің мақсатын, құндылықтарын белгілейді, мұғалімнің ұстанымдарын бағыттайтын педагогикалық тәсілдерді қысқаша сипаттайды.

Оқу пәнінің мазмұны бөлімдер бойынша берілген. Бөлімдер бөлімшелерге бөлініп, әр бөлімшені оқып игеру сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер:

дағдылар немесе біліктер, білім немесе түсініктер түрінде оқу мақсаттары жүйесінде көрсетілген. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады Оқу бағдарламасының негізі болып табылатын оқу мақсаттарының жүйесі оқу пәнінің мазмұнын анықтайды. Оқу мақсаттары арқылы мұғалімдер сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, сонымен қатар, оқушының жетістігін бағалайды және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат береді және оның жүйесі бірізді, оңайдан қиынға қарай, шиыршық қағидаты сақталып жасалған.

Оқу мақсаттары қолдануға, мониторинг жасауға тиімді болу үшін төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленеді және коммуникативтік дағдылар түрлері бойынша оқу мақсаттары кешенді және түрлі нұсқада қолданыла алады. Бұл мақсаттар жеңілден қиынға, белгіліден белгісізге қағидатымен орналастырылған. Негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін кіріктіріп оқытуда жаңа әдістемелік логика ұсталынады, сабақты ұйымдастыру, ең алдымен, оқу материалының ерекшелігіне, сынып деңгейіне негізделеді. Жаңартылған коммуникативтік бағыт тек коммуникативтік әдістерді атап қана қоймайды, әрбір коммуникативтік әдісті іштей кіші бөлшектерге бөліп, олар кіші дағдылар – оқу мақсаты түрінде әрбір сыныпқа төменнен жоғары қарай дамып, күрделене түсетін спираль түрінде жүйелі құрастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.
2. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдаукурстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығы.
3. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығы.
4. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығы.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ДАМЫТУДАҒЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫҢ РӨЛІ

**Жаркеева Гулназ Бекетовна,
Қарағанды облысы бойынша
ББД ОӘО әдіскері**

Бүгінгі оқу үдерісінде мұғалім мен оқушының іс-әрекетін өзгертуге бағытталған білімнің кең қолданыс тапқаны белгілі. Ал бұл өзгермелі қоғам тек сауаттылықты ғана талап етеді. Кез келген тұлғаның өзін-өзі дамытып, білімін жетілдірудегі басты құралы – оқу сауаттылығы десек, мұғалімнің мақсаты – оқушылардың мәтінмен жұмыс істей білу дағдыларын жетілдіру болып табылады.

Білім алушылардың берілген мәтінді түсініп оқып, оны мазмұндап, ол бойынша жоспар құрып, негізгі сұрақтарға жауап беріп, кейіпкерлерге мінездеме беру сияқты тапсырмалармен шектеліп келген оқу әрекеті олардың функционалды сауаттылықтарын қалыптастыра алмайды. Сондықтан кез келген білім алушы өзін қоршаған әлемнің кешегісін, бүгінгі мен болашағы туралы біліп қана қоймай, ойлап, талдау жүргізіп үйренеді, шығармашылық тұрғыда дамиды, оның тұлға ретіндегі адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Ал қазақ тілі пәні мұғалімдерінің алдында тұрған басты мақсат – оқушылардың мәтінмен жұмыс істей білу дағдыларын дамыту десек, оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын қалай жетілдіріп жүрміз деген сауал кімді де болса мазалары анық. Ол үшін алдымызға мынадай міндеттер қойғанымыз дұрыс:

- мәтінді оқып, түсініп, өз тұжырымдарын жасауға үйрету;
- шешім қабылдай алуға үйрету;
- шығармашылық тұрғыда ойлай алуға үйрету.

Осы міндеттерді орындай отырып, білім алушылардың ілгерілеуін, меңгеру деңгейін өлшеу үшін, әрине, қалыптастырушы бағалаудың түрлерін қолданған жөн. Оқыған мәтін бойынша білім алушыны ынталандырып отыру арқылы оның ішкі уәжі қалыптасып, қызығушылығы артады. Сонымен қатар оқу дағдылары дамып, оның уәжі күрделене түседі. Ал мұндай нәтижеге жету үшін кез келген мұғалімнен зор дайындық талап етілетіні анық. Тіпті мәтін бойынша құрастырылған сұрақтар мен тапсырмалардың өзі білім алушылардың білім-білік дағдыларын қамтамасыз ететіндей болуы керек.

Осы орайда мәтінмен жұмыс істеудің мынадай қадамдарын ұсынған болар едім:

- Мәтіннің мазмұнын болжау және оның мағынасын түсіну;
- Мәтіннен берілген ақпаратты таба білу;
- Мәтінді түсіну, талдау;
- Мәтінді қорытындылау және бағалау.

Алдымен оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін мәтіндерді тандап алу керек. Нұсқаулық, мақала, көркем шығармадан үзінді, диаграмма, жарнама түріндегі мәтіндермен танысу барысында білім алушы мәтінді ой елегінен өткізе отырып, кері байланыс жасай алу мүмкіндігіне ие болады. Берілген мәтіндерге кері байланыс жасау арқылы оқушы нені жақсарту керек екенін жақсы түсінеді. Яғни оқушылардың білім, білік дағдыларын жетілдіру,

жақсарту үшін күнделікті оқу нәтижелеріне қалыптастырушы бағалау арқылы мониторинг жасалады. Ал оның ерекшелігі сол – оқушының күнделікті білім алудағы олқылықтарын түзете отырып, қиындық тудыратын сұрақтарын анықтап, оны жоюдың жолдарын қарастырады. Сонымен қатар сол бағалаудың нәтижесін талдауды тұрақты жүргізіп отыру керек. Мысалы, күнделікті оқу нәтижелерін талдау арқылы біз өзіміздің оқытудың нәтижелілігінің қаншалықты дұрыс болғандығына баға береміз. Сондай-ақ алдағы уақыттағы іс-әрекетімізді жоспарлауға бағыт-бағдар аламыз. Өзіміздің іс-әрекетіміз туралы кәсіби педагогикалық рефлексия жасаймыз, сондай-ақ, оқу мен оқытудағы қандай да бір қиындықтарды, кедергілерді анықтауға жағдай жасайтын боламыз. Осы оқу мен оқытудағы қиындықтарды анықтау арқылы дер кезінде қандай іс-шараларды қолдануға болатындығына қандай да бір бағыт-бағдар алатын боламыз.

Осы аталған бағалау түрлерінің өзіндік ерекшеліктеріне қарамастан, оларға ортақ бір мақсат бар. Ол – оқу мақсаты. Оқу мақсаты оқу сапасын жақсартатынын, оқудың тиімділігін қамтамасыз ететіндігін ескерсек, бағалау жүйесі оқушыларды білім мен дағдыны алу үдерісінің құндылығына бағытталуы қажет. Осындағы бағалау Мағжан ақынның мына идеяларымен үндесіп жатқанын да байқауға болады: «Балада жақсы оқысам молдадан мақтау, сый аламын, жаман болсам молдадан таяқ жеймін, ұрыс естимін деген ой болмасын. Мұндай болса, баланың іскерлігі соған жұмсалып, мұғалімнің беріп отырған сабағын білейін деген шын ынтамен тыңдамайды». Яғни, бұдан шығатын қорытынды баланың жұмысының кемшілігін емес, оның әрі қарай дамуына ықпал етуіміз керек. [1].

Қалыптастырушы бағалаудың тағы бір маңызды компоненттерінің түрі – өзін-өзі бағалау мен өзара бағалау екені белгілі. Мәтінді оқып, берілген тапсырмаларды орындай отырып, білім алушы өзін бақылап, өзінің нәтижелерін өзі бағалайды, оны мұғалім жалғастырады. Осылайша білім алушы мақсат қоя білу, күтілетін нәтижені жоспарлау, оны бағалау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің күзіреттіліктерін қалыптастырады. Кері байланыстың қай түрі болмасын, нені жақсы орындағанын белгілеп алып, қандай да бір қателіктер кеткен жағдайда мұғалім білім алушының жұмысын жақсартуға байланысты нақты ұсыныстар беріп отырғаны дұрыс. Егер мұндай бағалаулар болмаса, білім алушы өз білімін терең де жан-жақты әрі дұрыс бағалай алмайды. Өз тәжірибемде үнемі «Температураны өлшеу», «Екі жұлдыз, бір тілек», «Бір минуттық эссе» т.б. қалыптастырушы бағалауларды қолданып отырамын. Ал кейбір оқушылар өзін-өзі бағалағанды жақсы көреді. Бұл, яғни өзіне деген сенімділікті нығайтып, оқу сауаттылығын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, бірін-бірі бағалау да үлкен рөл атқарады. Мәтінді оқып, тапсырмаларын орындағаннан кейін білім алушылар бір-бірінің жауаптарымен алмаса отырып, қажеттіліктеріне қарай туындаған сұрақтарды бірігіп талқылайды.

Мұғалім қалыптастырушы бағалау үдерісінің тиімділігін арттыру үшін қалыптастырушы бағалаудың құралдарын өз бетінше дайындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ол оқу мәнмәтінін, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды, олардың дескрипторларын

құрастырады. Сол арқылы олардың ата-аналарына кері байланыс береді. Кез келген мәтінді оқып, оның тапсырмасын оқымастан бұрын критерийлермен таныстырып немесе өздеріне құрғызған жөн. Мұғалім әр тапсырма орындалып болған соң «Сен мұндай қатені жібермеу үшін не істейсің?» деп, білім алушылардың ішкі сенімін арттырып отырады.

Сондықтан қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын мүмкіндігінше қызықты болса, соғұрлым баланың шығармашылық қабілеті, логикалық ойлау жүйесі, оның өмірге деген көзқарасы дұрыс қалыптасып, бойында адами құндылықтар қалыптасады, өздігінен білім алуға ынталанады.

Қорыта айтқанда, оқу сауаттылығын арттыруда қалыптастырушы бағалаудың рөлі өте зор. Өйткені мұғалім мен білім алушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін, оқу жетістігінің дамуына, өсуіне тікелей әсер ететін үдерістің бірі – қалыптастырушы бағалау болғандықтан, оқу сапасының қалай жүріп жатқандығын анықтауға мүмкіндік береді [2]. Сөздер бұлтына назар аударып қарайтын болсақ, оқу сауаттылығы деген кең ұғым: мәтінді түсіну, ақпаратты ықшамдау, қорытынды жасай білу, білім, білік дағдыларын қолдана білу т.б. Сондықтан оқу үдерісінде қалыптастырушы бағалауды үздіксіз жүргізу керек. Сонда ғана білім алушы мен мұғалімнің арасында байланыс орнап, оқу сауаттылығы, өмірге деген құлшынысы артып, алған білімін өмірде қолдана алуға мүмкіндік туады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мағжан Жұмабаев шығармалары, Алматы - 2002ж.
2. Кемешова А.М. «Критериалды бағалау технологиясы» Астана- 2018 ж. 16-б.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА ОҚУ МАҚСАТТАРЫНА НЕГІЗДЕЙ ОТЫРЫП ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шералхан Гульмира

Т. Тәжібаев атындағы №47 мектеп- гимназия

Шымкент қаласы

Әр пәннің өз мақсат-міндеті, өзіне тән ерекшеліктері бар. Сапалы сабақ және оның нәтижесі сабақ мақсатына тікелей байланысты. Саралау тапсырмалары, қолданылатын әдіс- тәсілдер, керібайланыс сияқты сабақтың ең маңызды алғышарттары осы сабақ мақсатына бағытталуы керек. Сондықтан да бүінгі қозғайтын мәселем осы мақсаттарға байланысты болмақ. Өйткені сабақ мақсаты - сабақтың жүрегі, сабақ құрылымының тірегі, тақырыптың өзегі.

Әуелі, қазақ әдебиеті пәнінің ерекшелігіне тоқталайын. Әдебиет - ұлы өнер. Адамдық асыл қасиетті бойға сіңіретін, ұлы сезімді жырлайтын, ізгіліктің нұрын себетін киелі өнер. Міне, осындай баға жетпес құнды дүниелерді оқытатын әдебиет – пәндердің төресі. Олай болса, оның оқытылуына бей-жай қарауға болмайды. Жаңартылған бағдарлама аясында қазақ әдебиеті пәні қалай оқытылып жатыр?

Жаңартылған мазмұнда білім беру – уақыт талабы. **Бағдарлама мақсаты** – жаһандану заманында өзіндік көзқарасы бар, пікірін еркін жеткізе алатын, алған білімдерін өмірде қолдана алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеу. Идея керемет! Жаһандану процесі үздіксіз жүріп, ғылым мен техника қарыштап дамыған, жылдам өзгермелі мына заманда жас ұрпаққа сол үдерістің қатал талаптарына сай әлемдік ғылым мен прогресс деңгейінде білім беріп, заман ағымына ілесе алатын, мол ақпаратты меңгерген, әлеуметтік қарым- қатынасқа түсе алатын оқушыларды адамгершілік рухта тәрбиелеуге қол жеткізу – мұғалімдерінің алдында тұрған міндет. Бірақ жаңартылған білім, жана ағым, уақыт талабы деп жүріп, әдебиетті оқытудың өз мақсатын назардан тыс қалдырмағанымыз абзал. **«Қазақ әдебиеті» пәнінің өз мақсатына** келейік. «Оқушылардың бойында гуманистік, адамгершілік-эстетикалық, ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу; ұлттық әдеби туындылармен қатар әлем әдебиеті туындыларымен таныстыру; көркем шығарманы тануда қажетті біліммен қаруландыра отырып, шығарманы мазмұн мен түр бірлігінде көркемдік тұтастық пен көркемдік бейнені талдау, жинақтай білу, шығарма идеясын, жазушы ұстанымын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру. [1] Бұл мақсат та дұрыс қойылған.

Ал енді 9- сыныптың (Т1) «Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында берілген оқу мақсаттарына назар салайық. «9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану. 9.2.2.1. автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау, 9.2.3.1. шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; 9.3.1.1. шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау, 9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру» [2] Дәл осы оқу мақсаттары жоғарыда айтылған жаңартылған бағдарлама мен қазақ әдебиетінің мақсаттарына сәйкес пе? Сол мақсаттардың жүгін көтере ала ма? Мәселе –

осында. Сөзіме мысал ретінде 9- сыныптың қазақ әдебиетіндегі бір тақырыпты алайын. «Тарихи шындық пен көркемдік шешім» бөлімінде

1. Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығы (1 сағат)
2. "Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны" өлеңі (2 сағат)
3. "Мен мен едім, мен едім" өлеңі (2 сағат)
4. "Бағаналы терек" өлеңі (1 сағат) беріледі.

Ал енді дәл осы оқу мақсаттар аясында Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығын толық оқыта аламыз ба? Махамбет образы ашыла ма? Өлеңдері идеялық және тақырыптық талдау тұрғысынан ашыла ма? Біз оқыған Махамбет кім еді? Махамбет – патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы күрескен батыр, азаттықты аңсаған жалынды жырларымен рух берген, қайраққа салынған алмас қылыштай тілі өткір ақын. Хан-сұлтандарға бас иеген рухы өр, тәні бекем қайталанбас тұлға. Дәл осы Махамбетті бағдарламадағы оқу мақсаттарымен оқушы тани ала ма? Әрине, жоқ. Өйткені оқу мақсаттары тым күрделі, ғылыми, қолжетімсіз. Бұл оқу мақсаттарын бір- бір ғылыми зерттеу

тақырыптарының көтеретін мәселесі деп санаймын. Баланың оған өресі жете ме? Әлде оқушылардың барлығынан болашақ филолог мамандар даярлап жатырмыз ба? Мақсатты күрделендіре бергеннен не ұтамыз? Шын мәнісінде, осы мақсаттар орындалып жатыр ма? Мұғалімдерге нақты мақсаттарды беріп, қалыпқа салып тастаған жоқпыз ба? Міне, осы сұрақтар ұстаздар қауымын алаңдатып жүр. «Қазақ тілі мен әдебиетін» оқытуға байланысты өзекті мәселер көтеріп жүр. Әрине, оқу бағдарламаларында өзгеріс болатыны, оқу мақсаттарының қолжетімді болатыны айтылып жатыр. Ол – уақыттың еншісінде. Оң өзгерістер болып жатса, құба-құп.

Әйтсе де, жана бағдарламада оқу мақсаттары қалай берілсе де, әдебиеттің өз мақсатын әрдайым жадымызда сақтауымыз, әрбір мұғалім төмендегі мақсаттарды назарда ұстау керек деп санаймын.

1. Әдебиет – көркем тарих. Әдебиет арқылы қазақтың тарихын оқыту.

Сонау бастан, о бастан,
Жаралғалы қара жер,
Жаралғалы көк аспан
Естеми мен Бумынның,
Адамзаттан бағы асқан.
Төрт бұрышы дүниенің
Соларменен санасқан, -

деп, ақын Қадыр Мырза-Әли жырлағандай, әлемнің төрт бұрышын мойындатқан батыр елдің ұрпағы екенімізді, біздің ерлігіміз қызыл тілдің күшінде, ақ найзаның ұшында екенін санасына сіңіруіміз керек. Шығармаларды талдата отырып, елім, жерім дейтін, өр мінезді ұрпақ өсіруіміз керек.

2. Ұлттық болмысымызды таныту. Салт- дәстүрімізді, ұлтқа тән ұлы қасиеттерімізді, бір ауыз сөзге тоқтайтын, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін ұлтқа тән асыл қасиеттерімізді бойларына сіңіруіміз керек.

3. Көркем шығармалар арқылы тәрбиелеу. Әдебиет – тәрбие құралы. Әдебиет – ізгіліктің өзегі, иманның тірегі, адамгершіліктің ұрығы. Кейіпкерлерге талдау жасата отырып, жақсысын үйретіп, жаманынан жирендіру. Оқушыларды көркем әдебиеттің озық үлгілерімен таныстыра отырып, олардың көркемдік талғамын, өзіндік дүниетанымын қалыптастыру, сөйтіп, әдебиетке деген сүйіспеншіліктерін ояту, одан өз қажетіне керегін ала білуге үйрету. Көркем шығарманың идеясы арқылы нәзік сезім иірімдеріне әсер ете отырып, жаны тазы ұрпақ тәрбиелеу.

4. Сөздік қорын молайту, пікірін көркем тілде жеткізе білуге үйрету. Теориялық талдаудан бірінші көркем баяндау (айтылым) дағдыларын қалыптастыру керек. Оқыған шығармаларының мазмұнын тізбектей отырып мазмұндау, оқиғалар желісі бойынша басты оқиғаларды баяндау, шығарманың жеке бөліктерін детальді мазмұндау, кейіпкерлерге мінездеме беру, портрет жасау, суреттеу, мәтін тіліне жуық мазмұндау, стильдік ерекшеліктерді сақтай отырып мазмұндау – көркем шығарманы талдауың аса маңызды әрекеттері. Міне, мазмұнын баяндау барысында мұғалім проблемалық сұрақтарды қоя отырып, сабақ мақсатына жетелейді.

Міне, осы мақсаттарға қол жеткізгенде ғана оқушылар теориялық талдауға, айшықтау құралдарын тауып және оны шығармашылық жұмыстарда

қолдана алуға, көркемдік құндылығына баға беру дәрежесіне көтеріле алады. Содан кейін ғана жаңартылған білімнің мақсаттарына қол жетеді.

«Әр бала дұрыс тәрбие мен сапалы білімнің негізінде адам болып өседі», - деп белгілі ғалым Асқарбек Құсайынов атап көрсеткендей, саналы тәрбие, сапалы білім беру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бүкіл адамзат баласының ертеңі, баянды болашағының кілті – ұстаздардың қолында. [3] Олай болса, ұлт алдында ұстаздар қауымына жүктелетін жауапкершіліктің салмағы ауыр. Ұлттық болмысымызды сақтай отырып, заман талабына сай білім беру – басты мақсатымыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.«2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы»: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021ж.
2. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлігілік оқу бағдарламасы
3. А.Құсайынов. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. Алматы, 2013 ж.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. I деңгей 2012 ж.

БІЛІМ АЛУШЫНЫ ОЙЛАУҒА БАҒЫТТАЙТЫН ТӘСІЛДЕР

Оязбекова Камшат Керімбекқызы

**Жамбыл облысы, Талас ауданы, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атындағы
орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

Эл. поштасы: kamshat.oyazbekova@mail.ru

Білім берудің тенденциялары жаңаша оқытудың реформасына еніп кеткелі біршама уақыт болды. Ол үшін нәтиже берерлік технологиялар қолданылуда. Мұғалімнің «Қалай оқытқаным дұрыс?» деген сұрақты өзіне қою керектігі жайында әлдеқашан ұлттық педагогикамызда да атап көрсетілген. Белгілі ақын Мағжан Жұмабаевтың бала тәрбиесіне қатысты айтқан пікірлерінде дамыта оқыту, бала қиялын өсіру, өзіндік ойлау мәселесіне көп көңіл бөлу керектігін танытқан. Демек, оқытудың мақсаттарында оған қойылған нақты себептері бар болғаны. Бала оқыту мәселесі болашақ үшін алаңдаудан туындап отырғанын да байқауға болады. Тоқтаусыз өрістейтін заман ағымы бір оймен, бір әдіспен тұрақтап қалмауы қажет. Дедуктивті ойлау индуктивті жеке ойлармен, іскерлікпен жұмыс жасап отыру керек. Мұны әрбір педагогтің өз жұмысы үшін қолданатын тәсіліне айналдыруы деп қарасақ, салынатын сара жолға түсу қиынға соқпайды.

Оқытудың сабақ процесімен меңгерілетін уақыты белгілі бір өлшемге, яғни 40-45 минут сабаққа беріледі. Сабақты өткізу үшін оның мұқият жоспарлануы нәтижеге қол жеткізумен өлшенеді. Оқу мақсатына жету критерийлері, бағалау арқылы білім алушының өзіне бағытталған кері

байланысы, оларды сұрақтар арқылы жетектеуі – барлығы мұғалімнің шеберлігінен болатыны сөзсіз. Бұған қосарым, бастысы балаларды әңгімеге, ой толғаныс диалогіне, тарта білуден басталу керек. Себебі оқушыны ойлауға бағыттайтын мәселелер бірінші кезекте еркін, сын тұрғысынан ойлауды дамытуға бағытталған әңгімелесуден негіз алады. Ойды ояту идеясы оқушының өзі әңгімелесуден–ақ аңғарып отыруға біртіндеп қалыптастырады. Осы жерде тоқталатын нәрсе, мұғалім өзі қолданып отырған идеяны кейінірек сабақтың кезеңдерінде оқушылардың өз оқуында қолдана алуы үшін көруге жоспарлауы керек. Яғни оқушылардың мұғаліммен әңгімелесудегі тәжірибесі болғанда ғана ол да өзге оқушылармен еркін сөйлесе алатынына сенімі болады. Әңгіме белгілі бір тақырыпқа негізделіп алынғандықтан, мұғалімнің алғашқы ой-ұшқыры балаға жанған шырақтың ұшқыны секілді әсер етуі керек. Сонда ғана кез-келген ойдың кіріспесі болатындығын сезінеді, білетін болады.

Асықпай ойлану арқылы түйінді идеяны шешуге бағытталған сабақ екенін сезіндіру арқылы оқушылардың бір сабақтың өзінде үлкен жұмыс атқара алатынына сенімін ұялата аласыз. Диалог барысында жылт еткен ойды өрбітіп жіберу немесе мадақтау арқылы сабақтың келесі сатысына ауыса алатындығын зерттеп тұру аса қажет. Жіпке тізген алғашқы ойларды үзіп алмау тағы да мұғалімнің жоспарлауының бір қыры екендігін назарға алу керек. Ең оңтайлысы, баланың дүниетанымына таныс мысалдармен келтіру арқылы алғашқы ойын ояту. Мысалға алып көрсек, 6-сыныпқа қазақ тілін оқыту құралындағы «Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары» тарауында келетін «Олимпиада – спорт шыңы» тақырыбындағы оқылым мәтінінде «Негізгі және қосымша ақпаратты анықта» деген тапсырмасы берілген. Ой қозғау диалогінде «Олимп» сөзінің анықтамасын ашудың өзінен-ақ тақырыпты аңғарту оңтайлы болады. Олимп – Грекиядағы ең биік тау екендігі, сонымен бірге, кинофильмдерде көрсетіліп жүрген аңыздармен де байланысты атау екендігі айтылады. Балалардың кинофильмдерді жақсы көретінін ескере отырып, Грекияның өздерінің құдайлары туралы түсірілген фильмдер туралы сұралады.

Әлбетте, гректердің Зевс құдайы туралы фильмдерді көргендіктерін, Зевстің және басқа да құдайдардың орны Олимп тауы болғандығы, т.б. көріп-білгендерімен бөліседі. Бұл болжам емес, сабақта болған әңгіме. Келесі кезекте, қандай да болсын, тауға шығу арманы дейміз бе, әлде жоспары дейміз бе, әйтеуір әркімнің-ақ ойында болып қалуы мүмкін. «Грекиялықтардың Олимп тауын аңызға, яғни құдайлардың мекеніне айналдырудағы ойы неде деп ойлайсыздар?» деген сұрақ қойылады. «Бәлкім құдайларды көргісі келді ме екен?», «Енді біздің тарау бойынша өтіліп жатқан спортқа байланысты тақырыпқа «Олимп» тауының не қатысы бар деп ойлайсыздар? Спортта не маңызды еді? Әлде спорттық ойын түрлері осы Олимп жерінде пайда болды ма екен?» деген жетекші сұрақтар қолданылады. Әрбір оқушының сұраққа қатысты «білгені» мұқият тыңдалады. Толық жауабы болмаса да, жауабындағы бір сөзін ары қарай дамыту жоспарланып тұрады. Солайша олардың қызығушылығын оятып алу көзделеді. Осы кезде оқушылар спорттық ойындардың ерте кезден қалыптасқан тарихы бар екенін аңғаруға тиісті. Сызбамен қарастырсақ, кіші ойды ұлғайту түсінігі бойынша төмендегідей:



"Олимп" сөзі,
Грекиядағы
биік тау.

Ой қозғау



Нәтижесінде,
Грекияның Зевс
және басқа да
құдайлары
туралы
айтылады.

Олимп туралы
кинофильмдермен
байланыстыру



Олимп биік тау
болғандықтан
немесе
грекиялықтарды
ң құдайларға
жету арманынан
ба туған
спорттық
ойындар пайда
болғандығы
туралы тарихи
дерекке
қызығушылығы
танылады.

Олимптің спортпен
байланысы

Оқушы балалардың эмоциясы пайда болған сабақ нәтижелі болатынына мұғалім сенімді болады. Өзінің қолында бар қызықтыра алатындай ақпарат көзі оқушыларды зерттеуге жеткізетіні айдан анық.


Оқушылар өзі білетін дерегінің жаңа тақырыппен байланыса кеткендігіне қуанышты болады десек, артық айтпағанымыз шығар. Ұлттық педагогикамызда да «оқушылар өзге уақыттарында өздерін ойландыратын, қызықтыратын нәрселерге көп көңіл бөледі, бұл білім алу процесінде жақсы нәтиже береді» деген. Сол себепті сабақты бастамас бұрын ой қозғау диалогі аса ықтияттылықпен жүруі керек. Оқушы өзінің өмірінде байқаған дүниелердің еш қажетсіз болмайтындығын, сабақта барлық адамдарға қатысты мәселелер талқыланатынын түсінеді. Өзін белгілі бір қызығушылығы бар қоғамның бөлшегі екенін үлкен болмаса да, кішігірім түсінігінде қалыптастыра бастайды. Оған қоса, көрген-білгенді ортақ, жалпылама лексикада қолданылатын сөздермен айта алатынын, жаргонсыз сөйлеуге болатынын да түсінуге тиісті. Мұғалімнің лексиконы да осы үшін қажет-ақ.

Оқушыны жақын арада даму аймағымен оқыту тәсілі ең тиімді тәсіл деуге болады. Бұл жерде ЖАДА технологиясына ұқсастығы болуы мүмкін, мұғалім көмегі көбірек болып, кейінірек азая түсуі, оқушының өз бетімен білім алуға үйренуі секілді. Бәлкім, осы технологияның бір элементімен де байланысты шығар, дегенмен, өріс алуы өзгеше. Баланың дүниетанымындағы ақпараттар жай көрген фильмдей қалып қоймай, ондағы аңыз болса да, біртіндеп қалыптасқан шынайы өмір мысалдары екендігін түсінуіне итермелеуде болады.

Қазақ тілін оқыту бойынша оқылым мәтінінің тапсырмаларын орындауға үйрететін оқу дағдысы негізгі, қосымша және детальді ақпараттарды анықтау. Ақпарат түрлерін анықтау оқу мақсаттарының критерийлеріне қойылған соң, оқушыларды зерттеушілік жұмысқа тартуда белгілі бір тәсілдер қолданылуы тиіс. Мәтіннің тілдік ерекшелігін талдауда айтылатын тақырып, құрылымы, абзац бөліктерін білу тәжірибесі қолданылады. Мәтіннің кіріспесіне назар аударту арқылы тақырыпқа болжам жасауға келетін сөйлемді немесе сөйлемдерді анықтату көзделеді. Мысалға тағы спорт тарауындағы «Қазақ даласының батыры» тақырыбына тоқталсақ, кіріспе сөйлемдерінде экспрессивті-эмоционалды сөздер қолданылып, «әр халықтың маңдайына біткен жарық жұлдыздай жайсаң ерлері бар», «халқымыздың ұлы перзенті Қажымұқан балуан» деген сөйлемдердің арасында бастамалық және

тұжырымдау байланысы бар екендігін аңғарту. Мәтіндегі сөздік қордың өрісінде ұлттық сөйлеу танымы бар екендігін байқату. Осы жерде мәтіннің тақырыбына сәйкес жеке тұлғаға бағытталып қолданылған логикалық жүйелі сөйлемдерден негізгі ақпаратты анықтау қиынға соқпайтынын меңгертіп кету керек. Келесі абзацтарда негізгі ақпаратқа қатысты қосымша деректерді іздеу көзделеді. Балуан спортшы болғандық, сол атаққа жеткендігін растайтын өмір жолын қарастыру қажет болады.

Ұлылыққа жол ашатын ол – еңбек екендігін тілге тиек ете отырып, Спортшының жасаған ерліктері әлемді таңғалдырған деректермен расталады. Ұлы Отан соғысы кезінде елім дейтін ер екенін көрсете білген істерін де атап өту. Енді қосымша ақпарат нендей детальді деректермен құрылымдалғандығын анықтау жеңілдеу тиеді. Кластерлеу арқылы классификацияға дейін жету қолданылады. Спортшыны танығандар – халық, әлем. Спортшы жеткен орындар – ел іші, дүниежүзілік арена. Әйгілі орындары – Париж, Лондон, Варшава, Берлин, Будапешт, Америка, Таяу Шығыс, Орта Шығыс елдері. Елеулі еңбегі – «Қазақ даласының батыры» атағы. Аңыз адамға айналғаны туралы растайтын деректер – ел аузындағы әңгіме, тарихи жазбалар, Қ. Әбдіқадіровтің «Қажымұқан» атты хикаяты, «Қазақфильм» киностудиясы «Қажымұқан» атты деректі және көркем фильмі. Кіріспеде көтерілген «жарық жұлдыздай жайсаң ерлері» сөзінің қолданылу себебін осылайша ашып көруге болатынын меңгерту. Детальді деректің алдын ала дайындаланытын, сол арқылы қосымша ақпараттың жинақталатынын, тобықтай сөздің түйінін көрсететін негізгі ақпаратты танудың жолдарын үйрену классификациясы төмендегідей:




Қазақ әдебиетін оқытуда сыни ойлау тәсілдерін көптеп қолдануға болады. Көркем шығарманың әрбірінде гуманистік тұлғаның болатындығын айтамыз. Адам баласы болғандықтан, белгілі бір армандарға жетудің кейіпкерін танығымыз келеді. Жазушының идеясын шығарманың өзегі деп тану арқылы сабақтың бірнеше тақырыптарымен зерттеушілік жұмыстар жасалады. Мұндағы білім беру мақсаты да оқушының жеке тұлға ретінде жан-жақты

дамуына, оның болашақта нақты істер жасауына болатынын көтерілген тақырыппен негізделеді.

Сыни көзқарас таныту арқылы дұрыс-бұрыстықты ажыратуға үйрететін жеке тұлғаның ішкі жан дүниесі болатынын, өмір ағымымен бойына жинақтайтын қасиеттерінің болатынын түсіндіретін Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесінде Тортайдың арманы мұқият зерттелді. Бастапқыда Тортайдың арманы биік, талабы зор болғандай фабуласы анықталды. Баланың кішкене жастан қызығушылығы қалыпты деңгейде екендігі айтылды. Бірақ «Тортай неге сол армандарына жете алмады?» деген сұрақ көтерілгенде әңгімедегі дайын жауаптар айтыла кетті, бірақ олар мәселелі сұрағымыздың шешімін тауып бере алмады. Қайта зерттеу сұрағын құрылымдадық – Тортайдың армандарының орындалмауын табу үшін оның бойындағы, ойындағы құндылықтарды ашу. Портреті – мінез-құлқы – ертегісіндегі ойы, осы үш объектіні зерттеу үшін тағдырлас бала, С. Мұратбековтің «Жусан иісі» әңгімесіндегі Аянның да образымен салыстырылды. Аян қайсар, өз ойына берік еді. Оны автор әуел баста Есікбаймен төбелестіріп, жеңімпаз етті. Армандары көрінген ертегілеріндегі кейіпкерлері шетінен ержүрек, жаумен шайқаса біледі. Осыдан Аянның табандылығын, мінезінде аса бір қайсарлық бар екендігін байқағанбыз. Ал Тортайды автор момын, ойын ішінде ұстайтын мінезімен айта келе, өмірге ызалы да екендігін, Орашқа әке-шешесін іздейтіндігін айтқанда зілді сөйлеуін беруінен бала психологиясында қайғы бар екенін аңғартқан. Тортайдың арманына жете алмайтынын ертегісінен тануға болады. «Моңғолия жерінен барып, ақ боз атты мінемін» деуі арманын алыстан ғана көретінін түсінуге болады.

Оқушыларға Тортайдың армандарының орындалмау себептерін тізбектеп жазып, қажет емес себептерді сызып тастау тапсырмасы берілді. Содан кейін қол жеткізуге болатын жағдаяттарды қалдырып, өз өмірлерінен де орын алатын көзқараспен қалу ұсынылды.



Себептері	Дұрыс/бұрыс	Тұжырымым
• Жетім бала, жақынының қолдауы болмауы;	-	Тағдырға мойынсұнбау;
• Қараусызқалған бала;	-	Жалғызбын деп сезінбеу;
• Ауылданасып кете алмау;	-	Арманға жету үшін оқуға бару;
• Білімді, оқуы тиянақты	+	Білімін пайдалану;
• Орашпен адалдос;	+	Достықты бірге жалғастыру;
• Арманыалыстадептүсінді;	-	Арманға жету өз қолында;
• Кітабын ақ боз атқа мінерсің деген үмітпен Орашқа берді;	-	Өзіңді де бағалау;

Жинақтау мен талдаудан тұратын бұл тәсіл оқушылардың алдыңғы түсінікті қайта өңдеуге тиімді. Көркем шығармада орын алған жағдаят бойынша оқушы «өмір солай шығар» деген ұғыммен қалып қоймау керек. Өмір күрес үшін берілгенімен бірге, «жаңа мүмкіндіктер әрқашан табылады» деген түсінікте болу керек. Сыни көзқарас арқылы диалогтен полилогтік әдіспен мәселенің шешімін тауып, оқушының оптимистік ойын, «білім де, мінез де болу керектігін», ояту керек.

Білім алушылардың өзіндік ойларын бөлісетін ортаны ұйымдастыру жаңаша идеяны қажет етеді. Ал жақсы идеяның пайда болуы қатысы бар ақпараттардан мағына жасаудан тұрады. Оқушылардың білетініне қосымша идея тастап отыруды мұғалім атқарып отырса, ойлаудың жүйесі дамиды сөзсіз. Өйткені жақсы білім беру процесі баланың болашағынан орын алу керек. Оқушы алдына мақсат қоятындай еркін ойлауға, сөйлеуге жағдай жасалуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ. Сейталиев. Педагогиканың жалпы негіздері. Оқу құралы. – Алматы, «Өлке» баспасы, 2009 ж.
2. С. С. Мирсеитова. Мұғалім философиясының қалыптасуы және дамуы: гуманистік парадигма. – Қарағанды: ЖК «Жолдақ Е.В.», 2012 ж.
3. М. Жұмабаев. Педагогика. – Алматы, 1992 ж.
4. О. Бөкей. «Тортай мінер ақ боз ат» - Kitap.kz
5. Қ. Әбдіқадыров. «Қажымұқан» повесі – bilimland.Kz
6. Ермекова Т. Н. Қазақ тілі:

7. Тұрсынғалиева С. Қазақ әдебиеті: жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. – «Арман-ПВ» баспасы, 2018 ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА САРАЛАП ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Жамбосынова Индира Абдрахманқызы

Жамбыл облысы, Талас ауданы, Мектеп-Лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті», - деп бірінші ұстаз Аристотель айтқандай, білім мен өнер біздің болашағымыздың жарқын болуына бірден-бір кепілі деп білемін. Себебі, білім адам өмірінің жарқын болашағы.

Саралап оқыту тәсілі- әр түрлі оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерін саралау тәсілдерін қамтиды.

Сабақта мақсатқа жету үшін, әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге көп көмегін тигізеді.

Оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстарын қазақ тілі сабағында түрлендіре іске асыруға болады.

6 сыныптарда «Үстеу » сөз табын өткен кезде мынадай өз бетімен жұмыс түрлерін ұсынуға болады.

Әр топ берілген сұрақтарға бірнеше мысалдар жазып отыру керек.

1-топ. Мезгіл үстеу бойынша қашан? -бүгін, ертең...

2-топ. Дара үстеу бойынша -қыста, ерте...

3-топ. Күрделі үстеу бойынша -бүгін, күндіз-түні...

Менің ойымша, әрбір мұғалім сабақтан кейін, сабақ барысында қолданған әдіс – тәсілдерді оқушылардың белсенді жұмыс жасауына, сабақты меңгеруіне қаншалықты көмектескендігіне бүгінгі өткен сабақтары туралы бір-біріне сұрақтар қоюы арқылы білуге болады. Егер, сабақта кеткен қандай да бір кемшіліктер болса, сол кемшілікті келесі сабақтарда жібермеуге тырысады. Сабақтан кейін немесе сабақ соңында оқушылармен кері байланыс жасап отыруымыз тиіс. Міне осы секілді жұмыстар оқушыларды ойлануға, дәлел келтіре білуге жетелейді. Әрі қарай ойын айтуға ынталандырады. Сондықтан сыни ойлау тұрғысынан өз көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады. Қазақ тілінде берілген кез- келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала- алады. Зерттеу сабағында «Жеті ата-елтанудың бастауы» тақырыбы алынды. Оқу мақсаты ретінде «6.4.4.3 Үстеудің түрлерін ажыратады, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану» таңдалды.

Сабақты жоспарлаған кезде сабақта бағалауды тиімді жүзеге асыруда қиындықтар кездесті. Бағалауды жоспарлау кезінде әр тапсырмадан кейін кері байланыс беру қажеттілігі туындады. Алайда тереңдетілген принцип бойынша

оқушылар орындап болған тапсырмадан кейін келесіге көшті, ал оқушылардың тапсырмаларды орындау жылдамдығы әр түрлі. Тапсырманы орындап болған бірінші оқушының жұмысына кері байланыс беріп жатқан кезде екінші оқушы орындап болды, екіншіден кейін үшіншісі, үшіншісінен кейін төртінші, т.с.с. Сыныпта 25 оқушы болғандықтан, әр оқушыға кері байланыс беру сапасы төмен болады, тіпті кей оқушылардың жұмысы бағаланбай қалады деген қауіп болды. Сондықтан сабақта топтық жұмысты ұйымдастыруды ұйғардым.

Сабақтың басында оқушыларға үстеудің 7 белгісін кезек-кезек көрсетіп оны жасырдым. Деңгейі жоғары оқушылар 2-тұжырымнан кейін-ақ үстеу екенін тапты. Орта және төмен деңгейлі оқушылар 5-тұжырымнан кейін сабақтың тақырыбы үстеумен байланысты екенін түсінді. Сабақтың тақырыбын, оқу мақсаты мен бағалау критерийлерін түсіндіріп болған соң, мағынаны тану мақсатында әр оқушыға үстеу түрлерінің ережесін бердім. Бұл мәтінді тез әрі сапалы меңгеруге мүмкіндік болды.

3 және 4-тапсырмаларда топтар меңгерген үстеу сөздерді берілген мәтіндегі бос орындарға мағынасы бойынша дұрыс орналастыруы және мәтінде үстеуі кездеспейтін 3 сөйлемді үстеу сөзді қосу арқылы өз сөзімен қайтадан жазу (перфираз жасау) керек болды. Осы орайда бағалауда қиындықтар туды. Топтардың жұмысына өзінің тарапынан кері байланыс беруді жоспарладым, алайда 3-тапсырманы аяқтап болған топтармен қатар 2-тапсырманы тәмамдаған топтар да бағалауды қажет етті. Бұл жағдай мобильді жұмыс жасап, тез кері байланыс беруді талап еттім. Шығармашылық топтың ойынша, барлық жұмыстарға тиімді кері байланыс беріліп, сындарлы ұсыныстар айтылды.

Әдетте дәстүрлі қазақ тілі сабағында топтарға тапсырма берген кезде барлығына бірдей уақыт берілді. Уақыт аяқталған соң топтар өз жұмыстарын ортаға шығып қорғап, мұғалімнен не сыныптастарынан кері байланыс алды. Осы орайда кей топтар тапсырманы тез, ал кейбіреулері баяу орындады. 1-зерттеу сабағында саралап оқытудың тереңдетілген принципін қолдану нәтижесінде жоғары және орта деңгейлі оқушылардың қажеттіліктері ескерілді. Әр деңгейдегі оқушылар тапсырманы сапалы орындады. Шығармашылық топ тарапынан білу, түсіну, қолдану деңгейінде бағалау кезінде тапсырманы орындап болған топтарға шығарылған дайын жауаптарды беру ұсынылды. Себебі сабақтың бұл кезеңінде жеке бағалау толығымен өз қызметінде орындалып, мақсатына жетті.

Оқушыларға әдебиет сабағы кезінде өз бетімен жұмыс жасаудың мынадай түрлерін беремін. Мысалы: «Пікірлер базары» белсенді әдісі арқылы «Кейіпкердің» іс-әрекетіне баға бергізіп, болжап, ойтолғау немесехат жазғызамын. Оқушыларды өздігінен жұмыс істей алуына негіз болды. Оқушы білімді өз бетімен жұмыс жасай білгенде ғана тиянақты игереді. Ал білім алу барысында ешқандай өз бетімен жұмыс жасау қабілетін танытпаса, алған білімі тез ұмытылып, қажет жерінде оны қолдана алмайды деп ойлаймын. Содықтан оқушылар үшін өзіндік жұмыстың маңыздылығы осында.

Мұғалімдік тәжірибемдегі мақсат – заман талабына сай күзиретті тұлға қалыптастыру, өз тәжірибемді толықтыру, жетілдіру болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кобдикова Ж. Орта мектепте білім алуды технологияландыру (саралап деңгейлеп оқыту). 2002, 27 б.
2. Саралап оқыту ауыл мектебінде сабаққа қызығушылықты тәрбиелеу құралы. Қашықтықтағы семинар. 14 қаңтар 2011 жыл.
3. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. Алматы.
4. Қ.Ж.Бұзаубақова Инновациялық педагогика негіздері. Алматы 2019 жыл.

ОҚУ ҮРДІСІНДЕГІ КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Нұрбекова Әйгерім Болатбекқызы Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК

Білім алушыларға ХХІ ғасырда кәсіби, қоғамдық және жеке табысқа жету үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін жаңа білім беру тәсілдері, процестер мен форматтар қажет. Білім берудегі трендтер өз білімін үздіксіз жаңартуға, жаңаны тез үйренуге және жылдам өзгертін әлемде табысты өмір сүру үшін өз дағдыларын қолдану саласын ауыстыруға қабілетті, сыни ойлайтын және функционалды сауатты тұлғаны дайындауға қоғам тарапынан өсіп келе жатқан талаптармен байланысты болады.

Болашақтың бүгіннен де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш тек білімде ғана. Қазақстан Республикасының білім берудегі басты мақсаты-жан-жақты дамыған, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеу. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқушыға білім мазмұнын терең игертудің тиімді жолдарын іздестіріп, шығармашылыққа жетелейтін қазіргі заман талабына сай ғылыми-әдістемелік біліммен қаруланған, білікті маман, шебер мұғалім дайындау қажет. [1,37-б] Ал жаңа формация мұғалімі – оқыту технологиясының жүйесімен оқушыларды өмірге дағдыландыру құзырлығын айқындау бағытындағы әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген тұлға болуы шарт. Жаңа формация мұғалімі жаңа білім беру мазмұны бойынша сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану жолдарын және оқушылармен кері байланыс жүргізе отырып, сабақтың өтілу барысына талдау жасау арқылы нәтижеге жетуді көздейді.

Кері байланыс оқытушының оқыту үдерісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделген. Кері байланыс сабақтың соңында ғана емес, сабақ барысында білім алушының өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізіліп отыруы керек. Рефлексия мақсаты – еске түсіру, өзінің сабақ бойындағы іс-әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Оқытушы білім алушының кез келген кері байланыс парағын оқи отырып, жұмысының сәтсіз шыққан тұсын және сәтті шыққан қадамын, ендігі іс-әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдын-ала біледі. [1,37-б] «Мұғалім өзінің түсініктемелерінің,

бағалары мен балдарының оқушылардың сенімділігіне және олардың құлшынысына тигізетін әсерін сезінуі тиіс, сол себепті де ол кері байланыс беруде мейлінше сындарлы болуы тиіс». [Бағалауды реформалау тобы, 2002ж.] Сонымен қатар, кері байланыс жүргізу арқылы білім алушының үніне құлақ түріп, келесі оқытуға бұдан да жақсырақ дайындалуына түрткі болады.

Рефлексия дегеніміз не? Латын тілінен аударғанда «reflexio» - **артқа қарау** мағынасын білдіреді. Шет елдік сөздіктерде: «рефлексия – адам өзінің ішкі жағдайына үңілу, өзін-өзі тану» деген анықтама беріледі. Ал, заманауи педагогика: «рефлексия – оқушының өз жетістіктеріне талдау жасау» деген анықтама береді. Педагогикада тағы да **фидбек (feedback)** деген термин бар. Мұның аудармасы «кері байланыс» дегенді білдіреді. Бұл екі терминнің айырмашылықтары бар.

Рефлексия – оқушыдан алған кері байланыстан сабағыңның қалай өткендігін өн бойыңнан өзі өткізіп, жіберілген кемшіліктеріңді саралап, келесі жоспарыңа түзету енгізу және рефлексияны әркім өз ісіне жасайды. Кері байланыс – сабақтың білім алушыға қаншалықты түсінікті болғандығын, сабағыңның қай деңгейде өткендігін және жеткізе алғандығыңның нәтижесін қысқа түрде білім алушыдан алу, бұл жерде кері байланыс басқаның іс-әрекетіне беріледі.

Тиімді кері байланыс белгілері:

- ✓ Кері байланысты уақтылы және жүйелі түрде беру;
- ✓ Ұсынымдардың анықтығы және нақтылығы.

Оқытушы	Білім алушы
Білім алушы оқытудың қай сатысында?	Мен оқытудың қай сатысында тұрмын?
Олар білім алуда неге талпынады?	Нәтижеге қалай қол жеткіземін?
Бұған жетуге көмектесу үшін не істеу керек?	Кемшіліктерімді жою үшін не істеуім қажет?

Кері байланыс беру жөнінде ұсыныстар:

- Үнемі тиімді кері байланыс жасаңыз және оқушыларды өз жұмысын және басқалардың жұмысын бағалауға үйретіңіз.
- Түсіндірмесіз айтылатын «дұрыс емес», «өтірік», «кім жауап береді?» деген сөздерден аулақ болыңыз. Ненің дұрыс емес екенін, оны түзету үшін не істеуге болатынын ұсыныңыз.
- Қателігін емес, дұрыс орындалғанын айтыңыз.
- Кемшіліктерді болдырмаудың жолдары немесе жауаптарын қалай жақсартуға болатынын жөнінде ұсыныстар беріңіз.
- Қателіктері туралы төмендегідей ақпарат бере аласыз:
 - ✓ орналасуы;
 - ✓ қателерінің түрі;
 - ✓ қателерді жөндеу үшін жасалатын әрекеттер.

□ Оқушының жауабына берілетін кері байланысыңызда мысқылдайтын, сынайтын тұрғыдағы «орынсыз жауап», «бұлай ойлауға қандай қақың бар» және т.б. жағымсыз сөздерді, сөз тіркестерін қолданудан сақтаныңыз.

□ Тиімді кері байланыс белгілері: уақытылы ұсыну; жүйелі ұсыну; анық және нақты болуы

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша білімді дайын күйінде беруден гөрі білім алушының өзі қорытынды жасауға ықпал ету және кері байланыс есебінде түрлі әдістермен рефлексия жасату тиімділігін көрсетті. Кері байланыс жүргізу бір күннің іс-әрекеті емес, оған көп уақыт, ізденіс қажет. Ең алдымен, оқытушы кері байланыс жасауға білім алушыларын дағдыландырып алу қажет. Сонда ғана бұл оң нәтиже береді. [1,36 б]

Рефлексияны әр түрлі әдіс-тәсілдермен сабақтың әр кезеңінде: тақырыптың соңында, сабақ бөлімдерінен кейін және тарау соңында жүзеге асыруға болады. Кері байланысты түрліше өткізуге болады: топтық рефлексия түрінде, әңгімелесу түрінде т.б. Кері байланысты ауызша және жазбаша да жүргізуге болады.

Сабақта оқушылардың қажеттілігін қанағаттандыруды, яғни кері байланысты төрт түрге бөліп қарастырсақ.

- Дәстүрлі рефлексия
- Сауалнама рефлексиясы
- Ауызша рефлексия
- Жазбаша рефлексия

Негізінен рефлексия адамның үш қасиетін: өз бетімен білім алуын, шешім қабылдай білуін, бақталастыққа түсе білуін қалыптастырады. Өйткені бұл -XXI ғасырдың талабы. Сонымен қатар кері байланыс арқылы оқушылар өз-өзіне есеп беріп, өз-өзін реттеуге дағдыланады. Оқушылар ойлауға, сөйлеуге, өзін-өзі дамытуға еркін қол жеткізе алады. Кері байланыс жасауға сабақтың белгілі бір уақытын бөліп, олардың ой-пікірлерін шыдамдылық танытып тындау қажет. Кері байланыс жасау арқылы бұрынғы сабақтарда енжар отыратын оқушының себебін анықтап, олардың белсенділігін арттыруға жол іздеуге болады. Кері байланыс оқушы үшін – өз жетістіктері мен қателіктері туралы ойлану, алға жылжу үшін ұсынба алу; мұғалім үшін өз қызметіне қажетті өзгерістер енгізу мақсатында алынатын ақпарат. [2,22-б]

Қорытындылай келгенде, рефлексия – көп қырлы, кіріккен әрекет. Бұл әрекет оқушының психикалық қызметінің өзгеруіне ықпал етсе, ал мұғалімнің кәсіби әрекетін жоғары шығармашылық деңгейде жүргізуіне көмегін тигізеді. Рефлексия, яғни кері байланыс- нәтижелі білімнің жоғары көрсеткіші екенін бүгінгі күндегі оқушылардың жеткен жетістіктері арқылы толық сеніммен айта аламыз. Бүгінгі таңда күнделікті сабақтарымызда рефлексия жасауды дағдыға айналған. Рефлексия арқылы оқушының қажеттіліктерін біліп, оларды жинақылыққа тәрбиелеуге болады. Сабақтағы оқушының ой-пікірін, көңіл-күйін біліп қана қоймай, сабақ мазмұнын қай деңгейде меңгергенін анықтауға болады. Сонымен, кері байланыстың тиімділігіне тоқталар болсақ: Оқушылар

үшін: біріншіден, рефлексия-оқушыны өз-өзіне есеп беруге баулиды; екіншіден, рефлексия арқылы оқушының қажеттілігін біле аламыз; үшіншіден, рефлексия арқылы оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасады; төртіншіден, рефлексия арқылы білім беру барысының сапасын жақсартуға болады және рефлексияның нәтижесінде оқушының сыни көзқарасы қалыптасады, өз-өзіне баға бере алады.

Оқытушылар үшін тиімді жағы: біріншіден, оқытудағы кемшін тұстарын анықтайды; екіншіден, келесі сабақтың жоспарына өзгерістер енгізуге, түзетуге яғни оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін таңдауға мүмкіндік береді; үшіншіден, уақытты үнемді пайдалануға мүмкіндіктер береді. [3.15-б]

Кері байланыстан күтілетін нәтижелер:

- тиімді кері байланыс оқушыларға өз күші мен осал жерлерін, осылардың өз оқуын жақсартуға қаншалықты көмек беретінін түсінеді;
- оқушылармен жұмыс істегенде олардың оқуын жақсартатындай тиімді кері байланыс құра алатын жағдайда болады;
- кері байланыстың тиімді әдістерін жүзеге асыруды жоспарлай алатын болады.

Сондықтан да кері байланыстың тиімділігі арқылы оқыту мен оқу сапасын жақсартуға болады деп толық айтуға болады. Кері байланыс оқытушының тәжірибесін және білім алушының білім деңгейін жоғары дәрежеге көтереді.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші басылым-2012 жыл
2. «Оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемесі» - Зулкашева Ш.М. Орал 2013
3. «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» журналы №8-9 2015 жыл
4. Brookhart, S.M. (2008). How to give effective feedback to your students. ASCD: Alexandria.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ДЕҢГЕЙЛЕП-САРАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қосарова Ботагөз Қаржаубаевна

**Жамбыл облысы, Талас ауданы, А.С.Пушкин атындағы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

«Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі ұстаз қауымына үлкен тапсырыстарды артып отыр. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда.

Жаңа технологиялар:

1. Ойын технологиясы.
2. Проблемалы оқыту технологиясы.
3. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.
4. Деңгейлік саралау технологиясы.
5. Жекелеп оқыту технологиясы.
6. Оқытудың компьютерлік технологиясы.
7. Презентациялар технологиясы.
8. Кезеңдеп оқыту технологиясы.
9. Жеке пәндік педагогикалық технология.
10. Альтернативті технологиялар.
11. Өзіндік дамыту технологиясы
12. Дамыта оқыту технологиялары
13. Авторлық мектептер педагогикалық технологиялары.
14. Модульдік оқыту технологиясы.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.А. Қараевтың деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясының мақсаты – жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Саралап оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Сыныпты, топтарды оқытуға әртүрлі қолайлы жағдай туғызуды қажет етеді; әдістемелік педагогикалық-психологиялық және ұйымдастыру-басқару шаралары біріктіріледі.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

- 1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;
- 2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.
- 3) Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің бірнеше деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей сондықтан әрбір оқушы меңгеруі тиіс.

Міндеттері:

1. Ақпараттық және деңгейлеп оқыту технологиясының тиімді әдістерін пайдалану арқылы білімге деген қызығушылығын арттырып, танымдық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау. Деңгейлеп оқыту технологиясын қолдану нәтижесінде дарынды оқушыларды анықтау және олармен жұмыс істеу.
2. Оқушы жүрегіне жол табу арқылы сабақтардың әрбір сәтін қызықты, ұтымды өткізу. Оқушыларды тек берілген мәліметті тыңдаушы емес ізденуші, зерттеуші өз ойын еркін дәлелдей алатын, пікірін ортаға сала білетін жеке тұлғаны қалыптастыру. Оқушының бойындағы ынта-ықыласын жойып алмай, жеке дара қабілетінің дамуына мүмкіндік жасай отырып, қабілетін дамытып, шығармашылығын шыңдау...
3. Оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке, жұпта, топта жұмыс істеу барысында мұғалім мен оқушының ынтымақтастығын

қалыптастыру, оқушылардың ойына ерекше құрметпен қарау. Оқушыларды өзін-өзі қадағалай алатын, іс-әрекетін ретімен орындап, өзін - өзі жетілдіретін шығармашыл, ізденімпаз тұлға қалыптастыру.

Ж.Қараевтің деңгейлеп саралап оқыту технологиясында төмендегідей 4 деңгей көрсетілген:

Бірінші деңгей-«үйренушілік».(Репродуктивтік) Оқушылардың жаңа тақырыптан алған білімдерін бекіту үшін, еске түсіріп, қайталау үшін және алған білімдерін практикада қолдана білуге жаттықтырады. Берілген есептер мен тапсырмалар өмірмен, қоршаған ортамен байланыстырылған болуы керек. Мұнда оқушының қызығушылығына, таным бірлігіне назар аударылады.

Екінші деңгей-«алгоритмдік». Мұнда кері байланысқан функцияларды орындау үшін тексеру тапсырмалары, іріленген материалдарды жүйеге келтіруге, реттеуге арналған, мазмұны өзгертілген жағдайға тапсырмалар беріледі. Сонымен қатар ұлттық негізде құрылған, көбінесе танымдық және үйренушілік мәні бар тапсырмалар, мысалы, сөзтізбектер, ребустар, ойлауға арналған тапсырмалар беріледі.

Үшінші деңгей - «эвристикалық». Бұл деңгейде оқушылар тақырып бойынша меңгерген білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын, әртүрлі әдіс-тәсілдермен орындалатын тапсырмалар орындайды. Оқушы өзі ізденіп, материалды саналы түрде меңгеруі керек.

Төртінші деңгей-«шығармашылық», Оқушы өзіндік шығармашылық деңгейін көрсетеді. Шығармашылық тапсырмалар – оқушылардың білімділігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Өз бетімен талдау жасау арқылы шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу.

Осылай бір деңгейден келесі деңгейге өту үшін өз білімін, білік пен дағдысын толықтырып отырады. Нәтижесінде жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әр оқушының мақсатына айналады.

Жетістіктерге жету үшін ең алдымен оқушылардың білім дәрежесін, ынтасын, ақыл–ой, еңбек дағдысын, өз жұмысына деген жауапкершілігін ескеру қажет. Деңгейлік тапсырмаларды қандай дәрежеде орындай алса баға біліміне қарай қойылады.

Сабақ барысында топтағы барлық оқушылардың білім деңгейі анықталады. Бұл әдістің тағы бір тиімді жағы–оқушы өзінің білім деңгейін, нені оқу керектігін анықтап, өзінің ізденуіне болады. Өйткені ол білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді. Білім сапасы білім, біліктілік, дағды және тұлғаның қасиеттері мен қабілеттерімен бағаланады.

Сабақта оқушыларға өз ойларын талдауға, айтуға, қорытындылауға көп көңіл бөлу қажет. Сабақ барысында өздігінен еңбектенуге, шығармашылықпен ізденуге, қорытынды жасауға машықтанады. Тапсырманы орындау барысында жіберілген қателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік беру керек. Оқытушы білімі төмендерге көмек беріп, қабілеттілермен жұмыс ұйымдастырып отыру арқылы информатика пәнін оқуға деген қызығушылығын, белсендігін арттырады. Тақырыпты толық меңгере алмаған оқушылармен қосымша сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар жүргізуі керек.

Жаңа технология түрлерін қазақ тілі пәнінің кіріктірілген сабақтарында пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектік қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі.

Жаңа технологияны қолдану мына кезеңдер арқылы іске асады:

I кезең: оқып-үйрену;

II кезең: меңгеру;

III кезең: өмірге ендіру;

IV кезең: дамыту.

Жаңа педагогикалық технология мақсаты – оқытуды ізгілендіруі, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп. Оларды қазақ тілінен оқытуда тиімді етіп пайдалану ұстаз білімділігіне байланысты.

I деңгей тапсырмалары:

1. Берілген сөйлемдерді көшіріп жазып, әр сөздің түбірін қосымшасынан сызықша арқылы бөліп жаз.

Қазақ халқы үшін тілден қасиетті ештеңе болған жоқ. Ол – тарих, ол – мәдениет, ол – өнер. Тауып айтылған бір ауыз сөзге бір қауым ел тоқтаған. Бұл – халықтың тіл өнеріне деген ыстық махаббатының белгісі.

2. Төмендегі сөздерді оқып, көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қой.

Ол өзен... барып, мұз әкелу... әже...нен рұқсат сұра... . Райхан екі шелек... алды да өзен... тартты. Өзен... жаға... адам... толы екен. Біреу... жарқабақ... басы... тасқын су... ағысы... тамашалап қарап тұрса, енді біреу... өзен жағасы... келіп тірелген мұз... ұсақтап алып жатыр.

II деңгей тапсырмалары:

1. Сөз құрамын тұлғаларға бөліп, оларды сызба бойынша талдап жаз.

Жас, үлкен, батырлар, үйде, ақылды, сызат, кітабы, ойпатқа, әкеміз, білемін, білтелі, оқушысыңдар, достар, жазыс, көкшіл.

Түбір		Жұрнақ		Жалғау			
Негізгі	Туынды	Сөз тудырушы	Сөз түрлендіруші	Көптік	Тәуелділік	Септік	Жіктілік
і	ы	ы	і	к	к	к	к

2. Берілген сөздерді сөз тұлғасына, мағынасына қарай ажырат.

Алыс, белесте, қуаныш, ана, табиғат, ауыздық, бақ, Асан, достық, арт(ы), ырыс, бақытты, үшін, орындады, тасыр-тұсыр.

Үлгі:

Негізгі түбір:

Туынды түбір:

Қосымшалы сөз:

Көмекші сөздер:

III деңгей тапсырмалары:

Сөйлемдерді оқып, асты сызылған сөздердің қызметін айт. Олардың мағынасына көңіл бөліп, сұрақ қой. Салыстыр. Айырмашылығын дәлелде.

Ащы менен тұщыны татқан білер,

Алыс пенен жақынды жортқан білер.

Сен менен кітап алдың ба?

Сабақта қызықты ойындар айналды.

Даладағы қызықты тамашаладық.

Бала кітапқа қызықты.

Денгейлеп-саралап оқыту технологиясы оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталады, жақсы оқитын оқушының тереңірек білім алуына, әлсіз оқушылардың өзгелердің қатарына қосылуға ұмтылуына мүмкіндік туғызады.

Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үдерісіне пайдалану үшін әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтық мақсат-мүддесіне, өзінің шеберлігіне байланысты таңдай алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру мақсатында Ж.Қараевтың “Денгейлік саралау технологиясын” қазақ тілі сабағында қолдану үлкен жетістіктерге жеткізетінін көрсетеді. Бұл технология дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені ол оқушының ойлауын, елестетуі мен есте сақтауын, ынтасын, белсенділігін дамытып, білім сапасының артуына көмектеседі.

Жаңа технологияны қолдануда:

«Мұғалім нені білу керек?»

- Жаңа технология көмегімен шешілетін мәселені анықтау.
- Жаңа технологияны қолдану арқылы алынатын нәтижелерді.
- Жаңа технология мәнінен алынатын нәтижелердің теориялық негізін.
- Жаңа технологияда мұғалім қолданылатын әдіс-тәсілдерді білуі керек.
- Оқушыларды жаңа технологияда жұмыс істеуге үйрету әдісін таңдауы.

«Не істей алу керек?»

- Оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқаларын құрастыру.
- Күнтізбелік тақырыптық жоспар жасау.
- Әр сабақты жоспарлау.
- Жаңа технология бойынша жүргізілетін әртүрлі типтегі сабақ жоспарларын жасау.
- Оқу модулын құрастыру.
- Оқу жобасының мазмұнын анықтау.
- Оқу жобалары бойынша оқушыларға арналған тапсырмаларды құрастыру.

«Қандай іс-әрекеттерді дұрыс ұйымдастыруы қажет?»

- Жаңа технологияда пайдаланылатын жекелеген әдістер мен тәсілдер.
- Әр түрлі типтегі сабақтарды өткізу.

- Өткізілген сабақтарға талдау жасау, жіберілген кемшіліктердің жасырын себептерін анықтау.
- Жаңа технологияда қолданылатын оқу әрекетінің әдістерін оқушыларға үйрету.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының оқушыларға тиімділігі:

Топ оқушыларының барлығы деңгейлік тапсырма орындауы

Білім көрсеткішінің нақты және сапалы болуы

Оқушының өз білімін өзі бағалап, білім деңгейін дамыта алуы

Оқушылардың оқуға ынтасы мен мамандығына деген қызығушылығының артуы

Оқушының іздену дағдысының, ұстамдылығының қалыптасуы

Оқушы белсенділігінің оянуы

Алға қойған мақсатына жетуге дағдылануы, қиындықтарды жеңуге ұмтылуы

Оқушының өздігінен жұмыс істеуі мен жауапкершілігінің артуы

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының оқытушыларға тиімділігі

-Деңгейлеп-саралап оқытуда білім игерудің үш деңгейінің қарастырылуы;

-Оқушылардың сабақ үстінде бірнеше деңгейде жұмыс жүргізуі;

-Білім дәрежесі бірдей топтарды тексеру ісінің жеңілдеуі;

-Оқушылардың жұмыстары әділ бағалануы;

-Оқушы мен оқытушының шығармашылық қызметін белсенді түрде дамытуы;

-Дарынды оқушыларды анықтап, олармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігінің орнауы;

Осындай талаптарға сәйкес құрылған өз бетімен деңгейлік тапсырмаларды сатысы бойынша оқушының информатика сабағында өзіндік шығармашылық қабілеті дамиды.

Сонымен жалпылап айтқанда оқу үрдісінде оқушының тұлғасының дамуына, ықпал жасайтын жаңа технология түріндегі сабақтар үлгісінің бәріне жүктелетін міндеттер жүйесі төмендегідей:

Жаңа технологияны қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге де болады. Нәтижесінде оқушы:

- Компьютерде еркін жұмыс жасайды;
- Оқыту процесінде жаңа технологияларды қолдана отырып білімін шыңдайды;
- Жаңа оқыту үрдісін қалыптастырады;
- Өздігінен ізденімпаздық қабілеті артады;
- Ақпараттық сауаттылығы мен ақпараттық мәдениеті қалыптасады.

Сонымен, саралап, деңгейлеп оқыту технологиясының принциптері-оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында, өздігімен даму бағдарын анықтап, дамитын және өздігімен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптастыруға болады.

Г.Ғ.Еркибаеваның деңгейлеп оқыту технологиясы жоғарыда айтқан ғалымдардан басқаша. Ол тапсырмаларды 3 деңгейге бөліп береді, бірақ оқушыларды білім деңгейге қарап 3 топқа бөледі.

Бірінші топқа «4-5» -ке оқитын оқушыларды топтастырып, оларға шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар береді.

Екінші топқа «3-4» -ке оқитын оқушыларды топтастырып, оларға іздену түріндегі тапсырмалар дайындайды.

Үшінші топқа «2-3» -ке оқитын оқушыларды топтастырып, оларға стандартқа сай тапсырмалар береді: сыныптағы барлық оқушылар орындай алуы қажет.

I деңгей тапсырмалары қазақ тілін әлі меңгермеген, қазақ тілінде сөздік қоры жеткіліксіз оқушыларға беріледі.

- 1. Мәтінді оқып шығып, сөздік жұмысын жүргізу. Мәтіннен түсініксіз сөздерді тауып, түсіндірме сөздіктен мағынасын анықтаңыздар
- 2. Ауа райы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, табиғатты қорғау тақырыбында лексикалық минимум құрастырыңыздар.
- Жыл мезгілдері, күн, ай, жыл аттары.

II деңгейдегі тапсырмалар қазақ тілін таяз меңгерген, қазақ тілінде сөздік қоры жеткіліксіз оқушыларға беріледі.

- Қазақ тіліндегі сөздердің орын тәртібін анықтаңыздар.
- 2. Мәтінді оқып шығып, мәтіндегі сөздердің орын тәртібін схема арқылы көрсетіңіздер
- Нақ осы шақ, ауыспалы осы шақтарға мысал келтіріңіздер.

III деңгейдегі тапсырмалар қазақ тілін жақсы меңгерген, қазақ тілінде сөздік қоры жеткілікті оқушыларға беріледі.

- Мәтінді орыс тіліне аударыңыздар.
- 2. Кеңес беру, кешірім сұрау, уақыт тақырыптарында қолданылатын сөздерден сөйлемдер құрастыру.
- 3. Құрастырған сөйлемдерді болымсыз етістікке айналдыру.

IV деңгейдегі тапсырмалар қазақ тілін жақсы меңгерген, қазақ тілінде сөздік қоры жеткілікті, қазақ тілінде еркін сөйлейтін оқушыларға беріледі.

- 1. Мәтіннің мазмұнын айтып беріңіздер.
- «Менің сүйікті мезгілім» тақырыбында әңгіме жазу.
- Ата-анаңыздың достарыңызбен «би кешіне баруға рұқсат беруі», «тауға саяхатқа шығуға рұқсат етпеуі» тақырыптарына диалог құрастырыңыздар.
- Деңгейлеп оқыту технологиясы студенттердің білім деңгейіне қарай тапсырмалар орындау барысында, білім сапасы артады, қазақ тілі сабақтарына қызуғышылығы қалыптастырылады.
- Жаңа технологиядағы ойландыру түртікілерге оқушылар белсене жауап іздеп, оны да нақты, дәлелді, қысқа да, нұсқа жауап алуға студенттер әдеттендіріледі.
- Деңгейлеп оқыту технологиясының басты артықшылығы:
 - – әрбір оқушының даму деңгейіне сай оқу материалын меңгеруін қамтамасыз ететіндігі болып табылады;
 - – деңгейлеп оқыту – оқылатын ақпараттың азаюы арқылы емес, оқушыларға қойылатын талаптардың әртүрлілігі арқылы жүзеге асады. Топтарға бөлуде оқушылардың даму ерекшеліктерін қабылдау, ойлау, зейін, есте сақтау, т.б. ескеру керек;

– мұғалім әрбір топ үшін талаптардың ара жігі айқындалған нақты жүйелерін құрып ұсынып отыруы тиіс. Оқушылар біліміндегі ақаулықтарды

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы 2006 жыл.
2. Қамзина М. «Модульдік оқыту технологиясы» // Тәрбие құралы. 2005 жыл, №4.
3. Педагогтың кәсіби деңгейін өсіруде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру жолдары // Ғылыми-практикалық жинақ. Алматы, 2008 жыл.
4. Искакова Р., Ерназарова З. «Жаңа технологияны пайдалану әдістері». Қызылорда, 2004 жыл.
5. Жадрина М.Ж. «ҚР-дағы жоғарғы білім беру дамытудың тенденциялары мен мәселелері». Алматы 2002 жыл.
6. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан // Қазақстан халқына Жолдауы //, 28.02.2007.
Кобдикова Ж.У. Орта білімді технологияландыру. (саралап-деңгейлеп оқыту). Алматы, 2002.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ НӘТИЖЕГЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Ахметова Аида Сейсенғалиевна

**Жамбыл облысы, Талас ауданы, Мағжан Жұмабаев атындағы орта
мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табылдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие және білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындау педагогика тәжірибесінің көкейкесті мәселелерінің бірі болып отырғаны анық. Республикамыздың егемендік алып, тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуы ұлттық мәдениетіміздің жан-жақты өркендеуіне негіз болды. Мемлекеттік тіл-халықтың барлық мұқтажын, өнер, мәдениет, дипломатиялық қарым-қатынас, ғылым, өндіріс, шаруашылық, ресми іс-қағаздарды т.б. салаларға дейін қызмет ететін қоғамның қуатты қолданыс құралына айналуы қажет. Оқушылардың тәрбиесі сен білім деңгейінің жоғарғы болуы, сауаттылығы, қазақ тілін меңгеру, түсініп оқуы мен қатесіз жазуына байланысты екендігін көрсетеді. Тіл тағдырын жетілдіру көп ретте мектепте атқарылатын жұмыс деңгейіне байланысты. Өйткені, өскелең ұрпақтың балған санасына бай тіліміздің нәрін сіндіріп, көкірегіне ұялатуға әр пән мұғалімі ауқымды істер атқаруы тиіс. Бірақ, оқушының тілін қалыптастыру үшін, мұғалімнің өзі бір құзырлыққа жету керек. Сол оқушы санасына, қазақ тілі ертеңгі күні үлкен өмірге араласқанда оның қоғамдағы қызметіне көмегін тигізетін, жұмысында, күнделікті өмірінде қажетіне жарайтыны туралы ұғым қалыптастыру керек. Қазақ тілін оқыту

барысында оқушының тілін дамытып, сөз байлығын арттыру ең маңызды жұмыстардың бірі.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген. Соның бірі: «Білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Бұл міндеттерді шешу үшін, нәтижеге бағытталған білім берудің жаңа жүйесіне көшу үшін әр мұғалім, жеке тұлға күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа ақпараттық технологияларға, әлеуметтік, тұлғалық және жеке құзыреттіктерге ие болуы тиіс. Бұл талаптар күнделікті әдістемелік жұмыстың жүйелі түрде ұйымдастырылуы негізінде жүзеге асырылады. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап, оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылату – бүгінгі күннің басты талабы.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі артықшылықтары мынадай:

1. Олар оқушыларға тақырып шеңберінде немесе белгілі уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады;
2. Оқыту жүйесінің көп деңгейлі жетілдірілуі олардың тарамдалуы мен оқу материалдарының сапасын арттырады.

Қазақ тілі сабағында ақпараттық технология арқылы берілетін білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге, қазақша тілдік қатынасты игеруге мүмкіндік береді.

Қазақ тілі сабақтарында ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың мүмкіндіктерін қолдануда төмендегідей нәтиже беруде:

- Ілімділік оқу материалын оқу бағдарламасы бойынша ғылыми негізінде ең жоғарғы дәрежеде меңгеріп шығуы және ілімдік білімін іс жүзінде тиянақты, саналы түрде қолдана білуі;
- Ақпараттық технология мүмкіндіктерін қолданып, өз бетімен білімін толықтыруға дағдылануы;
- Игерген материалдарын шығармашылықпен талдап, өңдеп, қорытындылап, өз көзқарасын қорғай алуы;
- Жеке қабілеттеріне қарай шығармашылық жұмыстарға белсене араласып, белгілі бір ғылыми білім саласында өз мүмкіндігін көрсете алуы;
- Ілімді жаңалық ашуға немесе ілімді іс жүзінде қолданудың жаңа жолдарын іздеуге ұмтылуы тиіс.

Білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдары:

Интерактивті тақта

Мультимедия

Интернет кеңістігі

Электронды оқулық

Интерактивті тақтаны пайдалану

«Ауызша айтсаң – тез ұмыттым,

Көрсетсең – естесактаймын,

Іскекіріссен – үйренем.» деген екен қытайдан алығында. Ендешеоқушыларинтербелсендітақтағаназараудараотырып, өтіліпотырғансабақтарынұтымдытүсінугемүмкіндікалады.

Интерактивті тақта-топтағы оқушылардың барлығын оқыту үшін құнды құрал. Бұл оқытушы жаңа материалды өте қызықты етіп түсіндіруге көмектесетін көзге көрінетін құнды құрал. Оның ақпаратты түрлі мультимедиялық ресурстар көмегі арқылы танысуға мүмкіндігі зор.

Қазақ тілін, мемлекеттік тілді оқыту жүйесі қарапайым және бастапқы, негізгі, орта және ортадан жоғары деңгей бойынша базалық және пәндік құзыреттерді жүзеге асыра отырып, қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту; сөйлесім әрекетінің түрлеріне сай оқушыны тілдік білім негізінде әдеби тілде сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету арқылы дара тұлғаның тілдік қабілетін дамыту, бір-бірімен сабақтас, жүйелі тақырыптарды коммуникативтік тұрғыдан ұсына отырып, оқушыларға тілдік қатынасты игерту мақсатын көздейді. Осы аталған мақсатқа қол жеткізу үшін оқытудың ақпараттық технологияларын пайдаланған орынды.Сабақ барысында ақпараттық-қатынастық технологияны қолданудың жақсы жақтары:

1.Түрлі – түсті иллюстрациялар, ұлттық музыка, анимациялар есте сақтау үрдісі үшін тиімді.

2.Әр сабақта сөйлеу әрекетінің бес түрі де қолданылады: тыңдалым, сөйлесім, оқылым, жазылым, айтылым.

3.Әр сабақ төмендегілерді қамтиды:

а) компьютерменүзіліссізтілдікқарым – қатынас;

ә) бірнешереттыңдау мен оқып – білген материалды қайталаудың арқасында дағдыларды машықтандырғанға дейін меңгертіледі.

4.Компьютер оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастырады.

5.Компьютер оқытудың аудио және бейнеқұралдардың мүмкіндіктерін табысты байланыстырады.

6.Компьютерлік желілермен жұмыс істеу арқылы оқушылардың тілдік сауаттылығы, шығармашылық потенциалының, тілдік құзіреттілігінің дамуына мүмкіндік туады.

Осы кезеңдер бойынша сынып оқушыларының қазақ тілі сабағында оқу әрекеті қалыптасып, белсенді қызмет етуге ұмтылады. Бұл эро кушының дербес компьютердің және мұғалімнің көмегімен өзара түсінісу ортасында қазақ тілі сабағында жаңа білімдерді алуына, танымдық іс-әрекетін дамытуына айтарлықтай септігін тигізеді және оқушының танымын, тілдік құзіреттілігін қалыптастыруда бірігіп жұмыс жасаудың жоғары түрлеріне көтереді.

Оқушылардың тілін дамыту және сауаттылығын арттыру жұмысы Енді бір айта кететін жайт, қазіргі заман талабына сай жаңа технологиялардың оқушылар тілінің дамуына және жүйелі сөйлеуіне тигізетін әсері мол. Менің өз ойымша СТО проектісі оқушының өз бетімен жұмыс жасай отырып, тілін дамуға мол ықпал етеді. Бұл проектті қолдану барысында, өтілген материалды жақсы меңгеруге, оны көзқарасын айта білуге, ойлау қабілетін мен қиялын арттыруға, жалпы оқушының шығармашылықпен жұмыс жасауына септігін тигізеді. Сонымен қатар сабаққа деген ынтасын, қызығушылығын арттырады және оқушылардың бірінен-бірі қалғысы келмей тапсырмаларды орындап,

нашар оқитын оқушылар жақсы оқитын оқушы дәрежесіне көтерілуіне мүмкіндік жасайды. Жоғарғыда аталған әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, мұғалім өз жұмысына талдау жасап, қызметіндегі артықшылықтары мен кемшіліктерін көре алады. Өзіне –өзі сын көзбен қарап отырып, кемшілік болса түзеп, артықшылықтарымен өз әріптестерімен бөлісе алады, олай ету әр маман үшін өте тиімді. Қорыта айтқанда, қазақ тілін үйрену жұмыстарын орындау дұрыс жолға

Қорыта келе айтарым, оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы өте зор. Ақпараттық технологияны қолдана отырып, қазіргі заман талабына сай дамыған тұлға тәрбиелеуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан мектебі. 2008 ж. №6 «Ақпараттық технологиялардың тиімділігі».
2. Қазақ тілі мен әдебиеті 2004 ж. №6 «Қазақ тілі сабақтарында АКТ-ны пайдалану»

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ- БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДІҢ НЕГІЗІ

Конкабаева Гүлсім Қаратайқызы

Ақтөбе қаласы І.Есенберлин атындағы

№15 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті

**пәнінің мұғалімі, республикалық «Үздік педагог-2013» атағының
жеңімпазы,
педагог-шебер**

«Адам ұрпағымен мың жасайды», - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз - оқу.

«Надан жұрттың күні - қараң, келешегі - тұман», - деп М.Дулатов айтқандай егеменді еліміздің тірегі - білімді ұрпақ. Қазіргі ұстаздардың алдында тұрған басты міндет - оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Өз ұрпағын өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуі үшін педагогикалық технологияларды шығармашылықпен оқу-тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады.

XXI ғасырдың жан-жақты зерделі талантты адамын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Білім мен ғылымның Қазақстан дамуына оңтайлы әсер етуі үшін дүние жүзілік кеңістігіне ену, білім беруді одан әрі нығайту, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылған. Осы орайда Ж.Аймауытовтың мына пікірі еріксіз еске түседі.: «Сабақ беру-үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол - жаңадан жаңаны табатын өнер». Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданылып жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана білу - оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Қазіргі таңда білімге ерекше көңіл бөлінгендігі белгілі. Ол бүгінгі өскелең өмірдің талаптарына сай маңыздылығымен ерекшеленеді. «Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін, ең алдымен азаттық пен білім керек» деп

көрегендікпен Шоқан Уалиханов айтқандай, кемеліне келтіру үшін жастарымызды білімді, мәдениетті, Отанын, тілін шексіз сүетіндей етіп дайындауға- әрбір ұстаз міндетті.

Педагогикалық технология педагогикалық шеберлікпен өзара қарым-қатынаста. Педагогикалық технологияны меңгеру дегеніміз- шеберлік. Педагогикалық технологиялар жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік шығармашылық қабілеттерін арттыруға, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және ізденімпаздықпен жұмыс істеуге қажетті әдістемелік мүмкіндіктерді қамтиды.

Жаңа педагогикалық технология- оқытушының кәсіби қызметін жаңартушы және жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының орасан зор кәсіптік шеберлігін, ізденімпаздығы мен сауаттылығының жоғары дәрежесін тамам етеді. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі- баланы оқыта отырып, оның ерекшелігін, белсенділігін қалыптастыруға, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру, жаңа әдістерді пайдалану өзіміз қолданылып жүрген әдістерді жаңа жағдайға бейімдей пайдалануымыз керек. Бүгінгі күні қоғамда ақпарат негіздеуші рөлді атқарып, ақпараттық процестерді алумен, сақтаумен, оларды кеңінен пайдаланумен байланысты. Білім беру сапасы- бұл білім беру нәтижесінің тұлғасы, қоғам мен мемлекет сұраныстарына сәйкестілік өлшемі.

1.Қоршаған ортаға, әлеуметтік құбылыстарға рухани құндылықтарды қосқандағы мәдениеттің барлық негізгі салаларына бейімделу қабілеті. 2.Іс-әрекеттің түрлі саласындағы ауымқы мәселелерді өздігімен шешуші білімділік күзиреті. Жаңа әдістерді талап ететін күзиреттілікке бағытталған білім беру технологияларын анықтауға болады.

1.Модульдік оқыту технологиясы.

2.Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

3.Жобалау технологиясы.

4.Проблемалық оқыту технологиясы.

5.Дамыта оқыту технологиясы.

6.Ойын технологиясы.

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту- мұғалімнің бағыттауымен оқушылардың өз бетімен білімді игеру, кейбір практикалық іскерліктерін қалыптастырады. Атап айтатын болсақ, сын тұрғысынан ойлау технологиясының белсенді әдістері:

1.Программалық оқыту.

2.Проблемді оқыту.

3.Интерактивті әдістер.

4.Эвристикалық әңгіме.

5.Пікірталас әдістер.

6.Іс ойыны.

7.Сайыстар.

8.Миға шабуыл.

9.Тренингтер.

Осындай әдістер оқушының белсенді іс-әрекетіне бағытталады. Іс-әрекеттің мәні мен іс-әрекет субъектісінің адамның ойлай алу іскерлігін

қалыптастыруға бағытталады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша оқушының тек мұғалім арқылы емес, оқушының іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Оқушы білімін шығармашылық деңгейге жетелеуде сын тұрғысынан ойлау және жазуды дамытудың атқарар орны ерекше. Оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда сабақтарды түрлендіріп өткізудің маңызы зор. Мұндай сабақтардың тиімділігі: сабақ құрылымының ұйымдастырылуы, оқу-танымдық тапсырмаларды ұжымдық бірлескен әрекеттің жүзеге асуы, оқыту уақытының үнемділігі. Сондай-ақ шығармашылық сабақтарды оқушының танымдық белсенділігін оятып, оның шығармашылық қабілеттерінің дамуына, адамгершілік қасиеттеріне әсер етеді. Сабақ үстінде ұжымдық шығармашылық қалыптасуы үшін оқушылардың міндеттерін атап айтатын болсақ:

1. пікірлерін дәлелдеу.
2. Пікір таластар мен талқылауға қатысуы қажет.
3. Өзінің жолдасына сұрақ қоя білуі.
4. Кластастарының жауабы мен жазбаша жұмысын бағалау.
5. Үлгерімі орташа кластастарына көмектесуге үйрену.
6. Өз бетімен деңгейлік тапсырмаларды талдау.
7. Өзіндік бағалауға жағдай туғызу.
8. Өзінің танымдық және практикалық әрекетін талдау.

Сын тұрғысынан ойлану сабақтарында оқыту, оқушыға үйрету емес, оқушының үйренуіне көмектесу арқылы жүзеге асырылады. Ұжымдық іс-әрекет білім алудағы ортақ қарым-қатынасты тудырады. Оқушылар топпен жұмыс істеу арқылы өзара пікірлесіп, ұтымды жауап табуға үйренеді, сұрақтарға тынымсыз іздене отырып, өз ойын айтуға, дәлелдеуге мүмкіндік алады. Мысалы: ой қозғау арқылы өрбитін сабақта, әрекет ету, түртіп алу, салыстыру, ой толғау, түсініктеме алу, кубизм, еркін жауап, қорытындылау жолдары, 4-5 жол өлең шығару т.б. көптеген жұмыс түрлері жүргізіледі. Білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі. Қазіргі кездегі білім берудегі басты мақсат- жан-жақты, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой толғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Сын тұрғысынан технологиясы оқушылардың өз бетінше тұжырым жазу, қорыта келу, құбылыстар арасынан тиімді таңдй білу, мәселені шеше білу, пікірталас жүргізе білу, басқамен қандай деңгейде болса да қарым-қатынас жасай білу, қажет жерде өз көзқарасын өзгерту, топ алдына шығып өз тұжырымын айта білу, ойын қорғай білу қабілетін дамытады.

Осының бәрі әрбір оқушыны өздігінен білім ала білуін, сын тұрғысынан ойлау іскерлігін зерттеу жұмыстарын жасауға мүмкіндігін ашады. Бұнда оқушы тек білім алып қана қоймайды, сонымен қатар ұжымдағы қарым-қатынасқа қалыптасады. Бірін-бірі сыйлау, таңдап сөйлеу, өзіндік жұмыс істеу қабілеті дамиды. Бүгінгі күннің талабы әрбір оқушыға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау. Сондықтан білім беру жүйесінде жеке тұлғаны дамытып білімді азамат ретінде қалыптастыру үшін, жаңа педагогикалық технологиялардың рөлі зор. Оқушының білім деңгейі, білімді меңгеру дағдысы барлығында бірдей болуы мүмкін емес жағдай. Сондықтан мен өзімнің сабақтарымда профессор

Ж.Қараев насихаттап жүрген деңгейлеп оқыту технологиясын пайдаланамын және бұл өте тиімді.

Тақырып бойынша жасақталған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқу идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, деңгейлік тапсырмалармен жұмыс жасау арқылы оқушының өзіндік жеке жолы, даму динамикасы, ынтасы, ойлауы, есте сақтауы, оқу сапасы арта түседі, әр оқушының ой-өрісі кеңейеді және білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді. Деңгейлік оқытудың ерекшелігі оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейде жұмыс жасай алатынында.

Деңгейлеп оқыту технологиясы 4 деңгейден тұрады:

1-деңгей. Оқушылық деңгей- оқушылар жаңа тақырыптан алған білімдерін бекіту, практикада қолдана білуге жаттықтыру. Мұнда заңдылықтарды, ережелерді, формулаларды білу қажет етіледі. Тапсырмаларды үлгі бойынша орындай алады.

2-деңгей. Алгоритмдік деңгей- үйренушілік деңгейдегі білімін толықтыру күрделі материалдарды жүйелей алуы, алған білімдерін басқа тапсырмаларды орындағанда пайдалана алуы, сол тақырыпты еркін меңгергені ескерілді.

3-деңгей. Эвристикалық деңгей- материалды саналы түрде меңгеру. Бұл деңгейде оқушылардың меңгерген білімдерін тереңдету үшін танымдық ізденіс, әр-түрлі логикалық тапсырмаларды талдап, жинақтай алуы және салыстыра білуді қажет етеді.

4-деңгей. Шығармашылық деңгей- өз бетімен оқу материалдарын меңгеру. Құбылысты өз бетімен талдай келіп, шағын шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу.

Деңгейлік тапсырмалардың өзі дамытпалы түрде болады. Барлық оқушы өз қызметін ең төменгі деңгейдегі тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана келесі деңгейге көшіп отырады. Бұл оқушылар арасында жарысу жағдайын туғызады және әр оқушының мемлекеттік стандарт деңгейде білім алуына кепілдік береді. Әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасайды.

Деңгейлік саралау оқушы мен мұғалімнің белсенді шығармашылық қызметін дамытумен қатар, оқушыларға өз білімін жаңа әдіспен бағалауға мүмкіндік береді.

Деңгейлеп оқытудың тиімділігі:

-Сынып оқушыларын жаппай жұмыс істеуге әкеледі;

-Бос отырған оқушы болмайды;

-Әркім өзінің білім деңгейін біліп, оны дамытуға тырысады;

-Қиындықтарды жеңе білуге дағдыланады, пәнді оқып үйренуге қызығушылығы пайда болады;

-Ізденіс дағдысы қалыптасады.

Деңгейлеп оқытуда күтілетін нәтиже:

-Алдына қойылған мақсатына жете алатын оқушы тәрбиелеу.

-Әр оқушы өз білім деңгейін, мүмкіндігін, іскерлігін біліп қана қоймай оны дамытады.

-Өз бетімен ізденіс дағдыларын шығармашылық қабілетті жетілдіретін, шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

Ерекшелігі:

- Таланттылар өздерінің қабілеті мен икемдігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады.

-Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.

-Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.

Саралап, деңгейлеп оқыту технологиясымен оқыту нәтижесінде әр оқушы әр сабақ кезінде жаңа білімді қосып қана қоймайды, соны өзі игеріп, ізденіп, талап, пікір таластыру деңгейіне жетіп үнемі даму үстінде болатын тұлға қалыптастырады. Оқушының жеке даму ерекшеліктеріне сай 3-4 деңгейге бөлініп берілген әр оқушы өзіне тән қарқынмен өз білімі деңгейіне жұмыс жасайды. Оқушы өз еңбегінің нәтижесін көріп өзін-өзі оқыту процесі басқаратын процес болғандықтан жеке оқушының ерекшелігін ескеру мұғалімнің міндеті. Әр оқушының өзіндік мүмкіндігі болады. Біреуге оңай көрінген тақырып екіншіге қиын тиеді. Сол себепті деңгейленген тапсырмалар беру өте тиімді.

Қорыта келе, бүгінгі таңдағы білім беру өзегіне айналып отырған мәдениет-білім-тарих бірлігі тілдің өткен тарихы мен бүгінін сабақтастыратын жол. Мұндай жаңа жүйе, жаңа бағыттар жас ұрпақтың болашақ дамуының, сапалы білім мен саналы тәрбие құралы болуына бірден-бір негізі болып саналады.

Қолданылған әдебиеттер:

1.Қ.Өстеміров, А.Айтбаева «Қазіргі білім беру технологиялары». Алматы, 2006жыл.

2.М.Байжанов «Педагогикалық инновация және оқытудың қазіргі технологиялары». Қызылорда, 2006 жыл

3. «Қазақстан мектебі» журналы. №9, 2007 жыл

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖОСПАРЛАУ МЕН ОҚЫТУДА САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ

Сарсенбаева Гульзира Ергебекқызы
Жамбыл облысы, Талас ауданы, мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
gulzira.sarsenbaeva.87@mail.ru

Оқытудағы «Саралау тәсілі» ұғымының негізін салушыларды Карл Роджерс, Абрахам Маслоу т.б гуманистік психология өкілдері деп есептелінеді. Гуманистік тәрбие үшін басты құндылық – барша жақсы, жаман тараптарымен, артықшылығы және олқылықтарымен, тұлғалық ерекшеліктерімен танылған оқушының өзі. Гуманист педагог өзінің тәрбиелік істерін баланың жеке қызығушылықтарын ескере отырып атқарады.

Әлемдік педагогика оқуды саралау туралы ХХ ғасырдың 20-шыжылдары ойлана бастаған. Бұл кезеңде кеңестік және шетелдік педагогикада оқуды жеке даралау және саралау саласында белсенді жұмыстар жүргізген. Өткен ғасырдың басында оқыту үдерісіндегі даралау әдістерін іздеу АҚШ-да кең етек алған.

Кеңес, Батыс Еуропа және Америкада білім саласындағы жеке даралаусаралау бағытындағы зерттеулер бір уақытта басталғанымен, қазіргі таңда батыстық педагогиканың бұл бағытта үлкен практикалық және теориялық тәжірибесі басым. С.Бабаев «Бастауыш сынып педагогикасы» атты оқу құралында: Даралық бағыт әр оқушының танымдық күштерін, белсенділігін бейімділігін және дарынын дамытуға аса қолайлы мүмкіндіктер түзуге жәрдем береді. Мұндай тәрбиелік бағыт «қиын» шәкірттер, қабілеті төмен оқушылар үшін қажет – деп көрсеткен.

Саралап оқыту - бұл білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүргізіледі. Біз қарастырып отырған саралап оқытудың теориялық негізін Л.Выготский, А.Леонтьев, Б.Ананьев, С.Рубинштейн т.б ғалымдар жасаған. Ал, бастауыш мектеп кезеңіндегі саралауға байланысты мұғалім әрекеттерін В.Давыдов, Л.Занков, Ш.Амонашвили т.б зерттеулерінде қарастырылған.

САРАЛАП ОҚЫТУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Қазіргі таңда білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында мұғалімдердің тәжірибесінде кәштеген өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістер мұғалім тәжірибесін дамытуға бағытталған. Осылайша жоспарлау және оқытуда саралаудың маңыздылығы артуда. Саралап оқыту (дифференциация) латын тіліндегі «difference» сөзінен бастау алған және біртұтас затты түрлі бөліктерге, нұсқаларға, сатыларға бөліп жіктеуді, саралауды білдіреді, ал француз тілінде «differentiation» айырмашылық, ерекшелік дегенді білдіреді.

Саралап оқыту дегеніміз:

- мұғалім оқу үдерісінде маңызды болып табылатын белгілі бір ортақ ерекшеліктеріне қарай топтастырылған оқушылар тобымен (гомогенді топ) жұмыс жүргізетін оқу үдерісін ұйымдастыру түрі;
- оқу үдерісін оқушылардың әртүрлі топтары үшін бейімдеуге мүмкіндік беретіндей етіп құрылған жалпы дидактикалық жүйенің құрамдас бөлігі.
- оқушылардың оқу талаптарына сәйкес оқыту үдерісін реттеу;
- оқушылардың тиімді оқуына мүмкіндік беретін кішкентайдан үлкенге дейін өзгерістер енгізу;
- оқу бағдарламасын әр түрлі жолмен жүргізу. Дағды, білім, түсінік және сан алуан тапсырмаларды берудің әр түрлі жолымен келетінін көрсету;
- оқушылардың ерекшеліктерін ескеру және оған сәйкес жоспарлау;
- оқушылардың білімдерін кеңейту үшін жеке тұлғалардың не оқушы топтарының әр түрлі қабілеттіліктеріне сай жұмыс беру.

Саралап оқытудың негізгі түрлерінің бірі даралап оқыту болып табылады, сондықтан авторлардың кәпшілігі «саралап оқыту» туралы түсінікті «даралап оқыту» (оқушының белгілі бір ерекшеліктерін, қасиеттерін ескеру) ұғымымызды байланыста қарастырады, бірақ әртүрлі анықтама береді (тәсілі, түрі, кешені, топтастырылуы, құралдарына қарай және т.б.).

Зерттеулердің нәтижесі саралаудың екі түрін береді. Олар сыртқы және ішкі (сынып ішіндегі) саралау болып бөлінеді:

Саралап оқытудың мақсаты: Әртүрлі оқушының бейімділіктерінайқындауға, қабілетін дамытуға қолайлы жағдайлар жасау. Оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру, ойлау қабілетін жетілдіру және болашақ кәсіби қызметіне бейімдеу.

Сыртқы саралау бұл оқушыларды анық белгілеріне (қабілеттер, қызығушылықтар және т.б.) қарай тұрақты топтарға бөлу, бұл топтардағы білім мазмұны да, оқыту тәсілдері де сондай-ақ ұйымдастыру нысандары да әртүрлі. Ішкі саралауда кездейсоқ белгілер бойынша құрылған тұрақты топтағы балалардың өзіндік ерекшеліктері ескеріледі. Бұнда топтарға білу айқын немесе еркін болуы мүмкін, қойылған оқу мақсатына қарай топ құрамы өзгеріп отырады.

Сыртқы саралаумен қатар оқу үдерісін ұйымдастыру барысында ішкі саралаудың қатар жүргені дұрыс. Өйткені сыртқы саралау арқылы құрылатын сыныптар белгілі-бір белгілері бойынша бір-біріне ұқсас болғанымен, басқа белгілері бойынша әр түрлі болып келеді, осы жағдайда мұғалімдер ішкі саралауды қолданады.

Саралау әр түрлі деңгейде жүзеге асуы мүмкін. Мысалы, Рональд Де Гроот үш деңгейді анықтап ұсынды.

Бірінші микро деңгей, сынып ішіндегі балалардың бәлек топтарында жүзеге асырылатын әр түрлі тәсілдер. Саралаудың бұл түрін кейде ішкі немесесынып ішілік деп те атайды.

Екінші мезо деңгей – сынып, сала және бағыттар арасындағы мектеп ішінде жүзеге асырылатын саралау деңгейі.

Үшінші макро деңгей – мектептер арасындағы саралау. Әр түрлі типтегі мектептерді жасақтау. Алдыңғы екеуі жоғарыдағы ішкі саралауды білдіреді.

Біз не үшін саралаймыз?

- Екі бала бірдей емес;
- Барлық балалар бірдей түрде үйренбейді;
- Бір бала үшін жақсы орта басқа бала үшін жақсы орта болмауы мүмкін.

Бұл «бес саусақ бірдей емес» деген қазақ мақалына саяды. Сыныптағы балалардың қажеттіліктері әр түрлі сондықтан да саралауымыз қажет.

Бұл ерекшеліктер қайдан шығады?

- Бұрынғы білімдерінен;
- Бұрынғы тәжірибелерінен;
- Нақты мәдени құндылықтар мен нормаларынан;
- Танымдық дамуындағы биологиялық айырмашылықтарынан;
- Жетілу деңгейлерінен;
- Мектепті және оқуды мәдени түрде қабылдауларынан.

Міне осындай ерекшеліктерді көре отыра, ескеріп оқушылардың әр түрлі қажеттіліктері, ерекшеліктері, мүмкіндіктеріне қарай саралауды жүзеге арсыру қажет.

Сынып ішіндегі саралаудың мынадай түрлері бар: қабілеттері бойынша саралау, деңгейлік саралау, қызығушылықтары бойынша саралау. Әдетте,

оқушылардың жеке өзіндік ерекшеліктері бойынша ішкі саралау олардың әрқайысына жеке қарауға негізделеді, яғни олардың психофизиологиялық ерекшеліктері (есте сақтау қабілеті, ойлау ерекшеліктері, темперамент және т.б.) ескеріледі. Кэрол Анн Томлинсонның зерттеуі бойынша мұғалімдер саралапоқытуды төмендегідей төрт жолмен жүргізе алады.

Мазмұн бойынша саралау: Бұл оқушылардың нені оқуы (зерделеуі, үйренуі) керектігі немесе оқушының ақпаратқа қалай қол жеткізе алатынын білу. Мұғалім оқу мазмұнын Блум таксономиясы (төменгі ойлау деңгейінен жоғары ойлау деңгейіне дейін зияткерлік деңгейлер жіктелісі) бойынша әртүрлі деңгейді қамтитын оқушылар тобына әртүрлі оқу әдістерін ұйымдастыруы керек.

Үдеріс бойынша саралау: Бұл мазмұнды түсіну немесе меңгеру үшін оқушы қатысатын іс-әрекеттер. Оқушылар мазмұнды жақсы түсіну үшін орындайтын жаттығулар мен практикалық жұмыстар және іс-әрекеттер. Үдерісте оқушыларды ақпаратты қабылдау қабілеттеріне қарай визуалдарды оқулықпен қамтамасыз ету, аудиалдарға аудио жазбаларды тыңдату, кинестетиктерге тапсырмаларды өздеріне жасап көруге мүмкіндік беру.

Нәтиже бойынша саралау. Нәтиже дегеніміз сабақтың соңында мазмұн бойынша оқушының алған білімін демонстрациялау әрекеті. Мұғалім білімді игерту мақсатында тапсырма береді, барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады. Бірақ жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс жасаудан гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді және жетпей тұрған білімдерін жетілдіру туралы ойланғандары маңызды. Сабақта мұғалім барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізулеріне әрекет жасайды. Оқу ортасы бойынша: мұғалімдер сыныпта қауіпсіз және қолайлы оқу ортасын қамтамасыз ететіндей оқу үдерісін ұйымдастыруы қажет. Сонымен қатар саралаудың айқын және жасырын түрлері де анықталған.

Айқын саралау балалар өздерінің сараланып жатқанын білетін, көзге көрінетін саралау түрі. Мысалы:

- жеке жұмысқа арналған деңгейлік тапсырмалар;
- жоғары деңгейдегі оқушылар үшін күрдегенген тапсырмалар;
- әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар;
- әр оқушыға жеке тәсіл;
- жеке шығармашылық жұмыс;
- сабаққа оқушының қосымша озық материалдар дайындауы;
- шешімдер үлгілерін, теориялық анықтамаларды, қосалқымәселелерді пайдаланып, тапсырмаларды орындау т.б.

Айқын саралау кезінде қиын балармен жұмыс істеудің, үлгерімі төмен оқушыларға көмектесуге, үлгерімі жоғары оқушыларға көңіл бөлудің мүмкіндіктері пайда болады. Сондай-ақ, мықты оқушылар өз қабілеттерін көрсетуіне, үлгерімі төмен оқушылар өз жетістіктерін сынауына да мүмкіндік туады.

Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда. Білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін, мектеп ұжымында әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақтарында енгізіп отырады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келді. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесімен әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады. Оқытудың негізгі міндеті – баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілетін анықтау мен дамыту, білімдерін ашу, дұрыс түсінік қалыптастыру.

Білім берудің кешенді міндеттерін және мұғалімдердің әртүрлі жағдайларда жұмыс істейтіндігін ескерсек, тиімділік деген сөзге аса мән беріп курста оқыған модуль туралы қысқаша тоқталайық.

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер

Білім беру – жекелеген құбылыс немесе дағды емес, ол оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің бір тұтас кешені деп айқындалған. Бағдарламаны жалпы алғанда әлемдік дәрежеге жету мақсатын көздей отырып, жаңаша қырда қолданылатын технологияларды тиімді пайдалану.

2. Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту.

Сыни тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп, шығармашылық жұмыс жасау.

3. Оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау

Бағалау – одан арғы білім туралы шешімді қабылдау мақсаты мен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Мұғалімдер мен оқушылар өздерінің қандай мақсатқа жететіндерінің өлшемдерін түсіну. Осыған байланысты бағдарлама критерийлі бағалау тәсілдерін қарастырады.

4. Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану

Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану – қоғамдағы өзгерісті танып білуге және оларды тез қабылдауда мол мүмкіндік

береді. Жоспарланған сабақты тиімді өткізуге көмектеседі, оқушының ой-өрісінің дамуына, зерттеулік жұмыстар жүргізуіне ықпал етеді.

5.Талантты және дарынды балаларды оқыту

Талантты және дарынды оқушыларға білім беруді дамытудың инклюзивті тәсілі негізінде осындай балаларды анықтау туралы ой-пікірлер мен зерттеулер жасау. Оқушылардың қабілеттерін дер кезінде анықтай білген ұстаз болашақ талантты да тани біледі.

6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқу

Белгілі бір шарттық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан педагогика және психология балалардың жас ерекшеліктіңде ширақтықты, өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді.

7. Білім беруді басқару және көшбасшылық

Аталған модуль білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес, олар нақты сыныптардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алу керек деген тұжырымға сияды. Қандай жағдай болмасын, өзіңіздің өмірлік ұстанымызды таңдай білу, адамдық көшбасшылыққа негізделеді.

Оқытудың ақпараттық технологиясын оқу үрдісінде тиімді қолдану үшін мүмкіндігі шектеулі оқушыларының оқу іс-әрекеті, психологиялық тұлғалық әлеуметтік және физиологиялық даму ерекшеліктерін есепке алу керек. Арнаулы мектеп бағдарламасы баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның өзіндік оқу-танымдық әрекетін дамытуға бағытталған. Оқушыларының өз мүмкіндігін көрсете білу үшін, ақпаратты өзіндік іздеу, жоспарлау, біріктіру, суреттеу, жалғастыру және тиімді пайдалану. Өз іс-әрекетінің дұрыстығын тексеріп, бақылау икемділігін бойына сіңіру әлде қайда маңызды.

Шығармашылық ойлау мен өз ойын еркін жеткізе білу икемділіктерінің дамуы негізінде оқушыларының дүниетанымы мен дарындылығы жетіле түседі. Мәселен, басқа пәндермен ұштастыра отырып оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана білуге құштарлығы басым екендігі айқын көрінеді.

Жаңа технологияларды енгізу барысында мұғалімнің даярлығы мен жаңаша оқыту мазмұны жайында білген жөн.

Мұғалім нені білу керек?

Мұғалім не істей алуы керек?

Мұғалім қандай іс-әрекеттерді дұрыс ұйымдастыру керек?

1.Жаңа технология көмегімен шешілетін мәселелерді ;

2.Жаңа технологияны қолдану арқылы алынатын нәтижелерді;

3. Жаңа технология мәнін,алынатын нәтижелердің теориялық негізін;

4.Жаңа технологияда мұғалім қолданылатын әдіс –тәсілдерді;

5. Оқушыларды жаңа технологияда жұмыс істеуге үйрету әдісін;

1.Оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқаларын құрастыру ;

Дамыта оқыту бағытында;

Модульдік курс үшін;

Әлеуметтендіру бағытында;

Ұжымдық жүйеде оқыту;

Басқа технологиялар үшін;

2. Күнтізбелік- тақырыптық жоспарлау.

3. Әр сабақты жоспарлау

4. Жаңа технология бойынша жүргізілетін әртүрлі типтегі сабақ жоспарларын жасау.

5. Оқу модулін құрастыру.

6. Оқу жобаларының мазмұнын анықтау.

1. Жаңа технологияда пайдаланылатын жекелеген әдістер мен тәсілдерді қолдану.

2. Әртүрлі типтегі сабақтарды өткізу.

3. Өткізілген сабақтарға талдау жасау.

4. Жаңа технологияда қолданылатын оқу әрекеттерінің әдістерін оқушыларға үйрету.

Жалпы оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, сабақтың тиімділігін арттыру. «Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу-тәрбие процессін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, тұрпаттары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әрбір құрамның басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды»

Жаңа технология түрлерін сабақ үрдісінде пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектік қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі.

Жаңа технологияны қолдану мына кезеңдер арқылы іске асады:

I кезең: оқып-үйрену;

II кезең: меңгеру;

III кезең: өмірге ендіру;

IV кезең: дамыту.

1. Жаңа педагогикалық технология мақсаты – оқытуды ізгілендіруі, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп.

2. Ойын технологиясы. Педагогикалық ойындар технологиясы дегеніміз педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, оқушыларды қызықтырушы құрал ретінде қолданылады.

3. Проблемалы оқыту технологиясы. Проблемалы оқыту – мұғалім басшылығы мен қиын мәселелерді туғызу және оқушылардың белсенді түрде өз беттерімен мәселелерді шешу. Қорытындысында олардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық іскерліктері мен дағдылары қалыптасуына жағдай жасайды.

4. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы

Мақсат пен міндеттердің орындалуы мынадай ұзақ жоспарлар арқылы іске асады:

- ассоциация;

- бірлестік қызмет;

- көзқарасын талдау мен дәлелдеу түрінде қорғау. Бұл технология бойынша:
- оқу үрдісінде қызығушылық артады;
- оқушының өз бетімен білім алуына мүмкіндік беруі туады;
- оқушының ақпараттық тіл байлығы жетіледі.

5. Деңгейлік саралау технологиясы. Саралап оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Сыныпты, топтарды оқытуға әртүрлі қолайлы жағдай туғызуды қажет етеді; әдістемелік педагогикалық-психологиялық және ұйымдастыру-басқару шаралары біріктіріледі.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;

2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3) Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің бірнеше деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей сондықтан әрбір оқушы меңгеруі тиіс.

6. Жекелеп оқыту технологиясы. Жекелеп оқыту – оқу процесін ұйымдастырудың мына түрлері мен үлгілерін қарастырады.

- мұғалім бір ғана оқушымен жұмыс істейді;

- оқушы тек оқу құралдары мен өзара қатынаста (оқулықтар, компьютер, т.б) болады. Жекелік оқудың басты жетістігі баланың қабілетімен оқу қызметінің желісін әдісі мен мазмұнын өз қабілетіне қарай бейімдеуіне мүмкіндік береді.

7. Топтық технология. Бұл сыныпта оқу жұмысын ұйымдастырудың үшінші және төртінші деңгейі. Бұндай жұмыс белгілі-бір тапсырманы бірлесіп шешуі үшін сыныпты уақытша топтарға бөлуді қажет етеді. Оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, бірлесіп үйренуге мүмкіндік береді.

8. Кезеңдеп оқыту технологиясы

1. Мәдени кезек сөз – оқу процесінің екі негізгі бөлігі арасында кезексөз түрінде құрылады.

Оқу-негізгі «таңдану нүктесі» айналасына орналасқан ішкі кезексөзге негізделіп құрылады.

2. Дидактикалық бірлікті ірілендіру (ДБІ) Әдістемелік құрылымның түзгіші негізіне мұғалім мен оқушы қызметін байланыстырушы ретінде математикалық жаттығу ұғымы алынған, әрі тұра, кері ұғымдары мен қағидалары бір кезде оқытылады. ДБІ технологиясының ашушы түзгіші – жаттығу – үш сабақтардың бірінде қаралады:

- қазіргі тапсырма;- кімге арналғандығы;

- жинақтау. Технология мазмұнының басты ерекшелігі пән оқу материалдарының дәстүрлі дидактикалық құрылымын қайта құру.

3. Ойлау қызметін кезеңдер бойынша қалыптастыру, мақсаттың бағытталу технологиясы – бағдарлық білім, шеберлік және дағдыны әсерлі меңгеру. Бұл технология әрбір оқушының жұмыстарды, әрбір қадамын мұғалімнің бақылауын қажет етеді. Сабақ меңгерудің барлық кезеңдерінде бақылап отыру

– технологияның ең маңызды құраушыларының бірі болады. Ол оқушыны қателесуден сақтандыруға бағытталады.

9. Жеке пәндік педагогикалық технология.

1. Ерте және ыждағатты сауаттылыққа оқыту технологиясы. Технология мазмұны оқу процесі бала миының танымдық қуатын жан-жақты жандандыра отыра, қызметі мен қатынастары арқылы баланың табиғи ойлауына негізделген.

2. Әсерлі сабақтар жүйесіне негізделген технология.

Мақсаттық бағыттары:

- қалыпты білім, шеберлік дағдыны меңгеру;
- ойлау қызметіне математикалық тәсілдерді меңгеру;
- қабілетті балаларды дамыту;

10. Өзіндік дамыту технологиясы (М. Монтессори) Мақсаттық бағыты:

- жан-жақты дамыту;
- жекелікті тәрбиелеу;
- бала санасында ойлау қызметі мен пәндер түзгіштерін біріктіру.

Басты мақсаты – оқыту дағдысы: қолдағы ұсақ моторлар, есті дамыту.

11. Дамыта оқыту технологиялары.

1. Л.В. Занковтың дамыта оқу жүйесі. Оқыту қызметінің негізгі мотивациясы танымдық қызығушылық. Занков әдісі әртүрлі қызметтерге тарту, дискуссия, дидактикалық ойындарда оқытуда, пайдалану, сол сияқты есті, ойлауды, елестетуді, сөйлеуді байыту бағытындағы оқыту әдісі.

2. Д.Элькони – В.Давыдовтардың дамыта оқыту технологиясы. Элькони – Давыдов техноло-гияларындағы дамыта оқыту ең алдымен оның мазмұны, теориялық білімге негізделе отырақұрылған. Білімнің теориялық негізі терең түрдегі жинақтаудан тұрады. Дәстүрлі технологиялардан өзгешелігі дамыта оқыту оқу қызметін басқаша бағалайды. Оқушының орындаған жұмыстары мен сапасы оқушыға білімнің жетімділігі мен қабілетінің жететіндігін мұғалімнің көзқарасы бойынша бағаланбай, оқушының өз мүмкіндігі тұрғысынан қаралады.

3. Жеке бас шығармашылығын дамытуға бағытталған дамыта оқыту жүйесі. Іздену, ойлап табу қызметтері процестері оқытудың негізгі мазмұны болады.

Дамыту мазмұны жақыннан орташаға, сонан кейін қашықтағы мақсаттық келешекке көшуден тұрады.

Бұл технологияда ұжымдық жұмыс әдісі кеңінен қолданылады; ойға шабуыл, ұйымдастыру – қызмет ойыны, еркін шығармашылық пікірталасы.

12. Модульдік оқыту технологиясы. Модуль дегеніміз – қандайда бір жүйенің, ұғымның нақтылатын, біршама дербес бөлігі.

Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады. кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады. Әр оқушы оқу модулінде сағат саны әртүрлі болады. Бұл оқу бағдарламасы бойынша сол тақырыпқа, тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санына байланысты. Жаңа технологияны қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге де болады. Нәтижесінде оқушы:

Оқыту процесінде жаңа технологияларды қолдана отырып білімін шыңдайды;

Жаңа оқыту үрдісін қалыптастырады;

Өздігінен ізденімпаздық қабілеті артады;

Ал өзімнің іс-тәжірибеме келер болсам, 7 модулі аясында жаңа әдіс-тәсілдерді үйрету технологиясын қолдану арқылы мақсатты түрде күткен нәтижеге жетуге болатындығын, тиімділігін әрекетті зерттеу барысында көз жеткіздім. Ал соның ішіндегі сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды көздейді. Бұл нұсқаулықтағы ғылыми тұжырымдамаға сүйене отырып, нәтижелі сабақта оқушы жауаптарынан ойындағы айтар сөзін жүйелеп жеткізуге тырысуынан, өзгелердің жауабынан ой түйіп, басқаша қырынан танылуынан, әрбір ситуациялық мәселелерді жан-жақты қарастыруға белсенділік танытуынан көрінді.

Сабағымның бірінші күнінен бастап парталарымды топтарға бөліп орналастырып қойдым. Оқушыларым сабаққа келген кезде парталардың өзгергенін көріп таңқалды. Сол күннен бастап сабақтарым қызғылықты өте бастады. Әсіресе топпен жұмыстанғанда жаңа әдіс-тәсілдерді басшылыққа ала отыра көптеген жұмыс түрлерін ұйымдастырдым. Менің пікірімше сабақтың тиімділігі: оқушы шығармашылық деңгейге мұғалім арқылы емес, өз іс-әрекеті арқылы жетті. Жаңа әдіс-тәсілдердің ұтымдылығы да осында. Технологияны пайдалану шығармашылық тұлға қалыптастыруға алып келеді. Біз сабақтың басында мақсат қойғанда да осындай нәтиже күткен едік. Дәстүрлі өткізіп жүрген сабақтарды салыстыра отырып, жаңаша тәсілде өткен сабақтан мынадай айырмашылықтарды таптым.

Дәстүрлі сабақ үрдісінде - өзімнің әдістерім, яғни, мұғалім әрекеті.

1. Тақырыпты түсіндіремін.
2. Кейіпкерлер туралы мінездеме бере отырып меңгертемін.
3. Шығарманың идеясын анықтап беремін, талдаймын.
4. Шығарма жазуды тапсырамын

Оқушының әрекеті :

1. Мазмұнын айтып береді.
2. Кейіпкерлерге мінездеме береді.
3. Тақырып бойынша мұғалімнің түсіндіргенімен байланыстырып айтады.
4. Тақырып бойынша шығарма жазады.

Жаңа оқыту технологиясы негізінде өткізілген сабақ үрдісінде өзімнің іс-әрекетім.

1. Топқа бөліп, ой қозғадым.
2. Тақырыпқа қызықтырып бағыттадым.
3. Шығармаға қатысты мақал-мәтелдер жинақтауды ұсындым.
4. Шығарманы талдауға пікірталас ұйымдастырдым.
5. Оқиғадағы өзекті мәселелерге оқушы көзқарасын анықтадым.
6. Шынайы өмірмен байланыстыру арқылы баға беруге бағыттадым.

Оқушы белсенділігі:

1. Топтарда жұмыс жасады.
2. Мәтінмен өздері танысты.
3. Әр түрлі әдістер арқылы шығарманы саралады.

4. Жеке кейіпкерлерді талдады, олардың іс-әрекетін зерттеді.

5. Ой қорытып, оны қағаз бетіне түсірді.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы өте зор. Осы технологияларды тиімді пайдалану арқылы әр мұғалім өз тәжірибесін жетілдіре түспек.

К.Д.Ушинскийдің “Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады” – деген. Бұл “Ұстаз” атты ұлы сұрлеуге соқпағын салып жол тартқан көкірегі ояу, көзі ашық әрбір адамға берілген елеулі ескерту. Сабақты тартымды өткізіп, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әр сабағымызды түрлендіріп отыру шарт. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әртүрлі технологияның элементтерін пайдалану қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Ақшолақов Т., Шығарманың көркем айшықтарын таныту, А., «Жазушы», 1998.

2.Ақшолақов. Т.Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. Алматы. 1975ж.

3.Әбдезұлы Қ., С.Ч.Тұрсынғалиева «Қазақ әдебиеті әдістемелік нұсқау» «Арман ПВ», 2012

4.Әлімов А.Х. «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана «НЗМ»ДББҰ, 2014

ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДА МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІ

№129 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Азимбаева Балнұр Шарифхановна

Шымкент қаласы

Адамды оқыту және тәрбиелеу-қай ғасырда болсын ең маңызды міндеттің бірі. Сабақ үдерісі өте күрделі құрылым болып есептеледі. Ол теориялық білім мен еңбекті талап етеді. Педагогика, психология, таным теориясы, педагогикалық шеберлік, коммуникативті құзіреттілік, эмпатиялық қарымқатынас, жобалау мен жоспарлау құзіреттілігі т.б. көптеген қабілет - қарымды қажет етеді. Мұғалім сабақтың әрбір сәттеріндегі әдіс-тәсілдермен қаруланған, теориялық жағынан терең білімге ие болуы сабақ үдерісінің дұрыс бағытталуына үлкен септігін тигізеді.

Әдеби шығармаларды оқытуда пән мұғалімі жұмысының мазмұны, мақсаты мен міндеттері негізінен әдебиет пәніне арналған бағдарламаларда белгіленген. Әр ұстаз өз пәнінен сабақ беруді бастамас бұрын бағдарламаның түсінік хатын оқып, әдебиетті оқыту міндеттерімен, бағдарламаның құрылысы және негізгі мазмұнымен, кейбір әдістемелік нұсқаулармен, әдебиетке байланысты сыныптан тыс жүргізілетін жұмыс түрлерімен жалпы айтқанда жүргізгелі отырған курстың барлық мақсат, міндеттерімен жете танысып, өз ісіне сауатты дайындықпен келуі тиіс.

Алайда әдебиетті оқыту әдістемесінің ішкі мазмұнында қамтылатын негізгі мәселелерді айқын әрі терең ұғыну үшін бағдарлама мазмұны жеткіліксіз болады. Яғни ұстаз әдебиеттің бағдарламасымен үстірт танысып, мойындап қана қоймай, әдістеме мазмұнының талап-тілектеріне сай сын көзімен тексеріп, зерттеп, шығармашылықпен меңгеруге міндетті. Тек сонда ғана ол әрбір сыныпта оқып үйретуге тиісті әдеби материалдардың ауыр, жеңілдігі, берілген сағат мөлшеріне сәйкестігі, оқушыларға берілетін әдеби-теориялық білімнің көлемі мен мазмұны, жүйелілігі, ауызша және жазбаша тіл дамыту жұмыстарының түрлері т.б. көптеген мәселелер туралы ғылыми-әдістемелік қорытындыға келе алады.

Нарық заманының әсерінен бе, кітаптың қымбаттауынан ба әлде ақын-жазушыларымыз сұранысқа сай кітап жаза алмай жүр ме, әйтеуір не керек, кітап оқуға құмарлық жойылып барады. Мүмкін, бұған ақпараттардың толассыз тасқыны да себеп шығар әлде бала түгілі, өзі кітап оқымайтын ата-анадан көреміз бе? Біра бұлай бейғам отыра берсек, бар білгенімізден айырылып қалмасымызға кім кепіл?! Ал кітап оқымаған ел жастарының ертеңі қандай болмақ? Кітап оқымай жүргені тек Қазақстанда емес, бүкіл әлемде етек алып барады. Мысалы, бұрын Гомер мен Шекспирді, шығыстың ғашықтық ғазалдарын немесе орыстың А.С.Пушкині мен В.Лермонтовын оқымайтын адам аз болған. Ал бүгінде оларды білмек түгілі, өз дәуірінің жазушысын танымайтындар қаншама?! Өйткені бүгінгі оқырманның ықыласы интернет пен небір сайттарға ауысып кеткен.

Баланың көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығы мен ынтасының төмендеуі мені мынадай сұрақтарға әкеп тіреді: «Олар неге көркем әдебиет оқығысы келмейді? Кітап оқымай-ақ компьютерді білумен де биіктерге жете аламыз ба? Көркем әдебиетті оқығаннан біз не ұтамыз? Ұлтымыздың өткен өміріндегі жетістіктері сол ғылыммен бірге көркем әдебиетті көп оқыған, ұлтымыздың барлық киелі қасиетін өз бойларына сіңірген тұлғалардың арқасында қалыптасты емес пе?». Осы сұрақтар төңірегінде сұхбат жүргізгенімізде кейбір оқушыларымыз біздің пікірімізбен келіспеді. «Қазір компьютер білсең болды, интернет арқылы қажетті мәліметтерді табуға болады» деген ойларын айтты. Оқушыларымыздың пікірі біздің пікірімізді ой таразысына сала отырып, компьютерді білудің де, көркем әдебиетті оқи білудің де баланың тұлғалық қалыптасуы үшін қажеттілігін былай тұжырымдадық.

Компьютердің бала дамуына әсері	Кітап оқудың бала дамуына әсері
Баланың техникалық сауаттылығы артады. Балада ептілік қалыптасады. Интернет арқылы дүниенің түкпір-түкпірінен жаңалықтар және ғылыми деректер жинайды. Ой-өрісі дамиды.	Ұлттық сана-сезімі қалыптастады. Баланың тіл байлығы дамиды. Жан-жақты ойлау қабілеті артады. Қатесіз жазуға дағдыланады. Өмірді түсіне білуге деген көзқарасы дамиды. Кейіпкерлердің орнына өзін қоя

білу арқылы өз өмір жолын таңдайды. Жақсылық пен жамандықтың ара жігін ажырата біледі. Әлем әдебиетін оқу арқылы дүниежүзілік оқиғалардан хабардар болады.

Педагогтер мен психологтар әр адам көркем шығармамен неғұрлым жас кезінде танысса, оның оқырмандық қабылдауы да соғұрлым ерте тамырланатынын, терең де жан-жақты дамитынын алға тартады. Осы жерде ақын Олжас Сүлейменовтің Қадыр Мырза-Әли аударған «Ертегі» деген өлеңі ойға оралады.

Көп оқыған жоқпын, мама,

Бар болғаны бір-ақ бет,

Тағы біраз оқиыншы,

Ұрықсат па, рақмет.

Ара жайлы әдемі жыр екен, бітіп қалсын да,

Сөйтіп жүріп бір жыл өтті, жырсыз қалай шыдармын.

Көрпе астында бұғып жатып оқитынды шығардым.

Нені көрсем, соны оқыдым, бір болар деп төркіні.

«Капиталмен» отырғанда, байқап қалдың бір күні.

Ол бір ғажап кез еді ғой, кез еді ғой ғажайып,

Жылаушы едің «Көзің майы кетеді, - деп, - азайып»,

Ұрсушы едің «Соқыр болып қаласың» деп ашынып...

Қайран ана,

Кітаптан сол көзім қайта ашылды, - деп жырлаған еді ақын.

Міне, осындай кітапқұмарлар қайда қазір? Педагог А.С.Макаренко баланың кітап оқуында отбасындағы басшылықты жоғары бағалап, ата-ана жас күнінен-ақ оны кітапты сүйе білуіне тәрбиелеуге тиіс екенін айта келе: «Хорошо рассказанная сказка - это уже начало культурного воспитания, было бы весьма желательно если бы на книжной полке каждой семьи был сборник сказок», - деп бәрін ертегі оқудан бастау керектігін ескертеді.

Кітап оқу - баланың өзін-өзі тәрбиелеудегі қайнар көзі. Өкінішке орай бұл мәселеге біздің ата-аналарымыз өз дәрежесінде мән бермейді. Білімге деген сүйіспеншіліктің негізі кітап оқу арқылы қаланатынын көп жағдайда ескере бермеймейтіні алаңдатарлық жәйт. Кітаптың адам өмірінде алатын орны, маңызы, кейбір ата-аналардың «баланың көркем шығарма оқуға әуестігі күнделікті негізгі сабаққа әсерін тигізеді» деп мұны онша құптамайтынын байқаймыз. Ал енді бір топ ата-ана мектептен тыс оқуға баланың не оқып, не білуіне көмектесуші тек пән мұғалімі мен кітапханашының жұмысы деп қарайды.

Оқырмандық қызығушылықты анықтау мақсатында ата-аналармен әңгіме жүргізіп, олармен ашық пікірлесе, сырласа отырып, өз ойларын ортаға салуға мүмкіндік туғыздық. Пікірлер жиынтығының бір көрінісі төмендегідей болды.

«Тамағы тоқ, киімі бүтін болса, жетіп жатыр. Домбыра үйірмесіне қатысса деп ойлаймын, домбыра сатып әпердім. Кітап оқу мәселесін мұғалімдер өздері шеше жатар, сабағына үлгерсе болды» (42 жастағы әкенің сөзі, құрылысшы).

«Теледидар көреді, киноға барады, сабақ оқуға көп уақыт жұмсайды. Сондықтан үй жұмысына үлгермейді. Негізгі пәндерді оқыса, сол да жеткілікті деп ойлаймын» (45 жастағы шешенің сөзі, сатушы).

«Ұлым да, қызым да сабақтарына үлгереді. Соған көңілім тоқ, әдебиет және физика үйірмелеріне қатысады. Ал олардың мектептен тыс қандай шығармалар оқитынын жүйелі түрде бақылаймын деп айта алмаймын. Өздерінің ықыластарына қарай шешіп отырады. Өз балаларыма жан-жақты қарауға уақытым жетпейді» (ауыл мұғалімі, 50 жаста).

«Өзім оқи білмеймін, кейбір қызықты кітаптарды немерем оқығанда оған қатты риза боламын» (70 жастағы әженің сөзі).

Оқушылардың әртүрлі себептермен оқу мәдениетін төмендетіп алғаны байқалады. Тіпті, кейбіреулері бағдарламалық материалдарды игеруге құлықсыз екенін танытты. Бұларға кезінде пән мұғалімі, кітапханашы, ата-аналары тарапынан дұрыс ақыл-кеңес, басшылық болмай, оқырмандық тәжірибені шыңдай түсу бағытындағы жұмыстар өз дәрежесінде жүргізілмегені көрінеді. Кітап оқу дәстүрге айналған үйде, ең болмаса, бір адамның көп оқуы балаларға да игі ықпалын тигізеді. Мектебімізде осы мәселе аясында бірлестік пен мектеп кітапханашысы біріге отырып, зерттеу жұмысын жүргіздік.

Мәселен, зерттеу, бақылау жүргізген оқушыларымызға кітап алып оқуда 29 пайыз мұғалімнің, 19 пайыз кітапханашының, 22 пайыз ата-ананың, аға-апайының, 30 пайыз жолдастарының әсері тиетінін анықтадық. Оқушылар оқылымын анықтау мақсатында кітапханада «Сізді қандай бағыттағы кітаптар қызықтырады?» деген сауалнама жүргізілді.

- Оқушылардың 79 пайызы шытырман әңгімелерді оқығанды ұнатады.
- 20 пайызы компьютер туралы оқиды.
- 56 пайызы тіпті кітап таңдап алуға қиналады.
- 44 пайыз оқушы көмекті керек етеді.
- Оқушылардың 98 пайызы балалар кітапханасын, қалғандары таныстарының және мектеп кітапханаларын қолданады.

Кітап оқу күйзелістен арылтады. Қазіргі заман күйінде адамдардың басты мәселелерінің бірі - күйзеліс пен мазасыздықтан құтылу. Ал кітап оқу күйзеліс деңгейін 68%-ға дейін төмендете алады. Небәрі 6 минут кітап оқу жүрек соғысын бәсеңдетіп, бұлшық ет қызуын төмендетеді. Бұл мақсатта фантастика жанрындағы кітаптарды оқу жақсы көмекші болады. Сөздік қор көбейе түседі.

Әртүрлі жанрдағы еңбектерді оқығанда күнделікті өмірде қолданбайтын сан түрлі сөздермен танысасыз. Егер бір сөз білмесеңіз сөздік ала жүгіру міндет емес. Кейде белгілі бір сөзді түсіну үшін сөйлем не жалпы идеяны білу жеткілікті. Кітапты неғұрлым жиі оқысаңыз тіл байлығыңыз соғұрлым дами түседі. Кітап оқу алыцгеймер ауруының алдын алады.

Соңғы зерттеулер нәтижесі бойынша кітап оқу ми ауруының алдын алуға көмектесетіні анықталды. Себебі оқу кезінде миыңыздың белсенділігі арта түседі. Ал бұл оның жағдайына жақсы әсер етеді. Кітап оқу бойға сенімділік ұялатады. Белгілі бір мәселе талқысында біліктілігімізді танытсақ өзімізді

сенімді, жинақы сезінеміз. Кітап оқу шығармашылықты дамытады. Креативті адамдар бір сәтте бірнеше идея ұсына алуымен ерекшеленеді. Ал ол идеялар қалай туындайды? Әрине оның қайнар көзі-кітап. Шығарманы оқу барысында сіз жүзеге асқан идеялардың куәсі боласыз. Соның арқасында жаңа біліммен сусындайсыз. Кітап оқу ойлау мен есте сақтау қабілетін жақсартады. Оқу барысында біз кейіпкерлердің киімін, мінезін, жүзін, қоршаған ортасын елестетеміз.

Сонымен қатар, оқиганы толық түсіну үшін есте сақтауға тырысу керек. Осындай әрекет есте сақтау мен ойлау қабілетін дамытады. Кітап оқу зейін қойып оқуды үйретеді. Шығарманың мазмұнын дұрыс түсіну үшін зейін қойып оқу керек. Бұл қабілеттің сізге кез келген жерде пайдалы болары сөзсіз. Сондай-ақ, кітап оқу объективті болуды, дұрыс шешім қабылдауды үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Акимова Т.А., Т.М. Копжасарова, З.Т. Кашкенова, Г.У. Дарменова «Разминки для тренингов» АОО НИШ ЦПМ, Астана, 2015
2. Ақшолақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы. 1993ж /2, 63-бет/
3. Ақшолақов Т., Шығарманың көркем айшықтарын таныту, А., «Жазушы», 1998.
4. Ақшолақов. Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. Алматы. 1975ж.

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРУ ЖОЛДАРЫ

№90 ДБАММГ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Мельдебаева Алима Тулегеновна

Шымкент қаласы.

Мектептегі оқу мен тәрбие, сыныптан тыс жұмыстардың барлығы да оқушылардың жас ерекшелігі, психологиясына байланысты ұйымдастырылады. Балаларға көркем шығарманы оқыту, кітапқа деген құмарлығы, сөз өнеріне деген ынтасы мен құлшынысын дамыту мектептерде әдебиетті оқыту, одан білім берудің аса маңызды, әрі күрделі жұмыстарының бірі болып табылады. Бұл мәселелерде де оқушылардың психологиялық ерекшелігі, жасы, оқып жүрген сыныбы ескеріледі. Көптеген ғалымдар, психологтар, мұғалімдер зерттеулері, пікірлер бойынша, оқушыларды көркем шығарманы оқытуға баулу, оны оқырман ретінде қалыптастыру бірнеше сатыдан тұрады.

Кіші жастағыларға 5-7 сыныптардағы 10-12-дегі жасөспірімдер.

Ересек жастағыларға 8-9 сыныптардағы 13-14-тегі жасөспірімдер.

Үлкен жастағыларға 9-11 сыныптардағы 15-17-дегі жастар жатқызылды.

Әдеби талдауда осы принциптерді басшылыққа алу оқылып жатқан көркем туынды туралы, оның авторы туралы үстірт пікірлер мен жалған бағалардан сақтандырады. Әдеби талдаудың қай дәрежеде болуы мұғалімнің талдау әдіс-тәсілдерін қалай меңгергеніне де байланысты болып келеді. Талдауда композиция, сюжет, жазушы стилі, көркем туынды негізінде жатқан идея, оның көтерген мәселесі ерекше назарға алынады.

Әдеби талдаудың негізгі тәсілдері, бағыттары

Көркем туындыдағы жазушы ойы, идеясына көз жүгірту. Әдеби талдау үшін, ең алдымен, сол көркем туындыда жазылған, баяндалған оқиғалардың тарихи негізіне ерекше назар аудару керек. Мысалы, Абайдың көп өлеңдерін, соның ішіндегі «Қалың елім, қазағым» өлеңін жазуға әсер еткен, мәжбүр еткен 19 ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қауымының, қоғамының әлеуметтік жайы болған. Немесе Бұқар жырау толғауларының бәрі өз заманының тарихи айнасындай. Оның толғауларын сол өз заманындағы тарихи-әлеуметтік оқиғалар туғызған.

Көркем туынды композициясын талдау тәсіліне бас кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыру; негізгі оқиғаларды сұрыптау; портрет, суреттеулердің көркем туындыдағы орнына тоқталу жатады. Мысалы, «Қорғансыздың күні» (М. Әуезов) әңгімесінің басында жолаушылар суреттеледі. Әсіресе, Ақан портреті оның нәпсіқұмар жан екенін аңғартады, әңгімедегі негізгі сұмдық оқиғаларды осы портреттеу алдын ала болжатқандай болады.

Жазушы стиліне талдау жасаудың маңызы сол, ол туында негізінде жатқан авторлық көзқарас, идеяны ашуға көмек жасайды. Жазушы стилі дегенде, ең алдымен, оның көркем тілі, поэтикалық бейнелер жасауы

Мұғалім сабақты жоспарлағанда балаға нені және қалай үйрететіндігіне баса назар аударып, мақсатқа жетуде әдіс-тәсілдердің ең тиімдісін қолданып, оқушының назарын өзіне аударуға бар күш-жігерін жұмсауы керек. Сонда ғана оқушының қызығушылығы ерекше арта түсіп, оқуға деген ішкі уәждерінің оянуына ықпал етуге болады. Өз тәжірибеме сүйенсем, бүгінгі күні баланың тілдік қатынасын арттыруда әр сабағымда іс-әрекет дағдыларына аса мән беріп, түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып жүрміз.

Әлемдік тәжірибе ынтымақтастық оқыту нәтижеге қол жеткізуде табыстырақ болатынын көрсетіп отыр, ал оның басты идеясы қандай да бір жұмысты бірге жасау емес, бірлескен оқу болып табылады. Оқушылар алған білімдері мен үйренген дағдыларын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) кез келген орта жағдайында қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға, бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік беретін білім алуы тиіс.

Әрбір сабақта баланың бойында патриотизмді дамыту, өз елінің кешесі мен бүгініне үңіле қарауға, өз елінің әдебиеті мен мәдениетін, әдет-ғұрпына құрметпен қарауға тәрбиелеу арқылы бала бойына құндылықтарды дарытамыз. Қазақ әдебиеті пәнінде тақырыпты меңгерту барысында тұлғаға бағдарланған тәсіл оқушының жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін ескеруді, тіл мен әдебиетке қатысты күрделі мәселелерді талқылау барысында өзінің ой-пікірін анықтау мен қорғай білу дағдыларын қалыптастыруды, өз бетінше тұжырым, қорытынды шығару, қарастырылып отырған оқиғалар мен үдерістерге өзіндік көзқарасы мен пікірін білдіруді көздейді. Бұл оқыту технологиясы оқушының жеке тұлғасын, рухани қырларын үйлесімді түрде қалыптастыруды көздейді. Сондықтан тұлғаға бағдарланған оқыту жүйесінде сабақтың алатын орны аса маңызды болып табылады.

Айтылым мен тыңдалым дағдыларын іске асыру «Болжам жасау», «Джигсо», «Өрмекші торы», «ПОПС» формуласы, «Карусель», «4 түрлі сөйлем», «3-2-1» әдісі, «Бұрыш» стратегиясы, «Бес қадам» ойыны, проблема

шешу тапсырмалары, тәжірибелік әдістер, тілдік әдістер, иллюстрациялар, аудио, видео көрсетілімдер диалогтық оқыту арқылы жүзеге асырылады. Рөлдік ойындар арқылы авторан сұхбат алып, сұрақтар беру оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттырады. Сондай-ақ, сабақ кезінде берілген тақырып аясында миға шабуыл жасай отырып, «пікірталас», «дебат», «дөңгелек үстел», «брифинг», баспасөз конференцияларын ұйымдастырып, монолог пен диалогке, әңгімелесуге жағдай жасасақ, оқушылар өз ойларын жеткізіп, еркін сөйлеп танымдық белсенділігі арта түседі. Осындай әдіс-тәсілдерді қолдану баланың айтылым және тыңдалым әрекеттерін дамытуда зор мүмкіндікке ие.

Оқушылардың бір-біріне жаңа тақырыпты түсіндіре отырып, диалогтік қарым-қатынас жасап, өз беттерінше қорытынды шығара білуін дәлел ретінде айтуға болады.

Сабақ кезінде оқылым дағдысын ұйымдастырудың маңызы зор. Оқылым дағдысында оқушылар жазбаша берілген ақпарат мазмұнын түсінуге, мәтіннің негізгі идеясын, құрылымын анықтауға, терең тұшыныпұғынуға, қайталап оқуға, сұрақтарды тұжырымдауға, қорытындылауға мүмкіндік алады.

Оқыған мәтінді түсіну, оны түсінікті етіп айтып беру, оған қатысты ойпікірін білдіру арқылы оқушының ойлау және сөйлей білу дағдысы қалыптасады, дамиды. Олар тапсырма алған сәттен бастап тапсырмамен таныса салып, өз пікірлерін ортаға салуға тырысады, пікірге сын көзбен қарап, ойдың дұрыстығын дәлелдеуге, өзгелер идеясын мұқият тыңдауға, жеке жұмысты доғарып, жұп және топ болып жұмыс істеуге дағдыланып келе жатқандықтары байқалады.

Қызықты ұйымдастырылған жақсы сабақтар арқылы сауатты оқырман қалыптастыруға негіз қаланады. Осыған орай, сабағымда қолданып жүрген “ДЖИГСО”, «Болжам жасау», «Т кестесі», «Кубизм», «Детальдарды қосу», «РАФТ», «Синквейн», «Бес минуттық эссе», «Соңғы сөзді біз айтамыз...», «Галереяда ой шарлау», «Жылқы сұлбасы», «Автор орындығын», «Идеяны суреттеу», т.б. әдіс-тәсілдердің қайсысы болмасын, баланың ойлау қабілеттері мен сөйлеу мәдениеттерін арттыруға үлкен мүмкіндік туғызғанын өз тәжірибемде байқадым. Әрине, аталмыш әдіс-тәсілдерді сабақтың әр кезеңіне сай қолдана білгенде ғана, оқушылардың ойы шындалып, сабаққа белсенділігі, ынтажігері артады.

Мұғалім кей кезде әрбір оқушыға көңіл бөліп, көмек көрсетуге үлгермей жатады. Бірлескен жұмыс бұл мәселені шешуге мүмкіндік береді. Оқушылар бірнеше шағын топтарда жұмыс жасай отырып, бір-біріне көмек беруге және әрбіреуінің табысты болуы үшін жауапты болуға үйренеді. Ынтымақтастықта оқытудың мақсаты әрбір оқушының өзінің даму ерекшелігіне сәйкес білім мен білік, дағдыларды меңгеріп қана қою емес.

Әлеуметтену, коммуникативтік білік әсері аса маңызды. Бүгінде көп балалар жалғыздық пен шеттетуден қиналады, сондықтан балалар арасындағы психологиялық байланысты күшейту, олардың қарым-қатынасын орнату және қолдау, мұғалімге, бір-біріне тілектестік қажет.

Мұндай қолдауды олар мұғалімдерден, сыныптастарынан, жұмыс дәптерлерінен, кітаптардан немесе басқа да көздерден ала алады. ЖАДА

қағидаты - оқушы жеке жұмыс істегенге қарағанда, сабақ үстінде (қолдау көрсетілген кезде) анағұрлым көбірек үйренеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Нұрғалиева. Г.Қ Педагогиканың логикалық-құрылымдық курсы, - Алматы, 1996.
2. Нұржанова А.Т. «Формирование коммуникативных умений в контексте уровневых программ курсов повышения квалификации педагогов» АОО НИШ ЦПМ, Астана, 2015
3. Рубинштейн С.Л « Воспитание читательских интересов школьников». М., 1950
4. Сланов Б.. Кейіпкер бейнесін талдау. Алматы. 1990 ж. /1,145-бет/
21. Тұрсынғалиева С., Р.Зайкенова «Қазақ әдебиеті мұғалім кітабы» «Арман ПВ», 2017
5. Тәрбие мәселелері «Бастауыш сынып оқушыларын көркем шығармалар арқылы патриоттыққа тәрбиелеу» 2010ж. №11.46

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ОҚЫЛЫМ DAҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

№90 ДБАММГ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Апбазова Мадина Улырмановна

Шымкент қаласы.

Сөз басын талантты педагог, филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Қыраубаева апайымыздың айтып кеткен ұстаздық жауһар жазбаларынан үзінді келтіре отырып бастауды жөн санап отырмын. Тағылым берер, ұстаздық жолдың ұлағатын сездірер алтын көмбе - ой орамдары кез келген ұстазды бей-жай қалдырмасы анық.

Әрі осы мақаладағы әдіс-тәсілдерді мұғалімдер, әсіресе, жас мамандар, әр сабағына шығармашылықпен пайдаланып, түрлендіріп жүргізуіне түрткі боларына үміт арттық. Сонымен: «Ең жақсы өткен сабақтың қай жерден, қалай аяқталатынын күні бұрын білмейсің. Бұл сабақты шәкірт пен ұстаздың бірлескен ізденісі деуге болады. Сабақтың барлық жағдайын алдын ала жоспарлап қою шәкірттің еркіндігіне шідер салумен бірдей. Шәкіртке «екі» қою арқылы тәрбиелеуге болмайды. «Екілік» - өзіңе қойған баға. Өзіне талап қоюға ерінген мұғалім балаға талап қойғыш болады. Бала әділетсіз жазалаудан, үздіксіз ескерту жасай беруден не істерін білмей, өзіне-өзі сенімсіз болып, жүйке ауруына ұшырайды. Мұғалім мен бала арасындағы түсініспеушілік әр адамның туғаннан жаратылысы бөлек, адамның туғаннан өзіне ғана тән табиғаты бар екенін мойындамаудан шығады. Баланың мінезін өзгертемін деуге болмайды, мінезінің жақсы жақтарын байқап, дамытуға ғана болады. Барлық жерде мұғалімге қойылатын талап: баланы тәрбиеле! Бірақ тәрбиенің не екенін дұрыстап түсіндірген ешкім жоқ.

Оқылым дағдысын дамытуға арналған жұмыс түрлері

Мағынаны ұғынуға арналған оқылым (танысу үшін оқу)

- Оқушылар белгіленген уақыт ішінде қысқа әңгіме мен ақпараттық мәтін оқиды. Олар негізгі мәселелерді анықтап, пікірлерін ауызша ұсынады.
- Оқушылар дәлелдерді анықтай отырып, қысқа дискурстық мәтін оқиды.
- Оқушылар бірқатар мәтінді топтарға бөледі, мысалы, сюжеті/тақырыбы ұқсас мәтіндер т.б.
- Оқушылар өздері жаңа ғана тыңдаған немесе оқыған мәтінге қатысты: Кім? Не? Қашан? Қайда (егер қолдануға келсе: Неліктен? және Қалай?) деген сұрақтарға жауап береді.
- Мұғалім жылдам оқып, топқа негізгі мәселелерге қатысты ауызша кері байланыс ұсыну үшін жеке, ұзын мәтін береді. (Бұл жаттығуды күрделілігіне қарай саралауға болады).
- Топ мәтіннің мазмұнына қатысты шын/өтірік сұрақтарға команда ретінде жауап береді.
- Оқушылар басқа оқушыларды мәтіннің мағынасына қатысты «тестілеу» үшін, шын/өтірік және мәтіннен алынған үзінділермен байланысты сұрақтарды әзірлейді.
- Топтар/сынып мәтіннің мәнісін анықтауға арналған әдіс-тәсілдер тізімін жасайды.
- Оқушылар мәтіннен алынған үзінділермен белгілі бір уақыт ішінде танысады және олардың әрқайсысында болып жатқан оқиғаны жалпылайтын суреттермен сәйкестігін анықтайды. Егжей-тегжейлі білуге (түсінуге) арналған оқылым (сканерлеу)
- Оқушылар мәтінді қайта оқиды және өздерінің бірінші рет оқығанда нені қалдырып кеткенін және екінші рет оқығанда байқағанын айтады.
- Оқушылар мұғалім/сыныптасы оқыған қысқа мәтінді тыңдайды, сосын нені естерінде сақтағанын айтады. (Олар, бәлкім, маңызды бір тұстарды естерінде сақтар, мысалы, атын, кейіпкерлерін немесе статистикалық деректер).
- Оқушылар жұптасып оқиғаны немесе негізгі идеяны өзгертпестен алып тастауға болатын, мәтіндегі екінші дәрежелі элементтерді атап көрсетеді. Оқушылар басқа көрсетілген материалсыз ненің жоғалтылуы мүмкін екенін түсіндіреді. Нақты нәрсені анықтауға арналған оқылым
- Оқушыларға белгілі бір сала туралы ақпараты бар бірнеше мәтін ұсынылады. Олардан аталған жағдайда аталған адам үшін тиісті іс-әрекеттерді анықтау сұралады. Мысалы, ақпарат түрлі жастағы ұлдар мен қыздарға арналған жергілікті клубтарға және/немесе жергілікті көрікті жерлер мен ойын-сауық орындарына қатысты болуы мүмкін. Оқушылар бұл адамдар қандай жұмыстардың қандай түрлерін орындай алатынын анықтайды және өздерінің нені және қашан істей алатынын көрсететін график құрастырады.
- Жұптасып отбасының әртүрлі мүшелеріне арналған жұмыс түрлерін талқылау (әртүрлі жас санаттары, қолжетімдік және т.б.).
- Жұптар романдан үзінді тыңдайды немесе оқиды/бірнеше сюжеттік желісі бар шоудан үзінді көреді, сосын нақты осы кейіпкермен немесе сюжеттік желімен не болғанын түсіндіреді. Жаңа сөздерді үйренуге арналған оқылым.

• Оқушыларға бірқатар таныс емес сөздері (10-нан артық емес) бар мәтін беріледі, олар оқу барысында ол сөздердің астын сызу керек. Оқушылар төмендегі белгілерге қарап ол сөздердің мағынасын анықтайды:

- таныс сөздермен ұқсастығы;
- өзіне таныс басқа тілдегі сөздермен ұқсастығы;
- мәнмәтіндегі байланыс;
- сөздердің буынға бөлінуі (жалғау мен жұрнақтарды қоса алғанда).

• Оқушылар мағынасын көрсету үшін жаңа сөздерді синонимдерімен немесе оларды басқа сөзбен жазады.

• Оқушылар мағынаны түсінгенін көрсету және бекіту үшін, сөйлемде жаңа сөздерді пайдаланады.

• Оқушылар газеттің бірінші бетін өздері білмейтін/олардың ойынша басқалар білмейтін көп дегенде он сөзбен көшіреді. Сөздікті пайдалана отырып, оларанықтамасын тауып жазады - жұптар/топтар сосын басқалардан сөздің (сөздердің) мағынасын анықтауды сұрайды.

• Оқушыларға балама анықтамалары ұсынылады немесе олар оны өздері құрастырады. Сосын мән-мәтінге қарай олардың ішіндегі дұрысы таңдалады. Мақсатын анықтауға арналған оқылым

• Оқушыларға шағын топта әрбір мәтіннің мақсатын және мақсатты аудиториясын талқылау үшін үш мәтін беріледі: проспект (анықтамалық), саяси баяндама (біреудің көзін жеткізу) және қайырымдылық хат (үндеу).

• Оқушылар сынып/топ оқу мақсатына жету үшін түрлі әдіс-тәсілдер пайдаланады. Мысалы, оқушылардан, олардың ойынша, әртүрлі мақсатта/әртүрлі аудиторияға арнап жазылған кем дегенде үш мәтін табуды сұрайды. Кейін мәтіндерді ұқсастықтары мен айырмашылықтары бойынша топтастырады, айырмашылықтарын, мысалы, «Венн диаграммасының» көмегімен жазып алады. Бұл мәтіндерді курс барысында басқа жаттығу аясында ақпарат көзі ретінде пайдалану үшін сақтап қоюға болады.

• Оқушылар жұптасып оқырман мәтіннің қалай қатыстырылатынын, тілдік қолданыстардың қандай эмоция тудыратынын анықтайды. Стильді анықтауға арналған оқылым

• Оқушылар жұптасып екі мәтінді зерделейді, олардың жанры мен мазмұны ұқсайды, бірақ стилистикалық деңгейлері әртүрлі, мысалы, жасөспірім достар арасындағы диалог және жасөспірім бала мен мұғалім/ата-ана арасындағы диалог. Оқушылар жазба жазып, сөйлемдердің лексикасы, грамматикасы және құрылымдарындағы айырмашылықтарға қатысты кері байланыс ұсынады.

• Оқушыларға ұқсас ақпарат ұсынылады - мысалы, көркем әдебиет, нұсқаулықтан үзінді, мерекелік брошюра және туысқанға жазылған хат сияқты әртүрлі жанрда жазылған (әйгілі) жердің сипаттамасы. Оқушылар мұғалім атаған мәтіндердің біріне әрбір жазбаның сәйкестігін анықтап, нәтижелерін жазады («Қай мәтін нұсқаулықтан алынған? Оны қалай дәлелдей аласыз?»)

- Оқушылар стильдердің бірін талдау үшін топтасып жұмыс істейді, сосын мәтіндердің бірі туралы өз пікірлерін мысал келтіре отырып, сыныптағы қалғаноқушыларға таныстырады.
- Оқушылар белгілі бір мәтінді дауыстап оқиды және сынып болып оның сарыныстиймен қалай байланысатынын, яғни тілдік қолданыс пен сөйлемдердің құрылымы арқылы эмоция қалай берілгенін талқылайды.

ТИИМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР :

«Он сұрақ»

«Он сұрақ» әдісі арқылы алған біліміне сүйене отырып, ойды жинақтап, түйін түйю: Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады. Қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не «ИӘ» не «ЖОҚ» деп беріледі. Оқушы сол арқылы бүгінгі сабаққа қатысты ұғымды табады.

«Ортақ әңгіме»

Мақсаты: Топ мүшелерінің логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Бәрі шеңбер бойымен отырады. Біреуі қандай да бір тақырыпта әңгіме бастайды (мысалы, детектив), бірақ тек бірінші сөйлем ғана айтады. Жанында отырған қатысушы екінші сөйлемін, оның жанында отырған үшінші сөйлемін және т.с. шеңбер бойымен орындалады. Талдау: Жаттығу ұнады ма? Не ұнамады? Не қиындық келтірді? Қандай әсер алдыңыздар?

«Ортақ портрет»

Оқушылар өз тобының ортақ портретін құрастырады. Бұл үшін олар топ құрамындағы оқушылардың арасында дене мүшелерін бөліп (мәселен, біреудің көздері мен қолдары, екіншісінің құлақтары мен иықтары, үшіншісінің шашы мен аузы, төртіншісінің мойыны мен мұрыны т.с.с), оларды біріктіріп, ауызша сипаттайды. Әрине, әдеттегідей сипаттардың барлығы да жағымды тұрғыдан болуы керек, мұнда оқушылардың бірін-бірі мақтағаны дұрыс. Топтар өз портреттерін сыныпқа оқып береді.

«Орынсыз жауаптар»

Оқушыларға кезекпен кез келген сұрақ қоюға рұқсат етіледі. Бірақ жауап беруші тікелей ол сұраққа жауап бермейді. Мысалы: «Сағат неше болғанын айтып жібере аласыз ба?» - «Рақмет, мен түстеніп алғанмын» «Марста тіршілік бар деп ойлайсың ба?» - «Маған ертегі оқығанды ұнатамын» Сұрақтарды бүгінгі өтілген материалды еске түсіруге арнап құрастырғызуға да болады.

«Өзгертулерді тап!»

Оқушылар жұптарға бөлінгеннен кейін оларға мынандай тапсырмалар беріледі: Жұбыңызға қарама-қарсы тұрып, бір-біріңізге 10-15 секундтай қарап алыңыздар. Енді сырт айналып, бір-біріңізге арқа беріп тұрыңыздар. Сыртқы пішініңізге (киімініңізге, шашыңызға) қандай да болмасын 3 өзгерту (немесе 5-те болады) енгізіңіз. Бұл жерде оқушылар шаштарының жатуын өзгертіп, сыртқы киімін, сағат, сырға немесе көзілдірігін шешіп немесе киіп, сыртқы пішіндерін өзгертулері керек.

Екі жақ та өзгертулерді аяқтағанда, бір-біріңізге қараңыздар да, сол өзгертулерді табыңыздар.

Міне , осы ұсынылған педагогикалық әдіс-тәсілдер сіздің оқушыңыздың әдебиетті, көркем шығарманы оқып, рухани азық алуына ықпалы бар екені сөзсіз!

Бүгінгі күнде білім мазмұның қалыптастыру кезеңінде кез келген мамандық иесі жаңа ақпараттық технологиясыз жұмыс атқара алмайды. Осы кезде біздің басты мақсатымыз - ақпаратты өзі ізденіп табатын және сарапқа салатын, өз білімін жетілдіре алатын оқушыларды тәрбиелеу. Қорыта келе қазіргі ХХІ ғасыр компьютер мен техниканың дамыған заманында, өз ұлтының көркем тілінің кәусерінән қанып ішкен ұл мен қыз шын мәнінде елінің толыққанды мәдениетті азаматы болатынын естен шығармағанымыз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Ермекова Т.Н, А.А.Қасымбек, Н.О.Абдижаппарова, А.Б.Бипажанова «Қазақ тілі мұғалім кітабы» «Арман ПВ», 2016
- 2.Жұмабаев М.. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992.
- 3.Сыздықова Р., Б. Шалабаев, Көркем тексті лингвистикалық талдау, А., «Мектеп», Исабекова А.К. «Деңгейлік курстарда қолданылатын психологиялық тренингтер жинағы» Көкшетау,2014
- 4.Кәрішалова К. Кітапхана жаңа ғасыр мәдениетінде (балалар әдебиеті проблемалары)// Саясат. - №3. - 2006. - 28-29б.
- 5.Мектептегі кітапхана «Кітап-білім бұлағы» 2011ж.№5.10-11б

ТІЛДІ МЕНГЕРТУДЕГІ ТӨРТ ДАҒДЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ермаханова Кулархан Кенжебайқызы
№83 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Шымкент қаласы

Мектеп қабырғасында отырған өскелең жас ұрпақтың озық ойлы, функционалды сауаттылығы жоғары, рухани тәрбиесі биік, саналы жеке тұлға болу жолындағы ізденістер мен ғылыми еңбектер қатары көбеюде. Осы тұста педагог қызметкерлер шәкірттерінің алғыр да өмір сүруге қабілеттілігін, жалпы өзіндік көзқарасын, ұстанымы мен сенімін қалыптастыруда үнемі еңбектеніп келеді. Жаңартылған білім мазмұны негізінде біліктілігімді арттырып, көптеген әдіс-тәсілдерді өз тәжірибемізге енгізіп оң нәтижелерді байқап, мемлекеттік тілді оқушыларыма меңгертуде көп көмегін беріп келеді.

Тілді меңгерту барысында соңғы уақыттарда жиі айтылатын төрт дағдыға ерекше тоқталғанды жөн санадым. Олар: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым. Ең алдымен, бұл төрт дағды бір-бірімен тығыз байланыста болады. Сабақ барысында осы аталмыш дағдылармен жүйелі түрде жұмыс жүргізілсе, оқушылардың тілді меңгерулеріне, функционалды сауаттылықтарын қалыптастыруға септігін тигізеді. Қазіргі таңда оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруларына ықпал етудің арқасында, сабақ барысында белсенділік пен көшбасшылық қабілеттерін байқатып, еркін білім алуға қадам басып келеді.

Қазақ халқының «Тыңдаусыз қалған сөз жетім» деп айтылуында да үлкен мән жатқан секілді. Тыңдалым білім алу барысында үлкен рөл атқарады. Сабақтың кіріспе, негізгі немесе қорытынды бөлімдерінде оқушы тыңдаған мәліметтері мен үнемі байланыс жасап отырады. Бейне баянды ұнтаспадан немесе өз аузымнан оқылған мәліметті оқушы тыңдап, мазмұнын түсініп, нақты ақпаратты алып, детальдарына мұқият үңіліп, көңіл-күйін анықтап, сөйлеушінің қарым-қатысына, сөйлеу барысында сөйлемдердің грамматикалық құрылымына назар аударып отырады.

Оқушылар тыңдалымнан кейін алған мәліметтерін қайта еске түсіріп, жана сөздерді, жалпы мазмұнын, нақты мәліметтерді айтып, талқылауға арналған сұрақтарға жауап беріп, өз өмірлерімен байланыстырып отырады. Міне осыдан бастап тілді қабылдап үйренеді. Ал сол тілді қолданып сөйлеу барысында көрініс табатын дағдының бірі - айтылым. Оқушылар осы тұста сұрақтарға жауап беріп, сыныптастарының сөзін байқап, түзетулер енгізіп, сөздерін жоспарлап, орнымен дұрыс қолдана білуді, кезек алып сөйлеуді, жест, мимиканы қолдану тағы да басқа бірнеше әрекеттерді орындайды.

Айтылым дағдысында жиі қолданыс табатын бұл әрекеттер оқушының тілді еркін меңгеруіне, өзін-өзі реттеуіне септігін тигізді. Орыс бөліміндегі оқушылардың қазақ тілінде таза әрі сауатты сөйлеуін дамытуда жаттығулар орындатып, берілген бір сөзге бірнеше сөз тіркесін жасап, сөйлем құрастыруына түрткі болып, бірнеше рет қайталату арқылы есте сақтауын басты назарда ұстаймын. Үй тапсырмасынан тыс оқушылар көрген ертегілерін немесе тарихи деректерді баяндату арқылы айтатын сөзін дайындап, ойын жинақтап, алдын ала дайындық жүргізуіне мүмкіндік беріп, қолдау көрсетемін. Себебі айтылым, сөйлесім дағдысы тілді меңгерушілерге ең басты құралдың бірі.

А.Байтұрсынұлы былай деген: «Жаза біліп, оқи білмейтін де адам бола ма? - Жоқ. Жаза білетін демек, оқи да біледі деген сөз». Өз тәжірибемдегі жиі қолданатын әдістерімді оқылым дағдысына негіздеп мақсатқа сай әрекет етуге талпынамын. Оқылым дағдысын қарапайым тілмен түсіндірсек, жазба тілдегі мәтінді түсіну. Оқылым да, жазылым да тілдің графикалық жүйелері арқылы берілетіндіктен, оқылым жазылыммен тығыз байланысты. Сондықтан тілді меңгертудің алғашқы бастауларында оқылым мен жазылымды өзара байланыстыра қолдану әлде қайда ұтымдырақ бола түседі.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

Қазақ тілі сабағында ақпараттық технология арқылы берілетін білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге, қазақша тілдік қатынасты игеруге мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияны қолдануда, әдетте шынайы өмірлік жағдайлар келтіріліп, бірігіп шешу мәселелері ұсынылады, рольдік ойындар пайдаланылады, білгірлігінің қалыптасуы барысында жеке белсенді позициясын қалыптастыруға жағдай тудырады, қарым-қатынас дағдыларын орнықтырады, сыни тұрғыдан ойлауға үйретеді.

Демек, ақпаратты технологияны оқу үрдісіне енгізу тіл үйретуде тиімді. Тыңдап - түсіну, көріп - байқау құралдарының концепциясында оқыту былайша орналасады: тыңдау - сөйлеу - оқу - жазу. Оның ішінде ауызша қабылдау (тыңдау мен сөйлеу) әрдайым ілгері шығып отырады.

Тыңдап - түсіну, көріп - байқау құралдарының ішінде сабақ берудің барлық сатысында қолдануға болатын түрі - аудио құралдар, радио мен теледидардың хабарлары, сұхбаттар жазылған ұнтаспа, т.б.

Мәтінді оқу барысында белгілі бір нақты ақпаратты табу, детальды түрде оқу, мәтіннің түріне қарай ажырату, бейтаныс мәтінге болжам айту сияқты тағы да бірнеше ішкі дағдыларына сай білімдерін толықтырып жұмыс жүргізеді. Демек оқушы бір мәтіннің аясында бірнеше жұмыс жүргізіп, мәтінге немесе суретке, үнсіз бейне таспаға қарап өз болжамын айтып, мәтіннен белгілі бір детальды тауып оқып, бейтаныс сөздердің мағынасын біліп, стилін анықтайды, бір-біріне топтық жұмыста түсіндіріп, топтасып жұмыс жасайды. Өзіміз сабақ беретін сыныптарға қазақ тілі пәнінен белгілі бір мәтінді бірнеше бөлікке бөліп, тыңдалымнан кейін бөлінген мәтінді дұрыс құрастыру немесе бөлімге бөліп мәтінді басынан соңына дейін дұрыс орналастыру, сұрақты оқушы шатастыратындай етіп қоя отырып, мәтінге мұқият үңіліп оқуына түрткі боламын. Оқушылардың мәтінді жан-жақты оқып, талқылауы арқылы тілді меңгерулеріне болатыны тәжірибеде айқын байқалуда.

Тілді қолданып сөйлеу немесе жазу продуктивті дағдылар қатарына жатады. Жоғарыда айтылғандай, оқылым мен жазылым қатар жүреді. Тіл үйренушіге әріптер мен сөздерді пайдалана отырып сөйлем құрай алуы маңызды қадам. Сөздерді орынды пайдаланып, сөйлемдер құрап өзінің ойын, түсінгенін қағаз бетіне түсіре алу жақсы нәтижеге қол жеткізудің баспалдағы. Жазылым барысында оқушы орфографиялық қатесіз жазуға, әріптерді дұрыс жаза білуге, пунктуацияны дұрыс қолдануға, абзацты дұрыс ұйымдастыра білуге, стилді дұрыс таңдай алуға, сауатты жазуға біртіндеп үйрене бастайды. Әрине, күнделікті сабақ барысында осы дағдыларды үнемі тиімді қолданар болса, өзінің тиімділігін уақыт өте келе көрсетеді. Оқушы бойында шапшаңдық, алғырлық, өзіне қажет мәліметтерді тыңдап, ойын жеткізе алу, қатесіз оқуға және сауатты жазуға деген бірнеше өзгерістерімен қоса дағдылары да дами түседі.

Мәтінмен жұмыс барысында аталмыш төрт дағдыны қатар тиімді әрі оқушылардың деңгейіне сай жүргізуге болатынын байқадым. Бір мәтін аясында бірнеше тапсырманы орындап, оқушының тілді меңгеруіне айтарлықтай оң ықпалын тигізеді.

Тұла бойы ұлттық тәрбиеге тұнып тұрған ұлт жанашырын тәрбиелеуде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерінің атқарар ерен еңбектері көп. Өз ана тілінің бүге-шігесіне дейін баланың бойына дарытып, көкейіне құйып, санасына сіндіру - үлкен жауапкершілікті жүктейді. Бұл жауапкершілікті қалт жібермей мүлтіксіз орындау маған сын. Осы сынға сыни қарап, алға ұмтылу мені үнемі мақсатқа жетелейді. Ғасырлардан жылжып, тарихтан сүрінбей келе жатқан ана тіліміздің кемеліне жетіп толысуына үлес қосқан алаш зиялылары, ақын-жазушылар, ғұламалар әрбір баланың санасына жетіп, есінде сақталуы қажет. Олардан қалған ғұмырлық қазынаны тіл арқылы аманаттаймыз.

Бұл, әрине, тіл жанашырларының және қазақ әдебиеті мұғалімдерінің тынымсыз еңбегінің нәтижесінде келер ұрпаққа жетіп отыр емес пе? Төл тіліміздің қыр-сырына үңіле қарап, дыбыстың ерекшелігіне дейін меңгерту нәтижесінде сауатты ұрпақ тәрбиелейтініміз жасырын емес. Бұл тағы да тіл мамандарына міндеттелген. Сондықтан қызын арға, ұлын нарға балаған қазақ арасында өз ойын сауатты жаза да, сөйлей де білетін, сөйлеу мәдениетін жетік меңгерген текті ұрпақ тәрбиелеуде, қымбатты біздің әріптестеріміз, сіздердің де қосып жатқан үлестеріңіз ұшан теңіз деген сенімді пікірдеміз!

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Акимова Т.А, Т.М.Копжасарова, З.Т.Кашкенова, Г.У.Дарменова «Разминки для тренингов» АОО НИШ ЦПМ, Астана, 2015
- 2.Ақшолақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы. 1993ж /2, 63-бет/
- 3.Ақшолақов Т., Шығарманың көркем айшықтарын таныту, А., «Жазушы», 1998.
- 4.Ақшолақов. Т.Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. Алматы. 1975ж.
- 5.Әбдезұлы Қ., С.Ч.Тұрсынғалиева «Қазақ әдебиеті әдістемелік нұсқау» «Арман ПВ», 2012
- 6.Әлімов А.Х. «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана «НЗМ»ДББҰ, 2014

«САБАҚТА ТИІМДІ КЕРІ БАЙЛАНЫС БЕРУДІ ЖҮЙЕЛІ ҰЙЫМДАСТЫРУ»

Төлеуіш Жазира Мақашқызы
Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы,
А.С.Пушкин атындағы орта мектептің мұғалімі

Мемлекет басшысы «100 нақты қадам» ұлттық жоспарында экономикалық өсудің түбегейлі, негізгі сапасы ЭЫДҰ (Экономикалық Ғылымды дамыту ұйымы) елдерінің стандарттары негізінде адам капиталының сапасын көтеру екенін атап көрсетті. Аталған бағытты жүзеге асыру білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңартуды көздейді. Осы мақсатқа сай ұстаздарымыз ғылыми-әдістемелік біліммен қаруланған, білікті маман, шебер мұғалім болуы керектігі айдан анық. Ақын Абайдың: «... Білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі - мұлахаза (ойласу, пікір алысу) ..., екіншісі - берік мұхафаза (сақтау, қорғау)... Бұлар зораймай, ғылым зораймайды», - деген сөзі осының дәлелі іспетті. Мұғалімдердің іс-тәжірибесін бөлісу мақсатында осындай іс-шаралардың аудан, облыс, республика көлемінде өтуі нұр үстіне нұр болып тұр десек, артық болмайды.

Адам баласы кез келген жұмысты аяқтағаннан кейін өзінің жанындағылардан бұл жұмысты қалай жүргіздім, ойлаған жоспарым жүзеге асты ма? Тағы да қандай тұстарына назар аударуым керек?-деген сауалдарды

қояды. Әрине, жаныңдағылар өздерінің пікірлерін ортаға салады. Кері байланыс кез келген салада жүргізіледі. Соның ішінде білім беру саласында мұғалім әрбір тапсырманы орындағаннан кейін кері байланыс жүргізеді. Мұғалім оқушыға, оқушы оқушыға, оқушы мұғалімге кері байланыс береді.

Менің іс-әрекетімдегі мақсатым: өз білім алушыларымның жұмысына сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруді жүйелі қолдану. Қойған мақсатыма сәйкес биылғы 2018-2019 оқу жылында өзім сабақ беретін 5-8 сыныптармен оқу үдерісінде жаңартылған білім мазмұны аясында тиімді кері байланыс беруді жүргізуге аса жауапкершілікпен кірістім. Менің түйгенім ең алдымен, мұғалім кері байланыс жасауға оқушыларын дағдыландырып алуы қажет. Сонда ғана бұл оң нәтиже береді. Оқушылардың ой-өрісінің дамуы оқу үдерісі кезінде болады, ол оқушының өз бетімен толықтыруы мен өзін-өзі дамытуды қамтиды. Оқушы білім алудың мақсатын саналы түрде түсінсе ғана белсенді бола алады. Қолайлы оқу үшін адамдарға кері байланыс пен мадақтау қажет, сондықтан кері байланыс жүргізілуі тиіс.

Кері байланыс дегеніміз не ? Кері байланыс сабақтың қандай кезеңінде жүргізіледі?

Кері байланыс – белгілі бір оқиға немесе әрекетке жауап беру, үн қату, пікір білдіру. **Кері байланыс** сабақтың өн бойында қолданылады, мұғалімнің білім алушылармен үздіксіз өзара әрекет етуін жүзеге асыруға, нәтижесінде оқу үдерісін түзетіп, сабақты әрі қарай жоспарлауға мүмкіндік береді. Кері байланыс кезінде мұғалімдер мынадай жайттарды назарда ұстауы керек:

- білім алушылардың жақсы жақтарын ескеруі;
- тапсырманың дұрыс орындалмағанын нақты түсіндірмей тұрып, «олай емес», «дұрыс емес» деген сөздерді қолданбауы;
- білім алушылардың жұмысын жетілдіру немесе кемшілік тұстарын жөндеудің жолдарына ұсыныс беруі;
- кері әсер ететін сөздерді, білім алушыларды кекету, келемеждеуге қатысты, мысалы, «орынсыз жауап», «осыны ойлауға ақылың қалай жетті» деген сияқты сөздерді мүлдем қолданбауы ұсынылады.

Кері байланыс оқушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді. Яғни, оқушылардың жетістіктері мен кемшіліктері туралы хабардар етеді. **Кері байланыс** сабақтың соңында ғана емес, сабақ барысында оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізіліп отыруы керек. Кері байланыс мақсаты-еске түсіру, өзінің сабақ бойындағы іс-әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Мұғалім оқушының кез келген **кері байланыс** парағын оқи отырып, жұмысының сәтсіз шыққан тұсын және сәтті шыққан қадамын, ендігі іс-әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдын-ала біледі. Сонымен қатар **кері байланыс** парағы арқылы оқушының үніне құлақ түріп, оқу мен оқытудағы кездесетін кедергілерді айқындап, келесі оқытуға бұдан да жақсырақ дайындалуына түрткі болады. Бұдан келіп шығатын қорытынды кері байланыс тұлғаға емес, тұлғаның іс-әрекетіне берілетіндігін есте ұстау. Кері байланысты жасағанда: кері байланыста жұмысымызды

жақсартудың ең тиімді нысаны ретінде сабырлылық таныту, кері байланыстың субъективті болатынын ескеру, кері байланыс жасалған істі бағалау емес, не жасалу керектігін көрсету. Сонымен бірге кері байланыс оқумен оқытудың қалай жүріп жатқандығын, оның сапасын анықтауға мүмкіндік береді.

Берілген кері байланысыңыз өзіңізге де, оқушыға да тиімді болуы үшін мына үш сұрақтарды негізге алғаныңыз дұрыс:

Мұғалім

- Оқушылар оқытудың қай сатысында?
- Олар білім алуда неге талпынады, даму бағыттары қандай? / Оқушы неден қателесті?
- Бұған жетуге көмектесу үшін не істеу керек?

Білім алушы

- Мен оқытудың қай сатысында тұрмын?
- Нәтижеге қалай қол жеткіземін? / Мен неден қателестім?
- Кемшіліктерімді жою үшін не істеуім қажет?

Кері байланыстың қандай түрлері бар?

Оқу үдерісінде кері байланыстың ауызша, жазбаша, графикалық немесе кез келген басқа түрде берілуі мүмкін. Кері байланыс берудің жиілігін, формасын, көлемін әр мұғалім өз шеберлігіне қарай анықтауына болады.

Оқу үдерісінде кері байланыстың маңызы қандай?

Мұғалімнің іс-әрекетіндегі қалыптастырушы бағалау үдерісі кезеңдерінің бірі кері байланыс беру. Кері байланыс тиімді әрі пайдалы болғаны дұрыс. Бұл арқылы оқушы өзінің олқы жақ тұстарын түзетуге, оқу жетістігін әрі қарай жетілдіруге мүмкіндік алады. Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, тоқсан барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды, мұғалім мен оқушының арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі.

Бағалау нәтижелері кері байланыс түрінде ауызша, жазбаша, графикалық түрде оқушыға және ата-анаға беріледі. Қалыптастырушы бағалау кезінде оқушылардың қателесуіне, оны түзетуіне құқығы бар. Бұл білім алушылардың мүмкіндігін анықтауға, қиыншылығын табуға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, дер кезінде оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді. Өзім сабақта қолданатын кері байланыс түрлеріне тоқтала кетейін.

Қалыптастырушы бағалаудағы кері байланыстың тиімді әдістері: Қолмен белгі беру: Мұғалім түсіндіруін тоқтатып, қолды көтеру арқылы материалды түсініп немесе түсінбей отырғанын айғақтайтындай белгі беруін өтінеді. Белгілер алдын ала келісіледі. Мысалы:

- қолдың бас бармағы жоғарыға қарай бағытталған: мен бәрін түсіндім және түсінгенімді айта аламын;
- қолдың бас бармағы төменге қарай бағытталған: мен әлі түсінген жоқпын;
- қол бұлғау: мен өзіме сенімсізбін;

Мұғалімнің білім алушыларға қосымша сұрақтар қоюына болады, мысалы, кім өзіне сенімсіз? кім түсінбеді? кім түсінді?

Бағдаршам: Әр білім алушының қолында бағдаршамның үш түсі көрсетілген парақшалар болады. (барлығы түсінікті – жасыл, сұрағым бар – сары, түсініксіз – қызыл).

Жинақтау парақшасының индексі: Мұғалім білім алушыларға екі жағында да көрсетілген тапсырмалары бар парақтарды жиі таратып отырады:

1-беті: Өткен тақырып бойынша негізгі идеяларды атап шығыңыз

(бөлімдер, тақырыптар) және оны қорытып айтыңыз.

2-беті: Өткен тақырыптан тағы нені түсінбегеніңізді анықтаңыз (бөлімдер, тақырыптар) және өз сұрақтарыңызды құрастырыңыз.

Бір минуттық эссе: Білім алушылардың оқу материалын меңгергенін кезең-кезеңмен қадағалау үшін сабақтың кез келген уақытында қолдануға болады. **Мұғалім қоюы мүмкін сұрақтар:**

- Ең бастысы (бүгін) сіз не білдіңіз?

- Есіңізде не қалды?

- Қандай сұрақ сіз үшін түсініксіз болды?

Үш минуттық үзіліс: Мұғалім білім алушыларға сабақты түсінуін, идеясын, өткен тақырыппен байланыстылығын, білімі мен тәжірибесін, сондай-ақ түсініксіз тұстарын анықтау үшін ойлануға мүмкіндік беретін үш минуттық үзіліс береді.

Мысалы: ... туралы көп білдім

Мен бұған таң қалдым, себебі ... □

Мен сездім.

Мен қарадым.

Температураны өлшеу: білім алушының тапсырманы қаншалықты орындағанын анықтау үшін қолданылады. Ол үшін мұғалім білім алушыларды тоқтатып, сұрақ қояды:

Біз не істеп жатырмыз?

Білім алушы осы сұраққа жауап береді, тапсырманың орындалу жолы, оны орындау үдерісі туралы ақпаратты ұсынады.

Қорытындылай келгенде, кері байланыс- нәтижелі білімнің жоғары көрсеткіші екенін бүгінгі күндегі оқушылардың жеткен жетістіктері арқылы толық сеніммен айта аламыз. Бүгінгі таңда күнделікті сабақтарымда кері байланыс жасауды дағдыға айналдырып келемін. Кері байланыс арқылы оқушының қажеттіліктерін біліп, оларды жинақылыққа тәрбиелеуге болатынын түсіндім. Сабақтағы оқушының ой-пікірін, көңіл-күйін біліп қана қоймай, сабақ мазмұнын қай деңгейде меңгергенін анықтауға болады. Сонымен, кері байланыстың тиімділігіне тоқталар болсақ:

Оқушылар үшін:

1. Оқушыны өз-өзіне есеп беруге баулиды;

2. Оқушының қажеттілігін біле аламыз;

3. Оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасады;

4. Білім беру барысының сапасын жақсартуға болады және кері байланыстың нәтижесінде оқушының сыни көзқарасы қалыптасады, өз-өзіне баға бере алады.

Мұғалімдер үшін тиімді жағы:

1. Оқытудағы кемшін тұстарын анықтайды;

2.Келесі сабақтың жоспарына өзгерістер енгізуге, түзетуге яғни оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін таңдауға мүмкіндік береді;

3.Уақытты үнемді пайдалануға мүмкіндіктер береді.

Сөз соңында мен өз білім алушыларымның жұмысына сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруді жүйелі қолдана аламын деген сенімдемін..

Пайданылған әдебиеттер:

1.Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша. Оқу-әдістемелік құрал/ О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциялауымен – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016. - 54 б.

2. Қалыптастырушы танымдық кері байланысты ұйымдастырудың тиімді жолдары:Әдіст. құрал. / Т.Д. Каирова. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 50 б

3.«Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» журналы №8-9 2015 жыл

САБАҚҚА ҚОЙЫЛАТЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҚСАТТАР. SMART МАҚСАТ

**Ермаханова Кулархан Кенжебайқызы
№83 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Шымкент қаласы**

Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының жаңартылған бағдарламасы бойынша курсынан өткеннен кейін сабақ беру үрдісіне деген көзқарасымыз өзгере бастады.

Мұғалімнің рөлі басқарушы емес-әріптес, сөйлеуші емес-бағыт беруші екенін ұқтық. Жаһандану процесі жүріп жатқан заман талабына сай жан-жақты қарастыруды қажет ететін өзекті мәселелерінің бірі–білім беру, білім-қай кезде де біздің жарқын болашағымыздың кепілі. Қазіргі заман мұғалімі қандай, оқушыларымыздың білім сапасы қай деңгейде?Ал заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін игеріп қана қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал ХХІ ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні - осында.

Жаңартылған бағдарламадан күтілетін нәтижелер мұғалімдерді оқушыларға қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел уәждерін нанымды жеткізе алатын, ынталы, сенімді, сыни пікір көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыруға даярлау болып табылады.

Ақпараттық қоғамның сөздік қорында тағы да бір жаңа ұғымдар - Smart, Smart education ұғымдары белсенді түрде еніп келеді. Smart education ұғымы тіпті көптеген елдерде іс жүзінде жиі қолдануда. Smart education ұғымының негізгі мәні неде? Сөздің түбіріне келетін болсақ, «SMART» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «зерек», «ақылды» дегенді білдіреді. Смарт - бұл неологизм,

сын есім ретіндегі негізгі мағынасы - парасатты, тапқыр, ақылды, ал зат есім ретінде - ақыл, алғырлық, зеректілік деген мағынаны білдіреді.

Нақ осы оқыту жүйесі қазіргі әлемнің мүмкіндіктері мен міндеттеріне сәйкес максималды білімнің жоғарғы деңгейін қамтамасыз етіп, жастардың тез өзгергіш қоғам жағдайына бейімделуіне, оқулықтан нақты белсенді әрекетке негізделген білім алуға мүмкіндік береді.

Енді, мақсат сөзін білім беру жүйесінде қарастырып көрейік. Осы сөзбен ең көп бетпе бет кездесетін мамандықтың бірі мұғалім десек қателеспейтін шығармыз. Олай болса, өз мамандығымыз туралы ой бөлісейік.

1. Мұғалімнің ең басты функционалдық міндеті не деп ойлайсыз? (білім беру)

2. Білім беру не арқылы жүзеге асады? (сабақ)

3. Сабақ беру үшін біз қандай әрекеттерді орындаймыз? (сабақ жоспарын жазу)

4. Сабақты жоспарлау үшін сіз ең алдымен не істейміз? (мақсат қоямыз)

5. Сабақтың мақсатын анықтауда не нәрселерге көңіл бөлуіміз керек деп ойлайсыз? (сыныптың білім деңгейіне, қабілетіне, психологиялық ерекшеліктеріне)

6. Дәстүрлі оқытуда біз сабақтың қандай мақсаттарын белгілейміз? (тәрбиелік, білімділік, дамытушылық)

7. Сабақтың мақсатын қою мұғалімнен нені талап етеді? (жауапкершілікті)

Мен сөз еткелі отырған «SMART» ұғымы мақсат туралы болмақ.

Стронг "Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға мұғалім" деген болатын. Алайда тамыры тереңге кеткен ұстанымдар мұғалімнің жаңашыл идеяларды қабылдау қабілетін шектеуі мүмкін. Сондықтан жаңашыл идеяларды танудан және тәжірибе жасаудан жалықпағанымыз абзал. Осы орайда мұғалімнің жұмысы дұрыс мақсат қоюдан басталатынын айтқым келеді.

Мақсат дегеніміз не, ол не үшін қажет? Көптеген ғалымдардың берген анықтамалары бойынша мақсат дегеніміз:

- болашақ нәтижені суреттеу;
- неге қол жеткізу керектігінің бейнесі;
- белгілі бір анықталған күш қайрат жұмсалатын және ұйымдастырылған іс әрекет талап етілетін күтілетін нәтижелер жиынтығы
- бұл индивидумның өз күштерімен қол жеткізе алатын келешектегі шындықты суреттеуі.

SMART мақсаттары мен міндеттері

SMART оқыту мақсаты мен міндеттерін анықтауда қолданылатын, 1981 жылы Джордж Доран енгізген ұғым. Автордың айтуынша, SMART аббревиатурасының құрамында оқыту мақсаты мен міндеттерін сипаттауға тиіс сын есімдер қамтылған. «Smart» сөзін ағылшын тілінен қазақшалағанда ақылды, тіпті қу немесе тапқыр, епті деген мағынаны білдіреді.

Алайда, біз әңгіме жасағалы отырған жағдайдағы SMART ол сөз емес. Ол 1954 жылы Питер Друкер айналымға енгізген аббревиатура.

Specific- арнайы, нақты;

Measurable-өлшеуге болатын, шектеулі талап етушілік;

Attainable-қолжетімділік;

Realistic-шындыққа сай, қысқа да нұсқа берілуі;

Timed-белгілі бір уақыт арлығымен шектелген деген ұғымдарды білдіреді.

1. Specific Мақсат нақты болу керек деген алға қойылған мақсат екіұшты емес, айқын болу керек дегенді білдіреді. Атап айтқанда, «Жоспарды мерзімінен бұрын орындаймыз» деген мақсат айқын емес. Ал, ол айқын болу үшін егер жоспарды мерзімінен бұрын орындаймыз десек жоспарды мерзімінен қанша уақыт (сағат, тәулік, ай, жыл немесе т.б) бұрын орындайтынымыз нақтылануы керек.

2. Мақсат өлшенетін болу керек. Мысалы, «Жақсы адам болам» деген мақсатты өлшеу өте қиын, ал «Жоғары оқу орнына түсемін» деген мақсатты өлшеуге болады.

3. Мақсат қолдан келерлік болу керек. Мақсатты жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған ба? Мысалы, негізгі мектепті тәмәмдап «Мен биыл жоғары оқу орнына түсемін» деген мақсат- қолдан келмейтін нәрсе.

4. Мақсат шынайы болу керек. Алға қойған мақсатты іске асыра алатындай мүмкіндіктер болғаны жөн. Мысалы, елуге келгеннен соң «Мен космонавт(турист емес) болам» деген мақсат- бұл жаста қол жетпейтін жағдай.

5. Мақсаттың мерзімі анықталған болу керек.

Мақсат қоюды қарапайым өмірден алынған мысалмен түсіндіріп көрелік. Сыртта аяз, үйдің іші салқын болса, мен «Отынмен үйді жылытуым керек» деген мақсат қоямын. Осы қойылған мақсат дұрыс па? Жоқ, себебі мақсат нақты емес, немен жылытуым керек екенін білмеймін. Ал SMART бойынша жүйелесек:

Мысал 1:

Мақсат: Ағашпен үйді жылыту.

Міндет:

1. Ағашты кесу.
2. Үйге әкелу.
3. Отты тұтату, жағу.

Нәтиже: Үй жылынды.

Мысал 2:

Мақсат: «Информатикадан білімін жақсарту»

Қандай міндет қояр едіңіз? Күтілетін нәтиже қандай болмақ?

Мақсаттың талдауы:

Нақтылы емес. Өлшеу қиын, мерзімі көрсетілмеген. Ол 40 минутта орындала ма?

Міне, осылайша біз мақсат қойған кезде оның SMART мақсат бойынша сипаттарына жауап берсек, жұмысымыз да соғұрлым нәтижелі болмақ.

Дәстүрлі сабақ беру әдістемесі бойынша біз үш мақсатты белгілеп жүрдік.

Ол үш мақсаттың орындалғаны маңызды емес, көп болып жазылып тұрса, көп жұмыс жасайтын сияқты түсінікке шырмалып қалғанбыз. Мысалы, қазақ тілінен тақырыпқа қатысты жаттығуларды қарап шығамыз да, еңбек туралы мақал болса, оқушыларды еңбекке тәрбиелеу деп мақсат жаза саламыз. Ал ойсыз жазылған мақсаттан нәтиже шықпасы белгілі. Бұрынғы сабақ беру жүйесіндегі сабақтың мақсаты мен SMART мақсат бойынша құрылған сабақты салыстырып қарайық.

Оқыту мақсаттары - мұғалімдер оқушыларға үйреткісі келетін мәселелер:

- Сіз оқушылардың нені білгенін қалайсыз?
- Олар қандай түйінді идеяларды түсінгенін қалайсыз?
- Өзіңіз ойлаған қандай сұрақтарды оқушылардың оқығанын қалайсыз?

Оқыту нәтижелері Сіздің табысқа жеткен-жетпегеніңізді көрсетеді :

- олар оқушыларға бағытталуы керек;
- көп жағдайда дағдыларды сипаттайтын нақ осы шақтағы етістік түрінде келеді;
- оқушының жетістігі тұрғысынан жазылған.

Оқушылардың жақсы білім алуын, табысты оқуын, ақыл-ойының дамуын жоғары дәрежеде ұйымдастыру егеменді елімізді одан әрі дамытатын азаматтарды тәрбиелеуде маңызды қадам болып табылады. Джон Кеннедидің «Ұлттың дамуы толығымен білім сапасының дамуына тәуелді» деген ұлы сөзі бар. Демек, мақсатты дұрыс қою арқылы біз сол сабақтағы жұмыстың нәтижесін болжаймыз. Сабақты өткізген соң мақсатымызға қайта оралып, оқыту тиімділігін анықтай аламыз. SMART мақсатқа сай құрылған сабақ табысты оқытудың кепілі болмақ. Мұғалім жұмысында әдістемелік тақырыпты таңдап алып, сол бағытта жұмыстанамыз. Кейде сол тақырыптың атын ұмытып қалып, мұғалімдердің "Білмеймін, бірлестік жетекшісі біледі" дегенін де естіп жүрміз. Ол неліктен? Себебі тақырып та, мақсат та дұрыс тандалынбаған. Ал мұғалімнің қызығушылығын оятпаған тақырып оқушыға қажет пе? Бұл ойланатын жағдай. Сондықтан әрбір жұмысты бастаған кезде "Мен нені нақты жүзеге асыра аламын, менің қолымнан не келеді?" деген сұраққа жауап беріп, кіріскеніміз дұрыс. Мақсатымыз аз болған сайын нәтиженің нақты және сапалы болатынына менің көзім жетті.

Мақсат жұмыстың нәтижесін анықтайды. Мысалы оқушы сабақ сұраған кезде мұғалімнің өткен сабақта айтқанын оқушы қайталаса, ол көшірме болып саналады. Ал Дербес компьютердің даму тарихы тақырыбын өткеннен кейін, оқушы "Адамзаттың ойлап таппайтыны жоқ" десе, ол бағалап отыр. Оқушы мұғалім берген білімді тек тұтынушы емес, өндіруші болса ғана, біздің мақсатымыздың орындалғаны. Оқыту нәтижесіне бізді SMART мақсатқа сай құрылған сабақтар жеткізеді деп ойлауға негіз бар. Әр жұмысты аяқтаған соң, қойған мақсатымызға қайта оралып, нәтижені сараптаймыз. Ғалымдар рефлексияны сананың «өткенге жүгінуі» деп сипаттайды. Ал өткенге жүгіну арқылы біз жаңа мақсат қойып, жаңа іске кірісеміз.

Ұлы Абай: "Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ!" деген еді. Бар өмірлік мақсатын төрт ауыз сөзбен түйіндеген ақынның берер жемісі азайып кеткен жоқ. Қаншама ғасыр өтсе де, сарқылмайтын кенге, таусылмайтын рухани азыққа айналды.

Мақсатты дұрыс қою- адам өміріндегі маңызды үдеріс, сол үшін оған күш те, уақыт та жұмсалуды керек. Егер де қойылған мақсатқа жеңіл түрде қолжетімділік болса, онда оның маңыздылығы басымдыққа жатпайды. Себебі оған оңай қол жеткізгеннен соң, тағы да жаңа мақсатты іздеу қажеттігі тұрады. Сондықтан мақсатқа деген талап өте күшті болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әлімов А.Х. «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана «НЗМ»ДББҰ, 2014
2. Байтұрсынұлы А., Тіл тағылымы, А, «Жазушы», 1992. Байжұманова Қ. «Оқуға ынталандыру-мұғалім біліктілігінде»// Қазақстан мектебі,2008ж.№1
3. Белинский В. Г // «Балалар кітапшалары туралы бірер сөз» 12-176.1989.

САРАЛАП ОҚЫТУ - НӘТИЖЕЛІ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕГІ

Анарбаев Берикхан Сыбанбаевич
Жамбыл облысы, Талас ауданы, мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Білім беру - әлемдік бәсекелестіктің ең алдыңғы сапында тұрған өзекті мәселелердің бірі.Сапалы білім сапалы мұғалім мен саналы оқушының бірлескен жұмысының нәтижесі екендігіне де талас жоқ. Бүгінгі күн сайын қарыштап дамып, жаһанданудың жаңа бір кезеңіне ұмтылған шақта білімді оқушы мен жаңаша дамып, жаңаша ойлай алатын мұғалімдерге сұраныстың жоғары болуының да себебі сонда жатса керек-ті.

Оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын оқыту тәсілдерінің маңызы өте зор. Мұғалімдер пайдаланатын әдіс-тәсілдер оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан өздерінің дағдыларды үйренуі туралы ой-пікірлерін білдіріп, оны талдай және бағамдай білуді талап етеді. Мұғалімдер оқушыларды өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі мол, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқу бағдарламаларын іске асыруда қолданылатын тәсілдердің бірі - саралап оқыту.

Саралап оқыту дегеніміз - бір материалды барлық оқушыларға әртүрлі оқыту тәсілдерін қолданып оқыту дегенді білдіреді және мұғаліммен әрбір оқушының қабілетіне қарай тапсырмаларды қиындық деңгейі бойынша жіктей отырып, сабақты ұйымдастыруды талап етеді. Сондай-ақ саралап оқыту мұғалімнің белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруда қолданылатын ресурстардың ішінен ең қажеттісін, маңыздысын, өзектісін, тиімдісін таңдап алу, саралап алу, сонымен қатар жоспарланған шараны жүзеге асыру кезіндегі оқушының әрекетін саралау, сол арқылы күтілетін нәтижеге бағыттау болып табылады.

Мұғалімдер "Саралау қай кезде жүзеге асырылады?" деген сұрақты жиі қояды. Саралау сабақты жоспарлаудан басталады.

1. Сабақтың тақырыбына сәйкес оқу мақсатын оқу бағдарламасындағы ұзақ мерзімді жоспардан дұрыс, нақты таңдау.

2. Оқу мақсатының нақты, шынайы, қолжетімді, өлшенген, уақыты шектеулі болуы, яғни, СМАРТ-қа негізделуі керек.

3. Оқу мақсатынан сабақ мақсатын нақтылау: оқушылардың барлығы, көпшілігі, кейбіреуі орындай алатын мақсаттарды анықтау.

4. Ойлау дағдыларының деңгейлерін анықтау: Блум таксономиясына негізделген білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау.

5. Оқу мақсатына сәйкес бағалау критерийлерін нақты құрастыру.

6. Бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмаларды саралап алу. Тапсырмаларды саралауда оқушылардың жас ерекшелігі, қажеттілігі, қабілеті, деңгейлері ескерілуі тиіс.

7. Тапсырмаларға сәйкес дескрипторды дұрыс, дәл, нақты құрастыру.

8. Сабақ соңындағы оқушының рефлексиясын ұйымдастыру.

9. Пәнаралық байланыс, сабақ үдерісінде қолданылатын ақпараттық – коммуникациялық құралдар, ресурстар, қалыптастырушы бағалау жүргізу тәсілдері – барлығы жоспар жасау барысында мұқият сараланып, жан-жақты талдаудан өткізілуі керек. Қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасауда сабақ үдерісі кезіндегі мұғалім мен оқушының әрбір әрекетіне жете мән беру маңызды.

Сабақты жоспарлаудан басталған саралау тәсілі ары қарай сабақ үдерісі кезінде жүргізіледі. Саралау барысында оқушылардың қабілеті, деңгейі анықталады. Тапсырманы орындау барысында оқушы да саралау жасайды.

Сыныптағы саралауды келесі жолдармен жүзеге асыруға болады:

1. Тапсырманы түрлендіру арқылы:

- білім деңгейі әр түрлі оқушыларды тапсырмалар мазмұнына сай қолдау (күрделендіру керек пе, әлде қолдау керек пе?);

- қажеттілікке қарай кесте, жаттығулар дайындау.

2. Дереккөздер арқылы:

- кейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей алады;

- дереккөздер талқылауға негіз болатын мәтін, қиын сөздер, күрделі идеялар болуы мүмкін;

- баспадан шыққан, электронды дереккөздер болуы мүмкін.

3. Білім алушылардың қарқынына байланысты:

- кейбір оқушы басқаларға қарағанда жылдам жұмыс істейді;

- қарқыны күшті оқушылар үшін қосымша тапсырмалар қолдануға болады;

- қарқыны баяу оқушылар үшін негізгі тапсырмаларды орындауға уақыт беріледі.

4. Топқа бөлу арқылы: Топ құруда пайдалы кеңестер:

- қиындық деңгейі, қолдау шамасы ұқсас оқушылар;

- талаптары әр түрлі оқушылар;

- кәсіби дағдыларына қарай топтастыру немесе сарапшы топ т.б.

Саралап оқытудың бірнеше тәсілдері бар. Мысалы, балаларға (жеке немесе топта) олардың меңгерген білімдеріне негізделген әртүрлі тапсырмалар беріледі. Мұның құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді.

Саралаудың тәсілдерінің нәтижесін оқушылардың тапсырмаларды орындауда дереккөздермен (ресурстар) жұмыс істеудегі, тапсырманы орындау

қарқынындағы, тапсырма қорытындысындағы, диалог және қолдау көрсетудегі, сонымен қатар бағалау және жіктеу барысындағы іс-әрекеттерінен көруге болады.

Осы тұста өзім өткізген сабаққа тоқталып өткенім жөн болар деп есептеймін. 9-сыныпта қазақ әдебиеті пәнінен Бейімбет Майлиннің ""Шұғаның белгісі" хикаяты" тақырыбында өткізілген сабақта саралау жұмыстары сабақтың өн бойында жүріп отырды. Алдыңғы білімге шолу кезеңінде "Білу", "Түсіну" деңгейі бойынша оқушылар "Сәйкестендіру" тапсырмасын орындаса, "Мағынаны тану" кезеңінде топ бойынша шығарма кейіпкерлерін типтік бейнелге қарай кейіпкерлерге топтастыру жүргізді. Сабақтың қорытынды бөлімінде РАФТ стратегиясы негізінде оқушылар өз таңдаулары бойынша рөлдерді таңдап алып, жазба жұмысын орындап шықты. Жұмыстар "Автор орындағында" презентацияланды. Жалпы сабақ барысында оқушылардың білім деңгейі сараланды. Сабақ барысында қолдауды көп қажет ететін оқушыға көмек ретінде дайын жауаптар ұсынылады. Оқушы тек «сәйкестендіру әдісі» арқылы сөйлемдер мен тіркес сөздерге тиісті қасиеттерді сәйкестендіреді. Қолдауды орташа қажет ететін оқушыға жауаптар ұсынылмайтын болғандықтан, олар өздері тауып жазады. Ал қолдауды мүлдем қажет етпейтін оқушы тапсырманы өз бетінше орындайды.

Жоғарыда көрсетілгендей сабақ барысында барлық оқушыларға бірдей тапсырма берілу керек, бірақ мұғалім олардың алдыңғы білімі мен тәжірибесін ескере отырып, оқушыдан деңгейіне сай нәтиже күтеді. Сондай-ақ оқушыларға бірдей тапсырма беріп, олардың жылдамдығын ескеріп тапсырманы орындау уақытын түрлі етіп беру қажет болады. Сонымен қатар саралаудың тағы бір әдісі бойынша оқушыларға бірдей тапсырма беріледі, бірақ оқушыларға көрсетілетін қолдау олардың деңгейіне, яғни қабілетіне сәйкес әртүрлі болады. Тапсырма беруде топтың немесе жекелеген оқушылардың әлеуеті ескеріледі. Тапсырма ортақ, бірақ ресурстар әртүрлі.

Саралап оқытудың білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың метасанасын дамытуға ықпалы зор. Саралап оқытудың негізгі принциптері ретінде оқушыларға білім беруді «қажеттен» «өте қызық» деңгейіне жеткізуді айтуға болар еді, яғни «Бұл сендерге қажет» деген мұғалім сөзінен оқушының «бұл маған қажетке» деген өзіндік түсінігіне жетелеу болып табылады.

Саралап оқыту – мұғалім мен оқушының ынтымақтастығын, қазақ тілі мен әдебиетті оқыту үдерісінің диалогтік сипатта, әрекеттік-шығармашылық сипатта өтуін, оқушының жеке тұлғасының дамып, қалыптасуын көздейтін дидактикалық үдеріс десек, оның дұрыс ұйымдастырылып, жүргізілген саралау нәтижесінде:

- мұғалімде әлсіздерге көмектесуге, мықтыларға назар аударуға мүмкіндік болады;
- қоғамдық нормаларға бейімделе алмайтын қиын балалармен тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік туады;
- мықты оқушылардың білім беру үдерісінде жылдам және тереңнен білім алуға деген ынталары жанданады;

- «Мен» тұжырымдамасы: мықтылар өз қабілеттеріне көз жеткізеді, әлсіздер оқудағы жетістіктерін сезінуге мүмкіндік алады, толыққанды емес комплекстен арылады.

Кэрол Энн Томлинсон саралап оқытуды балаларды жеке оқыту стильдері мен ұйымдастырылған оқу қызметі ретінде сипаттайды. Зерттеу нәтижелері бойынша, саралап оқытудың тиімділігі бұл әдістің оқуда әртүрлі қиындықтары бар балалардың немесе қабілетті, дарынды балалардың оқуына пайдалы болуында.

Барлық балалардың оқып-үйрену деңгейі немесе қабілеттері бірдей емес. Саралап оқыту алдын ала ойластырылған үдеріс болып табылғандықтан, ол әрбір баланың өзіндік оқып-үйрену стиліне сәйкес оларды табысты болуға көмектесуге бағытталады.

Бүгінгі білімдегі бәсекелестік жолындағы әлем елдерінің текетіресінде оқушыны сапалы біліммен қаруландыру барша педагог қауымының мойнына артылған аманат деп білеміз. Сондықтан сабақты дұрыс жоспарлап, саралау әдісі арқылы оқушылардың тапсырмаларды дұрыс орындау дағдысы артатын болса, нәтижеге жетудің бірден-бір жолы сол болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілді емес мектептердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы, Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.
2. Үлестірме материал. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.
3. Мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Астана – 2016 ж.
4. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі және әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар
5. Сыныпта сындарлы әңгімені ынталандыратын стратегиялар, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Астана – 2016 ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА НӘТИЖЕГЕ ЖЕТУ ЖОЛЫНДА ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ

Алжанбаева Назгуль Жамалбековна

Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қарымбай Қошмамбетов атындағы негізгі мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған көкейтесті мәселелерінің бірі білім сапасын арттыру, оның әдістемесін жетілдіру жас ұрпақтың тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау. Осыған сәйкес бүгінгі күн талабы - баланың ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, тілін дамыту, заман

талабына сай оны жүйрік етіп тәрбиелеу. Мектептегі білім беру міндеттерінің негізгісінің бірі – оқушыны шынайы әлем жағдайындағы өмірге дайындау, бүгінгі оқушыны әлемде болашағына дұрыс таңдау жасай алатын, сондай-ақ, өзінің өміріндегі өзгерістер ағымына икемделе білетін қабілетіне байланысты өмір сүру тәртібі күтіп тұр. Мұғалім оқушылардың алған білімдерімен жұмыс істеу оны әрі қарай өңдеу, дағдыларын арттыруға мүмкіндік жасау, бағыт-бағдар беріп отыруы тиіс. Осы орайда оң нәтижеге қол жеткізу үшін алдымен мұғалім сабаққа мақсат қойып алуы қажет. Яғни сабақ мақсатын және оқу мақсатын анықтап алып оқушылармен таныстыру бірінші міндет болып табылады.

Нәтижеге бағытталған білім жаңартылған біліммен ұштасады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары оқушылардың шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Ең маңыздысы оқушылардың алдыңғы алған білімдері жаңа біліммен ұштасып отырса білім терең болады. Мұны сындарлы оқыту деп атаймыз. Оқушылар білімді толық меңгеру үшін енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысуы тиіс. Ал сабақтарда қолданылатын әдіс-тәсілдер белсенді оқуды көздейтін сындарлы оқыту теориясына негізделеді. Белсенді оқу- оқушылар жаттығуды орындау барысында жүзеге асатын құбылыс. Белсенді жұмысқа ойындар, топтық, жұптық, жеке әртүрлі шығармашылық жұмыстар кіреді. Білімді меңгертуге мұғалім оқу үдерісін тек белсенді етіп жүргізу емес, білім мен дағдыны қарапайымнан бастап күрделіге қарай, нақтыдан абстрактіге қарай қалыптастырған маңызды. Осы орайда оқушымен білім, таным деңгейіне қарай тапсырманы жекелей беріп, білім мен дағдыны ілгерілету үшін саралап оқытуды пайдаланудамыз. Саралап оқыту - бұл білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүргізіледі. Біз қарастырып отырған саралап оқытудың теориялық негізін Л.Выготский, А.Леонтьев, Б.Ананьев, С.Рубинштейн т.б ғалымдар жасаған.

Дайындық деңгейі бойынша саралау - оқушылардың нақты білімдерді, түсініктерді және дағдыларды меңгеруінің ағымдағы деңгейі.

1. Тиісті күрделілік деңгейін қамтамасыз ету үшін тапсырманың күрделілік дәрежесін реттеу.
2. Оқушының тәжірибесіне немесе оның дағдыларына негізделе отырып тапсырманы артығымен немесе кемімен таныс етіп жасау.
3. Шағын топтардың қажеттіліктеріне әртүрлі тікелей оқыту.

Қызығушылық бойынша саралау - бұл оқушының назарын, қызығушылығын және үрдіске араласуын тарту.

1. Ортақ қызығушылықтар саласында тәлімгер болу үшін, алдын ала білімі бар ересектерді немесе құрдастарды пайдалану.
2. Оқушыларға тақырыпты немесе мәтінді оқып-үйрену үшін әртүрлі мүмкіндіктер беру.
3. Материалдар мен технологиялардың кең спектріне кең қолжетімділікті қамтамасыз ету.
4. Оқушыларға тапсырмалар мен өнімдерді, оның ішінде оқушы әзірлеген нұсқаларды таңдауға ұсыну.

5. Оқушылардың қызығушылықтары саласындағы негізгі тұжырымдамалар мен қағидаттарды зерттеуді немесе қолдануды ынталандыру.

Оқыту стилі бойынша саралау-контентті қабылдау, зерделеу немесе білдіру үшін ерекшелік.

Оқу ортасы бойынша саралау басты деңгейде келесілерден құралады:

1. Бөлмеде тыныш және алаңдатпай жұмыс істеуге болатын орындар, сондай-ақ оқушыларды ынтымақтастыққа шақыратын орындар бар екеніне көз жеткізіңіз.

2. Мәдениеттер мен үй жағдайларының алуан түрлілігін көрсететін материалдарды ұсыну.

3. Жеке қажеттіліктерге сәйкес келетін өзіндік жұмыстың нақты басшылық қағидаттарын белгілеу.

4. Мұғалімдер басқа оқушылармен жұмыс істейтін және оларға дереу көмектесе алмайтын кезде оқушыларға көмек алуға мүмкіндік беретін рәсімдерді әзірлеу.

5. Оқушыларға кейбір оқушыларға қозғалу керек, басқаларға тыныш отыру керек екенін түсінуге көмектесу.

Оқытуды саралаудың әдіс-тәсілдері көп. Оқытуды саралауды үйрену үшін бірқатар дағдыларды меңгеру қажет. Әрбір дағды кәсіби шеберліктің бір қырын дамытады, әрі олар бір-біріне сүйенеді. Уақыт өте келе бұл дағдылар әрбір мұғалімнің жұмысының ажырамас бөлігіне айналуы мүмкін. Дегенмен, оқытудың кез келген жаңа тәсілін игеруге, оған машықтануға уақыт керек. Оқушыларымыз үшін қай тәсілдің қолайлы, оңтайлы екенін, ал қай тәсілдің кері ықпалы бар екенін анықтау арқылы біз өзіміз де үйрене отырып, оқыту тәжірибемізді жетілдіреміз. Бастапқыда бұның бәрі де соншалықты ауыр болып көрінгенімен, ең бастысы бірінші қадам жасау. Бір мезгілде бір ғана тәсілді қолданамыз. Біз өзімізге, біздің мәдениетімізге, оқыту стилімізге лайықтап әдіс-тәсілдерді бейімдей аламыз, бұл тіпті пайдалы болмақ. Содан кейін екінші тәсілді қосамыз немесе өз тәсілімізді ойлап шығара аламыз. Осылай дами келе біз оқытуды саралауда машықтанып, өзімізді ыңғайлы сезінетін боламыз, әрі оқушылардың үлгерімін арттыруда бұның қаншалықты тиімді екенін көре аламыз. Нәтижесінде оқытуды саралау «бірқатар жаттығулар» емес екенін түсінеміз. Бұл – әрбір оқушы өзі үшін оңтайлы қарқынмен білім алатын сыныптағы оқушылар тобын оқыту мен бағалауды жоспарлау жолы.

Заманауи қоғамға жан-жақты жаңашыл адам керек. Мұндай адамды қалыптастыру-қазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет. Мұғалім үнемі ізденісте болған кезде ғана өз ісінің нәтижесін көре алады. Сондықтан қиын да қызықты еңбек жолымызда аянбай еңбек етейік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Саралап оқыту ауыл мектебінде сабаққа қызығушылықты тәрбиелеу құралы. Қашықтықтағы семинар. 14 қаңтар 2011 жыл.

2. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. Алматы.

3. Құсайынов А.Қ. Әлемдегі және Қазақстандағы білім беру саласы. Алматы 2013. 125-бет

4. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы «Мұғалімге нұсқаулық» 102-104бет

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ ОҚУ МАҚСАТТАРЫНА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

Татибекова Айнұр Андабекқызы

**Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Абай атындағы шағын орталықты
орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

Жалпы орта білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай-ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету. [1.208] Осы мақсатты жүзеге асыруда қазақ тілі пәні бойынша әрбір сабақта жүйелі жоспарлай білуі шарт. Әрбір педагог нәтижеге бағытталған сабақты жоспарлауда қазақ тілін оқытуда бірнеше дидактикалық ұстанымдарын назарға алуы тиіс. Атап айтқанда: оқытудың ғылымилық ұстанымы, жүйелілік ұстанымы, көрнекілік ұстанымы, саналылық және белсенділік ұстанымы, теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы, түсініктілік ұстанымы, жеңілден ауырға қарай ұстанымы, оқушылардың психикалық дара ерекшеліктерін ескеру ұстанымы. Оқытудың ғылымилық ұстанымы қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуда тілдік дағдыларды: 1) тыңдалым және айтылым; 2) оқылым; 3) жазылым; 4) әдеби тіл нормаларын сақтау тізілген.

Мәулен Балақаев 1989 жылы жарық көрген «Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту» еңбегінде оқыту мәселесі туралы былай деген екен: «Мектеп оқушылары ой-пікірлерін айқын, әсерлі жеткізу үшін сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлем құрылыстарын, морфологиялық тұлғаларды олардың айтылуына, жазылуына сәйкес дұрыс қолданатын болса, осының өзі-ақ оқушының тіл мәдениеті дәрежесінен біршама көрініс береді». Оқушының тіл мәдениетін, қазіргі тілмен айтқанда, функционалдық сауаттылығын дамыту үшін әрбір сабақ оқу мақсатына бағытталған болуы керек, сонымен қатар сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдер мен саралау түрлерін де нақтылаудың маңызы зор.

Қазақ тілі пәні бойынша оқу мақсатына бағытталған тапсырмалар құрастыруда дидактикалық ұстанымдарды назарда ұстаудың маңызы зор.

7-сыныпта YI бөлім: «Ғаламтор және элеуметтік желілер» бойынша «Қазақстанда ғаламтордың пайда болуы» тақырыбындағы 1-тапсырмада: Мәтінді оқып, негізгі ақпаратты кластерге түсіріңдер. Қазақстандық ғаламтордың болашағы туралы ой бөлісіңдер» [1.208] деп оқулықта тапсырма берілген. «7.3.6.1 – оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу» оқу мақсатына бағытталған төмендегі тапсырманы оқушыларға ұсынуға болады: Мәтінді іріктеп оқу арқылы негізгі ақпараттарды

анықтаңыз. Комментарий жасау арқылы ғаламтордың болашағы туралы ой бөлісіңіз.

Негізгі ақпараттар:

Дескриптор:

- негізгі ақпаратты анықтайды;
- кластерге түсіреді.

Әдеби тіл – белгілі бір дәрежеде тәртіптелген, жүйеленген тіл. Әдеби тіл нормасы – сөзді дұрыс қолданудың, грамматикалық амал-тәсілдерді дұрыс пайдаланудың көпшілік таныған, тіл тәжірибесінде сыннан өткен қағидалары.

[6.3] Оқушыларға әдеби тіл нормаларын меңгертуде ӘТН мақсаттарымен жұмыс жүргізудің маңызы зор.

ӘТН «7.4.4.1 – етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану» мақсатына бағытталған төмендегідей тапсырма ұсынылады:

2-тапсырма. Ғаламтордың пайдасын тұйық етістік тұлғасында санамалап жазыңдар.

Үлгі: Ғаламтордың пайдасы: жылдам ақпарат алмасу,... [3.89]

Дескриптор:

- ғаламтордың пайдасын тұйық етістік тұлғасында санамалап жазады;
- тұйық етістік тұлғасындағы етістіктерді талдайды.

Саралау дегеніміз – әлсіз оқушыларға көмек беруге және қабілеті жоғары оқушыларға қолдау көрсетуге жағдай жасау. Саралап оқыту жағдайында үш түрлі деңгейдегі тапсырмалар әзірленеді.

Берілген 2-тапсырмаға сәйкес саралау тапсырмалары:

Әлсіз оқушыларға	Қабілеті жоғары оқушыларға
Ғаламтордың пайдасын санамалап көрсетіңіз.	Ғаламтордың пайдасын санамалап жазып, тұйық етістік тұлғалы етістіктерге морфологиялық талдау жасаңыз.
1.Жылдам хабар алмасу; 2.Досына хат жазу; 3. 4. 5.	1.Жылдам хабар алмасу ал – түбір, дара, негізгі, салт -ма – болымсыз етістіктің жұрнағы -с – ортақ етістің жұрнағы -у- тұйық етістіктің жұрнағы Осы үлгіде морфологиялық талдау жасаңыз.

Саралау тапсырмалары оқыту үдерісінің әр кезеңінде жүзеге асырылуы керек. Осы тақырып бойынша үй тапсырмасын сұрауда саралау тапсырмаларын «Жуан-жіңішке сұрақтар» түрлі үлгіде ұсынуға болады.

Әлсіз оқушыларға Жіңішке сұрақтар	Қабілеті жоғары оқушыларға Жуан сұрақтар
1.Көсемше дегеніміз не?	1.Бірде етістіктің, бірде үстеудің

2.Көсемшенің жұрнақтарын атаңдар?	қызметін атқаратын етістіктің түрі қалай аталады? 2.Көсемше қалайша үстеудің қызметін атқарады? 3.Көсемше қай кезде етістіктің қызметін атқарады? 4.Көсемшенің жұрнақтарын атаңдар? 5.Көсемше мен есімшенің ерекшелігін түсіндіріңдер?
-----------------------------------	--

9-сыныпта 6-бөлім. «Синтаксис. Биотехнология және гендік инженерия келешегі» бойынша «Гендік инженерияның пайда болуы және ген инженериясы шешетін мәселелер» тақырыбындағы сабақта төмендегі оқу мақсатына: 9.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу; 9.4.4.3 сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану» сәйкес тапсырмаларды оқушыларға түрлендіріп беруге болады. «Қазақ тіліндегі» 6-тапсырма. Мәтінді зерттей оқыңдар.

А)Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар.

Ә)Мәтінді бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойыңдар.

Б)Мәтін қай стильде жазылған? Тілдік бірліктер арқылы дәлелдеп түсіндіріңдер» [4.71] деп берілген. Осы тапсырман оқушыларға оқу мақсатына сәйкес мәтінді «Бірге ойлаймыз» әдісі бойынша зерттей оқыңдар. Зерттеп оқуда төменнен жоғары қарай оқу арқылы мәтінді бөліктерге бөліңіздер. Әр бөлікке ат қойыңыздар. Қиғаш оқу арқылы мәтіннің стилін анықтаңыздар. Қарама-қарсы бағытта оқу арқылы мәтін мазмұны бойынша сұрақ қойыңыздар.

Зерттеп оқу




1
Қиғаш (диагональ) оқу




2
Төменнен жоғары қарай оқу



3
Оңнан солға қарай ирек із (зигзаг) қалдырып оқу



4
Оңнан солға қарай оқу



5
Қарама-қарсы бағытта оқу

Дескриптор:

- мәтінді бөліктерге бөледі;
- мәтінді оқылым страгиясын қолдана отырып , мұқият оқиды;
- әр бөлікке ат қояды;
- стилін анықтайды.

Оқулықтағы **8-тапсырма** . «ППП» әдісі бойынша тапсырманы орындаңыз.

1)Грамматиканы оқытуға дайындау бойынша шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемге презентация ретінде ережесін дайындаңыз.2)Грамматикалық ұғымды түсіндіру үшін берілген сөйлемдерді шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем деп тануға бола ма? Себебін түсіндіріңіз.3)Грамматикалық ұғымдарды бекіту үшін сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

Гендік инженерияны фармацевтік өнеркәсіпте дәрі-дәрмектерді синтездеу мен өндіруде пайдаланса, микробиологияда адамға пайдалы микроорганизмдер штамдарын алуда қолданады.

Синтаксистік талдау жасау арқылы оқушы ӘТН оқу мақсатына жете алады. Осы сабақта грамматикалық материалды пысықтау мақсатында «Стикер» әдісі арқылы саралау тапсырмаларын алуға болады.

1. Мезгіл бағыныңқылы сабақтастың сұрақтары қандай?
- 2.Мезгіл бағыныңқылы сабақтас қалай жасалады?
3. Шартты бағыныңқылы сабақтас дегеніміз не?
- 4.Шартты бағыныңқылы сабақтастың сұрақтары қандай?
5. Шартты бағыныңқылы сабақтас қалай жасалады?
- 6.Сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

7.Қарсылықты салалас құрмаластың жалғаулық шылауларын табыңыз.

8. Кезектес салалас құрмаластың жалғаулық шылауларын табыңыз.

Қазақ тілі пәнінен 11-сынып бойынша «Семей ядролық полигоны»

тақырыбындағы сабақта төмендегідей оқу мақсаттарына сәйкес:

11.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;

11.3.4.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу;

11.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану:

көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық)» тапсырмалар оқушылардың тілдік дағдыларды терең меңгеруіне қарай тапсырмалар алынды. Үй тапсырмасын ӘТН дағдысы бойынша «QUIZZ» қосымшасы арқылы оқушыларға тест тапсырмалары беріледі.

1.Зерттеу нысаны болатын зат не құбылысты ғылыми негізде сипаттап, дәлелдеуді қажет ететін стильдің түрін анықтаңыз.

- А)Ауызекі сөйлеу стилі В)Ғылыми стиль
С)Публицистикалық стиль D)Ресми іс-қағаздар стилі

2. Ғылыми стильдің жанрлық түрлерін анықтаңыз.

- А) Диссертация, монография В)проза, поэзия

С) роман, повесть

Д) эссе, өмірбаян

3. Баяндауыштары ырықсыз етіс түрінде жиі қолданылып, ой хабарлы сөйлеммен берілетін ерекшелікті көрсетіңіз.

А) лексикалық ерекшелік

В) морфологиялық ерекшелік

С) синтаксистік ерекшелік

Д) фонетикалық ерекшелік

4. Көпшілік алдында сөйлейтін мазмұны терең, тілі көркем сөзді табыңыз.

А) баяндама В) мақала С) өлең Д) шешендік сөз

5. Пікірталастың анықтамасын көрсетіңіз.

А) белгілі бір мәселені арнайы жиналған топтың алдында талқылау түрі

В) ғылыми және қоғамдық мәні бар тақырыптың төңірегінде болатын сөз жарысы

С) ойды, идеяны ортаға салу қорғап сөйлеу.

Д) өзекті мәселе төңірегіндегі түрлі көзқарастарды талқылап, сол мәселені шешу мүмкіндіктерін қарастыру

Жаңа сабақты меңгертуде 1-тапсырма. (сыныппен) Мәтінді «Нақты ақпаратты табу» әдісімен оқып, Семей жеріндегі ядролық жарылыстардың халық денсаулығына тигізген әсері туралы әңгімелендер.

А) Мәтіндегі негізгі ақпаратты «Түртіп алу» әдісімен хронологиялық кесте түрінде жазыңдар; Ә) Берілген ғылыми мәтінді публицистикалық мәтінге айналдырып жазыңдар. Екі мәтіннің мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып, кестеге түсіріңдер.

Ғылыми мәтін	Публицистикалық мәтін
Мәтіннің мақсатты аудиторияға сәйкес қызметі	
Тілдік ерекшеліктері	

Б) Ядролық қарудың жойылуына үлес қосқан азаматтарды, қоғам қайраткерлерін атап, еңбектеріне тоқталыңдар.

Дескриптор:

-негізгі ақпаратты хронологиялық кесте түрінде жазады.

-ғылыми мәтінді публицистикалық мәтінге айналдырып жазады;

-екі мәтіннің мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, тілдік ерекшеліктерін салыстырады.

2-тапсырма. Оқушыларға драмадан үзінді көрсетіледі. Үзінді қай шығармадан алынған? А) Осы шығарманы тауып оқып, басты кейіпкердің қасіреті туралы шағын мәтін жазыңдар.

Дескриптор:

-үзіндіні анықтайды; -шағын мәтін жазады.


3-тапсырма. (жұптық жұмыс) Төмендегі сыни пікірді «Көз жүгіртіп оқу» әдісімен оқып, жазылу стиліне назар аударыңдар. Сыни пікірдің мәтіні қандай үлгіде (суреттеу, әңгімелеу, пайымдау) жазылған?

А) «Т кестесі» әдісі бойынша артықшылықтары мен кемшіліктерін атап көрсетіндер.

Артықшылығы	Кемшілігі

Ә)Сыни пікір жазуда қандай мәселелер басшылыққа алынуы тиіс?

Б) «Айтушы-сыншы» жұбын құрып, «Табиғатты аялайық» тақырыбында әңгіме өрбітіндер. Орын алмасындар.



Дескриптор:

-артықшылығы мен кемшілігін анықтайды; -әңгіме өрбітеді.

4-тапсырма. (жеке жұмыс) Ескелді бидің сөзіндегі метафораларды анықтаңдар.

Оқу үдерісіндегі сабақты жоспарлау қағидаты бойынша мұғалім ең алдымен оқу мақсатын нақтылап, оқу мақсатына бағытталған тапсырмаларды жоспарлауы керек. Оқу мақсатына бағытталған тапсырмаларды оқушылардың ерекшеліктеріне сәйкес алып, әр сабақта саралау тапсырмаларын оқыту үдерісінің әр кезеңінде тиімді жүзеге асыру арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығына қол жеткізе аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 2021-2022 оқу жылына арналған «Әдістемелік нұсқау хат»
2. М. Балақаев «Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту»
- 3.Т.Н.Ермекова, Н.Ә.Ильясова, Г.Тоқтыбаева. Қазақ тілі 7-сынып. «Арман-ПВ»2017 ж.
4. М.Мамаева, Ж.Мұқашева. Қазақ тілі 9-сынып. «Мектеп» 2019 ж.
- 5.Б.Қапалбек, М.Жолшаева, Ш.Ерхожина, Л.Ишанова «Қазақ тілі». Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. «Мектеп» 2020 ж.

СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Тобугов Маулен Тюлюбаевич

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазіргі кезде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік кеңістігіне еруге бағыт алуда. Тек экономикалық және саяси процесте ғана емес, сонымен қоса білім беру саласында да жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады.

Оқытудың жаңа инновациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – білім, ғылым ғасыры. Әр қазақстандық азамат іздену

үстінде жүруі керек. Елбасымыздың «Өмір бойы білім алу әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» делінген сөзі осыған дәлел. [1]

Білім жүйесін дамытуда барлық мұғалімдер инновациялық технологияларды пайдаланып, балаларға білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін қолайлы жағдай жасайды. Барлық балалардың сұраныстарын, жас ерекшеліктерін және қабілеттерін ескеру – бұл ойлауды, талқылауды және мұқият жоспарлауды талап ететін күрделі мәселе. Тәжірибеге жасалған талдау оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруда мектеп, мұғалім тарапынан анағұрлым үлкен дәрежеге қол жеткізу болып табылады.

Қазақ тілі пәні бойынша жаңартылған білім беру бағдарламалары – зерттеуге негізделген белсенді оқу және оқу қағидаттарын түсіндіретін белсенді педагогикалық құрал болып табылады. Оқушылар үшін сабақтарда бақылау жасап, бірлесіп дәлелдерді талқылау, оларды құрып және тиімді орта құруға мүмкіндік болады. Ал мұғалімдер дамыту жұмыстарын жүргізу барысында біртіндеп жүзеге асырылатын рефлексия, сабақты жоспарлау, кеңес беру арқылы қолдау таба алады.

Қоғамда ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етілген. Ақпараттандыру технологиясының даму кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті тұлға даярлау мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Олардың бәрінде бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударылады. Өйткені жеке тұлға өз іс-әрекеті арқылы ғана дами алады. [4]

Инновациялық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы, негізгі қозғаушы күші адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс. Ең бастысы – жеке тұлға, жеке адамды қалыптастыру, оларды тәрбиелеу және шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау. Осыған орай оқытудың әртүрлі педагогикалық технологиялары жасалып, жүзеге асырылуда.

Осы орайда алғашқы қадам ұстаз үшін маңызды шешімдер болып табылады. Ал келесі қадам оқушыға оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмаларды түсіндіру және жеке ерекшеліктеріне сай ойластыруға, нақты тапсырма үшін оңтайлы стратегияларды таңдауға көмектеседі. Балалардың қалай білім алатындығын ескеруде мұғалім оқушының қаншалықты өздігінен білім меңгергені, танып білгені және қандай деңгейде қалыптасқанын көре алады. Оқыту үдерісінде мұғалімдер оқушылар не біледі, оларда қандай қате ой-түйгендері бар және бұны қалай түзеткен дұрыс екенін білу үшін арнайы әдіс-тәсілдерін пайдаланады. Мұғалімдер оқушылардың не білетінін және нені орындай алатынын, олардың қызығушылықтарын, әр оқушының нені жақсы көретінін және не істегісі келетінін түсінуге тырысады. Қарқынды дамып жатқан білім ордасында үздіксіз білім алу қажеттігі бізден тәуелсіз білім алу қабілетін талап етеді.

Сондықтан жаңа кезеңдерден өтуіне қарай өз-өзіне сенімді оқушы ең нәтижелі болады. Мысалы, бір сабақтың үстінде бірнеше түрлі тапсырма емес, бір тапсырманы бірнеше түрлі етіп беретін кез келіп жеткен сияқты. Саралап оқыту оқушылардың жеке, тұлғалық ерекшеліктері, олардың білімі мен

тәжірибесі, қабілеттері мен танымдық мүмкіндіктері ескерілетін оқу үдерісін ұйымдастыру керек. Осы ретте жасырын және айқын саралау жүргізілу қажет. Саралау нәліктен өзекті мәселе? Біз оны сабақта қалай жүзеге асырамыз? [5]

Осы сұрақтардың төңірегінде жауап іздеп, қосымша көптеген ақпараттармен таныстым. Алайда сұрақтың жауабын жаңартылған білім беру мазмұны аясында алған білім (төрт дағды) бойынша және саралап оқытуға БЛУМ таксономиясының да пайдасы зор екендігін түсіндім. Теориясын түсіндірмей, бірден тәжірибеге енгізгенімді айта кетейін. Бір сабақтың үстінде бірнеше түрлі тапсырма бергенше, бір тапсырманы бірнеше түрлі етіп беру, яғни 1 тапсырманы оқушылардың ақпаратты қабылдау қабілетіне қарай емес бейімдеуге қарай беру. Бұл саралаудың басты шарттарының бірі болады. Қолдану бойынша сыныптарыңыздағы әлеуетін зерттеу қажет. Алғашқыда оқушыларды ең қарапайым ақпаратты қабылдау қабілетіне қарай 3 топқа бөліуге болады: аудиал, визуал, кинестетик. Сонан кейін, кейінірек оқушыларды қызыушылығына, жылдамдығына қарай тапсырманы орындау уақытында, ынтасына, гендерлік психофизикасына (аса жауапты саралаулардың бірі), қолдауды қажет ететіндігі/етпейтіндігіне қарай топтастыруға, жұптастыруға болады. Және де өз бетінше жұмыс істей алу қабілетіне қарай жеке жұмыстарды/ жобаларды дайындау ұсынылады [3]

Осы және бұдан да басқа ерекшеліктерді ескере отырып дайындалған тапсырманы сұранысқа қарай бейімдеу керек екендігін айтпаса да түсінікті шығар. Дегенмен де саралау процесінде барлық оқушыларға бірдей тапсырма беріледі, бірақ мұғалім олардың алдыңғы білімі мен тәжірибесін ескере отырып, оқушылардан деңгейіне сай нәтиже күтеді. Мысалы, 5-сыныптағы «Өсімдік және музыка. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы» атты тақырыбындағы сабағымда сыныпты 5 топқа бөліп, оқушылардың өткен білімін естеріне түсіре отырып, жаңа біліммен ұштастыру барысында «Білу» сатысы бойынша «**Ой салу**» әдісі арқылы сабағымды бастадым.

1. Балалар, бізді қандай орта қоршап тұр? (*Табиғат*)
2. Табиғат неден тұрады? (*Өсімдік, құстар және жануарлар*)
3. Өсімдікке нелер кіреді? (*Шөптер, талдар*)
4. Талдар бізге керек пе? (*Керек*)
5. Не үшін керек? (*Отын, аспап, таза ауа, жиһаздар*)

Сыныптағы барлық оқушыларға бірдей өмірмен байланыстыратындай жауапқа бағыттап сұрақтар қоя отырып ойларын тыңдадым. Оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысынан не күтетіндігін түсінгеніне қарай көз жеткізіп алдым. Содан кейін сабақты өрбіту үшін оқу мақсатқа сай оқылым дағдысының тапсырмасын топтық жұмыс арқылы орындаттым. **1-тапсырма.** Мәтінге тақырып қойып, себебін түсіндіріңдер. Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырыңдар.

I топ. Мәтінге тақырып қояды.

II топ. Мәтіннің түсінігін айтады.

III топ. Сұрақтар дайындайды.

IV топ. Сұрақтарға жауап береді.

V топ. Кірме сөздерге ақпарат береді және түсіндірме сөздікпен жұмыс.

Дескриптор:

1. Мәтінге тақырып қойып, мазмұнын түсінеді.
2. Сұрақтар құрастырып, оған жауап береді.
3. Кірме сөздерді ажыратып, өмірмен байланыстыра алады.

Қазақ тілі сабағында оқушылардың қажеттіліктерін анықтау үшін жабық сұрақтарды ашық сұрақтарға ауыстыруға болады. Сабақта оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту олардың ашық сұрақ қоя білуі, ақпаратқа терең талдау жасай алуы, өз ой-пікірлерін жай айтып қоймай, оны дәлелдеп, сыныптастарының көзқарастарын өзгертуге деген әрекеттері екенін де ескеру керек. Қазақ тілі пәнінде оқушылардан проблемалық мәселе көтеруді немесе зерттеу бағытын жорамалдауды сұрау, белгілі бір жағдайларда жалпылауға болатын зерттеу сұрақтарын қоюға, қарсы амал іздеп, ерекше жағдайларды айқындауға болады.

Барлық оқушыларға тапсырма бірдей берілді, бірақ оқушыларға көрсететін қолдау олардың деңгейіне/қабілетіне сәйкес әртүрлі болды. Тапсырма беруде топтың немесе жекеленген оқушылардың әлеуетін ескердім. Тапсырма ортақ, бірақ әр топқа тапсырма әртүрлі болды. Дереккөздерді ауқымды талдауға негіз болатын мәтіндерден бастадым, анағұрлым қиын мәтіндерді, идеяларды түсіндіруге уақыт жұмсадым. Топтық жұмыс барысында нәтижеге жеткізудің құралы, яғни оқушылар ортақ тапсырманы орындады, бірақ әркімнің өзінің рөлі бар, бұл барлық оқушылардың өз мүмкіндігін көрсетуіне жолын ашты. Оқушылар бір-біріне ауызша кері байланыс жасады, өздерінің ұсыныстарын не жақсы, нені жақсарту керектігін айтады. Мұғалім тарапынан сұрақтарды оқушы деңгейіне қарай саралау, түсіну, білуден бағалауға дейін. Бұл жерде оқушылардың қажеттіліктерін анықтау барысында белсенді әдіс-тәсілдерін талқылай отырып, сабақ барысында қандай сұрақтар қойылатыны ескердім. Сабақтың негізгі бөлімінде «Кім алғыр» әдісі арқылы музыка мен өсімдік арасындағы тығыз байланысты көптеген ағаштардан музыкалық аспаптар жасалатынын мәтін арқылы меңгертіп, әр топқа жеке тапсырма бердім. [2] Мысалы,

I топ. Шыршадан – домбыра, пианино, виолончель, скрипка жасалады.

II топ. Қайыңнан – арфа, рояль жасалады.

III топ. Шамшаттан – гитара жасалады.

IV топ. Қарағайдан – қобыз жасалады.

V топ. Аталған талдардан тағыда қандай бұйымдар жасайды.

Осы шешімдерін оқушылар графикалық немесе сызба арқылы ұсынудың балама тәсілдерін қарастыра алады, проблемаға басқаша тұрғыда қарау үшін бір түрден екінші түрге көшуіне ынталандыруға болады. Оқушылар өз қателерін анықтап, олардың өзін және оған алып келген түсінбеушілікті талқылап, оқытудың жағымды қыры ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Келесі тапсырманы орындату барысында «Оқылым» дағдысы бойынша әр оқушыға «**Өздік жұмыс**» әдісі арқылы жеке-жеке тапсырма бердім. Тор көздің ішіндегі мәтіннен «*Сөздің тура және ауыспалы мағынасы*» тақырыбындағы мәтінді өздігінен оқып, мысалдар келтіре отырып түсіндіреді. Сонымен қатар тағыда тапсырмалар бердім. **Жеке жұмыс «Ойлан» әдісі арқылы** қою қаріппен берілген сөздердің тура және ауыспалы мағыналарын анықтаңдар.

Мысалы:

I топ. Орман ішінде билейтін ағаш бар. Ол адамның ішінде не барын білу керек.

II топ. Таудың басында қар жатыр. Ағамның басы ауырып жатыр.

III топ. Әңгіменің төркінін айтыңдаршы. Мамамның төркіні Алғабас ауылы.

IV топ. Қойдың бауырын жеуге жарамайды. Әкемнің бауыры келді.

V топ. Партаның бетінде кітап жатыр. Інімнің беті кір болып қалыпты. [6]

Дескриптор:

1. Берілген ережені түсінеді.

2. Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің мағыналарын анықтайды.

3. Мысал келтіре отырып, өмірмен байланыстырады.

Жазылым дағдысының тапсырмасы. «Кім жылдам» әдісі

I топ. «Жаңа жылдық шыршаға» шақыруға хабарландыру жазыңдар.

II топ. Бүгін ата-аналар жиналысы болатынына хабарландыру жазыңдар.

III топ. «Құлақтан кіріп бойды алар, жақсы ән мен тәтті күй» атты тақырыпта концерт өтетіндігі туралы жарнамалап хабарландыру жазыңдар.

IV топ. 1 желтоқсан «Президент» күніне түсуіне байланысты 3 желтоқсан мектеп оқушылар сабақ оқымайтындығын ескеріп хабарландыру жазыңдар.

V топ. «Түрлі тал ағаштарынан жасалған бұйымдардың» көрмесін көруге жарнамалап хабарландыру жазыңдар.

Дескриптор:

1. Әннің мәтініне талдау жасайды.

2. Тура және ауыспалы мағыналы сөздерді кіріктіре отырып, хабарландыру жазады.

Жеке жұмыс. Талға, ағашқа, өсімдікке, туған жерге, музыка байланысты қандай мақал-мәтел, нақыл сөз, өсиет сөздерді және ағаш талына байланысты әндерді білесіңдер? [7]

«Ойлан, ізден, тап» әдісі

Бір тал кессең он тал ек.

Ер азаматтың міндеті тал егу, балалы болу, үй тұрғызу.

Елін сүйгеннің еңсесі биік.

Өз елім – өлең төсегім.

Туған жердей жер болмас,

Туған елдей ел болмас.

Мал қонысын іздейді,

Ер жігіт туысын іздейді.

Әркімнің өз жері – Мысыр шаһары.

Ұлтарақтай болса да,

Ата қоныс жер қымбат.

Ат төбелідей болса да,

Туып-өскен ел қымбат.

Жер алған көгереді,

Жер сатқан тек өледі.

Елді ер сақтайды,

Ерді жер сақтайды.

Аталған жаңартылған білім беру мазмұны бойынша алған білімімді іс-тәжірибеме пайдалануда алдыма қойған мақсатым оқушылардың білім сапасын арттыру, дарындылық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, қазақтың түп тамырын терең меңгеруге қалыптастыру, шығармашылығын шындай түсу.

Қорыта келгенде сындарлы оқытудың оқушылар үшін берері мол. Инновациялық технологияларды қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген ынтасы, қызығушылықтарының күрт артқандығы байқалады. Тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану барысында мұғалімнің алдына қойған мақсаты орындалады. Яғни оқушылардың білім сапасы артады, дарындылық және шығармашылық қабілеттерін шындалады, өркениетті елдермен қарым-қатынаста болуына, жастарымыздың әлемдік деңгейге шығуына ықпал етіледі. Сындарлы оқытудың теориясын жете меңгеріп, нәтижеге бағытталған жоспарлау мен саралауды іс-тәжірибемде қолдану барысында көптеген жетістіктерге жеттім және білім сапасы артты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 ж.
2. «XXI ғасыр мектебі» журналы №5, 2011 ж.
3. «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» журналы №4, 20012 ж.
4. «Оқыту-тәрбиелеу технологиясы» №4, 2011 ж.
5. Тәуірбекова С.Ж. «Білім беру жағдайында аудандық білім бөлімінің жұмыс мазмұны және оны ұйымдастыру» – Алматы, 2008 ж.
6. Ермекова Т.Н., Отарбекова Ж.К., Мұнасаева Р.Н. 5-сынып. Оқулық. «Арман – ПВ» - Алматы, 2017 ж.
7. Тобугов М.Т. «Интербелсенді әдіс-тәсілдер мен грамматикалық тапсырмалар топтамасы» - Алматы, 2018 ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА САРАЛАП ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Салгараева Света Сагынбаевна

**Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Тұрар Рысқұлов атындағы
мектеп – лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

*«Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен
алу керек. Мұғалімнің қызметі
оның біліміне шеберлігінің керек орны,
өздігінен алатын тәжірибелі
білімнің ұзақ жолын қысқарту үшін, сол жолдан
балалар қиналмай өту үшін,
балаға жұмысты әлінешағындап беруі мен бетін
белгілеген мақсатқа түзеп
отыру керек»*

Ахмет Байтұрсынұлы

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Білім беру мазмұнын жаңарту-сапалы білім, жарқын болашаққа негіздеп, бірқатар жетістіктер формуласын ұсынған үлгі және оқу-тәрбиелік үрдісті жан-жақты жаңа әдіс-тәсілдермен ұштастыру болып табылады.

Қазіргі таңда білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында мұғалімдердің тәжірибесінде көптеген өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістер мұғалім тәжірибесін дамытуға бағытталған. Осылайша жоспарлау және оқытуда саралаудың маңыздылығы артуда. Саралап оқыту (дифференциация) латын тіліндегі «difference» сөзінен бастау алған және біртұтас затты түрлі бөліктерге, нұсқаларға, сатыларға бөліп жіктеуді, саралауды білдіреді, ал француз тілінде «differentiation» айырмашылық, ерекшелік дегенді білдіреді.

Саралап оқыту - бұл білімалуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әрмұғалімнің жетекшілігімен жүргізіледі. Біз қарастырып отырған саралап оқытудың теориялық негізін Л.Выготский, А.Леонтьев, Б.Ананьев, С.Рубинштейн т.б ғалымдар жасаған.

Кеңестік кезеңде білім беру саласын әр баланың дамуына қарай реттеу Л.В.Занков (1963 ж.) жетекшілігімен қабылданған болатын. Бұл ғылыми мектепте оқуды саралаудың және баламен жекелей жұмыс жасау тәсілінің басты өлшемі оқу материалын игеру деңгейінің жетістігі.

Жалпы саралап оқыту дегеніміз не?

Саралап оқыту тәсілі- әр түрлі оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерін саралау тәсілдерін қамтиды.

Оқушыларға тапсырма жеңілден күрделіге қарай, қабілеттерін, дағдыларын, қызығушылықтарын ескере отырып сараланып беріледі. Қабілетті оқушылар оқу мақсаты негізінде алынған тапсырмаларды орындауда белсенділік танытып, ой тұжырымдай алды. Тапсырманы жеке орындау кезде қиындық келтірген оқушыларға жұптық жұмыс кезінде жұбының қолдау көрсетуі оқушының даму, жетілуіне тиімді әсеретеді.

Саралап оқыту дегеніміз:

- мұғалім оқу үдерісінде маңызды болып табылатын белгілі бір ортақ ерекшеліктеріне қарай топтастырылған оқушылар тобымен (гомогенді топ) жұмыс жүргізетін оқу үдерісін ұйымдастыру түрі;
- оқу үдерісін оқушылардың әртүрлі топтары үшін бейімдеуге мүмкіндік беретіндей етіп құрылған жалпы дидактикалық жүйенің құрамдас бөлігі.
- оқушылардың оқу талаптарына сәйкес оқыту үдерісін реттеу;
- оқушылардың тиімді оқуына мүмкіндік беретін кішкентайдан үлкенге дейін өзгерістер енгізу;
- оқу бағдарламасын әр түрлі жолмен жүргізу. Дағды, білім, түсінік және сан алуан тапсырмаларды берудің әр түрлі жолымен келетінін көрсету;
- оқушылардың ерекшеліктерін ескеру және оған сәйкес жоспарлау;
- оқушылардың білімдерін кеңейту үшін жеке тұлғалардың не оқушы топтарының әр түрлі қабілеттіліктеріне сай жұмыс беру.

Сараланған тапсырмалар - бұл жаттығулар жинағы, оларды орындау негізінде балалар ережелерді жақсы түсініп, игереді, қажетті дағдылары

қалыптасады. Сараланған тапсырмалар тақтада, слайдтарда, таблицаларда жазылуы мүмкін.

Сараланған тапсырмалар түрлері:

1. Міндетті тапсырмалар.

Дағдыны қалыптастыру үшін оқыған ережені дұрыс қолдануға ықпал етеді; олардың көлемі шектелген болуы керек және әр оқушының күші келетін тапсырмалар болуы тиіс.

2. Қосымша тапсырмалар.

Бұл міндетті тапсырмаларын орындай алған және өздік тапсырманы орындауға уақыты бар оқушыларға арналған. Аталмыш тапсырма оқылған ережелерді пайдалануға арналған қиын тапсырмалар, олар салыстыруды, талдауды және белгілі бір қорытынды жасауды талап етеді.

Саралау тәсілдері.

1. Шығармашылық деңгейлері бойынша оқу тапсырмаларын саралау.

Оқи алу деңгейі төмен оқушыларға (С деңгейлі) репродуктивтік тапсырмалар ұсынылады, ал оқи алу деңгейі орташа оқушылар (В деңгейлі) мен жоғары деңгейі бар оқушыларға (А деңгейлі) -шығармашылық тапсырмалар беріледі. Шығармашылық тапсырмаларды барлық оқушыларға беруге болады, бірақ, А деңгейлі балаларға шығармашылық элементтері бар тапсырмалар берсек, қалғандарына алған білімді жаңа жағдайда қолдануға болатын шығармашылық тапсырмалар беруге болады.

2. Қиындық деңгейлері бойынша тапсырмаларды сараптау.

А деңгейлі оқушылар үшін: материалды қиындату, санын өсіру, негізгі тапсырмаға қосымшасалыстыруға арналған тапсырмалар, дұрыс тапсырмалардың орнына кері тапсырмаларды, шартты символдарды қолдану.

3. Оқу материалының көлемі бойынша тапсырмаларды сараптау.

А және В деңгейлі оқушылары негізгі тапсырмалармен қатар, осыған ұқсас қосымша тапсырмаларды орындайды. Бұл тәсілді қолдану себебіміз оқушылардың жұмыстыорындау жылдамдығы әр түрлі болады. Қосымша тапсырмалар шығармашылық мәнде немесе қиынырақ болуы мүмкін. Сонымен қатар, дәстүрлі емес тапсырмалар, ойын жаттығулары, шынықтыратын тапсырмалар болуы мүмкін.

4. Оқушылардың өзіндік жұмыс дәрежесі бойынша жұмыстарды сараптау.

Барлық балалар бірдей тапсырмаларды орындайды, бірақ бір оқушылар тапсырмаларды мұғалімнің басшылығымен орындайды, ал басқалары өздері орындайды.

5. Оқушыларға көмек беру мәні бойынша жұмыстарды саралау.

Мұғалімнің басшылығымен жаппай жұмысты ұйымдастыруды қарастырмайды. Барлық балалар бірден өздігінен жұмыс істеуге кіріседі. Бірақ тапсырмаларды орындауға қиналатын балаларға дозалық көмек көрсетіледі.

Көмек түрлері:

а) көмекші тапсырмалар, дайындық жаттығулары., б) көмекші-үлестірмелі материалдар.

Көмек түрлері:

- тапсырманы орындау үлгісі;
- анықтамалық материалдар;
- алгоритмдер, жоспарлар, нұсқаулар, жадынамалар;
- көмекші сұрақтар;
- жұмыс жоспары;
- жұмыстың басталуы.

6. Оқу әрекеттерінің тапсырмалары бойынша жұмысты саралау.

- оқу әрекеттерінің формаларына сәйкес:
- пәндік әрекеттер (қолдарымен);
- перцептивтік әрекеттер (көздерімен);
- сөздік әрекеттер (сыртқы және ішкі)
- ойлау әрекеттері (ішкі есінде сақтау)

Саралаудың әр түрлі тәсілдері бір-бірімен өзара әрекеттесуі арқылы қолданады. Саралау тәсілдер өз сабағымда қалай қолданатынымға тоқталып өтейін.

Мысалы: 8 – сыныптағы «Шәкәрім Құдайбердіұлының «Еңлік - Кебек» дастанындағы көркемдік ерекшеліктер» тақырыбындағы сабағымда, сабақ мақсатына жету түрлі әдістер арқылы жоспарланды. Соның ішінде «Прожектор» моделі, «Еркін жазба» әдістеріндегі саралау жұмыстарына тоқталып өтейін.

"Прожектор" моделі

Тапсырма

1. Шығармадан көркемдеуіш құралдарды тауып, кестеге жазыңдар.
2. Шығармадан үзінділер келтіре отырып, дәлелдендер.



А деңгейлі оқушыға қосымша үзінділер беру арқылы стилін табады.

В деңгейлі оқушы кестемен жұмыс жасайды

С деңгейлі оқушыға дастаннан мысал келтірілген қима қағаздар беріледі, көркемдеуіш құралдарды табады.

Барынша қолдау көрсету:

С деңгейлі оқушыға тапсырмадағы түйінді тұстарды белгілеуге, тапсырмаға қатысты тірек сөздерді табуға, үзіндіден мысалдар келтіруге көмектесемін.

Орташа қолдау көрсету:

Түйінді сөздерді беремін, көркемдеуіш сөздерді табуға көмектесемін.

Қолдау көрсетуі аз:

Қосымша үзінділер беремін, үзінділерден стилді анықтауға бағыт - бағдар беремін.

"Еркін жазба" әдісі

"Тауда қалған сәби..." тақырыбында дастанды ертегі түрінде жалғастыру.

Барынша қолдау көрсету: тапсырма барысында тірек сөздер арқылы бағыттаймын.

Орташа қолдау көрсету:

Мәтіннің құрылымы байланысты жетекші сұрақтар қою арқылы көмектесемін.

Қолдау көрсетуі аз:

Қабілеті жоғары оқушыға күрделендіру тәсілін қолдана отырып, бағыттаймын.

Қорытынды:

Сараланған тапсырмалармен жұмыс істегенде көкейкесті және жақын даму аймақтарын есепке алу маңызды. Ол үшін жұмыс нәтижелеріне үнемі бақылау жасап отыру қажет, әр тақырыптан кейін және тақырыпты оқу барысында диагностика жүргізу керек. Сараланған тапсырмалар мұғалім қойған мақсаттарға тәуелді. Егер мұғалімді балалардың дамуы, әр оқушының оқудағы жетістігі толғандырса, онда ол міндетті түрде оқытуда жекелей және саралау тәсілдерін жүзеге асырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Мұғалімге арналған нұсқаулық. (ІІІ деңгей)
- 2) И.Қазымбек «Жаңашылдық, жаңа әдіс- оң нәтиже» Қазақ тілі мен әдебиеті журналы № 11.2015ж
- 3) Н. Қадырқұлова « Жаңаша оқытуға – жаңаша көзқарас» Қазақ тілі мен әдебиеті журналы № 1. 2015ж
- 4) «Әдіскермұғалім» журналы № 3-4 2014ж.

ТҮРЛІ ӘДІСТІ БОЛУ –САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ КЕПІЛІ

Бейсебаева Фаридә Илесбековна

Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Тұрар Рысқұлов атындағы №20 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

*«Кімде-кім ана тілін, әдебиетін сыйламаса,
бағаламаса,оны сауатты,
мәдениетті адам деп санауға болмайды.»*

М.О.Әуезов

Қазақ тілі-қазақ халқының ана тілі.Тіл-халықтың қазынасы, кешегісін еске салып, бүгінгісімен өмір сүргізетін, болашағына нық қадам жасататын қымбат құрал. Тіл тазалығы-ар тазалығы. Туған тілін қадір тұтатын кез келген азамат өз тілінде сөйлеп, оның тазалығына мән береді.

Ана тілін терең меңгертіп, оның қыры мен сырын ұғындыруда қоғамда атқарылып жатқан шаруалар да аз емес. Тәуелсіздігімізді алып, еңсеміз тік бой көтерген мына қоғамда тіл үшін тындырылған игілікті істер қаншама?! Соның айғағы-мектеп қабырғасында оқытылып жатқан қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарының өз деңгейінде, мемлекет қойған міндеттерді тыңғылықты атқаруында жатыр.

Сәкен Сейфуллин: «Кеңсе тілі қазақша болмай, іс оңбайды...» деген екен. Ендеше, қазақ тілі пәнінің маманы ретінде ана тілін оқытуда қандай жетістіктерге жол бердік, нендей кемшіліктерді түзеттік деген сауал менің де көкейімде тұрады анық. Білім беруде озық технологияларды енгізу-заман талабы, оқытуға жаңаша көзқарас-өскелең ұрпақты тиімді оқытумен ғана шектелмей, олардың өмірге бейім, жан-жақты дамыған, білімді, салауатты ұрпақ болып қалыптасуының негізі. Сондықтан әр сабағымда тілді меңгертудің анағұрлым оңтайлы әдістерін пайдалану-менің басты мақсатым. Сол әдістерді бөлісуде жаңа тақырыпты меңгерту жолдарын ұсынуға мысал келтіре отырып, ортақ ой түйді жөн көрдім.

«Жаңа сөз туралы мен не білдім?»	Бұл әдіс-білім алушының жаңа сөздер туралы алғашқы білімін қалыптастыратын баспалдақ, білім алушы сөздің мағынасын терең түсініп, жаңа сөздің басқа сөздермен байланысу жолын таниды.
---	---

Ішік

Ішік - қазақтың ұлттық киімдерінің бірі, оны елтіріден, сеңсеңнен, әр түрлі аң терілерінен тігіледі, сырты матамен тысталады. Ішік тігілетін терінің түріне қарай: елтірі ішік, сеңсең ішік, қасқыр ішік, түлкі ішік, пұшпақ ішік, орман ішік, жанат ішік, бұлғын ішік т.б. деп аталады. Ішік тігетін теріні шел майынан, көк етінен арылтып алған соң ашыған айран жағып илейді. Тері әбден иі қанғанда ирек ағашпен тарап, қолмен ұқалап, керіп – созып жұмсартылады.

Ішікті жөрмеп тігеді және тігістерінің бәрі терінің тақыр жағына қарайды. Жұқа терілерді мақта жіппен тіксе, ал дайын болған соң, оның тақыр бетін бидай шүберек көктейді де барқыт, шұға, пүліш сияқты қалың тыстық маталармен тыстайды, қасқыр ішікке қасқыр не түлкі терісінен, сеңсең ішікке елтіріден, басқа түрлеріне құндыздан киюге арналған жылы киім тігіледі. Мысалы: қасқыр ішік, түлкі ішік, бөкебай ішік, қарсақ ішік, бұлғын ішіктер қыста, пұшпақ ішік, зорман ішік, жанат ішік, елтірі ішіктер қара күзде, көктем айларында киюге арналған./145 сөз/

<https://syr-media.kz/tanyam/6652-ltty-ner-ltty-kim.html>

Ішік сөзі туралы менің білгенім-

Ішік түрлеріне мыналар жатады: _____

Жаңа сөз туралы мен не білдім? _____

«Түрлі-түрлі байлық бар. Солардың таңдауын берсе,
мен тіл
байлығын таңдар едім, өйткені тіл байлығы— бәрінен де сенімді
байлық.»

Ғабиден

Мұстафин

Жаңа сөздерді игертуде оның мағынасын ғана танытып қоймай, оның жазылу принциптерге негізделуін қарастырып отырған жөн. Бұл-білім алушының тілден алған білімін пысықтап, сауатты жазуға машықтандыратын тәсіл.

«Жаңа сөздің тіліміздегі орны қандай?»	Бұл әдіс-баланың жаңа сөздер туралы білімін тереңдетуде маңызы зор, білім алушы сөздің жазылу принциптерін есте сақтайды.
---	---

Ішік	Фонетикалық принцип бойынша қалай айтылса, солай жазылады.
Ішік-ішігі	Морфологиялық принцип бойынша тәуелдік жалғау жалғанғанда, түбір дыбыстық өзгеріске ұшырайды.
Ішік	Тарихи-дәстүрлі принцип бойынша бір кездері қалыптасқан, үйреншікті болып кеткен түрі сақталған.

Фонетикалық талдау жасату арқылы білім алушының тіл дыбыстары, оның жасалуы, заңдылықтары туралы алған білімін пысықтауға ыңғайлы тәсіл. Тіл дыбысы-сөздің ең кіші бөлшегі. Тіл дыбыстарын жасауға өкпе, кеңірдек, дауыс шымылдығы, көмей, ауыз қуысы, тамақ қуысы, мұрын қуысы, тіл, бөбешік, тіс, таңдай, жақ, ерін қатысады. Сондықтан дыбыстау мен сөйлеу мүшелерін ескеріп, дыбыстардың жасалу жолын үнемі қайталап есте сақтаудың ықпалы зор.

I-дауысты, дыбыс, тілдің қатысына қарай жіңішке, жақтың ашылу дәрежесіне қарай қысаң, ерін мен езудің қатысына қарай езулік дыбыс.

Ш-дауыссыз дыбыс, қатаң.

І-дауысты, дыбыс, тілдің қатысына қарай жіңішке, жақтың ашылу дәрежесіне қарай қысаң, ерін мен езудің қатысына қарай езулік дыбыс.

Қ-дауыссыз дыбыс, қатаң.

Морфологиялық талдау жасатуда берілген кестеге білім алушы +,- белгісін қою арқылы талдау жасайды. Кесте уақытты тиімді пайдаланумен қатар, білім алушының морфологиядан алған білімін нығайтуға септігін тигізетін тәсіл.

Ішік сөзі- зат есім

<i>құрамына қарай</i>	дара	күрделі
	+	
<i>тұлғасына қарай</i>	негізгі	туынды
	+	
<i>мағынасына қарай</i>	жалпы есім	жалқы есім
	+	
	деректі зат есім	дерексіз зат есім
	+	

Ішік сөзі түрленеді:

септеледі;

тәуелденеді;

көптеледі.

1.Ішік сөзі септеледі

атау септік	<i>ішік</i>	-
ілік септік	<i>ішік</i>	тің
барыс септік	<i>ішік</i>	ке
табыс септік	<i>ішік</i>	ті
жатыс септік	<i>ішік</i>	те
шығыс септік	<i>ішік</i>	тен
көмектес септік	<i>ішік</i>	пен

2.Ішік сөзі тәуелденеді


Менің ішігім Біздің ішігіміз

Сенің ішігің Сендердің ішіктерің

Сіздің ішігіңіз Сіздердің ішіктеріңіз

Оның ішігі Олардың ішіктері

3.Ішік сөзі көптеледі.



4.Есіңе сақта! Ішік сөзі жіктелмейді.

Синтаксистік талдау жасату арқылы жаңа сөздің сөйлемдегі орны, атқаратын қызметі талданады.Сөйлем-сөздердің лексика-грамматикалық байланысынан тұратын біршама тиянақты ойды білдіретін, белгілі бір интонациямен ерекшеленетін синтаксистік құрылым.

Ішік - қазақтың ұлттық киімдерінің бірі.

Ішік сөзі сөйлемде **бастауыш**, себебі не деген сұраққа жауап беріп, тұрлаулы мүшенің қызметін атқарып тұр, атау септігінде тұрып, баяндауыш анықтайтын іс-қимыл, сапа-белгінің иесі болып тұр. **Дара бастауыш**, себебі бір ғана түбірден тұрып, сөйлемге ұйытқы болып тұр.

○ Лексикалық жағынан толық мағынасы бар.

○ Басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түседі: *Ішік-ұлттық киімдерінің бірі.*

○ Не? деген сұраққа жауап береді.

Ішік - қазақтың ұлттық киімдерінің бірі.-жай сөйлем. Берілген кестеге білім алушы +,- белгісін қою арқылы талдау жасайды.

Ішік - қазақтың ұлттық киімдерінің бірі.	жақты сөйлем	жақсыз сөйлем
	+	
Ішік - қазақтың ұлттық киімдерінің бірі.	жалаң сөйлем	жайылма сөйлем
		+
Ішік - қазақтың ұлттық киімдерінің бірі.	толымды сөйлем	толымсыз сөйлем
		+

“Ана тілі — халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін мәңгі құламайтын бәйтерегі” деп дана Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, қазақ тілі бүгінгі күні ғылымды танытудың құралы. Тіл-

тірі құбылыс, қоғам күнде дамып, әлем күнде өзгеруде. Сондықтан ойды дұрыс жеткізіп, сөздік қорды байытудың бір жолы- тілдің грамматикалық сипатын жан-жақты тануында жатыр. Жас буын тілдің теориялық заңдылықтарын оқып, қолдануды мектеп қабырғасынан танып, тілдегі барлық сөздердің жиынтығының жасалу жолымен танысады, сол арқылы тілдегі сөздердің қолданылу өрісін таниды. Сөздердің фонетикалық, лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік өзгешеліктерін терең меңгермеу қазақ тілінің табиғатын танымауға әкеледі. Сондықтан біздің, ұстаздар қауымының міндеті-білім алушыларға тиянақты білім беру, тілдің қоғамдағы орнын жоғары бағалауға жетелеу, мақсат-мұратын таныту, асыл қазынамызды сақтау. Ендеше, тілді тиянақты меңгертуде ізденімпаз, шығармашыл, кәсіби шыңдалған мамандар қатары көбейе берсін!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айғабылұлы А. Қазақ тілінің лексикологиясы.-Алматы: Зият-пресс, 2007
2. А.Ысқақов, Қазіргі қазақ тілі,1991
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы Алматы: «Ана тілі», 1992
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер Алматы: «Ғылым», 1999
5. К.Аханов, Тіл білімінің негіздері,2002
6. Қазақ тілі энциклопедиясы, Алматы,1998
7. Қазақ тілі 5-11-сыныптар, «Арман-ПВ» баспасы, 2004
8. МАН, Нұр-Сұлтан, 2019
9. М.Балақаев, Қазіргі қазақ тілі,1992
- 10 Р.Сыздық, Қазақ тілінің анықтағышы,2000
- 11.С.Исаев, Қазақ тілі,1984
- 12.Т.Қордабаев, Қазақ тілі білімінің мәселелері,1991
- 13.Ш.Бектұров, Қазақ тілінің қолданбалы грамматикасы,2003.Ф.Мұсабекова, Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы,1991
- 14.Ш.Бектұров, Қазақ тілі,2006

«НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ»

Мұнайтбас Өркен Орынбасарұлы
Жамбыл облысы, Қордай ауданы,
№1 Дінмұхамед Қонаев атындағы мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Егер де сен кеме жасағың келсе – адамдарды шақырып,
жұмысты жоспарлаудың, бөліп берудің,
құрал-саймандарды тауып берудің қажеті жоқ.
Адамдардың шексіз теңізге деген ынта-ықыласын
асқындыра ояту керек.
Сонда олар өздері-ақ кеме жасап алады...»

Сабақ беру – мұғалімнің негізгі жұмысы. Алайда оның нәтижесін көру, оған қол жеткізу кез келген мұғалімнің қолынан келе бермейді. Сол себепті әрбір мұғалім өз шәкірттерінің білім нәтижесін көру үшін өмір бойы іздену үстінде болады. Ал сабақтың оң нәтижесі оны жоспарлаудан басталатыны белгілі.

Мұғалім сабақтың толыққанды жоспарын жазуда, ең алдымен, сабақтың тақырыбын, одан кейін оқу мақсатын айқындап алғаны жөн. Мақсат, көбінесе, мұғалім жалпы неге қол жеткізгісі келетіндігін сипаттау үшін қолданылады. Дұрысы – мақсатты оқушылардың бір сабақ ішінде нені үйреніп шығуына қарай бағыттап қою керек. Егер оқу мақсаты оқушыға түсінікті болса, онда оның сабақтағы іс-әрекеті аса белсенді, саналы және нақты нәтижеге қол жеткізуге бағытталған болады. Оқушылардың оқуға деген ынта-ықыласын олардың сабаққа мақсат қою сәтінде қатыстыру арқылы арттыруға болады. Тәжірибе бойынша оқу мақсаттары мен күтілетін нәтиже Блум таксономиясының танымдық мақсаттарына негізделіп құрастырылуда.

Бүгінде білім беру жүйесінің ерекшелігі – білім алушының қандай да бір іс-әрекетке құзіреттілігін дамыту, арттыру, қалыптастыру. Біз оқушының білімін, біліктілігін, дағдысын бағалаудан оның құзыреттілік қасиетінің қалыптасуын бағалауымыз керек, қазір оқушылардың білімділігі ғана басты рөлде емес, басты орында оқушының құзыреттілігін, оның жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасау, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін көтеру сияқты мақсаттар қойылған. Сол себептен оқытуға деген көзқарас өзгергендіктен, оқыту нәтижесін бағалау да жаңа бағытқа ие болуда. [1]

Нәтижеге бағытталған сабақтың негізгі компонентінің бірі – саралау. Оқушы бойындағы өзіндік ерекшеліктерді көре, ескере отырып, тәжірибелі мұғалім оқушының жеткен жетістігін одан әлі дамытуды мақсат тұтады. Осы орайда саралау тәсілдерін тиімді қолданса, өз мақсатына жетті деп тұжырымдауға болады. Себебі саралап оқытудың оқушыға берері көп. Саралау деген не екеніне тоқталмай-ақ, салараудық қажеттілігі жөнінде әңгіме өрбітсек.

Біз не үшін саралаймыз?

- Екі бала бірдей емес;
 - Барлық балалар бірдей түрде үйренбейді;
 - Бір бала үшін жақсы орта басқа бала үшін жақсы орта болмауы мүмкін.
- Басқаша айтар болсақ, «бес саусақ бірдей емес» дейді қазақ мәтелі. Сыныптағы балалардың қажеттіліктері әр түрлі, сондықтан да саралауымыз қажет.

Саралау ерекшеліктер қайдан шығады?

- Балалардың бұрынғы білімдерінен;
- Бұрынғы тәжірибелерінен;
- Нақты мәдени құндылықтар мен нормаларынан;
- Танымдық дамуындағы биологиялық айырмашылықтарынан;
- Жетілу деңгейлерінен;
- Мектепті және оқуды мәдени түрде қабылдауларынан.

Міне, осындай ерекшеліктерді көре, ескере отырып, оқушылардың әр түрлі қажеттіліктеріне, ерекшеліктеріне және мүмкіндіктеріне қарай саралауды жүзеге арысу қажет.

Сынып ішіндегі саралаудың мынадай түрлері бар: қабілеттері бойынша саралау, деңгейлік саралау, қызығушылықтары бойынша саралау. Әдетте, оқушылардың жеке өзіндік ерекшеліктері бойынша ішкі саралау олардың әрқайысына жеке қарауға негізделеді, яғни, олардың психофизиологиялық ерекшеліктері (есте сақтау қабілеті, ойлау ерекшеліктері, темперамент және т.б.) ескеріледі.

Кэрол Анн Томлинсонның зерттеуі бойынша, мұғалімдер саралап оқытуды төмендегідей төрт жолмен жүргізе алады [2].

Мазмұн бойынша саралау:

Бұл оқушылардың нені оқуы (зерделеуі, үйренуі) керектігі немесе оқушының ақпаратқа қалай қол жеткізе алатынын білу. Мұғалім оқу мазмұнын Блум таксономиясы (төменгі ойлау деңгейінен жоғары ойлау деңгейіне дейін зияткерлік деңгейлер жіктемесі) бойынша әр түрлі деңгейді қамтитын оқушылар тобына әр түрлі оқу әдістерін ұйымдастыруы керек.

Үдеріс бойынша саралау:

Бұл мазмұнды түсіну немесе меңгеру үшін оқушы қатысатын іс-әрекеттер. Оқушылар мазмұнды жақсы түсіну үшін орындайтын жаттығулар мен практикалық жұмыстар және іс-әрекеттер. Үдерісте оқушыларды ақпаратты қабылдау қабілеттеріне қарай визуалдарды оқулықпен қамтамасыз ету, аудиалдарға аудио жазбаларды тыңдату, кинестетиктерге тапсырмаларды өздеріне жасап көруге мүмкіндік беру.

Нәтиже бойынша саралау:

Нәтиже дегеніміз – сабақтың соңында мазмұн бойынша оқушының алған білімін демонстрациялау әрекеті. Мұғалім білімді игерту мақсатында тапсырма береді, барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да, олардың нәтижелері әр түрлі болады. Алайда жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс жасаудан гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді және жетпей тұрған білімдерін жетілдіру туралы ойланғандары маңызды. Сабақта мұғалім барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізулеріне әрекет жасайды.

Оқу ортасы бойынша саралау:

Мұғалімдер сыныпта қауіпсіз және қолайлы оқу ортасын қамтамасыз ететіндей оқу үдерісін ұйымдастыруы қажет.

Сонымен қатар саралаудың айқын және жасырын түрлері де анықталған. **Айқын саралау** балалар өздерінің сараланып жатқанын білетін, көзге көрінетін саралау түрі. Мысалы:

- жеке жұмысқа арналған деңгейлік тапсырмалар;
- жоғары деңгейдегі оқушылар үшін күрдегенген тапсырмалар;
- әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар;
- әр оқушыға жеке тәсіл;
- жеке шығармашылық жұмыс;
- сабаққа оқушының қосымша озық материалдар дайындауы;

➤ шешімдер үлгілерін, теориялық анықтамаларды, қосалқы мәселелерді пайдаланып, тапсырмаларды орындау т.б.

Айқын саралау кезінде қиын балармен жұмыс істеудің, үлгерімі төмен оқушыларға көмектесуге, үлгерімі жоғары оқушыларға көңіл бөлудің мүмкіндіктері пайда болады. Сондай-ақ, мықты оқушылар өз қабілеттерін көрсетуіне, үлгерімі төмен оқушылар өз жетістіктерін сынауына да мүмкіндік туады.

Жасырын саралау дегеніміз «оқуды жекешелендіру» немесе оқушыларды деңгейімен «топтастыру» мен «жеке жұмысты» тең деңгейде қолдану дегенді білдірмейді. Жасырын саралау бұл оқыту үдерісінде оқушылардың жекелеген ерекшеліктерін, оқыту түрлері мен әдіс-тәсілдерін есепке алу, қажеттіліктеріне сәйкес тапсырмаларды таңдау құқығын беру.

Сабақты жоспарлауда және оқытуда жалпы ортақ қабылданған саралаудың осы тәсілдерін барынша орынды қолдануға машықтанған жөн. Себебі саралаудың осындай тиімді әдістерін қолдана отырып, оқушылар арасындағы ауқымды ерекшеліктерін ескеруге болады. Психолог Н.А.Менчинская: «Оқыту тиімділігі оның мазмұны мен әдістеріне ғана тәуелді емес, сонымен қатар, оқушылар тұлғасының жеке басының ерекшеліктеріне байланысты», [3] – деген. Демек, оқушыларға оқу мақсатына жетуді көздейтін тапсырма, жаттығуларды беру барысында баланың жеке ерекшелігі және қажеттілігі ескерілуі керек. Бұл турасында ұлы ғұлама Аристотельдің өзі былай деген: «Оқушылар биіктен көрінуі үшін алдыңғыларға жетіп, соңғыларды тоспауы керек». Яғни, әр бала өз ерекшелігіне, қажеттілігіне және мүмкіндігіне қарай тапсырмалар мен жаттығуларды орындай отырып, оқу мақсатына жетуі керек.

Жоспарлау және оқыту барысында тапсырманы саралаудың маңыздылығы басым. Саралаудың бұл тәсілі негізгі мазмұнды қамтитын түрлі тапсырмалар ойластыруды көздейді.

Оқушыларға жекелеп немесе топтарға олардың меңгерген білімдеріне негізделген тапсырмалар беріледі. Аса қабілетті оқушыларға айтарлықтай жоғары деңгейде ойлауды дамытуға мүмкіндік беретін, проблемаларды шешу қабілеттері мен зерттеу қабілетін пайдалануды талап ететін күрделі тапсырмалар беруге болады.

Мысалы, 9-сыныпта қазақ тілі пәнінен «Гендік модификацияланған өнімдер» тақырыбында өткен сабақта саралаудың төмендегідей түрлерін қолдандым. Бұл жерде оқушылар өздерінің қалаулары бойынша тапсырмаларды орындай отырып, өз білімдерін көрсете алу мүмкіндігіне ие болады.

1-деңгей. Сабақ тақырыбына байланысты СИНКУЕЙН құрастыру.

2-деңгей. ГМӨ-нің пайдасы мен зияны туралы Венн диаграммасын жасау.

3-деңгей. Мәтін бойынша сұрақ-жауап түрінде диалог құрастыру.

4-деңгей. Бейнетаспа материалы мен оқылым материалын байланыстыра отырып, шағын мәтін құрастыру.

Күрделілігімен, оқу-танымдық қызығушылықтарымен, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану – сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады [4].

Бүгінде білім беру жүйесінің ерекшелігі – білім алушының қандай да бір іс-әрекетке күзіреттілігін дамыту, арттыру, қалыптастыру. Біз оқушының білімін, біліктілігін, дағдысын бағалаудан оның күзіреттілік қасиетінің қалыптасуын бағалауымыз керек, қазір оқушылардың білімділігі ғана басты рөлде емес, басты орында оқушының күзіреттілігін, оның жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасау, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін көтеру сияқты мақсаттар қойылған. Сол себептен оқытуға деген көзқарас өзгергендіктен, оқыту нәтижесін бағалау да жаңа бағытқа ие болуда.

Қорыта келе, тиімді жоспарлау – мұғалімнің оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдірудің, оқушыны үнемі ойда ұстау арқылы олардың табысты оқуына ықпал етуге мүмкіндік берудің, яғни сапалы білім беру негізі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тойымбекова Ж.Б. «Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ
2. Н.Б.Жакыпова. Физика пәнін оқытуда саралау тәсілін тиімді қолдану. <https://www.youtube.com/watch?v=bqjbjxXRsq>
3. Саралап оқыту ауыл мектебінде сабаққа қызығушылықты тәрбиелеу құралы. Қашықтықтағы семинар. 14 қаңтар 2011 жыл. <https://burabay.akmoedu.kz/documents/view/F9D97E1FB2988BAA.html>
4. Ж.І.Ізғали. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «НЗМ» ДББҰ. ПШО, 2016. Атырау / 2019.

САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУДА БАСШЫЛЫҚҚА АЛАТЫН САРАЛАП ОҚЫТУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Абишева Макпал Таттибаевна

Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Балжан Бөлтірікова атындағы мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Табыстылыққа ұмтылу – оқу мен оқытудың негізгі мақсаты. Оқушыларды оқыту және тәрбиелеу алдын-ала божауға мүмкіндік бермейтін күрделі үдеріс.

Оқытудың табыстылығы әр пән мұғалімінің өзінің пәнінің ерекшелігіне сәйкес тиімді әдістерді таңдай білетін мұғалімнің шеберлігіне байланысты болмақ. Тек қана тиімді әдістерді ғана меңгерумен шектелмейді, сондай-ақ, мұғалімнің мәдениеті мен оқушыларға деген сүйіспеншілігі де маңызды рөл атқарады. Егер оқушы сабақтан жаңа нәрсе үйреніп, өзіне көңілі толып шықса, сабақтың жақсы өткені мұғалім еңбегінің табысты болғаны, егер керісінше оқушы сабақтан ештеңе үйренбей, көңіл-күйсіз, сабаққа деген құлшынысыз шықса – сабақта сәтсіз тұстардың көп болғаны. Әйтсе де, сабақтың табысты болуы тек қана мұғалімге ғана байланысты емес, әрине сабақтағы оқушылардың білім алуға деген жауапкершіліктеріне де байланысты. Сабақта кез келген оқушы сабақтың маңызын және өзінің қаншалықты табысты болғанын сезіне білуі керек. Мұндай жағымды ортаны қалыптастыру үшін

мұғалім жаттанды білім беруден арылып, оқушыны жаңа білімді өздігінен игеруіне бағыттап, жағдай жасауы қажет.

Әлемдік педагогика оқуды саралау туралы XX ғасырдың 20-шы жылдары ойлана бастаған. Бұл кезеңде кеңестік және шетелдік педагогикада оқуды жеке даралау және саралау саласында белсенді жұмыстар жүргізген. Өткен ғасырдың басында оқыту үдерісіндегі даралау әдістерін іздеу АҚШ-да кең етек алған. Кеңес, Батыс Еуропа және Америкада білім саласындағы жеке даралау саралау бағытындағы зерттеулер бір уақытта басталғанымен, қазіргі таңда батыстық педагогиканың бұл бағытта үлкен практикалық және теориялық тәжірибесі басым. С.Бабаев «Бастауыш сынып педагогикасы» атты оқу құралында: Даралық бағыт әр оқушының танымдық күштерін, белсенділігін бейімділігін және дарынын дамытуға аса қолайлы мүмкіндіктер түзуге жәрдем береді. Мұндай тәрбиелік бағыт «қиын» шәкірттер, қабілеті төмен оқушылар үшін қажет – деп көрсеткен [3, 82б.]. Саралап оқыту - бұл білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүргізіледі. Біз қарастырып отырған саралап оқытудың теориялық негізін Л.Выготский, А.Леонтьев, Б.Ананьев, С.Рубинштейн т.б ғалымдар жасаған. Ал, бастауыш мектеп кезеңіндегі саралауға байланысты мұғалім әрекеттерін В.Давыдов, Л.Занков, Ш.Амонашвили т.б зерттеулерінде қарастырылған.

Саралаудың педагогикалық және психологиялық тұрғыдағы теориялық негіздерін ескерсек оқуды саралау қазіргі таңдағы білім беру саласындағы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Өзекті дейтін себебіміз әр баланың өзіндік даму ерекшелігі бар. Сондықтан да біз қазіргі таңда барлық баланы бірдей әдіспен оқыта алмаймыз. Әр баланың ерекшелігін ескере отыра, оның қажеттілігін қанағаттандыратындай әдістемемен оқыту қажет. Бұл әдістемелік құралдың мақсаты педагог қызметкерлердің сабақты жоспарлау үшін саралаудың педагогикалық негіздерін білу мен түсіну және оқыту үдерісінде оқушылардың қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін саралау тәсілдерін қолдану дағдыларын дамыту болып табылады. Қазіргі таңда білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында мұғалімдердің тәжірибесінде көптеген өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістер мұғалім тәжірибесін дамытуға бағытталған. Осылайша жоспарлау және оқытуда саралаудың маңыздылығы артуда. Саралап оқыту (дифференциация) латын тіліндегі «difference» сөзінен бастау алған және біртұтас затты түрлі бөліктерге, нұсқаларға, сатыларға бөліп жіктеуді, саралауды білдіреді, ал француз тілінде «differentiation» айырмашылық, ерекшелік дегенді білдіреді. Саралап оқыту дегеніміз:

- мұғалім оқу үдерісінде маңызды болып табылатын белгілі бір ортақ ерекшеліктеріне қарай топтастырылған оқушылар тобымен (гомогенді топ) жұмыс жүргізетін оқу үдерісін ұйымдастыру түрі;
- оқу үдерісін оқушылардың әртүрлі топтары үшін бейімдеуге мүмкіндік беретіндей етіп құрылған жалпы дидактикалық жүйенің құрамдас бөлігі.
- оқушылардың оқу талаптарына сәйкес оқыту үдерісін реттеу;
- оқушылардың тиімді оқуына мүмкіндік беретін кішкентайдан үлкенге дейін өзгерістер енгізу;

- оқу бағдарламасын әр түрлі жолмен жүргізу. Дағды, білім, түсінік және сан алуан тапсырмаларды берудің әр түрлі жолымен келетінін көрсету;
- оқушылардың ерекшеліктерін ескеру және оған сәйкес жоспарлау;
- оқушылардың білімдерін кеңейту үшін жеке тұлғалардың не оқушы топтарының әр түрлі қабілеттіліктеріне сай жұмыс беру.

Саралап оқытуда басшылыққа алатын саралау қағидаттары:

Еркіндік қағидаты: әрбір оқушының білім деңгейіне қарамастан өзін таныта білу мүмкіндігіне шектеу қоймау;

Сенімділік қағидаты: оқушының табысқа жетуіне деген өзіне сенімділігі, мұғалімнің сабақта оқушылардың жоғары жетістікке қол жеткізе алатынына сенім артуы;

Толеранттылық қағидаты: оқушының жеке ерекшеліктерін, қабілетін ескеріп, өзіндік дамуына қолайлы орта жасау.

Сабақта саралау әдісінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, сабақ жоспарын тиімді құрастыру мәселесін алға қоямыз. Саралап оқытудың қағидаттарын ескере отырып, үнемі қолдау көрсету, жан-жақты дамыту, зерттеуге бағыттау арқылы өз пәніміздің тиісті оқу мақсатын меңгертіп қана қоймай, зерттеушілік дағдыларын қалыптастырып, қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік аламыз

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кобдикова Ж. Орта мектепте білім алуды технологияландыру (саралап деңгейлеп оқыту). 2022 ж.27 б.
2. Ізғали Ж. Жоспарлау мен оқытуда саралау тәсілдерін қолдану /Әдістемелік құрал/ Атырау, 2019

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Болатбек Динара Болатбекқызы

Жамбыл облысы, Қордай ауданы, №3 Абай Құнанбаев атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Білім саласының дамуы мен ілгерілеуі ешқашан назардан тыс қалмайды. Себебі еліміздің ертеңі – жас ұрпақтың қолында. Қазіргі заман талабына сай болашақ ұрпақтың оқып білім мен тәрбие алуы үшін атқарылатын қарқынды жұмыстар ұстаздардың еншісінде екені айтапаса да түсінікті. Балаға қалай бағыт берсең, солай өседі. Саналы ұрпақ өсіру – біздің міндетіміз.

Қазіргі оқушы зиялы, жауапкершілігі мол, өз бетімен білім алуға дайын болуы тиіс. Сондықтан оқыту үрдісінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту маңызды мәнге ие болып отыр.

«Шығармашылық» сөзінің шығу төркіні «шығару», «ойлап табу» дегенді білдіреді. Жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке жету деп түсіну керек.

Философиялық сөздіктен «шығармашылық қайталанбайтын тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет» , - деп түсіндіреді. [1]

Оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына ұстаздың атқарар рөлі зор. Біреулер айналадағы құбылысқа таңдана, тамашалай қарайды, ал енді біреулер сын көзімен қарап, ой қорытуы, сыни пікірлер айтуы мүмкін. Таңдана, тамашалай қараған баладан шығармашылық қабілетті тани білу – мұғалімнің парызы.

Шығармашылық қызығуы қалыптасқан оқушылардың мынадай ерекшеліктері болады:

- өзіндік ойлау ерекшеліктері басым, түрлі болжамдар жасауға қабілетті, қиялы ұшқыр;
- шығармашылықпен айналысуға ұмтылып тұрады, шығармашылық күшін сынауға тырысады;
- оқушылар әңгіме, өлең, ертегі жазуға бейім;
- ақыл-ой қабілеттілігін тек өзін қызықтырған іске ғана бағыттайды.

Шығармашылық шеберлік үшін оқушыға ұстаздың берер психологиялық әсері үлкен рөл атқарады. Мысалы:

- «сенің қолыңнан келеді», «сен қабілеттісің», «үйрен», «жаз» деп, балаға сенім білдіру;
- оқушының кішкентай жетістігі болса да жоғары бағалап, мадақтап, көтермелеу;
- шығармашылық сәтте оқушыға құптаушылық көзқарас білдіру, сезім күйін бақылау;
- ақын-жазушылардың, өнер адамдарының шығармашылық дәстүрінен қызықты оқиғаларды әңгімелеу;
- оқушылар үшін педагог өзін қарапайым жан есебінде таныта білу, оқиға, сюжет, образ жасауда оларға сенім білдіру;
- оқушының қойған сұрақтарына пейілімен дұрыс жауап беру, олардың психологиялық еркіндігін қамтамасыз ету.

Шығармашылық оқушыға қуаныш сезімін әкелуі тиіс. Шығармашылық – оқушы үшін сұлулық пен әсемдіктің мектебі. Оқушыларға алуан түрлі тапсырмалар беру, ойындар ұсыну оқушы назарын шығармашылық арнаға бұрады. [3]

Шығармашылық – адамның өмір шындығын, өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін мұғалімнің үнемі ізденісі, жаңашылдығы қажет.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда төмендегі мынадай шарттарды басшылыққа алуға болады:

- оқушының жас ерекшелігі мен жеке қабілеттерін зерттеу;
- оқушыға өз ойын ашық айтқызу;
- ақпараттық технологиямен жұмыс жасау;
- материалдың өзектілігін анықтап, қажеттілігін сезіну. [2]

Оқушыларды қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабақтарында шығармашылыққа баулу барысында төмендегі технологияларды пайдаланамын.

- Дамыту оқыту технологиясы
- Диалогтік оқыту технологиясы

- Ақпараттық-коммуникативтік технологиясы

Дамыта оқытудың негізі оқытудың белсенді әдісі болып табылады. Белсенді оқыту оқытудағы шығармашылық үшін жағдай туғызады. Белсенді әдістер оқушылардың шығармашылық ойлауын жетілдіреді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында «ойлан, жұптас, бөліс», «мозайка», «білімінді шында», «көршіңді тексер», «допты лақтыру», «көшбасшы» сияқты әдістерді тиімді қолданамын. Осы әдістер оқушының өз ойын ашық білдіруге үйретеді. Мысалы, қазақ тілі пәнінде «көшбасшы» әдісін жиі қолданамын. Мәтінді оқыған оқушы оқыған мәтінінен түсініктеме береді. Өз тобының мүшелеріне мәтінді әңгімелейді, талдайды.

Диалогтік оқыту технологиясында «интервью» әдісін қолданамын. «Интервью» әдісі өтілген тақырыпты қорытып бекітуге тиімді әдістің бірі. Бұл әдіс оқушының ой өрісін дамытумен қатар жан-жақтылыққа, өз ойын еркін әрі нақты жеткізуге мүмкіндік жасайды. Диалогтік қарым-қатынас барысында оқушы мәтін құрай алу, хабарлау, баяндау, суреттеу, диалог, монолог құра білуге үйренеді. Шығармашылық қабілеттері дамиды, оқу мақсатында нәтижеге жетуге үйренеді. Оқушының бойында ойлау, шешім қабылдау, ақпаратты басқару дағдылары қалыптасады.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану заман талабы. Білімді жаңаша беру мүмкіндері болады. Ең алдымен оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады деп есептеймін. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тақырып бойынша берілген электронды оқулықтар, бейне материалдар, түрлі платформалар оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында әр оқушыға пән бойынша тақырыптар бөліп беремін. Бөлінген тақырып бойынша оқушылар ізденіп бейне жазбалар, презентациялық жұмыстарды қызыға орындайды. Дайындаған презентациялық жұмыстарын қорғайды. Өздерінің орындаған жұмыстары бойынша ұсыныс жасайды.

Сабақ барысында жеке, жұптық, топтық жұмыстар жүргіземін. Жеке жұмысты жоспарлаған уақытта оқушының қандай дәрежеде орындай алатындығын ескеру қажет. Атап айтқанда, өздігінен кітап оқу, ата-әжелерінен халықтық мұра жайлы сұрап, деректермен жұмыс жасауға дағдыландыру. Есте сақтау, тұжырымдамалық карта жасауға дағдыландыру, өз жұмысын тиянақтауға бағыттау. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолданған кезде ғана нәтижеге қол жеткізуге болады. Ең алдымен оқушы өз бетімен жұмыс жасай білуге, өз ойын қорытындылай алуға үйренуі керек.

Шығармашылықтың түрлері көп. Солардың ішіндегі ерекшесі – сөз өнері. Әдебиет – сөз өнері. Әдебиет сабағында оқушылардың шығармашылық қабілетін жан-жақты дамытуға болады. Оқушының әдебиет сабағында көркем туынды туралы пікірін, ойын қалыптастыру маңызды. Көркем шығарманы талдау барысында проблемалық жағдаят тудыру арқылы оқушының ойын білуге болады. Мысалы, Дулат Исабековтің «Әпке» драмалық шығармасын талдауда мынадай проблемалық жағдаят туындатуға болады.

1. Д.Исабековің «Әпке» драмалық шығармасының негізгі ойы қалай берілген?

2. Қай кейіпкер өздеріңе ерекше ұнады? Себебі?

3. Әпке орнында өзің болсаң не істер едің?

Сонымен қатар, «кейіпкерге хат» әдісі арқылы оқушының өзіндік ойын көруге болады. «Әпке» драмалық шығармасы бойынша кейіпкер Қамажайға жазылған хаттан үзінді келтірейін:

Сәлеметсіз бе, Қамажай әпке, қалыңыз қалай? Ауырмай жүрсіз бе? Мен сіздің өз денсаулығыңызды күткеніңізді қалаймын. Себебі өз бауырларыңызға ана орнына ана, әке орнына әке болып жүрсіз. Жұмысқа да орналасыпсыз. Бауырларыңыз үлкейді, әркімнің өз ойы мен пікірі бар. Ал Ермек болса әлі кішкентай. Ермекке сіз керексіз. Көп уайымға салынбауыңызды сұраймын. Өзіңізді күтіңіз. Сіздің мықтылығыңызға, мейірімділігіңізге тәнтімін. Менің де сіздей әпкем болса екен деймін. Сіздің бойыңыздағы асыл қасиеттер әр жас жеткіншектің бойынан табылса екен деймін. Әрқашан жүзіңізден қуаныш, күлкі кетпесін. Бауырларыңыздың сіздей әпкесі барына қуанады. Мен оларды бақытты жандар деп санаймын. Жақсы, сау болыңыз, Ермектің бетінен сүйіп қойыңыз.

Сәлемнен 8-сынып оқушысы Темірбек Анора.

Бұл әдістің тиімділігі оқушылардың ойлау қабілетін, көркем туындыға байланысты әсерлерін, көркем сөз құдіретін түсіне білуге әр шығарма негізінде ой түйінін, өз пікірлерін жазуға үйретеді.

Шығармашылық әдіс оқушылардың оқырмандық қабілетін тәрбиелеу мақсатында көркем шығарманы оқып-үйренудің алғашқы кезеңінде де, соңғы кезеңінде де қолданылуы мүмкін. Мұнда оқушының мәнерлеп оқуы, жеке сахналық көріністер, көркем шығарма бойынша пікірлесу, эпизодтарға тақырыптар қою, көркем баяндау, иллюстрация жасау, мәнерлеп жаттау сияқты жұмыстарды көбірек қолданамын.

Меніңше, оқушының шығармашылық қабілетін жан-жақты ашуға болады. Бір бала мәнерлеп оқуға бейім болса, бір бала шығарманы көркем баяндауға икемді болады, бір бала пікір жазуға не айтуға мықты болады. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту мұғалімнің шеберлігіне байланысты деп есептеймін. Күнделікті атқарылған жұмыстардың нәтижесінде өз ойын жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, болашаққа семіммен қарайтын саналы жеке тұлға қалыптасады. Халқымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» дегені әр ұстаздың жадында болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық талдамалық журнал 12 жылдық білім беру. Астана 2015 жыл №2
2. «Бағдарлы мектеп және кәсіптік білім» журналы, 2017 жыл №3
3. «Қазақстан мектебі» журналы. № 8 2012 жыл.

ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ТАРИХИ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Кусёва Салтанат Жұмабекқызы

Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Антон Макаренко атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі
ernar_kazg@mail.ru

Бүгінгі таңда педагогикалық ойлауға орай оқыту мен тәрбие үрдісіне де елеулі өзгерістер орнығуда. Мұндай өзгерістер бастауыш мектеп оқушыларын оқыту және тәрбиелеуге жаңа талаптар қоюда. Әсіресе, әсемдікті түсінетін, мәдениетті, үйлесімді дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеуде көркемдік талғамды қалыптастыру жауапкершілікпен қарауды қажет етеді. Қазақстан Республикасы мемлекеттік «Мәдениет мұра» бағдарламасында маңызды міндеттер ретінде рухани және мәдениет мұраны, соның ішінде қазіргі заманғы ұлттық мәдениетті, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің, әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениеттің таңдаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің толыққанды жүйесін құру мәселелері ретінде: Білім беруді жаңарту үрдісі деп – ұлтымыздың салт-дәстүрін, мәдени мұрасын, рухани құндылықтарын, яғни, оқу-тәрбие үрдісін біртұтас алып жүретін халықтық педагогика негіздерінен құралатын ұлттық идеологиялық бағыттың тұрақты бір жүйесін түсінеміз» - деп айқын көрсетілген.

Осыған орай, қазіргі кезде жаһандану және қазақ халқының рухани өрлеуі жағдайында жас ұрпақты өз халқының рухани, мәдениетті қазынасымен, оның ұлттық мәдени-эстетикалық құндылықтары арқылы тәрбиелеу мәселесін ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеп, практикалық жағынан жетілдіре түсу қажеттілігі айқындалып отыр. Егеменді елдің болашақ азаматтары – бүгінгі оқушылардың қандай құндылықтарға бағытталғандығы, нені қадірлеп, қастерлейтіні, қоғамда қандай әлеуметтік қызметті атқаруға даяр екендігі мемлекеттің өсіп-өркендеуіне әсер етуші факторлардың бірі ретінде маңызды орын алады.

Әрбір ғылым саласы өзінің зерттеу бағытына сәйкес құндылықтарды түрліше деңгейде қарастырады. Қазіргі кезде құндылық термині философия, әлеуметтану, этика, эстетика, психология, педагогика ғылымдарында кеңінен қарастырылуда. Біз құндылық мәселесіне арналған еңбектерден өз зерттеуімізге қатысты «құндылық» ұғымының философиялық, мәдениеттанымдық, эстетикалық, педагогикалық мәніне баса назар аудара отырып, оларды өз зерттеуіміздің алғышарттары ретінде жүйелі түрде талдау жасаймыз.

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар қарым-қатынастардан, қоғамдастықтан тыс жеке-дара қалыптаспайды. Ұлттық сезім – ерекше әлеуметтік-психологиялық құбылыс, ол сыртқы әсерлерге, тез бой алдырып отырады деп дәлелдейді зерттеуші ғалымдар

Болашақ ұрпақты сан ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік тарихы бар құндылықтар негізінде тәрбиелейтін мазмұнды ақпараттар өте мол. Олар ғұлама ойшылдардың, педагогтар мен психологтардың еңбектерінде түрлі көзқарастарда баяндалып, атадан балаға ұласатын құндылық сезім ниеттер, ұмтылыстар, тұлғаның тәрбиелігін анықтайтын ізгі қасиеттерді қамтиды. Бұл өз кезегінде ғылым әлеміндегі құндылықтар ұғымына байланысты алуан түрлі тұжырымдармен айқындалып, нақтыланып отырады.

Сондықтан ол үнемі тәрбиелеуді және ақыл-парасат тарапынан бақылауды қажет етеді. Жеке тұлғаның ұлттық сезімін тәрбиелеу айналасындағы ортада қалыптасқан, олар үшін өмірлік қағида болып табылатын белгілі-бір құндылықтармен толтыру арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Ақыл-ойдың бақылауындағы және белгілі бір ортаның ықпалындағы ұлттық сезім ізгі, адамгершілікті болады. Табиғи, биологиялық, тектік нышандармен органикалық түрде астарласады. Бірақ ақыл-парасаттың өзі адамдардың қандай да бір бөлігінде, ал кейбір едәуір бөлігінде әртүрлі қоғамға қарсы идеялармен, психологиялық тойымсыздықпен, өзімшілдікпен, басқа ұлттық құндылықтарды қабылдамау арқылы да ластануы мүмкін.

Құндылықтар мәселесін арнайы зерттейтін ғылым саласы аксиология (грек тілінде axis – бағалы, құндылық, «logos» - ілім, ғылым). Аксиология құндылықтар жаратылысы туралы, оның объективті орны мен құндылық әлемдегі құрылымы туралы, яғни әлеуметтік және мәдени факторлар мен тұлға құрылымы арасындағы әртүрлі құндылықтар байланысы туралы ілім.

Қазақ тіліндегі түсіндірме сөздігінде: «құндылық» – нарқы жоғарылық, қымбаттылық, бағалылық. Құндылық арқылы сол заттың маңызын, мәнділігін, пайдалылығын, қажеттілігін білуге болады» - деп сипаттаған.

Философиялық сөздікте: «құндылық» - бұл, танымның, белгілі бір объектінің адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылуы. Құндылыққа ешқандай күмән келтіруге болмайды, ол барлық адамдар үшін идеал, эталон қызметін атқарады» - деген анықтама беріледі.

Психологиялық сөздікте: «құндылық» түсінігі қоғам үшін әлеуметтік-тарихи маңызы бар, жеке адам өмірінің болмысын және қоғамдағы моральдық қарым-қатынасты анықтайтын құбылыс ретінде түсіндіріледі.

Мәселен, психолог А.Н.Леонтьевтің пайымдауы бойынша құндылық ұғымы мынадай үш құбылысқа қатысты қарастырылады:

1. Қоғамдық идеалдар – қоғамдық сана арқылы пайда болған қоғамдық өмірдің түрлі салаларындағы мүлтіксіздік, кемелдік туралы қоғамдық түсінік, норма.
2. Осы қоғамдық идеалдардың нақты адамдар іс-әрекетінде заттануы, жүзеге асуы.
3. Қоғамдық идеалдарды өз іс-әрекетінде нақты пайдалануға түрткі болатын тұлғаның мотивациялық құрылымы.

Ал, Қазақстандық философтар құндылықтар – қасиеттер дей отырып, бұл қасиеттердің бала кезден, ана сүтімен бірге өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығатындығын ерекше бағалайды. Ол құндылық қатынас әрқашан да субъектінің бойында белгілі бір эмоцияларды – қуану, сүйсіну, тандану, табыну туғызатындығын айта келе, мынандай құндылықтарды анықтайды: адам өмірі, еркіндік, адамгершілік, отбасы, қарым-қатынас, жеке бақыт, ұрпақ көбейту, күнкөріс көзі және әрекет мәні ретіндегі жұмыс, игілік, беделділік, заңдылық, мейрімділік, тәуелсіздік.

Әлеуметтанушылар құндылықтарды: адам өмірі, бостандық, отбасы, адам бақыты, ұрпақ жалғастыру, еңбек ету, табыс, ынтымақтастық, белсенділік,

мәдениет, әдебиет, тарих, тіл, дін, ар, ұят, намыс, абырой, дәстүр, әдет-ғұрып, салт, ұлттық тәлім-тәрбиелік негізінде дамып қалыптасты.

Мәдениетті тұлға қалыптастыру сипатында қарастырған Л.Н.Коганның пікірі бойынша: «Мәдениетті түсіндірудің негізінде адамның белсенді шығармашылық іс-әрекеті және соған сәйкес іс-әрекет субъектісі ретіндегі адамның өзінің даму жағдайы алынады. Мәдениеттің дамуы осы жағдайда қоғамдық тіршілік әрекеттерінің кез-келген өрісіндегі тұлғаның дамуымен сәйкес келеді».

Анықтама негізінде материалдық және рухани мәдениетті тұлғалық қасиетті қалыптастыру сипатында қарастырғанда, бірнеше елеулі түсініктерге тоқтала кету қажет. Олардың ішіндегі маңыздылары: мәдени әрекет, мәдени орта, мәдени игіліктер, мәдени қажеттіліктер. Егер мәдениетті іс-әрекет тұрғысынан қарастырсақ ол қоғамдағы адамның белсенділігін жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын қоғамдық өмірді реттеуші, мәдени құндылықтарды сақтаушы оны қайта өңдеуші болып табылады.

Рухани құндылықтар арқылы адамдар өткен дәуірлердегі құндылықтар туралы тек біліп қана қоймай, оның маңызды және қажетті деген элементтерін өз бойына сіңіріп, өзінің рухани мұратына, мақсатына айналдырып отырады. Осындай жағдайда ғана нағыз рухани сабақтастық болуы мүмкін. Рухани дәстүр адамды түлетуі қажет.

Ұлттық тәрбие – сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Өйткені ол халықтың ұлттық тәлім-тәрбиелік негізінде дамып, қалыптасты.

Ақын-жыраулардың толғауларында бүкіл қазақ халқының ой -арманы мен эстетикалық түсініктері шынайы бейнеленген. Олардың шығармашылығындағы ұлттық көркем мәдениет алдымен тұрмыс-салт жырларында, қолөнерінде көркем формада баяндалған.

Эстетика көркемдік (әсемдік) әдептен, дәстүрден, салттан, санадан айқын көрініп жеке тұлғаның, топтың, ұжымның, ұлттың эстетикалық мәдениетін көрсетеді. Эстетикалық әсерленуден қабылдау, қабылданудан тану, талғам, эстетикалық сана қалыптасады. Ол туралы «Құлақтан кіріп, бойды алар, әсем ән мен тәтті күй, Көңілге түрлі ой салар: әнді сүйсең, менше сүй» - деп Абай эстетикалық талғам мен сананың өзектес өрнегін жеткізе бейнелейді, сөйтсе де, өлең өрнектерімен әсемдік жасайды.

Мәселен, «Отыз үшінші сөзінде» Абай қолөнердің қажеттілігіне тоқталады, қолөнер үйренбек керек, ол ешқашан жұтамайды, өнерді үзбей жетілдіріп отырса, іскерлік артады деген ұғымды жастарға қазақтардың жалқаулығын, салғырттығын, кербездігін, мақтаншақтығын бетке басып, әшкерелей отырып қазақ халқына тән психологиялық ерекшелік айнытпай берілген десе болады. Этнопедагогика мен психологияда мұндай сезімдер моралдық (адамгершілік) интеллектуалдық (танымдық) және эстетикалық болып бөлінеді.

Өз халқының ұлттық тәрбиесінен хабары жоқ жас ұрпақ, өз мәдениетін білмейтін азамат болуы мүмкін дегенге келеді. Халел Досмұхамедов: «Ұлттық мектептегі оқуға қойған талаптарында бұрынғы өткен халықтармен, олардың мәдениетімен, салтымен таныстыру, бұрынғыдан қалған тамтұқтарды қалай

іздеу жайында, қалай пайдалану туралы баяндама беру қажет» - деген пікір айтқан.

Демек, сонау ғасырлардан бастап ұлы ойшылдарымыз бен саясаткерлердің, ақын-жыраулардың көкейін тескен ұлтымыздың дамуына қатысты мәдени-рухтық мүдделер жалғасын тауып, бүгінгі ғалымдарымыздың еңбектеріндегі зерттеу тақырыбына да арқау болып отырғандығына көз жеткіземіз.

Халықтың эстетикалық ой танымының, оның ішінде ұлттық реңктерді қабылдай білуде образды поэтикалық талғамның қалыптасуы дегеніміз – ата-бабамыздың мәдени болмысы біртектес, біртұтас болуы деген сөзді білдіреді. Бұл орайда кең далада еркін өскен ата-бабамыздың ой өрісі де кең, түйсігі ұшқыр, талғамы биік болғанын оның ұлттық қолөнерде пайдаланған түстерді образды сипаттауынан айқын аңғарамыз.

Аталған ғалымдардың онсыз да ұмыт болып бара жатқан дәстүрлері тезірек меңгеріп, құнды, пайдалы деген жағын эстетикалық талғаммен қабылдап, өмір қажетінен шығара білуге шақыруы қазіргі заман талабымен ұштасып жатыр. Егеменді ел болып, еркіндік алған тәуелсіз халқымыздың мәдени негіздері жасалып, жаңарып дами бастады.

Этнопедагогика халық педагогикасына лайықты үндестік құрылымын жасайды, отбасы мен мектептегі білім мен тәрбиеге бағыттайды, сөйтіп, халық педагогикасының табиғилығы мен өміршеңдігін, әлеуеттілігін нығайта түседі. Мектептегі оқу-тәрбие үрдісінде халық педагогикасы дәстүрлерін ізгілендіру тек этнопедагогикалық әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын әр алуан дәстүрлердің қайта жаңғыруы тек қана дәстүрлі тәрбие жолымен жүзеге асырылуы қажет, өйткені, ол ұлттық мәдени құндылықтардың өзегі.

Халық педагогикасының көздеген мақсаты – адами тұлғаны (ұлттық тұлға), қалыптастыру десек, оның іргетасын білім, наным, әседікке сену, эстетикалық тәрбие жасамақ. Сонымен қатар, халықтық педагогика қағидасы, мектепте оқушыларды ұлттық мәдени құндылықтарды игеру арқылы, рухани адамгершілікті, мәдени өмір салтын ұстануға негіздейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Мәдени мұра». Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2004, 11-13 бет.
2. Агаев А.Г. Национлогия: Проблемы конструирования
3. Педагогикалық сөздік. – Алматы, 1997 ж. 66-бет
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8-том жалпы редакция басқарған А.Ы.Ысқақов.-Алматы: Ғылым.1985-591 бет.

**«НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ
ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ»**

Бекетова Салтанат Нуралиевна
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Жасөрген орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Сабақты тиімді жоспарлау үшін не қажет? Ең алдымен сабақтағы оқу-тәрбие процесінің тиімділігін анықтайтын негізгі факторларды анықтау қажет. Бүгінгі таңда оқытуда жаңа тәсілдер қолданып, олар:

- балалардың оқу үрдісін түсінуі;
- нені оқыту керектігін түсіну;
- оқу процесін қалай құрылымдау керектігі туралы түсінік;

Оқытудың тиімділігін қалай бағалауға болады.

Оқыту процесін қалай құрылымдауға болатынынан бастайық. Мұғалім оқушылардың өзінен туындайтын білімге, дағдыға, көзқарас пен сенімге бейім болса, оқу үрдісінің табысты болуы ықтимал. Яғни, сабақты сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясына арналған сабақты жоспарлау үлгісі бойынша, дәлірек айтсақ, сабақты өткізудің үш кезеңдік моделі: «шақыру – түсіну – рефлексия» бойынша жоспарлаған дұрыс.

Осылайша, «сынақ» кезеңінде мұғалім оқу процесінің бастапқы кезеңінде оқушылардың бар білімін бекітеді, оқуды бар біліммен, мүмкін қате пікірлермен және оларды түзету әдістерін іздеумен байланыстыруға көмектесетін арнайы диагностикалық құралдарды пайдаланады. Оқу-тәрбие процесінің басында студенттер міндетті түрде қарастырылатын тақырып бойынша белгілі бір нәрсені біледі және бұл бастапқы білім жаңа материалды меңгерудің бастапқы нүктесі болып табылатынын есте ұстаған жөн. Сабағымызда «шақыру» кезеңінде «миға шабуыл», «білім себеті», «бар болғаны бір минут» т.б стратегияларды қолданамыз. Бұл стратегиялар оқушылардың сабақтың бастапқы кезеңінде не білетінін анықтауға мүмкіндік береді, оқудың бастау алаңы туралы диагностика жасауға мүмкіндік береді, оқушылардың не істей алатынын, олардың қызығушылықтары мен хоббилері қандай екенін, әр оқушының нені білетінін, ұнататынын анықтауға мүмкіндік береді. Сынақ кезеңінде бұрыннан бар білімді жаңарту, оқытылатын тақырыпқа қызығушылықты ояту, сабақтың тақырыбы мен мақсатын оқушылардың өздері анықтауға көмектесу маңызды. Ол үшін балаларға сабақтың тақырыбын анықтауға бағыт-бағдар беру үшін сабақты бейне, аудио/бейне материалды көрсетуден бастауға кеңес береміз. Олардың бұл іске өте шебер екенін атап өткім келеді. Тиімді жоспарлаудың маңызды аспектілерінің бірі оқу мақсаттарын қою және оған қол жеткізу болып табылады. Мұғалім бұл сабақтан нені қалайтынын, бүгінгі іс-әрекеттің мақсаты қандай екенін білуі керек, сонымен қатар әрбір оқушы не нәрсеге ұмтылу керектігін түсінуі, нәтижеге жету үшін өз іс-әрекетінің қадамдарын қадағалау үшін нұсқаулықты көруі керек.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасының арқасында мұғалім жоспарлауы керек мақсаттарды ойлап табудың қажеті жоқ, барлық мақсаттар бағдарламада жазылған. Мұғалім тапсырмаларды әзірлеуі, осы мақсаттарға жетудің формалары мен әдістерін ойластыруы, оқушылардың нәтижеге жетуіне

көмектесетін әртүрлі стратегияларды таңдауы керек. Айта кету керек, бұл мақсаттар сабақ бойы оқушылардың көз алдында болуы керек. Мұғалім тапсырманы орындау үшін оқушыларды белсендіруі керек, бұл міндетті түрде оны алға қойылған мақсаттармен байланыстырады, яғни. Оқушы бұл тапсырманың сабақтың белгілі бір мақсатына жетуге түрткі болатынын түсінуі керек. Сонымен бірге бұл тапсырманы орындаудың критерийлерін балалармен бірге дыбыстау немесе әзірлеу тиімді болады.

Оқытудың нәтижелі болуы үшін, яғни. «Түсіну» кезеңінде сабақ оқушы мен мұғалім үшін тиімді болуы үшін оқушының өзі ақпаратты ұғынатын, оқуға саналы және саналы түрде жақындайтындай формалар мен әдістерді қолдану қажет. Ал сабақтың бұл кезеңінде мұғалімнің міндеті тек көмектесу болады:

- оқытылатын материалды белсенді қабылдау;
- ескі білімді жаңамен салыстыру;
- әртүрлі пікірлер арасында саналы таңдау жасау;
- сабақтың әр кезеңінде өз жетістіктерін объективті бағалау.

Мұғалім оқушыларды жұмысқа тартып, сабақта болып жатқан барлық нәрсеге белсенді қатысуға мүмкіндік беруі керек. Өйткені материалды берік меңгеру білім беру процесі арқылы жүзеге асады, оның ортасында оқушы тұрады. Айта кету керек, ең үлкен нәтижеге жету үшін сабақтың әр кезеңінде оқуды бағалауды қолдану қажет, яғни. әр кезеңде оқушылардың білім деңгейін өздері бағалайтын, содан кейін мұғаліммен немесе одан да қабілетті оқушылармен бірігіп, өзін-өзі жетілдіру жолындағы келесі қадамдарды анықтайтын процесс. Басқаша айтқанда, сабақты жоспарлау кезінде мұғалім кейіннен өзін-өзі тексеру немесе өзара тексеру арқылы өз бетінше немесе шығармашылық тапсырмаларды қолдануға тырысуы керек.

Сабақтың қорытынды кезеңінде – «рефлексия» мұғалімнің міндеті – оқушыларға оқылатын материалды өз бетінше қорытындылауға және одан әрі оқуды анықтауға көмектесу. Қазіргі педагогикада рефлексия әрекетті және оның нәтижелерін интроспекция деп түсінеді. Рефлексия жүріп өткен жолды түсінуге, әркім байқаған, қарастырған, түсінген нәрселерді ортақ қоржынға жинауға бағытталған. Оның мақсаты – сабақты тұрақты нәтижемен қалдыру емес, мағыналық тізбек құру, басқалар қолданатын әдістер мен әдістерді өздікімен салыстыру. Бұл оқушының білімге деген құштарлығы мен қабілетін қалыптастыруға, біліміндегі надандықты ашуға көмектесетін рефлексия. Рефлексия – оқу іс-әрекетінің субъектісі ретінде оқушының белсенділігінің көрсеткішінің бір түрі. Бастапқы кезеңде қалыптасатын рефлексия мен оқу қабілеттілігі одан әрі білім алу барысында оқушының ең жақын өзін-өзі дамыту аймағын қалыптастырудың негізі болып табылады. Дегенмен, рефлексия мұғалімнің өзіне де қажет.

Сабақты өзін-өзі талдау қазіргі заманғы жоспарлау процесінің құрамдас бөлігі және сонымен бірге көптеген мұғалімдердің «ауырған жері» болып табылады. Негізгі сұрақтың жауабына байланысты рефлексия процесін жүзеге асыру – Жақсы сабақ дегеніміз не? – интроспекция процесін субъективтіліктен босатады.

Бірақ өз сабағын тиімді талдай білу және талдауға сәйкес одан әрі оқу үдерісін жоспарлау, сол арқылы талап етілетін сапа деңгейін ұстап тұру үшін

кәсіби құзыреттілік өзін-өзі талдау, басқа мұғалімдердің сабақтарын талдау, талдау. оқушылардың рефлексиялық карталары қажет. Дегенмен, рефлексиялық әрекетті ұйымдастыру сабағында жасалатын барлық нәрсе өз алдына мақсат емес, қазіргі тұлғаның өте маңызды қасиеттерін: тәуелсіздік, іскерлік және бәсекеге қабілеттілікті дамытуға дайындық болып табылады.

Рефлексиялық картадағы оқушылардың жауаптары негізінде мұғалім олардың оқу дәрежесін, балалардың жетістігін, жүргізілген жұмыс формасы туралы кері байланысын, орындалмай қалған, қиындық тудырған сәттерді бақылай алады. Бұл оған келесі сабақтарды жоспарлауға көмектеседі. Біріншіден, егер ол сыныптың көпшілігіне қиындық тудырса, тапсырманы өзгерту, екіншіден, жаңа материалды қалай меңгергенін анықтау, үшіншіден, сабақтың бір немесе басқа формасы кезінде оқушыларға әсерін қадағалау. Ақыр соңында, тек академиялық прогресс маңызды емес, баланың эмоционалдық күйі туралы ұмытпау керек. Бұған «Бағдаршам», «Аралдар», «Сен қазір не сезінесің?», «Эмоционалды-музыкалық рефлексия», «Көңіл-күй букеті» және т.б. рефлексия түрлері көмектеседі.

Сабақты өзін-өзі талдау кезінде мұғалім мынаны беруі керек:

- олардың жетістіктерін талдай отырып, сабақтың мақсаттарын қысқаша сипаттау;
- материалдың көлемі және оны оқушылардың меңгеру сапасы туралы мәліметтер;
- оқушылармен жұмыс істеудің қолданбалы әдістерін сипаттау және оларды бағалау;
- оқушылардың белсенділігін бағалау және олардың жұмысын ұйымдастыруда қолданылатын әдістерді негіздеу;
- өз қызметінің жеке аспектілерін (сөйлеу, логика, мінез Оқушылармен қарым-қатынас).

Талдау соңында мұғалім сабақтың сапасын арттыру бойынша өз ұсыныстарын айтып, өзінің педагогикалық тәжірибесін жетілдіру шараларын белгілейді.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық / үшінші (негізгі) деңгей. (2012). - Астана

«ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ»

**Ахалиева Айнур Бахыталиевна
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Шайқорық орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

*Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту
ең маңызды мақсат
К.Д. Ушинский*

Баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда мұғалім көп ізденеді. Сабақтың тиімді өтуіне жұмыс жасайды. Білім сапасы оқушының сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасына байланысты. Сабақ үстінде оқушы тарапынан әртүрлі сұрақтар туындауы мүмкін, осы жерде мұғалім оқушыға дұрыс бағдар беруі қажет. Бағдарламаның 7 модулінің мәнмәтіні негізінде «Сабақ беру мен оқытудағы жаңа тәсілдерді қолдануда «диалогтік оқыту» тәсілін басшылыққа алдым. Себебі оқушылар диалог әдісін қолдана отырып талқылау, білімді бірлесіп құру, түсіну мен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Оқушылар өзара сабақты талдау арқылы, түрлі ойлар болады. Бір-бірімен сұхбаттасады, өз ойларын дәлелімен жеткізуге тырысады.

Мақсаты:

Диалогтік оқытуды бағдарламаның басқа модульдерімен ықпалдастыра отырып, оқушылардың оқу белсенділігін арттыру

Міндеттері:

- әңгімеге тарту арқылы оқушылардың оқу белсенділігін арттыру
- бірлескен іс-әрекет барысында оқушылардың арасында ұйымшылдық, ынтымақтастық қарым-қатынас орнату;
- Блум таксономиясының жоғарғы саты тапсырмалары арқылы ойлау, ой қорыту, өмірмен байланыстыру мүмкіндіктерін ашу;
- жинақталған деректерді, қосымша мәліметтерді талдауға, қолдануға дағдыландыру;
- тапсырманы орындау барысында топ мүшелерінің идеясына қорытынды жасауға үйрету.

Тіл – диалогтік қарым- қатынастың негізгі бастауы. Тілсіз адам баласы қарым – қатынасқа түсе алмайды.Тілсіз диалог жоқ, диалогсыз тіл жоқ деп тұжырым жасауға болады. Бұл сөйлеу, сөйлесу арқылы жүзеге асады.Сондықтан топтағы диалогтік қатынас оқушылардың тіл байлығының артуына, сөздік қорының молаюына септігін тигізеді.

Диалогтік оқыту топтық жұмыста іске асады. Топқа бөліну – тапсырмаларды орындау барысында оқушыларды ұйымшылдыққа, ынтымақтастыққа баулуға, сол арқылы проблеманы шешуге, нәтижеге жетуге ұмтылдырады. Топтық жұмыс оқушыларды сенімділікке , өзін еркін ұстауға, ойын еркін жеткізуге тәрбиелейді, өзін - өзі ортада ұстай білу мәдениетіне, мәдениетті сөйлеу дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді.. Бірін – бірі тыңдауға, сыни ойлауға, өзінің пікірін айтуға құқығының бар екендігін сезінеді, пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінуге үйренеді. Өздерінің идеяларымен шағын топтарда өзінің құрдастарымен бөлісе алады. Сонымен қатар, білім беру процесінде мұғаліммен сұрақ-жауап түрінде өзара қатынасқа түседі.

«Өзара қатынас» әдісінің негізгі ерекшелігі – ашылу үдерісімен (өзін-өзі ашу) байланысты, оның негізгі мәні оқушылардың білім алу дағдыларын өзара қарым – қатынас арқылы меңгеруінде. С. Мирсеитова «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде» атты әдістемелік кітабында « қатынас дағдысының қалыптасуына және әлеуметтендіру үрдісіне ерекше көңіл бөлінеді. Топтық жұмыс және ұжымдық қызмет әдістері көбінесе мәселені іздеуде және

зерттеуде дербестік дағдысына ие болуға мүмкіндік туғызады. Сонымен бірге әркімнің өз тобында танымдық үрдісі үшін жауапкершілігі артады» делінген.

Сынып үшін топтық жұмыстарда диалогтік оқыту арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың маңызы зор. Өйткені біз сабақ беретін

8-қазақ сыныбында жиырма төрт оқушы бар. Оқушылардың барлығының мінез-құлқы, қабілеттілік деңгейі әр алуан болып келеді. Сөйлеу, ойлау, пікір айту дағдылары біркелкі емес. Кейбір оқушылар аз ғана жаттанды жауап берсе, жоғары бағаланатын жағдайлар кездеседі. Осы мәселені шешуде топтастыру арқылы диалогтік қатынасқа түсіріп, оқушыларды шығармашылыққа баулудың маңызы зор деп есептейміз.

Сыныпта өтетін көптеген әңгімелерді ұйымдастыруда мұғалімнің әңгіме барысын, оның тақырыбын, өзектілігі мен мәнділігін, ұзақтығы мен орындылығын бақылап отыруы маңызды. Көп жағдайда сыныптағы талқылау мұғалімнің басқаруымен тақырып төңірегінде, оқушының дұрыстап және орнымен нені, қашан және қалай айту қажеттігі сипатында болады. Көптеген сыныптарда оқушылардың әңгімеге қатысуға құқықтары шектелген. Дәл осы жағдайлар біздің сыныбымызда да орын алған. Сондықтан да өз сынып сабақ үдерісінде диалогтік оқытуда оқушылардың белсенділік қабілетін дамытудың маңызы үлкен деп есептедім.

Өйткені:

- Оқушы мен мұғалім арасында кері байланыс орнауына әсер етеді;
- Оқушы өз пікірі мен идеясын ұсынып, тақырып бойынша өз ойын еркін жеткізеді;
- Оқушы өз ұстанымын, пікірін дәлелдейді;
- Мұғалім оқытып отырған оқушысының деңгейі қандай дәрежеде екенін анықтайды;
- Оқушылар арасында өзара бірлескен ынтымақтастық орнайды.

Бұл тақырып мектептің білім беру және тәрбие беру жүйелерінде де жүзеге асады. Мектептің: «Заманауи әлемде дарынды балалардың өзін-өзі қалыптастыруына жағдай жасау» тақырыбы оқушылардың өздігінен білім алып, өмірге бейімделуіне зор ықпал етеді. Оқушылар бір-бірімен ынтымақтастық қарым-қатынаста мектептің даму жоспарына өз үлестерін қосады және заман талабына сай өмірге бейімделетін жеке тұлға ретінде қалыптасады.

Зерттеу арқылы үш деңгейлі оқушыны анықтау

8 сыныбының психологиялық ахуалын білу мақсатында мектеп психологімен тілдесіп, жалпы сыныптың әлеуеттік-психологиялық жағдайы жөнінде мәлімет алдық. Сыныптағы оқушыларда сыйластық орта қалыптасқан. Сыныптан өзіміз бірнеше сауалнама алып, оқушылардың ойымен таныстық. Сауалнама алмас бұрын сыныптан және ата-аналарынан оқушылардың сабақ кезіндегі іс-әрекетін зерттеу мақсатында суретке, бейнетаспаға және сауалнама алуға рұқсат алдық. Сонымен бірге сынып мәдениеті туралы да сауалнама алдық.

Сауалнама алуғағы мақсатымыз: сынып оқушыларының бір-бірімен қарым-қатынасы, ортада өзін еркін сезінуі, ынтымақтастық, ұйымшылдық қарым-қатынастарын анықтау және нысанаға алған үш оқушының пікірлерін білу

болды. Бұл сауалнамалардың қорытындысы төмендегідей көрсеткіш берді. Кестені нысанаға алған үш оқушы бойынша жасадық. А.В.С.

1-кесте

р/с	Аты - жөні	Әдебиет, тарих, география пәндері саған ұнай ма?	Мұғалімнің іс-әрекетінің мақсаты саған түсінікті ме?	Сабақта қатысып отырамын, егер:	Менің тапсырманы таңдауыма мүмкіндігім бар. Оны мынадай көрсеткіштер бойынша таңдаймын
1.	«А»	Сабаққа деген қызығушылығым мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасқа байланысты	Түсінікті	Барлық сыныппен жұмыс жүргізілгенде, топтық түрдегі жұмыстарда, жұптық жұмыстарда	Тапсырма қиын, сол себепті де қызықты. Мен өз-өзімді тексере аламын.
2.	«В»	Сабаққа деген қызығушылығым мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасқа байланысты	Иә	Барлық сыныппен жұмыс жүргізілгенде	Тапсырма менің қызығушылығыммен сәйкес келеді
3.	«С»	Сабақ барысындағы жұмыс пәнге деген қызығушылықты тудырады.	Иә	Барлық сыныппен жұмыс жүргізілген кезде	Тапсырма менің қызығушылығыммен сәйкес келеді

Кестеден көріп отырғанымыздай, «В» деңгейлі оқушының сабаққа қызығушылығы «А» деңгейлі оқушымен де, «С» деңгейлі оқушымен де үндес келеді. «А» деңгейлі оқушының сабаққа қызығушылығы және өзіне қоятын талабы жоғары екендігін көрсетіп тұр.

Ал социограмма сауалнамасының (қосымша 2) қорытындысы төмендегідей болды:

2-кесте

	Жақын досым	Дос болғым келеді	Үзіліс және түскі ас кезінде	Танымал оқушылар	Ақылды оқушы

			біргемін		
«А»					
«В»					
«С»					

"Социограмма" сауалнамасының қорытындысы бойынша «А» сыныптағы «ең танымал» және «ең ақылды» оқушылардың бірі болса, «В» «Ең танымал» оқушылардың қатарында болды. Ал «С» бірге жүріп, асханада бірге отыратындардың қатарында болды.

Енді осы оқушылардың білім деңгейін, сабақ барысындағы белсенділіктері мен қызығушылықтарын бақылауды өзіміздің тізбектелген сабағымызда жалғастыруды жөн көрдік. LESSON STUDY сабақты зерттеу тәсілдерінің бірі болғандықтан, тәжірибемізді 8Б сыныбының тарих сабағынан бастауды ұйғардық.

Зерттеу сабағын зерттеуге қатысатын пән мұғалімдері бірлесе отырып жасадық, мақсатымыз Дарынды балалардың оқу үдерісіндегі жұмысын дамыту. Сабақтың тақырыбы «ХҮІІІ ғасырдағы халық ауыз әдебиеті». Зерттеу сұрағы: ХҮІІІ ғасырда ақын – жыраулар шығармаларында тарихи оқиғалар қалай көрініс тапқан? Сабақта оқушылар 4 топқа бөлініп, Диалогтік оқыту әдісімен зерттеу сабағын жүргізді. ДЖИКСО әдісімен үй тапсырмасын сұрады. Жаңа сабақты топқа бөліп берді, әр топ берілген тапсырманы қорғады, сынып қызу жұмыс жасады, зерттеудегі үш оқушы өздерінің бүгінгі сабақта дайындықтарының жоғары екенін көрсетті. «А» деңгейлі оқушымыз топ ішінде белсенділік көрсетті, өзінің ойын анық жеткізе алады өзіне-өзі сенімді. «В» деңгейлі оқушымыз да белсенді, «С» деңгейлі оқушы да сабаққа қатысып отырды, өз ойын анық жеткізе алмайды, қызығушылығы бар, тақырыпты біледі. Сабақ аяқталысымен талқылау жүргіздік. Жоспар бойынша келесі зерттеу сабағы география пәні бойынша болады. **Сабақ барысы:**



Оқу үрдісінің сапасын арттыру мақсатында және таңдап алынған оқушылардың бүгінгі сабақтағы үлгерімі және өзгерістері туралы бақылаудың қорытындысы:

- «А» оқушы – Албан Назұл
- «Б» оқушы – Әбдібек Бірханым
- «С» оқушы – Талапты Даниял

Сабақтың өтілген мерзімі: 06.11.2019 ж

Сабақтың тақырыбы: Атмосфера және оның құрамдас бөліктері

Сабақтың мақсаты: 7.3.2.1. Атмосфера құрамын сипаттайды.

Бағалау критерий:

1. Атмосфераның құрамдас бөлігін ажыратады және үлесін диаграмма түрінде көрсетеді.

2. Атмосфераның әр қабатының ерекшелігін талдайды, тропосферадағы болып жатқан үрдістерді анықтайды.

«А» оқушы – Албан Назгүл

Назгүл оқу жылының басында сабаққа белсенді қатыспайтын, тек өзін сұрасаң ғана жауап беретін. Салыстырмалы түрде қазір көбірек қол көтереді. Бүгінгі сабақтың «Мені тап!» бөлімінде өте жақсы деңгейде қатысып отырды. Атмосфера құрамын толық сипаттап берді. Үйге алдын-ала берілген зерттеу жұмысында Атмосфера және оның құрамдас бөліктері туралы материалдар алып келіп, оқушыларға біраз мәлімет берді. Назгүлдегі өзгеріс: оқу жылының басындағыдай өз білімін тек мұғалім сұрағанда ғана көрсетіп отырмайды, қазір сабаққа көбірек қатысып отырады. Мүмкіндігінше өз ойымен бөліседі, топтық жұмыста жұмыстарын бөлісу кезінде көшбасшылық әрекетке ат салысады, бірақ толық міндетін әлі алған жоқ. Алдағы уақытта бұдан әрі ашылып өзін жан-жақты көрсете алады деп ойлаймын. Өйткені Назгүлде білім бар. Теориялық білімін өмірмен байланыстыра біледі. Тек тұйықталмау керек. Ол үшін бұл оқушымен диалогтік әңгімені, іздену, зерттеу жұмыстарын көбірек орындату қажет.

«Б» оқушы – Әбдібек Бірханым.

Бірханым сабаққа жүйелі дайындалмайды. Ал дайындалып келсе, өте жақсы да жауап береді. Көбіне жетелеуді жақсы пайдаланады. Оқулықты бірнеше қайтара оқымайтын тәрізді, өйткені географиялық терминдерді нақты айтпай, баламалап түсіндіріп кетеді. Бүгінгі сабақта Атмосфера және оның құрамдас бөліктерін түсіндіру кезінде факторларды түгел атаған жоқ, мұғалімнің көмегін пайдаланып түсіндірді, яғни жетелеу сұрақтарын беріп отырды. Бірханым сабаққа үнемі дайындалып келуі үшін мүмкіндігінше аз сұраққа болса да жауап беруін талап етілді. Теориялық білімін практикада қолдануда жылдам жауап бере алмай қалады, ойлануға көбірек уақытты қажет етеді.

Бірханымдағы өзгеріс: Сабақ сайын өзінен сұрап жүргендіктен күнделікті сабақты оқып келіп жүр. Бірақ бүгінгі зерттеудің тапсырмасына материал дайындамаған. Дегенмен, күнделікті дайындалып келуге төселіп келеді. Алдағы уақытта өзіне жеке тапсырмалар беріп, сабақ сайын жауап беруге дағдыландыру керек.

«С» оқушы – Талапты Даниял

География пәнінен былтырғы оқу жылында Даниял бір тоқсанда «5» шыққан болатын. Биылғы оқу жылында «5» жоқ. «4»-к бағаның өзіне қосымша тапсырма орындап жетті.

Оқу жылының басында сабақты айту кезінде өте баяу болды. Жетелеу сұрақтарын қойып барып жауап алуға тура келген. Бірақ тест сұрақтарына жақсы жауап беріп жүрді. Сондықтан сыни ойлау сұрақтарын көбірек беруге тырыстық. Даниялдағы кемшілік бұрынғыдай сабаққа көп ат салыспай жүрді. Сондықтан сұрақ-жауап кезінде неғұрлым Даниялдан көп сұрауға, неғұрлым

көбірек сөйлетуге әрекет жасадық. Бүгінгі сабақта Атмосфера құрамын сипаттады. Сабақты еркін емес, ойланып, аздап кекештеніп жеткізді. Дегенмен зерттеу жұмысында өз ойымен бөлісті. Қазіргі кездегі Даниялдағы өзгеріс: бұрынғыдай сабаққа көбірек қатысуға талаптануда. Тақтаға фамилиясын атағанда ғана шығып қоймай, өзі қол көтеріп шығуға ұмтылып жүр. Бірақ номенклатурасы аздап ақсап тұр. Сондықтан мұғалім картадан көбірек тапсырма беруді қолға алды.

Келесі зерттеу қазақ әдебиеті сабағында болды. Қазақ әдебиетінен өткен сабақтың тақырыбы: «Шортанбай Қанайұлының өмірі мен шығармашылығы». Сынып оқушылары пазлдар арқылы топқа бөлдім. Қызығушылықты ояту мақсатында пазлдарда берілген сөздерден сөйлем құрастыру тапсырдым. Әр топ өз алдарындағы пазлдардан сөйлем құрастыра бастады. Осы тапсырмада-ақ «А», «В» деңгейлі оқушылар жылдамдық танытып, сөйлемді құрастыруға атсалысты. Келесі Шортанбайдың өмірі мен шығармашылығы бойынша әр топқа тапсырма бердім. Оқушылар постер қорғау керек. 1-топқа Шортанбайдың өмірі, 2-топқа Шортанбайдың ақындығы, 3-топқа Шортанбайдың айтыскерлігі, 4-топқа Шортанбайдың толғаулары берілді. Топта оқушылар ұйымшылдықпен өз тапсырмалары бойынша постерлерін жасауға кірісті. «А», «В» деңгейлі оқушылар оқушылар тапсырманы орындауда белсенділік танытуда. «С» деңгейлі оқушы да қарап отырған жоқ. Ол да басқа оқушылардан қалғысы келмей, өз ойын білдіріп, атсалысуда. «А» деңгейлі оқушының тобы тапсырманы бұрын орындап, белгі көрсету арқылы дайын екендіктерін көрсетті. Топтан үш оқушы тақырып бойынша постер қорғады. Басқа оқушыларға қарағанда «А» деңгейлі оқушының жауабы нақтырақ болды. Ол Шортанбайдың айтыскерлігін қазіргі өмірмен байланыстырып, қазіргі айтыстың тақырыбымен, айтыскер ақындардың есімімен таныстырды. Шортанбайдың атын өшірмей, ізін жалғастырушы жастардың мол екендігін айтылды.

«В» деңгейлі оқушы отырған топ Шортанбайдың толғаулары туралы сөйледі. Толғауларын талдап, үзінділер оқыды. «С» деңгейлі оқушы «Зар заман » толғауынан үзінді оқып, өмірмен байланыстыруда қиналыңқырап қалды.

«С» деңгейлі оқушы да бұл сабақта қатарынан қалғысы келмей, Шортанбайдың өмірінен мәліметтер айтты. Ел арасында ақындығымнен, шешендігімен танылған төкпе ақын екендігін айтты. Сабақта оқушы алдыңғы сабаққа қарағанда топта жұмыс жасауға бейімделе бастағанын, сабақ айтуға ұмтылғанын байқадым. Өлеңдерін мәнерлеп оқуда да «А» деңгейлі оқушының көш ілгері екендігі, «В» деңгейлі оқушының өз деңгейінде сөйлейтіндігі, «С» деңгейлі оқушының қарап отырмай, топпен бірге жұмыс жасай алғандығы көрініс тапты.

Қорытындылай келе, оқушыларды бақылай отырып ең қажетті әдіс-тәсілдерді, атап айтсам, диалогтік әңгімені, жеке жұмысты көбірек пайдалану керек деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С. Мирсеитова «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде» атты әдістемелік кітабы
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2012 ж. екінші деңгей
3. Л.С. Рукгабер «Новые подходы в обучении: диалоговое обучение» Астана, 2013 ж, «Білім берудегі инновациялық процестер» атты ІІ Республикалық конференциясының материалдары

БЕЛСЕНДІ ОҚУ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Аманбаева Айжан Шакировна

Тараз қаласы

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған

“Дарын» мектеп-интернаты

Оқушылар қазақ тілі пәнін оқу арқылы қоғамға араласуға қажетті жазылым, айтылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын дамытады. Оқушылар еркін қарым-қатынас жасайды, өзара пікір алмасады, көзқарастарын білдіреді, өз ойын жүйелі де нақты жеткізе алады. Қазақ тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады. Әр түрлі контекстегі мәтіндерді өздігінен түсініп оқи алады. Оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, тың идеяларын өзгелермен бөлісе алады. Осы тұрғыдан алғанда оқылым дағдысының алар орны ерекше.

Оқылым – қабылдауға байланысты дағдының түріне жатады. Оқылым дағдысына мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну ғана емес, сонымен қатар мәтіндегі ақпаратты іріктеп оқу, болжап оқу, әр түрлі ресурс көздерінен ақпараттарды алып оқу жатады.

Оқылымның бірнеше стратегиялары бар. Олар болжап оқу, автордың идеясын тауып оқу, қорытынды жасай отырып оқу, мазмұнын түсініп оқу т.б [1.5]. Әр оқушы оқылым стратегиясын мақсатқа сай қолдана алады. Мәселен, адамдар көшеден немесе дүкеннен кітап, газет-журнал сатып алар болса оның барлық бетін ақтарып оқып жатпастан, мұқабасына назар аударады. Мұқабасындағы суретке немесе жазуларға қарап, журналдың мазмұнын болжайды. Мұндай жағдайда шолып оқу, болжап оқу стратегиялары жүзеге асады. Сонымен қатар, күнделікті қолданатын кез-келген тұрмыстық заттардың нұсқаулықтарын оқу (дәрі-дәрмекті қолдану нұсқаулығы, тағамдардың жарамдылық мерзімі, құрамы туралы т.б) оқылым дағдысы болып табылады.

Оқылым дағдысын дамытуға бағытталған сабақтың құрылымы оқылым алды, оқылым, оқылымнан кейінгі тапсырмалардан тұрады.

- Оқылым алдындағы тапсырма: мәтінде кездесетін сөздерді үйрету, мәтінге дайындау, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.
- Оқылым тапсырмасы: оқылым стратегияларын қолдану арқылы дайындалған тапсырмалар. Олар жалпы мазмұнды түсінуден, нақты ақпаратты табуға қарай бағытталады.
- Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға

байланысты талқылау сұрақтары [1.6]. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар, сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай құрылуы керек.

Оқылымнан кейінгі тапсырманы құрастыру кезінде «Автордан сұраңыз» әдісін қолдануға болады. Оқушылар мәтінді оқу барысында авторға қойғысы келген 2 немесе 3 сұрақ құрастырады. Сұрақтар мәтінге қатысты және оның мазмұнын ашатындай болуы қажет. Сұрақтар дайын болған кезде сыныптың бір оқушысы автор рөліне белгіленеді. Қалғандары оған мәтін авторы ретінде сұрақтарын қояды. Сұрақ қою барысында автор рөлін басқа оқушылармен алмастырып отырған жөн [2.14].

«Төрт ресурс» әдісі бойынша жұмыс жасау кезінде оқушылар мәтінмен жеке жұмыс жасай алады, мәтіннен алған білімін өз бетінше бағалай алады, мәтінмен өмірді байланыстыруына мүмкіндігі болады, сыни ойлауы дамиды [2.28].

«Төрт ресурс» әдісі бойынша толтырылатын кесте

Кодтай білу	Қолдана білу
<p>Мен қалай мәтіннің шырмауын шешемін?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мәтінді қалай түсінемін? • Неден басталады? • Неге негізделген? • Қандай құралдар және құралдар комбинациясын қолданады? 	<p>Мен мәтінді қалай қолданамын?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мәтіннің мақсаты мазмұнына үйлесе ме? • Мәтінді қалай дәл қазір осы жерде, осы уақытта қолдана аламын? • Басқалар мұнан не алады? • Менің мүмкіндігім қандай?
Түсіне білу	Бағалай білу
<p>Мәтінге қалай қатысамын?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мәтіннің идеялары өзара қалай байланысқан? • Мәтінде қандай тарихи дәлел қолданылған? • Мәтіннің мәні қандай және басқаша қалай түсіндіруге болады? 	<p>Мен сыни сауатты оқырман ретінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кімнің ұстанымы, пікірі мен мүддесі қозғалған? • Кімнің пікірі айтылмаған немесе жоқ? • Қандай пікір айтылған? • Менің пікірім басқалардың пікірімен сәйкес келе ме?

«Оқырман конференциясы» әдісі бойынша жұмысты жүзеге асыру қадамдары төмендегідей:

- Бұл әдіс әдейі дайындықты қажет етеді;
- Топ мүшелері мазмұны бірдей мәтінмен жұмыс жасайды;
- Олар мәтін бойынша жеке тапсырма алады;
- Сессия кезінде мәтіннің мазмұнын жұппен талқылайды;
- Мәтіннің тақырыбы бойынша топпен сұрақтар құрастырады;
- Олар әр түрлі дереккөздерден мәтінге қосымша мәліметтер іздейді;
- Сонан соң аудиторияда топпен дайындаған тақырып бойынша қалай хабарлама жасайтындарын келісіп алады;

- Бақылау, зерттеу жүргізу нәтижесін баяндайды;
- Мұғалім конференцияда өзара бөлінген тапсырмаларды хабарлауға уақыт белгілейді (5-10 минут);
- Конференция соңында бағалауға байланысты кері байланыс ауызша немесе жазбаша түрде жүргізіледі [2.27].

Топ	Мәтіннің тақырыбы	
№1	Мәтіннің қысқаша мазмұны	
	Мәтін тақырыбы бойынша сұрақтар	
	Мәтінге қосымша мәліметтер	
	Хабарлама түрі	

Белгілі халықаралық зерттеулер (PISA, TIMSS, PIRLS) оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін тексерумен айналысатыны белгілі. Соның ішінде оқу сауаттылығына да ерекше назар аударылған.

Функционалдық оқу – тапсырманың шешімін табу немесе орындау мақсатында ақпаратты іздеу үшін оқу. Функционалдық оқу кезінде шолып оқу (сканерлеу) және аналитикалық оқу (кілт сөздерді анықтау, цитаталар таңдау, схема, график, таблицалар құру) тәсілдері қолданылады [3.4].

Оқушылардың оқу сауаттылығы мектеп қабырғасында қалыптасады. Сол себепті мектеп оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйретуі керек. Мұғалім сабақта күнделікті өмірдегі маңызды мәселерді шешуге бағыттауы тиіс. Сол себепті де, сабақта пайдалануға таңдалатын материалдар да шынайы өмірден болғаны дұрыс.

7 – сыныпқа арналған «Ғаламдық экология мәселелері» тақырыбы бойынша берілген мәтінмен жұмыс жасау кезінде оқылым алды тапсырма ретінде оқушыларға сөздікті сәйкестендіру ұсынылады.

Қазақша	Орысша
Ғаламдық экология	Истощение озонового слоя
Қауіпті мәселелер	Загрязнение воды
Озон қабатының жұқаруы	Аварийная зона
Судың ластануы	Глобальная экология
Мұнай қалдықтары	Гибель тюленей
Итбалықтардың қырылуы	опасные проблемы
Апатты аймақ	Остатки нефти

Оқылым кезіндегі тапсырма ретінде «Плюс-минус-сұрақ» кестесін пайдалануға болады. Ғаламдық экология мәселелерін талдау нәтижесінде кестені толтырады.

«+»	«-»	«?»
Экология мәселесін шешуде барлық мемлекеттердің бірігуі	Табиғи экожүйенің бүлінуі	Итбалықтар неліктен қырылуда?
БҰҰ-ның экологияны	Озон қабатының	Экология мәселесін

қорғауға қатысуы	жұқаруы	қалай шешуге болады?
Арнайы сүзгілер орнату	Атмосфераның, әлемдік мұхиттың ластануы	Арал қалай апатты аймаққа айналды?
Экологияны қалпына келтіруге назар аударылуы.	Тіршілік көзінің жойылуы	
	Теңіз суының тартылуы	

Кестені толтыру сабақтың мағынаны ашу бөлімінде жаңа ақпаратпен жұмыс жасауға да көмектеседі. Оқушылар мәтінді оқу немесе дәрісті тыңдау барысында жаңа ақпаратты кестенің сәйкес бағандарына енгізеді:

П «+» - құбылыстың жағымды жақтары;

М «-» - құбылыстың жағымсыз жақтары;

Қ – қызықтырған ақпарат немесе оқу барысында туындаған сұрақтар.

Тараздың бойтұмары мәтіні бойынша жазу

Бұл әдісті қолдану оқушыға ақпаратты белсенді қабылдаумен қатар оны жүйелеуге және бағалауға мүмкіндік береді. Ақпаратты ұйымдастырудың бұл түрі даулы мәселелер бойынша пікірталас, талқылау жүргізуге негіз бола алады.

Оқылған мәтіннің белгілі бір сюжеті болатын болса, «Сюжеттік кестені» қолданған тиімді. Бұл тәсілді көркем шығарманы оқу кезінде пайдаланған дұрыс. «Сюжетті кестені» оқылымнан кейінгі тапсырма ретінде берген дұрыс. Мәселен, 9-сыныпта «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры тақырыбын оқытқанда осы әдісті пайдалану тиімді болды.

Оқушылар көркем шығарманы оқи отырып, төмендегідей сюжеттік кестені толтырды:

Оқиганың орны мен уақыты (Қашан? Қайда?)	Кейіпкерлері (Кім?)	Оқиға (не болды?)	Мәселе (байланысқа түсу, бұл оқиғаға не ықпал етті?)	Жасалған әрекеттердің немесе оқиганың салдары (шешімі)
18-19ғасыр Сарыбай мен Қарабай ауылында Шығыс Қазақстан	Сарыбай Қарабай Қозы Көрпеш Баян сұлу Қодар Айбас Ай мен Таңсық	1. Құда боламыз деп уәделеседі. 2.Сарыбай мен Қарабай маралды атуы; 3.Сарыбайдың ұлды болуы; 4.Қарабайдың көшіп кетуі; 5.Ноғайлы бегінің келуі, «Қодар құлға»	1. Біріміз ұлды, біріміз қызды болсақ, құда боламыз деп уәделеседі. 2.Сарыбай буаз маралды атқандықтан, қаза болады. 3. «Жетім ұлға қызымды бермеймін»	«Пайда ойлама, ар ойла» деген ойдың растығына көз жеткізуге болады. Себебі буаз маралды атып, пайда таппай, ақыр аяғында өзінің басы қатерге тап

		айналуы; 6.Қозының шындықты біліп, Баянды іздеп келуі; 7.Қозы мен Баянның өлімі.	деп Қарабай көшіп кетеді.	болды. Қодар залымдық жасаймын деп, өзі де соның құрбаны болады. Сондықтан ешқашан жамандық жасамау керек.
--	--	---	------------------------------	--

Оқылым стратегияларын меңгеру арқылы оқушылар ақпаратты толық түсінуге, оны қолдануға, мәтіннен маңызды ақпаратты іріктеуге дағдыланады. Төменде ұсынылған оқылым тапсырмасын орындау арқылы оқушылар:

- мақсатты түрде ақпаратты іздеу және іріктеуге;
- негізгі және қосымша ақпаратты анықтауға;
- ақпаратты қысқа формада ұсынуға дағдыланады.

Қорыта айтқанда, тіл үйрету сабақтарында оқылым тапсырмаларын дайындауда белсенді оқу әдістерін қолдану, біріншіден, өмірге қажетті стратегияларды меңгертуді көздейді. Екіншіден, білім алуды жеңілдетеді, оңтайлы әдістерін ұсынады. Оқушы білімін нақты бағалауға мүмкіндік береді. Сабақтардың әралуандылығын қамтамасыз етеді. Тапсырмалардың бірыңғай болуының алдын алады, оқушыны біртектес тапсырмамен жалықтырмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Саттарбекқызы С.А. Ағылшын тілі сабағында оқушылардың көптілділік сауаттылығын қалыптастыру мақсатында оқылым мен тыңдалым дағдыларын дамыту. <http://infourok.ru/ailshin-tilin-oituda-tidalim-men-oilimdi-damitu-387211.html>
2. Көпжасарова Т.М., Утешева К.Г. Мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері: әдістемелік нұсқаулық. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016
3. Логвина И., Рождественская Л. Формирование навыков функционального чтения. 2012 .

НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚТЫ ҚҰРЫЛЫМДАУДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Батырбекова Рана Омарханқызы
№98 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Білім беру бағдарламаларын жаңартудың басымдықтары рухани құндылық пен дағдыдан тұратындығын білеміз. Рухани құндылық: шығармашылық, жауапкершілік, қарым-қатынас жасай білу, өмір бойы оқуға дайын болу. Ал дағдыларға келетін болсақ, сын тұрғысынан ойлау, білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу, проблемаларды шешу, ғылыми зерттеу, жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті және АКТ саласындағы дағдылар.

Ұстаз үшін ең маңызды мақсат - әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы - сабақты тиімді ұйымдастыруға, сабақ уақытын ұтымды пайдалануға, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға, сыни ойлауға көп көмегін тигізетін әдіс-тәсілдерді қолдана білу. Ол үшін мұғалім қысқа мерзімді жоспар немесе сабақ жоспарын дайындау барысында оқушылардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, саралап оқыту тәсіліне ерекше назар аударғаны жөн.

Қазіргі таңда оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану - заман талабы болып отыр. Қысқа мерзімді жоспар мұғалімге сабақты тиімді құруға көмектеседі. Ол үшін мұғалім оқу материалы мен сабақтағы әрекетті мұқият іріктеп алуы керек. Әр сабақтан кейін мұғалім оқушылар меңгере алмаған немесе түсінбеген жерлерін анықтау мақсатында сабақты талдап, рефлексия жасауы керек. Қысқа мерзімді жоспарды құрған кезде мұғалім төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алуына болады:

-сабақты ұйымдастырғанда оқу бағдарламасы мен оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттарын басшылыққа алу;

-сабақтың мақсатын анық тұжырымдау, яғни нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы мақсаттар қою;

-орта мерзімді жоспарда көрсетілген барлық іс-әрекеттерді, әдістемелік кеңестерді, ресурстарды мұқият зерделеу;

-мұғалім өзінің қалауы бойынша іс-әрекет түрін қажеттілігіне қарай толықтыру.

Мұғалім білімнің тек дара көзі ретінде емес, оқушылардың өздерінің оқу-танымдық қызметінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етуі тиіс.

Сабақты жоспарлауды бастағанда мұғалім бұл сабақтың мақсаты қандай болатынын шешеді. Сабақтың мақсаты оқу бағдарламасында қарастырылған оқу мақсатына сәйкес келуі керек. Сабақ мақсатын тұжырымдау барысында оқушылардың сабақ соңында не істей алу керектігі тұрғысынан белгілі бір нәтижелерді сипаттауы керек екенін есте ұстау керек.

Бұл: сабақта мұғалімнің не істейтініне емес, оқушылардың немен айналысатынына назар аударуға; сабақты жоспарлауды жеңілдетуге; оқуды бағалауды жеңілдетуге;

оқыту мен оқуды бағамдауды жеңілдетуге көмектеседі. Сабақ мақсатын анықтаған соң, мұғалім осы мақсатқа қол жеткізу үшін сабақты қалай жоспарлау керек екендігін шешеді.

Сабақ мақсатына жету үшін мұғалім бірқатар белсенді оқу тәсілдерін қолдана алады. Тиімді оқытуды жоспарлауда бірқатар мәселелерді ескерген жөн:

- Сабақта көптеген жаттығу түрлерін жоспарлауға тырысу қажет. Әдетте баланың назары бір нәрсенің төңірегінде ұзақ шоғырланып тұра алмайтынын естен шығармау керек.

- Мұғалім сабақ барысында бір жұмыс түрінен екіншісіне біртіндеп ауысып, сабақтың мақсатын оқушылардың есіне салып отыруды ұмытпауы керек. Бұл оқушыларға жаңа жаттығуға біртіндеп көше отырып, тапсырманы түсінуге көмектеседі, өткен сабақта алған білімдерін нығайтып, оқушыларға іс жүзінде бірнеше дағдыны қатарынан шыңдауға мүмкіндік береді.

- Сыныппен өзара әрекеттестік стилін өзгертіп отыру қажет. Мұғалім сабақ барысында өзінің қанша сөйлейтіні туралы ойлануы керек. Оқушыларға сұрақ қойып, жауаптары бойынша сыныптың нені түсінгенін/түсінбегенін бағдарлаған дұрыс. Сабақта бүкіл сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін араластырып қолдану тиімді болады. Сонымен, мұғалім сабақтың құрылымдаған жоспарын жасағанда:

- оқу мақсаттарын анық, түсінікті түрде тұжырымдауы;

- сабақ жоспарының әртүрлі компоненттерінің тиісті бөліктерін қамтуы;

- логикалық жағынан реттелген, оқу мақсаттарына сай келетін жаттығулар мен тапсырмалар бойынша толық ақпарат ұсынуы;

- мақсатты білім мен дағдыларды қалыптастыруға арналған тиісті әдіс-тәсілдерді анықтап, проблемаларды алдын ала көре білуге және анықталған дағдыларға қатысты шешім ұсынуы.

Қорыта айтқанда критериалды бағалау технологиясы оқушы бойындағы үрейленуді басады және мұғалімді «төрешілік» қызметінен босатып, оқушы бойында өзін-өзі бағалау, өз іс-әрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілетінің дамуына ықпал етеді. Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет. Мұндай бағалау кезінде өзінді басқа адаммен салыстыру шарты жоқ, сондықтан критерий түрлері бойынша мүмкіндігіңді бағалап, жетістікке жету жолдарын қарастыру. Сөз соңында айтарым, дана халқымыз «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деп текке айтпаған. Сондықтан да шәкірт тәрбиелеу ісін қолға алған ұстаздар әрқашан сол шәкірт үшін ізденуден талмай еңбек етуіміз керек. Сонда ғана біздің шәкірттер болашақ тізгінін басқарар көшбасшылар қатарында болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Әбдесұлы Қ., С.Ч.Тұрсынғалиева «Қазақ әдебиеті әдістемелік нұсқау» «Арман ПВ», 2012

2.Әлімов А.Х. «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана «НЗМ»ДББҰ, 2014

3.Байтұрсынұлы А., Тіл тағылымы, А, «Жазушы», 1992.

4.Байжұманова Қ. «Оқуға ынталандыру-мұғалім біліктілігінде»// Қазақстан мектебі,2008ж.№1

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ОҚУШЫНЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУДАҒЫ ЫҚПАЛЫ

Сатыбалдиева Фарида Бекмуратовна
№58 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Жақсы мұғалім-кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Тұлғаның адам болып қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. ХХІ ғасырдың оқушылары жаңаша білім беруді талап ететіні белгілі.

Қазақта «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» демей ме? Сондықтан да баланың талабына сай білім беру бүгінгі таңдағы мұғалімнің негізгі міндеті. Ж. Аймауытов бір сөзінде былай дейді: «Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол - жаңадан жаңаны табатын өнер» Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы оқыту теориясына негізделген тәсіл кең тараған. (Hattie, 2009). Дайын білім беруге негізделген «дәстүрлі» стиль арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімдісіңісе алмайды, сондықтан механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады.

Бағалау - одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Бағалау- оқушы қажеттілігін бағалау, оқушылардың жеке және бірлесіп жұмыс жасауын марапаттау, оқу барысын бақылау, қаншалықты түсінгенін тексеру және тақырып мазмұнын қаншалықты мағыналы түсінгеніне қарай марапаттау, түсінгенін демонстрациялау (түсінгенін практикада қолдана білуге жағдай жасау), оқушылардың оқу жетістігінің нәтижесін көру, білім деңгейін анықтау, пәнге деген ынтасын күшейтіп, күш-жігерін қалыптастыру және нығайту, өзіне деген сенімділігін арттыру. Бағалау әдістері:

- оқу тапсырмалары арқылы бағалау (пікірталастар, күнделіктер, оқытуды дамыту үшін қолданылатын барлық материалдар);
 - топта, жұпта, сыныпта талқылау жұмыстары арқылы бағалау;
 - өзін-өзі және бірін-бірі бағалау;
 - оқушы портфолиосы (оқушы жинаған бағалар, марапаттар, жетістіктер т.б.)
- Осы бағалаудың ең биігінде тұрған критерийлі бағалау.

Бағалаудың негізгі мақсаты әр мұғалімнің бағалауды қандай мақсатта және кім үшін қалай өткізу керек екендігі туралы түсінігіне негізделеді. Бағалаудың басты мақсаттары төменде қысқаша айтылған.

1. Оқытудың қиындықтарын анықтау. Орта мектептерде мысалы, сауаттылық және математика саласындағы проблемаларды анықтау үшін тестілер өткізілуі мүмкін; одан кейін өзіндік түзету және тестілеу жұмыстарын қайталап өткізуге болады.

2. Жетістікке жеткендігін көрсететін кері байланыс. Мұндай кері байланыс «әсердің» бейресми бағалануынан бастап ресми жазбаша тестілерге дейін түрленуі мүмкін, бірақ негізгі мақсат оқушылар мен мұғалімдерге жетістіктер мен даму, мысалы, білім, түсіну, және дағды туралы хабарлама беру болып табылады.

3. Уәж. Кері байланыс көбінесе уәж болып табылады. Ынталандыру ретінде тестінің немесе емтиханның өткізілуі әдетте кейбір оқушылар мен мұғалімдердің ойларын жинақтап, әрекет етуге итермелейді. Мұндай сыртқы ынталандыру оқыту үшін мадақтауға негіз болуы мүмкін, бірақ мұқият бақылау жүргізілмесе, мәжбүрлеу құралына айналуы да ықтимал.

4. Болжау және сұрыптау. Оқушының білімі және дағдыларын бағалау арқылы мұғалімдер олардың болашақтағы мінез-құлқы мен дамуын болжайды. Мемлекеттік емтихандық жүйенің нәтижелері, көбінесе сұрыптау мақсатында, атап айтқанда бұдан арғы оқыту немесе жұмысқа орналасуға мүмкіндік үшін қолданылады. Мектеп шеңберінде әдетте топтар мен сыныптарға бөлінгенге дейінгі бағалаудың белгілі нысаны болады.

5. Стандарттарды бақылау және орындау. Бағалау нәтижесінде біліктілік дәрежесін, ал мемлекеттік емтихан нәтижелері бойынша – жоғары білім алу мүмкін болады, мысалы, «біліктілігі» бар тұлғаларда олардың тиісті стандарттарға сәйкес екендігіне негізделген кепілдіктер болу қажет. PISA (Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша халықаралық бағдарлама)

6. Оқыту бағдарламасының мазмұнын және оқыту стилін бақылау. Көптеген мұғалімдер үшін бұл бақылау бағалаудың негізгі мақсатына тікелей қатысы жоқ екені кезекті болып табылады. Алайда, техникалық тәсілдер мен бағалау және емтиханның жиілігі білім беру бағдарламасының мазмұны мен оның қалай оқытылатындығына едәуір ықпал ететіні еш күмән туғызбайды.

Бағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет.

Сыныптағы әдеттегі іс-әрекетті, яғни, балалардың өзара әңгімесін тыңдап, тапсырманы орындап отырған оқушыларды бақылау немесе олардың орындаған сынып және үй жұмыстарын тексеру бірталай ақпарат беруі мүмкін, бірақ кей жағдайларда қажетті ақпаратты алудың ерекше ойластырған тәсілін қолдану керек болуы мүмкін. Жазбаша тапсырма немесе тест жоғарыда айтылған мақсаттарды іске асыра алады, бірақ кей жағдайларда дұрыс таңдалған ауызша сұрақтың өзі де тиімді болып шығуы мүмкін. Оқушының сұрақтарға берген жауаптары бақылануы керек. Басқа сөзбен айтқанда, бағалайтын тұлға алынған мәліметтердің мәнін анықтауы қажет.

Қазіргі кезде елімізде сабақтың сапасын арттыру негізгі мәселеге айналды. Ал сабақтың сапасы оқушының білімді алуымен қоса оны бағалаумен де өлшенеді. Жоғарыда айтып өткендей бұрынғы дәстүрлі сабақтарымда бағалау тек сабақты оқушының өзінен сұрап, басқа оқушыларға сұрақ қойдырып, менің баға қоюыммен жүзеге асатын. Мұндай жағдайда оқушы кейде өз бағасына қанағаттанбай ренжіп те қалатын. Өзін-өзі бағалауда бала тосылып қалатын. Өзара бағалауда түрлі кикілжіндерге тап болатын. Сабақтың сапасын арттыру мақсатында мен қазір өз сабақтарымда критериялды

бағалауды қолданып жүрміз. Нәтижесінде оқушы өзін-өзі бағалау кезінде неге сүйеніп бағалайтынын біліп отырады. Өзара бағалауда ешқандай кикілжің тумады. Топтық бағалауда шынайы білімдерінің бағасын алады. Бала өз білімінің сапасын өзі біліп тұрады. Сіздің сабағыңызда оқушы не үшін баға алғанын біледі.

Критериялды бағалау дегеніміз не? Сол жөнінде толығырақ айта кетейік. Білім берудің қазіргі заман талабы - шығармашылықпен жұмыс жасайтын, бәсекеге қабілетті, құзіретті тұлға тәрбиелеу. Оқыту - мұғалімдердің оқушыларға жасаған сыйы емес, бұл құзіреттіліктер білім алу үшін оқушылардың өздері де оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етеді.

Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек. Осыған байланысты оқушылар арасында өзара түсіністік және ұжымдық қарым-қатынасты орнатып, оқушылардың сенімсіздіктерін жойып, мүмкіндіктерін арттыруға жол ашатын критериялды бағалау болып табылады.

Критерийлер - оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі. Критериялды бағалау - бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Сыздықова Р., Б. Шалабаев, Көркем тексті лингвистикалық талдау, А., «Мектеп», Исабекова А.К. «Деңгейлік курстарда қолданылатын психологиялық тренингтер жинағы» Көкшетау,2014
- 2.Кәрішалова К. Кітапхана жаңа ғасыр мәдениетінде (балалар әдебиеті проблемалары)// Саясат. - №3. - 2006. - 28-29б.
- 3.Мектептегі кітапхана «Кітап-білім бұлағы» 2011ж.№5.10-11б
- 4.Нұрғалиева. Г.Қ Педагогиканық логикалық-құрылымдық курсы,- Алматы, 1996.
- 5.Нұржанова А.Т. «Формирование коммуникативных умений в контексте уровневых программ курсов повышения квалификации педагогов» АОО НИШ ЦПМ, Астана, 2015

КЕРІ БАЙЛАНЫС ҚАҒИДАТТАРЫН ҰСТАНАЙЫҚ!

Бекмурзаева Салтанат Нуржигитовна
№58 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Рефлексия адамның өз білімі мен әрекеттерін талдау, сол туралы өзіне есеп беру болғандықтан мұнда басқа адамдардың пікірлері мен бағалауының алатын

орны ерекше, өйткені өзіне сырт көзбен қараған адам басқа адамдардың өзі туралы пікірлері арқасында рефлексиясын тереңдете түседі. Өзі туралы сырт пікірлерді адам қарым-қатынаста біледі. Осындай қарым-қатынаста өзі туралы пікірді есту мен білуді кері байланыс деп атайды. Сырт пікірлер адамға өзінің қайда және қандай екендігін білуге көмектесіп, болашақ әрекеттеріне түзету енгізіп, оларды жоспарлау мүмкіндігін береді. Сол себепті кері байланыс - келесі әрекеттерді ынталандыруға бағытталған рефлексияның ақпараттық негізі.

Американдық психолог Д.Дьюи бірлескен әрекет жағдайында басқа адамның сезімі мен абыройын құрметтеу, «менің пікірімнен басқа да пікір бар, ол да жария етілуі тиіс, ол пікірдің де өмір сүруге құқысы бар деген.

Қазақтың ақыны О.Сүлейменов «Адамның рухани ізденіс-сілкіністері үш-ақ сауалдың аясына сияды: 1) не біле аламын, 2) не істеуім керек, 3) үміт артарым не?» - яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады. Мұғалім идеалы - білімнің құндылығын айқын түсінетін, мәдениеті жоғары адам, өз пәнінің жетік шебері, педагогика мен психологияны терең меңгерген, жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық әдістерді қолдана алатын, өзін жеке тұлға ретінде дамытып, рухани өсуге деген қажеттілігі мол болуы тиіс.

Бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты оқушының жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру бүгінгі педагогикада «Сөз арқылы емес, әрекет арқылы үйрету қажет!» деген ұстанымға негізделіп отыр.

Мұғалімдердің белсенді белгілі бір бөлігін өз тәжірибелерін сыни тұрғыдан қайта қарап, өзі айналысып жүрген істерінің нәтижесінің мақсатқа сай орындалуын оймен зерттей білуге, өз кәсіби өмірбаянындағы салмақты жүктерді саналылықпен алмастыра алуға ынталандырады. «Бұл әрекеттегі менің мақсатым не?» - «Не жасауым керек?» - «Қалай?» - «Бұдан не шығады?» сұрақтарын өзіне үнемі қоя және оларға дұрыс жауап бере алатын мұғалімде кәсіби шығармашылық болатындығы сөзсіз.

«Рефлексия» деген сөздің өзі «артқа қарау, көрсету» дегенді білдіретін «reflexio» деген көне латын сөзінен шыққан. Шет тілдер сөздігінде рефлексия ой електен өткізу, өзін - өзі тану, өз - өзіне есеп беру деген сөз. Бұл адамның өз іс-әрекетінің заңды түрде жүзеге асуының теориялық формасы.

Сондықтанда бүгінде білім алуда, адамның дамуының басқа да әрекет салаларында кеңінен қолданылып жүрген «рефлексия» ұғымы бізге өте маңызды. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетінің дамуы үшін оның әдіснамалық рефлексия жасай алуының мәні зор.

Адамның бір ерекше қасиеті бар: біз өзіміз туралы өзгелердің пікірін естігіміз келіп тұрады. Сондықтан да кез келген әрекеттен кейін басқалардан «Қалай болды? Мен сырт көзге қалай болып көріндім? Қалай сөйледім (жасадым, отырдым, тұрдым, жаздым, т.б. әрекеттерді келтіруге болады)?» деп өзіміз туралы пікірін сұраймыз. Сол әрекетті бақылаған адам өз пікірін айтады, бағасын береді. Оның пікірі өзіміздің оймен сәйкес келуі немесе келмеуі де мүмкін. Алайда сырт пікір бізге білім мен әрекеттерімізді түзету, өзгерту, жақсарту мүмкіндігін береді. Олардың мұндай пікірі біз үшін кері байланыс

болады. Осылайша өзгелердің өзіміз туралы пікірлері бізге өзімізді тануға, ішкі «Мен»-нің қалыптасуына көмектеседі.

Ал енді осыған қарама-қарсы жағдаятты көз алдыңызға елестетіп көріңіз: Сіздің әрекетіңізден кейін бір де бір адам ләм-мим деп жұмған аузын ашпады, өз ойын айтпады делік. Осындайда өзіңізді қалай сезінер едіңіз? Әрине, мұндай жағдаяттың қуаныш және қанағат әкелуі екіталай, өйткені біз өз әрекетімізді басқалардың талдағанын және бағалауын қалаймыз.

Кері байланыс (ағылш. feedback) - адамның өзі куә болған оқиғаға немесе басқалардың әрекетіне айтылған пікірі, реакциясы. «Сырт көз сыншы» дегендей, мұндай сырт пікірдің өз әрекеттеріңді реттеуге, жақсартуға тигізетін септігі өте жоғары. Сол себепті бүгінде кері байланыс үйренудің (білім алу жүйесінің) маңызды ұғымы деп есептелінеді. Кері байланыс арқылы алынатын мәліметтер әсіресе өз біліміне түзету мен өзгертулер енгізу ісінде өте құнды болып табылады.

Кері байланыстың мәнін «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» атты тәсіл жақсы келтіреді. Алдымен біреудің әрекеті мен жасаған ісін мақтаймыз, оның жағымды және тиімді жақтарын атап көрсетеміз, содан соң бұл жұмысты қалай жақсартуға болатындығы туралы ұсыныс айтамыз, бағыт-бағдар сілтейміз. 2013 жылдың наурыз айында Амстердамда өткен «Ұстаз сапасы» атты оқытушылық қызметтің Халықаралық Саммитінде оқу мен оқытудың сапасы көп жағдайда кері байланысқа тәуелді екендігі аталды. Ұстаздардың оқушылар тәрбиесіне жасайтын ықпалын бағалау өте қиын, алайда ата-ана, оқушылар мен қоғам мүшелерінің кері байланысы осы мәселені айқындауға қолғабыс болады. Саммит мұғалімдерге өздерінің кәсіби біліктілігін жақсарту үшін кері байланыстың өте қажет екендігін және біраз жетістіктерге бастайтындығын кеңінен атап көрсетті.

Әлемнің ең бай адамы Билл Гейтстің «Мұғалімдерге шынайы кері байланыс керек!» деп баса айтып, АҚШ білім беру жүйесі алдында осындай мақсат қойғандығы бекерден бекер жәйт емес.

Оның ойынша, АҚШ білім беру жүйесі Шанхай мектептерінен үлгі алуы керек: Қытайдың бұл мегаполисінде әрбір мұғалім - мейлі ол тәжірибелі болсын, мейлі жас болсын - өз сабақтары мен әрекеттеріне кері байланыс алуға және өзгелерге беруге құқылы екен: мұнда кері байланыс мұғалім кәсібінің ең маңызды бөлігі деп есептелінеді.

Кері байланысты қолданғанда мынандай жәйттерді есте ұстаған дұрыс:

- Кері байланыстың үйренудің ең тиімді әдісі екендігін ұмытпаңыз, өзіңізге қажетті екендігін де естен шығармаңыз. Бұған қоса кері байланысты жұмысымызды жақсартудың, өз олқылықтарымызды түзетудің ең тиімді нысаны деп қабылдау керек. Сол себепті кері байланысты сабырлықпен және іштей болса да ризашылықпен қабылдау керек. Бұл жерде «Ал егер кері байланыс атаулының бәрі де ақшаға жасалынып, ақылы болса, не болар еді?» деп өзімізден сұраған орынды болар.

- Кері байланыс әрқашан да субъективті болады, өйткені ол біреудің өзіндік пікірі. Осы тұрғыдан алғанда кері байланысты ақиқат деңгейіне шығарудың қисыны жоқ шығар. Оны басқа адамның бағасы деп қабылдап, оның еш міндетті емес екендігін естен шығармаған абзал. Бізге қандай да кері байланыс

берілсе де оның тиімді/тиімсіздігін, пайдалы/пайдасыздығын өзіміз өлшейміз және бағалаймыз, оны қабылдау не қабылдамауды өзіміз шешеміз.

- Мүмкін кері байланыстың ең құнды жағы бізге ұнамайтын бөлігі болатын шығар: айтылған сын мен ескертпелер, айқындалған кемшіліктеріміз бен қателеріміз. Алайда мен сіздерге кері байланыс бергенде тым қатал сыншы болмауды ұсынамын, өйткені «Суық-суық сөйлесе, мұсылман діннен таяды», «Адамның көңілі бір шөкім насыбайдан қалады», «Итің жаман!» дегенде, ой, өлгенім-ай!» дегендерді ұмытпайық! Сондықтан да кемшіліктерді тіке бетке баспай, оларды жанамалай жеткізген жөн болар? Мысалы, мынандай сұрақтар арқылы: «Неліктен Сіз бұлай жасадыңыз (айттыңыз, жаздыңыз, ұйғардыңыз, т.б.)? Мүмкін олай емес, былай болар?» немесе «Егер мына жерге мынандай өзгертулер енгізсе, не болар еді?»

- Негізінен кері байланыстың үш негізгі қызметін ажыратуға болады: әрекеттерді түзету мен реттеу, тұлға аралық қатынастарды реттеу, өзін өзі тану құралы. Сондықтан оның мазмұны жағымды, позитивті болу керек. Кері байланыстың негізгі идеясы жасалған істі бағалау емес (оның жақсы не жаман жасалынғандығын анықтау), керісінше, не жасалуы керектігін көрсету. Сонымен, кері байланыс оқу/оқыту мен үйренудің/үйретудің қалай жүріп жатқандығын, оның сапасын анықтау мүмкіндігін береді. Кері байланыс арқылы оқу мен оқушылардың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға болады. Кері байланыс дұрыс жауап немесе бағыт таңдалынып, қателерді түзету әрекеттерін іске қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бітібаева Қ.. Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары, А., «Жазушы», 1990.
2. Бітібаева Қ..М.Әуезов шығармашылығын мектепте оқыту А., «Жазушы»,
3. Ермекова Т.Н, А.А.Қасымбек, Н.О.Абдижаппарова, А.Б.Бипажанова «Қазақ тілі мұғалім кітабы» «Арман ПВ», 2016
4. Жұмабаев М.. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992.

ОРТА БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ

Тулемисова Гулмира Асилхановна
№58 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Қазіргі таңда мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі - оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін меңгеріп, іс-тәжірибесінде үнемі қолдану. Заман ағымына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған мұғалім болу - уақыт талабы. «Мұғалімдер - қоғамның ең білімді, ең отаншыл, білгілеріңіз келсе, ең «сынампаз» бөлігі болып табылады», - деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев бекер айтпаса керек. Сондықтан да, бүгінгі таңда тәуелсіз елімізге білікті маман, өз ісінің шебері қажет.

Сапалы білім - ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Бүгін мектеп партасында отырған бүлдіршіндер ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету - мұғалімнің басты міндеті. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді. Осындай қоғамдық әлеуметтік мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту процесіне әсер ететіні сөзсіз. Кез-келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болсын, мұғалім мен оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді.

Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын білімді тұлғаны тәрбелеу мәселесін қойып отыр. Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыреттілік, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Білім беру жүйесіндегі мұғалім құзыреттілігі жансыз жаттанды білім түрінде емес, оқушының жеке тұлға ретінде танымға, ойлауға қатысын, әрекетке, белгілі бір мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижесін талдауға, ұтымды түрде ескертулер мен түзетулер енгізіп отыруға деген іскерлігінің белсенділігінен көрінеді.

Сонымен қатар оқушылар бойын тәртіпті, көпшіл болуға, мінез-құлық мәдениетін, жауапкершілікті және адамгершіліктің өзге де белгілеріне тәрбиелейді, оқушылар бойында күш, ептілік, төзімділік секілді моральдық-ерік сапаларын қалыптастырады. Олардың бойындағы патриоттық сезім, яғни өз халқын, ұлтын мақтан тұту, жат қылықтарға төзбеу, намысшыл болу, салт-дәстүрді қастерлеу, оны білуге құштарлану, өз достарына, ұстазына, мектебіне деген сүйіспеншілікте болуы, еңбекқорлық, т.б.

Мұғалімдерге алғашында пән бойынша оқуды ұйымдастыруда оқу ресурстарын таңдау және өзінің сыныбының қажеттілігіне сәйкес бейімдеу оңай болмады. Оқулықты ресурс ретінде қолданудың орнына оқулықпен оқыта берген жағдайлар кездесті. Ол жағдайда оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмалардың берілмеуі әбден мүмкін. Сондықтан, бүгінгі мақаламда ресурстарға тоқталғым келеді. Ресурс деген не? Ғаламторда оған төмендегіше түсініктеме беріп, түрлеріне тоқталады. Ресурстар (французша *ressource* - құрал-жабдық, мүмкіндік), қосалқы қорлар - табыс, ақшалай және басқа қаражат, құндылықтар мен олардың көздері. Негізгі түрлері: ақпараттық ресурстар, банк ресурстары, бюджет ресурстары, еңбек ресурстары, қаржы ресурстары, материалдық ресурстар, табиғат ресурстары, экономикалық ресурстар, энергетикалық ресурстар т.б.

Оқытуда қолданатын ресурстардың бұл ресурстардан айырмашылығы қандай?

Оқыту мен оқуды жоспарлауда оқу мақсатына жету үшін мұғалімнің қолданатын ақпараттық ресурстары. Ақпараттық ресурстар - әлеуметтік мәні бар және қоғамдық іс-тәжірибеде пайдаланылатын ақпараттық материалдардың (ақпараттық құжаттардың, ақпараттың), сондай-ақ ғылыми-техникалық ақпараттың жиынтығы.

Қазақстан республикасының кейбір заңнамалық аспектілеріне ақпараттық-коммуникациялық желілер мәселері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі заң жобасына қол қойылды. Заңға сәйкес, Қазақстандағы интернет-ресурстары атап айтқанда портал, форум, блог, чат, WAP портал, интернет телевидение, дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары теңестірілді. Біз ақпараттық ресурстардың электронды және қағаз түрін қолдануымыз мүмкін. Оқытуда қолданылатын анықтамалық ресурстар:

- Сөздіктер;
- Пән бойынша ұсынылған кітаптар;
- Әдістеме туралы кітаптар, газет-журналдар;
- Оқулықпен бірге ұсынылған мұғалім нұсқаулығы;
- Әдістеме, пән бойынша білім негіздері туралы ақпарат беретін ғаламтор сайттары;
- Энциклопедиялар.

Анықтамалық ресурстарды қолданудың артықшылығына тоқталатын болсам:

- 1) Пән бойынша тілдік бірлікті (сөздің мағынасы, терминдер) жөнінде оқушыға лайықталған мәлімет ұсыну;
- 2) Сөздердің дұрыс қолданылуын, басқа сөздермен бірлікте айтылуы және жазылуын тексеру үшін;
- 3) Сабақтағы тілдік мақсатты жүзеге асыру үшін (функционалдық грамматика, коммуникативтік дағды үшін, т.б.);
- 4) Жаңа әдіс-тәсілдер мен жаттығуларды сабаққа қосу үшін (мұғалім нұсқаулығы, әртүрлі сабақ үлгілері, тапсырма түрлерін пайдалану);
- 6) Мұғалім нұсқаулығы (сабақ жүргізу туралы көп ақпарат береді, алайда белгілі бір сыныптағы жағдайға сай келе бермейді, сол себепті бейімдеп, толықтыру керек);
- 7) Сабақ немесе оқу материалдары жөнінде әріптестерден көмек сұрау.
- 8) Әдістеме, сөздіктердегі мәліметтер ескіруі мүмкін, сол себепті соңғы кезде шыққан материалдарды пайдалану (ғаламтор сайттарын пайдаланған өте қолайлы, іздеу ұзақ уақытты алмайды).

Мұғалімдер жиі қолданатын әдістемелік материалдар (<http://www.smk.edu.kz/>, <https://bilimland.kz/ru>) сайтында орналасқан. <http://www.smk.edu.kz/> сайтында мұғалімге көмек көрсетумен қатар, сұрақтарына жауап ала алатын диалогтік алаң-форум бар. Көп жағдайда сұрақтарымызға нақты жауап алып отырдық. Сонымен бірге сабақта қолдануға тиімді интернет ресурстар қатарына: Географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЗ), Сөздіктер (<http://www.lugat.kz/>, <https://kitap.kz/> әмбебап сөздік) Кітапханалар (<http://kazneb.kz/>, <https://nlrk.kz/page.php>)

Әдеби кітаптар (<http://adebiportal.kz/kz>, <https://kitap.kz/> <http://www.madenimura.kz/>) сайты қосуға болады.

Еліміздің барлық орта мектептеріне тегін қолдануға берілген www.Twig-BilimLand.kz сайтындағы видеоресурстар, аудиоресурстар сапалы болып отыр.

Қазіргі таңда шалғай ауылдағы мектеп мұғалімдері үшін негізгі оқыту ресурстары оқулықтар болып табылады. Оқулықтағы тиімді тапсырмаларды да жиі қолданамыз. «Атамұра», «Мектеп» және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ баспаларынан шыққан оқулықтардың тапсырмалары оқушы мотивациясын оятып, белсенді оқуға әкеледі. Әдетте, оқулық бірнеше компоненттен тұрады: оқулық, мұғалімге арналған нұсқаулық, оқушының жұмыс дәптері (әр баспа әртүрлі дайындауы мүмкін); Мұғалімге арналған нұсқаулықтарда ұзақ мерзімді жоспардың бағдарламадағы ұзақ мерзімді жоспармен сәйкес келмеуі орын алған тұстар кездесті. Мұғалім ең алдымен, оқу бағдарламасының 3-тарауындағы қосымша ұсынылған ұзақ мерзімді жоспармен сәйкестігін анықтауы тиіс. Оқулықтағы материал өте тиімді ұсынылса да, ол әрдайым сынып деңгейіне сай келе бермеуі мүмкін. Бұл жағдайда мұғалім берілген ресурсты, тапсырманы сынып деңгейіне сай етіп күрделендіріп немесе жеңілдетуі тиіс. Сондықтан сыныптың тілдік деңгейін анықтап алу қажет. Ол үшін мұғалім алдымен диагностикалық тест, сауалнама, сұқбат, т.б. жүргізеді. Кейде біздің оқулықты таңдау мүмкіндігіміз де болмауы мүмкін, бірақ оқулықта ұсынылған материалды тиімді пайдалана білуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Акимова Т.А, Т.М.Копжасарова, З.Т.Кашкенова, Г.У.Дарменова «Разминки для тренингов» АОО НИШ ЦПМ, Астана, 2015
- 2.Ақшолақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы. 1993ж /2, 63-бет/
- 3.Ақшолақов Т., Шығарманың көркем айшықтарын таныту, А., «Жазушы», 1998.
- 4.Ақшолақов. Т.Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. Алматы. 1975ж.

ТІЛДІ МЕНГЕРТУДЕГІ ТӨРТ ДАҒДЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ермаханова Кулархан Кенжебайқызы
№83 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Шымкент қаласы

Мектеп қабырғасында отырған өскелең жас ұрпақтың озық ойлы, функционалды сауаттылығы жоғары, рухани тәрбиесі биік, саналы жеке тұлға болу жолындағы ізденістер мен ғылыми еңбектер қатары көбеюде. Осы тұста педагог қызметкерлер шәкірттерінің алғыр да өмір сүруге қабілеттілігін, жалпы өзіндік көзқарасын, ұстанымы мен сенімін қалыптастыруда үнемі еңбектеніп келеді. Жаңартылған білім мазмұны негізінде біліктілігімді арттырып, көптеген әдіс-тәсілдерді өз тәжірибемізге енгізіп оң нәтижелерді байқап, мемлекеттік тілді оқушыларыма меңгертуде көп көмегін беріп келеді.

Тілді меңгерту барысында соңғы уақыттарда жиі айтылатын төрт дағдыға ерекше тоқталғанды жөн санадым. Олар: тыңдалым, айтылым, оқылым,

жазылым. Ең алдымен, бұл төрт дағды бір-бірімен тығыз байланыста болады. Сабақ барысында осы аталмыш дағдылармен жүйелі түрде жұмыс жүргізілсе, оқушылардың тілді меңгерулеріне, функционалды сауаттылықтарын қалыптастыруға септігін тигізеді. Қазіргі таңда оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруларына ықпал етудің арқасында, сабақ барысында белсенділік пен көшбасшылық қабілеттерін байқатып, еркін білім алуға қадам басып келеді.

Қазақ халқының «Тыңдаусыз қалған сөз жетім» деп айтылуында да үлкен мән жатқан секілді. Тыңдалым білім алу барысында үлкен рөл атқарады. Сабақтың кіріспе, негізгі немесе қорытынды бөлімдерінде оқушы тыңдаған мәліметтері мен үнемі байланыс жасап отырады. Бейне баянды ұнтаспадан немесе өз аузымнан оқылған мәліметті оқушы тыңдап, мазмұнын түсініп, нақты ақпаратты алып, детальдарына мұқият үңіліп, көңіл-күйін анықтап, сөйлеушінің қарым-қатысына, сөйлеу барысында сөйлемдердің грамматикалық құрылымына назар аударып отырады.

Оқушылар тыңдалымнан кейін алған мәліметтерін қайта еске түсіріп, жаңа сөздерді, жалпы мазмұнын, нақты мәліметтерді айтып, талқылауға арналған сұрақтарға жауап беріп, өз өмірлерімен байланыстырып отырады. Міне осыдан бастап тілді қабылдап үйренеді. Ал сол тілді қолданып сөйлеу барысында көрініс табатын дағдының бірі - айтылым. Оқушылар осы тұста сұрақтарға жауап беріп, сыныптастарының сөзін байқап, түзетулер енгізіп, сөздерін жоспарлап, орнымен дұрыс қолдана білуді, кезек алып сөйлеуді, жест, мимиканы қолдану тағы да басқа бірнеше әрекеттерді орындайды.

Айтылым дағдысында жиі қолданыс табатын бұл әрекеттер оқушының тілді еркін меңгеруіне, өзін-өзі реттеуіне септігін тигізді. Орыс бөліміндегі оқушылардың қазақ тілінде таза әрі сауатты сөйлеуін дамытуда жаттығулар орындатып, берілген бір сөзге бірнеше сөз тіркесін жасап, сөйлем құрастыруына түрткі болып, бірнеше рет қайталату арқылы есте сақтауын басты назарда ұстаймын. Үй тапсырмасынан тыс оқушылар көрген ертегілерін немесе тарихи деректерді баяндату арқылы айтатын сөзін дайындап, ойын жинақтап, алдын ала дайындық жүргізуіне мүмкіндік беріп, қолдау көрсетемін. Себебі айтылым, сөйлесім дағдысы тілді меңгерушілерге ең басты құралдың бірі.

А.Байтұрсынұлы былай деген: «Жаза біліп, оқи білмейтін де адам бола ма? - Жоқ. Жаза білетін демек, оқи да біледі деген сөз». Өз тәжірибемдегі жиі қолданатын әдістерімді оқылым дағдысына негіздеп мақсатқа сай әрекет етуге талпынамын. Оқылым дағдысын қарапайым тілмен түсіндірсек, жазба тілдегі мәтінді түсіну. Оқылым да, жазылым да тілдің графикалық жүйелері арқылы берілетіндіктен, оқылым жазылыммен тығыз байланысты. Сондықтан тілді меңгертудің алғашқы бастауларында оқылым мен жазылымды өзара байланыстыра қолдану әлде қайда ұтымдырақ бола түседі.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

Қазақ тілі сабағында ақпараттық технология арқылы берілетін білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге, қазақша тілдік қатынасты игеруге мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияны қолдануда, әдетте шынайы өмірлік жағдайлар келтіріліп, бірігіп шешу мәселелері ұсынылады, рольдік ойындар пайдаланылады, білгірлігінің қалыптасуы барысында жеке белсенді позициясын қалыптастыруға жағдай тудырады, қарым-қатынас дағдыларын орнықтырады, сыни тұрғыдан ойлауға үйретеді.

Демек, ақпараттық технологияны оқу үрдісіне енгізу тіл үйретуде тиімді. Тыңдап - түсіну, көріп - байқау құралдарының концепциясында оқыту былайша орналасады: тыңдау - сөйлеу - оқу - жазу. Оның ішінде ауызша қабылдау (тыңдау мен сөйлеу) әрдайым ілгері шығып отырады.

Тыңдап - түсіну, көріп - байқау құралдарының ішінде сабақ берудің барлық сатысында қолдануға болатын түрі - аудио құралдар, радио мен теледидардың хабарлары, сұхбаттар жазылған үнтаспа, т.б.

Мәтінді оқу барысында белгілі бір нақты ақпаратты табу, детальды түрде оқу, мәтіннің түріне қарай ажырату, бейтаныс мәтінге болжам айту сияқты тағы да бірнеше ішкі дағдыларына сай білімдерін толықтырып жұмыс жүргізеді. Демек оқушы бір мәтіннің аясында бірнеше жұмыс жүргізіп, мәтінге немесе суретке, үнсіз бейне таспаға қарап өз болжамын айтып, мәтіннен белгілі бір детальды тауып оқып, бейтаныс сөздердің мағынасын біліп, стилін анықтайды, бір-біріне топтық жұмыста түсіндіріп, топтасып жұмыс жасайды. Өзіміз сабақ беретін сыныптарға қазақ тілі пәнінен белгілі бір мәтінді бірнеше бөлікке бөліп, тыңдалымнан кейін бөлінген мәтінді дұрыс құрастыру немесе бөлімге бөліп мәтінді басынан соңына дейін дұрыс орналастыру, сұрақты оқушы шатастыратындай етіп қоя отырып, мәтінге мұқият үңіліп оқуына түрткі боламын. Оқушылардың мәтінді жан-жақты оқып, талқылауы арқылы тілді меңгерулеріне болатыны тәжірибеде айқын байқалуда.

Тілді қолданып сөйлеу немесе жазу продуктивті дағдылар қатарына жатады. Жоғарыда айтылғандай, оқылым мен жазылым қатар жүреді. Тіл үйренушіге әріптер мен сөздерді пайдалана отырып сөйлем құрай алуы маңызды қадам. Сөздерді орынды пайдаланып, сөйлемдер құрап өзінің ойын, түсінгенін қағаз бетіне түсіре алу жақсы нәтижеге қол жеткізудің баспалдағы. Жазылым барысында оқушы орфографиялық қатесіз жазуға, әріптерді дұрыс жаза білуге, пунктуацияны дұрыс қолдануға, абзацты дұрыс ұйымдастыра білуге, стилді дұрыс таңдай алуға, сауатты жазуға біртіндеп үйрене бастайды. Әрине, күнделікті сабақ барысында осы дағдыларды үнемі тиімді қолданар болса, өзінің тиімділігін уақыт өте келе көрсетеді. Оқушы бойында шапшаңдық, алғырлық, өзіне қажет мәліметтерді тыңдап, ойын жеткізе алу, қатесіз оқуға және сауатты жазуға деген бірнеше өзгерістерімен қоса дағдылары да дами түседі.

Мәтінмен жұмыс барысында аталмыш төрт дағдыны қатар тиімді әрі оқушылардың деңгейіне сай жүргізуге болатынын байқадым. Бір мәтін аясында бірнеше тапсырманы орындап, оқушының тілді меңгеруіне айтарлықтай оң ықпалын тигізеді.

Тұла бойы ұлттық тәрбиеге тұнып тұрған ұлт жанашырын тәрбиелеуде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерінің атқарар ерен еңбектері көп. Өз ана тілінің бүге-шігесіне дейін баланың бойына дарытып, көкейіне құйып, санасына сіңдіру - үлкен жауапкершілікті жүктейді. Бұл жауапкершілікті қалт жібермей мүлтіксіз орындау маған сын. Осы сынға сыни қарап, алға ұмтылу мені үнемі мақсатқа жетелейді. Ғасырлардан жылжып, тарихтан сүрінбей келе жатқан ана тіліміздің кемеліне жетіп толысуына үлес қосқан алаш зиялылары, ақын-жазушылар, ғұламалар әрбір баланың санасына жетіп, есінде сақталуы қажет. Олардан қалған ғұмырлық қазынаны тіл арқылы аманаттаймыз.

Бұл, әрине, тіл жанашырларының және қазақ әдебиеті мұғалімдерінің тынымсыз еңбегінің нәтижесінде келер ұрпаққа жетіп отыр емес пе? Төл тіліміздің қыр-сырына үңіле қарап, дыбыстың ерекшелігіне дейін меңгерту нәтижесінде сауатты ұрпақ тәрбиелейтініміз жасырын емес. Бұл тағы да тіл мамандарына міндеттелген. Сондықтан қызын арға, ұлын нарға балаған қазақ арасында өз ойын сауатты жаза да, сөйлей де білетін, сөйлеу мәдениетін жетік меңгерген текті ұрпақ тәрбиелеуде, қымбатты біздің әріптестеріміз, сіздердің де қосып жатқан үлестеріңіз ұшан теңіз деген сенімді пікірдеміз!

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Акимова Т.А, Т.М.Копжасарова, З.Т.Кашкенова, Г.У.Дарменова «Разминки для тренингов» АОО НИШ ЦПМ, Астана, 2015
- 2.Ақшолақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы. 1993ж /2, 63-бет/
- 3.Ақшолақов Т., Шығарманың көркем айшықтарын таныту, А., «Жазушы», 1998.
- 4.Ақшолақов. Т.Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. Алматы. 1975ж.
- 5.Әбдезұлы Қ., С.Ч.Тұрсынғалиева «Қазақ әдебиеті әдістемелік нұсқау» «Арман ПВ», 2012
- 6.Әлімов А.Х. «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана «НЗМ»ДББҰ, 2014

САБАҚҚА ҚОЙЫЛАТЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҚСАТТАР. SMART МАҚСАТ

Қойшыбай Рабиға Мұханқызы
№83 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Шымкент қаласы

Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының жаңартылған бағдарламасы бойынша курсынан өткеннен кейін сабақ беру үрдісіне деген көзқарасымыз өзгере бастады.

Мұғалімнің рөлі басқарушы емес-әріптес, сөйлеуші емес-бағыт беруші екенін ұқтық. Жаһандану процесі жүріп жатқан заман талабына сай жан-жақты

қарастыруды қажет ететін өзекті мәселелерінің бірі—білім беру, білім-қай кезде де біздің жарқын болашағымыздың кепілі. Қазіргі заман мұғалімі қандай, оқушыларымыздың білім сапасы қай деңгейде? Ал заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін игеріп қана қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал ХХІ ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні - осында.

Жаңартылған бағдарламадан күтілетін нәтижелер мұғалімдерді оқушыларға қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел уәждерін нанымды жеткізе алатын, ынталы, сенімді, сыни пікір көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыруға даярлау болып табылады.

Ақпараттық қоғамның сөздік қорында тағы да бір жаңа ұғымдар - Smart, Smart education ұғымдары белсенді түрде еніп келеді. Smart education ұғымы тіпті көптеген елдерде іс жүзінде жиі қолдануда. Smart education ұғымының негізгі мәні неде? Сөздің түбіріне келетін болсақ, «SMART» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «зерек», «ақылды» дегенді білдіреді. Смарт - бұл неологизм, сын есім ретіндегі негізгі мағынасы - парасатты, тапқыр, ақылды, ал зат есім ретінде - ақыл, алғырлық, зеректілік деген мағынаны білдіреді.

Нақ осы оқыту жүйесі қазіргі әлемнің мүмкіндіктері мен міндеттеріне сәйкес максималды білімнің жоғарғы деңгейін қамтамасыз етіп, жастардың тез өзгергіш қоғам жағдайына бейімделуіне, оқулықтан нақты белсенді әрекетке негізделген білім алуға мүмкіндік береді.

Енді, мақсат сөзін білім беру жүйесінде қарастырып көрейік. Осы сөзбен ең көп бетпе бет кездесетін мамандықтың бірі мұғалім десек қателеспейтін шығармыз. Олай болса, өз мамандығымыз туралы ой бөлісейік.

1. Мұғалімнің ең басты функционалдық міндеті не деп ойлайсыз? (білім беру)
2. Білім беру не арқылы жүзеге асады? (сабақ)
3. Сабақ беру үшін біз қандай әрекеттерді орындаймыз? (сабақ жоспарын жазу)
4. Сабақты жоспарлау үшін сіз ең алдымен не істейміз? (мақсат қоямыз)
5. Сабақтың мақсатын анықтауда не нәрселерге көңіл бөлуіміз керек деп ойлайсыз? (сыныптың білім деңгейіне, қабілетіне, психологиялық ерекшеліктеріне)
6. Дәстүрлі оқытуда біз сабақтың қандай мақсаттарын белгілейміз? (тәрбиелік, білімділік, дамытушылық)
7. Сабақтың мақсатын қою мұғалімнен нені талап етеді? (жауапкершілікті)

Мен сөз еткелі отырған «SMART» ұғымы мақсат туралы болмақ.

Стронг "Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға мұғалім" деген болатын. Алайда тамыры тереңге кеткен ұстанымдар мұғалімнің жаңашыл идеяларды қабылдау қабілетін шектеуі мүмкін. Сондықтан жаңашыл идеяларды танудан және тәжірибе жасаудан жалықпағанымыз абзал. Осы орайда мұғалімнің жұмысы дұрыс мақсат қоядан басталатынын айтқым келеді. Мақсат дегеніміз не, ол не үшін қажет? Көптеген ғалымдардың берген анықтамалары бойынша мақсат дегеніміз:

- болашақ нәтижені суреттеу;
- неге қол жеткізу керектігінің бейнесі;

- белгілі бір анықталған күш қайрат жұмсалатын және ұйымдастырылған іс әрекет талап етілетін күтілетін нәтижелер жиынтығы
- бұл индивидуумың өз күштерімен қол жеткізе алатын келешектегі шындықты суреттеуі.

SMART мақсаттары мен міндеттері

SMART оқыту мақсаты мен міндеттерін анықтауда қолданылатын, 1981 жылы Джордж Доран енгізген ұғым. Автордың айтуынша, SMART аббревиатурасының құрамында оқыту мақсаты мен міндеттерін сипаттауға тиіс сын есімдер қамтылған. «Smart» сөзін ағылшын тілінен қазақшалағанда ақылды, тіпті қу немесе тапқыр, епті деген мағынаны білдіреді.

Алайда, біз әңгіме жасағалы отырған жағдайдағы SMART ол сөз емес. Ол 1954 жылы Питер Друкер айналымға енгізген аббревиатура.

Specific- арнайы, нақты;

Measurable-өлшеуге болатын, шектеулі талап етушілік;

Attainable-қолжетімділік;

Realistic-шындыққа сай, қысқа да нұсқа берілуі;

Timed-белгілі бір уақыт арлығымен шектелген деген ұғымдарды білдіреді.

1. Specific Мақсат нақты болу керек деген алға қойылған мақсат екіұшты емес, айқын болу керек дегенді білдіреді. Атап айтқанда, «Жоспарды мерзімінен бұрын орындаймыз» деген мақсат айқын емес. Ал, ол айқын болу үшін егер жоспарды мерзімінен бұрын орындаймыз десек жоспарды мерзімінен қанша уақыт (сағат, тәулік, ай, жыл немесе т.б) бұрын орындайтынымыз нақтылануы керек.

2. Мақсат өлшенетін болу керек. Мысалы, «Жақсы адам болам» деген мақсатты өлшеу өте қиын, ал «Жоғары оқу орнына түсемін» деген мақсатты өлшеуге болады.

3. Мақсат қолдан келерлік болу керек. Мақсатты жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған ба? Мысалы, негізгі мектепті тәмәмдап «Мен биыл жоғары оқу орнына түсемін» деген мақсат- қолдан келмейтін нәрсе.

4. Мақсат шынайы болу керек. Алға қойған мақсатты іске асыра алатындай мүмкіндіктер болғаны жөн. Мысалы, елуге келгеннен соң «Мен космонавт(турист емес) болам» деген мақсат- бұл жаста қол жетпейтін жағдай.

5. Мақсаттың мерзімі анықталған болу керек.

Мақсат қоюды қарапайым өмірден алынған мысалмен түсіндіріп көрелік. Сыртта аяз, үйдің іші салқын болса, мен «Отынмен үйді жылытуым керек» деген мақсат қоямын. Осы қойылған мақсат дұрыс па? Жоқ, себебі мақсат нақты емес, немен жылытуым керек екенін білмеймін. Ал SMART бойынша жүйелесек:

Мысал 1:

Мақсат: Ағашпен үйді жылыту.

Міндет:

1. Ағашты кесу.

2. Үйге әкелу.

3. Отты тұтату, жағу.

Нәтиже: Үй жылынды.

Мысал 2:

Мақсат: «Информатикадан білімін жақсарту»

Қандай міндет қояр едіңіз? Күтілетін нәтиже қандай болмақ?

Мақсаттың талдауы:

Нақтылы емес. Өлшеу қиын, мерзімі көрсетілмеген. Ол 40 минутта орындала ма?

Міне, осылайша біз мақсат қойған кезде оның SMART мақсат бойынша сипаттарына жауап берсек, жұмысымыз да соғұрлым нәтижелі болмақ.

Дәстүрлі сабақ беру әдістемесі бойынша біз үш мақсатты белгілеп жүрдік.

Ол үш мақсаттың орындалғаны маңызды емес, көп болып жазылып тұрса, көп жұмыс жасайтын сияқты түсінікке шырмалып қалғанбыз. Мысалы, қазақ тілінен тақырыпқа қатысты жаттығуларды қарап шығамыз да, еңбек туралы мақал болса, оқушыларды еңбекке тәрбиелеу деп мақсат жаза саламыз. Ал ойсыз жазылған мақсаттан нәтиже шықпасы белгілі. Бұрынғы сабақ беру жүйесіндегі сабақтың мақсаты мен SMART мақсат бойынша құрылған сабақты салыстырып қарайық.

Оқыту мақсаттары - мұғалімдер оқушыларға үйреткісі келетін мәселелер:

- Сіз оқушылардың нені білгенін қалайсыз?
- Олар қандай түйінді идеяларды түсінгенін қалайсыз?
- Өзіңіз ойлаған қандай сұрақтарды оқушылардың оқығанын қалайсыз?

Оқыту нәтижелері Сіздің табысқа жеткен-жетпегеніңізді көрсетеді :

- олар оқушыларға бағытталуы керек;
- көп жағдайда дағдыларды сипаттайтын нақ осы шақтағы етістік түрінде келеді;
- оқушының жетістігі тұрғысынан жазылған.

Оқушылардың жақсы білім алуын, табысты оқуын, ақыл-ойының дамуын жоғары дәрежеде ұйымдастыру егеменді елімізді одан әрі дамытатын азаматтарды тәрбиелеуде маңызды қадам болып табылады. Джон Кеннедидің «Ұлттың дамуы толығымен білім сапасының дамуына тәуелді» деген ұлы сөзі бар. Демек, мақсатты дұрыс қою арқылы біз сол сабақтағы жұмыстың нәтижесін болжаймыз. Сабақты өткізген соң мақсатымызға қайта оралып, оқыту тиімділігін анықтай аламыз. SMART мақсатқа сай құрылған сабақ табысты оқытудың кепілі болмақ. Мұғалім жұмысында әдістемелік тақырыпты таңдап алып, сол бағытта жұмыстанамыз. Кейде сол тақырыптың атын ұмытып қалып, мұғалімдердің "Білмеймін, бірлестік жетекшісі біледі" дегенін де естіп жүрміз. Ол неліктен? Себебі тақырып та, мақсат та дұрыс тандалынбаған. Ал мұғалімнің қызығушылығын оятпаған тақырып оқушыға қажет пе? Бұл ойланатын жағдай. Сондықтан әрбір жұмысты бастаған кезде "Мен нені нақты жүзеге асыра аламын, менің қолымнан не келеді?" деген сұраққа жауап беріп, кіріскеніміз дұрыс. Мақсатымыз аз болған сайын нәтиженің нақты және сапалы болатынына менің көзім жетті.

Мақсат жұмыстың нәтижесін анықтайды. Мысалы оқушы сабақ сұраған кезде мұғалімнің өткен сабақта айтқанын оқушы қайталаса, ол көшірме болып саналады. Ал Дербес компьютердің даму тарихы тақырыбын өткеннен кейін, оқушы "Адамзаттың ойлап таппайтыны жоқ" десе, ол бағалап отыр. Оқушы мұғалім берген білімді тек тұтынушы емес, өндіруші болса ғана, біздің мақсатымыздың орындалғаны. Оқыту нәтижесіне бізді SMART мақсатқа сай

құрылған сабақтар жеткізеді деп ойлауға негіз бар. Әр жұмысты аяқтаған соң, қойған мақсатымызға қайта оралып, нәтижені сараптаймыз. Ғалымдар рефлексияны сананың «өткенге жүгінуі» деп сипаттайды. Ал өткенге жүгіну арқылы біз жаңа мақсат қойып, жаңа іске кірісеміз.

Ұлы Абай: "Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ!" деген еді. Бар өмірлік мақсатын төрт ауыз сөзбен түйіндеген ақынның берер жемісі азайып кеткен жоқ. Қаншама ғасыр өтсе де, сарқылмайтын кенге, таусылмайтын рухани азыққа айналды.

Мақсатты дұрыс қою- адам өміріндегі маңызды үдеріс, сол үшін оған күш те, уақыт та жұмсалуды керек. Егер де қойылған мақсатқа жеңіл түрде қолжетімділік болса, онда оның маңыздылығы басымдыққа жатпайды. Себебі оған оңай қол жеткізгеннен соң, тағы да жаңа мақсатты іздеу қажеттігі тұрады. Сондықтан мақсатқа деген талап өте күшті болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

4. Әлімов А.Х. «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана «НЗМ»ДББҰ, 2014
5. Байтұрсынұлы А., Тіл тағылымы, А, «Жазушы», 1992.
Байжұманова Қ. «Оқуға ынталандыру-мұғалім біліктілігінде»// Қазақстан мектебі,2008ж.№1
6. Белинский В. Г // «Балалар кітапшалары туралы бірер сөз» 12-176.1989.
7. Бітібаева Қ.. Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары, А., «Жазушы», 1990.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МӘТІН ҚҰРАУ, ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

**Күдереева Бақыт Жақсылыққызы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Ғ.Мұратбаев атындағы гимназия**

Мектептерде оқушылардың тілін дамыту айтылым және жазылым дағдылары арқылы іске асырылады. Адамдардың бір-бірімен қарым - қатынас жасап, дұрыс сөйлесіп, сөз және сөйлеу мәдениетін меңгеріп өз бойында қалыптастыратын негізгі құрал –тіл. Сөз мәдениеті дегеніміз сөздерді мағынасына сай дұрыс қолдану, сөйлеу үстінде оларды бір-бірімен қиюластырып, үндестіріп дұрыс айту, емле мен тыныс белгі ережелерін сақтап сауатты жазу, тілдің ғасырлар бойы сұрыпталып келген көркемдігі мен әсем өрнегін орнымен қолдану.

Көркем әдебиетті түйсініп, оның мән-мағынасын жете ұғынуда мәтінмен жүргізілетін ауызша жұмыстармен қатар, жазба жұмыстарының да мәні үлкен. Оқушылардың ой белсенділігін, шығармашылық қабілетін дамыту сияқты күрделі міндеттерді орындауда оларға жазбаша жұмыс орындату қажет-

ақ. «Шығармашылық дегеніміз – адамның белсенділігі мен дербес іс-әрекетінің ең жоғарғы формасы» делінген «Педагогикалық энциклопедияда.»

Шығармашылық жұмыстар түріне мазмұндама, шығарма, баяндама, реферат, аннотация, әдеби монтаж жасау кірсе, қазіргі таңда жаңа формат эссе де жазбаша жұмыс түріне енді. Мұғалім алда шығармаға арқау болатын тақырыпты өту кезінде ауызша сұрау, сұраққа жауап беру, жазбаша шағын тапсырмалар орындау, мәтінді бөлімдерге бөлу, ат қою, жоспар жасау секілді жұмыс түрлерін атқару керек. Сонда оқушы көркем туындының мәнді тұстарына көңіл бөліп, негізгі ойды жинақтап, өз пікірлерін айта, жаза білуге дағдыланады. Жазба жұмыстарын (шығарма, эссе) орындату – қазіргі кездегі әдебиет сабағандағы өзекті мәселе.

Білім бере отырып, жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың міндеті.

Уақыт пен заман тынысына сай білім берудің жаңашыл технологияларына негізделуі еңселі ел болудың басты кепілі екені анық. Жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Ұлттық болмыс пен құндылықтары уызына қаныққан тұлға тәрбиелеу, кемел білім беру – ұстаздар үшін күн тәртібінен түспейтін мәселе. Осы тұрғыда білім сапасын арттыру мұғалім шеберлігі мен бала танымының кеңеюі, дамуының басты белгілерін: дербестігін, проблемалық ситуацияны шешу – шығармашылық таным әрекетін, диалектикалық ойлауын біріктірумен бірге, мақсатты да жүйелі жұмыс жүргізуді талап етеді.

Сапалы білім беруге ұмтылған мұғалім ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық - практикалық іс пен еңбекке баулуды қатар алып жүреді. Осы орайда шетелдік және қазақстандық ғалым-педагогтар технологиясын қазақ тілі мен әдебиеті сабағында пайдалану ізденістері баланың шығармашылық қабілетін дамыту, ұштау мәселесінде зор рөл атқармақ. Білімді ізгілендіруге арналған технологиялардың пайдасы зор. Соның ішінде, проблемалық оқытуға тоқталсақ, бұрынғыша білімді даяр күйінде бермей, оқушылардың алдына белгілі проблеманы, міндетті қойып, соны өздеріне шештіруге бағыттау. Проблемалық оқытудың негізгі ерекшелігі – баланың білетіні мен білмейтінін айқындайды, проблемалы жағдай туғызады, осыған орай, баланың ізденушілік әрекеті, ынтасы күшейе түседі.

Сын тұрғысынан ойлау арқылы да өз алдына сұрақтарға жауап іздеп, жан-жақты пікірлесіп, талдау жасап отырады. Бала қабілетін сол тақырыпқа байланысты ояту, оны ой шақыруға, ойын тұжырымдауға, қасындағы балалармен пікірлесуге, топтасуға баулу. Оқушылардың жұмысы дербес ұйымдастырылған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес олардың ойлары шыңдалып, белгілі жетістіктерге жетері сөзсіз. Педагогикалық технология осындай сапалы білім беруді қамтамасыз етеді.

В.П.Беспалько: «Педагогикалық технология - тәжірибеде іске асырылатын педагогикалық жүйенің жобасы» екендігіне тоқталған. Қазақстандық ғалым М.М.Жанпейісованың анықтамасы бойынша «Педагогикалық технологиялар – білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілетін пәндер мен әдістемелердің, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен

байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды».

«Өркениеттің мақсаты–адамды ойлауға үйрету» деп атақты ғалым Т.А.Эдисон айтқандай, мектептің де, оқытылатын пәндердің де басты мақсаты - оқушылардың танымдық-шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Осы орайда әдебиет пәнінің мүмкіндігі зор. Кез келген пәнді оқытудағы мақсатқа жету үшін мұғалім мен оқушының өзара байланыстары белгілі бір әрекет түрлері арқылы іске асырылуы керек. Ол оқыту әдістері болып табылады. Ғалымдардың анықтамасына жүгінсек, «Оқыту әдістері – бұл біліммен, танымдық тәсілдермен және практикалық әрекеттермен қамтамасыз ететін оқушылардың танымдық әрекеттерін ұйымдастыру тәсілі» (М.Н.Скатин).

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушылардың тілін, жазу дағдысын дамытуға арналған жұмыс түрлеріне көбірек көңіл бөлінеді. Бұдан күтілетін нәтиже оқушылар бойында коммуникативтік және әртүрлі деңгейдегі мәселелерді шешу күзiреттiлiктерi және бiрте- бiрте оқушылардың өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Тіл дамыту балалардың сөздік қорын байытуға, мағынасын түсініп, сол сөздерді дәл қолдана білуге, өз ойларын, пікірлерін екінші біреуге жеке сөйлемдер арқылы, логикалық, композициялық тұтастығын сақтай отырып, жүйелі түрде әңгімелеу арқылы ауызша, жазбаша дұрыс білдіруге, яғни, «нәрсенің жайын- күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айтып беруге» үйрету жұмысын айтамыз. «Ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушыға ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады», - деп ұлы ғалым А.Байтұрсынов бала тілін дамытуда сөз үйретіп, сөздік қорын молайту мақсатында өте тиімді әдістер қолданған.

Проблемалық оқытудың мақсаты – ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолын оқу үрдісінде меңгеру, оқушының таным дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту. Проблемалық оқыту – ойлау операциялары логикасы (талдау, қорытындылау және тағы басқа) мен оқушылардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын (проблемалық жағдаят, танымдық қызығушылығы, қажетсінуі және тағы басқа) ескере отырып жасалған оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тәсілдерін қолдану ережелерінің жаңа жүйесі. Сондықтан да бұл технология мектеп оқушыларының ойлау қабілеттерін дамытады және сенімдерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Проблемалық оқытудың негізгі ерекшелігі – оқушының білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтардың пайда болуы және проблемаларды міндетті шешуге дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалық жағдаяттың пайда болуы, осыған орай оқушының ізденушілік әрекетімен ынтасының күшейе түсуімен сипатталады.

Сондықтан проблемалық оқыту проблемалық жағдаяттың пайда болуы, проблемалық міндетті қою және оның қиыншылық мәнін жете түсіну, болжау арқылы шешім тәсілдерін табу, болжамды дәлелдеу, проблема шешімінің дұрыстығын тексеру сияқты кезеңдерден тұрады.

Сын тұрғысынан ойлау стратегияларын пайдалану оқытудың әртүрлі формаларын қолдана отырып, оқушылардың бір-бірін тыңдай білуге, өз ойларын анық жеткізуге, өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруді, ізденіске баулып, естіп, көріп білгенін түйіндеп, пайдалана білуге үйретуді көздейді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының қазіргі таңдағы талаптарға сай білімді жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында алатын орны ерекше. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасында қызығушылықтан бастап, болжам жасатып, мақсат қойып, іс қылуға сұрақ беріп, жауап алуға мазмұндық толық түсінуге жағдай жасалған.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының тиімді жақтары:

1. Оқушылардың өздігінен жан-жақты білім алуына жағдай жасалады.
2. Сабақ кезінде уақытты ұтымды пайдалану мүмкіншілігі молаяды.
3. Оқушылардың өзара пікір алмасуына мүмкіндік туғызылады.
4. Мұғалім мен оқушылар арасында ізгілік қарым-қатынастар орнайды.

«Ойталқы», «Ойға шабуыл», «Идеялар көзі», «Сыншылар» мен «Сарапшылардың» қатысуымен шешім қабылдаудың қалыпты түрлеріне қарама-қарсы, жаңа, дара идеяларды табуды көздейтін тәсілдер қолданылуы тиіс. Сол арқылы білім алушының ойлау және сөйлесімді әрекетінің белсенделігін арттыратын және оның теориялық, шығармашылық ойлауын жетілдіруге бағытталған бұл оқыту технологиясы білім алушының сөйлеу мәдениеті шеберлігін қалыптастыруға бастау болады.

«Дамыта оқыту» технологиясын қолданушы әрбір мұғалім сабақтың құрылымын, әдіснамалық негіздерін толық меңгеріп, өз іс-тәжірибесінде шығармашылықпен қолдана білуі тиіс. Бағдарлау- мотивациялық кезең - оқу міндеттерін қою кезеңі. Дәстүрлі педагогикалық үй тапсырмасын тексеру барысының орнына алынған бұл кезең іштей екі құрылымға бөлінеді. Оқушылардың білімдерін бір деңгейге алып келу. Оқушыларды жаңадан түсіндіретін тақырыпқа логикалық бірізділікпен алып бару үшін, өткен сабақтың материалымен тығыз байланыстыра отырып жаңа тақырыпты игеруіне қажетті тірек білімдердің барлығы өзектендіріледі.

1. Оқушылардың барлығын бірдей деңгейге жеткізіп алу үшін мұғалім алдын ала оқушылардың есіне түсіретін, толықтыратын, бірдей мәреге жеткізетін тетік сұрақтар мен тапсырмалар даярлайды.
2. Оқу міндеттерін айқындау. Оқушыларға мазмұндық жағынан тізбектеліп құралған сұрақтар легі арқылы мұғалім оқушылардың өздеріне ОМ анықтауға басшылық жасайды. Соның негізінде оқушылардың жаңа тақырыпқа қарай бет бұруына жағдай жасайды да, жаңа тақырыпты танып- білу мотивациясын қалайды.

Осы екі құрылым арқылы 1- кезеңде 7-8 тапсырма орындалады. Соның ең соңысында оқушыға сұрақ қойылады немесе тәжірибе көрсетіледі. Оқушы неге таңғалады? Өйткені оқушыға соңғы тапсырма мүлде таныс емес. Шындығында, бұл сұрақ басында туындайды. Ал мұғалім өткен және әлі өтіліп бітпеген оқу материалын шебер байланыстырып, сұрақ қою арқылы оқушылар үшін проблемалық жағдаят туғызады. Проблемалық жағдаяттар туғызу сабақтың ең күрделі де маңызды бөлшегі болып табылатындықтан, бұл сәттің айқын өтілуіне үлкен мән бере қарау керек. Өйткені басты тетік осы

проблемалық жағдай туғызуда жатыр. Жаңа тақырыптың сәтті меңгерілуі осы түйінделген проблемалық жағдаяттың қалай және қандай мазмұнда жасалғандығына тікелей байланысты. Мәселен, оқушылардың білетін біліміне сүйене отырып, жетекші сұрақтар мен тапсырмалар арқылы біртіндеп тереңдей берген проблемалық жағдаят туғызу сәтін мұғалім тұтас бір көрініс ретінде оқушыларға сездіруі керек.

Бұл технологияда ұжымдық жұмыс әдісі кеңінен қолданылады: ойға шабуыл, ұйымдастыру, қызмет ойыны, еркін шығармашылық пікірталасы.

Біздің елімізде қазіргі кезде білім берудің ұлттық үрдісі қалыптасуда. Бұл кезеңнің негізгі ерекшелігі – оқытудың дәстүрлі түрінен жаңа педагогикалық технологияларға ауысу. Бұл үдеріс жаңа білім парадигмасының қалыптасуына әкеледі. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қояды.

Технологияларды пайдалану нәтижесінде оқушының өздігінен оқып, түйінді мәселелерді іріктеп алғанына, өзіне деген сенімділіктерінің қалыптасқандығына, оқуға деген қызығушылығының артқандығына, іскерлік дағдысының қалыптасқандығына, мақсатқа өз бетімен ұмтылғандығына көз жеткіздім. Ойлау белсенділігі, тапқырлығы, шешім қабылдау әрекетінің дамуы, шығармашылықпен айналысуға талпынысы, өзіндік ой-пікір айтуы, сұрақ қойып, сұрақтарға жауап бере алуы, мәселенің ең маңызды түйінін шешуге машықтануы, ақпаратты саралауға, жүйелеуге дағдылануы оқушы бойында қалыптасқандығын байқадым. Өзіндік ойын зерделеп, қорытынды жасап, жазба жұмысында талдау жасауды үйренді.

Білім жүйесінде жаңа педагогикалық технологиялар саны өте көп. Соның ішінен «баланы білім, ақиқат, ереже мен формулалар қоймасына айналдырмайтын, оны ойлауға үйрететін» технологияны таңдап алу мектеп пен мұғалімнің құзыретінде, кәсіби шеберлігінде.

Қазіргі таңда педагогикадағы сындарлы көзқарас пен ұстаным әрбір ұжымның заманауи білім беру моделін табысты құрылымдауына септігін тигізуде. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында өздігінен оқытуда сын тұрғысынан ойлау технологиясы тіл дамытумен қатар тұлға қалыптастыруда маңызы зор екендігі тәжірибе негізінде дәлелденуде. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы – ойлаумен ұштастыра білім алуды бағыттайтын оқыту технологиясы. Осындай технологияларды сабақта пайдаланудың өздігінен реттелетін оқудың маңызын арттыратындығына көз жеткіздім.

Пайдаланылған әдебиеттер:

5. «Мәдени мұра». Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2004, 11-13 бет.
6. Агаев А.Г. Националогия: Проблемы конструирования
7. Педагогикалық сөздік. – Алматы, 1997 ж. 66-бет
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8-том жалпы редакция басқарған А.Ы.Ысқақов.-Алматы: Ғылым.1985-591 бет.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Агабекова Эльзура Куанышбековна

№8 М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған
мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Білім берудің негізгі сатысында қазақ тілін оқытудың мақсаты - ана тілінің қоғамдық әлеуметтік мәнін түсінген, құзырлылығы жетілген, тілдің қызметін жүйелі меңгерген, коммуникативтік біліктілігі дамыған, сөйлеу мәдениеті қалыптасқан, бәсекеге қабілетті дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу. Қазақ тілін сапалы оқыту ізденістері - бүгінгі пән мұғалімін толғандырып отырған келелі мәселелердің бірі. Оқушыға ана тілін өз деңгейінде меңгерту оған көп тілді үйренуіне мүмкіндік тудырады. Ана тілінің қыр - сырын терең игерген баланың ұлттық дүниетаным арқылы азамттық көзқарасы мен тұлғалық ұстанымы қалыптасады.

Білім сапасын дамытудағы негізгі жұмыстардың бірі - әдістемелік жұмыстар. Әдістемелік жұмыстарға оқу бағдарламасының орындалуы, әдістемелік семинарлар, шеберлік сыныптары, мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерін көтеру шаралары, өзін - өзі жетілдіру, шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің іс-тәжірибелерін дамыту кіреді. Негізінен мұғалімнің құзыреттілігі болса, әдістемелік жұмыстың ролін арттыруда пәндік бірлестіктердің, жүйелеуші - шығармашылық топтардың, тәжірибелі ұстаздардың орны ерекше.

Сабақ барысында тапсырманы орындау және сабақ соңында қорытынды жасауда түрлі қалыптастырушы бағалау бойынша тиімді тәсілдерді қолдануға болады.

Жаңашыл мұғалімнің баланы дамыта оқытудағы жаңаша еңбегі, балаға ізденіс жолында білім берудегі жұмыс нәтижесінен шығады. Олай болса көптеген әдіс-тәсілдерді пайдалану барысында оқушылар бойынан көптеген нәтижелерді байқауға болады: жеке және жұптасып, топ болып жұмыстануға дағдылану, өздеріне деген сенімнің артуы, заттарды салыстыра отырып, одан қорытынды шығара білу, шығармашылық белсенділіктерінің артуы, бір-біріне көмектесе отырып, қамқорлық сезімдерінің негізінде ынтымақтастық орта қалыптасады.

Әдебиет пәнін оқытуда мынадай дискрипторлар арқылы критерий құрып алуға болады.

Көркемсөз немесе өлең оқуға арналған бағалау критерийі (Оқушының жас ерекшелігіне қарай бағалау өлшемдерінің көлемін өзгертуге болады)

1. Оқу мәнері

1 ұпай – дауыс ырғығы тақырыпқа сай

2 ұпай – образға ену

3 ұпай – Дауыс ырғағы тақырыпқа сай және образға ену

2. Сөздік қор

1 ұпай – 150-200 сөз

2 ұпай – 250-350 сөз

3 ұпай – 400-500 сөз

Тіл жанашыры Қ. Жұбанов тілдің жекелеген салаларындағы өзгерістер екінші салаға өз ықпалын тигізетіндігін дәлелдейді [7.11]. Сонымен қоса ол тіл дыбыстарын зерттеуде фонетиканың маңыздылығын айтып қана қоймай, тіл дыбыстарының табиғатын теріс, бұрмалап көрсетушілерді де сынап отыр[2.48]. Сондықтанда оқушыларға тілді бұрмаламай таза сөйлеу жөнінде көбірек ескертулер керек. Сол үшін бағалау өлшемдерінің бірі етіп тіл тазалығын алып отырдым.

3. Тіл тазалығы

1 ұпай – қазақ тіліне тән әріптердің дұрыс айтылмауы

2 ұпай – қазақ тіліне тән әріптердің дұрыс айтылуы бірақ орфоэпиялық норманың сақталмауы

3 ұпай – қазақ тіліне тән әріптердің дұрыс айтылуы және орфоэпиялық норманың дұрыс сақталуы

Ұпайды бағаға айналдыру.

8-9 ұпай – «5»

5-7 ұпай – «4»

3-4 ұпай – «3»

0-2 ұпай – «2»

«Мұхтар – ұлы суреткер» тақырыбына шығарма жаздыруға байланысты критерийлер

Жоспардың дұрыс құрылуы

1 ұпай жоспардың бір ғана бөлімі қамтылуы

2 ұпай жоспардың екі бөлімі қамтылуы

3 ұпай жоспардың барлық бөлімдерінің түгел болуы

Шығарманың тақырыпқа сай болуы

1 ұпай – М. Әуезов туралы мәліметтердің аздығы

2 ұпай – М. Әуезов туралы мәліметтердің орта деңгейде болуы

3 ұпай М. Әуезов туралы мәліметтердің көп болуы

М. Әуезов қолданған көркем айшықты сөздердің қолданылуы

1 ұпай – 2-3 сөз

2 ұпай – 4-5 сөз

3 ұпай – 6-10 сөз

Сілтемелердің кездесуі

1 ұпай – 0-1 сілтеме

2 ұпай – 2-3 сілтеме

3 ұпай – 4-6 сілтеме

Шығарманың қатесіз жазылуы

1 ұпай – 6-5 қате

2 ұпай – 4-3 қате

3 ұпай – 2-1 қате

Ұпайды бағаға айналдыру.

15-11 ұпай – «5»

10-7 ұпай – «4»

6-3- ұпай – «3»

2-0 ұпай – «2»

Мұндай критерийлі бағалау нәтижесінде оқушылар өз білімдерінің нақты бағасын алуға дағдыланады. Сонымен қоса бір-бірін бағалауда бағалау өлшемдеріне сүйеніп бағалайды.

Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет. Мұндай бағалау кезінде өзінді басқа адаммен салыстыру шарты жоқ, сондықтан критерий түрлері бойынша мүмкіндігінді бағалап, жетістікке жету жолдарын қарастыру. Сөз соңында айтарым, дана халқымыз «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деп текке айтпаған. Сондықтан да шәкірт тәрбиелеу ісін қолға алған ұстаздар әрқашан сол шәкірт үшін ізденуден талмай еңбек етуіміз керек. Сонда ғана біздің шәкірттер болашақ тізгінін басқарар көшбасшылар қатарында болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Жұмабаев М.. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992.

2.Сыздықова Р., Б. Шалабаев, Көркем тексті лингвистикалық талдау, А., «Мектеп», Исабекова А.К. «Деңгейлік курстарда қолданылатын психологиялық тренингтер жинағы» Көкшетау,2014

3.Кәрішалова К. Кітапхана жаңа ғасыр мәдениетінде (балалар әдебиеті проблемалары)// Саясат. - №3. - 2006. - 28-29б.

НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ Исаева Элмира Нуритдинбекқызы Шымкент қаласы әдістемелік орталықтың «Білім сапасын басқару және менеджмент бөлімінің» әдіскері.

Әрбір балаға білім мен келешегіне керемет бағыт берем деп мақсат қойған ұстаз өзінің сабағын нәтижеге бағытталған сабақ ретінде өтеді. Сол арқылы алдындағы шәкіртінің келешекте өзінің қабілеті жететін, қолынан келетін, елдің дамуына үлес қоса алатын майталман маман болуы үшін талмай білім алатынына сенімді болады. Жалпы алғанда, алдымен нәтижеге бағытталған сабақ жайлы қысқаша түсіндіріп кетейік.

Нәтижеге бағытталған білім беру дегеніміз - жеке тұлғаның құзырлығын қалыптастыру. Демек, әрбір шәкіртіміздің құзырлығын қалыптастыру үшін бір сабақ немесе бір бөлімді оқытумен шектелмейді. Бұл бір пәнге ғана қатысты емес екен. Бір баланы жеке тұлға деп тану үшін үздіксіз білім беру үдерісінде тоқтауға болмайтыны айқын дәлел. Сол себептен де әрбір сабағымызды дұрыс өте пайдалы бағытта жоспарлауымыз да, сол жасалған жоспарда саралау

тәсілдерін де өз деңгейінде қолдана білу шарт болып табылады. Жеке тұлғаның құзырлығын қалыптастыруға ықпал жасайтын ұстаз да сол өз құзырлығы дамыған, заман ағымы мен жаңа технологияларды меңгерген, өз ұстанымы мен шәкіртке не беретінін білетін, тіпті, саяси, әлеуметтік сауатты тұлға бола біледі.

Алдындағы шәкіртін өзі шыққан шыңға, тіпті биік деңгейдегі шыңға шығара алатындай, сол шыңға шығару жолында білімі мен әдіс - тәсілдері арқылы демей алатындай дәрежеде болады. Бұл жерде ұстаздың сабақ беретін пәні негізінде қанша білімді, білікті болса да ол аздық етеді. Тек қана білімділік пен біліктілік ғана емес психологиялық білімі мен ақпараттық сауаттылығы, тарихи -танымдылық қабілеті де болуын заман өзі талап етуде. Жеке тұлғаның құзіреттілігін дамытуда ұстазымыз барлық деңгейге сай болады. Енді осы оқытушы сол өзі берер пәні бойынша сабағын жоспарлауы керек. Білім басқармасының өзі құрған күнтізбелік жоспарына сай әрбір сабақ бойынша жоспарлауға тура келеді. Жоспар құрғанда басты назарды неге бағыттауымыз керек?

Алдымен өтілетін сабақты типке бөліп алу керек. Сабақ типі қалай дұрыс айқындалса, сабақтың дәстүрлі немесе дәстүрлі емес екендігі анықталады. Оқытылатын пәндер мен жоспарлардың әдіс-тәсілдері бойынша сабақ типтері мазмұнына қарай , оқыту процесінің ерекшелігіне қарай, оқушының танымдық қабілеттеріне қарай өздік жұмыс, дәріс әңгіме, тәжірибелік сабақтар болады. Бұлар жаңа материалды меңгерту, оқылған білімді бекіту сабағы , білім мен іскерлік дағдыны тексеру сабағы, оқылған өтілген материалды қайталау сабағы типтері арқылы жүзеге асқан кезде сабақты жоспарлауға жеңіл болады. Алғашқы сабақта негізгі бағытты өтілетін жаңа материалды түсіну немесе ұғыну, меңгертуге бағытталады. Сол жаңалық жайлы көбірек ақпараттар беріліп, сол ақпараттарды дәлелдеп көрсету ұсынылады. Келесі сабақты жоспарлауда басымдылық сол өтілген жаңа материалды басқа ұқсас дүниелермен салыстырып жалпы қажетті деген мәліметтер түгел дерлік айтылады. Одан кейінгі сабақта балаға таныс дүниені қайталап отырмастан баланың өзінің түсінгені бойынша шешім шығаруына беріледі. Бұл сабақтан кейінгі сабақта жалпы өтілген материалдар қайталанып сайыс, тест, бақылау есебінде алынып, қорытындылауға болады. Осы ұстанымды ұстана білгенде жаңа сабаққа жоспар мен бағыт дайын көрсетіліп тұрады. Барлық күнделікті сабақты жоспарлағанда барлығын дәстүрлі емес сабақ етіп өтуді қажет ете бермейді. Бастысы пән мұғалімі өзінің алдына қойған мақсатына жетіп, балаға пәні мен құзіреттілігіне сай білім мен дағды берсе үлкен нәтиже екені мәлім.

Сабақ қалай жоспарланады? Әрбір балаға тапсырма бергенде, немесе сабақ жоспарын құрған кезде керекті сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатына қарай әдіс-тәсілдер таңдалады. Енді сол сабақта жоспарлау және саралау тәсілдерін сабақ барысында қалай қатар қолдануға болатыны жайлы талдап түсіндірейін. Сабақ жоспар бойынша іске асқаннан кейін жаңа кезеңде саралау тәсілдері қолданылуы қажет болып тұрады. Білім беруші бұл кезеңде бір сабақтың барысында 2-3 тапсырма берместен ,керісінше ,бір тапсырманы бірнеше амалдармен немесе тәсілдермен орындайтын кезеңді ұйымдастыру

керек. Саралап оқытудың өзі оқушылардың тұлғалық қабілеті мен басқадан ерекшелігін қабілеті мен білім деңгейінің қай жерде екендігін байқауға болар еді.

Саралаудың өзіне сай шарттары мен ерекшеліктері бар бір тапсырманың өзін бірнеше түрлі етіп балаға ұсыну, бала бір тапсырманы ақпаратты қабылдауы мен қабілетіне қарай емес баланың бейімділігіне қарай беру керек. Бұл саралаудың өзіне тән ерекшелігі мен шарттарының негізі болады. Аталған тәсілдерді барлық сыныпқа, барлық балаға бірдей пайдалана салуға болмайды. Алдымен қолдану үшін оқушыларды түрлі тәсілдермен түрлі деңгейде зерттеп алу керек. Мысалы, оқушыларды сырттан келген ақпаратты қабылдауы бойынша 3 түрге бөліп топтастыру керек.

Олар:

1. Аудиал
2. Визуал
3. Кинестетик

Сонымен бірге оқушылардың қызығушылығына қарай, жылдамдығына қарай, берілген тапсырманы өз бетінше орындай алатынына қарай топтастырғанда ғана берілетін тапсырманы әр алуан деңгейге сай беру де оңайға соғады. Осыдан кейін барып тапсырманы баланың ерекшелігіне қарай түрлі етіп ұйымдастыруға болады. Саралау тапсырмаларын құрастырып орындатар кезде көбіне топтық, жұптық жұмыстардың тиімділігі байқалады. Баланың жұмысты өз бетінше жасай алатыны мен өз бетінше шешім шығара алатындығы да басты рөл алатыны ақиқат. Бала бұл топтық, жұптық жұмыстар кезеңінде өзіміз білетіндей ұжымдық, бірлесіп шешім шығаратын ұйымдастырыушылық пен бір-бірін демей білу, қолдай білу қабілеті дамып қалыптасып отырады.

Мінекей, осындай ерекшеліктеріне сай дайындалған тапсырманы сұраныс деңгейіне сай бейімдеп отырады. Саралау үдерісінде барлық оқушыларға бірдей тапсырма беріліп, тапсырма беруші мұғалім жоғарыда айтылған түрлі деңгейлері мен қабілеттеріне сай сан түрлі нәтиже күтеді. тапсырма берер кезде топқа бөлген жағдайда топтың, жұптық болса сол жұптың, жеке оқушыға жекелеп тапсырма берерде оқушының әлеуеттік қабілеті ескеріліп отыруы керек. Сондықтан берілген уақыт та сол топ, жұп, жеке бала қабілетіне сай беріліп, күтілетін нәтиже де бала деңгейі мен қабілетіне сай күтіледі. Осы жерде топтастыру, жұптастыру, жеке тапсырма берудің ерекшелігіне тоқталып өтсек.

1. Топтастыру үдерісі нәтижеге қол жеткізудің негізгі құралы болып табылады. Оқушылар ортақ тапсырманы бірлесіп орындап, өздерінің мүмкіндіктерін көрсете алады. Бір тапсырманы бір топ болып орындағанымен топ ішінде әрқайсысының өз рөлі, өзінің орындайтын тапсырмасы болады. Яғни топтың барлық мүшелері өз мүмкіндігін көрсетіп үлгереді, бір-бірімен байланыс жасайды, пікірталас жүргізеді, өз ойын дәлелдеп шығуға ұмтылады. Бұл бір ғана сабақ үстіндегі нәтиже.

2. Жұптастыру үдерісі кезінде екі оқушы өз деңгейіне сай бір-біріне қолдау көрсетіп бірінде жоқ қабілетті екіншісі көрсетіп, бірінің түсінбеген не

білмегенін екіншісі түсіндіріп отырады. Бұл да баланың жаңа қабілетінің ашылуы мен нәтижеге қол жеткізуіне зор мүмкіндік.

3. Жеке жұмыс кезінде бала тек өз күшіне сенеді. Өзін тек өзінің білімі мен қабілеті алып шығатынын түсініп тұрады. Ешкімнен көмек күтпестен өзі жеке бар мүмкіндіктерін пайдаланады. Күш жеке өзіне түседі.

Қайсыбір әдісті алсақ та бала білімін саралау тапсырмалары арқылы нәтижеге қол жеткізе алатын білім беріліп, баланың құзіреттілігі айқындалатыны мәлім.

Қорыта келгенде, нәтижеге бағытталған сабақ барысындағы жоспарлау мен саралау тәсілдерінің тиімділігі мен артықшылығы байқалады.

Жоспарлаудың тиімді тұстары:

1. бұл жерде сабақты жоспарлау емес өтілетін тақырыпты жоспарлау жайлы айтылады. Тақырыпты бастау немесе негізгі тақырыптың басталуы жайлы түсіну

2. Өтілетін тақырыптың мазмұнын қай сабақта меңгеретіндігі, қай сабақта бекітіп, қай сабақта қорытындылай алатындығын біледі. Демек, әр сабақта негізгі күшті қайда жұмсау керек екенін, ойды қайда шоғырландыру керектігін бала біліп отырады.

Саралау тәсілінің тиімді де пайдалы тұстары

1. Оқушының қабілеті мен әлеуетіне қарай деңгейін байқай алады.

2. Бала өз деңгейін біліп, ашылып жоғары деңгейге ұмтыла бастайды.

3. Жаңа қабілеттер мен бала бойындағы жаңа қасиеттер пайда болып, оны көрсете білгісі келіп ұмтылады.

Әрбір сабағымызды жоспарын нақтылап барып саралау тапсырмасын талғаммен жасай білу де нағыз шебер ұстаздың қолынан келетін ең тиімді әдіс.

Ұстаз болу бала қабілетін ашу, өмір жолына сүрінбейтіндей жол көрсетер нұсқаушы болуды талап ететін мамандық иесі. Сондықтан да әрбір мұғалім әр баланы жеке тұлға деп бағалап, оның дамуы мен келер күнде өз қабілетіне сай мамандық тандай алатын Жаңа Қазақстанымыздың дамуына, келешегінің жарқын болуына үлес қоса алатындай азамат етіп тәрбиелеу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектептегі кітапхана «Кітап-білім бұлағы» 2011 ж. №5.10-11б

2. Нұрғалиева. Г.Қ Педагогиканың логикалық-құрылымдық курсы,- Алматы, 1996.

3. Нұржанова А.Т. «Формирование коммуникативных умений в контексте уровневых программ курсов повышения квалификации педагогов» АОО НИШ ЦПМ, Астана, 2015.

ТІЛДІ МЕНГЕРТУДЕГІ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Нарбек Клара

№72 С.Нұрмағамбетов атындағы ЖОББМ

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Шымкент қаласы

Бүгінгі таңда азат ұрпаққа тәлім-тәрбие және білім беруді жетілдірудің, мемлекеттік тілді оқытудың басым бағыттарын айқындау педагогика тәжірибесінің көкейкесті мәселелерінің бірі болып отырғаны анық.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында меңгерген біліктілік арттыру курсы барысында тіл тағдырын жетілдіру көбінесе мектепте атқарылатын жұмыс деңгейіне байланысты екендігін өз басым терең ұғындым. Өйткені, өскелең ұрпақтың балғын санасына бай тіліміздің нәрін сіңдіріп, көкірегіне ұялатуға әр пән мұғалімі ауқымды істер атқаруы тиіс. Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуға жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қалыптастыру - заман талабы.

Соңғы жылдары білім беру салаларында атқарылып жатқан жұмыстар ауқымды. Мектеп қабырғасында отырған өскелең жас ұрпақтың озық ойлы, функционалды сауаттылығы жоғары, рухани тәрбиесі биік, саналы жеке тұлға болу жолындағы ізденістер мен ғылыми еңбектер қатары көбеюде. Осы тұста педагог қызметкерлер шәкірттерінің алғыр да өмір сүруге қабілеттілігін, жалпы өзіндік көзқарасын, ұстанымы мен сенімін қалыптастыруда үнемі еңбектеніп келеді. Жаңартылған білім мазмұны негізінде біліктілігімді арттырып, көптеген әдіс-тәсілдерді өз тәжірибеме енгізіп оң нәтижелерді байқап, мемлекеттік тілді оқушыларыма меңгертуге көп көмегін беріп келеді.

Тілді меңгерту барысында соңғы уақыттарда жиі айтылатын төрт дағдыға ерекше тоқталғанды жөн санадым. Олар: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым. Ең алдымен, бұл төрт дағды бір-бірімен тығыз байланыста болады. Сабақ барысында осы аталмыш дағдылармен жүйелі түрде жұмыс жүргізілсе, оқушылардың тілді меңгерулеріне, функционалды сауаттылықтарын қалыптастыруға септігін тигізеді. Қазіргі таңда оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруларына ықпал етудің арқасында, сабақ барысында белсенділік пен көшбасшылық қабілеттерін байқатып, еркін білім алуға қадам басып келеді.

Қазақ халқының «Тыңдаусыз қалған сөз жетім» деп айтылуында да үлкен мән жатқан секілді. Тыңдалым білім алу барысында үлкен рөл атқарады. Сабақтың кіріспе, негізгі немесе қорытынды бөлімдерінде оқушы тыңдаған мәліметтері мен үнемі байланыс жасап отырады. Бейне баянды ұнтаспадан немесе өз аузымнан оқылған мәліметті оқушы тыңдап, мазмұнын түсініп, нақты ақпаратты алып, детальдарына мұқият үңіліп, көңіл-күйін анықтап, сөйлеушінің қарым-қатысына, сөйлеу барысында сөйлемдердің грамматикалық құрылымына назар аударып отырады.

Оқушылар тыңдалымнан кейін алған мәліметтерін қайта еске түсіріп, жаңа сөздерді, жалпы мазмұнын, нақты мәліметтерді айтып, талқылауға арналған

сұрақтарға жауап беріп, өз өмірлерімен байланыстырып отырады. Міне осыдан бастап тілді қабылдап үйренеді. Ал сол тілді қолданып сөйлеу барысында көрініс табатын дағдының бірі - айтылым. Оқушылар осы тұста сұрақтарға жауап беріп, сыныптастарының сөзін байқап, түзетулер енгізіп, сөздерін жоспарлап, орнымен дұрыс қолдана білуді, кезек алып сөйлеуді, жест, мимиканы қолдану тағы да басқа бірнеше әрекеттерді орындайды.

Айтылым дағдысында жиі қолданыс табатын бұл әрекеттер оқушының тілді еркін меңгеруіне, өзін-өзі реттеуіне септігін тигізді. Орыс бөліміндегі оқушылардың қазақ тілінде таза әрі сауатты сөйлеуін дамытуда жаттығулар орындатып, берілген бір сөзге бірнеше сөз тіркесін жасап, сөйлем құрастыруына түрткі болып, бірнеше рет қайталату арқылы есте сақтауын басты назарда ұстаймын. Үй тапсырмасынан тыс оқушылар көрген ертегілерін немесе тарихи деректерді баяндату арқылы айтатын сөзін дайындап, ойын жинақтап, алдын ала дайындық жүргізуіне мүмкіндік беріп, қолдау көрсетемін. Себебі айтылым, сөйлесім дағдысы тілді меңгерушілерге ең басты құралдың бірі.

А.Байтұрсынұлы былай деген: «Жаза біліп, оқи білмейтін де адам бола ма? – Жоқ. Жаза білетін демек, оқи да біледі деген сөз». Өз тәжірибемдегі жиі қолданатын әдістерімді оқылым дағдысына негіздеп мақсатқа сай әрекет етуге талпынамын. Оқылым дағдысын қарапайым тілмен түсіндірсек, жазба тілдегі мәтінді түсіну. Оқылым да, жазылым да тілдің графикалық жүйелері арқылы берілетіндіктен, оқылым жазылыммен тығыз байланысты. Сондықтан тілді меңгертудің алғашқы бастауларында оқылым мен жазылымды өзара байланыстыра қолдану әлде қайда ұтымдырақ бола түседі.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

Қазақ тілі сабағында ақпараттық технология арқылы берілетін білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге, қазақша тілдік қатынасты игеруге мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияны қолдануда, әдетте шынайы өмірлік жағдайлар келтіріліп, бірігіп шешу мәселелері ұсынылады, рольдік ойындар пайдаланылады, білгірлігінің қалыптасуы барысында жеке белсенді позициясын қалыптастыруға жағдай тудырады, қарым-қатынас дағдыларын орнықтырады, сыни тұрғыдан ойлауға үйретеді.

Демек, ақпараттық технологияны оқу үрдісіне енгізу тіл үйретуде тиімді. Тыңдап - түсіну, көріп - байқау құралдарының концепциясында оқыту былайша орналасады: тыңдау-сөйлеу-оқу-жазу. Оның ішінде ауызша қабылдау (тыңдау мен сөйлеу) әрдайым ілгері шығып отырады.

Тыңдап-түсіну, көріп-байқау құралдарының ішінде сабақ берудің барлық сатысында қолдануға болатын түрі-аудио құралдар, радио мен теледидардың хабарлары, сұхбаттар жазылған ұнтаспа, т.б.

Мәтінді оқу барысында белгілі бір нақты ақпаратты табу, детальды түрде оқу, мәтіннің түріне қарай ажырату, бейтаныс мәтінге болжам айту сияқты тағы да бірнеше ішкі дағдыларына сай білімдерін толықтырып жұмыс жүргізеді.

Демек оқушы бір мәтіннің аясында бірнеше жұмыс жүргізіп, мәтінге немесе суретке, үнсіз бейне таспаға қарап өз болжамын айтып, мәтіннен белгілі бір детальды тауып оқып, бейтаныс сөздердің мағынасын біліп, стилін анықтайды, бір-біріне топтық жұмыста түсіндіріп, топтасып жұмыс жасайды. Өзім сабақ беретін сыныптарға қазақ тілі пәнінен белгілі бір мәтінді бірнеше бөлікке бөліп, тыңдалымнан кейін бөлінген мәтінді дұрыс құрастыру немесе бөлімге бөліп мәтінді басынан соңына дейін дұрыс орналастыру, сұрақты оқушы шатастыратындай етіп қоя отырып, мәтінге мұқият үңіліп оқуына түрткі боламын. Оқушылардың мәтінді жан-жақты оқып, талқылауы арқылы тілді меңгерулеріне болатыны тәжірибеде айқын байқалуда.

Тілді қолданып сөйлеу немесе жазу продуктивті дағдылар қатарына жатады. Жоғарыда айтылғандай, оқылым мен жазылым қатар жүреді. Тіл үйренушіге әріптер мен сөздерді пайдалана отырып сөйлем құрай алуы маңызды қадам. Сөздерді орынды пайдаланып, сөйлемдер құрап өзінің ойын, түсінгенін қағаз бетіне түсіре алу жақсы нәтижеге қол жеткізудің баспалдағы. Жазылым барысында оқушы орфографиялық қатесіз жазуға, әріптерді дұрыс жаза білуге, пунктуацияны дұрыс қолдануға, абзацты дұрыс ұйымдастыра білуге, стилді дұрыс таңдай алуға, сауатты жазуға біртіндеп үйрене бастайды. Әрине, күнделікті сабақ барысында осы дағдыларды үнемі тиімді қолданар болса, өзінің тиімділігін уақыт өте келе көрсетеді. Оқушы бойында шапшаңдық, алғырлық, өзіне қажет мәліметтерді тыңдап, ойын жеткізе алу, қатесіз оқуға және сауатты жазуға деген бірнеше өзгерістерімен қоса дағдылары да дами түседі.

Мәтінмен жұмыс барысында аталмыш төрт дағдыны қатар тиімді әрі оқушылардың деңгейіне сай жүргізуге болатынын байқадым. Бір мәтін аясында бірнеше тапсырманы орындап, оқушының тілді меңгеруіне айтарлықтай оң ықпалын тигізеді.

Қорыта келе, білім алушыларға коммуникативтік дағдыларды тиімді әдістер арқылы меңгертіп, еркін сөйлейтін бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру. Білім берудегі жаңартулар мен өзгерістер қазақстандықтардың алға қойған мақсаттарына жетудегі негізгі бағыты болып табылады. Жарқын болашақтың, жасампаз істердің бастапқы негізі болып табылатын бұл өзгерістер еліміздің дамуына өз үлесін қосатын анық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары. Оқу-әдістемелік құрал. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2014.
2. Әдістемелік оқу құрал. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2014.
3. Байтұрсынұлы А. Қазақша оқу жайынан. Көп томдық шығармалар жинағы. - 4 том, 294 б. - Алматы: Алаш, 2006.

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ-ӘДІЛ БАҒА КӨРСЕТКІШІ

Иманбердиева Райхан Аманжоловна
№72 С.Нұрмағамбетов атындағы ЖОББМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Бүгінгі таңда баршаңызға аян білім берудің деңгейі мен сапасына қойылған жаңа талаптар нәтиже беруді күтіп отыр. Елімізде соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады. Сапалы білім беру - оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой- талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұрын оқытуда оқушылар тек қана тындаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Бүгінгі білім беруде оқушыны білімділік, іскерлік, шығармашылық әдістерге баулудың жолдарын іздестіре отырып, мұғалім-шәкірт арасында рухани және сезім бірлестігін айқындайды. Қазіргі кезде оған жететін жаңа педагогикалық технологияларда баршылық. Соның бірі - критериалды бағалау жолдары.

«Критериалды бағалау» терминін алғаш рет Роберт Юджин Глейзер (1963) қолданған және бұл термин оқушылардың оқу жетістіктерінің қол жеткізген және потенциалды деңгейлері арасындағы сәйкестікті анықтауға мүмкіндік беретін үдерісті сипаттайды.

Критериалды бағалау - оқушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, білім беру үдерісіне қатысушылардың (оқушы, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушының оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс.

Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою арқылы бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысананың артында тек қана объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатыр. (Александр, 2001)

Критериалдық бағалау - бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің

нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді. [МАН, 107 бет]

Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты:

Мектепте оқыту сапасын жоғарлату

Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

- ✓ Сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға;
- ✓ Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті;
- ✓ Жеке оқушының даму жетістігін бақылауға;
- ✓ Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға;
- ✓ Әртүрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуге;
- ✓ Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға;
- ✓ Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге

Практикалық маңызы

- ✓ Тек қана оқушы жұмысы бағаланады;
- ✓ Орындалған жұмыс алдын ала белгілі үлгі (эталонмен) салыстырылады;
- ✓ Оқушы өзінің жұмысын бағалауға мүмкіндік беретін нақты бағалау алгоритмін біледі және ата-анасына ақпарат бере алады;
- ✓ Критериалды бағалау белгілі оқу мақсаты бойынша бағаланады

Критериалды бағалаудың маңызы:

Мұғалімдер үшін:

- ✓ Сапала нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға;
- ✓ Өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға;
- ✓ Сабақ берудің сапасын арттыруға;
- ✓ Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымын жоспарлауға;
- ✓ Бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;
- ✓ Оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге

Оқушылар үшін:

- ✓ Танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;
- ✓ Табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге;
- ✓ Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсуге;
- ✓ Сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге

Ата-аналар үшін:

- ✓ Баласының білім сапасының дәлелдемелерімен танысуға;
- ✓ Оның оқуындағы табыстылықты бақылауға;
- ✓ Оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады.

Сөзімді қорытындылай келе, критериалды бағалау - бүгінгі білім жүйесіндегі жаңа талап. Оқушы сын тұрғысынан ойлау арқылы алдына мақсат қоя біледі. Әрі нәтижеге жетуге үлкен талпыс болатынын уақыт байқатып отыр.

Сондықтан маңызды істі жауапкершілікпен атқарғанда ғана жұмыс жүйеленетіні белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

А.Құсайынов «Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы», Алматы, 2013ж.

www.cpm.kz Педагогикалық шеберлік орталығы NIS.

<http://www.google.kz> Жаңа білім беру технологиясы мен әдіс тәсілдері

К.С.Құдайбергенова «Құзырлық табиғаты тұлғаның өздік дамуында»- А:«Принт АСС»

У.Б.Жексенбаева «Компетентностно ориентированное образование в современной школе» - Алматы; 2009 г.

А.А.Жайтапова, Г.А.Рудик, Е.В.Белошниченко, А.С.Сатывалдиева ХХІ ғасыр педагогикасы мектеп табалдырығында». Ақпараттық әдістемелік дайджест. Алматы, 2009 ж.

Көкіжанова Г.К. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий – Педагогика, 2009 ж.

ОҚУ МАҚСАТЫНА ЖЕТУДЕ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ботанова Мұндық Шайхмединақызы

№11 Ә.Навои атындағы ЖОББМ директордың орынбасары,

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Шымкент қаласы

Орта білім беру жүйесінің іргетасы бастауыш сыныптарда қаланады. Бұл - үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы маңызды сатысы.

Бастауыш білім беруде соңғы жылдары оқушы тұлғасын дамыту, бастауыш сынып оқушыларының оқу білігін қалыптастырып, олардың білім, білік, дағдысын жоғары деңгейге жеткізу мақсаттары қойылып отыр.

Озық ойлы, тапқыр да, нәзік сезімтал, пайымды шәкірттердің іскерлігін, мүмкіндігін ескеріп, бағыт-бағдар беру, ой-өрісін дамытатындай логикалық ой тастау әрбір ұстаздың міндеті. Біздің міндетіміз - дүниежүзіндегі жаңалықтар мен дамуларды назарға ала отырып, одан да жақсысын, тиімдісін ұсыну. Өйткені бүгінгі таңда барлық салада даму өте жедел жүзеге асуда. Әрине, дамудың негізі - білімде.

Әр бала жас кезінен еркін ойлауға, алдына қойған істі жоспарлап, оны соңына дейін жеткізуге, кедергілерге қарсы тұруға бейімделгені жөн. Сондықтан да әр сабаққа оқушылардың әр мәселеге сыни көзқарасын қалыптастырып, оларды ашық, еркін сөйлеуге баулу - әр ұстаздың міндеті.

Кәсіби қызмет барысында біліктілік арттыру курстарынан алған дәрістеріміз бен тренингтерден алған білімімізді өз тәжірибемізде қолдануға тырыстық. Сабақ процесінде ең басты тұлға «ОҚУШЫ» екенін түсіндік. Әрине, бұрынғы дәстүрлі әдістерге әбден қалыптасып қалған мұғалімге өзінің көзқарасын, философиясын өзгерту оңай емес.

Осы жаңартылған бағдарлама бойынша жұмыс істегенімізге біраз жыл болып қалды. Жаңа бағдарлама аясында оқушының тұлға болып қалыптасуына тиімді стратегияларды қолдана отырып, оқушылардың ойын, еркін сөйлеуін, тілін дамытып, бір - бірін тыңдай білуге, өзінің де басқаның да жауабын сын тұрғысынан баға бере отырып, құрмет көрсетуге бағыт береміз. Осы орайда біз СТО стратегияларын меңгеріп, тәжірибе жүзінде қолдану барысында көптеген жетістіктерге жеттік.

Бұл әдістемелік нұсқаулықты жазудағы алға қойған мақсатымыз, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытуға жұмыстар жасай отырып баланың танымдық белсенділігін арттыру, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға мүмкіншілік беру аясында әріптестерімізбен тәжірибеден түйгенімізді ұсыну.

Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет-оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Демек, болашақтан бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесі деңгейінің даму бағытына байланысты.

Осы әдістемелік нұсқаулықта жаңартылған бағдарлама бойынша атқарып жатқан тәжірибемізді ортаға саламыз.

Саралап оқыту - орта мектепте оқыту тәсілі. Орта мектептегі оқу жоспары мен бағдарламасын оқушылардың бейімі мен қабілетіне, білім деңгейіне қарай жіктеу. Саралап оқыту оқушылардың білімін жан-жақты дамытуды, оларды қызықтыратын ғылым мен техника саласынан білімін жетілдіруді, сондай-ақ мамандыққа бейімдеуді көздейді. Мұндай оқыту арнаулы мектепте, сыныпта, сынып ішіндегі топта жүзеге асырылады. Саралап оқыту білім деңгейі әр түрлі оқушыларды топтарға жіктеп, әр топты өз деңгейіне сай оқытып, білімін одан әрі жетілдіру үшін қолданылады.

Саралап оқыту дегеніміз не?

Дифференциация сөзі латын тілінен (difference) шыққан және «айырмашылық», «бөлу» деген мағынаны білдіреді. Осы тұрғыдан «дифференциация» - бұл оқулары әр түрлі жүзеге асатын жекеленген оқушылар тобын бөліп алу. Шындығына келгенде дифференциация түсінігі анағұрлым терең, әрі кең.

Саралау («Дифференциация» латынша айырмашылық) - білім беру мазмұнын табысты игеруге, оқушының қабілетін және икемін дамытуға барынша қолайлы білім беру ортасын құру.

Оқытудағы дифференциацияның негізгі мәні оқушылардың оқуындағы жеке айырмашылықтарды біле отырып және ескерту арқылы олардың әрқайсысы үшін анағұрлым оңтайлы болатын жұмыс түрін анықтау.

Оқу үрдісінде оқушыларды дифференциациялау сипаты шартты болып табылады. Ол әрбір оқушыға жекелей тәсілмен қарауға мүмкіндік беретін икемді және өзгермелі болуы тиіс.

Дифференциация балаларды қабілеттері немесе басқа қасиеттері бойынша іріктеуге бағытталмаған. Оның негізгі міндеті оқушылардың қабілеттерін және бейімділігін дамытуға, білім мазмұнының табысты игеру мақсатында білім беру үдерісінде барынша қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Оқытуды саралау дегеніміз - оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес әртүрлі сыныптар, топтар, мектептер үшін әртүрлі оқу ортасын құру және әртүрлі топтарда оқытуды қамтамасыз ететін әдістемелік, психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық шаралардың кешені.

Ал саралап оқыту дегеніміз: оқыту мен оқуға қатысты анықталған ортақ қасиетті ескере отырып дайындалған, оқушылар тобына мұғалімнің оқу үрдісін ұйымдастыру нысаны. Саралап оқыту- әрбір оқушының мақсатқа жетуіне оң ықпал етудің тиімді жолы.

Саралап оқыту дегеніміз - бір материалды барлық оқушыларға әртүрлі оқыту тәсілдерін қолданып оқыту дегенді білдіреді және мұғаліммен әрбір оқушының қабілетіне қарай тапсырмаларды қиындық деңгейі бойынша жіктей отырып, сабақты ұйымдастыруды талап етеді.

Саралап оқытудың тәсілдері

Тапсырма. Балаларға (жеке немесе топта) олардың меңгерген білімдеріне негізделген әртүрлі тапсырмалар беріледі.

Мұның құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді. Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай түрлі кестелерді немесе жаттығулар мен тапсырмаларды жасау оқу тапсырмасының мазмұны бойынша: шығармашылық деңгейі бойынша, қиындық деңгейі бойынша, көлемі бойынша, әрекетті ұйымдастыру бойынша:

Мұғалім тапсырманы бәріне бірдей таныстырады, ал орындалу кезеңі төмендегідей болуы мүмкін:

1 топ-мұғаліммен бірге;

2 топ- алдымен мұғаліммен, содан кейін өз бетінше;

3 топ- өз бетінше

Тапсырмалардың нұсқалары қиындық деңгейі, шығармашылық деңгейімен және көлемімен ерекшеленеді.

1-нұсқа- негізгі тапсырма;

2-нұсқа-көлемі үлкендеу тапсырма;

3-нұсқа-шығармашылық тапсырма. Саралауды қамтамасыз ететін тапсырмаларды құрастырудың төмендегідей түрлерін қолдану ұсынылады:

Ашық түрде орындалатын тапсырмалар;

Қаламдық тапсырма түрінде орындалатын тапсырмалар;

Таңдау түрінде орындалатын тапсырмалар; Сондай-ақ оқушының таңдауы бойынша тапсырма жағымды оқу ынтасының қалыптасуына әсер ететінін естен шығармауымыз керек.

Нәтиже. Балалар қойылған жалпы мақсатқа сәйкес бірдей тапсырмамен жұмыс істейді, бірақ мұғалім балалардың алдыңғы нәтижелерін ескере отырып, әр баладан әртүрлі нәтиже күтеді. Нәтиже дегеніміз - сабақтың соңында мазмұн бойынша оқушының алған білімін демонстрациялау әрекеті. Мұғалім мазмұнды меңгерту мақсатында тапсырма береді, барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады. Оқушылар өздерінің мықты

және әлсіз тұстарына қарай жауап береді және жетпей тұрған білімдерін жетілдіру туралы ойлағандары маңызды. Сабақта мұғалім барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізулеріне әрекет жасайды.

Жұмыс қарқыны. Балаларға ортақ тапсырма беріледі, бірақ оларды аяқтауға жұмсалған уақыт олардың дағдыларына қарай анықталады. Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді. Қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануға болады. Негізгі тапсырмаларды түсіндіруге көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі.

Қорытынды: Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да, олардың нәтижелері әртүрлі болады. Мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауап бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді. Барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетінін түсінгендеріне көз жеткізу керек.

Қолдау. Балалардың барлығы бірдей тапсырманы орындайды, бірақ олардың кейбіреуіне басқаларға қарағанда көбірек немесе азырақ қолдау көрсетіледі. Бұл тәсілді қолдану мұғалімге ерекше жауапкершілік жүктейді. Мұғалім мәселені шешуде өзінің қарапайым тілде егжей-тегжейлі түсіндіруін қажет ететін оқушылар және тек диалогке түсу арқылы бағытталуды ғана қажет ететін жлғары деңгейлі оқушылар тобын анықтауы тиіс. Сонымен қатар, мұғалім қабілеті жоғары оқушыларды қолдау үшін жоғары деңгейлі сұрақтарды қолдана алады. Тілдік қолдау мен ынталандыру да бұл тәсілде ерекше маңызға ие.

Ресурстар. (дереккөздер) Балалар ортақ тапсырманы орындайды, бірақ айтарлықтай дамыған оқу немесе зерттеу дағдыларын қажет ететін әртүрлі ресурстар ұсынылады.

Бұл әдісті қолдануды сыныптағы кейбір оқушылар басқаларға қарағанда әлдеқайда күрделі әрі ауқымды ресурстармен жұмыс жасауға бейім болатынын ескерген жөн және осы арқылы тақырыпты әртүрлі қырынан алу үшін түрлі оқу материалдарын пайдалануға мүмкіндік береді дегенді білдіреді. Кейбір оқушылар сабақта негізгі мәтінмен жұмыс жасаумен шектелсе, қабілеті жоғары оқушылар жетілген деңгей сөздіктермен және күрделі идеялармен жұмыс жасауға қабілетті болады. Саралаудың бұл түрі барлығына ортақ оқу нәтижелеріне жету үшін, оқу материалдарын кең көлемде пайдалануға мүмкіндік береді.

Мысалы, үдеріс бойынша төмендегідей ұйымдастыруға болады:

- Визуалдарды оқулықпен қамтамасыз ету;
- Аудиалдарға аудио жазбаларды тыңдату;
- Кинестетиктерге тапсырмаларды өздерінің жасап көруіне мүмкіндік беру.

Топтау. Балалар ортақ тапсырманы орындайды, бірақ барлығының табысқа жетуін қамтамасыз ететіндей етіп топтастырылған. Оқытудың болжамды міндетіне қарай топ құруда тиімді көптеген тәсілдер бар: мүдделері ұқсас оқушылар (қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі), талаптары әртүрлі

оқушылар, джигсо топтары, кәсіби дағдыларына қарай бөлінетін топтар немесе сарапшы топ, аралас гендерлік топ, ұйымшыл топ. Топтық жұмысты орындау үшін бір топта қандай оқушылардың болатыны маңызды емес. Осы жағдайда мұғалім өзі қалаған әдіспен оқушыларды шағын топқа біріктіреді. Топтың мүшелері кездейсоқ бірігеді. Бұл жағдайда мұғалімге сыныптағы оқушылардың бір-бірімен мейлінше араласқаны маңызды.

Екіншіден, аралас топ. Мұғалім мақсатты түрде шағын топқа әртүрлі деңгейлі оқушыларды біріктіреді. Себебі бұл топтық жұмыс жаңа оқу мақсатына жету үшін қажетті алдыңғы білімдері мен біліктерін қайталап, бір-бірінің есіне түсіру мақсатында ұйымдастырылған.

Үшіншіден деңгейлі топ. Мұғалім ерекшеліктеріне қарай топтарға біріктіреді. Қызығушылығы бір оқушылар бір топта немесе жоғары деңгейлі, орта және төмен деңгейлі оқушылар. Оларға арнайы тапсырмалар дайындалады. Бұл топтық жұмысты жоспарлау кезінде мұғалім неліктен оқушыларды дәл осылай біріктіретінін және неліктен тапсырмаларды беретінін нақты түсінеді.

Төртіншіден, қалаулы топ. Мұғалім оқушыларға өз қалаулары бойынша отыруға мүмкіндік береді. Сыныпта қандай да бір топтық жоба жұмыстарын жасау керек болған кезде бұл әдісті қолдану тиімді.

Бесіншіден, қыз-ұл деп бөлуге болады. Бұл әдіспен оқушыларды біріктіру мұғалімге қыз балалар мен ер балалардың оқудағы ерекшеліктерін терең зерттеуге мүмкіндік туындайды.

Рөлдер. Балалар ортақ тапсырманы орындайды, бірақ олардың әрқайсысы әртүрлі рөл атқарады.

Үй жұмысы. Балаларға әртүрлі үй тапсырмалары беріледі, ал жекелеген оқушыларға сыныпта бастаған жұмысты аяқтау үшін қосымша уақыт қажет болуы мүмкін.

Диалог\Сұрақтарды пайдалану. Мұғалім оқушылардың деңгейіне қарай өзінің қоятын сұрақтарын және оқушылардың берген жауаптарын саралайды. Кез келген білім алушы үшін маңызды ресурс – қағаз емес, электронды құрал емес, адами ресурс. Диалог негізінде саралау барысында мұғалім мен оқушы арасындағы сұхбатқа мән беріледі. Диалог арқылы саралаудың түрлі аспектілері бар.

Бағалау. Сыныптағы саралау әдістері сыныптағы жекелеген оқушылардың нені үйренгенін анықтауға және оны бағалауға мүмкіндік береді. Мұғалімдер оқушылардың табысты оқуын қамтамасыз етумен қатар, оқушының жеке даму аймағын анықтау арқылы нені жақсарту қажеттігін түсінуге мүмкіндік беретін икемді үдеріс.

Оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін. Сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыны оқытуға қарай ілгерілей аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. У.Б.Жексенбаева «Компетентностно ориентированное образование в современной школе» - Алматы; 2009 г.

2. А.А.Жайтапова, Г.А.Рудик, Е.В.Белошниченко, А.С.Сатывалдиева ХХІ ғасыр педагогикасы мектеп табалдырығында». Ақпараттық әдістемелік дайджест. Алматы, 2009 ж.
3. Көкіжанова Г.К. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий – Педагогика, 2009 ж.

ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛАР

Исманова Розия Эрмековна
№72 С.Нұрмағамбетов атындағы ЖОББМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Қазіргі таңда Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Білім - қоғамды әлеуметтік, мәдени-ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Оның ең негізгі қызметі - адамның менталитетін, адамгершілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту. Осыған орай егеменді еліміз өзінің дамуының ең басты алғы шарты - білім беру жүйесінің білім ғасырындағы міндеті мен мазмұнын айқындап берді.

Қазіргі таңдағы білім саласының маманы еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, кәсібі жоғары мәдениетті, оқытудың инновациялық, ақпараттық және денсаулық сақтау технологияларын жетік меңгеруі тиіс. Қай елдің болсын өсіп - өркендеуі, әлемдік ортада өзіндік орын алуы, оның ұлттық білім жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына, қазіргі таңдағы әлемдік оқу үрдісінің өзегі-жаңа технологияларды жетік меңгеруіне тікелей байланысты болмақ. «Білім – теңіз, мектеп – кеме», - деген қанатты сөз кез-келген азаматтың саналы өмірін қалыптастыратын алғашқы алтын босағасы, білім ордасы- мектептің қоғамдағы орны мен ролін айқындап тұрса, Н.Ә.Назарбаев: «Бәрі де мектептен басталады» - деп мектептің қоғамдағы орнын ерекше бағалады.

Ұстаз мамандығы- киелі мамандық, олай болса, мамандық таңдау барысында болашақ ұстаздық мамандығына жүрек қалауымен, өзіндік қабілеті мен биімділігіне қарай таңдаса ғана өзіне жүктеген жауапкершілік биігінен көрінері хақ. Қазіргі замандағы ұстаз алдындағы басты міндет ХХІ ғасыр-білім ғасырының есігін еркін ашып кіретін, дүниежүзілік мәдениетті танып, ұлттық төл мәдениетті қастерлей білетін, рухани жан – дүниесі бай, ой-өрісі дамыған жоғары білімді, заман талабына сай белсенді ұрпақ тәрбиелеу. Я.А.Коменскийдің «Сен ешбір жаңа нәрсе меңгермеген және өзінің біліміңе ештеңе қоспаған осынау күнді немесе сағатты бақытсыз сана» деген нақылы мен Филлердің «Бойыңда білімің бар екен, одан басқаларда өз шырақтарын жағып алардай жағдай туғыз» - деген қағидалары қазіргі уақытта да маңызды

болып отыр. Бүгінгі таңда білім берудің озық технологияларың меңгермейінше, сауатты әрі жан-жақты болу мүмкін емес.

Қазіргі мұғалім қоғамдағы болып жатқан, тез өзгеріп тұратын әлеуметтік – экономикалық, педагогикалық, ғылыми өзгерістерге тез төселгіш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жеке шығармашылық кәсіби түрде оқушылармен тез ортақ тіл таба алатын, педагогикалық үрдісте жүйелі бағыттармен жұмыс істей алатын, шәкіртінің жанына нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы, яғни, «Жаңа формация мұғалімі» деуге болады.

«Білім негізі - бастауышта» демекші, білім берудің алғашқы сатысы - бастауыш білім. Баланы бастауыш сыныптан бастап шығармашылық ойлауға, өз бетіне шешім қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы. Әр мұғалім шығармашылықпен жұмыс істеген жағдайда ғана еліміздің саналы, дарынды азаматтарын тәрбиелеп шығаруға мүмкіндік бар.

Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологиялар пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Әсіресе бастауыш сынып мұғалімдері мектептегі жаңару үрдістерін қызу қолдап жаңалықтарды жылдам қабылдап, оларды практикада қолдануда үлкен белсенділік танытуда. Мысалы: Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтың «Дамыта оқыту», Ж.Қараевтың «Деңгейлеп саралау» технологиясы, М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту», С.Н.Лысенкова «Түсіндіре басқарып – оза оқыту», «Тәй-тәй» бағдарламасы, Монтессори педагогикасы, Н.Зайцевтің әдістемесі, ӨТШТ т.б

Дегенмен қазіргі кездегі негізгі талап – білімді адамды әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасай алатын, жаңаша ойлай алатын шығармашыл адамға айналу.

Белгілі кеңес педагогы М.Н.Скаткин 70-жылдардың басында былай деп жазған болатын: «Негізінен мұғалімді өздерін қалай оқытса, олар басқаларды солай оқытады. Сондықтан егер біз мектеп практикасына оқытудың қандай да бір жаңа әдістерін енгізетін болсақ, ең жақсы жол - бұл әдістерді ең алдымен мұғалімдерді оқыту барысында, яғни олармен өткізілетін сабақтарда қолдану болып табылады».

Инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын жоғары оқу орнының қабырғасында белгілі бағдарламалау арқылы іске асырылады.

Инновациялық педагогикалық технологиялар кез-келген пәнді оқыту барысында мұғалімдердің ой-өрісін кеңейтіп, кәсіби даярлық деңгейін көтеріп, шығармашылықпен жұмыс істеуге, жаңашыл тәжірибелер мен әдістемелерді кеңінен пайдалануға және білім беруді жаңашылдық тұрғысынан жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондықтан мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіруде инновациялық педагогикалық технологиялардың орны ерекше.

Мұғалімдер арасында «Мектепте ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде оқытудың тиімділігі», «Интерактивті белсенді сабақтар», «Ақпараттық технологияны қолдану арқылы оқушылардың құзыреттілігін дамыту», «Жан-жақты коммуникативті оқыту технологиясы» және т.б. практикалық семинарлар ұйымдастырылуы керек.

Ақпараттық технологиялар үнемі қарқындап өсуде. ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейін негізгі ақпараттық технология құрамына қағаз, қауырсын, сия, статистикалық есеп кітаптары кірді. Коммуникация құжаттарды мекен-жайға бағыттау, жіберу арқылы жасалды. Қазіргі кезде оқу процесінде ақпараттық технологияларды қолданудың мәні көптеген факторлармен айқындалады:

оқу орындарында арнайы пәндерді интеграциялау;

✓ оқу материалының көлемін арттыруға мүмкіндік жасау;

✓ оқу процесіне ақпараттық технологияларды, қазіргі телекоммуникациялық құралдарды енгізу.

Қазіргі мектептерде өзінің жұмысын жаңашыл тұрғыда жасап, тек ақпарат беру көзі болып қана қалмай, оқу процесін ұйымдастыруды толықтай өз мойнына алып және шығармашылық жолында өзінің жеке идеяларын ұстана алатын жаңашыл мұғалімге деген қажеттілік туындады.

Мұғалімге ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын айқындап, оны жаңа сатыға жеткізу қажеттілімен қатар білім мазмұнын байыту, оқыту үдерісін жетілдіру, инновациялық технологияларды дүниеге әкелу, жан-жақты дамыған, рухани бай, өз елін, халқын жанымен сүйетін тұлға қалыптастыру өз шешімін қажет ететін іс жүзінде жүзеге асыратын басты мәселе болуы қажет.

Әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес келетін білім берудің жоғарғы сапасын қамтамасыз ету, өзін-өзі тәрбиелеуге, дамытуға, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда білім беру кеңістігін интеграциялау үшін, жаңашылдыққа үйренуге мүмкіндік болуы үшін, мұғалімдердің кәсіби даярлығын шыңдауда инновациялық технологияларды қолданудың маңызы ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құнантаева К., Алшымбаева А. Бәсекеге қабілетті қоғамның негізі – сапалы білім //Бастауыш мектеп. -2007. №1.
2. Дүйсенбаев С. Жаңа педагогикалық технология – Бастауыш мектепте //Бастауыш мектеп. -2003. -№9.
3. Бұзаубақова К.С. Жаңа педагогикалық технологиялар: -А: Білім, 2000.

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?

Байбосынова Гулнур Тастановна
№72 С.Нұрмағамбетов атындағы ЖОББМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары оқушылардың айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым әрекеттерін қамти отырып, коммуникативтік дағдыларын сенімді қалыптастыруға, сол негізде күтілетін нәтижеге қол жеткізуге бағытталған.

Мұғалім сабақ жоспарын құруда лексикалық тақырыпты басшылыққа ала отырып, сынып деңгейіне, тақырып қажеттілігіне қарай бір академиялық сағатта бір немесе екі коммуникативтік әрекетті(тыңдалым, айтылым, оқылым,

жазылым) негіз етіп алады, ал басқа коммуникативтік әрекеттер жанама түрде қолданыла береді. (Мысалы, тыңдалым/ айтылым, оқылым/ жазылым). Әрбір әрекет бірнеше оқу мақсаттары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Сабақ жоспарын құру барысында барлық төрт дағдыны қатар алмаған дұрыс. Олардың бірі не екеуі негізгі болса, қалған екеуі жанама түрде дамытыла береді.

Коммуникативтік әрекеттерді дамытуға бағытталған тапсырмалар өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес белгілі бір жүйемен жүзеге асады. Мысалы, тыңдалым дағдысын жүзеге асыру үшін тыңдалым алды, тыңдалым, тыңдалымнан кейінгі тапсырмалар ұйымдастырылуы тиіс.

Тыңдалымға арналған сабақ құрылымы:

- **Тыңдалым алдындағы тапсырма:** тақырыпты таныстыру; тыңдалымдағы тірек сөздерді үйрету; тақырыпқа қатысты сұрақтар құра отырып, сол тақырыптағы оқушы білімін қозғау.
- **Тыңдалым тапсырмасы:** әртүрлі тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар тобы; олар жалпы мазмұнын түсінуден бастап, детальді түсінуге бағытталады.
- **Тыңдалымнан кейінгі тапсырма:** тыңдалымдағы тақырып туралы сұрақтардан тұрады және ол сұрақтарға өз көзқарастарын білдіріп, тәжірибелерімен байланыстыра отырып жауап берулері тиіс. Сонымен қатар сұрақтар жауап беру барысында тыңдалымдағы сөздерді пайдалана алатындай құрылуы қажет.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда тыңдалым/ айтылым дағдысы қатар жүреді. Мұғалім тыңдалымнан кейінгі айтылым тапсырмаларын дискуссия, дебат, сұхбат және т.б. белсенді жұмыс түрлері арқылы ұйымдастырады.

Оқылымға арналған сабақ құрылымы:

- **Оқылым алдындағы тапсырма:** мәтін тақырыбын ашуға бағытталған тапсырмалар, сөздердің мәнін ашу, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.
- **Оқылым тапсырмасы:** әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар (сұрақтар). Алғашқы тапсырмалар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі тапсырмалар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.
- **Оқылымнан кейінгі тапсырма:** мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар, сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай құрылуы керек.

Жазылымға арналған сабақ құрылымы:

Жазылым - төрт дағдының бірі және ол **өнімді дағдылар** қатарына жатады. Яғни өнімді дағды дегеніміз – тіл құбылыстары туралы ережелерге, модельдерге сүйене отырып сөйлеу немесе жазу. Жазылым түрлері: тізім

жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б.

Жазылым түрлерінің әрқайсысының өздеріне сай ерекшелігі болады. Ол жазылым түрлерінің құрылымына және мақсаты мен шешуі тиіс міндеттеріне байланысты болып келеді. Мысалы, **жазу стилінің** деңгейлері: **ресми** (ғылыми, іс қағаздар стилі) және **бейресми** (ауызекі сөйлеу сөздері); жазуда мәтінді немесе ақпаратты жазудың өзіндік тәртіптері ақпараттарды орналастыру реті; мәтіннің ұйымдастырылуы.

Жазылым дағдысын қалыптастырудың бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары - **продуктивті жазылым және жазылым үдерісі**.

Егер жазылымды үлгі беру арқылы үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни мұғалімдер жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінмен жұмыс жасатуы керек. Белгілі бір жазылым үлгісі оның мазмұнымен, лексикасымен, стилімен және құрылысымен таныс болуға көмектеседі. Сонымен қатар, үлгілер оқушыға қалай жазуы керек туралы идеяны да береді.

Ал егер мұғалім оқушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз етсе, бұл жазылым үдерісі деп аталады.

Толығырақ айтқанда, жазылымды жоспарлаудан бастап, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге дейінгі оқушылардың әрекетін ұйымдастыру. Бұл оқушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерімен әртүрлі уақытта жұмыс жасай білуге дағдыландырады. Мысалы, жоспарлау кезеңінде идеяларды ойлап табады және ұйымдастырады, алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде өз ойларын жеткізу үшін қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын іздейді, түзету және тексеру кезеңінде жазылымның ұйымдастырылуы, сауаттылығы, ондағы идеяларды бағалауға, яғни өз жұмысының артықшылығы мен кемшіліктері туралы ойлануға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Кәрішалова К. Кітапхана жаңа ғасыр мәдениетінде (балалар әдебиеті проблемалары)// Саясат. - №3. - 2006. - 28-29б.
- 2.Мектептегі кітапхана «Кітап-білім бұлағы» 2011ж.№5.10-11б
- 3.Нұрғалиева. Г.Қ Педагогиканық логикалық-құрылымдық курсы,- Алматы, 1996.
- 4.Нұржанова А.Т. «Формирование коммуникативных умений в контексте уровневых программ курсов повышения квалификации педагогов» АОО НИШ ЦПМ, Астана, 2015

САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛАР

Әшенова Гүлназ Ақылбекқызы
№72 С.Нұрмағамбетов атындағы ЖОББМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық-педагогикалық технологияларды игерген, технологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан, бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашылық педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім, зерделі оқытушы болуын қажет етеді.

Бүгінгі таңда қозғалып жатқан ең өзекті мәселелердің бірі білім беру жүйесінде жаңа электрондық технологияны енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану, жетістіктері мен жеке тұлғаларды қалыптастыру және қазіргі заман талабына сай білім алуға қажетті жағдайлар жасау. Білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу әдістемелік жүйеге, педагогтер алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр.

Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын білімді тұлғаны тәрбелеу мәселесін қойып отыр. Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыреттілік, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Білім беру жүйесіндегі мұғалім құзыреттілігі жансыз жаттанды білім түрінде емес, оқушының жеке тұлға ретінде танымға, ойлауға қатысын, әрекетке, белгілі бір мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижесін талдауға, ұтымды түрде ескертулер мен түзетулер енгізіп отыруға деген іскерлігінің белсенділігінен көрінеді.

Сонымен қатар оқушылар бойын тәртіпті, көпшіл болуға, мінез-құлық мәдениетін, жауапкершілікті және адамгершіліктің өзге де белгілеріне тәрбиелейді, оқушылар бойында күш, ептілік, төзімділік секілді моральдық-ерік сапаларын қалыптастырады. Олардың бойындағы патриоттық сезім, яғни өз халқын, ұлтын мақтан тұту, жат қылықтарға төзбеу, намысшыл болу, салт-дәстүрді қастерлеу, оны білуге құштарлану, өз достарына, ұстазына, мектебіне деген сүйіспеншілікте болуы, еңбекқорлық, т.б.

Мұғалімдерге алғашында пән бойынша оқуды ұйымдастыруда оқу ресурстарын таңдау және өзінің сыныбының қажеттілігіне сәйкес бейімдеу оңай болмады. Оқулықты ресурс ретінде қолданудың орнына оқулықпен оқыта берген жағдайлар кездесті. Ол жағдайда оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмалардың берілмеуі әбден мүмкін. Сондықтан, бүгінгі мақаламда ресурстарға тоқталғым келеді. Ресурс деген не? Ғаламторда оған төмендегіше түсініктеме беріп, түрлеріне тоқталады. Ресурстар (французша ressource - құрал-жабдық, мүмкіндік), қосалқы қорлар - табыс, ақшалай және басқа қаражат, құндылықтар мен олардың көздері. Негізгі түрлері: ақпараттық ресурстар, банк ресурстары, бюджет ресурстары, еңбек ресурстары, қаржы ресурстары, материалдық

ресурстар, табиғат ресурстары, экономикалық ресурстар, энергетикалық ресурстар т.б.

Оқытуда қолданатын ресурстардың бұл ресурстардан айырмашылығы қандай?

Оқыту мен оқуды жоспарлауда оқу мақсатына жету үшін мұғалімнің қолданатын ақпараттық ресурстары. Ақпараттық ресурстар - әлеуметтік мәні бар және қоғамдық іс-тәжірибеде пайдаланылатын ақпараттық материалдардың (ақпараттық құжаттардың, ақпараттың), сондай-ақ ғылыми-техникалық ақпараттың жиынтығы.

Қазақстан республикасының кейбір заңнамалық аспектілеріне ақпараттық-коммуникациялық желілер мәселері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі заң жобасына қол қойылды. Заңға сәйкес, Қазақстандағы интернет-ресурстары атап айтқанда портал, форум, блог, чат, WAP портал, интернет телевидение, дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары теңестірілді. Біз ақпараттық ресурстардың электронды және қағаз түрін қолдануымыз мүмкін. Оқытуда қолданылатын анықтамалық ресурстар:

- Сөздіктер;
- Пән бойынша ұсынылған кітаптар;
- Әдістеме туралы кітаптар, газет-журналдар;
- Оқулықпен бірге ұсынылған мұғалім нұсқаулығы;
- Әдістеме, пән бойынша білім негіздері туралы ақпарат беретін ғаламтор сайттары;
- Энциклопедиялар.

Анықтамалық ресурстарды қолданудың артықшылығына тоқталатын болсам:

- 1) Пән бойынша тілдік бірлікті (сөздің мағынасы, терминдер) жөнінде оқушыға лайықталған мәлімет ұсыну;
- 2) Сөздердің дұрыс қолданылуын, басқа сөздермен бірлікте айтылуы және жазылуын тексеру үшін;
- 3) Сабақтағы тілдік мақсатты жүзеге асыру үшін (функционалдық грамматика, коммуникативтік дағды үшін, т.б.);
- 4) Жаңа әдіс-тәсілдер мен жаттығуларды сабаққа қосу үшін (мұғалім нұсқаулығы, әртүрлі сабақ үлгілері, тапсырма түрлерін пайдалану);
- 6) Мұғалім нұсқаулығы (сабақ жүргізу туралы көп ақпарат береді, алайда белгілі бір сыныптағы жағдайға сай келе бермейді, сол себепті бейімдеп, толықтыру керек);
- 7) Сабақ немесе оқу материалдары жөнінде әріптестерден көмек сұрау.
- 8) Әдістеме, сөздіктердегі мәліметтер ескіруі мүмкін, сол себепті соңғы кезде шыққан материалдарды пайдалану (ғаламтор сайттарын пайдаланған өте қолайлы, іздеу ұзақ уақытты алмайды).

Мұғалімдер жиі қолданатын әдістемелік материалдар (<http://www.smk.edu.kz/>, <https://bilimland.kz/ru>) сайтында орналасқан. <http://www.smk.edu.kz/> сайтында мұғалімге көмек көрсетумен қатар, сұрақтарына жауап ала алатын диалогтік алаң-форум бар. Көп жағдайда сұрақтарымызға нақты жауап алып отырдық. Сонымен бірге сабақта қолдануға тиімді интернет ресурстар қатарына: Географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЗ), Сөздіктер (<http://www.lugat.kz/>,

<https://kitap.kz/> әмбебап сөздік)Кітапханалар (<http://kazneb.kz/>,
<https://nlrk.kz/page.php>)

Әдеби кітаптар (<http://adebiportal.kz/kz>, <https://kitap.kz/>
<http://www.madenimura.kz/>) сайты қосуға болады.

Еліміздің барлық орта мектептеріне тегін қолдануға берілген www.Twig-BilimLand.kz сайтындағы видеоресурстар, аудиоресурстар сапалы болып отыр.

Қазіргі таңда шалғай ауылдағы мектеп мұғалімдері үшін негізгі оқыту ресурстары оқулықтар болып табылады. Оқулықтағы тиімді тапсырмаларды да жиі қолданамыз. «Атамұра», «Мектеп» және «Назарбаев Зияткерлік мектептері»ДББҰ баспаларынан шыққан оқулықтардың тапсырмалары оқушы мотивациясын оятып, белсенді оқуға әкеледі.

Әдетте, оқулық бірнеше компоненттен тұрады:

- оқулық, мұғалімге арналған нұсқаулық, оқушының жұмыс дәптері (әр баспа әртүрлі дайындауы мүмкін);

- Мұғалімге арналған нұсқаулықтарда ұзақ мерзімді жоспардың бағдарламадағы ұзақ мерзімді жоспармен сәйкес келмеуі орын алған тұстар кездесті.

Мұғалім ең алдымен, оқу бағдарламасының 3-тарауындағы қосымша ұсынылған ұзақ мерзімді жоспармен сәйкестігін анықтауы тиіс. Оқулықтағы материал өте тиімді ұсынылса да, ол әрдайым сынып деңгейіне сай келе бермеуі мүмкін. Бұл жағдайда мұғалім берілген ресурсты, тапсырманы сынып деңгейіне сай етіп күрделендіріп немесе жеңілдетуі тиіс. Сондықтан сыныптың тілдік деңгейін анықтап алу қажет. Ол үшін мұғалім алдымен диагностикалық тест, сауалнама, сұқбат, т.б. жүргізеді. Кейде біздің оқулықты таңдау мүмкіндігіміз де болмауы мүмкін, бірақ оқулықта ұсынылған материалды тиімді пайдалана білуіміз керек.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша белсенді мұғалімнің ұстанатын белсенді оқу қағидатының бірі ресурсты дұрыс таңдай алуы болып табылады. Онда мұғалім өзі таңдап алатын ресурстарына мынадай сипаттар тән екеніне көз жеткізуі қажет:

- Ұйымдастырылған (қай жерде, қалай қолданатыны нақтыланған);
- Қолжетімді(оқушылардың әрқайсысының кедергісіз оқуы немесе тыңдауына жағдай жасалған);
- Ұжымдаса қолдануға қолайлы;
- Бәріне таныс(алдын ала оқушыларының тілдік деңгейін ескерген);
- Өзірленген(күрделендірілген немесе жеңілдетілген);
- Жүйелі қолданылады(ресурстарды тиімділігі ескерген);
- Уақыт өткен сайын күрделіп отырады;
- Сапасы жақсы.

Сонымен бірге мұғалімдердің оқушының жас ерекшелігі мен танымын ескеріп, ресурстарды таңдай алады. Көп жағдайда <http://www.smk.edu.kz/> сайтынан жүктелген орта мерзімді жоспарларда көрсетілген сілтемелерді қолданамын. Сонымен бірге төмендегі сайттардан ақпараттарды да қажеттілігіне қарай саралап қолданамын. Ақпарат іздеуде қолданатын сайттар қатарына: **GoogleScholar** - Ғылыми мақалалардың толық мәтінін барлық түрі мен пәндерді индекстейтін еркін қолжетімді іздеу жүйесін, google.com интернетте

ақпаратты жылдам әрі қарапайым түрде іздестірумен қамтамасыз ететін іздеу сервері. <http://www.bing.com/>

Пайдаланылған әдебиеттер:

12. Ермекова Т.Н, А.А.Қасымбек, Н.О.Абдижаппарова, А.Б.Бипажанова «Қазақ тілі мұғалім кітабы» «Арман ПВ», 2016
13. Жұмабаев М.. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992.
14. Сыздықова Р., Б. Шалабаев, Көркем тексті лингвистикалық талдау, А., «Мектеп», Исабекова А.К. «Деңгейлік курстарда қолданылатын психологиялық тренингтер жинағы» Көкшетау, 2014.

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІНЕ АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ

Курбанкулова Гульшат Нурматовна №72 С.Нұрмағамбетов атындағы ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тіл - еліміздегі халықтар бірлігінің негізгі факторы, ұлттаралық қарым-қатынастың ұйытқысы. Бүгінгі қоғам еліміздің білім беру жүйесінен көп тілді меңгерген дара тұлғаны қалыптастыруды талап етуде.

Тіл - халықтың жеңістері мен жетістіктерінің, ұлттық құндылықтары мен өмір сүру салтының көрінісі. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде құрметтеу - Қазақстанда тұратын барлық халықтың негізгі міндеті.

«Қазақ тілі» пәніне арналған бағдарлама білім берудің ұлттық жүйесін халықаралық стандарттарға негіздей отырып, еліміздің алға қойып отырған іргелі міндеттеріне сай және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық үдерістерді, ұлттардың бейбітшілік пен келісім өмір салтын қалыптастыру саясатын ұстану қағидаларын басшылыққа ала отырып, мемлекеттік тілді оқытудың тиімді әрі сапалы жүйелерін қалыптастыруды көздейді.

Бастауыш сынып оқушыларына қазақ тілін мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде меңгерту, оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыру, олардың тұрмыста, қоғамдық орында, мәдени орталарда тілдік шектеуді сезінбей, өзін еркін ұстауына мүмкіндік туғызу негізгі ұстаным болып табылады.

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты - оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

«Қазақ тілі» пәні бағдарламасы оқушының тіл сауаттылығы мен сөз байлығын дамытуды, әлеуметтік ортада еркін қарым-қатынасқа түсуін жетілдіруді және дүниетанымдық дағдыларын кеңейтуді көздейді. Бағдарламаның білім мазмұны қазақ тілі арқылы оқушыларға қазақ халқының

материалдық және рухани құндылықтарын, қазақ халқының салт-дәстүрін құрметтеуді, қазақша сөйлеу әдебі мен әдетін дағдыландыруды және қазақ әдебиеті үлгілерін терең меңгертуді мақсат етеді және алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйретеді.

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың міндеттері:

- шығармашылықпен жұмыс істеуге, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру;
- қазақша сөздік қорын үздіксіз дамыту әдістерін меңгерту;
- қазақша сауатты сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;
- сөз тіркестерін және жай сөйлемдер құру, сол сияқты айтылым дағдылары негізінде қазақша ойлау дағдыларын қалыптастыру;
- тұрмыста, қоғамдық орындарда, мәдени орталарда қазақ тілінде қарым-қатынас жасау қабілеттері мен дағдыларын дамыту;
- қазақ тілінде меңгерген білім, білік дағдыларына сүйене отырып, өзгелермен еркін қарым-қатынасқа түсуге үйрету;
- қазақ тілінің саяси-әлеуметтік әлеуетін ұғындыру;
- тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту.

«Қазақ тілі» пәнін оқу арқылы оқушылар сөздік қоры мен тілдік сауаттылығын дамытып, қазақ халқы мен мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қалыптастырады, қызығушылығын арттырады.

Тілдердің үштұғырлығының дамуы барысында келесі ерекшеліктерді ескеру қажет:

- оқытудағы тілдердің сөз әрекетін белсенді түсіну және айту процессі ретінде қалыптасуы керек;
- оқыту әдістемесі қызмет принципіне (қолда бар қызығушылық, қойылған мақсатқа сәйкес теңбе-тең тәсілдер мен мақсаттарды қолдану) негізделуі керек;
- қарапайым пікір айту машықтарын қалыптастыру үшін сөз таңдау, оның өзгеруі, сәйкес ойын жеткізу сөйлемдерін таңдау қажет;
- мектепке дейінгі жастағы балаларды сөйлеу жағдайындағы бағытталу машықтары және оқытылып жатқан тілдегі қарым-қатынасқа оқыту қажет.

Тіл үштұғырлығына кіретін тілдер ұйымдастырылған күрделі жүйені құрайды. Жаңа сөздерді сөйлеуде пайдалану кезінде оларды игеру және қарым-қатынас жасау тек белгілі сөздік қордың жинақталуы мен есте сақталу жағдайында ғана мүмкін.

Сөздік жұмыс тілдер үштұғырлығын оқытудың алғашқы кезеңінде басым болып табылады, себебі тілдерді тәжірибеде игеру алдын ала бейтарап сөздікті жинақтаусыз мүмкін емес. Белсенді сөздікке жаңа сөздерді енгізу: ойыншықтар, нақ пішін, табиғи заттар, сюжеттік суреттер, фотосурет, сызбаларға сүйене отырып, бейнелерді көру нәтижелі болып табылады. Жаңа сөздердің айтылуы мінсіз, айқын, ашық болуы тиіс. Меңгерудегі тілге енгізілетін жаңалықтар келесі кезеңдерден өту қажет: педагогтің үлгісіне сүйене отырып жаңадан естіген сөздерді елестетіп қалыптастыра білу; сөйлеу кезінде оларды тану және түсіну.

Оқытылу барысына жаңа сөздер мен сөз тіркесі қосылғанда өз ретімен енгізілуі қажет. Жаңа сөздер алғашқы рет енгізілсе, балалардың назарын оларға

және ерекше айтылуына аудару қажет. Бірақ балалар жаңалықтарды шамадан тыс қабылдамауына көңіл бөлу керек.

Белсенді сөйлеуде пайдаланылатын сөздер біртіндеп енгізілуі керек және жүйелі түрде қайталанып тұру қажет. Белсенді сөздікті толықтыру фразалық сөйлеуді біртіндеп күрделендіру арқылы жүзеге асу қажет.

Мағыналы мәтінді, тақпақтар, өтірік өлеңдер, санамақтардың екпін мен мәнерлеп айтылуына аса назар аудару қажет. Айтылу жағынан сөйлеуін жетілдіру, есту ықыласын дамыту, есту арқылы сөйлеуін жетілдіру үшін мынадай әр түрлі тәсілдер қолданылады:

- оқыту тіліндегі педагогтың үлгісіне қарап дыбыс және сөздерді дұрыс айту;
- кейіпкер және бұйымдарды келтіру барысында дұрыс екпінді қолдану; - бұйымдар мен кейіпкерді сахналау кезінде дұрыс екпін пайдалану;
- қажетті мәнерлі құралдар таңдау үшін балаларға қарастырылған сұрақтар;
- сөйлемдерді әр түрлі екпінмен (қуана, ренжулі, немқұрайлы) айту бойынша шығармашылық тапсырмалар;
- жеке сөздер, сөйлем, логикалық екпін қоюлары, дауыс ырғағын және күшін өзгертуді (қосылып, жекеше) қайталау үшін жаттығулар;
- рөлмен оқу.

Тілді оқытудың әдіс-тәсілдері оқу ортасы мен мәнмәтінді ескере отырып, оқушыны тиімді білім алу үшін ауадай қажет болып табылатын дербестікке ұмтылуға оң ықпал етуге тиіс.

Қорыта айтқанда, жан-жақты жетілген, білімді, білікті азамат болуға тәрбиелейді. Мұғалім мен оқушының оқу процесі күрделі және көп қырлы болып келеді. Оның тиімділігі оқушы әрекетінің сипатымен айқындалады.

Білім мазмұнын жетілдіру үрдісінде мұғалімге оқушылардың білімді өздігінен меңгерудің әдіс-тәсілдерін игертуді, оның дамытушылық жақтарына басымдылық беруді қарастырады. Білім берудің жаңарған моделінде оқушының «дайын білімді алушы» қалпынан оның танымдық процестегі «белсенді субъект» қалпына көшуін қамтамасыз ететін коммуникативтік белсенділігін күшейтуге мән беріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Акимова Т.А, Т.М.Копжасарова, З.Т.Кашкенова, Г.У.Дарменова «Разминки для тренингов» АОО НИШ ЦПМ, Астана, 2015
- 2.Ақшолақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы. 1993ж /2, 63-бет/
- 3.Ақшолақов Т., Шығарманың көркем айшықтарын таныту, А., «Жазушы», 1998.
- 4.Ақшолақов. Т.Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. Алматы. 1975ж.
- 5.Әбдезұлы Қ., С.Ч.Тұрсынғалиева «Қазақ әдебиеті әдістемелік нұсқау» «Арман ПВ», 2012

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРДЫ ҚҰРУДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

**Орынбаева Ғазиза Абдихадырқызы
№72 С.Нұрмағамбетов атындағы ЖОББМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы**

Білім беру бағдарламаларын жаңартудың басымдықтары рухани құндылық пен дағдыдан тұратындығын білеміз. Рухани құндылық: шығармашылық, жауапкершілік, қарым-қатынас жасай білу, өмір бойы оқуға дайын болу. Ал дағдыларға келетін болсақ, сын тұрғысынан ойлау, білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу, проблемаларды шешу, ғылыми зерттеу, жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті және АКТ саласындағы дағдылар.

Ұстаз үшін ең маңызды мақсат - әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы - сабақты тиімді ұйымдастыруға, сабақ уақытын ұтымды пайдалануға, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға, сыни ойлауға көп көмегін тигізетін әдіс-тәсілдерді қолдана білу. Ол үшін мұғалім қысқа мерзімді жоспар немесе сабақ жоспарын дайындау барысында оқушылардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, саралап оқыту тәсіліне ерекше назар аударғаны жөн.

Қысқа мерзімді жоспар мұғалімге сабақты тиімді құруға көмектеседі. Ол үшін мұғалім оқу материалы мен сабақтағы әрекетті мұқият іріктеп алуы керек. Әр сабақтан кейін мұғалім оқушылар меңгере алмаған немесе түсінбеген жерлерін анықтау мақсатында сабақты талдап, рефлексия жасауы керек. Қысқа мерзімді жоспарды құрған кезде мұғалім төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алуына болады:

- сабақты ұйымдастырғанда оқу бағдарламасы мен оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттарын басшылыққа алу;
- сабақтың мақсатын анық тұжырымдау, яғни нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы мақсаттар қою;
- орта мерзімді жоспарда көрсетілген барлық іс-әрекеттерді, әдістемелік кеңестерді, ресурстарды мұқият зерделеу;
- мұғалім өзінің қалауы бойынша іс-әрекет түрін қажеттілігіне қарай толықтыру.

Мұғалім білімнің тек дара көзі ретінде емес, оқушылардың өздерінің оқу-танымдық қызметінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етуі тиіс.

Сабақты жоспарлауды бастағанда мұғалім бұл сабақтың мақсаты қандай болатынын шешеді. Сабақтың мақсаты оқу бағдарламасында қарастырылған оқу мақсатына сәйкес келуі керек. Сабақ мақсатын тұжырымдау барысында оқушылардың сабақ соңында не істей алу керектігі тұрғысынан белгілі бір нәтижелерді сипаттауы керек екенін есте ұстау керек. Бұл: сабақта мұғалімнің не істейтініне емес, оқушылардың немен айналысатынына назар аударуға; сабақты жоспарлауды жеңілдетуге; оқуды бағалауды жеңілдетуге;

оқыту мен оқуды бағамдауды жеңілдетуге көмектеседі. Сабақ мақсатын анықтаған соң, мұғалім осы мақсатқа қол жеткізу үшін сабақты қалай жоспарлау керек екендігін шешеді.

Сабақ мақсатына жету үшін мұғалім бірқатар белсенді оқу тәсілдерін қолдана алады. Тиімді оқытуды жоспарлауда бірқатар мәселелерді ескерген жөн:

- Сабақта көптеген жаттығу түрлерін жоспарлауға тырысу қажет. Әдетте баланың назары бір нәрсенің төңірегінде ұзақ шоғырланып тұра алмайтынын естен шығармау керек.

- Мұғалім сабақ барысында бір жұмыс түрінен екіншісіне біртіндеп ауысып, сабақтың мақсатын оқушылардың есіне салып отыруды ұмытпауы керек. Бұл оқушыларға жаңа жаттығуға біртіндеп көше отырып, тапсырманы түсінуге көмектеседі, өткен сабақта алған білімдерін нығайтып, оқушыларға іс жүзінде бірнеше дағдыны қатарынан шыңдауға мүмкіндік береді.

- Сыныппен өзара әрекеттестік стилін өзгертіп отыру қажет. Мұғалім сабақ барысында өзінің қанша сөйлейтіні туралы ойлануы керек. Оқушыларға сұрақ қойып, жауаптары бойынша сыныптың нені түсінгенін/түсінбегенін бағдарлаған дұрыс. Сабақта бүкіл сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін араластырып қолдану тиімді болады. Сонымен, мұғалім сабақтың құрылымдаған жоспарын жасағанда:

- оқу мақсаттарын анық, түсінікті түрде тұжырымдауы;

- сабақ жоспарының әртүрлі компоненттерінің тиісті бөліктерін қамтуы;

- логикалық жағынан реттелген, оқу мақсаттарына сай келетін жаттығулар мен тапсырмалар бойынша толық ақпарат ұсынуы;

- мақсатты білім мен дағдыларды қалыптастыруға арналған тиісті әдіс-тәсілдерді анықтап, проблемаларды алдын ала көре білуге және анықталған дағдыларға қатысты шешім ұсынуы;

Қазіргі таңда оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану - заман талабы болып отыр.

Сабақ барысында тапсырманы орындау және сабақ соңында қорытынды жасауда түрлі қалыптастырушы бағалау бойынша тиімді тәсілдерді қолдануға болады.

1. «Бұрыштар» тәсілі: Мұғалім оқушыларға сұрақ ұсынады және мүмкін төрт жауабын сыныптың төрт бұрышына орналастырады. Оқушылар өзіне дұрыс деген жауаптың қасына барып тұрады, таңдаған жауаптарын топтық жұмыста тұжырымдайды және өздерінің көз қарастарын дәлелдейді.

2. «Ойлан-жұптас-бөліс». Берілген тапсырма (сұрақ) бойынша әрбір оқушы жеке жұмыс жасау арқылы өз ойын қорытып, жұп болып пікірлерімен бөліседі; бұл бүкіл топтық талқылауға ұласады.

3. Stop-кадр. Stop-кадр - видеофильмнің бір сәтімен (кадр) жұмыс. Кадрды экранда тоқтатып қойып, сұрақтар қою арқылы оқушыларды диалогқа тартуға болады. Сыныпта жұптық жұмыс ұйымдастыруға да болады: оқушылардың біреуіне кадрды көрсетіп, екіншісіне осы көріністі толықтай сипаттап беруін тапсыруға болады, екінші оқушы оған нақтылау сұрақтарын беру арқылы көмектесуіне болады.

4. Дыбыстау. Фильмнен өткен тақырыпқа байланысты немесе оқушылардың деңгейіне сәйкес келетін үзіндіні дыбыссыз көрсетіп, оқушылардың рөлге еніп, дыбыстауын тапсыруға болады. Алдымен үзіндіні дыбысымен көрсетсе де болады. Дайындалуға оқушыларға жеткілікті уақыт беру қажет.

5. Серпілген сауал. Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында бірінен-біріне сұрақтарды «лақтыру»: мысалы, «Асан, Айнаның пікіріне қосыласың ба?», «Айна, Асанның жауабын тағы қалай толықтыруға болады?», «Асан, айтылған пікірлерді бір сөзбен қалай тұжырымдауға болады?»

6. «Сұрақты қағып ал». Мұғалім сұрақ қойған кезде оқушыларға бұршақ салынған қапшықты лақтырады. Бұл сұрау үдерісіне кинестикалық сипат береді және оқушыларды өз еркімен жауап беруге итермелейді. Оқушы жауапты білмеген жағдайда сұрақты басқа оқушыға лақтыруына мүмкіндік беріледі. Сұрақтардың қиындығына қарай оның бастапқы салмағын белгілеуге (ұпай арқылы) болады. Мысалы, қағып алған оқушы жауабын білмей, қапшықты басқа оқушыға лақтырса, сұрақтың құны 1 ұпайға кемиді. Бұл тапсырманы шағын топтардың арасында да қолдануға болады; мұнда мұғалім қапшықты кезекпен топтарға лақтырады.

7. «Допты лақтыру» Мұғалім доп лақтырып сұрақ қояды. Допты қағып алған оқушы сұраққа жауап беріп, өзінің сұрағын қояды. Егер оқушы сұраққа жауап бере алмаса, допты басқа оқушыға береді. Бұл әдіс теориялық сұрақтарды бағалауға, тілдік мақсаттардың орындалуына көмек береді.

8. «Сөзді тап». Қобдишаға тақырыпқа қатысты түйінді сөздер жазылған қағаз қиындылары салынады. Бір оқушы қобдишадан қиынды қағазды алып, 1 минутта ондағы сөздің өзін атамай сипаттап түсіндіруі керек. Сөзді тапқан оқушы келесі сөзді алып түсіндіруді жалғастырады.

9. «Конверттегі сұрақ». Әрбір оқушыға арнап конверт дайындаңыз және оқу мақсатына сәйкес 2-3 сұрақ жазып, конвертке салыңыз. Конвертті оқушыларға таратып 2 минут уақыт беріңіз: оқушы стикерде өз атын, сұрақтардың жауабын жазып конвертке салады және конвертті келесі оқушыға жібереді. Барлық оқушылар жауап бергенше конверттермен алмасады. Соңында стикерлерді жинап, бірнеше жауапты дауыстап оқыңыз (аттарын атамастан); сынып жауаптардың қаншалықты дұрыс болғанын талқылайды.

10. «Пікір алмасу» (Showdown). Әрбір топ тақырыпқа қатысты 5 сұрақ дайындайды. Әрбір сұрақты стикердің бірінші жағына, ал жауабын екінші жағына жазып, келесі топпен стикерлерін ауыстырады. Топ басшысы стикердегі сұрақтарды оқиды, топ мүшелері жауаптарын жазып дайындайды. Көшбасшы белгі бергенде, барлығы өз жауабын ашады және жауаптарды талқылап, дұрыс жауаппен салыстырады.

11. Элективті тест. Мұғалім алдын ала әрбір оқушыға А, В, С, D, Е арқылы белгіленген түстері сәйкес ақ, сары, көк, қызыл, жасыл стикерді таратады. Әрбір сұрақты қойғаннан кейін 20сек. кідіріп, сыныптан тест жауабына сәйкес әріпті көтерулерін сұрайды. Өзін-өзі және бірін-бірі бағалауды жүзеге асыру үшін дұрыс немесе дұрыс емес жауаптарды диалог құру арқылы талқылайды.

Жаңашыл мұғалімнің баланы дамыта оқытудағы жаңаша еңбегі, балаға ізденіс жолында білім берудегі жұмыс нәтижесінен шығады. Олай болса

көптеген әдіс-тәсілдерді пайдалану барысында оқушылар бойынан көптеген нәтижелерді байқауға болады: жеке және жұптасып, топ болып жұмыстануға дағдылану, өздеріне деген сенімнің артуы, заттарды салыстыра отырып, одан қорытынды шығара білу, шығармашылық белсенділіктерінің артуы, бір-біріне көмектесе отырып, қамқорлық сезімдерінің негізінде ынтымақтастық орта қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Әлімов А.Х. «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана «НЗМ»ДББҰ, 2014
- 2.Байтұрсынұлы А., Тіл тағылымы, А, «Жазушы», 1992.
- 3.Байжұманова Қ. «Оқуға ынталандыру-мұғалім біліктілігінде»// Қазақстан мектебі,2008ж.№1
- 4.Белинский В. Г // «Балалар кітапшалары туралы бірер сөз» 12-17б.1989.
- 5.Бітібаева Қ.. Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары, А., «Жазушы», 1990.
- 6.Бітібаева Қ.. М. Әуезов шығармашылығын мектепте оқыту А., «Жазушы»,

КЕРІ БАЙЛАНЫС - ОҚУ МЕН ОҚЫТУДЫ АЛҒА БАСТЫРУДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

**Примкулова Гулнар Макулкызы
№72 С.Нұрмағамбетов атындағы ЖОББМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы**

Рефлексия адамның өз білімі мен әрекеттерін талдау, сол туралы өзіне есеп беру болғандықтан мұнда басқа адамдардың пікірлері мен бағалауының алатын орны ерекше, өйткені өзіне сырт көзбен қараған адам басқа адамдардың өзі туралы пікірлері арқасында рефлексиясын тереңдете түседі. Өзі туралы сырт пікірлерді адам қарым-қатынаста біледі. Осындай қарым-қатынаста өзі туралы пікірді есту мен білуді кері байланыс деп атайды. Сырт пікірлер адамға өзінің қайда және қандай екендігін білуге көмектесіп, болашақ әрекеттеріне түзету енгізіп, оларды жоспарлау мүмкіндігін береді. Сол себепті кері байланыс - келесі әрекеттерді ынталандыруға бағытталған рефлексияның ақпараттық негізі.

Американдық психолог Д.Дьюи бірлескен әрекет жағдайында басқа адамның сезімі мен абыройын құрметтеу, «менің пікірімнен басқа да пікір бар, ол да жария етілуі тиіс, ол пікірдің де өмір сүруге құқысы бар деген.

Қазақтың ақыны О.Сүлейменов «Адамның рухани ізденіс-сілкіністері үш-ақ сауалдың аясына сияды: 1) не біле аламын, 2) не істеуім керек, 3) үміт артарым не?» - яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады. Мұғалім идеалы - білімнің құндылығын айқын түсінетін, мәдениеті жоғары адам, өз пәнінің жетік шебері, педагогика мен психологияны терең меңгерген, жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық әдістерді қолдана алатын,

өзін жеке тұлға ретінде дамытып, рухани өсуге деген қажеттілігі мол болуы тиіс.

Бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты оқушының жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру бүгінгі педагогикада «Сөз арқылы емес, әрекет арқылы үйрету қажет!» деген ұстанымға негізделіп отыр.

Мұғалімдердің белсенді белгілі бір бөлігін өз тәжірибелерін сыни тұрғыдан қайта қарап, өзі айналысып жүрген істерінің нәтижесінің мақсатқа сай орындалуын оймен зерттей білуге, өз кәсіби өмірбаянындағы салмақты жүктерді саналылықпен алмастыра алуға ынталандырады. «Бұл әрекеттегі менің мақсатым не?» - «Не жасауым керек?» - «Қалай?» - «Бұдан не шығады?» сұрақтарын өзіне үнемі қоя және оларға дұрыс жауап бере алатын мұғалімде кәсіби шығармашылық болатындығы сөзсіз.

«Рефлексия» деген сөздің өзі «артқа қарау, көрсету» дегенді білдіретін «reflexio» деген көне латын сөзінен шыққан. Шет тілдер сөздігінде рефлексия ой електен өткізу, өзін - өзі тану, өз - өзіне есеп беру деген сөз. Бұл адамның өз іс-әрекетінің заңды түрде жүзеге асуының теориялық формасы.

Сондықтанда бүгінде білім алуда, адамның дамуының басқа да әрекет салаларында кеңінен қолданылып жүрген «рефлексия» ұғымы бізге өте маңызды. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетінің дамуы үшін оның әдіснамалық рефлексия жасай алуының мәні зор.

Адамның бір ерекше қасиеті бар: біз өзіміз туралы өзгелердің пікірін естігіміз келіп тұрады. Сондықтан да кез келген әрекеттен кейін басқалардан «Қалай болды? Мен сырт көзге қалай болып көріндім? Қалай сөйледім (жасадым, отырдым, тұрдым, жаздым, т.б. әрекеттерді келтіруге болады)?» деп өзіміз туралы пікірін сұраймыз. Сол әрекетті бақылаған адам өз пікірін айтады, бағасын береді. Оның пікірі өзіміздің оймен сәйкес келуі немесе келмеуі де мүмкін. Алайда сырт пікір бізге білім мен әрекеттерімізді түзету, өзгерту, жақсарту мүмкіндігін береді. Олардың мұндай пікірі біз үшін кері байланыс болады. Осылайша өзгелердің өзіміз туралы пікірлері бізге өзімізді тануға, ішкі «Мен»-нің қалыптасуына көмектеседі.

Ал енді осыған қарама-қарсы жағдаятты көз алдыңызға елестетіп көріңіз: Сіздің әрекетіңізден кейін бір де бір адам ләм-мим деп жұмған аузын ашпады, өз ойын айтпады делік. Осындайда өзіңізді қалай сезінер едіңіз? Әрине, мұндай жағдаяттың қуаныш және қанағат әкелуі екіталай, өйткені біз өз әрекетімізді басқалардың талдағанын және бағалауын қалаймыз.

Кері байланыс (ағылш. feedback) - адамның өзі куә болған оқиғаға немесе басқалардың әрекетіне айтылған пікірі, реакциясы. «Сырт көз сыншы» дегендей, мұндай сырт пікірдің өз әрекеттеріңді реттеуге, жақсартуға тигізетін септігі өте жоғары. Сол себепті бүгінде кері байланыс үйренудің (білім алу жүйесінің) маңызды ұғымы деп есептелінеді. Кері байланыс арқылы алынатын мәліметтер әсіресе өз біліміне түзету мен өзгертулер енгізу ісінде өте құнды болып табылады.

Кері байланыстың мәнін «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» атты тәсіл жақсы келтіреді. Алдымен біреудің әрекеті мен жасаған ісін мақтаймыз, оның жағымды және тиімді жақтарын атап көрсетеміз, содан соң бұл жұмысты қалай жақсартуға болатындығы туралы ұсыныс айтамыз, бағыт-бағдар сілтейміз.

2013 жылдың наурыз айында Амстердамда өткен «Ұстаз сапасы» атты оқытушылық қызметтің Халықаралық Саммитінде оқу мен оқытудың сапасы көп жағдайда кері байланысқа тәуелді екендігі аталды. Ұстаздардың оқушылар тәрбиесіне жасайтын ықпалын бағалау өте қиын, алайда ата-ана, оқушылар мен қоғам мүшелерінің кері байланысы осы мәселені айқындауға қолғабыс болады. Саммит мұғалімдерге өздерінің кәсіби біліктілігін жақсарту үшін кері байланыстың өте қажет екендігін және біраз жетістіктерге бастайтындығын кеңінен атап көрсетті.

Әлемнің ең бай адамы Билл Гейтстің «Мұғалімдерге шынайы кері байланыс керек!» деп баса айтып, АҚШ білім беру жүйесі алдында осындай мақсат қойғандығы бекерден бекер жәйт емес.

Оның ойынша, АҚШ білім беру жүйесі Шанхай мектептерінен үлгі алуы керек: Қытайдың бұл мегаполисінде әрбір мұғалім - мейлі ол тәжірибелі болсын, мейлі жас болсын - өз сабақтары мен әрекеттеріне кері байланыс алуға және өзгелерге беруге құқылы екен: мұнда кері байланыс мұғалім кәсібінің ең маңызды бөлігі деп есептелінеді.

Кері байланысты қолданғанда мынандай жәйттерді есте ұстаған дұрыс:

- Кері байланыстың үйренудің ең тиімді әдісі екендігін ұмытпаңыз, өзіңізге қажетті екендігін де естен шығармаңыз. Бұған қоса кері байланысты жұмысымызды жақсартудың, өз олқылықтарымызды түзетудің ең тиімді нысаны деп қабылдау керек. Сол себепті кері байланысты сабырлықпен және іштей болса да ризашылықпен қабылдау керек. Бұл жерде «Ал егер кері байланыс атаулының бәрі де ақшаға жасалынып, ақылы болса, не болар еді?» деп өзімізден сұраған орынды болар.

- Кері байланыс әрқашан да субъективті болады, өйткені ол біреудің өзіндік пікірі. Осы тұрғыдан алғанда кері байланысты ақиқат деңгейіне шығарудың қисыны жоқ шығар. Оны басқа адамның бағасы деп қабылдап, оның еш міндетті емес екендігін естен шығармаған абзал. Бізге қандай да кері байланыс берілсе де оның тиімді/тиімсіздігін, пайдалы/пайдасыздығын өзіміз өлшейміз және бағалаймыз, оны қабылдау не қабылдамауды өзіміз шешеміз.

- Мүмкін кері байланыстың ең құнды жағы бізге ұнамайтын бөлігі болатын шығар: айтылған сын мен ескертпелер, айқындалған кемшіліктеріміз бен қателеріміз. Алайда мен сіздерге кері байланыс бергенде тым қатал сыншы болмауды ұсынамын, өйткені «Суық-суық сөйлесе, мұсылман діннен таяды», «Адамның көңілі бір шөкім насыбайдан қалады», «Итің жаман!» дегенде, ой, өлгенім-ай!» дегендерді ұмытпайық! Сондықтан да кемшіліктерді тіке бетке баспай, оларды жанамалай жеткізген жөн болар? Мысалы, мынандай сұрақтар арқылы: «Неліктен Сіз бұлай жасадыңыз (айттыңыз, жаздыңыз, ұйғардыңыз, т.б.)? Мүмкін олай емес, былай болар?» немесе «Егер мына жерге мынандай өзгертулер енгізсе, не болар еді?»

- Негізінен кері байланыстың үш негізгі қызметін ажыратуға болады: әрекеттерді түзету мен реттеу, тұлға аралық қатынастарды реттеу, өзін өзі тану құралы. Сондықтан оның мазмұны жағымды, позитивті болу керек. Кері байланыстың негізгі идеясы жасалған істі бағалау емес (оның жақсы не жаман жасалынғандығын анықтау), керісінше, не жасалуы керектігін көрсету.

Сонымен, кері байланыс оқу/оқыту мен үйренудің/үйретудің қалай жүріп жатқандығын, оның сапасын анықтау мүмкіндігін береді. Кері байланыс арқылы оқу мен оқушылардың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға болады. Кері байланыс дұрыс жауап немесе бағыт таңдалынып, қателерді түзету әрекеттерін іске қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Акимова Т.А, Т.М.Копжасарова, З.Т.Кашкенова, Г.У.Дарменова «Разминки для тренингов» АОО НИШ ЦПМ, Астана, 2015
- 2.Ақшолақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы. 1993ж /2, 63-бет/
- 3.Ақшолақов Т., Шығарманың көркем айшықтарын таныту, А., «Жазушы», 1998.
- 4.Ақшолақов. Т.Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. Алматы. 1975ж.

КЕРІ БАЙЛАНЫС КЕМЕЛДЕНДІРЕДІ

**Файзуллаева Сыпаркул Сундетовна
№72 С.Нұрмағамбетов атындағы ЖОББМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы**

Кері байланысты ұсынғанда мынандай ережелерді ұстанған дұрыс:

Позитивті болу.

Талданып жатқан әрекеттің жағымды, ұтымды жақтарын көруді ұмтылу қажет. Тіпті адамның мақтайтындай қасиеті болмаса, онда оның ниеті мен ынтасын жағымды деп тану керек. Ұсыныс жасағанда жұмысты жақсартатын мәселелерге тоқтаған дұрыс. Әңгімені өзгені жақтыру және сыйлау тұрғысынан жүргізу керек.

Бағалаушы болмау.

«Адамның басқа адамдардан айырмашылығы-оларға ұқсамайтындығында» деген қағиданы ұстанған орынды, яғни біз басқалардан артық та, кем де емеспіз, тек өзгешеміз. Кері байланыста сол себепті өзімізді жоғары да, төмен де қоймау керек, тек өз ойымыз бен түсінігімізді келтіру қажет.

Кеңес бермеу, үйретпеу, тек ұсыныс жасау.

Адам біреуге кеңес бергенді ұнатады да, алайда өзіне ақыл айтқанды ұнатпайтындығын ұмытпау керек. Осыны есте сақтай отырып, ақылгөйсінбей, «Мынаны жасау керек!», «Олай ету қажет!» немесе «Мен Сіздің орныңызда былай жасар едім!» деген сөздерді айтпай, өзіміздің пікірімізді келтірейік, ал оны қабылдау не қабылдамау - кері байланысты алушы адамның құзыры. Мұнда кері байланыс берушінің сөйлеу интонациясы сұраулы, ал ең жиі қайталайтын сөзі «мүмкін» болуы керек болар, яғни ол ылғи да кері байланыс

алушының пікірін сұрап, онымен ақылдасып тұрғандай болады: «Мүмкін былай жасау керек шығар?»

Ынталандыруға ұмтылу.

Кері байланыстың бір мақсаты - адамды шығармашылық жұмысқа ынталандыру. Жағымды пікір айтумен қатар адамды болашақта өз жұмысына игі өзгертулер енгізетіндей қызықтырып, шабыттандырған дұрыс.

Сыпайы болу.

Адамды жекімей, ұрыспай, дөрекі сөйлемей, ренжітпеуге тырысу керек, өйтпеген жағдайда оның кері байланысты ризашылықпен қабылдап, өз әрекеттеріне соны өзгерістер енгізетіндігі екіталай.

Көмектесу, жәрдем беру.

Адамға шынайы түрде жақсылық тілеп отырғандығымыз-ды дәлелдеп бағу керек. Кері байланыста «Мен Сізге қалайша көмектесе аламын деп ойлайсыз?» деген секілді сұрақтар арқылы өзіміздің қол ұшын беруге дайын екендігімізді білдірген жөн.

Тең ұстау.

Кері байланысты жүргізудің негізгі нысаны ақылдасу, кеңесу болғандықтан мұндай әңгімеде екі жақ та бір-біріне пара-пар болуы керек. Біреудің екіншіден жоғары тұруы кері байланыстың нәтижелі болатындығына нұқсан болады.

Сәттілікке бағыттау.

Тыңдаушының көкейіне «Кері байланыс - игі әрекет» деген оймен қатар оның нәтижелерінің тұлғаның дамуы мен өсуі үшін маңызды екендігін ұялату керек. Ал игі нәрсенің қорытындысы тек жағымды болатындығын да ұмытпаған жөн. Кері байланыс тиімді әрі сәтті болған сайын мұғалім оқу/оқытудың қалай жүріп жатқандығы, оқушылардың қалай оқитындығы туралы қажетті мәлеметтер алып отырады.

Кері байланысты алғанда мынандай ережелерді ұстанған дұрыс:

Ризашылық білдіру.

Кері байланыстың бір адамның екіншіге шын көңілмен көмек көрсету екендігін ескере отырып, айтқан ескертпелер мен ұсыныстарға ризашылықпен қарау керек: кері байланыс берушіге жиі рахмет және алғыс айтып, ол Сізді ынталандырғандай, оны да жігерлендіріп отыру қажет.

Тыңдай білу.

Кері байланыс берушінің сөзін бөлмей, оны ылғи да мақұлдап отырған дұрыс (бас изеп, ишаратпен). Қажет болған жағдайда оған ойын нақтылайтын сұрақтар қою арқылы бұл мәселе бойынша өзіңіздің келісетіндігіңізді және хабардар екендігіңізді білдіріңіз, әңгімені өзіңізге қажетті бағытқа бұрып отырыңыз.

Мадақтай білу.

Ризашылықты білдірумен қатар кері байланыс берушіні мадақтауды да ұмытпаған жөн. Осы арқылы біз тиімді қарым-қатынаспен бірге берілген ұсыныстардың сапасын да арттырамыз. «Сіз бұл мәселеге тіпті де мен ойламаған жақтан қарадыңыз! Шындығында да бұл өте тиімді ұсыныс (идея, ой, әдіс, тәсіл, т.б.) екен! Біздің ойымша, Сіздің сөздеріңізде терең мағына бар! Бұл ұсынысыңыз менің тәжірибемде маңызды орын алады деп ойлаймын!» секілді сыпайы мақтаулардың әңгімені мәнді жасайтындығы анық.

Интербелсенді оқу/оқыту практикасында «бағалау» термині келесідей мағынада қолданылады: Бағалау - оқушылардың оқу процесінде қаншалықты табысты (немесе, керісінше) болғандығын, білім игерудегі олардың жетістіктерін, өсуі мен дамуын анықтау. Бағалау - оқушылардың қолынан не келетіндігін (білім, білік, дағды, машық, құзырлылық, құндылықтар) айқындау. Бағалау - білім игеру процесіне қатысушылардың (оқытушы және оқушылардың) әрекеттері қандай деңгейде екендігін, олардың сапасын анықтау. Бағалау - оқушылардың білімін қалайша әрі қарай дамытып, олардың алдағы білім игеру әрекеттерінің деңгейін қалайша жақсартуға болатындығын білу, жоспарлау және оқушылардың соған ынталандыру.

Бағалау - оқу процесінің (оқушылардың әрекеттерінің, сабақтың, пәннің, курстың) қаншалықты нәтижелі екендігін анықтап, мақсаттардың қандай дәрежеде жүзеге асырылып жатқандығын анықтау.

Кері байланыс - белгілі бір оқиға немесе әрекетке жауап беру, үн қату, пікір білдіру. Драхмэн мен Суэтс (1988) кері байланыс және құрдастарының ескертулері тұрақты нәтижелерге қол жеткізуде мұғалімнің сынына қарағанда көп әсер етуі ықтимал екендігін айтады. Алайда оқыту үдерісі тек қана оқушылардың тапсырманы орындаудың бастапқы кезеңінде өзінің білімі мен дағдылануы және тапсырма аяқталғаннан кейін нені білетіндігі туралы нақтылы сезінген кезде ғана тиімді болады (QCA, 2001). Кері байланысты мұғалімнің ғана қамтамасыз етуге тиісті емес, шын мәнінде оны оқушы немесе құрдасының жиі жақсы ұсынатынына назар аудару, құрдастары және өзін-өзі бағалаудың оларды оқыту үшін өзіне жауапкершілік алу, сондай-ақ оқушының өзін жақсартудың мүмкін екеніне сенім ұялату үшін, оқушыны қалай ынталандыру, жетілдіруді көрсету мақсаттарын нақтылаудың өте күшті тәсілдері болып табылады.

Өзін-өзі бағалау «өткен тәжірибені пайымдаудың үдерісі, оқылғаны және қол жеткізілгені туралы нақтылы түсінікті алуға талпына отырып, еске алуға және түсінуге ұмтылыс жасау» түрінде айқындалады (Мунби және қосалқы авт., 1989).

Кері байланыс ауызша және жазбаша да беріледі, бірақ нақты болуы керек. Оқушы тарапынан мұғалімге және мұғалім тарапынан оқушыға, оқушыдан оқушыға да жүргізіледі. Әсіресе ауызша берілгенде тиімдірек. Сабақтың соңында ғана емес сабақ барысында да кері байланыс жүреді. Жүйелі түсіндірмелер жақсыға қарай өзгеруге мүмкіндік береді, қателер оқуды жақсарту үшін қолданылады. Оқушының жетістігі атап өтілсе, оның өз күшіне деген сенімділігі нығая түседі. Кейде оқушыдан алған сұрақтың өзі кері байланыс болып келеді. Сұрақ-жауап, ұсыныс білдіру, оқушы кеңесі, нақты жұмысты бағалау т.б ауызша жасалатын кері байланыстар. Стикерге жазу, смайликтер арқылы, ашық хат, күнделік жазу сияқты тәсілдер жазбаша кері байланыс. Оқушы электрондық почтадан мұғалімге белгілі бір материалды жіберіп, мұғалім оған жауап жазса ол да кері байланыс. Мұғалім оқушыдан алған кері байланыс негізінде өзінің келесі қадамында ескеріп отыру керек. Оқушы соның негізінде өз жұмысын жақсартып, нәтижеге бағытталады. Сабақта жүргізілетін кері байланыстың әдіс-тәсілдерін, формаларын

түрлендіріп отырса оқушының қызығушылығы да арта түседі. Кері байланысқа баға қойылмайды. Кері байланыс:

– Бағалаушы тұрғысында емес, сипаттамалық түрде болуы тиіс. Біз адамның әсерін жай сипаттағанда, ол осы ақпаратты оған керек болатындай етіп пайдалануға ерікті болуы тиіс. Бағалау санаттарынан аулақ болып, біз адамның ұмтылысын қолдаймыз.

Пайдаланылған иәдебиеттер:

Нормативтік құжаттар

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы Алматы, 2007ж
2. Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан-2050» Стратегиясы, бағдарламасы- 2012ж.
3. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты жолдауы
4. Акимова Т.А, Т.М. Копжасарова, З.Т. Кашкенова, Г.У. Дарменова «Разминки для тренингов» АОО НИШ ЦПМ, Астана, 2015

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫН ЖОСПАРЛАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҚ

**№8 М.Х. Дулати атындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған
мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

Рыскиева Айжан Абуовна

Шымкент қаласы

Орта білім беру жүйесінің іргетасы бастауыш сыныптарда қаланады. Бұл - үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы маңызды сатысы.

Бастауыш білім беруде соңғы жылдары оқушы тұлғасын дамыту, бастауыш сынып оқушыларының оқу білігін қалыптастырып, олардың білім, білік, дағдысын жоғары деңгейге жеткізу мақсаттары қойылып отыр.

Озық ойлы, тапқыр да, нәзік сезімтал, пайымды шәкірттердің іскерлігін, мүмкіндігін ескеріп, бағыт-бағдар беру, ой-өрісін дамытатындай логикалық ой тастау әрбір ұстаздың міндеті. Біздің міндетіміз - дүниежүзіндегі жаңалықтар мен дамуларды назарға ала отырып, одан да жақсысын, тиімдісін ұсыну. Өйткені бүгінгі таңда барлық салада даму өте жедел жүзеге асуда. Әрине, дамудың негізі - білімде.

Әр бала жас кезінен еркін ойлауға, алдына қойған істі жоспарлап, оны соңына дейін жеткізуге, кедергілерге қарсы тұруға бейімделгені жөн. Сондықтан да әр сабаққа оқушылардың әр мәселеге сыни көзқарасын қалыптастырып, оларды ашық, еркін сөйлеуге баулу - әр ұстаздың міндеті.

Кәсіби қызмет барысында біліктілік арттыру курстарынан алған дәрістеріміз бен тренингтерден алған білімімізді өз тәжірибемізде қолдануға тырыстық. Сабақ процесінде ең басты тұлға «ОҚУШЫ» екенін түсіндік. Әрине, бұрынғы дәстүрлі әдістерге әбден қалыптасып қалған мұғалімге өзінің көзқарасын, философиясын өзгерту оңай емес.

Осы жаңартылған бағдарлама бойынша жұмыс істегенімізге біраз жыл болып қалды. Жаңа бағдарлама аясында оқушының тұлға болып қалыптасуына тиімді стратегияларды қолдана отырып, оқушылардың ойын, еркін сөйлеуін, тілін дамытып, бір - бірін тыңдай білуге, өзінің де басқаның да жауабын сын

тұрғысынан баға бере отырып, құрмет көрсетуге бағыт береміз. Осы орайда біз СТО стратегияларын меңгеріп, тәжірибе жүзінде қолдану барысында көптеген жетістіктерге жеттік.

Бұл әдістемелік нұсқаулықты жазудағы алға қойған мақсатымыз, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытуға жұмыстар жасай отырып баланың танымдық белсенділігін арттыру, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға мүмкіншілік беру аясында әріптестерімізбен тәжірибеден түйгенімізді ұсыну.

Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет-оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Демек, болашақтан бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесі деңгейінің даму бағытына байланысты.

Осы әдістемелік нұсқаулықта жаңартылған бағдарлама бойынша атқарып жатқан тәжірибемізді ортаға саламыз.

Сабақ мақсатына жету үшін мұғалім бірқатар белсенді оқу тәсілдерін қолдана алады. Тиімді оқытуды жоспарлауда бірқатар мәселелерді ескерген жөн.

- Сабақта көптеген жаттығу түрлерін жоспарлауға тырысу қажет. Әдетте баланың назары бір нәрсенің төңірегінде ұзақ шоғырланып тұра алмайтынын естен шығармау керек.

- Мұғалім сабақ барысында бір жұмыс түрінен екіншісіне біртіндеп ауысып, сабақтың мақсатын оқушылардың есіне салып отыруды ұмытпауы керек. Бұл оқушыларға жаңа жаттығуға біртіндеп көше отырып, тапсырманы түсінуге көмектеседі, өткен сабақта алған білімдерін нығайтып, оқушыларға іс жүзінде бірнеше дағдыны қатарынан шыңдауға мүмкіндік береді.

- Сыныппен өзара әрекеттестік стилін өзгертіп отыру қажет. Мұғалім сабақ барысында өзінің қанша сөйлейтіні туралы ойлануы керек. Оқушыларға сұрақ қойып, жауаптары бойынша сыныптың нені түсінгенін/түсінбегенін бағдарлаған дұрыс. Сабақта бүкіл сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін араластырып қолдану тиімді болады. Сонымен, мұғалім сабақтың құрылымдаған жоспарын жасағанда:

- оқу мақсаттарын анық, түсінікті түрде тұжырымдауы;

- сабақ жоспарының әртүрлі компоненттерінің тиісті бөліктерін қамтуы;

- логикалық жағынан реттелген, оқу мақсаттарына сай келетін жаттығулар мен тапсырмалар бойынша толық ақпарат ұсынуы;

- мақсатты білім мен дағдыларды қалыптастыруға арналған тиісті әдіс-тәсілдерді анықтап, проблемаларды алдын ала көре білуге және анықталған дағдыларға қатысты шешім ұсынуы.

Қазіргі таңда оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану - заман талабы болып отыр.

1. «Бұрыштар» тәсілі: Мұғалім оқушыларға сұрақ ұсынады және мүмкін төрт жауабын сыныптың төрт бұрышына орналастырады. Оқушылар өзіне дұрыс деген жауаптың қасына барып тұрады, таңдаған жауаптарын топтық жұмыста тұжырымдайды және өздерінің көз қарастарын дәлелдейді.

2. «Ойлан-жұптас-бөліс». Берілген тапсырма (сұрақ) бойынша әрбір оқушы жеке жұмыс жасау арқылы өз ойын қорытып, жұп болып пікірлерімен бөліседі; бұл бүкіл топтық талқылауға ұласады.

3. Stop-кадр. Stop-кадр - видеофильмнің бір сәтімен (кадр) жұмыс. Кадрды экранда тоқтатып қойып, сұрақтар қою арқылы оқушыларды диалогқа тартуға болады. Сыныпта жұптық жұмыс ұйымдастыруға да болады: оқушылардың біреуіне кадрды көрсетіп, екіншісіне осы көріністі толықтай сипаттап беруін тапсыруға болады, екінші оқушы оған нақтылау сұрақтарын беру арқылы көмектесуіне болады.

4. Дыбыстау. Фильмнен өткен тақырыпқа байланысты немесе оқушылардың деңгейіне сәйкес келетін үзіндіні дыбыссыз көрсетіп, оқушылардың рөлге еніп, дыбыстауын тапсыруға болады. Алдымен үзіндіні дыбысымен көрсетсе де болады. Дайындалуға оқушыларға жеткілікті уақыт беру қажет.

5. Серпілген сауал. Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында бірінен-біріне сұрақтарды «лақтыру»: мысалы, «Асан, Айнаның пікіріне қосыласың ба?», «Айна, Асанның жауабын тағы қалай толықтыруға болады?», «Асан, айтылған пікірлерді бір сөзбен қалай тұжырымдауға болады?»

6. «Сұрақты қағып ал». Мұғалім сұрақ қойған кезде оқушыларға бұршақ салынған қапшықты лақтырады. Бұл сұрау үдерісіне кинестикалық сипат береді және оқушыларды өз еркімен жауап беруге итермелейді. Оқушы жауапты білмеген жағдайда сұрақты басқа оқушыға лақтыруына мүмкіндік беріледі. Сұрақтардың қиындығына қарай оның бастапқы салмағын белгілеуге (ұпай арқылы) болады. Мысалы, қағып алған оқушы жауабын білмей, қапшықты басқа оқушыға лақтырса, сұрақтың құны 1 ұпайға кемиді. Бұл тапсырманы шағын топтардың арасында да қолдануға болады; мұнда мұғалім қапшықты кезекпен топтарға лақтырады.

7. «Допты лақтыру» Мұғалім доп лақтырып сұрақ қояды. Допты қағып алған оқушы сұраққа жауап беріп, өзінің сұрағын қояды. Егер оқушы сұраққа жауап бере алмаса, допты басқа оқушыға береді. Бұл әдіс теориялық сұрақтарды бағалауға, тілдік мақсаттардың орындалуына көмек береді.

8. «Сөзді тап». Қобдишаға тақырыпқа қатысты түйінді сөздер жазылған қағаз қиындылары салынады. Бір оқушы қобдишадан қиынды қағазды алып, 1 минутта ондағы сөздің өзін атамай сипаттап түсіндіруі керек. Сөзді тапқан оқушы келесі сөзді алып түсіндіруді жалғастырады.

9. «Конверттегі сұрақ». Әрбір оқушыға арнап конверт дайындаңыз және оқу мақсатына сәйкес 2-3 сұрақ жазып, конвертке салыңыз. Конвертті оқушыларға таратып 2 минут уақыт беріңіз: оқушы стикерде өз атын, сұрақтардың жауабын жазып конвертке салады және конвертті келесі оқушыға жібереді. Барлық оқушылар жауап бергенше конверттермен алмасады. Соңында стикерлерді жинап, бірнеше жауапты дауыстап оқыңыз (аттарын атамастан); сынып жауаптардың қаншалықты дұрыс болғанын талқылайды.

10. «Пікір алмасу» (Showdown). Әрбір топ тақырыпқа қатысты 5 сұрақ дайындайды. Әрбір сұрақты стикердің бірінші жағына, ал жауабын екінші жағына жазып, келесі топпен стикерлерін ауыстырады. Топ басшысы стикердегі сұрақтарды оқиды, топ мүшелері жауаптарын жазып дайындайды.

Көшбасшы белгі бергенде, барлығы өз жауабын ашады және жауаптарды талқылап, дұрыс жауаппен салыстырады.

11. Элективті тест. Мұғалім алдын ала әрбір оқушыға А, В, С, D, Е арқылы белгіленген түстері сәйкес ақ, сары, көк, қызыл, жасыл стикерді таратады. Әрбір сұрақты қойғаннан кейін 20сек. кідіріп, сыныптан тест жауабына сәйкес әріпті көтерулерін сұрайды. Өзін-өзі және бірін-бірі бағалауды жүзеге асыру үшін дұрыс немесе дұрыс емес жауаптарды диалог құру арқылы талқылайды.

I. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы бойынша бағалауға арналған критерий:

Үй тапсырмасын орындау барысындағы белсенділігі	1 ұпай
Сабаққа қатысуы	1 ұпай
Өз ойын еркін жеткізуі	1 ұпай
Романның мазмұнын білуі	1 ұпай
Романның құрылымын талдай білуі	1 ұпай
Топтық жұмыстағы бірлікті сақтауы және уақытты тиімді пайдалануы	1 ұпай
Тәртібі	1 ұпай

Ұпайды бағаға айналдыру.

7-6 ұпай – «5»

5-4 ұпай – «4»

3-2 ұпай – «3»

1-0 ұпай – «2»

Критерийлі бағалаудың тәжірибелік маңызы

Тек қана оқушы жұмысы бағаланады;

- Орындалған жұмыс алдын ала белгілі үлгімен салыстырылады;
- Оқушы өзінің жұмысын бағалауға мүмкіндік беретін нақты бағалау алгоритмін біледі және ата-анасына ақпарат бере алады;
- Критериалды бағалау белгілі оқу мақсаты бойынша бағаланады.

Қорыта айтқанда критериалды бағалау технологиясы оқушы бойындағы үрейленуді басады және мұғалімді «төрешілік» қызметінен босатып, оқушы бойында өзін-өзі бағалау, өз іс-әрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілетінің дамуына ықпал етеді. Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДАҒЫ СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ДАМУ

**№8 М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған
мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

Медетова Алия Оспановна

Шымкент қаласы

Бұл күнде білім берудегі ескі мазмұнының орнына жаңасы келуде. Жеке тұлғалықтың мәні оның қажеттілігі мен қызығушылығын қанағаттандыруға, баланың өзіне ғана тән тұлғалық сапаларын, өзіндік даму реакциясын анықтау, мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы өзіндік қарым-қатынасты қалыптастыру бүгінгі күннің талабы болып отыр. Қазіргі заман ағымына қарай білімнің күші бағаланып, оқу-ағарту мәселесі бағалануда. Қазақ тілі мұғалімінің, яғни біздің міндетіміз - мәдениетті түрде білімімен, іскерлігімен қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебесін көтеру, осы мақсатқа тез жететіндей тиімді жол іздеу.

Қазақ тілін оқыту - қиын да қызықты жұмыс. Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы және терең білім беру, олардың ойлау, көру қабілеттерін жетілдіру, уақытты дұрыс пайдалану, әртүрлі әдістерді қолдану, сабақты мазмұнды да қызықты өткізу, мұғалімнің жеке басының интелектісін дамыту, оқу іс-әрекетін, өтілетін тақырып мазмұнын аша білу. Сонымен жеке тұлғаны дарынды, білімді де білікті етіп шығару мұғалімнің педагогикалық шеберлігі. Яғни оқытудың жаңа инновациялық технологиясын қалыптастыру. Атақты ғалым В.М.Шепель «Технология, бұл - өнер, шеберлік, іскерлік әдістердің жиынтығы, жағдайдың өзгеруі» дейді.

Оқушының ойлау қабілетін байытуға игі ықпал ететін жаңаша оқытудың бір түрі - оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Сын тұрғысынан ойлау әдісі, оқытуда дамыған технологияға жатады. Бұл иллюстративті-түсіндірмелі, ішінара іздену. проблемалық, пікір-сайыс, ойын, шығармашылық, өзін-өзі дамыта оқыту әдістерінің жиынтығы. Сын тұрғысын оқу-тәрбие үрдісінде басқару мен ұйымдастырудың тиімділігі оқушылардың өз алдына белсенді дамуына негізделеді

Бұның мақсаты - барлық жастағы балаларды кез келген мазмұнға сын тұрғысынан қарауды үйрету. Кез келген қиыншылықтарды жеңуге, өз мәселелерін шешуге, әр түрлі жағдайларды сын тұрғысынан қарауға, екі ұйғарым пікірдің біреуін таңдауға, сапалы шешім жасауға үйрету қажеттігі айдан анық болып тұр.

Сын тұрғысында ойлау әдісі мұғалім қызметінде ұйымдастыра оқыту, оқушылардың жеке топпен жұмыс жасау негізінде білім алуымен ұштасады. Бұл стратегия оқушының жекелеген мүмкіндіктері мен қабілеттерін ашуға бағытталады. Бұл әдістің ерекшелігі оқу әдісінде қолданылады. Яғни оқушылардың ауызша және жазбаша тілін, ойлау, есте сақтау қабілетін, әрбір ақпаратқа, сонымен бірге өзінің және басқаның шығармашылығына сыни қарауына, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталады.

К.Ушинский «Мұғалім-өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімділігі жойылады», - деген даналығында. Белгілі ғалым Дайана Халперн «Сыни ойлау-ойлаған түп нәтижеге жету үшін танымдық техникаларды пайдалану арқылы шығармашылықпен әрі қарай бағыттап ойлану деген.» Сыни тұрғыдан ойлау дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы- білімнің дайын күйінде берілмеуі. Сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлау көбінесе баламалы шешімдерді

қабылдауға, бір нәрсені елестетуге, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді.

Әлем елдерінің біразы игерген әдіс-тәсілдер мен технология бұл күнде әрбір мұғалімнің басты құралы болып отыр. Технология дегеніміз - «Техно» латын тілінен алғанда, шеберлік іскерлік әдіс деген мағынаны білдіреді. Яғни, технология- бір істі орындағанда қолданылатын тәсілдер жиынтығы жүйесі, ілімі. Сондай-ақ сыни тұрғысынан ойлау әдісі, оқытуда дамыған технологияға жатады.

Бұл иллюстративті-түсіндірмелі, өз бетімен іздену, проблемалық, шығармашылық, ойын, пікірсайыс, өзін-өзі дамыта оқыту әдістерінің жинағы.

Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталады. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Мұғалімдер педагогикалық білімі бар және қосымша оқыту мен өз біліктілігін арттырушы субъектілер болғандықтан, оларда бұл дағдылар дамыған және іс тәжірибеде қолданылады деп ойлаймыз.

Нағыз сабақ - ол диалог, іздене, дайындала, кеңесе ұлт болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірибенің бірлігі.

Педагогикалық технологиялар оқыту мақсатына жетудің тиімді, ұтымды жолдарын көрсетеді. Кез келген оқыту технологиясы іс-әрекеттің қарқындылығы мен белсенділігін арттырғанмен, кей технологияларда бұл құралдар басты идеяны және нәтиже тиімділігінің негізін құра отыра, жеке тұлғаның жетілуіне, дамуына бағытталған. Олар: проблемалық оқыту технологиялары, дамыта оқыту технологиясы, сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастырудағы негізгі мақсатымыз:

1. Шәкірттеріме қазақ халқының өткені мен қазіргі тарихын үйрету.
2. Оқушының сөздік қорының көп болуына, сөйлей білуге үйрету.
3. Тың мәліметтерді тауып, зерттеуге, талдауға, қорытынды жасауға үйрету.
4. Пәнге деген қызығушылығын ояту.
5. Тақырыпқа қызығушылық танытқан оқушылармен жеке жұмыс, бағыт-бағдар беру.
6. Әр түрлі шығармашылық сайыстарға қатыстыру.

Мұғалімнің шығармашылық жұмысы ең бірінші сабаққа даярлықтан басталады, өтілетін сабақтың жоспарын құру, оны өткізу әдістері, оқушылардың қабілеттерін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, иллюстрация, техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды пайдалану. Мұғалімнің осы шығармашылық әрекеті арқылы оқушының шығармашылық қабілеті қалыптасады. Ал, шығармашылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы жүзеге асады.

Оқушыны шығармашылық ойлауға, жылдамдыққа, икемділікке, тапқырлыққа үйрету ол мұғалімнің әр сабағында қалыптасып отыратыны анық. Қазіргі білім берудегі жаңа әдістер оқушының өз бетінше білім алуына, танымдық белсенділігін арттыруға, шығармашылығын қалыптастыруға, кез-келген мәселе жөнінде өз пікірінің болуы және оны дәлелдей алуына ықпал

ететіндігі белгілі.М.Жұмабаевтың «Педагогика » деген еңбегінде «Сабақ барысында мұғалім оқушыға тақырыпты жеткізу үшін алдымен балаға жаңа беретін білімді жат күйінше емес, баланың бұрынғы таныс біліміне байлап берсін » делінген.

Қазіргі кезде қолданылып жүрген әдістерде бала бұрынғы өзі білетін нәрсенің ерекшеліктерін саралап, оның жетістігі мен қажеттілігі арқылы жаңа білімді алуға ұмтылады. Қайткенде де оқушының ойына, сезіміне серпіліс ендіруді мақсат еттім, дайын тақырыптар оқушыны қызықтырмайды, мұғалім оқушыны өзіне тең дәрежеде екенін есте шығармай, оны жеке тұлға екендігін қабылдап, сан алуан әрекет арқылы – ойды ұштау, жетілдіру, жеке тұлғаның өзіндік идеясын, көзқарасын, сенімділігін, жауапкершілігін біртіндеп дамыту жолдарын іздестіру - осының бәрі бүгінгі қажеттілік.

Әлемдік психолог-педагогикалық әдебиеттерде адамның ойлауын дамытатын мәселелерді А.Н.Монтъев, С.П.Рубинштейн, М.В.Занков т.б. атақты ғалымдар теориялық тұрғыдан қарастырған. Ойлау дегеніміз - ақиқат дүниені өзара барлық байланыс қатынастарымен сәулелендіретін, миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленетін процесс. Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаевтың сөзімен алсақ: «Ойлау жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта - ықыласы, құштарлығы болуы керек. Әдебиет сабағы - нағыз өнерге сүйіспеншілік оятатын, оқушыларды шығармашылыққа жетелейді.

Осылардың ішінде кейінгі жылдары сабақтарымызда қолданып жүрген «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасына тоқталайық. Оның мақсаты : адамның ойын ашық айта білуге, пікір алмаса білуге үйрету, мәселені сын тұрғысынан шеше білуге дағдыландыру. Ұжымда өз ойын ашық айтып қана қоймай, оны дәлелдей білуге, бір-біріне сыйластықпен қарап, пікірін құрметтеуге баулу. Мұғалімнің сабақтарда бұл жобаның әдістерін орынды, тиімді қолдана білуі, сол әдістерді әріптестеріне үйрете білуі шарт.

Осыған байланысты өзіміздің педагогикалық қызметіміздің негізгі мақсаты өзін-өзі дамытуға қабілетті, шығармашылық тұрғысынан ойлай білетін жеке тұлға қалыптастыру деп санаймыз. Сабақтарда және сабақтан тыс уақыттарда біз оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырып, дамытуға, логикалық ойлай білуге және өмірге бейімделуге үйретуге, алға қойған міндеттерін өз беттерімен шешуге үйретуге тырысамыз. Білім беру үрдісіндегі біздің рөліміз - тек ақпарат көзі болмай, танымдық қызметтерін ұйымдастыруда дұрыс бағыт беріп, жол көрсететін басшы болу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е. Шет тілін оқыту әдістемесі.- Астана, 2010. 260 б.
2. Амандықова Г.Н.,Мұхтарова Ш.Е. Шет тілін оқыту әдістемесі.- Астана, 2010. 260 б.

3. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. 2012ж
4. «Қазақ әдебиеті» газеті. №16 19-25 сәуір, 2013ж
5. «Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері» С. Мирсеитова, 2011 жыл.

ҚАЗАҚ ТІЛДІ ЕМЕС СЫНЫПТАРДАҒЫ САБАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ
№8 М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған
мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Әлімбек Айгүл Балиабайқызы
Шымкент қаласы

Сын тұрғысынан ойлау - оқушы мен мұғалімнің ойлау қабілеттерінің дамуы мен сөз шеберлігінің артуына үлкен септігін тигізетінін түсіндім. Оқушылардың өз бетімен ізденіп, зерттеген жұмыстарының мағынасын түсініп, ой елегінен өткізіп, білім алуға талпынып, Флейвелл айтқандай метатанымдық қабілетті меңгерген оқушы, мұғаліммен тең дәрежеде қызмет ете алатындығын байқадым. Сын тұрғысынан ойлана отырып, берілген тапсырмаларды топтасып орындауда және диалогтық қарым-қатынас арқылы білімді тез меңгеретіндігін білдік.

Оқушыны бақылағанымызда, Чиксентмихайи айтқандай өзінің алдына мақсат қою және Райан мен Деки айтқандай ішкі уәж болғанда ғана оқушының ынтасы мен қызығушылығы артатынын, мақсатына жету үшін талпынып, бір-бірлерімен диалогтік қарым-қатынасты жүргізе алатынын түсіндік.

Берілген тапсырмаларға сын тұрғысынан ойлана отырып, жауап беруге дағдыланады. Тізбектелген төрт сабағымдағы топтастыру әдісі бойынша, «XIX-XX ғасыр аралығында өмір сүрген қандай әнші- ақындарды білесіңдер?», «Жаяу Мұса кім?», «Жаяу Мұсаның қандай шығармаларын білесің?», «Үкілі Ыбырай кім?», «Үкілі Ыбырайдың қандай шығармаларын білесіңдер?», «XXI ғасырдың оқушысы қандай болу керек?», «Ақынның орнында сен болсаң, не істер едің?», «Сал-серілер мен қарапайым адамдардың бір-бірінен қандай ерекшеліктері бар деп ойлайсыңдар?», «Ақындар қандай кезеңде өмір сүрді?», «Үкілі Ыбырай кімдер үшін күресті деп ойлайсыңдар?» деген сұрақтар қойылғанда, «Венн диаграммамен», сөзжұмбақпен жұмыс жасаған кезде, слайдтан зерттеушілер мен әншілердің суреттерін жасыру барысында, сыни тұрғыдан ойлана отырып, оқушылар дұрыс жауап бергендігі мені қатты қуантты. Оқушыларға: «XIX ғасыр мен XX ғасырдың аралығында өмір сүрген қандай әнші-ақындарды білесіңдер?» деп сұрағанымда, Ә.Найманбаев, Біржан сал Қожағұлұлы, Үкілі Ыбырай, Жаяу Мұса Байжанұлы, Балуан Шолақ сияқты әнші-ақындарымыз бар екендігін сыни тұрғыдан ойлана отырып, жауап берді. Сыни тұрғыда ойлау тәсілі арқылы оқушылар сұраққа жауап бергенде, өздерін еркін ұстауға, ойлаған ойын толық жеткізуге дағдыланады.

Выготский айтқандай «ЖАДА» арқылы бір-бірлеріне көмек бергенде, көпіршелер құрылғанда, оқушының білімі артады. Оқушылар алға қойған мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдап, бағыт-бағдар беріп, мадақтап отыру керек. Диалогтік оқыту арқылы оқушының сыни тұрғыдан ойлау қабілеті

дамып, сабаққа деген ынтасы артатды. Бахтин, Мерсер, Велс, Вуд, Александер сияқты зерттеушілер айтқандай, сабақта оқушылар берілген сұрақтарға, тапсырмаларға диалогтік қарым-қатынас орнату арқылы жауап бере алады. Александердің зерттеуі бойынша, сыныптағы оқушылардың сыни тұрғысынан ойлау қабілеті артуы үшін, диалогтік қарым-қатынас орнату керек екендігін айтқан. Александер өзінің зерттеу жұмысында: диалогтің механикалық есте сақтау, декламация, нұсқаулық, талқылау сияқты бес түрін атап өткен. Ал Мерсер сыныптағы талқылауда диалогтік әңгіменің үш түрін зерттеген. Мысалы: пікірталастық әңгіме, топтық әңгіме, зерттеушілік әңгіме.

Оқушының сыни тұрғысынан ойлануына оң ықпалын тигізетін әңгіме түрі зерттеушілік әңгімесі болып саналады. Осы зерттеушілік әңгімені өз сабақтарымда жиі қолданамыз. Сабақтарымда зерттеушілік әңгімені құру мақсатында, үй тапсырмасы ретінде Үкілі Ыбырайдың өмірі мен шығармаларын зерттеп келуді оқушыларға түсіндірдік. Тапсырмаларға сәйкес қосымша материалдарды интернет желісінен ала алатынын айттық. Оқушыларға зерттеу жұмысын бергендегі мақсатымыз, сыни көзқарасын қалыптастырып, олардың зерттеушілік қабілеттерін анықтау болатын. Келесі сабағымда үй тапсырмасын сұрағанымызда, оқушылар зерттеу барысында көптеген материалдар тауып келгенін айтты. Ізденіп келген жұмыстарын алдымен топта жұптасып, кейін топтасып талқылап, топтың спикері айтты.

Оқушы қыз Жазира сегіз жасында ақын түс көріп, түсінде ақ сақалды қария кісі өзінің домбырасын ұсынғанын, Шөже, Орынбай, Арыстанбай, Тезекбай, Біржан, Ақан, Балуан Шолақ сияқты ақындардан үлгі-өнеге алып, шығармашылық қабілетін арттырғанын зерттеп келген. Ал «Жасқыран» тобы ақынның «Гэкку» әні 1934 жылы Бурсиловскийдің «Қыз Жібек» операсындағы Жібектің ариясы ретінде орындалғанын, 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнерінің 10 күндігінде Күләш Бәйсейітова орындап шыққанын, «Гэкку» әнінің 4 түрі бар екенін, ақын Кәкіма атты сұлу қызға ғашық болып, қызды аққу мен қазға теңеп, осы әнді шығарғанын, «мүмкін, ақын бұл қызға ғашық болмағанда, әнді парақ бетіне түсірмес пе еді?» деп, өзінің пікірін білдіріп, ақын сондықтан да әнді айтудан жалықпағаны туралы зерттеп келсе, «Тұлпар» тобы ақынның «Жиырма бес» атты әнін зерттеп, қанша рет талпынсаң да, жиырма бес жас қайта оралмайтынын айтып өтті. Ақмарал «Қыз Жібек» көркем фильмінде Төлеген рөлін сомдаған Құрманбек Тастанбеков осы - «Жиырма бес» әнін кереметтей етіп орындағанын, басқа да ақын-жазушылар «Жиырма бес» әнін өздерінше толғағанын айтып өтті.

А.Шерниязов өзінің «Жиырма бес» әнін ерекше толғап, жиырма бес, отыз, қырық жастың ерекшеліктерін жырлағанын айтты. Ақмарал екі ақынның өлеңін салыстыра отырып, А.Шерниязов өзінің өлеңінде, жастық шақты жарқылдаған найзағайға теңегенін, ал Үкілі Ыбырай «Жиырма бес» өлеңінде жастықты күнге, кәрілікті түнге теңегенін түсіндірді. Сондықтан «Жиырма бес» әнінің мазұнын тереңінен түсініп, біліп жүрсек, нұр үстіне нұр болатынын жасырмады. Аяжан Үкілі Ыбырайдың ұрпағын зерттеп келгенін айтты. Сәбденнен - Деріпсал тарайды. Сәбден Абылай ханның әрі досы, әрі даңқты батыры болған. Деріпсалдан-Сандыбай, Маңдай, Әбіле атты үш ұлынан әулет тарайды. Маңдайдан-Қосшығұл, Асайын. Үсейін. Сандыбайдан-Бөпіш,

Шалғымбай, Ыбырай. Әбіледен-Ілияс, Кенжеғали, Молдағали атты ұлдары дүниеге келгенін айтып өтті.

Сыныпта оқушылар зерттеушілік әңгіме құрғанда, оның сабаққа қызығушылығы, ынтасы мен оқу қабілеті артатынын сабақ барысында анықтай алдым. Оқушының бойында жаңа сабақты түсініп білуі, рефлексия жасай алуы сияқты қабілеттері болса, сонда оқушылар білімді тереңінен меңгеретіндігін түсіндік.

Оқушылар өздерінің зерттеу жұмыстарында талқылау жүргізгенде «мүмкін», «егер», «бәлкім», «сондықтан» деген сөздерді пайдалана отырып талдады. Топтағы оқушыларды сырттай бақылағанымда, олардың бірлесе жұмыс жасай алатынын, топта бір-бірінің пікірін тыңдап, бір шешімге келе алатынын білдім. Оқушылардың сыни тұрғысынан ойлау қабілетін арттыру мақсатында, электрондық оқулықтан «Қиянат пен әділетсіздік өріс алған тар заман» және «Еңбек деген байлық бар, ерінбеген жетеді» атты бейне таспаны көрсетіп, осы бейне таспалардан нені түсінгені жайлы эссе жазу керек екендігін түсіндіргенімде, оқушылар сыни тұрғыдан ойлана отырып, жеке жұмыс жасауға кірісті. Нәтижесінде эссені оқығанымда, оқушылардың ойлау қабілеті қаншалықты дамығандығын, өмірге деген көзқарасы қалыптасып, тіл байлығының мол екенін байқадық. «Эссе» стратегиясы бойынша өз ойынан әр түрлі пікірлер құрастырып, оны дәлелдеуге үйренеді.

«Сауалнама-интервью» стратегиясы да жаңа білімді меңгертуге үлкен септігін тигізеді. «Сауалнама-интервью» стратегиясы бойынша өтілген тақырыпқа талдау, салыстыру, зерттеу жұмыстары бойынша оқушы білімін жинақы түрде қорытындылауға болады.

Жалпы қызықты жаттығу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп отыру - сол тиімді әдістердің бірі. Қызықты жаттығулар балалардың ойлау белсенділігін арттырып, оларды есептеуге деген үлкен қызығушылық тудырады, осындай жұмыстар кезінде оқушылардың есте сақтау қабілеті арта түседі, математикалық тілі жетіледі.

Қызықты жаттығуларды орынды әрі шеберлікпен пайдалана білу сабақтың нәтижелігі мен сапасын арттырудың да негізгі тәсілдерінің бірі екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. V-VII сынып математика оқулықтарында кейбір тақырыптар бойынша қызықты тапсырмалар берілген. Қазіргі қоғамда болып жатқан түбірлі өзгерістерге байланысты әрбір мұғалім оқытудың сан қилы әдістері мен формаларын білулері қажет.

Қазіргі білім берудің мақсаты - танымдық қызметке деген тұрақты қызығушылығы қалыптасқан, өз бетімен бағдарлай, қызмет жасай білетін, өздігінен даму дағдылары қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Оқу процесінде оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру өзара тығыз байланысты екі міндетті есте тұтуды қажет етеді. Оқушылардың өзіндік жұмыстары - бұл мұғалімнің тікелей қатысуынсыз, бірақ оның тапсыруымен, оның басшылығымен және бақылауымен орындайтын жұмыс.

Өзіндік жұмысты орындау кезінде оқушы теориялық білімін кеңейтеді, тереңдетеді, белсенді іс-әрект барысында ойлау қабілеттері дамиды, ал ең бастысы өзіне деген сенімі нығайып, жауапкершілікке сезіну қалыптасады.

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруда жұмыстың міндетін түсіндіру, орындар алдында бағыт-бағдар, түсінік-нұсқау беру, оқушылардың мақсаты түрде жұмыс істеп, оның нәтижелі жемісті болуына ықпал етеді.

Дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыстардың оқу тәрбие процесіндегі мәні ерекше.

Оқушылардың білімдері біліктілік дағдыға айналу үшін, міндетті түрде оқушылардың өздері талпыну керек.

Мұнан кейін деңгейлік тапсырмаларды орындай білу керек. Тақырып бойынша жасақталған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өйткені, ол оқушының ойлауын, елестеу мен еске сақтауын, белсенділігі мен дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, оқыту үдерісі барысында СТО технологиясының кезеңдерінің ұтымды өткізілуі мынадай нәтижелерге кол жеткізеді:

- оқушылар басқалармен қарым-қатынас жасай біледі;
- басқаларды тыңдай білуге, кез келген жауапқа сыйластықпен және түсіністікпен қарауға үйретеді;
- өз ойын топ алдында ашық айта алуға, қорғай білуге баулиды;
- керек кезде өз көзқарасын дұрыс өзгерте білуге үйретеді, оның дамуын қамтамасыз етеді; ең бастысы - оқу мотивациясы өзгереді, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады, сабаққа қызығушылығы артып, балалардың белсенділігі өте жоғары болады.

Мысалы, М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасын талдау барысында әр оқушы өз ойын айтуға мүмкіндік алады.

Топтық жұмыс:

- а) оқушылар поэманы оқып, мазмұнымен танысады
- ә) Поэманың басты мақсатын ашады. Поэманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, бір-бірін толықтыру:
 - поэманың кейіпкерлерін атау;
 - неліктен Баян інісі Ноянды өлтірді? Талдау жұмыстарын, ең алдымен, оқушыларға поэмадағы басты оқиғаларды тапқызып, әрқайсысына тақырып бойынша сұрақ қойғызу арқылы бастаған тиімді. Оқушылардың өз бетімен ізденуін, белсенді түрде жұмыс істеуін көздеп, “осы оқиғадағы кейіпкерлер қандай іс-әрекет жасады” деген сұрақ беріледі. Бұл сұраққа жауапты балалар өз бетінше жеткізуге талаптанады және жұмыстарының нәтижесін дәптерлеріне жазып отырады. Баян мен Ноянға мінездеме беру бойынша жұмыс
- а) поэмадан кейіпкерлердің мінездерін айқын суреттейтін көрініс көрсетіледі; ә) сабақ барысында оқушылар өз таңдаулары бойынша «Поэмадағы ең бақытсыз жан» деген тақырыпта «5 минуттық эссе» жазылып, екі топқа бөлініп, әр топ мүшесі өзі тандап алған кейіпкердің өзгешелігін айтады. Балалар поэманың негізгі тақырыптарын айтады: Отанын, елін, жерін сүюге, адамгершілікке, сабырлыққа, мейірімділікке, басқа да өнегелі істерге үйрету. Осы тақырыптарға сәйкес мақал-мәтелдер айтылады. Ең соңында поэма мазмұны бойынша суреттер салынады.

Сабақты қорытындылау. Сауалдарға жауап айтқызу:

- 1) Баян мен Ноянның жағдайына тап болсаңдар, сендер не істер едіңдер?

2) М.Жұмабаев поэмасынан өздеріңе қандай тәлім-тәрбие алдыңдар?

Үйге: Поэма бойынша шығарма жазу немесе табиғатты суреттейтін жолдарын тауып, поэмаға қандай қатысы бар екенін анықтау.

Осындай сабақ барысында оқушылар өздерінің, бір-бірінің ой-пікірлеріне сын көзімен қарай отырып, жаңа тың идеялар туғызады. Сабақтар баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушылар мұндай сабақтарда оқудың қызықты әрі жеңіл өтетіндігін, ұжымды бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды.

«Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы, құзыреттілігі арқылы айқындалады.

Ұлтты ұлт етіп дүниежүзілік деңгейге көтеретін оның саналы да дарынды, талантты ұрпағы. Ал білімді ұрпақ, болашақ ел тірегін тәрбиелейтін, оқытатын-ұстаздар екені аян. Ендеше заман талабына сай оқыту, білім беру, модернизация деңгейіне жеткізу- біздің міндетіміз.

Сондықтан балаға білімді қалай игертсем, олардың сабаққа деген қызығуын қалай арттыра түсем деген мәселе қазіргі күні өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан біз мемлекеттік стандартқа сай, жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға қалыптастыруымыз керек.

Қорыта келе, біз мұғалімдер-шәкірттердің арманы болғымыз келеді, ертең өскен кезде де біздің түлектер ұстаздарына зор құрмет, мақтанышпен қараса екен деймін. Қазіргі қазақ баласына «Сен мықты азамат боласың!» - деп үлкен сеніммен қарап, оған таныс нәрсемен, оқушыны әр сабақта «Даналыққа ұмтылу-таңқалудан басталады», - деп таң қалдыра білуіміз қажет. Бүгінгі таңда тәлім-тәрбие алып жатқан бүлдіршіндер ертеңгі күннің тек білімді маманы емес, Отанын жанындай сүйетін, ұлттық тәрбиені және мәдениетті қастерлейтін рухани кемелденген азамат болып жетілу керек!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е. Шет тілін оқыту әдістемесі.- Астана, 2010. 260 б.
2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. 2012ж
4. «Қазақ әдебиеті» газеті. №16 19-25 сәуір, 2013ж
5. «Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері» С. Мирсеитова, 2011 жыл.
6. «Интерактивті оқыту әдісін қолданып, сабақты жоспарлау және басқару», Ж.А. Жартынова, В.Н. Ким, Н.О. Қойлық, А.Ш. Орақова, 2009 жыл.

ОҚУШЫЛАРҒА ТИІМДІ КЕРІ БАЙЛАНЫС БЕРУДІҢ 20 ЖОЛЫ

Шадман Ләйлә Ильясқызы
№57 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Зерттеулерге сүйенсек, кері байланыс неғұрлым жағымсыз болса, оқушылардың оқуы мен ынтасына кері әсерін тигізетінін көреміз. Оқушының оқуын жақсарту үшін, оқу жетістігін ілгерілетуде жағымды кері байланыстың ықпалы зор болады. Әйтсе де оқушының оқуына кері әсерін тигізбеу үшін, оның жұмысын дұрыс бағалауда кері байланыстың ең тиімдісін сұрыптай алу керек. Өз оқушыларының жұмыстарынан үнемі оң нәтижелерді көре білетін мұғалімдер - ұстаздардың ұстазы.

Мұғалім оқушыға кері байланыс беруде тек оның білімді меңгеруіне ғана емес, оның тәрбиесіне де жауапты болады. Яғни сыныпқа келген оқушы өзінің уақытының босқа өтпегенін сезінуі керек. Төменде мұғалімдерге пайдалы болуы мүмкін тиімді кері байланыс берудің 20 жолын ұсынып отырмыз.

1. *Кері байланыстың тәрбиелік мақсаты.* Кері байланыс оқушыға нені дұрыс, нені қате істегенін көрсету мақсатында беріледі. Дегенмен де басымдық оқушының нені дұрыс орындағанына бағытталуы керек. Себебі, оқушыға орындаған жұмысынан нені дұрыс орындағанын білу оның оқуын жақсартуға ықпал етсе, қателігін түзету - оның ілгерілеуіне септігін тигізеді. Бұл жерде «Сэндвич» әдісі өте тиімді болады. Мадақтау. Дұрыс жауап. Мадақтау.

2. *Кері байланыс беруде уақытты қатты ұстану.* Егер кері байланыс оқушының тапсырманы орындап бола салысымен дереу берілсе, оқушы айтылған ұсынысты қабылдап, дер кезінде нені дұрыс орындау керектігі жөнінде нақты түсінік алады. Егер кері байланыс беру уақыты созылып кетсе, оқушы кері байланыс пен өз әрекетін байланыстыра алмай, уақытты жоғалтып алады.

3. *Оқушылардың жеке қажеттілігіне мән беру.* Кері байланыс беруде әрбір оқушының жеке ерекшелігін ескеру керек. Кез келген сыныпта әртүрлі стильдегі оқушылар отыр. Кейбір оқушылар өздерінің қабілеттеріне сәйкес жоғары деңгейге жетуді қаласа, басқа оқушылар өз-өздеріне сенімсіздіктен келесі қадамды жасауға батылы бармайды. Оқушының сезімін жаралап алмау мен оған тиісті кері байланысты беру арасында тепе-теңдік ұсталуы қажет.

4. *Төрт сұрақ қою.* Төменде ұсынылған төрт сұраққа үнемі жауап беру арқылы оқушыларға тиімді кері байланысты қамтамасыз етуге болады. Бұл сұрақтар ата-аналарға кері байланыс ұсынғанда да қолдануға тиімді:

- Оқушы нені істей алады?
- Оқушы нені істей алмайды?
- Бір оқушының жұмысы басқа оқушының жұмысымен қалай салыстырылады?
- Оқушы нені жақсарты алады?

5. *Кері байланыста нақты білім мен дағдыны қалыптастыру.* Мұндай кері байланыстарда рубрикалар пайдалы құрал болып саналады. Рубрика – оқушыдан күтілетін нәтиже мен тапсырманы байланыстыру құралы. Тиімді рубрикалар – өздерінің орындайтын жұмысында оқушыны нақты ақпаратпен қамтамасыз етеді және белгіленген стандартқа бағыттайды. Кіші жастағы

оқушылар үшін рубрикаларды белгілеп беруге немесе стикерлер арқылы ұсынуға болады.

6. *Мақсатқа жету үшін оқушыларды үнемі «фокусте» ұстау.* Оқушыларға өз білімдерінің қандай деңгейде екенін біліп отыру үшін оларды жүйелі түрде қадағалап отыру маңызды. Ұсыныстар беру үшін жоғарыдағы төрт сұрақты қолдануға болады.

7. *«Бетпе-бет» конференциясы.* Оқушылармен бетпе-бет кездесіп сұхбаттасу - кері байланыс берудің ең тиімді жолдарының бірі. Оқушы үнемі өзіне мұғалімнің назар аударуын күтіп отырады және өзін мазалап жүрген сұрақтарын еркін түрде қоюға дайындалып отырады. «Бетпе-бет» конференциясы негізінде оптимистік бағытта болу керек, себебі ол оқушыны ынталандырып, келесі кездесуді асыға күтуіне өз ықпалын тигізеді.

8. *Вербальды, вербальды емес және ауызша формадағы кері байланыстар.* Кері байланыс беруде өз эмоцияңызды қатаң бақылауда ұстау керек. Вербальды емес кері байланыста беттің құбылуы, жестуқияция, мимика сіздің көзқарасыңыздың көрінісі болуы мүмкін. Сол себепті, кері байланыс ұсынуда бетіңізді тыжырайтпаңыз, өзіңізді қатаң бақылауда ұстаңыз.

9. *Бір мезетте бір қабілетке мән беру.* Оқушыға өзі орындаған әр жұмысы бойынша қателігін көрсетуде бір кемшілікті ғана айтқан жөн. Мысалға тілдік пәндерде бастауыш сынып оқушыларының жазба жұмысын тексеруде, мұғалім тек абзацтың қойылуын тексеруі мүмкін. Бұл оқушылардың назарының бір бағытқа шоғырлануына ықпал етеді. Келесі жолы жаңа фокус алуға болады.

10. *Оқушыларға/сыныпқа қосымша уақыт беру.* Құжаттарды топтастыру немесе тест тапсырмасымен жұмыс істегенде осы тәсілді қолданған тиімді. Себебі, қосымша уақыт ұсыну арқылы сапалы жазбаша кері байланыс беруге қол жеткізуге болады. Бұл тәсілді сонымен қатар, оқушыларға тақырып төңірегінде тереңірек мағлұмат алуға мүмкіндік беру үшін айналма диаграммасы арқылы мұғаліммен конференцияға шақыруға да болады. Оқушылар кезекпен мұғаліммен конференцияны күтіп, өздерінің сұрақтарын да дайындап отырады.

11. *Оқушыларды өзара кері байланыс беруге дағдыландыру.* Оқушыларға тиімді кері байланыс ұсынудың үлгісін көрсетіңіз. Бастауыш сынып мұғалімдері арасында, бұл тәсілді «жұптық конференция» тәсілі деп те атайды. Оқушыларға бір-біріне сындарлы кері байланыс беруге дағдыландыруда ұсыныстың позитивті және пайдалы болуын қадағалаңыз. Ол үшін оқушыларға «post-it» әдісімен өз ұсыныстарын стикерге жаздырдып, қолдау білдіріп отырыңыз.

12. *Басқа ересек адамдардан кері байланыс алу.* Оқушылардың жұмыстарына кері байланыс беруде басқа әріптес-мұғалімдерден кері байланыс алуға болады. Мысалға, елестетіп көріңізші, оқушы жұмысына мектеп директоры кері байланыс берсе, оқушының оқуға деген ынтасы қандай болатынын. Бірақ мектеп басшысының қолы тимеген жағдайда, мектеп әкімшілігіндегі басқа қызметкерлерден немесе мұғалімдерден кері байланыс алуға болады.

13. *Кері байланыс беруде оқушылардың ұсыныстарды жазып алуы.* Жазбаша тапсырмаларға кері байланыс беруде, оқушылардан өздеріне берілген ұсыныстарды қағаз бетіне түсіріп алуларын сұрауға болады. Нәтижесінде

оқушы ауызша берілген кері байланысты қайта оқу арқылы өз жұмысын жақсартуға мүмкіндік алады.

14. *Әрбір оқушының жеке жетістігін бақылап отыру үшін жазба жүргізу.* Сыныптағы әрбір оқушының күнделікті, апталық оқу жетістіктеріне берілген кері байланыстарды берілген мерзімі бойынша қағаз бетіне түсіріп отырыңыз. Оқушының қойған жақсы сұрақтары, даму аймағы, тест нәтижелері т.б. Әрине, бұл көп уақытты талап ететіні сөзсіз, әйтсе де оқушымен «бетпе-бет» конференция өткізгенде немесе ата-анамен сұхбаттасқанда бұл жазбалардың сізге қаншалықты көмектесетініне көзіңізді жеткізесіз.

15. *Оқушы жұмыстары мен ұсыныстарды сабақ басында таратып беру.* Оқушының орындаған жұмысы (тест, жазба жұмысы) мен оған берілген кері байланысты сабақ басында беріп қойса, оқушылар өз жұмыстары бойынша сұрақтар қойып, жақсарту бағытында тиісті шараларды жасауға көмектеседі.

16. *«Post-it» әдісін қолдану.* Өз жұмысына берілген кері байланысты ауызша тыңдағаннан гөрі, стикерге немесе жазбаша ұсынған әлдеқайда тиімді. Сабақ үстінде бос уақытыңыз болғанда оқушыға берген кері байланысыңызды стикерге жазып, оқушы үстеліне жапсырып қойыңыз. Оқушы стикерді көріп, өзінің жұмысын қайта жақсарту жолдарын қарастырады. Стикердегі ұсыныстан оқушы өзінің қай кезде «ағында», қашан «белсенділігі» төмен болғанын біліп отырады.

17. *Шынайы мақтау айту.* Оқушылар мұғалімнің әрбір сөзін мұқият бақылап отырады. Егер мұғалім үнемі «Жақсы жұмыс!» «Жарайсың!» сөздерін қолданатын болса, уақыт өте келе, ол сөздердің оқушы үшін мағынасы төмендейді. Оқушының дұрыс орындаған жұмысына мақтау айтқанда, оның алдыңғы жұмысынан қандай артықшылығы және өсу бар екенін атаңыз. Оқушының оқуындағы өзгерістер бойынша ата-анасына телефон шалып, хабарлап отырыңыз. Бұл жерде кері байланыс оқушының нақты меңгерген тәжірибелік білімі мен оның қабілеті қай деңгейге жетуіне мүмкіндік беретінін нақты жеткізу керек.

18. *«Мен байқадым...».* Оқушының тапсырманы орындаудағы әрбір мінезі мен әрекетін назарда ұстаңыз. Мысалға, «Мен сіздердің үлкен топқа біріккен кезде есепті шешудің ұтымды жолдарын тапқандарыңызды байқадым», «Сіз бұл аптада сабаққа мүлде кешікпей жүргеніңізді байқадым». Оқушы мұғалім тарапынан өз әрекетінің үнемі назарда болғанын сезінуі оған позитивті ықпал етіп, оқуын жақсартуға көмектеседі.

19. *Модель немесе үлгі ұсыну.* Оқушыларды бағалауда немесе кері байланыс ұсынуда көбірек әңгімеге тартыңыз. Жоғары қабілетті оқушыларды келесі деңгейге көтеру үшін кері байланыс беруде толық орындалған жұмыс үлгісі қандай болу керектігі жайлы үлгі немесе модель қолданған пайдалы.

20. *Оқушыларды мұғалімге кері байланыс беруге үйрету.* Бұл тәсілді қолдану үшін, өзіңіздің арнаулы немесе жоғары оқу орнын бітірген кезіңізді елестетіп көріңіз. Қолыңызға диплом алған кезде профессорға немесе оқытушыға курс барысында оқудың қаншалықты қиын әрі «қызықсыз» болғанын айта алдыңыз. Міне, осы секілді, әрбір сабақтан кейін, оқушыға да осындай мүмкіндік беріп, сабақтың қалай өткенін, «сіздің қандай мұғалім екендігіңізді» айтуға үйретіңіз. Мұндай тәсілді «жасырын» берген жөн. Толық жауап алу үшін түсіндірме

сұрақтарын ұсыныңыз: «Сыныпта сіздерге не ұнады? Не ұнамады? Егер мұғалімнің орнында болсаң, нені басқаша істер едің? Мұғалімнен нақты не үйрендіңіз?» Егер бұл бағытта неғұрлым шынайы кері байланыс алсаңыз, өзіңізге педагог ретінде нақты бағаңызды көре аласыз. Кері байланыс екі жақты жүретінін естен шығармаңыз: біріншісі мұғалім ретінде оқу мен ізденуді ешқашан тоқтатпау, екінші жағынан дағдыны үнемі жетілдіріп отыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақшолақов Т., Шығарманың көркем айшықтарын таныту, А., «Жазушы», 1998.
2. Ақшолақов. Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. Алматы. 1975ж.
3. Әбдешұлы Қ., С. Ч. Тұрсынғалиева «Қазақ әдебиеті әдістемелік нұсқау» «Арман ПВ», 2012
4. Әлімов А. Х. «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана «НЗМ»ДББҰ, 2014

САБАҚ ҮДЕРІСІНДЕГІ МҰҒАЛІМ КӨШБАСШЫЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Боранбаева Индира Сериковна
№57 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Ұлы Абайдың даналық сөздерінің дүниеге келгеніне қаншама уақыт өтсе де, өшпестей ұранға айналған қасиеттілігіне тіл жетпес байлық деп қастерлеп қараймыз. Иә, еңбек етеміз, жалыққан да емеспіз, біз үнемі іздену үстіндеміз, әлі де іздене береміз, іздене отырып дамимыз, жетілеміз. Өткен уақыт бізден осыны күтті, келешек бізден нені күтеді? Еткен еңбегіміздің далаға кетпесіне, біздер- мұғалімдер, ұзақ уақыт керек екендігін сабырмен, шыдамдылықпен нәтижесін көре алатындығымызға осы мамандықты таңдаған сәтте-ақ өзімізді дайындап қадам жасаған жандар болғандықтан да «қадірлі», «құрметті», «ұлағатты» теңеулерге лайықты ел үмітін арқалап табан тірей күресуден жалыққан емеспіз.

Жаңартылған білім беру мазмұнының меңгеру барысында «мұғалім- оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіру жұмысының көшбасшысы» екендігін түсіндік. Өз тәжірибеңді басқара отырып, мұғалім көшбасшы ретінде дамуы қажет екенін білдік. Өз тәжірибеңізде курстан алған білімдері мен әдіс-тәсілдерін ендіріп, жаңартылған білім мазмұны аясында бағдарламаның негізгі идеяларын қамти отырып, көшбасшылық жасау, өзгеру, алға қарай бет алу, ұмтылу, даму үдерісін іске асыру керекпіз. Бұл қарапайымды күрделендіру мен күрделіні қарапайым ету алдағы күннің еншісінде десек, ертеңнің бүгіннен басталарын айдан анық.

Жаңартылған білім мазмұны аясы Бағдарламаның идеясын мақсат етіп қоюды нақты, қолжетімді, шындыққа сай, өлшемге бағытталған болуын басты

назарда ұстауды үйретеді. Өзгерісті қажет еткен қоғамда өмір сүре отырып еш өзгеріссіз қалу мүмкін емес. Ал, бірқалыптылық, бір сарындылық, жылдар бойы бізге өзгеріссіз өмір сүрудің тоқтап қалғаны секілді ілгерушілік байқалғанын білдірмейді. Қазақта «жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» деген сөз бекерге айтылмаса керек. Сол үшін де өзгерісті жалғыз емес қоғам болып, бірлесе отырып жасауға әрекет жасауымыз керек.

Педагогикалық білім - білім берудің жалпы негіздерін, оқыту мақсаты мен міндеттерін білуге негізделетін оқыту мен оқу үдерістері, тәжірибесі мен әдістері туралы терең білімділік. Кез келген мұғалім үшін осы білімдер кешені қажетті болып табылады және оқушыны оқыту үдерісіне, сыныпты басқаруға, сабақты жоспарлау және өткізуге, оқушыларға баға қоюға қатысты мәселелерді қамтиды. Сонымен қатар педагогикалық білім құрамына сабақта қолданылатын тәсілдер мен әдістерді білу, мақсатты аудитория сипаты, оқушылардың оқу материалын меңгеріп алуын бағалау стратегиясы кіреді. Білікті мұғалім оқушылардың білімді меңгеруінің және дағдыларды қалыптастыруының үдерістерін түсінуге көмектесетін терең педагогикалық білімге ие, олардың ақыл-ой қасиеттерін, оқуға деген эмоциялық жағымды қатынасын дамытады. Шын мәнісінде, педагогикалық білім оқытудың танымдық, әлеуметтік және дамытушы теорияларын, оларды сыныптағы оқушыларға қатысты қолдану әдістерін түсінуде біліктілікті қажет етеді.

Баршаңызға белгілі қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп - үйрететін орта, ал, оның жүрегі - сіздер, құрметті әріптестер!

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтердің кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктерін іске асыру кезеңі келіп тұр.

Сондықтан білімалушылардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процессті ұйымдастыру сіздер мен біздердің қолымызда. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру-мемлекет алдындағы кәсіби міндетіміз.

Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз етуіміз керек.

Сөзіміздің соңын қорытындылай келе, бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша біздің көкейге түйгеніміз, тілдік дағдыларды жетік меңгерген, функционалды сауатты және бәсекеге қабілетті егемен елдің ұл-қыздарын білім нәрімен сусындатсақ, бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзіміздің бар күш жігерімізді салып,

елімізге пайдамызды тигізіп жатсақ, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А., Тіл тағылымы, А, «Жазушы», 1992.
2. Байжұманова Қ. «Оқуға ынталандыру-мұғалім біліктілігінде»// Қазақстан мектебі, 2008ж. №1
3. Белинский В. Г. // «Балалар кітапшалары туралы бірер сөз» 12-176. 1989.
4. Бітібаева Қ.. Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары, А., «Жазушы», 1990.
5. Бітібаева Қ.. М. Әуезов шығармашылығын мектепте оқыту А., «Жазушы»

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ТӘСІЛДЕРІ

Тайлыбаева Қымбат Бердибайқызы
№57 ЖОББМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Жаңартылған білім бағдарламасының өн бойында қарастырылатын мәселелер оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын және мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлау – қазіргі таңда Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Сыни тұрғыда ойлауға, сабақ барысында оқушыларға өз ойларын жеткізуге, білімдерін толықтыруға, жан - жақты ойластыруға, тақырыпты интерпретациялауға, дұрыс шешім қабылдауға, ынталандыру сұрақтарын қоюға айтылған болжамдарға күмәнмен қарауға мүмкіндік береді. Сын тұрғысынан ойлаудың дағдыларын дамыту сыныпта тиісті орта жасауды талап етеді.

Сыни тұрғыдан ойлауға үйретуде балаларға, жекелеп немесе топтарға олардың меңгерген білімдеріне негізделген әр түрлі тапсырмалар берілді. Аса қабілетті балаларға айтарлықтай жоғары деңгейде ойлауды дамытуға мүмкіндік беретін, проблемаларды шешу қабілеттері мен зерттеу қабілетін пайдалануды талап ететін күрделі тапсырмалар беруге болады. Бастапқы ойды немесе үдерісті түсіне алатындай етіп басқаларға қалай түсіндіру керек екенін түйсіну өте күрделі, сонымен қатар өте тартымды іс болып табылады.

Қабілетті баладан басқа балаларға қандай да бір нәрсені түсіндіруді немесе қандай да бір затты үйретуді өтінуге болады, басқа жастағы балалар үшін бірдеңе жазуды немесе жасауды сұрауға болады. Қабілетті бала басқаларға қарағанда негізгі міндеттерді жұмсауға аз уақыт жұмсайтынын болжауға болады, ал содан кейін айтарлықтай күрделі жұмысты орындауға кірісе алады (яғни, келесі оқу мақсатына көшпей, негізгі оқу жоспары мақсатының мәнмәтінінде оқытуды кеңейту және қиындату бойынша жұмыс істеу).

Көптеген қабілетті балалар қызығушылық пен ұмтылыстың жоқтығынан негізгі тапсырманы өте баяу орындағандықтан, мүмкіндігінің болуына қарамастан қосымша тапсырмаларды орындауға үлгермейді. Кей жағдайларда кейбір балаларға барлық тапсырманы орындамай («тығыздау» деген атпен белгілі болған әдіс), қосымша жұмысқа бірден кірісуге рұқсат етуге болады.

Балалар жалпы тапсырманы орындайды, бірақ олардың кейбіреуіне басқаларға қарағанда көп немесе кем қолдау көрсетіледі. Қабілетті балаға білімнің кейбір салаларында жеке көмек қажет болуы мүмкін, мысалы, жазба, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, оқу машықтарын немесе бірлесіп оқу машықтарын дамыту. Балалар ортақ тапсырма орындайды, бірақ айтарлықтай дамыған оқу немесе зерттеу машықтарын қажет ететін әр түрлі ресурстар беру арқылы тапсырманы сатылатып орындау арқылы оқушының ойлау деңгейін дамытуға болады.

Оқушылардың кейбіреуіне өзі жасаған жұмыстарын таныстыру үшін оқытудың балама әдістерін ұсынуға болады.

Сыныпта оқушыларды топтастырғанда оқушылардың танымдық қажеттіліктеріне қарай гомогенді гетерогенді топтар арқылы топтастыра отырып, ортақ тапсырма беруге болады. Қабілетті оқушылар құрдастарымен тапсырманы әртүрлі ақпарат көздерінен ала отырып, айтарлықтай жоғары деңгейде орындап шыға алады. Сондай - ақ олар ортақ тапсырманы орындауда әрқайсысы әртүрлі роль атқарады.

Сыныпта мұғалім оқушылардың деңгейіне қарай өзі қоятын сұрақтары мен оқушылар қоятын сұрақтарға жауаптарын саралайды.

Сыни тұрғыдан ойлау сұрақ қоюдың, дәлелдеудің басты дағдыларын және төмендегі қабілеттерді дамытуды көздейді:

- Айтқандарын негіздеуге және өзіміздің өмірлік тәжірибемізге қарай оны тәртіпке келтіріп, мәнін құруға әзірлік;
- Күн ілгері кесіп-пішіп қоюға ұмтылмай, сұрақ қою, тапсырма беру және басқалардың идеяларын сыни бағалау;
- Басқалардың өзінің пікірінді сыни бағалауына және өз пікірінің қате болуына ашық болу;
- Идеяларды сынау және «шындықты» іздеу.

Балаларға негізделген, әділ сыни тұрғыдан ойлауды қалай дамыту керектігін көрсету қажет. Оларға сұрақ қою, негіздеу, болжам жасау мен үлгілеу дағдыларын жаттықтыру қажет. Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту мыналар туралы негізді бағалауға үйрету дегенді білдіреді:

- Қалай, қашан және қандай сұрақтарды қою қажет.
- Қалай, қашан және қандай негіздеу әдістерін пайдалану керек.

Мысалы: «Қыз Жібек» жыры» тақырыбында өткізген сабағымда жырдың тақырыбын, мазмұнын, идеясын ашу үшін 4 топқа төрт түрлі тапсырма бердім: I топ: «Қыз Жібек» жырының зерттелуі; II топ: Жырдың мазмұны; III топ: Жырдың ерекшелігі; IV топ: Жырдың композициялық жоспары. Мұндағы мақсатым, жаңа білім бойынша өз болжамдары мен жобаларын талқылату, өзіндік қорытындыларының қаншалықты ғылыми шындыққа жақын екенін саралату, білімді өз бетімен алуға деген ынтасын, топтық жұмыстарға деген

белсенділігін арттыру болатын. Нәтижесінде бұл жырдың 15 нұсқасы бар екенін, бірақ көп нұсқалы болса да мазмұндық жағынан бір-бірінен алшақ еместігін, жырға сценарий жазылып, фильм түсірілгенін және оны әлемнің 43 елінде көрсеткендігін, жыр оқиғасының өмірде болған оқиғаға негізделгенін және адал махаббатқа құрылғанын т.т. мұғалімнің қатысуынсыз өздері тауып, дәлелдеп айтып берді.

IV топ, жырдың композициялық құрылымын жоспарлауда жырдың қалай басталатынын, оқиға қалай дамидынын, байланыс қай кезеңінде орын алатынын, жырдың ең шиеленіскен тұсы қай сәт, шарықтау шегіне қай оқиға кіретінін, шешімі қалай аяқталатынын сыни тұрғыдан ойлану арқылы ортақ шешім табу қажет болатын, топ мүшелерінің жобалауы, бірлесе отырып қабылдаған шешімдері дұрыс шықты, тек шарықтау шегін нақты жеткізе алмапты. Осы сабақта кестемен жұмыс арқылы кейіпкерлер бейнесін ашу тапсырылды.

Кейіпкер	Қандай?	Жырдан дәлел үзінді
1. Төлеген	Уәдесіне берік	Көктем шыға қазбен бірге келем
2.
3.
4.

Оқушылар кейіпкерлерді талдағанда, кейіпкерлердің іс-әрекетіне жан-жақты талдау жасап, олардың жан дүниесін ашатын сөздерді тауып сыни тұрғыдан баға беріп, өз пікірлерін жырдан үзінді келтіре отырып дәлелдеп жазып шықты. Нәтижесінде: оқушы сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің тәсілдерін қолдана отырып, алған біліміне рефлексия жасауды, бірлесіп, ұйымшылдықта топтық жұмыстарды орындауға, бірін-бірі үйретуге, білгенін ортаға салуға, сабаққа енжар қатысып отыратын және өз-өзіне сенімсіз оқушыларда ерекше белсенділік пайда болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ермекова Т.Н, А.А.Қасымбек, Н.О.Абдижаппарова, А.Б.Бипажанова «Қазақ тілі мұғалім кітабы» «Арман ПВ», 2016
2. Жұмабаев М.. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Сыздықова Р., Б. Шалабаев, Көркем мәтін лингвистикалық талдау, А., «Мектеп», Исабекова А.К. «Деңгейлік курстарда қолданылатын психологиялық тренингтер жинағы» Көкшетау, 2014.

4.Кәрішалова К. Кітапхана жаңа ғасыр мәденитетінде (балалар әдебиеті проблемалары)// Саясат. - №3. - 2006. - 28-29б.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУЫ

**Арыстанбекова Айжан Пернебековна
№99 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Шымкент қаласы**

Қазіргі таңда мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі - оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін меңгеріп, іс-тәжірибесінде үнемі қолдану. Заман ағымына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған мұғалім болу - уақыт талабы. «Мұғалімдер - қоғамның ең білімді, ең отаншыл, білгілеріңіз келсе, ең «сынампаз» бөлігі болып табылады», - деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев бекер айтпаса керек. Сондықтан да, бүгінгі таңда тәуелсіз елімізге білікті маман, өз ісінің шебері қажет.

Сапалы білім - ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Бүгін мектеп партасында отырған бүлдіршіндер ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету - мұғалімнің басты міндеті. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады", - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді. Осындай қоғамдық әлеуметтік мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту процесіне әсер ететіні сөзсіз. Кез-келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болсын, мұғалім мен оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді.

Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын білімді тұлғаны тәрбелеу мәселесін қойып отыр. Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыреттілік, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Білім беру жүйесіндегі мұғалім құзыреттілігі жансыз жаттанды білім түрінде емес, оқушының жеке тұлға ретінде танымға, ойлауға қатысын, әрекетке, белгілі бір мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижесін талдауға, ұтымды түрде ескертулер мен түзетулер енгізіп отыруға деген іскерлігінің белсенділігінен көрінеді.

Сонымен қатар оқушылар бойын тәртіпті, көпшіл болуға, мінез-құлық мәдениетін, жауапкершілікті және адамгершіліктің өзге де белгілеріне

тәрбиелейді, оқушылар бойында күш, ептілік, төзімділік секілді моральдық-ерік сапаларын қалыптастырады. Олардың бойындағы патриоттық сезім, яғни өз халқын, ұлтын мақтан тұту, жат қылықтарға төзбеу, намысшыл болу, салт-дәстүрді қастерлеу, оны білуге құштарлану, өз достарына, ұстазына, мектебіне деген сүйіспеншілікте болуы, еңбекқорлық, т.б.

Мұғалімдерге алғашында пән бойынша оқуды ұйымдастыруда оқу ресурстарын таңдау және өзінің сыныбының қажеттілігіне сәйкес бейімдеу оңай болмады. Оқулықты ресурс ретінде қолданудың орнына оқулықпен оқыта берген жағдайлар кездесті. Ол жағдайда оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмалардың берілмеуі әбден мүмкін. Сондықтан, бүгінгі мақаламда ресурстарға тоқталғым келеді. Ресурс деген не? Ғаламторда оған төмендегіше түсініктеме беріп, түрлеріне тоқталады. Ресурстар (французша ressource - құрал-жабдық, мүмкіндік), қосалқы қорлар - табыс, ақшалай және басқа қаражат, құндылықтар мен олардың көздері. Негізгі түрлері: ақпараттық ресурстар, банк ресурстары, бюджет ресурстары, еңбек ресурстары, қаржы ресурстары, материалдық ресурстар, табиғат ресурстары, экономикалық ресурстар, энергетикалық ресурстар т.б.

Оқытуда қолданатын ресурстардың бұл ресурстардан айырмашылығы қандай?

Оқыту мен оқуды жоспарлауда оқу мақсатына жету үшін мұғалімнің қолданатын ақпараттық ресурстары. Ақпараттық ресурстар - әлеуметтік мәні бар және қоғамдық іс-тәжірибеде пайдаланылатын ақпараттық материалдардың (ақпараттық құжаттардың, ақпараттың), сондай-ақ ғылыми-техникалық ақпараттың жиынтығы.

Қазақстан республикасының кейбір заңнамалық аспектілеріне ақпараттық-коммуникациялық желілер мәселері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі заң жобасына қол қойылды. Заңға сәйкес, Қазақстандағы интернет-ресурстары атап айтқанда портал, форум, блог, чат, WAP портал, интернет телевидение, дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары теңестірілді. Біз ақпараттық ресурстардың электронды және қағаз түрін қолдануымыз мүмкін. Оқытуда қолданылатын анықтамалық ресурстар:

- Сөздіктер;
- Пән бойынша ұсынылған кітаптар;
- Әдістеме туралы кітаптар, газет-журналдар;
- Оқулықпен бірге ұсынылған мұғалім нұсқаулығы;
- Әдістеме, пән бойынша білім негіздері туралы ақпарат беретін ғаламтор сайттары;
- Энциклопедиялар.

Анықтамалық ресурстарды қолданудың артықшылығына тоқталатын болсам:

- 1) Пән бойынша тілдік бірлікті (сөздің мағынасы, терминдер) жөнінде оқушыға лайықталған мәлімет ұсыну;
- 2) Сөздердің дұрыс қолданылуын, басқа сөздермен бірлікте айтылуы және жазылуын тексеру үшін;
- 3) Сабақтағы тілдік мақсатты жүзеге асыру үшін (функционалдық грамматика, коммуникативтік дағды үшін, т.б.);

4) Жаңа әдіс-тәсілдер мен жаттығуларды сабаққа қосу үшін (мұғалім нұсқаулығы, әртүрлі сабақ үлгілері, тапсырма түрлерін пайдалану);

6) Мұғалім нұсқаулығы (сабақ жүргізу туралы көп ақпарат береді, алайда белгілі бір сыныптағы жағдайға сай келе бермейді, сол себепті бейімдеп, толықтыру керек);

7) Сабақ немесе оқу материалдары жөнінде әріптестерден көмек сұрау.

8) Әдістеме, сөздіктердегі мәліметтер ескіруі мүмкін, сол себепті соңғы кезде шыққан материалдарды пайдалану (ғаламтор сайттарын пайдаланған өте қолайлы, іздеу ұзақ уақытты алмайды).

Мұғалімдер жиі қолданатын әдістемелік материалдар (<http://www.smk.edu.kz/>, <https://bilimland.kz/ru>) сайтында орналасқан. <http://www.smk.edu.kz/> сайтында мұғалімге көмек көрсетумен қатар, сұрақтарына жауап ала алатын диалогтік алаң-форум бар. Көп жағдайда сұрақтарымызға нақты жауап алып отырдық. Сонымен бірге сабақта қолдануға тиімді интернет ресурстар қатарына: Географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЗ), Сөздіктер (<http://www.lugat.kz/>, <https://kitap.kz/> әмбебап сөздік) Кітапханалар (<http://kazneb.kz/>, <https://nlrk.kz/page.php>)

Әдеби кітаптар (<http://adebiportal.kz/kz>, <https://kitap.kz/> <http://www.madenimura.kz/>) сайты қосуға болады.

Еліміздің барлық орта мектептеріне тегін қолдануға берілген www.Twig-BilimLand.kz сайтындағы видеоресурстар, аудиоресурстар сапалы болып отыр.

Қазіргі таңда шалғай ауылдағы мектеп мұғалімдері үшін негізгі оқыту ресурстары оқулықтар болып табылады. Оқулықтағы тиімді тапсырмаларды да жиі қолданамыз. «Атамұра», «Мектеп» және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ баспаларынан шыққан оқулықтардың тапсырмалары оқушы мотивациясын оятып, белсенді оқуға әкеледі.

Әдетте, оқулық бірнеше компоненттен тұрады:

- оқулық, мұғалімге арналған нұсқаулық, оқушының жұмыс дәптері (әр баспа әртүрлі дайындауы мүмкін);
- Мұғалімге арналған нұсқаулықтарда ұзақ мерзімді жоспардың бағдарламадағы ұзақ мерзімді жоспармен сәйкес келмеуі орын алған тұстар кездесті.

Мұғалім ең алдымен, оқу бағдарламасының 3-тарауындағы қосымша ұсынылған ұзақ мерзімді жоспармен сәйкестігін анықтауы тиіс. Оқулықтағы материал өте тиімді ұсынылса да, ол әрдайым сынып деңгейіне сай келе бермеуі мүмкін. Бұл жағдайда мұғалім берілген ресурсты, тапсырманы сынып деңгейіне сай етіп күрделендіріп немесе жеңілдетуі тиіс. Сондықтан сыныптың тілдік деңгейін анықтап алу қажет. Ол үшін мұғалім алдымен диагностикалық тест, сауалнама, сұқбат, т.б. жүргізеді. Кейде біздің оқулықты таңдау мүмкіндігіміз де болмауы мүмкін, бірақ оқулықта ұсынылған материалды тиімді пайдалана білуіміз керек.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша белсенді мұғалімнің ұстанатын белсенді оқу қағидатының бірі ресурсты дұрыс таңдай алуы болып табылады. Онда мұғалім өзі таңдап алатын ресурстарына мынадай сипаттар тән екеніне көз жеткізуі қажет:

- Ұйымдастырылған (қай жерде, қалай қолданатыны нақтыланған);

- Қолжетімді(оқушылардың әрқайсысының кедергісіз оқуы немесе тыңдауына жағдай жасалған);
- Ұжымдаса қолдануға қолайлы;
- Бәріне таныс(алдын ала оқушыларының тілдік деңгейін ескерген);
- Өзірленген(күрделендірілген немесе жеңілдетілген);
- Жүйелі қолданылады(ресурстарды тиімділігі ескерген);
- Уақыт өткен сайын күрделіп отырады;
- Сапасы жақсы.

Сонымен бірге мұғалімдердің оқушының жас ерекшелігі мен танымын ескеріп, ресурстарды таңдай алады. Көп жағдайда <http://www.smk.edu.kz/> сайтынан жүктелген орта мерзімді жоспарларда көрсетілген сілтемелерді қолданамын. Сонымен бірге төмендегі сайттардан ақпараттарды да қажеттілігіне қарай саралап қолданамын. Ақпарат іздеуде қолданатын сайттар қатарына: **GoogleScholar** - Ғылыми мақалалардың толық мәтінін барлық түрі мен пәндерді индекстейтін еркін қолжетімді іздеу жүйесін, google.com интернетте ақпаратты жылдам әрі қарапайым түрде іздестірумен қамтамасыз ететін іздеу сервері. <http://www.bing.com/>

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Акимова Т.А, Т.М.Копжасарова, З.Т.Кашкенова, Г.У.Дарменова «Разминки для тренингов» АОО НИШ ЦППМ, Астана, 2015
- 2.Ақшолақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы. 1993ж /2, 63-бет/
- 3.Ақшолақов Т., Шығарманың көркем айшықтарын таныту, А., «Жазушы», 1998.
- 4.Ақшолақов. Т.Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. Алматы. 1975ж.

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ДАМУ ТА ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ

Сырымбетова Гулнар Даткабековна
№99 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Шымкент қаласы

Елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, жаңа буын оқулықтарының негізінде жасалған бағдарламалар бастауыш мектептің жаңа жүйеге көшуін, әрбір мұғалімнен жаңаша жұмыс істеуін, батыл шығармашалық ізденісін, оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыруды талап етеді. Сондықтан, мұғалім өз білімін жан-жақты жетілдіре отырып, оқушыны қызықтырып оқыту керек екені сөзсіз. Ұлы неміс педагогы А.Дистервег: «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді» - деген.

Адамзат баласының өз ұрпағын оқыту, тәрбиелеудегі ең озық, тиімді, ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдарын іздеу, классикалық педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту жалғаса бермек.

«Педагогикалық технология» дегеніміз не? Технология - *tehne* (шеберлік, өнер, білім) деген мағынаны білдіретін грек сөзі. Академик В.М. Монаховтың айтуы бойынша: технология-оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы, оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі. Ал педагог-ғалым Беспалько өзінің «Слагаемые педагогической технологии» деген еңбегінде былай дейді: «Оқу тәрбие процесінің алдын ала жүйелі түрде жоспарлануы және оның тәжірибеде жүзеге асуы - белгілі бір педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асу жобасы».

Бұл мәселе жалпы білім беретін мектептерге байланысты айтылып тұрғандығы белгілі. Еліміздің болашағы орта мектептен толық қанды сапалы білім алған, оның бағдарламасын толық меңгерген баладан, яғни, оқушыдан шығары анық, өйткені, ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар - бүгінгі мектеп оқушысы. Мектепте жұмыс атқаратын әрбір мұғалімнің алдына қазіргі таңда қойылатын талап өте үлкен болып отыр. Мұғалім өзінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырып, оны меңгеріп, сол жаңа педагогикалық технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде жүйелі пайдалану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруы қажет.

Дамыта оқытуда мұғалімнің басты міндеті:

- 1) Оқу әрекетін қалыптастыру, айналадағы дүниемен белсенді әрекеттестік, этикалық, эстетикалық қарым-қатынасқа дайындау, дара тұлғалық адамгершілік қалыптарын меңгерту.
- 2) Оқу барысында баланың бойындағы дамытуды қалыптастыруды дағдыға айналдыру.
- 3) Оқу мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу.
- 4) Сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу.
- 5) Білім алушының сезіміне әсер етіп, логикалық ойын дамыту.
- 6) Жалпы білім алушының жан дүниесін дамыту.

Дамыта оқыту технологиясының нәтижелері:

1. түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
2. оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
3. олардың әрқайсысының деңгейін анықтауға болады;
4. оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік бар;
5. оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді;
6. оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылығы, шығармашылық белсенділігі артады;

В.В. Давыдов: «Дамыта оқыту дегеніміз - ақыл - ойдың дамуының көрсеткіші ретінде жинақтай, қорытындылай алу дағдысы» - дейді.

Дамыта оқыту жүйесіндегі сабақтардың типологиясы:

- Оқу міндетін қою сабағы
- модельдеу сабағы
- түсінікті нақтылау сабағы

- нақтылау сабағы
- бағалау сабағы.

Дамыта оқыту жүйесіндегі технологиялардың құрылымдық сипаттамасы.
 Қолдану деңгейіне қарай: жалпы педагогикалық.
 Философиялық негізіне қарай: гумандық.
 Психикалық даму факторына қарай: социатектік, психотектік.
 Игерудің ғылыми тұжырымдамасына қарай: рефлаторлық, дамытушылық.
 Мазмұндық сипатына қарай: білімдік, тәрбиелік.
 Басқару мипіне қарай: шағын топтар жүйесі.
 Ұйымдастыру формасына қарай: сыныптық, сабақтық, топтық және жеке.
 Балаға қатынас амалына қарай: тұлғалық, бағдарлық.
 Басымдық танытатын әдісіне қарай: дамытушы.
 Оқушылар категориясына қарай: жалпы.
 Жетілдіру бағытына қарай: балама.

Дамыта оқыту жүйесінің дидактикалық ұстанымдары:
 Кешенді дамытушы жүйе негізінде мақсатты бағытталған даму;
 Теориялық білімнің басты рөл атқаруы;
 Мазмұнның толықтығы мен жүйелілігі;
 Материалды игеруді қарқынды жүргізу.
 Оқытуда эмоционалды үрдісті іске қосу;
 Мазмұнды проблемаландыру;
 Оқыту үрдісінің вариативтілігі;
 Барлық оқушыны бірдей дамыту жұмыстарын жүргізу.
 Инновацияны қолдану дегеніміз, инновацияны шаблон, трафарет ретінде пайдалану емес, өйткені әр мұғалімнің өз іс тәжірибесі бар. Бірақ, инновацияны қолдану арқылы мұғалім өз іс тәжірибесін байытып, еңбегін жеңілдетіп, белгілі бір нәтижеге жету-педагогиканың ең асыл заты болып табылады. К.Д.Ушинский айтқандай, іс тәжірибе толық көшіріліп алынбайды, тек оның негізгі ойы ғана алыну мүмкін. Осы негізгі ойды түсініп оларға шығармашылық көз қараспен қараған мұғалім технология бойынша жұмыс атқара алады.
 Өмір талабы бойынша оқушы қазіргі кездегі сабақта қонақ болып отырмай, оның негізгі кейіпкері болу керек. Осыған қарай нәтижеге жеткізсе, әр технология тиімді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А., Тіл тағылымы, А, «Жазушы», 1992.
2. Байжұманова Қ. «Оқуға ынталандыру-мұғалім біліктілігінде»// Қазақстан мектебі, 2008ж. №1
3. Белинский В. Г // «Балалар кітапшалары туралы бірер сөз» 12-176. 1989.
4. Бітібаева Қ.. Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары, А., «Жазушы», 1990.
5. Бітібаева Қ.. М. Әуезов шығармашылығын мектепте оқыту А., «Жазушы»,
6. Ермекова Т.Н, А.А.Қасымбек, Н.О.Абдижаппарова, А.Б.Бипажанова «Қазақ тілі мұғалім кітабы» «Арман ПВ», 2016

ДАМЫТА ОҚЫТУ ТҮРҒЫСЫНАН АЛЫНҒАН ПӘН МАЗМҰНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дуйсенова Куля Абдикаимовна
№99 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Шымкент қаласы

Дамыта оқыту технологиясы - оқушының алған білімін өзіндік ойлаумен ұштастыратын бірден-бір әдіс. Бұл технологияларды қолдану көркем шығармалардың мәтіні арқылы сөздің мағыналық - қисындық құрылымына назар аударуды қажет етеді. Әдеби мәтіндердің көркемдік- тілдік ерекшеліктерін ажыратуға негіз болады. Көркем туындының мазмұнын түсініп, оны талдау барысында проблемалық сұрақтарға жауап беруді қамтамасыз етеді. Дамыту технологиясы әдебиетті оқытуда оқушыны жан-жақты ізденуге, өзіндік ой-тұжырымдарын жасай алуға, сонымен қатар, тұтас көркемдік талдау жасауды үйретеді.

Дамыта оқыту технологиясы - оқушының оқу, білім алу процесінде жан- жақты дамуын оқытудың басты мақсаты ретінде қабылдайды.

Дамыта оқыту идеясын әдіскер ғалым В:В Давыдов ұсынған. Даму дегенде оқушының ойлауы, табандылығы, зейіні, оқу дағдысы мен іскерлігі тағы басқа да қабілеттерін дамытуды айтамыз.

Оқушының ойлауы дамуының маңызды шарты - оқушыда ойлау мәдениетінің болуы. Сондықтан оқу процесі оқушылардың анализдеу, синтездеу, себеп - салдар байланыстарын табу, жалпылау, қорытынды жасау, түрлерге бөлу, салыстыру - сияқты интеллектуалдық дағдыларын дамытуы тиіс.

«Дамыта оқыту»-деген термин психология ғылымының қойнауында туып, баланың дамуын қарастырған (Ж.Пиаже), ойлаудың әртүрлі деңгейін, типтерін (Л.В.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн) және басқа да психиканың функциясын зерттеген (Б.Г.Ананьев, Г.С.Костюк, А.А.Люблинская, Н.А.Менчинская) және т.б.іс-әрекет теориясының психологиясын жасаған (А.Н.Леонтьев, П.Я.Гальперин) еңбектерінде жан-жақты талданды. Нәтижеде дамыта оқыту проблемасына арналған екі іргелі эксперимент жасалып, оның бірін Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, ал екіншісін Л.В.Занков басқарады.

Кейінгі жылдары дамыта оқыту психология мен педагогика ғылымдарының келелі мәселесіне айналды. Жүйенің авторлары «дамыта оқыту деп - оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқытуды» атайды. Оқыту арқылы баланың психикасында жаңа құрылымдар пайда болуы, яғни жаңа сапалық өзгерістер болуы тиіс деп есептейді. Жүйенің басты мақсаттарының бірі- баланы оқыта отырып жалпы дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әрі қарай ұшқырлау, тұлғалыққа бағыттау.

Дамыта оқыту - дәстүрлі оқытуға соңғы уақыттарға дейін балама жүйе деп қарастырылды. Оның нәтижесінде әр оқушы өзін-өзі өзгертуші субъект

дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасау үлкен нәтиже берді.

Дәстүрлі оқыту әдістемесі негізінде метафизикалық (сандық, мазмұндық) әдіснама, ал дамыта оқыту технологиясының негізінде диалектикалық (интенсивті, сапалық, мәнділік) әдіснамасы жатыр деп айтуға болады. Дәстүрлі оқыту балада білім, білік, дағды алуға қажетті ақыл, сана бар деп есептеп, сол ақылға дайын білімді құю керек деген көзқарасқа, ал дамыта оқыту бала бойындағы табиғи қабілеттерді, ойлауды, жаңа белестерге көтеруді мақсат тұтатын принциптерге негізделген. Дәстүрлі оқыту жаттауға, есте сақтауға, ал дамыта оқыту дербес жұмыс істеуге, алған білімді пайдалана білуге үйретеді.

Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор.

Біріншіден - дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезіну арқылы сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі түрткілері пайда болады.

Екіншіден - дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. «Жақсы оқушы», «Жаман оқушы» ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады.

Үшіншіден - оқушының жеке басын дамытатын басты құрал - ол өзінің әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды.

Төртіншіден - дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді. Сол себепті дәстүрлі жүйедегі әміршілдік стиль бұл жерде тиімсіз, оқушы - орындаушы», «мұғалімнің тасасындағы» объект емес.

Оқу - адамның психикалық дамуының формасы, элементі. Кез келген оқыту белгілі бір мөлшерде адамды дамытады.

«Даму» ұғымы сөздікте «... мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып, сапалық өзгерістерге айналуы,»-деп түсіндіріледі.

«Даму» ұғымының психологиялық анықтамасы-жаңарту процесі, жаңаның өмірге келіп, ескінің жоғалуы деген мағынаны береді. Барлық табиғат құбылыстары сияқты бала психикасы да үнемі диалектикалық жолмен дамып, өзгеріп, бір деңгейден екінші деңгейге өтіп отырады.

Ал адам ұғымының психологиялық анықтамасы - жаңару процесс жаңаның өмірге келіп, ескінің жоғалуы деген мағынаны білдіреді. Барлық табиғат құбылыстары сияқты бала психикасы да үнемі диалектикалық жолмен дамып, өзгеріп, бір деңгейден екінші деңгейге өтіп отырады. Ғалымдардың зерттеулері баланың даму процесіне үш түрлі күш пен үш түрлі фактордың қатысатындығын дәлелдейді.

1. Биологиялық фактор. Бұл ата-анадан ауысқан, туа біткен және өмір сүру барысында қабылданған дененің барлық мүшелерінің, оның барлық жүйелі

құбылысының ерекшелігін білдіретін, бала организмінің ортамен қарым-қатынасының нәтижесі.

2. Әлеуметтік фактор. Бала өмір сүретін орта, ең алдымен адамдардың ортасы. Бұл сондай-ақ баламен қарым-қатынас жасайтын адамдардың сипаттары, мінез-құлық және ақыл-ой бейнелері, олардың мүдделері мен пікірлері, істері мен сөздері, талаптары мен дағдылары, ұмтылыстары, яғни бала өсіп дамитын рухани орта.

3. Баланың өз белсенділігі. Даму процесіне әсер ететін бұл үшінші күш болып саналады.

Оқитын пән қандай да жаңа, бағалы болмасы, мұғалімнің шеберлігі қаншама жоғары болмасы, егер мұғалім баланың өз белсенділігін туғыза алмаса, оған ұсынылған іс пен еңбекте баланың әрекетке қатынасуы әрекет күткеннен нәтиже бермейді. Баланың организмі дамуы мен жеке басы ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады.

Оқыту мен дамыту арасында тығыз байланыс бар. Ғалымдар алғаш рет бала дамуының екі аймағы болатындығы жайлы теория ұсынады.

1. Бала дауының жақын аймағы - баланың тек үлкендердің көмегі арқылы атқара алатын істері.

2. Бала дамуының қол жеткен аймағы - баланың үлкендердің көмегінсіз істей алатын істері.

Дамыта оқытудың В.В.Давыдов жасаған жүйесінің көздеген мақсаттарына жету тек баланың белсенділігіне байланысты. Осыған орай, бұл жүйенің әдіс-тәсілдері де оқушының белсенділігін ұйымдастыруды, талдап, көмектесіп отыруды көздейді. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсу керек. Содан барып, оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабәқ мынадай жағдайда үш құрамдас бөліктерден тұратын болады:

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.

2. Оны шешудің жолдарын бірлесе қарастыру.

3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл үшеуі - дамыта оқытудың В.В.Давыдов жасаған жүйесінің негізгі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмабаев М.. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992.

2. Сыздықова Р., Б. Шалабаев, Көркем тексті лингвистикалық талдау, А., «Мектеп», Исабекова А.К. «Деңгейлік курстарда қолданылатын психологиялық тренингтер жинағы» Көкшетау, 2014

3. Кәрішәлова К. Кітапхана жаңа ғасыр мәдениетінде (балалар әдебиеті проблемалары)// Саясат. - №3. - 2006. - 28-29б.

4. Мектептегі кітапхана «Кітап-білім бұлағы» 2011ж. №5. 10-11б

5. Нұрғалиева. Г.Қ Педагогиканық логикалық-құрылымдық курсы,- Алматы, 1996.

ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНУҒА ТИІМДІ ӘДІС- ТӘСІЛДЕР, ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ

**Өмірәлиева Гүлмира Низамбекқызы
№99 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Шымкент қаласы**

Сөз ұғымын меңгерту арнайы логикалық жаттығулар арқылы оқылады. Тіл байлығын дамыту мәселесі - күрделі әрі ұзақ жүргізілетін процесс, сондықтан бастауыш сыныптарында тіл байлығын дамыту жұмыстарының алдына белгілі бір мақсат қойылады. Тіл байлығын дамыту жұмысын белгілі тақырыптарға негіздей отырып, мұғалім тілдік процестің төмендегідей басты мәселелерін үйрету мақсат етуі керек.

Ол мәселелер мыналар: белгілі бір тақырыпты оқытуға байланысты оқушының сөздік қорын байыту арқылы оқушылардың тіл байлығын дамыту, мәтінде кездесетін жаңа сөздерді үйрету, мағынасын ұқтыра отырып, оларды жасайтын формаларын меңгерту, сөйлем құрауға үйрету, ойын ауызша және жазбаша сауатты жеткізе білуге дағдыландыру, сөз бен сөзді байланыстыруға машықтандыру.

Тіл байлығын дамыту - үнемі жүйелі түрде жүргізіліп отыратын оқу жұмысы. Олай болса, тіл байлығын дамыту дегеніміз оқушылардың сөз байлығын арттырып, әр сөзді орынды қолдануы, ойын жүйелі түрде жеткізуі. Тіл байлығын дамыту оқушылардың ойлау қабілетімен тығыз байланысты болғандықтан, олардың ойлау процесі үнемі кеңейтіп отыру мұғалімнің басты нысанасы болуға тиіс. Сондықтан бастауыш сыныбында тіл байлығын дамыту жұмыстары оқушылардың жалпы ойын дамытуға бағытталады. Демек, оқушылардың тілін байлығын дамыту - олардың жалпы ойын дамыту деген сөз.

Енді біз оқушылардың сөздік қорын байыту арқылы, тіл байлығын дамытуға арналған жаттығулардың негізгі түрлеріне тоқталайық.

Бастауыш мектептің бірінші сыныбы үшін логикалық сөз топтарының төмендегідей негізгі типтерін ұсынуды дұрыс көреміз:

- 1) жеміс аттарын білдіретін сөздер (алма, шие, жүзім, өрік.)
- 2) көкөніс аттарын білдіретін сөздер (қауын, қарбыз, қияр, сәбіз).
- 3) үй жануарларының аттарын білдіретін сөздер (қой, ешкі, сиыр, жылқы, түйе.).
- 4) төл аттарын білдіретін сөздер (қозы, құлын, бота, лақ, бұзау).
- 5) құс аттарын білдіретін сөздер (үйрек, қаз, тауық, торғай, бүркіт).
- 6) киім аттарын білдіретін сөздер (көйлек, шалбар, шапан, тон, ішік, жейде).
- 7) ыдыс аттарын білдіретін сөздер (кесе, қасық, шанышқы, табақ, тостаған.)
- 8) аң аттарын білдіретін сөздер (аю, түлкі, қасқыр, арыстан, піл).
- 9) ағаш аттарын білдіретін сөздер (қарағай, қайың, терек, шырша).
- 10) дене мүшелерінің аттарын білдіретін сөздер (бас, қол, аяқ, көз, мұрын.).
- 11) үй заттарының аттарын білдіретін сөздер (кілем, алаша, орындық, диван, теледидар).

12) кісі аттарын білдіретін сөздер (Болат, Сәуле, Айгүл, Ақмарал).

13) дақыл аттарын білдіретін сөздер (бидай, арпа, тары, сұлы.).

Берілген сөз типтеріндегі сөздер міндетті түрде логикалық жүйелілік ұстанымы бойынша оқытуды керек етеді. Яғни, әрбір сөз топтарын бөлінбей игертіледі. Мұның өзі арнайы сөйлем құрамдарын жасауды керек етеді.

Осындай сөйлем құрамдарының логикалық, байымдауға байланысты екі түрі бар: біріншісі, жалпылауыш компоненті бұрын (мысалы, төлдер: лақ, бота, бұзау), екіншісі санама (түсіндірме) компоненті бұрын келген сөйлем құрылымы (мысалы, қозы, лақ, бұзау, бота - төлдер). Аталған сөйлем құрамындағы белгілі заттың ұғымды білдіретін жеке сөздерді бір сөзбен атауға, жалпы атауды жеке-дара таратып, талдап айтуға үйрету арқылы оқушылардың таным жүйесін, жалпы ой-өрісін дамытуға үлкен мүмкіндіктер жасайды.

Оқытуда пайдалануға тиімді әдіс-тәсілдер:

«Коллаж әңгіме»

Ұйымдастыру: топпен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сыни ойлау және коммуникативтік дағдыларын дамыту.

Сипаттамасы: оқушыларға түрлі-түсті суреттері бар журналдар беріледі. Олар журналдардан қиып алып алған суреттерін флипчартқа жабыстырып, әңгіме құрастырады.

Қалыптастырушы бағалау түрлері:

Қалыптастырушы бағалау әдістерінің басты ерекшелігі оқушылардың түсіну қабілетін бағалауда, сондай-ақ оқушылардың аналитикалық құралдар мен мысалдарды қолдануында танымдық прогресін анықтау. Мұндай бағалаудың қорытындыларын оқыту деңгейін жақсарту барысында қолдануға болады.

«Нені қайда қою керек?»

(Заттардың кеңістіктегі орны)

Дидактикалық мақсаты. Санауға үйрету. Заттардың кеңістіктегі орны жайындағы түсініктер қалыптастыру.

Қажетті құрал - жабдықтар. Геометриялық фигуралар. Жылжымалы сөрелер. Ойын мазмұны. Тақтаға бірнеше оқушы шақырылады. Мұғалімнің басшылығымен төмендегідей тапсырмалар орындалуы тиіс. Жоғарғы сөреге қызыл дөңгелекті, оның астына төменгі сөреге жасыл дөңгелекті; қызыл дөңгелектің оң жағына - көк шаршыны (квадрат), ал сол жағына - жасыл үшбұрышты, жасыл дөңгелектің оң жағына сары үшбұрыш, ал сол жағына жасыл шаршыны (квадрат) қой.

Әр сөреге неше зат қойдың? Олар жайында не айтар едің? Барлығы неше зат қойдың? - деген сұрақтар қоя отырып, ойынды әрі қарай жалғастыруға болады.

«Нені қайда қою керек?» (Салыстыруға)

Дидактикалық мақсаты. Санауға үйрету. Геометриялық фигураларды әртүрлі белгілеріне қарай салыстыру.

Қажетті құрал - жабдықтар. Түрлі геометриялық фигуралар. Магнитті тақта.

Ойын мазмұны. Тақтаға оқушы шақырылады. Түстері, өлшемдері, пішіндері әртүрлі геометриялық фигураларды магнит тақтаға немесе фланелографта орналастыруы керек.

Мысалы: көк дөңгелек қызыл дөңгелектің сол жағына, ал жасыл дөңгелек қызыл дөңгелектің оң жағына, бір үлкен дөңгелек екі кіші дөңгелектің арасында, қызыл дөңгелектен төмен кіші көк үшбұрыш және т.с.с. болсын. Тапсырма орындалғаннан кейін, заттарды санайды, топтар құрады, әртүрлі белгілеріне қарай салыстырады.

Қорыта айтқанда, сабақтарда ойын элементтерін неғұрлым жиірек пайдалансақ, соғұрлым сабағымыз қызықты тартымды өтеді. Кез - келген ойын түрлерін сабақта ойнатқанда оқушыларда әрекет пайда болады, дүниетанымы кеңейеді. Сөйтіп оқушы ой - өрісін ойын арқылы дамытады. Соңғы нәтижеде ойнай отырып, білім көрсеткішіне өз үлесін қосады. Баланың өмірі, қорша-ған ортаны танып білу, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмабаев М.. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992.
2. Сыздықова Р., Б. Шалабаев, Көркем тексті лингвистикалық талдау, А., «Мектеп», Исабекова А.К. «Деңгейлік курстарда қолданылатын психологиялық тренингтер жинағы» Көкшетау, 2014
3. Кәрішалова К. Кітапхана жаңа ғасыр мәдениетінде (балалар әдебиеті проблемалары)// Саясат. - №3. - 2006. - 28-29б.
4. Мектептегі кітапхана «Кітап-білім бұлағы» 2011ж. №5. 10-11б
5. Нұрғалиева. Г.Қ Педагогиканың логикалық-құрылымдық курсы,- Алматы, 1996.

ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДА МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІ

Аманбаева Кулайша Маханбетжановна
№99 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Шымкент қаласы

Адамды оқыту және тәрбиелеу-қай ғасырда болсын ең маңызды міндеттің бірі. Сабақ үдерісі өте күрделі құрылым болып есептеледі. Ол теориялық білім мен еңбекті талап етеді. Педагогика, психология, таным теориясы, педагогикалық шеберлік, коммуникативті құзіреттілік, эмпатиялық қарымқатынас, жобалау мен жоспарлау құзіреттілігі т.б. көптеген қабілет - қарымды қажет етеді. Мұғалім сабақтың әрбір сәттеріндегі әдіс-тәсілдермен қаруланған, теориялық жағынан терең білімге ие болуы сабақ үдерісінің дұрыс бағытталуына үлкен септігін тигізеді.

Әдеби шығармаларды оқытуда пән мұғалімі жұмысының мазмұны, мақсаты мен міндеттері негізінен әдебиет пәніне арналған бағдарламаларда белгіленген. Әр ұстаз өз пәнінен сабақ беруді бастамас бұрын бағдарламаның түсінік хатын оқып, әдебиетті оқыту міндеттерімен, бағдарламаның құрылысы және негізгі мазмұнымен, кейбір әдістемелік нұсқаулармен, әдебиетке байланысты сыныптан тыс жүргізілетін жұмыс түрлерімен жалпы айтқанда жүргізгелі отырған курстың барлық мақсат, міндеттерімен жете танысып, өз ісіне сауатты дайындықпен келуі тиіс.

Алайда бастауыш және орта буында әдебиетті оқыту әдістемесінің ішкі мазмұнында қамтылатын негізгі мәселелерді айқын әрі терең ұғыну үшін бағдарлама мазмұны жеткіліксіз болады. Яғни ұстаз әдебиеттің бағдарламасымен үстірт танысып, мойындап қана қоймай, әдістеме мазмұнының талап-тілектеріне сай сын көзімен тексеріп, зерттеп, шығармашылықпен меңгеруге міндетті. Тек сонда ғана ол әрбір сыныпта оқып үйретуге тиісті әдеби материалдардың ауыр, жеңілдігі, берілген сағат мөлшеріне сәйкестігі, оқушыларға берілетін әдеби-теориялық білімнің көлемі мен мазмұны, жүйелілігі, ауызша және жазбаша тіл дамыту жұмыстарының түрлері т.б. көптеген мәселелер туралы ғылыми-әдістемелік қорытындыға келе алады.

Әдебиеттік оқу пәнін оқытудың әдістері

Жаңартылған білім мазмұны бойынша әдебиеттік оқу сабағында әдіс-тәсілдер пайдалану арқылы сабақта білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу. Ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Әдебиеттік оқу сабақтарында жаңа әдіс-тәсілдерін тәжірибемен байланыстыра зерттеу. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Ал оның негізі бастауыш сыныптарда қаланбақ. Сондықтан да бастауыш сыныпта әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе.

Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал, ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді. Мұғалім сонымен, сабақ өту барысында педагогикалық шеберлігіне байланысты тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана білу қажет. Тиімді әдістерді пайдалану барысында оқушының білімге деген қызығушылығын одан әрі арттыруға, терең ойлау қабілетінің белсенділігін қалыптастыруға болады.

Әдебиеттік оқу пәні әдістемесінің іргетасын қалаушы аса көрнекті ғалымы педагог А.Байтұрсынов: «...Әдіссіз тек мәніс білім - өлі білім, тіршілік тірлік - шарасы. Тіршілік шаранасына үйретілетін білім түрі болу керек. Ондай білімді

адам мәніс білім мен әдіс білімін қатар үйренгенде болмақ әдіс - кезекшіліктен шығатын нәрсе, әдістің жақсы-жаманы болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген. Демек, оқыту жұмысының нәтижелі болуы оқыту әдістерін қолайлы етіп, таңдап ала білуге тікелей байланысты. Мұғалім әдебиеттік оқу сабағында көркем шығармаларды оқытуда жаңа технологияларды пайдалануда, қажетті әдістерді тиімді пайдалана білгенде ғана өз мақсатына жетеді. Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған.

Дағды дегеніміз не?

Дағды дегеніміз әрекеттің адам бойында орнығуы. Әрекетке ең алғаш кіріскен кезде адам олақ, басы, артық көптеген қимыл-қозғалыстар жасайды. Мысалы, жоғарыда көрсеткеніміздей, бала оқу-жазуға үйрене бастаған кезде қаншама қимыл-қозғалыстар жасайды.

Атақты физик М. Лауэ оқу, білім жөнінде айта келіп: «Білім - бүкіл оқығандарың ұмытылып қалғанда, бойыңда сақталатыны», - дейді. Бұл сақталып қалатын не? Ол - әдет, сенім, бағыт, дағды және қабілет - міне, нағыз білім - осылар! «Дағды, - деп көрсетеді психолог С. Л. Рубинштейн, - саналы түрде автоматталған қимыл-әрекет түрінде көрінеді, ал сонан соң әрекеттің автоматталған тәсілі ретінде қызмет атқарады».

Қандай да болмасын дағдыға бала басқалармен қарым-қатынас жасау барысында үйренеді. Бала үлкендердің істеген әрекеттерін көріп бақылап, оған еліктейді, кейін оны өзі істей бастайды.

Ал оқытуда мұғалім дағдыландыратын әрекеттерін әдейі көрсетеді, түсіндіреді, балалар оның орындалуын бақылайды. Осы процесс, сыртқы әрекеттің адамның бойына сіңуі, ішкі психикалыққа айналуы интериоризация деп аталады, яғни сыртқы заттық әрекеттің ақыл-ойға, санаға өтуі. Мұндай процесті оқытуда баланың ақыл-ой әрекетін қалыптастыру саласында психолог П. Я. Гальперин және оның шәкірттері зерттеді. Бұл зерттеулер бойынша баланың ақыл-ой әрекетін қалыптастыруға болатыны дәлелдейді. Мұнда дағды мен шеберліктің қалыптасу ұзақтығы да, оның нәтижесі де (беріктігі, саналылығы, жи-нақтылығы т. б.) ақыл-ой әрекетін қалыптастыру процесін ұйымдастыруға байланысты екені көрсетіледі. Ендеше мұнда да басты жауапкершілік мұғалімге жүктеледі. Ал осы ақыл-ой әрекетін ұйымдастыруға қандай талаптар қойылады? Олардың негізгілерін атап өтелік:

1) ақыл-ой әрекетін бағыттаудың толық болуы: яғни қандай да болмасын дағдыны қалыптастырудың өзі балаларға бағыт беру, түсіндіруден басталады. Оқушы осы бағытпен өздігінен орындауға кіріседі;

2) әрекеттің материалдық түрде қалыптасу кезеңі.

Оқушы көргенін орындайды, бірақ бұл әлі сыртқы, материалдық формада;

3) әрекеттің сыртқы сөйлеу ретінде көрінуі (балалар дауыстап сөйлеп отырады). Бұл кезеңде күрделі әрекеттер бөліп-бөліп орындалады ;

4) әрекетті ішінен сөйлеп отырып орындайды. Яғни дағды мен шеберлікке саналы түрде үйренеді, әрбір қимылды не үшін, не мақсатпен орындайтынын біледі. Бұл сатыда бірқатар артық қимыл-қозғалыстар жойылып, жинақталады;

5) дағды мен шеберліктің толық, қалыптасып бітуі.

Оқыту әдіс-тәсілдері: құндылықты-бағдарланған тәсіл-оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді. Орта білім беру құндылықтар қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу. Жүйелік-әрекетті тәсіл- оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді. Коммуникативтік тәсіл-бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған. Интегративтік тәсіл-оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі. Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Зерттеу әдісі - зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс - үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танытын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter - аралық, бірнеше, action- әрекет дегенді білдіреді)

Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз. Интерактивті сөзі - ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді. Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты-тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Интерактивті негізде оқу мақсаты - білу емес, үйрене білуөзіне деген сенімге тәрбиелейді шешендік өнерін жетілдіреді танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын) сыни ойлау дағдыларын дамытады өз пікіріне деген құқығын түйсінуі артады.

Интербелсенді оқыту-әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Күн-цзы) былай деген екен: «Маған айтып берсең - ұмытып қаламын, көрсетсең - есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту

оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары ән тәсілдері ретінде танылады.

Оқушыларды әдеби кітаптарды оқуға ынталандыру

Бердібек Соқпақпаев, Сапарғали Бегалин, Мұзафар Әлімбаев, Астрид Лингрен, Корий Чуковский... Біздің балаларымыз да осы бір қайталанбас, ғажап балалар әдебиетінің нәрімен сусындап, бойына сіңіріп өссе екен дейміз. Бірақ қазіргі заман балаларының кітаптан басқа да ермегі толып жатыр: көгілдір экраннан таңертеңнен кешке дейін көрсетілетін әсерлі мультфильмдер мен қырғын-төбелес туралы фильмдер, түрлі компьютер ойындары. Бұлар бала назарын кітаптан гөрі өзіне неғұрлым көбірек аударуда. Сөйтіп, бала мен көркем әдебиеттің арасы алшақтап, баланың ақыл-ойының дамуына әсер ететін мүмкіндіктер ескерілмей қалып жатыр. Неліктен балаға қоршаған ортаны кітап арқылы емес, көгілдір экран арқылы таныған қызығырақ? Өйткені кітапты қолына алған баланың назары алдымен әріптерге түседі. Кітапты оқып, өз ой елегінен өткізген, мазмұнын жете түсінгенде ғана бала ондағы оқиғаларды ішкі жан дүниесімен көріп, сезінеді. Кітап оқу барысында кейде бір сөйлемді не біз үзіндіні бірнеше рет қайталап оқитын да кезі болады. Ондай жағдайда кітап оқу ерекше ден қоюды, ынта-жігерімен оқуды керек етеді, яғни оқырман ой еңбегімен шұғылданады. Бала үшін бұл - өте күрделі процесс. Ал көгілдір экранда бәрі дайын: түрлі-түсті бейнелер де, дыбыстар да. Еш әрекеттенбей-ақ отыр да көре бер! Әрине, бала дайын нәрсеге ұмтылады. Бірақ теледидардан көрген нәрсенің бәрі бірдей бала ойында, қиялында қала бермейді. Кейбір оқиғалар, бейнелер балаға әсер еткенімен де ол бала есінде уақытша ғана сақталады. Уақыт өте келе мүлде ұмыт болады. Сөйтіп, бала мектеп бағдарламасы бойынша оқығанымен шектеліп қана қояды. Әрине, мектепте берілетін тапсырманы орындау үшін де оқушы кітапханаға барады, ізденеді, оқиды, кітапханашының көмегіне сүйенеді. Белгілі пәндер бойынша ілім-білім алады. Бірақ оның ақыл-ойының, шығармашылық қабілеттерінің дамуы мен бала бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру үшін мұндай оқу жеткіліксіз.

Әбу Насыр Әл-Фараби: «Тәрбиесіз қолға білім салма», - деген екен. Иә, расында да тәрбие-кең ұғым. Себебі адамды тек отбасы ғана тәрбиелемейді. Отбасымен қатар қоршаған орта, мектеп, достары, кітап тәрбиелейді.

Теледидар мен компьютер, ұялы телефон балалардың айырылмас досы болған заманда олардың кітап оқуға деген ынтасын арттыру маңызды. Ата-анасы жоқта теледидар мен компьютерді қосып, жоғары технология әлемімен бепе-бет қалады. Иә, компьютерден жасырын зардап шегушілер аз емес. Ал көптеген ата-ана баласының үйде отырғанына мәз болып, оның қаншалықты зардап шегіп жатқанын елемейді. Көру қабілеті нашар, жасына жетпей көзәйнек киетін балалардың саны болса, жыл сайын арта түсуде.

Түбегейлі өзгерістерге бет бұрған жана қоғамда тек білімді болу жеткіліксіз, сондықтан әрбір жеке тұлғаның бойында адамгершілік, ізгілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, батырлық, отансүйгіштік сияқты қасиеттер болуы тиіс. Ол үшін, әрине, талғаммен кітап оқи білу керек және кітапты оқуға ұсына білу керек.

Ушинский: «Кітап оқымаған ештеңе ойламайды»,- деген екен. Бұған менің қосарым: Көркем әдебиет оқымаған немесе нағыз өнер туындыларына деген қызығушылығы жоқ адам өзінен басқаның жан дүниесін түсінуді, сезінуді, басқаға жаны ашу сияқты эмоционалдық қасиеттерден айырылады. Әдебиет пәнінің жас ұрпақты уақыт талабына сай тәрбиелеу ісіне қосар үлесі мол. Оқушы осы пәннің талабын орындау арқылы алуан түрлі жанрдағы көркем шығармалар, түрлі кітаптар оқиды. Тек сол ізгі іске оқушыны бастап отырар ата-ана мен мектеп мұғалімдері болса болғаны...

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Акимова Т.А, Т.М.Копжасарова, З.Т.Кашкенова, Г.У.Дарменова «Разминки для тренингов» АОО НИШ ЦПМ, Астана, 2015
- 2.Ақшолақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы. 1993ж /2, 63-бет/
- 3.Ақшолақов Т., Шығарманың көркем айшықтарын таныту, А., «Жазушы», 1998.
- 4.Ақшолақов. Т.Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. Алматы. 1975ж.
- 5.Әбдезұлы Қ., С.Ч.Тұрсынғалиева «Қазақ әдебиеті әдістемелік нұсқау» «Арман ПВ», 2012

ШӘКІРТТІҢ ШЫҢДАЛҒАНЫ-ҰСТАЗДЫҢ ШЕБЕРЛІГІ

Касимова Айнура Ильясовна
№103 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Еліміздің жарқын болашаққа ұмтылуында әр қазақстандықтың өз үлесі бар. Сол жарқынды жақындату үшін әрбіріміз өзімізше еңбек етудеміз. Бұл жолда болашақтың қожайындары-мектеп оқушыларын-балаларды тәрбиелеп, білім нәрімен нұрландырып жүрген ұстаздар қауымының арқалар жүгі орасан. Күннен-күнге жаңарып, дамып келе жатқан жаһандану дәуірінде заман ағысына ілесіп, озық елдердің озат тәжірибесіндегі тың дүниемен теңесетіндей жаңалықтар ашатын; көзі қарақты, көкірегі ояу, жан-жақты тұлға тәрбиелеу жауапкершілігі мұғалімнің мойнында. Сондықтан да әрбір ұстаздың бойында педагогикалық шеберлік пен кәсіби құзыреттілік астасып жатқаны абзал. Сонда ғана оның еңбегі жемісті болмақ. Тарата айту үшін «педагогикалық шеберлік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарына тоқталайық. Тілдік қабілеттіліктер-өз ойын және сезімін тілдің мимика және пантомимиканың көмегімен ашық та анық білдіре білу қабілеттілігі. Қабілетті мұғалімнің тілі әсерлі, бейнелі, ырғақтық жағынан мәнерлі, эмоциялық тұрғыдан көркем, сөйлеу дикциясы анық болады.

Ұйымдастырушылық қабілетіліктер- оқушылар ұжымын ұйымдастыра білуінен байқалады.

Бедел қабілетіліктері-балалармен қарым-қатынас жасау, педагогикалық тұрғыдан қажетті қарым-қатынас орната білу.

Коммуникативтік қабілеттіліктер-шәкірттің ерекшеліктері мен мүмкіншіліктерін, педагогикалық ахуалды ескеріп отырудың қажеттілігі. Міне осы қабілеттерге ие ұстазды -шеберлігі басым ұстаз деуге негіз бар.

Педагогикалық шеберліктің төрт құрамды бөлігін ажыратуға болады: оқушылардың жеке және ұжымдық қызметін ұйымдастыру шеберлігі; оларды сендіру шеберлігі, білім және іс-әрекет тәжірибесін меңгерту шеберлігі, педагогикалық техниканы меңгеру шеберлігі.

Педагогикалық шеберлік үнемі жетіліп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өнері. Ол өнерге балаларды сүйетін және өз қалауымен жұмыс істейтін әр педагогтің қолы жетуі мүмкін. Педагог өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнін терең меңгерген, ғылым мен өнердің тиісті салаларынан хабардар, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік меңгерген маман. Педагогикалық шеберліктің тағы бір көрінісі-мұғалімнің шығармашылық іс-әрекеті, яғни, оның тұлға ретінде жеке-даралығы .

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген ұғымды қызметтік ұранына айналдырған ұлағаттылыққа жетуде шеберлігі мен талабын шындай білген ұстаздың бірі-өзімін. Жиырма жылға жуық педагогтік тәжірибеде талай түлекті үлкен өмірге қанат қақтырдым, алдымнан неше түрлі оқушылар өтті. Олардың бірі оқуға зерек, білімге құлшынысы жоғары болса, екіншісі, керісінше, сөзге түсінбейтін қанша айтсаң да ұқпайтын жалқау болды, ал үшіншісі бірде бар, бірде жоқ дегендей «көңіл қошына қарай» оқыды.

Дегенмен, ұстамдылықтың, ерінбей еңбектенудің арқасында алғысқа бөленіп отырған жайымыз бар. Мен сабақ барысында әр оқушының өзіндік ерекшелігін ескеруге тырысамын, талап қоя отырып, берілген тапсырманы жан-жақты орындауларын қадағалаймын. Менің бірінші ұстанымым тәртіп пен талап. Оқушыдан темірдей тәртіпті, таудай талапты күтемін. Өйткені тәртіп бар жерде білім бар.

Әр сабақта тақырыпқа орай әдіс-тәсілдерді түрлендіру үлкен жетістікке жетелейтіні сөзсіз: біріншіден, пәнге деген қызығушылықты арттырады; екіншіден, білімді жүйелі етеді; үшіншіден, оқушы белсенділігін жоғарылатады, төртіншіден, оқушының еркін және жылдам ой-түйіндеуін қамтамасыз етеді. Өздеріне ұнаған әдіс-тәсілдерім бойынша сабақты жүргізуіме қолқа салатын оқушылар да болады. Ондайда өтініштерін орындауға тырысамын. Топтық жұмыс барысында оқушылардың толық қамтылуын, берілген тапсырманы түгел меңгеруін бақылаймын. Алдыңғы оқуда «зымыран сұрақтар», «миға шабуыл», «еркін микрофон», «диалог» әдістерін пайдаланамын. Пәніме байланысты «мағынаны тану» кезеңінде «тұжырымдамалық картаны» көп пайдаланамын. «Белсенді сабақ-табысты сабақтың кепілі» дейді, сол себепті оқушылардың белсенділігін ояту және арттыру мақсатында жұмыс жасаймын.

Кез-келген жұмыстың өз қиындығы бар. Мұғалімдікті таңдаған тұлға:
-Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;

- Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
- Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;
- Оқушыларды еркін ойланта алатын;
- Білімді, іскер, шебер болуы керек.

Жаңа педагогикалық технологияларды және әдіс-тәсілдерді жүйелі пайдалана отырып оқушының ынтасын арттыру ең маңызды қадам. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы –өздігінен білім іздейтін жеке тұлға, еркін ойлаушы азамат екендііне ерекше мән беруіміз керек. Қазіргі оқушы:

- Дүниетаным қабілеті жоғары;
- Дарынды, өнерпаз,
- Ізденімпаз, талапты;
- Ойы ұшқыр;
- Еркін ойлай отырып, ойын еркін жеткізе алатын;
- Өз алдына мақсат қоя білетін оқушы болып қалыптасуы қажет.

«Ізденген жетер мұратқа» демекші оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес, сондықтан сабақ барысында тапсырманы меңгерте отырып, проблемалық сұрақ тастап, жауабын ізденуге бағыт беремін, бұл оқушының жан-жақтылығына жол ашады. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздене отырып, қиындықты жеңуге баулыдым. Ол мына әрекеттер арқылы іске асты:

- еркін ойлауын қалыптастыру үшін уақыт керек;
- оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;
- әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;
- үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;
- кейбір оқушыларда болатын қолайсыз жағдайларды күлкіге айналдырмау;
- оқушылардың бір-бірінің жауабына берген ойының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;
- еркін ойлай отырып өздерінің жасаған жұмыстарын бағалау

Жоғарыда сөзді ұқпайтын, қанша айтса да түсінбейтін шәкірттерімнің де болғандығын тілге тиек еттім. Мұғалімнің шеберлігі тентекті жуас етуінен емес, талапты етуінен көрінсе керек. Сондықтан да «Қалауын тапса қар жанар» демекші, ондай «өзгеше» шәкірттердің тілін тауып, оңайынан күрделіге қарай тапсырма беремін және, ең бастысы, сеніммен тапсырамын. Ә дегеннен қолынан келмейді, дегенмен тырысады, соны бағалаймын. Жаңартылған бағдарламамен сабақ өту барысында бағалауға көп назар аударған жөн. Оқушының әр жұмысына баға беру сабаққа қызығушылықты арттырудың бір жолы.

Мақаламды А.С.Макаренконың сөзімен «Менің тәжірибе жүзінде көзімнің жеткені-оқу-тәрбие ісі біліктілік пен іскерлікке негізделген шеберлік мәселесіне тіреледі» деп қорытындылағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер: 1. Смятских А.Л., Туркина Т.М. Формирование профессиональной компетентности студентов педколледжей-М: Издат. Центр НОУ ИСОМ, 2003-С

2. Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения-М: Высш.шк-119с
3. Прохорова М.В. Теоретические и методические основы формирования управленческой компетентности специалистов по физической культуре и спорту в условиях высшего физкультурного образования: Дис.д-ра пед наук-СПб 1992. -449 с
4. Набиева Е.. Формирование исследовательской компетентности студентов педагогического университета через систему спецкурсов по единой теме: Автореф. Дис...канд. пед. Наук.-Иркутск, 2001-30с
5. Қаңлыбаева Д.Т. Оқушыларға коммуникативтік құзыреттілік білім берудің негіздері// Білім әлемінде-№4 (4).-57-60 б.
6. К.С.Құдайбергенова «Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары» Алматы 2007 жыл
7. М.И.Саткин «Зерттеу мәдениеті-педагогикалық қабілет» 2008 жыл
8. К.Д. Богаева «педагогикалық қызметтегі кәсіби шеберлілік» 2009 жыл

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ– ҚАЗАҚ ҰЛТШЫЛДЫҒЫНЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ

Исмаилова Уркия Курбантаевна

Шымкент қаласы, №28 жалпы білім беретін орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, п.ғ. магистрі, халықаралық тренер

Андатпа

Мақалада ұлтымыздың рухани көсемі А.Байтұрсынұлының Алашорда үкіметін қалыптастырудағы орны, «Қазақ» газеті көтерген мәселелер, қазақ тілі мен әдебиеттанудағы өшпес мұрасы, ағартушылық қызметі қарастырылған.

Түйін сөздер: қазақ ұлтшылдығы, «Қазақ» газеті, ұлттық терминқор, ағартушылық қызмет.

Аннотация

В статье раскрывается роль духовного лидера нации при формировании правительства Алашорды, реформатора орфографии казахского языка и основателя теории казахской литературы А.Байтұрсынова, а так же его просветительская деятельность и проблемы, освещенные газетой «Қазақ».

Ключевые слова: казахский национализм, газета «Қазақ», национальная терминология, просветительская деятельность.

« Бір басында сан-салалы өнер тоғысқан, телегей-теңіз энциклопедиялық білім иесі, қайшылығы мол тартысты ағартушылардың қараңғы қалың елін жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар деп білмеген ірі тұлға, халықтың «рухани көсемі».

Мұхтар Әуезов

Қазақ тарихындағы ұлтшылдықтың қайнар бастауында Алаш қозғалысы қайраткерлері тұрғаны баршаға мәлім. Осы саяси-рухани құбылыстың тууында Ахаңның өз тұлғасының да, шығармашылығының да, күресінің де орны ерекше екендігі ақиқат. Өйткені Ахаңның ұлтшылдығы – қазақ болып қалуға, қазақтың

басын қосуға, қазақ болып өркендеуге, қазақтың мәдениет басқышына көтерілуіне, қазақтың дербес мемлекетін қалыптастыруға негізделген табиғи ұлтшылдық болатын. Осы ұлтшылдық барша қазақты оятты, намысын қайрап елдікке шақырды. Саясат майданындағы қайраты да, қаламынан туған еңбектері де – Ахаңның ұлтына деген зор махаббатының көрінісі.

Халқымыздың біртуар перзенті, ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі, «Алаш» партиясы мен «Алашорда» ұлттық кеңесінің, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері, түркітанушы, қазақ тілі мен әдебиеттанудың негізін қалаушы лингвист, «Қазақ» газетінің ұйымдастырушысы әрі шығарушысы А. Байтұрсынұлы қазақ елінің тарихында зор бетбұрыс жасаған ұлы өзгерістердің ұйытқысы болды.

Алаш қозғалысы Ахаң бастаған зиялылардың біріге алатындығын, азаттық жолында күресе алатындығын паш етті. Алаш қайраткерлері қазақтың ұлттық мемлекеті орнатылмайынша, ұлттың мәселесі толық әрі түпкілікті шешілмейтіндігін терең түйсінді.

Кеңестік диктатура Алаш автономиясын мойындамай, зорлықпен таратқанымен Алаш мұраттарына берілген Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай, Халел Досмұхамедұлы, тағы да қаншама абзал азаматтар өздерінің ұлтшыл платформаларында қалды. Оған Ахаңның «Қазақ қалам қайраткерлерінің жайынан» атты мақаласында «Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес. ... жұртшыл, ұлтшыл, яғни халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес. ... Қазақ баласын ұлтым, жұрттым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткерлері октябрь өзгерісі болғанда бірден интернационал (бибауырмал) болып өзгере алмады, өзгелердей «алымсақтан бері» коммунист, интернационалист едім деп айтуға аузы бара алмады», – деп жазғаны дәлел.

Әрбір ұлт өзінің ұлы адамдарымен, үлкен оқиғаларымен, ірі кезеңдерімен мақтана алады. Біз сан ғасырлық қазақ тарихына көз салғанда өзге де айбынды кезеңдерімізбен бірге Алаш дәуірімен мақтана аламыз. Өйткені, қазақ ұлтшылдары жасаған Алаш дәуірі – қазақ баласының бойындағы күрескерлік күшті, рухани қуатты, бостандыққа деген сенімді паш еткен, ең бастысы ұлттың азаттығына ұмтылған ұлы кезең.

Кең сахараны, тұтас ұлтты ояту үшін газет керек еді. Ахмет Байтұрсынұлы бас болып, Алаш қаламгерлері бірнеше жыл әрекет етіп, 1913 жылы «Қазақ» газеті қазақ зиялыларының басын қосып, саяси күреске үндеуде ұлы миссияны орындады. Әсіресе, Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде облыстық, уездік қазақ сиездерін ұйымдастыруда, қазақ комитеттерін ашуда, Бірінші, Екінші жалпықазақ сиездерін өткізуде осы шынайы ұлт басылымының орны да, рөлі де айрықша болды.

Тақырып жағынан келгенде «Қазақ» газеті көтерген мәселе де қадау-қадау: біріншісі – халқымыздың хал-ахуалы, тұрмыс-тіршілігі, рухани және материалдық құндылықтары, екіншісі – Жер, жер және жер мәселесі, үшіншісі

– оқу, білім, дін, съезд, партия құру, империялық һәм әлемдік дамуда Қазақ Елінің өз орнын табуы, т.б.

«Озғандарға жету керек, жеткендерден озу керек» деп, алдына нақты мақсат қойып жарыққа шыққан «Қазақ» газеті ұлтты Алаш ұранына топтастырып, дамытуды ойлады. Ағартушылықтың жан-жақты болуын жақтады. «Милләттің» қазаққа түсінікті «жұрт», «ұлт», «алаш» нұсқаларын актив қолданысқа түсірді. Осы орайда, А.Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды», – деген тоқтамға келді.

Ахандар ұлтшылдықты халықты ұйыстыруға, өзінің абыройын білуге пайдаланды. Сондықтан, ол кездегі қазақ ұлтшылдығы ешқандай саяси доктрина емес немесе ұлттық астамшылық емес, тәуелділіктегі ұлтының жағдайын көтеру, оны бостандыққа жеткізу мұраты болатын. Олар ешқашан қазақтың өзгеден артықшылығын, ерекше болуын насихаттаған да емес, өзгелерге үстемдік етуді де мақсат етпеген. Ұлт көсемінің бір де бір еңбегінде қазақ халқы орыстан, я болмаса татардан, басқадан артық демейді. Ол қазақтың «қалпын» да, «салтын» да сынмен бағалап, халқын білімге, мәдениетке үндейді. Білімге, мәдениетке үндеу Аханда және басқа да алаштық қайраткерлерде ХІХ ғасырдың ағартушыларынан өзгереді сипатта. Өйткені Ахандар қазақты өзгелермен білім мен мәдениет теңестіретінін, олардың ұлттың қаруы мен қорғаны екендігін жақсы сезінген. Оның ойынша: «Мәдениеті жоғары халық – мәдениеті төмен халықты аз-көбіне қарамай жем қылатыны айдан анық, күндей жарық ақиқат». «Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі оқу мен әдебиетте» деп білген А.Байтұрсынов қоғам өміріндегі әдебиеттің алатын орнына айрықша мән берген.

Бүгінгі күнде Ахандың қазақ тілі мен әдебиеттанудағы өшпес мұрасын тек қарапайым халық қана емес, әдебиеттің алып өкілдері, әлем жұртшылығы мойындап отыр десек артық айтпағандығымыз. «Жаңа жазу, жаңа әліппе. Тұңғыш емле. Тұңғыш фонетика. Тұңғыш грамматика. Тұңғыш синтаксис. Тұңғыш терминология мен әдістеме. Тіл ашарлар. Тіл танытқыштар. Тіл жұмсарлар. Ұлттық тіл біліміне түпкілікті темір қазық болар мәңгілік үлестер. Кейде күллі бір ұлттың талай ұрпағының қолынан келе бермейтін келелі істерді бір-ақ адамның тындырғаны таңданбасқа болмайтын жәйт», – деп жазады Әбіш Кекілбаев.

А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл ғылымының теориялық негізін орнықтырған, қазақ әдебиеттануының дамуына тікелей атсалысқан ғалым, қазақ әдебиетінің теориялық мәселелері белгілі бір жүйеге салынып, әдеби ұғымдарға терең ғылыми талдау берілген тұңғыш еңбектің авторы. Осы орайда Р.Нұрғалидің пікіріне жүгінер болсақ, ғалым «Әдебиет танытқышта» Ахмет Байтұрсынов әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріліп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас, ұлттық қазақы жүйесін жасап берді. Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан әдеби тілге кіріп кетті» дейді.

Академик З.Қабдолов: «Әдебиет терминдерінің басым көпшілігінің баламалары: көріктеу, меңзеу, теңеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу,

әсірелеу, шендестіру, дамыту, арнау, қайталақтау, түйдектеу – осылардың бәрінің түп-тамыры Ахаңда жатыр. Әдебиет танытқыштың ең басты бағалығы әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығы» десе, академик З.Ахметов «қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс жүйесін айқындай, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырды», – деп жазады.

А.Байтұрсыновтың әдебиет жайлы еңбектерінің ішінде Абай туралы жазылған «Қазақтың бас ақыны» мақаласының тарихи маңызы ерекше. Абай хақында Ахаңа дейін де бірлі-жарымды мақалалар жазылып, оның ақындығын жоғары бағалағандығы белгілі. Бірақ оның қазақтың ұлы ақыны екендігін жан-жақты терең талдап, дәлелдеп жазған А.Байтұрсынов болды. Абайдың өлеңдерін оқығанда түсінуге ауырлау соғатынын «ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік» деп түсіндіреді. «Абай сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор бақ» деп санайды. «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуі керек» дей келіп, ақынның өлеңдерін, ел арасына тарату, насихаттау міндеттерін алға қояды.

Тумысында ұстаз-педагог А.Байтұрсынов ақындық қабілетін де ағартушылық жолында пайдаланды. Ол өзінің «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында : «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі... Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқу ісімен түзеледі»,– деп жазып, оқудың қоғамдағы өзгертуші күш екендігін, әділетсіздіктің көбі білімсіздіктен туындап отырғандығын тап басып, дұрыс көрсетеді.

Ұлт көсемі А.Байтұрсыновтың ағартушылықты қазақ халқын жарқын болашаққа бастаудың сара жолы деп білгенін оның «Алашорда» үкіметінің басшылары құрамында оқулықтар жөніндегі комиссияға сайлануы, 1912-1925 жылдары Қазақстан Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы міндеттерін атқаруы айғақтайды.

Қазақ баласының өз ана тілінде сауат ашуына негіз қалаған, ұлттық білім беру ренессансының бастауы болған Ахаң осы мақсатта «Оқу құралы», «Тіл құралы», «Әліпби», «Жаңа әліппе», «Баяншы» атты тұңғыш оқулықтар, Т. Шонанұлымен бірге «Оқу құралы» деп аталатын әдістемелік оқу құралдарын жазды.

Түйіндей айтар болсақ, Ахаң ашқан қазақ мектебі, түрлеген ана тілі, ол салған әдебиеттегі елшілдік ұран, «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер.

Мұны, Алаш қайраткерлерінің іс-әрекетін жоғары бағалап, оларды қазақтың нағыз жанашырлары, патриоттары, ел басқарар ұлы тұлғалары деп таныған үкімет басқарған Сәкен Сейфуллиннің жазғаны тағы бір растайды. Ол «Еңбекші қазақ» (02. 02. 1923 ж.) газетінде былай деп жазды: «Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі, оқығандардың арасынан өз заманында патшаның арамқұлықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, даусын шығарған кісі... Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірге жыртып, арын бірге жоқтады. ... Өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм

имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен... Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтын шын сүйген ұлтшыл. ...бірақ байын, кедейін айырмай, қазақты ғана сүйетін адал жүрек таза ұлтшыл».

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахмет Байтұрсынұлы. – Алматы, 2013. – (Ұлы Дала тұлғалары)
2. Ахметов З. Бүкіл қазақ «Ахаң» деген // Ұлттың ұлы ұстазы . – Алматы, 2001.
3. Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2004
4. Қабдолов З. Ахаңның әдеби қисындары . – Алматы: Рауан, 1996
5. Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. – Астана, 2004ж.

ҚАБІЛЕТТІ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Коркенбаева Күлжамал Насыровна
№113 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Қабілетті, жас талапты жастар – бүгінгі егеменді еліміздің жарқын болашағы.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» деген Абай. Ұлы ақын сөзі еш уақытта өз мәнін жойған емес. Озық ойлы білімдар адамдар заманның дамуына өз үлесін қосады. Ойлау, іздену-табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйы. Бұл қабілет барлық адам бойынан табылары да сөзсіз. Қабілет іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті.

Дарындылық пен қабілеттіліктің не екенін, оқушы дарындылығын анықтайтын психодиагностикалық әдістемелердің тиімділігін, нәтижелілігін білетін мұғалім ғана дарынды оқушымен нәтижелі жұмыс істей алады. Көбінесе “дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы” деген пікір қалыптасқан. Орта мектептің оқушысы бір нақты пән бойынша айрықша дарындылық көрсетіп, басқа пәндер бойынша көзге түспеуі мүмкін. Арнайы пәндер бойынша айрықша қабілеттері болуы мүмкін. Британияның география қауымдастығы "күрделі үдерістерді түсіну, физикалық және адамдық ортаның арасындағы өзара байланыс" сияқты мамандандырылған ерекше пәндік салалаларды да, сондай-ақ сенімді қарым-қатынасқа түсу, шығармашылықтағы және ойланудағы бірегейлікті қарастырған.

Қабілетті оқушылармен жұмыс жүргізудің негізгі мақсаты: шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру, өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту, пәнге терең қызығушылығын арттыру. әсерлілік сезімін қалыптастыру. белсенділігін арттыру мақсатында даму деңгейін, танымдық белсенділігін арттыра оқыту. білім-білік дағдыларын дамыта оқыту. Ал мақсатқа жету- оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Қабілеттілікті, оқушының креативті белсенділігін айқындау процесі көпжақты. Дарындылық- табиғи және тәрбиелеу барысындағы дарындылық болуы мүмкін, сондықтан да оның қалай пайда болғанына қарамастан

диагностикасы болу керек. Осы тұрғыда мектеп психологының ролі артады, олар педагогтарға көмек көрсетуі қажет.

Қабілетті оқушыларды анықтауда қазірден бастауыш сыныптарда тану психолог ерекшеліктерін зерттеу, тілін, ата-аналармен қатынас жасау, логикалық ойлау, есте сақтау қабілетін зерттеу жұмыстары атқарылып келеді.

Мұғалім баланың танымдық қабілетін дамыту ерекшеліктеріне көңіл бөледі. Қабілетті балалар Фриманның өлшемдері бойынша: есте сақтау және білім, өз білімін жетілдіру, ойлау қабілетінің жылдамдығы, мәселені шешу, икемділік, күрделілікке деген сүйіспеншілік, шоғырлану, ерте символдық белсенділік қабілеттерімен ерекшеленеді.

Мектепте қабілетті балаларға жағдай жасаумен бірге білім беру мазмұнын кеңейтуде белгілі бір ғылым салалары бойынша (пән үйірмелері, секциялар), оқушының танымдылық қабілетін тану, саралап оқытуға көңіл бөлінеді, жұмыс жүйесіндегі мұғалім маңызды орын алады.

Қабілетті оқушымен жұмыс істейтін мұғалімдерге қойылатын педагогика-психологиялық талаптарды мынадай кезеңдерге бөлуге болады:

1. Қабілетті оқушымен жұмыстың әлеуметтік қажеттілігін сезінуі
2. Қабілетті оқушымен жұмысқа тұрақты қызығушылыққа танытуды және нәтижелі әдіс-тәсілдерді талмай ізденуі
3. Қабілетті оқушының ата-анасымен тығыз байланыс орнатуы
4. Оқушыны жақсы көруі және жақсы қарым-қатынаста болуы
5. Қабілетті оқушымен жұмыс жасау кезінде жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылуы.
6. Қабілетті балалар өзінің бойындағы ерекше қабілеттері арқылы ең жоғарғы нәтижеге жеткен балалар.

Қабілетті баланың бойынан табылатын асыл қасиеттердің өмірге құштарлық, биік ізгіліктің бірінің кілті мыңды жығатын білімінде.

Қабілетті балалар әрқашанда әр түрлі дәрежелі күрделі тапсырмаларды шешуге дайын болады, олардың сөздік қоры бай және ойларын ерекше білдіреді. Барлық балалар дүниеге бірдей келеді, нышан қабілеттерін дер кезінде байқап, үйде та-аналар мектепте мұғалімдер дұрыс жұмыс ұйымдастыра алса, баланың дарындылығын дер кезінде ашпа мүмкіндік туады. Оқушы бойындағы қабілет дарынын бала жастан ұштау мектеп пе ұстаз алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Сондықтан да қабілетті оқушыны диагностикалау барысында айқындалған бағыттарға көңіл бөлу қажет: оқушының креативті ойлауы, өзін-өзі бағалау деңгейі, толеранттылығы, интуициясы, көшбасшылығы, қызығушылығы, тұлғалық бейімділігі мен қабілеттілігін анықтау. Бұл контексте болашақ мұғалімді жаңашыл педагогтердің инновациялық тәжірибесін шығармашылық ынтамен меңгеру және пайдалану арқылы даярлаудың келешегі зор деп ойлауға болады.

Жаңашыл педагогтер оқушының жеке тұлғалық абройын барынша құрметтеуге, оның шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін, өздігімен ойлау қабілетін дамытуға, жағымды эмоциональдық педагогикалық үрдісті қалыптастырып, одан педагогикалық зорлықтың барлық түрін аластатуға бағытталған ізгіліктік стратегиясымен сипатталады.

Сонымен, жаңашыл педагогтердің инновациялық тәжірибесі тұлғаны дамытуда ізгілік және шығармашылық көзқарасқа негізделген әдістер мен жүйесін құрайды. Мұғалімнің қабілетті оқушылармен жұмыс жасау бейімділігін де диагностикалау қажет, яғни «субъект-субъект» парадигмасының орындалуы, оқушы мен мұғалім арасындағы синергетикалық педагогиканың басшылыққа алынуы қажеттігін түсіну болып табылады. Ол үшін өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейде білу керектігіне көз жеткізу: оқушы дарындылығының моделі мен қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын білу, дарынды оқушыны оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үлгірімге ғана көңіл бөлмей оның басқа да көрсеткіштерімен байланысына да көңіл бөлу, дарынды оқушылардың ерекшелігін ескере отырып, оларға шығармашылықпен жұмыс жасайтын тапсырмалар дайындай білуі қажет.

Сондай-ақ дарынды оқушылармен нәтижелі жұмыс жасайтын мұғалімнің кәсіби “бейнесі” мынадай қасиеттерден тұрады: жоғары кәсіби біліктілік, даралық қасиет, білімпаздық, ойлап табуға және ғылыми зерттеу жұмысына қабілеттілік, кәсіби қызметін өздігінен жетілдіруге ұмтылушылық. Дарынды оқушымен жұмыс мұғалімнің өзіне, қызметіне және кәсіби біліктілігіне жаңа, жоғары талаптар қояды.

Сондықтан мұғалімнің іскерлігіне қойлатын талаптар:

- дарынды оқушыны анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;
- дарынды оқушыларды (жекелей және топпен) оқытуға арналған бағдарлама құрастырып, сонымен тұрақты жұмыс істей білуі;
- оқушы дарындылығын дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;
- дарынды оқушыны оқытудың нәтижесін нақты бағалай білуі;
- дарынды оқушының ғылыми –ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік етуі;
- дарынды оқушыны олимпиадалар мен сайыстарға дайындауда жетістікке жете алатындай деңгейде жұмыс жасауы.

Жас ерекшелігін ескере отырып қабілетіне қарай баланы жүйелі дамытып, қолдау көрсетіп отырса келешек жастардың мемлекетімізге әкелер үлесі зор. Ең бастысы табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйын одан әрі дамытып, ерекше қабілетті оқушыны дарынға айналдыру үшін аянбай еңбек етіп, өз бойындағы да қабілетті аша түсу, көш соңында қалып қоймай, қоғам алдындағы міндетінді азаматтық тұрғыдан ойдағыдай орындау.

Қорыта келгенде қабілетті оқушыларды таба біліп, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін арттырып, ата-ана → мектеп → оқушы → ұстаз байланысын жоғары ұстап, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқушының біліміне, өнерге ынтасын арттыру қажет. Ең бастысы адамзатқа берген тамаша сыйын одан әрі дамытып, ерекше қабілетті оқушыны дарынға айналдыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Талантты және дарынды балаларды оқыту», «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, Астана, 2012

2.Ү. Б. Жексенбаева «Балалардың дарындылығын диагностикалау» Радиал баспасы, Алматы, 2005

3.Тұрғынбаева Б.А.Кіші жастағы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.Алматы,1998

ОҚЫТУ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЕМЕС МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМЫТА ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Игамбердиева Гулмира Еркиновна
№113 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Еліміз егемендік алғаннан бері қазақ тілін оқыту, оның әдістемесін жетілдіру мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Еліміздің осындай мақсат-ұстанымдарына қарай «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Мемлекеттік бағдарламаның басты мақсаты - Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде саналатын мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарында, мемлекеттік қызмет пен қоғамдық- саяси, әлеуметтік кәсіпкерлік саласында батыл қолданысқа енгізіп, қазақстандықтардың өмірлік қажеттілігіне айналдыру. Осы құжатта «Бағдарламаның бірінші бағытын іске асыру арқылы Қазақстанның барша азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеру жүйесін құру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру көзделеді.

Соңғы кездері қазақ тілін оқыту мәселесіне қатысты ғылыми әдебиеттерде, бұқаралық ақпарат құралдарында «қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту», «қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту» және «қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту» деген мәселелер көтеріліп жүр. Қазақ тілін ана тілі ретінде оқытуды жетілдіруді де естен шығармағанымыз жөн. Өйткені бұл өте маңызды да күрделі мәселелердің бірі.

Сондықтан ұстаздардың тәжірибесінде мынадай мәселе тууы мүмкін: оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда қолданып жүрген әдіс-тәсілдердің заман талабына сай болмауы. Осы проблеманы шешу үшін тиімді жолдарды қарастыру қажет.

Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары:

- түсіндіру әдісі - бұл әдіске ауызша баяндау - түсіндіру, әңгіме, сұрақ-жауап, дәріс түрлері жатады.
- кітаппен жұмыс істеу әдісі - мұғалімнің түсіндіргенін кітаптан қарау - анықтама, түсініктер, жоспар, конспект, тезис, газет, журнал, сөздік, т.б.жұмыс тар.
- көрнекілік әдіс - экскурсия, таблица, сурет, схема, карточка пайдалану т.б.
- техникалық құралмен жұмыс істеу әдісінің бірі - демонстрациялық әдіс - экран бейнесі арқылы диафильм, кино, фрагмент, т.б, техникалық құралмен жұмыс істеу.

- жаттығу әдісі - ауызша, жазбаша және суретпен жұмыс, тақтамен жұмыс, өзбетінше жұмыс, қайталау, пысықтау кезінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану жұмысы.

- сөздік әдісі мектептің барлық сатыларында қолданылып, әңгіменің сипаты, көлемі, ұзақтығы өзгереді.

Түсіндіру - жеке ұғым, құбылыстарды, құралдар, көрнекі құралдардың жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін ауызша баяндау. Мысалы, қазақ тілі сабағында жаңа мәтінді өтер алдында оқушыларға жаңа сөздердің мағынасы түсіндіріледі. Мұғалім оқушыларға таныс емес құралдарды немесе басқа көрнекі құралдарды сабаққа алып келіп, жаңа материалды түсіндірмес бұрын оларды оқушыларға түсіндіреді. Сондықтан да, түсіндіру әдісі қазақ тілін үйренуде маңызды болып саналады.

Тілді оқытуда үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, яғни, тікелей қатынас болмаса, сөйлесім әрекеті де іске аспайды. Оқушылардың жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, оқушының тілдік қорын дамыту, іс жүзінде ауызша сөйлей білуге үйрету.

Оқыту әдістерінің басты қызметі - оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру.

Оқыту құралдары - білім алу, іскерлікті жасау көзі. Олар: көрнекі құралдар, оқулықтар, дидактикалық материалдар, техникалық оқыту құралдары, оқу кабинеттері, нақты объектілер, өндіріс, құрылыс.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытудың мақсаты - коммуникативтік, тілдік, мәдени-танымдық біліктілігі дамыған дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу. Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың пікір айту, ауызша, жазбаша сауатты сөйлеу, қоғамның өзге өкілдерімен дұрыс қарым-қатынас жасау, яғни әрбір адамға керекті коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру мәселелерін шешуге міндеттіміз. Тілді мазмұнсыз, мағынасыз меңгеру мүмкін емес. Тіл арқылы қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, болмысы танылады.

Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әр түрлі жағдайларға байланысты. Орыс топтарында оқытылатын қазақ тілі пәнінің түпкі мақсаты - оқушыларға қазақ тілін меңгерту, ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру, қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тарихын танып талаптандыру, тілін құрметтеуге тәрбиелеу, сонымен қатар Отанды, табиғатты, айналадағы құбылысты, тыныс - тіршілігімен жан-жақты терең таныстыру.

Қазақ тілі - әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ, ол дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің, мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр.

Біздің мақсатымыз өзге ұлт өкілдерін қазақ қылып шығару емес, оларға мемлекеттік тілді түсініп, әдет-ғұрпымызды сыйлап, алған білімдерін іс-жүзінде іске асыра білуге тәрбиелеу. Үйренушіге жалаң сөздермен сөз тіркестерімен жаттанды сөйлеуге қалыптастырмай, үйренген сөздерін сөйлеуде, әңгімелескенде дұрыс қолдана білуге жаттықтыру.

Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тіл - еліміздегі халықтар бірлігінің негізгі факторы, ұлтаралық қарым -қатынастың ұйытқысы. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде құрметтеу - Қазақстанда тұратын барлық халықтардың негізгі міндеті. Тіл - халықтың жеңістері мен жетістіктерінің, ұлттық құндылықтары мен өмір сүру салтының көрінісі.

Мектепте оқытылатын «Қазақ тілі» (екінші тіл ретінде - Т2) пәні білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, өмірге бейім, жаңашыл ұрпақ тәрбиелеуге негіз болады. Бүгінгі қоғам еліміздің білім беру жүйесінде көптілді меңгерген дара тұлғаны қалыптастыруды талап етуде. Бұл үш тілді қатар білуге арналған тіл саясатына сәйкес мемлекеттік тілді меңгертуді жетілдіруді қажет етеді. «Қазақ тілі» (Т2) пәніне арналған кіріктірілген бағдарлама білім берудің ұлттық жүйесін халықаралық стандарттарға негіздей отырып, еліміздегі қоғамдық-әлеуметтік, ұлттық т.б. ерекшеліктерді ескеріп және тілді үйретудің тиімді жолдарын жетілдіруді көздейді.

Бастауыш сынып оқушыларына тілді сөйлесім әрекеті арқылы мәдениаралық қатысым құралы ретінде меңгерту, оқушылардың сыни тұрғыдан және креативті ойлау дағдыларын қалыптастыру, олардың әлеуметтік-көпшілік ортада өзін еркін сезінуіне мүмкіндік туғызу негізгі ұстаным болып табылады.

Қазақ тілі пәнін оқыту тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Оқу үдерісінде жүйелі жүргізілетін әңгіме оқу, мәтінмен жұмыс жасау, өлеңдерді жаттау, жағдаяттық тапсырмалар орындау, постерлермен жұмыс істеу, сахналық қойылым дайындау барысында оқушылардың сөздік қоры жетілдіріледі. Бастауыш сыныптардағы қазақ тілі пәнін оқытуда оқушылардың жас ерекшеліктері және қоршаған ортаны қабылдауға қатысты психологиялық жай-күйі ескеріледі.

«Қазақ тілі» (Т2) пәні бағдарламасы оқушының тіл сауаттылығы мен сөз байлығын, басқалармен қарым-қатынасқа еркін түсуді және оқушының ойлау қабілеттері мен дүниетанымдық дағдыларын кеңейтуді көздейді. Бағдарламаның білім мазмұны оқушыларды қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті, салт-дәстүрімен таныстырады және алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйретеді.

«Қазақ тілі» (Т2) пәні оқушыларды армандары мен мақсаттарын қазақ тілінде еркін жеткізуге, өз ойымен бөлісуге үйретеді. Аудио, визуалды материалдарды тыңдап, түсініп, негізгі ойды анықтайды және өз көзқарасын білдіреді. Көркем-әдеби, ақпараттық-танымдық сипаттағы мәтіндерді өз мақсатына сай іріктеп, талдап, ой қорытындысын жасауға үйренеді, қысқа мәтіндерді жазуға дағдыланады.

Бастауыш мектептегі «Қазақ тілі» (Т2) пәні бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар «Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті» (CEFR) деңгейлерін (A1, A2, B1, B2, C1) негізге ала айқындалған және әр деңгейдің соңында күтілетін нәтижелер берілген.

«Қазақ тілі» (Т2) пәнін оқытудың мақсаты - мемлекеттік тілді қадірлейтін, оның қоғамдық мәнін түсінетін және тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білетін дара тұлғаны қалыптастыру.

«Қазақ тілі» (Т2) пәнін оқу арқылы оқушылар:

- сөздік қоры мен сауатты сөйлеу дағдысын дамытады;
- ойлау және танымдық қабілеттерін дамытады;
- жағдаятқа сай қарым-қатынас жасауға дағдыланады, өзгелермен еркін қарым-қатынасқа түседі;
- тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметін түсінеді; тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытады; оқушылар бойында мемлекеттік тілге және Қазақстан халқына деген сыйластық қалыптасады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бұзаубақов Ж.К., Сартбаев Т.С., Рамазанова С.А. Қазіргі жаратылыстану концепциясы. Шымкент, 1999
2. Имильянов Л.А. Концепция современного естествознания. М., 1997
3. Зыкина З.А. Концепция современного естествознания. Алматы, 1998

ҮШТҰҒЫРЛЫ ТІЛ САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Хидоятова Насиба Султаниязова

**№113 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Шымкент қаласы**

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану - заман талабы. Тәуелсіз Қазақстанның ел басқарушысы Нұрсұлтан Әбішұлының кезекті Жолдауында қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, дамыту және жетілдіру мәселелері сөз болғаны баршамызға мәлім.

Сондай-ақ, мемлекет басшысы: «Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет» дегенді шегелеп тұрып тапсырған еді.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатымен коммуникативтік құзыреттіліктің негізін қалыптастырады. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары үштілділік саясатын 1-сыныптан қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқыту арқылы жүзеге асырады.

Үш тілді оқу сөйлеу әрекетінің төрт тілдік (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым) дағдысын дамыту арқылы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

«Қазақ тілі» (Т2) пәні мектептің білім беру тілінде оқытылады. Мектептердің үштілділік саясаты тілдерді оқыту әдіс-тәсілдерін, тілдік пәндердің және өзге пән мұғалімдерінің рөлдерін анықтайды. Үштілділік саясатының жүзеге асырылуы «Қазақ тілі» (Т2) пәні бағдарламасының келесі бөлімдерінде көрсетілген:

«Қазақ тілі» (Т2) пәнін оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер» бөлімінде (5-бөлім), мұғалімнің, пәнді меңгертуге қажетті тілдік білім мен дағдыларды қалай жетілдіретіндігі анықталған.

«Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту» бөлімінде (8-бөлім), мұғалімдердің, пән арқылы тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын жоғары деңгейде қалай дамытатыны сипатталған.

«Қазақ тілі» (Т2) пәнін оқып үйренудің нәтижелерін бағалаудың тәсілдері» бөлімінде (9-бөлім) бағалау тілі белгіленген.

Демек, болашағын ойлаған өркениетті жұрттардың барлығы да баласын жерден таяқ жейтін жастан асқан кезінен бастап білімге баулиды, дүниенің сырын тануға сатылап үйретеді. Әрбір сатыда берілетін білім оқушының келесі сатыдағы білімді меңгеруіне алғышарт жасайтындай, соны қамтамасыз ететіндей болып құрылымдануы тиіс. Сол сатылы таным жүйесі, ең әуелі, бастауыш білім, содан соң негізгі саты, соңында бейіндік оқыту кезеңі деп аталады. Ана тілін оқыту жүйесі бойынша бастауыш сатыда бала әріп танып, сауатын ашады, оқи білуге, жаза білуге, тыңдай білуге, өз ойын дұрыс жеткізе білуге үйренеді. Сол дағдыларды меңгеру арқылы бала келесі сатыда, яғни мектептің негізгі сатысында берілетін ғылыми білімді қабылдауға дайын болады.

Мектептің негізгі сатысындағы (5-9-сыныптарда) басты мақсат: белгілі бір ғылым негіздеріне сүйеніп, жасөспірімді тілдің жүйесі арқылы аса маңызды рухани құндылықтың - ана тілінің маңызын түйсінуге, ерекшелігін тануға, сөз арқылы ойды жеткізудің сыры мен қырын зерделеуге үйрету. Сондықтан бұл сатыдағы оқу пәндері белгілі бір ғылым саласының заңдылықтарына сүйенген, баланың қабылдауына, өресі мен танымына лайықталып жүйеленген ғылыми білімге негізделеді. Ал бағдарлы сатыда оқушының сөз мәдениеті мен пікірталас мәдениетін игеруіне мүмкіндік беріледі. «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасында осы сатылы-сабақтастық жүйе жоғары деңгейде емес. Мәселен, орфографияға қатысты тақырып 5-сыныпта да, 10-сыныпта да бар. Не оқу мақсатында, не тілдік бағдарда олардың ара-жігі анық көрсетілмеген.

Тағы бір айтарымыз жаңа бағдарламада ана тілінің мазмұны лексикалық тақырыптар берілген де, теориялық материалдар сол тақырыптарға жапсырма ретінде «тілдік бағдар» деген бөлікте ғана, оның өзінде де шашырай берілген. Мысалы, «Қазақ тілі» пәнінің бағдарламасында «Қиял әлемі», «Сән мен талғам», «Аспан денелері», «Көлік түрлері» деген сияқты лексикалық тақырыптар берілгенде, теориялық материалдар сол тақырыптарға жапсырма ретінде «тілдік бағдар» деген бөлікте ғана ұсынылған. Нақты оқыту нысаны болмағандықтан, тіл пәнінің өзіндік табиғаты бұлыңғыр, көмескі тартқан. Егер «Қазақ тілі» оқулықтарының сыртқы мұқабасын алып тастап, оның тек мазмұнын ғана көрсеніз, оның қай пәннің оқулығы екенін ажырата алмасыңыз анық. Себебі бастауын ХХ ғасырдың алғашқы ширегінен алатын, негізін А.Байтұрсынұлы қалаған тілдік жүйе жоқ.

Пәннің жаңартылған оқу бағдарламасы екінші (шетел) тілді үйретудің заңымен түзілген. Оған қазақ мектебіне арналған «Қазақ тілі» мен оқу орыс тілінде жүретін мектептерге арналған «Қазақ тілі» оқу бағдарламаларындағы пәннің

оқу мақсаты мен міндеттерінің бірдей, айна-қатесіз қайталануы, екі пән де бірдей лексикалық тақырыптардың ұсынылуы, оқу нәтижелерінің тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым түрлері бойынша түзілуі бұлтартпас дәлел болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

4. Алматов Ж.К., Сартбаев Т.С., Рамазанова С.А. Қазіргі жаратылыстану концепциясы. Шымкент, 1999
5. Горелав Л.А. Концепция современного естествознания. М., 1997
6. Мукашев З.А. Концепция современного естествознания. Алматы, 1998

ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМЫТА ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН АМАЛДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

Байташева Ұлбике Бейсебайқызы

№130 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Шымкент қаласы

XXI ғасыр - қарыштап дамыған білім ғасыры. Бүгінгі жастардың өмірдің өзінен үйренері көп-ақ. Сондықтан олар мұғалімге, оның өткізген әрбір сабағына сыни көзбен қарайды. Өзге ұлт өкілдерінің балаларын қазақ тілін оқыту барысында таңдандыру, қызықтыру үшін әрбір сабақ жаңалық болуы керек. Ол мұғалімнің көп ізденісін қажет етеді. Осы орайда, С.Көбеевтің «Әрине алғырлық та, тапқырлық та, ептілік те, икемділік те, табандылық та қажет. Бұлар оқытушының беделді болуының құралы болуға тиіс. Халық оқытушыны өзінің шын досы, ақыл айтар данасы, қараңғы да сәуле шашар шам-шырағы деп білу керек. Мұның үшін оқытушы ең алдымен өз оқушыларының алдында беделді болуы қажет. Оның бір негізгі шарты - оқытушының өз дәрежесін жақсы меңгерген адам болуы былай тұрсын, оның сабаққа жақсы дайындалуы керек», - деген ұстанымдары қазіргі ұстаздардың бейнесін де көрсетіп отырғаны анық.

Оқыту әдісі - дидактиканың ең басты құрамды бөлігінің бірі. Әдіс деген сөз гректің «metodos» деген сөзінен шыққан. Метод деген ұғым белгілі ақиқатқа, шындыққа, мақсатқа жетудің жолдары деген мағынаны білдіреді. Қысқаша психологиялық-педагогикалық сөздікте «әдіс» - мақсатқа қол жеткізетін жол, тәсіл, белгілі жолмен тәртіпке салынған іс-әрекет»- деген анықтама берілген. Әдіс - оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді.

Оқытуда ең басты нәрсе - оқушылардың танымдық жұмыстары. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады. Тәсіл - оқыту әдісінің элементі. Жоспарды хабарлау, оқушылардың зейінін сабаққа аудару, оқушылардың мұғалім көрсеткен іс-қимылдарды қайталауы, ақылой жұмыстары тәсілге жатады. Тәсіл оқу материалын түсінуге үлес қосады.

Оқыту тәсілдерінің түрлері:

- ой, зейін, ес, қабылдау, қиялды жақсарту тәсілдері;
- мәселелі жағдаят тудыруға көмектесетін тәсілдер;
- оқушылардың сезімдеріне әсер ететін тәсілдер;
- жеке оқушылар арасындағы қарым-қатынасты басқару - тәсілдері.

Сонымен тәсілдер оқыту әдістерінің құрамына кіреді, әдістің жүзеге асуына көмектеседі. Оқыту әдістерінің басты қызметі - оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру. Оқыту құралдары - білім алу, іскерлікті жасау көзі. Олар: көрнекі құралдар, оқулықтар, дидактикалық материалдар, техникалық оқыту құралдары, станоктар, оқу кабинеттері, зертханалар, ЭЕМ және ТВ, нақты объектілер, өндіріс, құрылыс. XIX ғасырдың 20-30 жылдарында Б.Е.Райков, К.П.Ягодский түсіндіру, тәжірибелік, зерттеу, зертханалық әдістерін жетілдірді. Оқушылар сөзден, кітаптан, көрнекіліктен, тәжірибелік жұмыстардан білім алады. Осыны ескеріп 20-30 жылдарда Н.М.Верзилин, Е.Я. Голант сөздік, тәжірибелік, көрнекілік әдістерін ұсынады. Қазір компьютерлік жүйелер арқылы білім алу мүмкіндігі бар. М.А.Данилов (1899-1973), Б.П.Есипов (1899-1967) дидактикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістерді топтастырды.

Олар: білім алу, іскерлік және дағдыларды қалыптастыру, білімді қолдану, шығармашылық іс-әрекет, бекіту, білім, іскерлік, дағдыларды тексеру. Аталған авторлардың пікірлері бойынша оқыту әдісі - дидактикалық мақсатқа жету үшін оқушылардың іс-әрекетін реттеп, ұйымдастыру тәсілдері. Бұл саралауда әдістер оқытудың алдында тұрған міндеттермен сәйкестендірілген. И.Я.Лернер, М.Н.Скаткин оқыту әдістерін оқушылардың танымдық жұмыстарының түріне қарай топтастырған. Авторлар балаларға ақыл-ой жұмысының, өз бетімен білім алудың жолдарын көрсетеді. Оқытушының басшылығымен жұмыс істейтін оқушылардың танымдық белсенділігі әртүрлі. Репродуктивтік әдіс арқылы оқушы «дайын» білімдерді есінде сақтап, кейін қатесіз айтып бергенмен, оның ақыл-ой белсенділігі төмен болады. Эвристикалық әдіс арқылы ақыл-ой жұмысы күшейеді, оқушы білімді өзінің танымдық іс-әрекеті арқылы алады. Бұл әдіс бастауыш мектептерге де таралған.

Бірақ сабақты тұрақты түрде мәселелік, эвристикалық, зерттеу әдістерімен өткізу мүмкін бола бермейді. Ю.К. Бабанский оқу-танымдық іс-әрекетті ынталандыру әдістерін топтады.

Ол іс-әрекет 3 бөліктен: ұйымдастыру, ынталандыру, бақылаудан тұратынын атап көрсетіп, әдістерді оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру, ынталандыру, бақылау әдістері деп бөледі. М.И. Махмутов оқыту әдісіне сәйкес келетін оқу әдістерін төмендегідей іріктеді:

- ақпарат беру әдісі,
- түсіндіру әдісі,
- ынталандыру әдісі,
- тәжірибелік әдіс.

XXI ғасыр - қарыштап дамыған білім ғасыры. Бүгінгі жастардың өмірдің өзінен үйренері көп-ақ.

Сондықтан олар мұғалімге, оның өткізген әрбір сабағына сыни көзбен қарайды. Оларды таңдандыру, қызықтыру үшін әрбір сабақ жаңалық болуы керек. Ол мұғалімнің көп ізденісін қажет етеді. Осы орайда, С.Көбеевтің «Әрине алғырлық та, тапқырлық та, ептілік те, икемділік те, табандылық та қажет. Бұлар оқытушының беделді болуының құралы болуға тиіс. Халық оқытушыны өзінің шын досы, ақыл айтар данасы, қараңғы да сәуле шашар шам-шырағы деп білу керек. Мұның үшін оқытушы ең алдымен өз оқушыларының алдында беделді болуы қажет. Оның бір негізгі шарты - оқытушының өз дәрежесін жақсы меңгерген адам болуы былай тұрсын, оның сабаққа жақсы дайындалуы керек», - деген ұстанымдары қазіргі ұстаздардың бейнесін де көрсететіп отырғаны анық.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» деуінде терең мән жатыр. Қазақ тілін заман талабына сай сапалы оқытуда қандай қадамдар жасап, қандай озық тәжірибені негізге алып жатырмыз деген сауал төңірегінде аз-кем сөз қозғауды жөн көрдік.

Әлемге әйгілі әдіскер-ғалымның айтуынша, әрбір адамның тілдік қорының пайдаланылатын лексикасының 90%-ы 300-350 сөзден аспайды. Кез келген тілдің грамматикасы да қарапайым. Сондықтан екі апта ішінде тілдің бірнеше негізгі грамматикалық ережелері мен құрылымдарын жылдам есте сақтап және 300-350 сөзді еркін жаттап алуға болады.

Зерттеулерге сүйенсек, алғашқы 4 күнде есте сақталмаған ақпараттың 75%-ы ұмытылып қалады екен. Ол үшін ұдайы қайталап, жаттығып отырудың маңызы зор. Содан соң мұны әрі қарай дамытып, лексиканы ұдайы молайта беруге болады.

Осы орайда өзіміздің отандық әдіскер тіл үйретушілердің көрегендігін де айта кеткен жөн. Сонау ХІХ ғасырдың өзінде ұлы ағартушымыз Ы.Алтынсарин екінші тіл ретінде үйретілетін орыс тілін оқытуда осыған ұқсас әдістемені қолданған екен. «Қазақтарға орыс тілін оқытудың бастауыш құралында» түзген орысша-қазақша сөздікке ол тақырыптар бойынша оқушылар өміріне етене жақын, жиі қолданылатын сөздерді ғана іріктеп енгізген. Орыс тілі грамматикасынан да қазақ балаларына тіл үйренуге қажетті мәліметтер сұрыпталып алынған.

Алайда, көпшілігіміз сөйлеуге үйретуге мән бермей, бағдарламаның орындалуын ғана күйттеп, оқушылардың жаттанды, мардымсыз жауаптарын жоғары бағалаумен шектеліп келгеніміз жасырын емес.

Сонымен жоғарыда сөз еткен әдістемеге қайта оралсақ, ол 15 грамматикалық конструкция мен кесте түріндегі лексикалық материалдардан тұратын көрінеді. Негізгі тақырыптар бойынша жиі қолданылатын 300 сөз және айналымдағы 150 сөз қамтылыпты. Айта кетерлігі, әдістеме мемлекеттік тілді меңгерудің алғашқы қадамы ретінде қаралып отыр. Келесі екі қадамда салалық бағыт пен іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге үйрету жоспарланған. Бұл әдістеменің ерекшелігі - грамматикалық құрылымдардың жүйелілігі, бейнелілігі, мәліметтердің интерактивті әдіспен берілуі, жиі қолданылатын лексикалық

материалдардың таңдап алынуы және тілдік кедергіні тез жеңуге бағытталған психолінгвистикалық тренингтер.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері: Монография. - Астана: Тіл комитеті, Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2008. - 160 б.
2. Назарбаев Н. Қазақстан халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан, 1-наурыз, 2007.
3. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері. Пед.ғыл.докт.дис.-Алматы, 1996 ж. - 345 б.
4. Лихачев Д.С. Язык и ценности. - Москва, 2000. - 165 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛДІК ҚАТЫНАС ЖАСАУ МӘСЕЛЕСІНЕ БЕРІЛЕТІН БАСЫМДЫЛЫҚ

**Момынова Гулбакыт Абдрахмановна
№87 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы**

Оқу материалдарын оқушының жас ерекшеліктеріне орай таңдау - олардың мұны толық игерулеріне септігін тигізетіні анық. Ғылым мен техниканың, педагогикалық инновация мен технологияның соңғы жетістіктерін оқушыларға саралап беру мұғалімнің шеберлігін көрсетері анық. Танымдық тақырыптағы материалдар көбірек орындалса, білімнің де құндылығы арта түсер еді. Оқушыларды қазақ халқының рухани байлығы мен заманауи біліммен қаруландыру - ұстаздың айнымас мақсаты. Тәрбиелік қуаты берік білім халықтың болашақ даму бағытын өзі айқындауына жол ашады. Ал өзге ұлт балаларына бұл мемлекеттік тілдің оқытылу сапасы мен оның ұйымдастырылуының түпкі нәтижеге сәйкестік деңгейіне тікелей қатысты. Бұл тілге ұлттық ділдің бірден-бір тетігі, тірегі, тіні деп қарауды қажет етеді. Оның үстіне тіл - таным құралы, тіл арқылы адам дүниені танып біледі, барлық білімді сол арқылы игереді. Жалпы білім беретін мектептің басты мақсаты - дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау болса, сол тұлғаның басты көрсеткіші - сөйлеу әрекетін еркін меңгеруі, өз ойын ашық айта алуы ғана емес, сонымен қатар, оның өзіндік сөйлеу стилінің қалыптасуы.

Қазіргі қазақ тілі сабақтарында тілдік қатынас жасау мәселесіне басымдылық берілуі - тілдің адам болмысы мен бірлігіне сүйеніп жасалған жаңа қадам. Оқытудың дәстүрлі өнімсіз стилін ығыстыру және оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін жаңа дамытушы, сындарлы білім беру үлгісіне көшу әлемдік білім берудің стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Сонау ХХ ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру - үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол - жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Сондықтан, қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі

қолданып жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана білу - оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы.

Аталмыш әдістеме жеңілдігінің басты белгілерінің бірі қамтылатын сөздік қордың шектеулі саны екені сөз болғанда, Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының мамандары мен Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімдері қазақ тілін оқытудың жаңа әдістемесі туралы айтқаны тілге оралады. Мамандардың айтуынша, кейбір елдерде (мысалы, ағылшындарда, финдерде) өз халқының тілін өздеріне және басқа ұлттарға 4-6 ай ішінде үйрететін тиімді әдістемелер бар. Сондықтан шетелдік озық әдістемелер негізінде қазақ тілін жедел меңгерудің әдістемесі жасалмақшы. Қазақ тілін тиімді үйрететін әдістемеге сәйкес, жалпы білім беретін ұйымдар үшін «Қазақ тілінің жиілік сөздігі» әзірленіпті.

Оқыту сапасын арттыру үшін орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілі сағаттарын көбейту қажеттігі зор. Иә, бұған дейін де орыстілділерге қазақ тілін үйрету сапасын арттыру амалдары жасалды, алайда нәтижесі бола қоймады. Бұл жолғы талпыныс өзгереді, салмақтырақ көрінеді.

Уақыт шапшаң сырғып өтіп жатқанымен, өзге ұлттарға қазақ тілін оқыту әдістемесін жаңғыртуға асықпадық. Енді-енді қолға алып, кіріскен болып жатырмыз. Келешекте жүзеге асатын бір типті мектептер шәкірттерді үш тілде оқытуды қолға алып, бұл өз кезегінде мемлекеттік тілдің өрістеуіне мүмкіндік бермекші.

Шетелдің озық әдістемесіне сүйену қажет дегенде, тіл үйретудің өзіндік тиімді тәжірибесімен әлем назарына іліккен ресейлік филолог Александр Драгункинді айтпай кетуге болмас. Ол ағылшын және қытай тілін меңгерудің озық әдістемелерін зерттеген ғалым ретінде белгілі. Оның оқулықтары бүгінде әлемнің 28 мемлекетінде қолданылады.

«Кез келген тілді жүйелендіре аламын» дейтін А.Драгункин ағылшын тілінің жаңа грамматикасын ойлап тапқанын мақтан тұтады. Аталмыш әдіскердің ағылшын тілін үйрету кітабы 1998 жылы жарық көрген.

Оның айтуынша, бұған дейін жазылған ағылшын тілін үйрету кітаптары мен өз кітабының айырмасы жер мен көктей. Бүгінгі таңда ағылшын тілін үйрету нарығындағы кітаптардың барлығы Драгункин жасаған әдістеме негізінде жазылған. Атақты әдіскер ғалымның сөзіне сенсек, әдістемесі әмбебап, кез келген тілді оқыта беруге болады.

Осынау тіл үйрету дарабозы әйгілі әріптесі әрі жерлесі Петровтың оқулығын әлсіз деп санайды. Әйтсе де бір нәрсе анық: орыстілді отандастарымыздың қазақ тілін үйренуіне екеуінің де әмбебап тәжірибесі үлгі боларына сөз жоқ. Тек соны негізге ала отырып, отандық тіл мамандары оңтайлы әдістеме жасаса, ал қазақ тілі мұғалімдері пәнді оқыту жауапкершілігін терең сезініп, шеберлік танытса екен дейсің.

Дипломымызда «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» деп жазылғанымен, орыс тілді дәрісханаларда қазақ тілін оқытып жүргенімізге де жиырма жылдай уақыт болыпты. Мұны айтудағы себеп, орыс тілді ортада тіл үйрету мәселелерімен етене таныстығымызды білдіру. Бұл тұрғыдағы жазбаларымыз мерзімді басылымдарда жарық көрді.

Мәңгілік Ел атануға бағдар ұстаған тұста рухани жаңғырудың бір ұшы алдымен мемлекеттік тілге басымдық беруде, соған қол жеткізуде екенін сезініп, сол жолда батыл әрекет жасағанымыз ләзім.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абасилов А. Мемлекеттік тілдің Қазақстан Республикасының солтүстік аймағындағы қызметі: социолінгвистикалық проблемалары, оларды шешу жолдары: Фил. ғыл. канд... дисс. – Алматы, 1998. – 132 б.
2. Қазақстан Республикасында тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген.
4. Шонанов Т. Самоучитель киргизского языка для русских. 4-ое перераб.изд. Кызылорда, Каз.гос.изд., 1927. – 122 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫНЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ БІЛІКТІЛІГІН ДАМУ

Байконысова Нурсулу Рахметовна
№88 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Мектепте оқылатын қазақ тілі тек тіл туралы білім беретін арнайы оқу пәні ғана емес, ол басқа пәндерді үйрену, меңгеру құралын қалыптастыратын жалпыпәндік маңызға да ие. Сондықтан қазақ тілін оқытудың коммуникативтік бағытын күшейту арқылы ғана оның мектептік білім жүйесіндегі әлеуеті арта түспек.

Елімізде мемлекеттік тілді үйрету мәселелері әр қырынан зерттелді. Мысалы: Ә.Жүнісбек: «Қазақ тілі дыбыстарын үйрету әдістемесі», «Қазақ тілін модельдеу арқылы үйрету әдістемесі»; Ф.Оразбаева «Тілді үйретудің коммуникативтік әдістемесі»; Н.Құрман «Қазақ тілін оқытуда теориялық ойлауды дамыту технологиясы», «Қазақ тілін үйретудің интерактивтік технологиясы», «Қазақ тілін үйретудің интенсифік технологиясы», «Қазақ тілін этнолингвомәдени жүйе негізінде оқыту», «Қазақ тілін үйретудің ақпараттық технологиясы»; Н.Оразақынова «Тілді оқытудың сатылай комплексті талдау технологиясы»; С.Рахметова, Т.Әбдікәрімова, Ә.Жұмабаева «Бастауышта мәтінді меңгерту арқылы тіл дамыту әдістемесі»; Г.Қосымова, А.Қыдыршаев «Қазақ шешендігін үйрету әдістемесі»; Ж.Сүлейменова «Қазақ тілін оқытудың белсенді әдістер жүйесі» т.б. Қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы сөз болғанда бұл проблеманың ішінен басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесін жеке бөліп қарастырмаса болмайды. Өйткені, қазіргі таңдағы көп жұмыс істеліп, жан жақты қарастырылып 12 отырған проблема - орыс аудиториясында қазақ тілін оқыту проблемасы. Сонымен қатар, бұл мәселе тілдік коммуникацияның

тікелей зерттеу объектісі бола келіп, қазіргі кезеңде өзекті мәселе болып отырған қазақша сөйлеуге үйретудің тиімді жолдарын табуға көмектеседі.

Бүгін біздің алдымызда тұрған мақсат - өзге тілді аудиторияны қазақ тіліне үйрету ғана емес, сонымен қатар алдымызда отырған шәкірттердің туған елінің қасиетін сезініп, оның алдындағы ұлт жауапкершілігін ұғынып, ол үшін басын бәйгеге тігер тәуекелге баруы болып саналады. Сол сияқты, барлық халықтармен рухани және материалдық тығыз байланыста болуы, өзі өсіп-өнген аймаққа деген сүйіспеншілігі патриотизмнің қайнар көзі. Қазақ тілді емес аудиторияға мемлекеттік тілді үйрету мәселесімен айналысып жүрген ұстаздар, тілшілер, ғалымдар көптеп саналады. Олардың әрқайсысы әртүрлі мәселелерді қарастыра келіп, қазақ тілін оқыту саласының дамып, жетілуіне үлес қосуда.

Бұл еңбектердің авторлары Ш.Х.Сарыбаев, И.В.Маманов, Ғ.Бегалиев, С.Жиенбаев, Т.Аяпова, Ш.Бектуров, К.Сариева, А.Жүнісбеков, Р.Ахметжанова, М.Жанпейісова, Ф.Оразбаева, Қ.Бітібаева т.б. Пәннің коммуникативтік бағытын арттыру тілдің қарым-қатынастық аспектілері мен қызметтерін мынадай жүйеде беруге негізделеді:

-әлеуметтік (оқушы әлеуметтенеді);

-танымдық (оқушы тіл арқылы дүниені таниды);

-ақпараттық (түрлі мағлұматтарды қабылдап, түсінеді);

-қоғамдық (ұжымдық күрделі әрекеттерді орындауға үйренеді); эмоционалдық (оқушы өз сезімін, көңілкүйін бөліседі).

Міне, бұлардың барлығы қазақ тілінің жаңа бағытының білім берудің жаңа парадигмасымен толық сәйкестенетінін көрсетеді. Өйткені мәдениетті қатынас жасау, өзгелермен тіл табысу - әрбір адамның күнделікті өмір тәжірибесінде бетпе-бет кездесіп отыратын және оның ішкі рухани әлеміне, тапқырлығы мен ақыл-ойына байланысты жүзеге асатын тіршілік мұқтажы. Қазақ тілінің басты компоненті «қызмет тәсілі» болып саналатын пәндерге жатады. Бұл дегеніміз қазақ тілін оқытудағы басты мақсат ғылыми білім беру емес, оқушылардың қазақ тілі құралдарын іс жүзінде қолдана алу дағдысы мен білігін қалыптастыру. Бұдан қазақ тілін үйретудегі басым тапсырмаларды анықтау керектігі айқындалады. Олар мақсатқа жетуге бағытталған қызмет тәсілінің үлгісі, дағды мен білік қалыптастыру алгоритмі, репродуктивті және продуктивті жаттығу, материал түрлерімен қамтамасыз ету.

Тілді оқытудың ұтымды әдістерін іздестіру ғылымда қатысым әдісін алға шығарды. «Коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді. Сонымен, «коммуникация» - қарым-қатынас, өзара байланыс деген ұғымды білдіреді. Тілді үйретуге қатысты әдісті сөз еткенде, арнайы қарастырған тілші әдіскер - Е.И. Пассов. Ол қатысымдық әдісті сөз етпестен бұрын, жалпы оқыту әдісіне тән бірнеше белгілерді бөліп шығарды.

Мұндай белгілер мыналар:

- әрбір оқыту әдісі белгілі бір мақсатқа жетудің құралы болып табылады. Қатысымдық әдістің негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу;
- әдіс оқыту процесіндегі тактиканы емес, стратегияны анықтайды, сондықтан да ол (әдіс) оқытудың шартына тәуелді болмайды;
- оқыту әдісінің аумағы өте кең, сондықтан сөйлеу әрекетінің қай түрінде болсын оқытудың барлық жақтары қамтылады;
- әдісте барлық қағидалардың басын біріктіретін ең басты, негізгі идея болады. Басты идея методологиялық рөл атқара келіп, әдістің жүзеге асуы үшін барлық мәселелердің басын біріктіреді. Сөз болып отырған әдіске қатысты негізгі идея, басты өзек - қатысым болып табылады. Қазақ тіл білімінде қатысымдық әдістің негізін қалаған профессор Ф. Оразбаева берген анықтамаға жүгінсек, «Қатысымдық әдіс дегеніміз - оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзінде асыратын әдістің түрі».

Қазақ тілі оқушының қатысымдық біліктілігін дамытумен қатар, олардың қиялын, есте сақтауын жетілдіруге мүмкіндік береді, өзіндік оқу іс-әрекетін, өз бетімен білім алу және оны іске асыру дағдыларын қалыптастырады. Ф.Оразбаева басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын қатысымдық әдісті өзіндік принциптер арқылы ажыратады. Олар:

- тіке байланыс;
- адамның жеке қабілетін ескеру;
- сөйлесуге үйретуде жүргізілетін жұмыстардың түрлерін айқындау;
- сатылап даму,
- динамикалық өзгеру;
- өзектілік.

Қатысымдық технология, негізінен:

- а) оқу материалын меңгеруге бағытталады;
- ә) оқушы тұлғасына бағытталады;
- б) оқытушы мен оқушының ынтымақтастығына бағытталады, сол арқылы оқу мақсаты жүзеге асырылады.

Қатысымдық әдістің пайдаланудың тиімді жолы - оның тіке байланысқа негізделіп, адаммен - адамның тікелей қарым-қатынасы арқылы тілді үйретуді жүзеге асыруында. Тілді оқытуда үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, яғни, тікелей қатынас болмаса, сөйлесім әрекеті де іске аспайды. Тілді үйретуге байланысты қандай бағыт - бағдарды тандап алу керек, оған қатысты орындалатын жұмыстармен тапсырмалар қандай, оны іске асыруда бұл жұмыс түрлерінің алатын орны мен қызметі қандай дегенді анықтап белгілемей, алға қойған мақсатқа жету мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Арынова С.А. Мемлекеттік тілдің Қазақстан Республикасының солтүстік аймағындағы қызметі: социолінгвистикалық проблемалары, оларды шешу жолдары: Фил. ғыл. канд... дисс. – Алматы, 1998. – 132 б.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген.
4. Шонанов Т. Самоучитель киргизского языка для русских. 4-ое перераб.изд. Кызылорда, Каз.гос.изд., 1927. – 122 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫНЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ БІЛІКТІЛІГІН ДАМУ

Әділбек Айман Тастемірқызы
№88 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды.

Мемлекет болашағының кепілі-жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - деген.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты-білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі - жалпы педагогикалық, ғылыми- теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгерудің маңызы зор.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Бұл әлемдік озық тәжірибеде дәлелденгендей пәндік-білімдік парадигманы тілге деген сүйіспеншілік парадигмасымен алмастыру арқылы шешіледі. Әлемдік тәжірибеде ХХ ғасырдың орта шенінен басталған жаңа тенденция - ана тілі сабақтарында оқушылардың өз ойын, өз пікірін еркін айтуына қажетті іскерліктерді дамыта оқыту мәселесі бұрынғы кеңестік білім жүйесінде де теориялық тұрғыда ішінара айтылып келгенді.

Бірақ оған мемлекеттік идеология мен стереотиптік қалыпқа әбден көндіккен оқыту жүйесі жол бермейтін. Әйтсе де негізгі қызметі қарым-қатынас құралы болатын тіл табиғаты демократиялылықтың алғашқы жылдарынан бастап

бүгінгі күнге дейін озық ойлы педагогтар мен әдіскерлердің, тіл мамандарының назарын өзіне аударуда. Олар тілдің ұлттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде оқу-тәрбие процесінің түп қазығы болатындығына, оқушының дара тұлға ретінде дамытылуының, яғни білім жүйесіндегі демократиялылықтың, ізгілендірудің, гуманитарландырудың бірден-бір тетігі де ана тілінің меңгерілу жолдарымен сабақтастығына ерекше мән береді. Өйткені жалпы білім беретін мектептің басты мақсаты - дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау болса, сол тұлғаның басты көрсеткіші - сөйлеу әрекетін еркін меңгеруі, өз ойын ашық айта алуы ғана емес, сонымен қатар оның өзіндік сөйлеу стилінің болуы.

Қазіргі ана тілі сабақтарында тілдік қатынас жасау мәселесіне басымдылық берілуі - тілдің адам болмысымен бірлігіне сүйеніп жасалған жаңа қадам. Мәселен, ресейлік ғалым Г.В.Колшанский өзінің «Теория речевых актов как один из вариантов теории речевой деятельности» атты еңбегінде: «тілдік қатынастың тек ақпараттық қызметпен шектелмейтінін, адамдардың өзара түсінісуінің құралы екендігін оқушыға ұғындыру қажеттігін» атап көрсетеді. Бұл, әрине, оқушының ойлау қабілеттерінің ерекшеліктерінен келіп шығады.

Жоғарыда айтылған «сөйлеу стилінің ерекшелігі» оқушының тілді қолдануынан көрінсе, сөздің қашан да адам ойының айнасы екені анық. Яғни тіл мен сананың, 15 сөйлеу мен ойлаудың бірлігі әр адамның жеке басы қасиеті мен қабілетінің де даралығын танытатын белгі екені сөзсіз. Олай болса «ойлаусыз тілдік қатынас та жоқ. Ойлау тілдік қатынастың тірегі ғана емес, ол - бүкіл сөйлеу әрекеті өмірінің өзегі деп саналатын адамзаттың болмысы». Осы бірлікті оқу үдерісінде жүзеге асырудың ең ұтымды, ең тиімді жолы - тіл сабақтарында көркем мәтіндермен кешенді жұмыс жүргізу. Тілдік қатынастың дамуына алғышарт тудырудың басты факторы «оқушыға тілдік орта қалыптастыру» екендігі негізделген жаңа жүйеде осы оқу мәтіндерінің коммуникативтік, ой дамытушылық, шығармашылық сипаттары айқын көрсетілген.

Сонымен қатар жоғарыда көрсетілген басты тенденциялармен сабақтасатын соны бағыт - ана тілін мәтін арқылы меңгерту. Мәтін арқылы оқытудың артықшылығы білімді күтілетін нәтижеге сай ұйымдастыру болып табылады. Оны әдіскер ғалым Ф.Ш.Оразбаева төмендегідей тұжырымдайды. Білімді күтілетін нәтижеге сай мәтін арқылы оқытудың артықшылығы Оқу мәтіндері тіл мен әдебиетті кіріктіре оқытуға мол мүмкіндік береді. Тілдің тек ғылыми жүйесін меңгертуден арылудың бір жолы - оқушының сөйлеу іскерліктерін дамытатын жұмыстарға басымдылық беру. Бұл, әлбетте, түрлі мәтіндермен кешенді жұмыс арқылы ғана мүмкін болады. Мәтін тілдің көркем сөзде, яғни сөз өнерінде атқаратын қызметін жан-жақты танытуға жетелейді. Мазмұны терең, тілі көркем мәтіндер-оқушының сөйлеу шеберлігін дамытудың көзі деген қағида орнықтырылады. Мәтін арқылы оқыту оқушының сөйлеуді ұлттықмәдениеттің компоненті ретінде меңгеруінің маңызды факторы - тілдік ортаны қалыптастырады.

Бұл идея қазіргі білім философиясындағы рефлексия бағытымен сабақтасып жатыр. Яғни оқушының өз ортасы арқылы дамуына табиғи жағдай жасалады. Мұнда оқушылар бір мәтінді талдау барысында өзара ой бөлісуге, пікір таластыруға, ортақ ой қорытындыларын жасауға үйренеді. Мәтін арқылы

сөйлеу әрекеті компоненттерін толық әрі бір-бірімен тығыз сабақтастықта жүргізуге жол ашылады. Сөйлеу әрекетінің оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, тілдесім секілді бөліктері қатар жүргізілетін жұмыстар оқушының ауызша, жазбаша сөйлеу мәдениеттерін жетілдірудің қайнар көзі болып саналады. Бұл тілді оқыту сапасының айқын көрсеткіші деп есептеледі. Мәтін - білімді дара тұлғаға бағдарлап оқытудың ұтымды құралы. Өйткені қазіргі таңдағы саралап, даралап білім беру мәселелері деңгейлеп оқыту технологиясымен байланысты қаралады. Ал, мәтінмен жұмыстар осы 16 деңгейлік тапсырмаларды бірізділікпен, логикалық жүйелілікпен бірте - бірте күрделендіре түсуге ыңғайлы. Бұл - сапалы білім, саналы тәрбие берудің тетігі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сарыбаев Ш. Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту тәжірибесінен. Алматы, 1940.
2. Сарыбаев Ш. Методика преподавания казахского языка в русской школе. Алматы, 1943. – 125 б.
3. Лапатухин М.С. Очерки по методике казахского языка в русской школе. Алматы, 1940.
4. Оралбаева Н. Қазақ тілін үйрену курсының программасы. Алматы, Мектеп, 1987. – 75 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Султанбекова Камшат Ауесхановна
№88 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Жалпы тіл үйрену мәселесі жаһандану кезінде заман талабына айналды. Қазақстанда ағылшын, неміс, қытай тәрізді шет тілдер үйретілсе, Еуропа мен Америкада қазақ тілі үйретіледі. Кейінгі он жылдың ішінде қазақ тіліне деген қызығушылық артып, бірқатар мемлекеттің университеттерінде шет тіл ретінде оқытылып жатыр. Нақты айтатын болсақ, қазақ тілі көршілес Қытай Халық Республикасы мен Түркиядан басқа, Германияда, Польшада, Швецияда, Венгрияда, Оңтүстік Кореяда, сонымен қатар Америка Құрама Штаттарында Орта Азия немесе Түркітану бөлімдерінде оқытылады. Оның басты мақсаты - студенттерді қазақ тілі, мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрлері мен рухани құндылықтарымен таныстыру және оларға жан-жақты білім беру. Осылайша жан-жақты білім алып, қазақ тілін үйреніп жүрген студенттерге болашақта халықаралық деңгейде мансабы жоғарлауға орасан мүмкіншіліктерге жол ашылады.

Тілдік орта болмаған жағдайда тілді қалай үйретуге болады деген заңды сұрақ туындайды. Ең алдымен, тілді сөйлеуші мен тыңдаушының өзара түсінісуге арналған қарым-қатынас құралы ретінде қарастырғанымыз жөн.

Екіншіден, оқыту үрдісінің қаншалықты жүйелі және мазмұнды ұйымдастырылғандығы назарымыздан тыс қалмауы қажет.

Үшіншіден, үйренушілердің ынтасы мен уәждемесі орасан рөл атқарып, тіл үйрету үрдісін жеңілдете әрі жеделдете түсетіні бәрімізге белгілі.

Төртіншіден, тіл үйренуші мен оқытушының ортақ мақсатына жетуіне, яғни, үйренушінің тілді неғұрлым жатық меңгеруіне жағдай жасау. Дәлірек айтсақ, оқытушы шығармашылық өнерімен үйренушіні қазақ тіліне баурап, үйренушінің лингвомәдени құзыретін қалыптастыруға, яғни, лингвомәдени білімін толықтыруға өз үлесін қосуы абзал.

Тіл - қоғамдық құбылыс. Тіл - қоғам өмірінің танымы мен білімін ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші құрал, ал сөйлеу болса іс-әрекеттің бір түріне жатады. Қоғамдағы іс-әрекеттер белгілі мақсатқа негізделген. Сол сынды сөйлеу әрекеті де бір мақсатты көздейді. Кез келген сөйлеу әрекеті қандай әлеуметтік байланыста іске асып, қай қалыпта және қандай үмітпен орындалатыны туралы құзырет өзара түсінісу үрдісін табысты болуына жауапты. Жеке тұлғалар қоғамдағы іс-әрекеттерге белсене араласып, алдына қойған мақсаттарына ұмытылады. Тілді меңгеру де үйренушінің көздеген мақсаттарынан, ал мақсат қоғам мүшесінің қажеттіліктерінен туындайды. Сондықтан тіл үйрету үрдісі ең әуелі дара тұлғаға бағытталып, ересек тіл үйренушінің іскерлік сапаларын, коммуникативтік құзыретін, әлеуметтенуге бейімділігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатады.

Есин Иллери өзінің «Түрік тілі шет тілі ретінде» атты еңбегінде дара тұлғалар тілді қызмет орынында және бос уақытарында басқалармен қарым-қатынас жасау үшін меңгеретіндігін айта келе, шет тілдерді үйрету әдістерінің тарихына шолу жасап, коммуникативті-прагматикалық әдіске төмендегідей сипаттама береді. Тіл - қарым-қатынас, яғни коммуникация, құралы.

Ал коммуникация сөйлеуші мен тыңдаушы, олардың коммуникациядағы өзіндік рөлі мен бір-біріне деген қарым-қатынасы, сондай-ақ берілген жағдаят, ой-ниетті сөйлеу актісі сынды компоненттерден тұрады. Сонымен қатар тілді үйрету барысында оқу материалы емес, тіл үйрену үрдісі мен сол үрдістің субъектісі болып тұрған үйренуші маңызды орын алады. Автордың айтуы бойынша, өзге тілі сабағының мақсаты – коммуникативті дағдылар мен шеберлікті, сондай-ақ тыңдап-түсіну мен сөйлеу дағдыларын дамыту.

Қазақ тілін неміс тілді аудиторияға үйретуде коммуникативті әдісті қолдана отырып, қатысымдық тапсырмаларды пайдаланамыз. Осы тапсырмалар кешенін жағдаяттық тапсырмалар, жұптық және топтық жұмыстар, рөлдік ойындар, пікірталас пен шығармашылық жұмыстар құрайды. Аутентикалық жағдаяттық тапсырмалар үйренушілердің талаптарына, тілдік білім деңгейіне байланысты мақсатты түрде құрастырылып, мәнмәтінге сай берілуі қажет. Ал жұптық және топтық жұмыс жасау барысы үйренушіге қазақ тілінде өз ойын жеткізіп, біреудің айтқанын түсіне алатын дәрежеге жету мүмкіншілігін арттырады да, тіл үйрену үрдісінің қызықты өтеуіне себепкер бола алады.

Сондай-ақ сабақ барысы қатаң түрде емес, керісінше, көңілді өтсе, үйренушілердің тапсырмаларды белсенді орындауға және табысты болуына жағымды әсерін тигізеді. Қазақша әндер үйретіп, ұлттық би элементтерін қолдана отырып, үйренушілердің зейіні мен жаңа ақпаратты қабылдау, есте сақтау функцияларын арттыруға болады. Осылайша тіл үйренушілердің өздеріне деген сенімдері, қызығушылықтары арта түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілі оқыту әдістемесі. Алматы. Ана тілі, 1996. – 20 б.
2. Әбдікәрімова.Т., Әбдіғалиева.Т., Шаймерденова.К. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 1999.
3. Бектуров.Ш. Бектуров.А. Казахский язык. Алматы, Рауан.1994 -240б.

САБАҚТЫҢ ОҚУ МАҚСАТЫНА ЖЕТУДЕ АКТ ТИІМДІЛІГІ

Мурзабаева Баянсулу Сериковна
№88 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты - білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі - жалпы педагогикалық, ғылыми- теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгерудің маңызы зор.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Грамматика - негізгі мақсатқа жету құралы. Олай болса, тілдердің құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып, неміс тілі флективті, ал қазақ тілі агглютинативті тіл, неміс тілді аудиторияға қазақ тілінің грамматикасын формулалар арқылы оқыту өте тиімді. Дайын формуларды тіл үйренуші есте сақтайды да, осы формула арқылы кез келген өзі білетін, сөздерін грамматикалық дайын қалыптарға салып, оларды тіркестіріп, сөйлемдер құрай алады.

Сонымен қатар қазіргі кезеңде компьютерлік технологиялар қоғамдық өндіріс, ғылым және білім саласында белсенді қолданылады. Компьютерлік технология дегеніміз - компьютерлердің көмегімен ақпаратты жинақтауды, өңдеуді, сақтауды, таратуды және көрсетуді қамтамасыз ететін әдістердің, өндірістік үдерістердің және бағдарламалық-техникалық құралдардың жиынтығы. Компьютерлік технологиялар типтік бағдарламалық-бағдарланған бағдарламалық құралдармен қамтамасыз етілетін операциялардың белгіленген топтарында іске асырылады.

Осы бағдарламалық құралдардың арасында мәліметтердің мәтіндік, кестелік, графикалық өңделуін және ақпараттың (мәліметтер базасының) жинақталуы

мен сақталуын қамтамасыз ететін бағдарламалар, электрондық коммуникация құралдары, компьютерлік баспа жүйелері, автоматты аудару жүйелері, білім берудің әр алуан салаларының сараптамалық жүйелері және т.б. бөлініп шығады. «Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар білім беру және оқу өнімі болып табылмаса да, оқыту құралдары жүйесінің құрамына кіреді. Оларға мыналар жатады: Интернеттің қолданбалы электрондық ресурстары (анықтамалық-ақпараттық, ақпараттық-білім беру және мәдени), Интернеттің білім беретін электрондық ресурстары, инструменталдық құралдар (электрондық оқу материалын жасауға болатын бағдарламалар), Интернеттің коммуникациялық қызметтері (e-mail, форум, чат)» .

Оқытудың ақпараттық (компьютерлік)технологиясы түсінігінің астарында білім алушыға компьютердің көмегімен ақпаратты дайындау және беру үдерісі жатыр. Компьютерлік технологияға оқытудың әр түрлі әдістері кіреді: бағдарламаланған оқыту, интеллектуалдық (проблемалық) оқыту, сараптамалық жүйелер, оқу коммуникациясы жүйелері және т.б. оқытудың ақпараттық технологиясының маңызды сипаттамалары мыналар:

- компьютерлік жүйелерді меңгерудің теориялық негіздері (бағдарламалау, проблемалық оқыту, тестілеу);
- қолданыстағы оқыту құралдары (гипермәтін, мультимедиа, байланыстың компьютерлік құралдары);
- инструменталдық жүйелер (бағдарламалау тілі, авторлық жүйелер, мәліметтер базасы, мәтіндік редакторлар, электрондық пошта және чаттар, мультимедиа, бейнеконференциялар).

Оқу үдерісінде компьютерді қолданудың негізгі бағыттары мыналар: модельдеу, тілдік, тілдесімдік, элеуметтік-мәдени құбылыстарды немесе үдерістерді көрнекті көрсету жолдары арқылы оқыту мақсатында қолдану;

- оқу материалын қолдануда дайындықты (іскерлікті, дағдыны қалыптастыру) ұйымдастыру;
- дағдыны, іскерлікті, білімді бақылау және бағалау;
- статикалық ақпаратты жинақтау, өңдеу және сақтау;
- оқу үдерісін ұйымдастыру үшін ақпаратты автоматтандырылған түрде іздеу;
- оқытушымен, оқыту орталығымен диалогты және компьютерлік желілер арқылы коммуникацияны қамтамасыз ету.

Компьютерлік технологиялар негізінде оқытуды ұйымдастыру үшін, үш негізгі компонент қажет, олар: аппараттық-бағдарламалық қамтамасыз ету, дайындығы бар педагогикалық кадрлар және электрондық оқу материалдары (мысалы, желілік ресурстар, мультимедиа, тренингтік компьютерлік курстар, тесттік жүйелер және т.б.). Бұл компоненттердің барлығының маңызы бірдей.

Компьютерлік технологиялардың оқытудағы ерекше қыры оқытуда әр алуан қолданбалы бағдарламалардың - мәтіндік редакторлардың, орфографияны тексеру бағдарламаларының, кестелердің, мәліметтер базасының, электрондық энциклопедиялардың және кітапханалардың, электрондық баспа жүйелерінің, ойын бағдарламаларының және т.б. қолданылуында болып табылады. Арнайы дайындалған оқу материалдары білім беру үдерісінде сирек қолданылады.

Тілдерді оқытуда қолданылатын дербес электронды-есептеуіш машина (ДЭЕМ) қолданудың бірнеше негізгі бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

Бірінші бағыт ақпаратты жылдам өңдеуге, жадының үлкен көлеміне негізделген, оқыту үдерісін ақпараттық қолдауға есептелген (электрондық сөздіктер, мәліметтер базасы, электрондық кітапханалар).

Екінші бағыт тілдерді меңгерумен және оқытумен байланысты әр алуан интеллектуалдық үдерістерді модельдеуді көрсетеді. Мысалы, оқу материалын түсіндіру және тұсаукесер жасау, тіл иелерімен қарым-қатынасты модельдеу, тілдік ортаны модельдеу, тілді меңгеру деңгейін бақылау және бағалау және т.б. (электрондық оқулықтар, компьютерлік жаттығулар, тесттер).

Үшінші бағыт байланыстың компьютерлік сызықтары арқылы оқытушымен немесе оқу орталығымен оқу ісі бойынша өзара әрекеттің ұйымдастырылуын көрсетеді (форумдар, чаттар, бейнеконференциялар).

Тілдерді оқытатын қашықтық курстарында бұл бағыттардың барлығы қандай да бір дәрежеде іске асырыла алады.

Қазақ тілін оқытуда компьютерлік оқу бағдарламаларын жасау және қолдану бірқатар мәселелерді қарастыруды және шешуді қажет етеді.

Соның ішінде:

- педагогикалық мәселелер (педагогикалық үдерістегі, оқытушы және білім алушы қызметіндегі, тұсаукесер формаларындағы және оқу материалын дайындаудағы өзгерістер);
- әдістемелік мәселелер (компьютердің қазақ тілі сабағындағы функциялары, бағдарламалардың және жаттығулардың типтері, компьютерлік бағдарламалардың басқа оқу құралдарымен өзара әрекеті және қатынасы, оқытуды компьютерлік қолдаудың тиімділігі және т.б.);
- білім алушылардың, оқытушылардың компьютерлік бағдарламалармен, бір-бірімен байланыстың компьютерлік сызықтары арқылы өзара қатынас жасаудың психологиялық мәселелері;
- кәдімгі тілде компьютермен диалогты ұйымдастырудың лингвистикалық мәселелері;
- ұйымдастырушылық мәселелер (компьютерлік зертханада сабақты ұйымдастыру, қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру) және т.б.

Компьютерлік жүйемен өзара әрекет етудің қандай да бір аспектілері бірінші орынға шығуы мүмкін:

- ақпаратты алу;
- коммуникацияны ұйымдастыру;
- бақылауды ұйымдастыру;
- оқу үдерісін ұйымдастыру.

Бұл мәселелердің барлығы компьютерлік технологиялар тұрғысынан оларды шешудің ерекше тәсілдерін, жолдарын және кезеңдерін көрсетеді.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденген де ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», - деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс.

Қорытынды жасай келе айтарымыз, өз іс тәжірибемізден жаңа технологияларды қолданып өткізген дәрістердің, оқушының бойына білімнің

нәрі болып сіңетініне және оқушының келесі сабаққа деген қызығушылығын, ізденіп, берілген тапсырмаларды ұстазбен қатынаста болып орындауларына септігін тигізетініне сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аяпова Т. Қазақ тілі. Алматы, 1998.
2. И.Я.Лернер, М.Н.Скатын. Дидактика средней школы. Москва, «Просвещение», 1975. - 146 с.
3. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. 2 изд. М. Просвещение, 1991. - 312 с.
4. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. -Алматы, 2000. - 256 б.

ОҚУШЫНЫ МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ АРҚЫЛЫ ДАМУ

Адилова Жанар Анарбаевна
№88 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Мәтінмен жұмыс оқушының субъект ретінде өзін әр қырынан танытуына мүмкіндік тудырады. Мәтін мазмұнына сәйкес түрлі тілдік жағдаяттар тудыруға, оқушының логикалық ойлауын мақсатты түрде дамытуға, олардың сөйлеу белсенділігін арттыруға да қатысты тапсырмаларды түрлендіруге болады. Әрі мұндай бір бағытқа бағдарланған жұмыстар жиынтығы сабақтағы сұрақ-тапсырмалардың тек формалық жағынан өзгертілуін ғана емес, олардың мазмұндық жағынан да тереңдеуіне жол ашады. Бұл да оқыту сапасын күтілетін нәтиже тұрғысынан жетілдіруде шешуші рөл атқарады. Мәтінмен жұмыс - тілдің барлық пәндермен байланысуын қамтамасыз етудің кепілі. Мұнда тілдің дүниетаным құралы екенін танытуға қажетті мүмкіндіктер мол. Әсіресе, тілдің стильдік жүйесін таныту нәтижесінде түпкі мақсатқа қол жеткізіледі. Мәтінмен жұмыс - оқытудың тәрбиелік сипатын күшейтудің бір факторы. Мұнда мәселе тек мәтін мазмұнының дидактикалық қырында ғана емес, сонымен қатар оқушылардың өзара пікірталасы үстінде қалыптасатын тыңдау мәдениеті мен өзгенің ойын сыйлай білу дағдысының қалыптасуында, өз ой-тұжырымдарын көпшілікке ұғымды етіп түсіндіре білу іскерліктерін жетілдіруге деген ішкі мүдделілігінің тууында жатыр.

Жоғарыда аталған мәтін негізінде тұжырымдалған әрбір бағыт қазіргі әлемнің озық елдері көтеріп отырған оқыту сапасы мен білім нәтижесіне қатысты тенденциялармен тығыз ұштасады. Тіл меңгерудің өлшемдерін белгілі социолингвист-ғалым Л.П.Крысин «Социолингвистические аспекты изучения современного русского языка» атты еңбегінде төмендегідей түсіндіреді: I Дәстүрлі лингвистикалық өлшем адамзат қызметінің қай саласындағы қолданылу сипатына қарамастан сөйлеушінің ойын еркін бейнелеп, құбылтып айта алу икемдігін, қабілеттілігін қамтиды. Тілді құбылта қолдана білу қабілеттілігі сөйлеушінің бір ойды әр түрлі айта алуынан көрінеді. Ойды

неғұрлым көп түрлі ете айта білсе, соғұрлым тілді меңгеру дәрежесі жоғары болады.

Мысалы:

1. Кітапты түсініп оқыңыз.
2. Кітапты түсініп оқуға тырысыңыз.
3. Сіз кітап оқығанда түсінуге тырысыңыз.
4. Түсініп оқу- кітап оқудағы басты талап.
5. Кітап оқығанда түсіну (оқырманнан) талап етіледі. II Ұлттық-мәдени өлшем - тіл құралдарын пайдалануда ұлттық нақыштағы ерекшеліктерді меңгеру. Сол немесе өзге тілде сөйлеуші жас кезінен тілдің сөздің грамматикалық, интонациялық жүйесін меңгерту арқылы өздеріне білінбестен, көбіне ойланбастан, оның ұлттық мәдени және рухани формаларын бойына сіңдіреді. Әдет-ғұрыптілді қолданудағы айтылу құралдарының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты болады.

Дәстүрлі оқытуда уақыттың көбінде мұғалім сөйлейді. Дамыта оқытуда мұғалім баланың өз ойын, өз бақылауларын, танымын айтуына жағдай жасайды. Сыныптағы «тәртіп» ұғымы өзгереді. Оқушылар жұмыс барысында өздерін еркін ұстайды: шулайды, күледі, бір-бірімен әзілдеседі. Оқытуды ұйымдастырудың маңызды нысаны - экскурсия. Таным негізі тек кітап, мұғалім сөзі ғана емес, қоршаған орта, материалдық мәдениет. Л.В.Занков түсінігінде даму адамның өзін-өзі көрсетуінсіз, өз пікірін, бағасын білдіруге мүмкін емес. Оның жүйесімен қорытынды шығарғанда баланың байқампаздығына, ойлау барысына, тәжірибелік іс-әрекетіне, сезіміне, еріжігеріне, қажеттіліктеріне жақсы мен жаманға көзқарасына, олардың қаншалықты деңгейде дамығандығына баса назар аударылады.

Сөйтіп сабақ үлгерімі жалпы дамумен ұштастырылады. Оқушы бағдарламаны өте жақсы меңгермесе де, оқуға деген ынтасы пайда болып, сынып ұжымымен байланысы жаңсарса, дүние туралы түсінігі, онымен қатынасы өзгерсе, онда оқыту өте тиімді (пайдалы) жүрген деп бағаланады. Дәстүрлі оқытуда баға басты рөл атқарады. Л.В. Занков сыныптарында балаларға баға қойылмайды.

Баға жазба жұмыстарының қорытындылары бойынша шығарылады. Нәтижесінде балалар кім «озат», кім «үлгермеуші» екенін білмейді. Л.В.Занковтың дидактикалық жүйесінде шынайы жағымды эмоциялар көп, мұғалім мен оқушылар арасында татулық бар. Баланы жалпы дамытатын жаңа мәселелерді (сұрақтарды) талдау, жолдасының көзқарасымен келісу немесе оған күдіктене қарау, өз пікірі дұрыс болмаса бас тарту. Ақыл-ой іс-әрекетінің алуан түрін орындау кезінде бала қиындықты жеңіп, табысына қуанады, қанағаттанады. Баға қойылмауы сыныпта жақсы жағдай туғызады.

Сонымен Л.В.Занков жүйесі бойынша оқыту баланың дамуын анағұрлым тездететінін көрсетті. Ғалым Б.А.Тұрғынбаева «Дамыта оқыту технологиялары» атты еңбегінде дамыта оқыту жүйесі жайлы келесі жан-жақты тұжырымдамалар мен пайымдаулар жасаған: Л.В. Занков жүйесі дәстүрлі оқыту жүйесінен басқаша дидактикалық принциптерге негізделеді. Енді ерекше тоқталуды қажет ететін кейбір принциптердің мәнін аша кетейік. Жүйедегі бүгінгі күннің өлшемімен қарағанда айрықша көкейтестілігімен ерекшеленетін принцип - жоғары қиындықта оқыту принципі. Бұл қағида баланың

қиындатылған тапсырмаларды орындауға мүмкінділігінің бар екеніне көз жеткізеді. Шведтік нейробиолог Холгер Хиден өз зерттеулерінде баланың миындағы клеткаларды бір-бірімен байланыстыратын талшықтар (нейрондар) тек ойлау әрекеті болған жерде ғана молайып, жиілей түсетіндігін, сондықтан өте жас кезде баланың миын жұмыс істеуге ынталандырып отыру керектігіне назар аударады. Белсенді ой қызметінсіз клеткалар бай талшықтар құрай алмайтындығын, содан барып олардың қызметі төмендей беретіндігіне көзімізді жеткізеді.

Ғылымға белгілі әртүрлі себептермен аңдар арасында қалып қалған балалардың қайта адам қалпына келе алмауының басты себебі де осы болар. Айтылғандарды қорыта келе, жас балалардың қарқынды ой еңбегімен айналысуға табиғи мүмкіндіктерінің бар екенін оқыту процесінде ескеру қажет деген тұжырымға келеміз. Дәстүрлі педагогикада «қарапайымнан күрделіге қарай, нақтыдан абстрактіге қарай» деген принцип бар. Дамыта оқыту жүйесінің авторлары бұған керісінше, бала ойлауын абстрактіден қарапайымға қарай жетелейді.

Мысалы: «А» әрпін өткенде, алманың суретін көрсетіп тұрып, оның не екенін, дәмі, түрі, формасы қандай екенін сұрағаннан гөрі, ол туралы не білетінін, не айта алатынын сұрап білудің баланы дамыту үшін тиімділігі зор екенін айтады. Екі жүйе арасындағы тағы да бір қарама-қайшылықтардың мәні мынада. Дәстүрлі педагогикадағы «оқыту мазмұны баланың жас ерекшеліктеріне сай жеңіл болғанда ғана, оқушылар білім, білік, дағдыны меңгереді» деген қағида төңірегінде Л.В.Занков бұл анықтаманың көнергендігін, тіпті дұрыс еместігін дәлелдейді. Дамыта оқыту жүйесінің маңызды принциптерінің бірі - теориялық білімнің жетекші рөлі принципі. Бұл принципті балалардың теорияны жаттауы, терминдерді есте сақтауы деп түсінбеген жөн.

Керісінше, оқыту барысында қарапайым бақылаулар, зерттеулер жасау арқылы, өмір заңдылықтарына көздерін жеткізу, қорытынды жасауға дағдыландыру. Дамыта оқыту жүйесі дидактикалық принциптерінің ішінде «Оқытудың тәрбиелік мәнінің болуы» жайлы ешнәрсе айтылмайды. Өйткені оқушылардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру арнайы жарияланбағанымен тұтас жүйе, оның құрамдас бөліктері, әдістері арқылы іске асып жатуы ойластырылған. Бұл жүйенің қағидаларын дұрыс түсініп, жүрегімен қабылдаған әрбір мұғалім өз сабақтарының дамытушылық функциясын өз бетінше-ақ арттыра алары сөзсіз. Л.В. Занков жүйесінде арнайы, жаңадан ойлап табылған әдіс-тәсіл жоқ. Өзіміз қолданып жүрген әдістер жаңа жағдайға бейімдей пайдаланылады. Л.В. Занков ақыл - ой қызметінің төмендегідей көрсеткіштері дамуды іске асырады деп есептейді.

Олар байқампаздық, өз ойын еркін жеткізе білу, практикалық іс - әрекеттер атқара білу. Ал В.В. Давыдов ақыл - ойдың дамуының көрсеткіші ретінде жинақтай, қорытындылай алу дағдысын есептейді. Тұтас алғанда барлық ғалымдардың даму туралы ойлары оқыту барысында баланың психикасының жаңа сапалық деңгейге көтерілуі дегенге келіп саяды және оның басты шарты ретінде әрекет алынады. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік - ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей

жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей үш құрамдас бөліктерден тұрады:

- оқу мақсаттарының қойылуы;
- оны шешудің жолын бірлесе қарастыру;
- шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл - үшеуі дамыта оқытудың Д.Б. Элкониин - В.В. Давыдов жасаған жүйесінің негізгі құрылымдары. Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес.

Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді. Мұндай көзқарасты ұлы Абай да уағыздап кеткендігіне тоқталған жөн. Қоршаған ортаның шындығын мойындай отырып, Абай ақыл мен сана еңбек барысында қалыптасатындығын айтады. Ол адамның ішкі сезімді қуаттарын біртұтас етіп алады. Оның он жетінші сөзіндегі қайрат, ақыл, жүректің сөз таластыруында тек бірлесіп ынтымақтасқан жағдайда ғана күш алатын үш түрлі жан құбылысын әдеби-публицистикалық тұрғыдан көрсеткенін байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абасилов А. Мемлекеттік тілдің Қазақстан Республикасының солтүстік аймағындағы қызметі: социолінгвистикалық проблемалары, оларды шешу жолдары: Фил. ғыл. канд... дисс. – Алматы, 1998. – 132 б.
2. Қазақстан Республикасында тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген.
4. Шонанов Т. Самоучитель киргизского языка для русских. 4-ое перераб. изд. Кызылорда, Каз. гос. изд., 1927. – 122 с.
5. Сарыбаев Ш. Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту тәжірибесінен. Алматы, 1940.

ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН МӘТІНДЕР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Медетова Гүлжан Бекболатовна
№88 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Оқушылардың оқу-танымдық қажеттілігін ұйымдастыруда сабақ үрдісінде қолданылатын әдіс-тәсілдер

Әдіс деген сөз гректің "metodos" деген сөзінен шыққан. Метод деген ұғым белгілі ақиқатқа, шындыққа, мақсатқа жетудің жолдары деген мағынаны білдіреді.

Қысқаша психологиялық-педагогикалық сөздік "әдіс" - мақсатқа қол жеткізетін жол, тәсіл, белгілі жолмен тәртіпке салынған іс-әрекет"- деген анықтама береді.

Оқыту әдістері - оқытудың мақсат-міндеттеріне сай оның мазмұнын оқушыларға меңгертуде мұғалім мен оқушылардың қолданатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы болып табылады. Мұғалім оқыту әдістерінің көмегімен оқушыларға білім беріп, олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін оқушылардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады.

Мұғалім оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал-тәсілдерімен қатар оның құралдарын да пайдаланады.

Қазақ тілі сабағында қолданылатын әдістер:

Сөздік әдістер: түсіндіру, әңгіме, әңгімелесу, кітаппен жұмыс.

Көрнекі әдістер: иллюстрация және демонстрация.

Оқыту үрдісінде ең көп тараған дәстүрлі әдіс - сөздік немесе мұғалімнің ауызша баяндау әдісі. Бұл әдіс оқыту процесінде басқа әдістерге қарағанда жетекші роль атқарады.

Көрнекілік әдістер оқу материалын оқушылардың көзімен көріп, нақтылы түсінулеріне мүмкіндік береді.

Бұған демонстрация, иллюстрация тәсілдері жатады.

Тәжірибелік әдістердің ішінде ең көп қолданылатыны - **жаттығу** әдісі. Оқу барысында теориялық ережелер мен қағидаларды қайта пысықтап, тиынақты меңгеру жаттығу арқылы орындалады.

Ауызша жаттығу оқушының оқу материалын ауызекі баяндауға дағдылану мақсатын көздейді.

Оқушы бірінші сыныптан бастап қазақ тілін үйрену барысында тілдегі түрлі қолданылатын атауларды (әріп, дыбыс, буын, сөз, сөз тіркестері, сөйлем, сөз бен сөзді байланыстыратын жалғау, жұрнақ, тыныс белгілері – нүкте, үтір, леп белгісі, сұрау белгісі, сызықша, қос нүкте, түрлі грамматикалық анықтама, ережелерді оқып үйренеді.

Қабілеті әр түрлі оқушы тілдің мұндай белгілері мен атауларын бірден меңгеріп кетуі мүмкін емес, тек оның негізгі, қажеттілерін (анықтама, ережесін) есте сақтауы мүмкін.

Қазіргі сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар, ұнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді.

Қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Оқушылардың білім сапасының көп жағдайларда төмен болуы, осындай түрлі ойлау әрекеттеріне бейімделмеуден, дағды бермеуден деп айтуға болады.

Қазіргі кезде қазақ тілін қандай бағытта, қандай мазмұнда оқыту керек? Меніңше, коммуникативті функционалды бағытта болуға тиіс. Сондықтан тілдің коммуникативті механизмін ашу қажет. Яғни, оның сөйлеу процесіндегі, сөйлем құрудағы, мәтін бойынша әңгіме құрастырудағы рөлі амал - құралдар арқылы меңгертіледі.

Сабақта бұл мәселені шешу жолдарының бірі- әр түрлі әдіс- тәсілдерді тиімді қолдана отырып, жаңа технологияларды енгізу. Қазір технологиялардың түрлері өте көп. Орыс мектептерінде қазақ тілін үйрену, лексикалық және грамматикалық тақырыптарды меңгеру күрделі жұмыс. Сондықтан басқа ұлтқа қазақ тілін оқыту, ауызекі сөйлеуге үйрету қиын да, қызық жұмыс.

Грамматикалық материалдарды және лексикалық тақырыптарды оқытуда тірек сызбалардың қолданылуы тілді дамытуға, сөздік қорды молайтуға, бір-бірімен, қарым- қатынас жасауға (сөйлеу, айту, жазу, оқу) ойлау қабілетін дамытуға, ойын қазақша жеткізе білуге үйретеді.

Бүгінгі таңда әрбір жаңашыл ұстаз үшін, оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау әдісі кез келген стратегияларға құнды, әрі бағалы. Бұл стратегиялар оқушылардың қызғушылығын арттыра отырып, ұстаздың тығырыққа тірелетін сәттерінен арылтады. Сұрақ қою, ой шақыру, білім көпірі, бес жолды өлең, еркін жазу, білемін, үйренгім келеді, білгім келеді, Венн диаграммасы, пікірталас, болжау, Автор орындығы, топтастыру, т.б, стратегияларын қолдану оқушылардың мотивациясын оятып, ынталандыра түсері сөзсіз. Сонымен қатар бұл стратегиялар оқушының көзқарасын, түсінігін дамыта түседі, жалықтырмайды.

Бір сыныпта отырған балалардың ұлты, оқу ынтасына қарай тілді білу дәрежесі де әртүрлі болып келеді. Сол себепті де нақты нәтижеге жету үшін модульдік оқыту технологиясының тиімді екенін күнделікті іс- тәжірибемнен көріп келемін. М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясының негізі баланың тұлғасын алға қояды, бұл жаңа білім парадигмасына сай келіп отыр. Модульдік технологиясының басты ерекшелігі - оның тек қана білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді, яғни жадының алуан түрлерін ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай- ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін- өзі өзентілендіру, өзін - өзі бекіту, қарым- қатынас, ойын танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттануға белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталады.

Сондай-ақ, профессор Ж. Караевтың «Деңгейлеп оқыту» технологиясының маңыздылығы зор. Деңгейлеп оқытуда күтілетін нәтиже:

Алдына қойған мақсатына жете алатын оқушы тәрбиелеу;

Әр оқушы өз білім деңгейін, мүмкіндігін, іскерлігін біліп қана қоймай, оны дамыту;

Өз бетімен ізденіс дағдыларын, іскерлік қабілетін жетілдіретін шығармашылық тұлға қалыптастыру;

Деңгеймен оқытудың ерекшелігі:

1. Таланттылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады.

2. Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.

3. Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.

Орыс сыныптарында қазақ тілін үйретуде іскерлік, рөлдік ойын түрлерін қолдану, диалог, монолог, сұхбат, сұрақ - жауап, көрініс қою, тақпақ оқу, ән айту, мәнерлеп оқу, жұмбақ, сөзжұмбақ шешу, пікір айту, пікірсайыс, тірек схемасын пайдаланып, жүйелі түрде әңгімелеу, т.б. әдіс-тәсілдерді сабақта пайдалану, оқушының басқа тілді үйрене алмаймын деген сенімсіздігін сейілтп, тілді үйренуге ынтасын арттыратынын өз іс-тәжірибемнен күнделікті жұмыс барысында байқаймын.

Қорыта келе осы әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесі:

- Оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға; О

- Оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға; О

- Елсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін ұстартуға; Б

- Тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оны білу, қарым - қатынас, ойын, танымдық, өзін-өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді. Т

Оқу үдемелілігі.

Біріншісі - сапалы, жақсы мәтіннің маңыздылығы және оқушылар өз «дауысын» іздеу арқылы оқылым үдерісінде шабыттана алатыны.

Екіншісі - жазылымның барлық аспектілерін үйрету барысында мәнмәтіннің астарлы мәнін мойындау, нақты айтқанда, жазылым мәнмәтінсіз - тақырыпсыз, мәтінсіз немесе тәжірибесіз тиімді бола алмайды.

Үшіншісі идея - оқушыларға тек «дауыс» қана емес, сонымен қатар, жазылатын шығарманың мазмұны мен белгілі бір детальдарын бере отырып, жазылым үдерісі басталғанға дейін идеяны жан-жақты зерттеу мен дамытудың қажеттілігі. Сондай-ақ оқу үдемелілігінде жақсы мұғалімдер оқылым мен жазылымды дамыту үшін айтылым мен тыңдалымды қолдану мүмкіндіктерін қарастырады. Барлық оқушылар оқу мен жазуды үйренуден бұрын алдымен тыңдау мен сөйлеуді үйренеді. Сонымен қатар, оқушылар әлеуметтік өзара әрекет үдерісінде жазылым мен оқылым дағдыларына қарағанда, өздерінің айтылым және тыңдалым дағдыларын көбірек жетілдіреді. Сондықтан оқушыларға бұл дағдыларын шынықтыруға айтарлықтай уақыт бере отырып, білім беру бағдарламасы оларға:

- идея мен жазба жұмысының жоспарын ойластыруға уақыт береді;
- олардың түсініктерін нақтылай отырып, жауап берер алдында ойларын жинақтауға

мүмкіндік береді; білімдерін нығайтып, не үйренгендері туралы айтуға мүмкіндік береді;

- жазбаша нұсқаны дайындауға кіріспес бұрын идеяға қатысты жылдам жауап алады;
- проблеманы бірлесе шешуге мүмкіндік береді.

Орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілінің оқу бағдарламасында оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамытуға ерекше мән берілген, бұны оқу жоспарындағы оқушыларға телехабар, кинофильм, ән және ересек адамдарды тыңдау және оларға жауап беруді көздейтін жаттығулардан көруге болады. Аталған жаттығулар тізбектелген сабақтар топтамасында қамтыла отырып, сабақтың басында қолданылатын ынталандырушы материал ретінде немесе басқа дағдыларды шыңдардың алдында идея жинақтауға арналған мүмкіндік ретінде ұсынылады. Осылайша, оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым дағдыларының әрқайсысын жеке шыңдай отырып, оларды бір-бірімен өзара тығыз байланыста кешенді түрде оқытылады. Үйренушілер білім алудың бірізділігі аясында грамматиканы белгілеп, саралай алуы керек. Оқу кезеңінде олар сөз тіркестеріне, құрылымға сөздердің орын тәртібіне, сөйлем құрылысына және сөйлеуге басты назар аударады.

Негізгі ойды анықтау кезеңінде оқушылар тілдің тиімді құрылымы мен пайдалы лексикасын қолдануы керек. Олар бақылау жұмыстарында, тәжірибелік сабақтарда және өз бетінше орындалатын жазба жұмыстарда байқалады.

Жаңартылған бағдарлама негізінде «Қысқа мерзімді жоспар құрған кезде мұғалімге төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алуына болады:

- сабақты ұйымдастыру кезінде оқу бағдарламасында және оқу жоспарында көрсетілген мақсаттарды басшылыққа алу қажет;
- орта мерзімді жоспарда ұсынылған барлық іс-әрекеттерді ұйымдастыру ұсынылады;
- мұғалімнің қалауы бойынша іс-әрекет түрі қажеттілігіне қарай толықтырылып отырады.

Жаңа форматты сабақ балаларды оқыту процесіне белсенді тартуды, олардың талқылауларға қатысуын, өткен материалды талдау және қорытуын, зерттеу жүргізуін, бағалау пікірлерін айту, өзін-өзі бағалау және т. б. көздейді. Сабақтың міндетті элементі ретінде оқушыны қолдауға бағытталған мұғалімнің әрекеттерін түзетуге мүмкіндік беретін кері байланыс болуы тиіс.

Қысқа мерзімді жоспарлау кезінде мұғалім міндетті түрде мыналарды анықтап, әзірлеуі қажет:

- тілдік оқу мақсаттары
- терминдермен жұмыс және т.б.;
- саралау:

білім алушыларға қолдау көрсету қалай жоспарланады? Қабілетті білім алушылардың алдына қандай міндеттер қою жоспарлануда? Білім алушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруге болады?

- метапәндік байланыстар;
- денсаулығы мен қауіпсіздігін, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарымен және АКТ-мен байланысын қамтамасыз ету.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж.- Қазақ әдебиеті /Энциклопедиялық анықтамалық/.-Алматы: Аруна, 2005.- 18-19 беттер
2. Аймауытов Ж. Шығармалары.-Алматы: Жазушы, 1989.- 560 бет.
3. Әлімов А.Қ., «Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану» оқу құралы / Астана, 2014ж. «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
4. Бабанский Ю.К.. Методы обучения в современной общеобразовательной школе. - Москва: Просвещение, 1985. - 208 с.

НӘТИЖЕГЕ ЖЕТУДЕ МҰҒАЛІМ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІНІҢ МАҢЫЗЫ

Артыкова Айсұлу Суннатовна
№87 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Білім - адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестік, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Қазіргі білім беру үрдісі адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, әр адамның өзінің «Менін» сезінуге, толықтыруға көмектесетіндей, сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынастарда өз орнын табуға, өзін шығармашылықпен өзгертуге белсенділік танытуға ықпал етуі тиіс. Бүгінгі таңдағы қоғам кәсіби білімі жетік, құзіретті, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді. Білікті ұстаз, білімді маман болу үшін - әрбір мұғалім өз білімін үздіксіз көтеріп отыруы тиіс. Білімін тұрақты көтеріп отыру - мұғалімдердің құқықтары әрі міндеттері. Білім беру жүйесінің тұрақты дамуының кепілі, мемлекеттің дамуының құралы болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайларды жасау, жеке адамның шығармашылық, рухани және күш қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ойөрісін байыту» деп атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін қазіргі таңда оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным болып отыр. Қазіргі таңда білім беруді жетілдіру мақсатында құзіреттілік жайында көбірек айтылып жүр.

Сондықтан, білім берудің негізгі мақсаты - өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзіретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру болып табылады. Болашақ маман иесінің кәсіби

құзырлылық деңгейі жайында айтпастан бұрын, алдымен құзіреттілік сөзінің мәніне тоқталайық.

Құзіреттілік - күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын мәселелер мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілік. «Құзыреттілік» терминіне алғаш анықтама беріп, лингвистикаға енгізген американдық ғалым Н.Хомский. Оның ойынша, құзыреттілік термині грамматика білімдеріне негізделеді. Құзырлылықтың категориялық мәнін лингвистикалық тұрғыда түсіну үшін аударма сөздіктердегі түсініктерге талдау жасаймыз. Қазақша-орысша сөздікте құзыр «компетенция» деп аударылып, бұл іс сіздің құзырыңызда деген түсіндірме беріледі. С.И.Ожегов сөздігінде бұл ұғымдар төмендегідей екі түрлі мағынада беріледі:

- 1) Кімнің болмаса да, жақсы хабардар болған сұрақтар төңірегі;
- 2) Қандай-да біреулердің билігі, құқы, құзырлы:
 - 1) Бір сұрақтар төңірегіне жинақтаушы;
 - 2) Бір нәрселерді шешу құқы бар. Методикалық терминдер сөздігінде «Құзыреттілік» (латынның *competentis* – бейім сөзінен шыққан) - қандай да бір оқу пәнін оқыту үрдісінде қалыптасқан білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі-делінген.

Жалпы алғанда, құзыреттілік дегеніміз - жеке тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты білім, білік дағдыларының жиынтығы және адамның жеке өзінің іс-әрекет, қызмет саласына сай құзыреттерді меңгеруі. Шығармашылық жұмыстар жүргізу арқылы оқу пәніне деген мотивациясын дамыта отырып, оқушы әлемдегі өзгерістер мен жаңалықты қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей байланыс жасай алатын, өзінің жеке ойлау мүмкіншілігі бар дара тұлғаға айналады. Ал мұғалімнің негізгі мақсаты - осы қажеттіліктерді тұлғаның санасына жеткізе алуында.

Педагогика саласын зерттеуші Т.Г.Браже «Құзырлылық - тек кәсіби білім ғана емес, ол тұлғаның мәдениетімен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті» деп тұжырымдаған. Мұндай пікірлерден кейін қазіргі білім талабын қанағаттандыру үшін, мұғалім жоғары мәдениетті, терең адамгершілікті, құндылық пен сенімділік жүйесінің қалыптастыратын, өз оқушыларының шығармашылық мүмкіндіктерін дамытатын, жаңалыққа іс-әрекетімен қабілеттілік танытатын, өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыратын, кәсіби белсенді құзырлы мұғалім қалыптастыру қажет.

Болашақ мұғалімнің кәсіби құзырлылық деңгейін көтеруде, Т.А. Горюнова және Н.Ш. Королева кәсіби құзырлылықтың 3 негізгі құрамдас бөлігін атап көрсетеді:

1. Адамның өз жұмысына қарым-қатынасы, оның еңбекке бағыты, еңбекке деген қызығушылығы, жігері.
2. Кәсіпке деген қабілеті (туа біткен қабілеті, бейімділігі).
3. Кәсіби қызметі үшін қажетті білімді меңгере білуі. Зерттеуші ғалымдардың құзыреттілік жөнінде айтқан ойларын, құзыреттілік ұғымын жан-жақты талдай келе, құзыреттілік - тәжірибелік іс-әрекетті орындаудағы алғырлық пен жүйелі ойлануды талап етеді, алға қойған мәселе мен тапсырманы шапшаң шеше алу керек екен деп тұжырым жасаймыз. А.В.Хуторскойдің пікірі бойынша, құзыреттілік жеке тұлғаның өзара байланысты сапаларының үйлесімін құрайды

десе, ал И.А.Зимняя құзыреттілік білім алу нәтижесінде тұрақталған, білім мен тәжірибеге негізделген жеке тұлғаның әрекет жасауға дайындығы және осыған орай жалпы қабілеттері ретінде анықталған деп атап өтеді.

Атап айтсақ, А.Т. Чакликова мен С.И.Ферхоның ғылыми еңбектерінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыру мәселелері қарастырылады. Зерттеуші ғалымдардың құзыреттілік жөнінде айтқан ойларын құзыреттілік ұғымын жан-жақты талдай келе, құзыреттілік - тәжірибелік іс-әрекетті орындаудағы алғырлық пен жүйелі ойлануды талап етеді, алға қойған мәселе мен тапсырманы шапшаң шешу керектігі жайында айтылады. Ғалымдар кәсіби құзыреттіліктің келесідей түрлерін ажыратып көрсетеді:

- арнайы құзыреттілік - өзінің кәсіби қызметін жеткілікті дәрежеде меңгеру, өзінің кәсіби дамуын жобалай білу;
- әлеуметтік құзыреттілік - бірлесе қызмет атқару, ынтымақтасу мен кәсіпке қатысты қарым-қатынасты меңгеру, кәсіби еңбегінің нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілік; жеке тұлға құзыреттілігі - өзін көрсете білу мен дамытудың амалдарын, құралдарын игеру және кәсіби еңбектегі даралық;
- дара құзыреттілік - өзінің қабілетін жүзеге асыру, кәсіп аясында өз даралығын дамыту қабілеттігі, кәсіби тұрғыдан өсуге деген дайындық, өзінің даралығын сақтау қабілеті, еңбегін ұтымды ұймыдастыруға икемділігі, еңбекті қиындықсыз, шаршаусыз, тіпті сергіту арқылы нәтижеге жеткізу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Бұзаубақова.К.Ж. «Инновациялық педагогика негіздері» Алматы, 2009 ж.
- 2.Қуанышбаева.А.Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.А: Қазақ тілі: Әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №2,2004. 47 б.
- 3.Оралбаева Н. Жақсылықова Қ. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі, А: 1996 жыл.
4. Қожамқұлова. Ж. «Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар» Алматы, 2013 ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Пардаева Айгул Сафаровна
№88 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Қазіргі таңдағы білім алудың негізгі мақсаты - өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру болып табылады. Жоғарыда аталған құзыреттіліктің түрлері болашақ шет тілі маманының кәсіби іс-әрекетінде, кәсіби қарым-қатынас жасауда, кәсіби жеке тұлға ретінде қалыптасуында байқалады және оның даралығын кемелденуін белгілейді.

Демек, нәтижеге бағдарланған білімді пәндік компетенция тұрғысынан қарастыратын болсақ, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні адамның ішкі сезімдері арқылы оның ойлау, пайымдау, тұжырымдау, тыңдау, түсіну, пікірлесу сияқты коммуникативтік қатынастарды жинақтаған білімдері негізінде өмірлік қажеттілігіне айналдыра білуді нысана етеді. Қазіргі таңда жаңартылған бағдарлама аясында сабақ өткізу бағытында сабақтың сапасын, мазмұнын, әдістерін жана деңгейге көтеруге мүмкіндігім келгенше ұсыныс беруге тырысамын. Сонымен қатар, осы мақсатқа жету үшін әр түрлі технологияларды қолдануды ұсынамын. Мәселен: СТО технологиясының элементтері, топпен деңгейлеп оқыту, ақпараттық технология, БИС технологиясы т.б.

Мен сабақ беру үрдісінде тыңдаушыларыма негізгі факторларды басшылыққа алуды көздеймін:

- оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу тиімділігін арттыру;
- білімді алуға жетелейтін әдістер технологияларды қолдануға;
- жекелей, жұппен, топпен жұмыс жүргізу;
- ойлау қабілетін дамытатын әр түрлі тапсырмалар;
- қабілетіне қарай деңгейлік тапсырмалар беру;
- шығармашылық жұмыстар беру;
- оқушының қиындықты өзі шешуіне құрылған ситуациялық тапсырмалар беру;
- өзін және өзгелерді бағалай білуге;
- сөзге тоқтауға.

Осы технологиялардың тиімділігі сол, оқушының танымдық құзіреттіліктері қалыптасады. Сабақ барысында оқушылардың қабілетіне, білім деңгейіне, ынтасына қарай топқа бөліп, өз бетімен еңбектенуге, ізденуге, шығармашылыққа баулып, қорытынды жасауға машықтандыруға болады.

Оқушының ақыл-ойын дамытып, өзіндік дүниетанымын қалыптастырып, сабаққа ынтасын арттырып, тапсырманы орындау барысында жіберілген қателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік береді. Сабақты ұйымдастыру барысында, оларды баурап алу үшін, қазақ халқының бай мұраларынан сыр сандық жасап, «Ақ сандығым ашылды, ішінен шашу шашылды» немесе ситуациялық сұрақтар тудыру арқылы оқушылардың қызығушылықтарын, танымдық құзіреттіліктерін, қиялдарын дамытатын «Ой шақыру» сұрақтарын қоямын.

Сабақ барысында оқушыларды біліммен қаруландырып қоймай, оларды қисынды ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін, орта буында қайталау сабақтарын «Бұл неліктен?», «Кім көп біледі?», «Көңілділер мен тапқырлар», «Сөз мергені», «XXI ғасыр көшбасшысы», «Тапқыр достар» атты сайыстар, ойындар арқылы танымдық құзіреттіліктерін арттыруға болады. Тақырыпты қайталау, қорытындылау кезінде «қайталау – оқу анасы» деген нақыл сөздерді қолданып, тақырыпқа байланысты сөздік қорларын молайтып, өткен тақырыптың мазмұнын толық ашу үшін, сабақ бекітіледі. Ал шығармашылық қасиетті қалыптастыруда сөз өнерінің маңызы зор.

Бұл ретте ұлы ұстаз А.Байтұрсынов: «Сөз өнері-өнердің биік шыңы. Ол адам санасының үш негізіне сүйенеді. Бірінші ақыл, екінші-қиял, үшінші-көңіл», - деп, балаға сөз өнерін меңгеру үшін осы үш істі бірлікте қарастыру керектігін ұсынса, жан - жақты талант иесі, әдеби әдіскер - ғалым ретінде

М.Жұмабаев «Баланы мектепке тоты бол деп бермейді, сөзінен ісі айрылмайтын іскер болсын деп береді» деп, мектептің әр жылы оқушының тілін дамыту үшін жүргізілетін жаттығулар, қалыптастыратын дағдылар шоғырын топтап, сатылай өсу қалпында қолдануға болады.

Әдіскер-ғалым М.Жұмабаев: «Баланы не нәрсемен айналысса да ісіне ынталы болуын, мұғалім барлық білімін ана тілін негіз қыла білгені, болмаса, тілі түзелмеген, ойын сөзбен ұқтыра білмейтін, сөз болып жарыққа шыққан ойды ұға білмейтін балаға ешбір білім берудің мүмкін еместігін» дәл аңғарған.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;
4. Техникалық құралдарды тиімді қолдану;
5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.
6. Балаларға белгілі тақырыпта әңгіме оқып, оқушыларға басқаша аяқтауға кілт боларлық сюжет ұсыну;
7. Әңгіменің, ертегінің сюжетін бастап беру, аяқтауды оқушыларға тапсыру;
8. Ертегіні ұжым болып тындау;
9. Ұнатқан кейіпкерлеріне мінездеме беру;
10. Қиялдау арқылы сурет салғазу, ролмен ойнату;
11. Шығарма кейіпкерлеріне хат жазғызу.
12. Арнайы тақырыпта пікірталас тудыру.

Тағы да, орыс педагогы К.Д.Ушинский: «Кімде - кім оқушының тіл қабілетін дамытқысы келсе, алдымен оның ой қабілетін дамытуы тиіс. Сөздің қасиеті ойды дұрыс беру арқылы бағаланады, ойдың дұрыс айтылуы сөз ішінен келіп шығады», - деген. Шынында, баланың айтайын дегені, ең бірінші, оның ойында пайда болады, тек содан кейін ол ойлар ауызша айтылады. Өз ойын дәлелдеп айта білуге үйретуде баланың ой тізбегін дұрыс, логикалық жолмен құрылуын қадағалау, сабақ үстінде белсенді ақыл - ой жұмысын ұйымдастырып, тапқырлығына жол ашып отыруы керек. Яғни, бір нәрсені екінші затпен салыстыру, талдау, жинақтау, қорытындылау, жүйелеу, белгіліні белгісізбен салыстыру, салыстыра ойлау жүйесіне сүйену - сөйлеудің мазмұнды болуына нақты материалдың қорын жасап, бақылау, салыстыру арқылы өмір тәжірибесін арттыруға, бақылау, байқау құбылыстарын талдауға, қорытындылауға дағдыланады.

Ал ойлай білу дағдыларын көрсететін белгі - ойлау операцияларын (әрекеттерін) іске асыра білу. «Ойлау - жанның өте бір қиын, терең ісі», деп М.Жұмабаев айтқандай, баланың логикалық ойлауы арқылы тілін дамыту үшін, мұғалімге оның теориясын терең білу міндеті жүктеледі. Ана тілінің музыкасын ұғындыру, оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда дидактикалық, шығармашылық, сюжеттік, рөлді ойындардың маңызы зор. Атап айтсақ, 5-6-сыныптарда әдебиет сабағында өткізетін әдеби ойындардың оқушының білім білік дағдыларын қалыптастыруда маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. олат.Е.С. метод проектов [Электронный ресурс]/ Е.С.Полат.
2. <http://www.ioso.ru/distant/proiect/meth%20project/metod%20pro.htm>.
2. http://www.brainboxx.co.uk/a3_aspects/pages/TALKrainbow.htm
3. http://www.xpday.org/session_formats/goldfish_bowl
4. http://drscavanaugh.org/discussion/inclass/discussion_formats.htm

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚАЖЕТТІЛІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУДА САБАҚ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС- ТӘСІЛДЕР

**Жаманбаева Манзура Сайлаубековна
№88 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы**

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» деген Абай. Ұлы ақын сөзі еш уақытта өз мәнін жойған емес. Озық ойлы білімдар адамдар заманның дамуына өз үлесін қосады. Ойлау, іздену-табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйы. Бұл қабілет барлық адам бойынан табылары да сөзсіз. Қабілет іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті.

Жас тұлғаның ішкі уәжін өсіруде, танымдық қабілетін ашуда мқғалімге әдіс-тәсілдер керек. Әдіс деген сөз гректің "metodos" деген сөзінен шыққан. Метод деген ұғым белгілі ақиқатқа, шындыққа, мақсатқа жетудің жолдары деген мағынаны білдіреді.

Қысқаша психологиялық-педагогикалық сөздік "әдіс" - мақсатқа қол жеткізетін жол, тәсіл, белгілі жолмен тәртіпке салынған іс-әрекет"- деген анықтама береді.

Оқыту әдістері - оқытудың мақсат-міндеттеріне сай оның мазмұнын оқушыларға меңгертуде мұғалім мен оқушылардың қолданатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы болып табылады. Мұғалім оқыту әдістерінің көмегімен оқушыларға білім беріп, олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін оқушылардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады.

Мұғалім оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал-тәсілдерімен қатар оның құралдарын да пайдаланады.

Қазақ тілі сабағында қолданылатын әдістер:

Сөздік әдістер: түсіндіру, әңгіме, әңгімелесу, кітаппен жұмыс.

Көрнекі әдістер: иллюстрация және демонстрация.

Оқыту үрдісінде ең көп тараған дәстүрлі әдіс - сөздік немесе мұғалімнің ауызша баяндау әдісі. Бұл әдіс оқыту процесінде басқа әдістерге қарағанда жетекші роль атқарады.

Көрнекілік әдістер оқу материалын оқушылардың көзімен көріп, нақтылы түсінулеріне мүмкіндік береді.

Бұған демонстрация, иллюстрация тәсілдері жатады.

Тәжірибелік әдістердің ішінде ең көп қолданылатыны - **жаттығу** әдісі. Оқу барысында теориялық ережелер мен қағидаларды қайта пысықтап, тиянақты меңгеру жаттығу арқылы орындалады.

Ауызша жаттығу оқушының оқу материалын ауызекі баяндауға дағдылану мақсатын көздейді.

Оқушы бірінші сыныптан бастап қазақ тілін үйрену барысында тілдегі түрлі қолданылатын атауларды (әріп, дыбыс, буын, сөз, сөз тіркестері, сөйлем, сөз бен сөзді байланыстыратын жалғау, жұрнақ, тыныс белгілері – нүкте, үтір, леп белгісі, сұрау белгісі, сызықша, қос нүкте, түрлі грамматикалық анықтама, ережелерді оқып үйренеді.

Қабілеті әр түрлі оқушы тілдің мұндай белгілері мен атауларын бірден меңгеріп кетуі мүмкін емес, тек оның негізгі, қажеттілерін (анықтама, ережесін) есте сақтауы мүмкін.

Қазіргі сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар, ұнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді.

Қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Оқушылардың білім сапасының көп жағдайларда төмен болуы, осындай түрлі ойлау әрекеттеріне бейімделмеуден, дағды бермеуден деп айтуға болады.

Қазіргі кезде қазақ тілін қандай бағытта, қандай мазмұнда оқыту керек? Меніңше, коммуникативті функционалды бағытта болуға тиіс. Сондықтан тілдің коммуникативті механизмін ашу қажет. Яғни, оның сөйлеу процесіндегі, сөйлем құрудағы, мәтін бойынша әңгіме құрастырудағы рөлі амал - құралдар арқылы меңгертіледі.

Мектептерде қазақ тілін жетік меңгеру, білу қазіргі таңның басты мәселесі. Сабақта бұл мәселені шешу жолдарының бірі - әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, жаңа технологияларды енгізу. Қазір технологиялардың түрлері өте көп. Орыс мектептерінде қазақ тілін үйрену, лексикалық және грамматикалық тақырыптарды меңгеру күрделі жұмыс. Сондықтан басқа ұлтқа қазақ тілін оқыту, ауызекі сөйлеуге үйрету қиын да, қызық жұмыс.

Грамматикалық материалдарды және лексикалық тақырыптарды оқытуда тірек сызбалардың қолданылуы тілді дамытуға, сөздік қорды молайтуға, бір-бірімен, қарым-қатынас жасауға (сөйлеу, айту, жазу, оқу) ойлау қабілетін дамытуға, ойын қазақша жеткізе білуге үйретеді.

Бүгінгі таңда әрбір жаңашыл ұстаз үшін, оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау әдісі кез келген стратегияларға құнды, әрі бағалы. Бұл стратегиялар оқушылардың қызғушылығын арттыра отырып, ұстаздың тығырыққа тірелетін сәттерінен арылтады. Сұрақ қою, ой шақыру, білім көпірі, бес жолды өлең, еркін жазу, білемін, үйренгім келеді, білгім келеді, Венн диаграммасы, пікірталас, болжау, Автор орындығы, топтастыру, т.б,

стратегияларын қолдану оқушылардың мотивациясын оятып, ынталандыра түсері сөзсіз. Сонымен қатар бұл стратегиялар оқушының көзқарасын, түсінігін дамыта түседі, жалықтырмайды.

Бір сыныпта отырған балалардың деңгейі, оқу ынтасына қарай саралау, тапсырманы қабылдау дәрежесі де әртүрлі болып келеді. Сол себепті де нақты нәтижеге жету үшін модульдік оқыту технологиясының тиімді екенін күнделікті іс- тәжірибемнен көріп келемін. М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясының негізі баланың тұлғасын алға қояды, бұл жаңа білім парадигмасына сай келіп отыр. Модульдік технологиясының басты ерекшелігі - оның тек қана білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді, яғни жадының алуан түрлерін ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай- ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін- өзі өзентілендіру, өзін - өзі бекіту, қарым- қатынас, ойын танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттануға белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталады.

Сондай-ақ, профессор Ж. Караевтың «Деңгейлеп оқыту» технологиясының маңыздылығы зор. Деңгейлеп оқытуда күтілетін нәтиже:

Алдына қойған мақсатына жете алатын оқушы тәрбиелеу;
Әр оқушы өз білім деңгейін, мүмкіндігін, іскерлігін біліп қана қоймай, оны дамыту;

Өз бетімен ізденіс дағдыларын, іскерлік қабілетін жетілдіретін шығармашылық тұлға қалыптастыру;

Деңгеймен оқытудың ерекшелігі:

- 1.Таланттылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады.
2. Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.
3. Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.

Қазақ тілін үйретуде іскерлік, рөлдік ойын түрлерін қолдану, диалог, монолог, сұхбат, сұрақ - жауап, көрініс қою, тақпақ оқу, ән айту, мәнерлеп оқу, жұмбақ, сөзжұмбақ шешу, пікір айту, пікірсайыс, тірек схемасын пайдаланып, жүйелі түрде әңгімелеу, т.б. әдіс-тәсілдерді сабақта пайдалану, оқушының басқа тілді үйрене алмаймын деген сенімсіздігін сейілтіп, тілді үйренуге ынтасын арттыратынын өз іс-тәжірибемнен күнделікті жұмыс барысында байқаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Білім берудегі менеджмент - Менеджмент в образовании 2007-№2.
- 2.Бақыбекова.Н. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру.-А: Қазақ тілі, №4, 2007.16 б.
- 3.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. Алматы: Мектеп,

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚАЖЕТТІЛІГІН
ҰЙЫМДАСТЫРУДА САБАҚ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-
ТӘСІЛДЕР**

Курманбекова Акмарал Сарсенбековна
№88 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Еліміздің жарқын болашаққа ұмтылуында әр қазақстандықтың өз үлесі бар. Сол жарқынды жақындату үшін әрбіріміз өзімізше еңбек етудеміз. Бұл жолда болашақтың қожайындары-мектеп оқушыларын-балаларды тәрбиелеп, білім нәрімен нұрландырып жүрген ұстаздар қауымының арқалар жүгі орасан. Күннен-күнге жаңарып, дамып келе жатқан жаһандану дәуірінде заман ағысына ілесіп, озық елдердің озат тәжірибесіндегі тың дүниемен теңесетіндей жаңалықтар ашатын; көзі қарақты, көкірегі ояу, жан-жақты тұлға тәрбиелеу жауапкершілігі мұғалімнің мойнында.

Сондықтан, бүгінгі пән мұғалімі негізінде «Қысқа мерзімді жоспар құрған кезде мұғалімге төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алуына болады: – сабақты ұйымдастыру кезінде оқу бағдарламасында және оқу жоспарында көрсетілген мақсаттарды басшылыққа алу қажет;

– орта мерзімді жоспарда ұсынылған барлық іс-әрекеттерді ұйымдастыру ұсынылады;

– мұғалімнің қалауы бойынша іс-әрекет түрі қажеттілігіне қарай толықтырылып отырады.

Жаңа форматты сабақ балаларды оқыту процесіне белсенді тартуды, олардың талқылауларға қатысуын, өткен материалды талдау және қорытуын, зерттеу жүргізуін, бағалау пікірлерін айту, өзін-өзі бағалау және т. б. көздейді.

Сабақтың міндетті элементі ретінде оқушыны қолдауға бағытталған мұғалімнің әрекеттерін түзетуге мүмкіндік беретін кері байланыс болуы тиіс.

Қысқа мерзімді жоспарлау кезінде мұғалім міндетті түрде мыналарды анықтап, әзірлеуі қажет:

- тілдік оқу мақсаттары;
- терминдермен жұмыс және т.б.;
- саралау.

білім алушыларға қолдау көрсету қалай жоспарланады? Қабілетті білім алушылардың алдына қандай міндеттер қою жоспарлануда? Білім алушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруге болады?

- метапәндік байланыстар;
- денсаулығы мен қауіпсіздігін, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарымен және АКТ-мен байланысын қамтамасыз ету.

Мұғалім тек білім көзі ретінде ғана емес, білім алушылардың өздерінің оқу-танымдық әрекеттерінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етуі тиіс» (2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. - Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2021, 211 б.).

Байқап отырғандарыңыздай, мұнда тілдік мақсаттар, сабақ мақсаттарын саралау, пәнаралық байланыстар, денсаулық пен қауіпсіздік, құндылықтар, АКТ құзіреттілігін дамыту сабақ жоспарының міндетті компоненті ретінде

ұсынылады. Бұл мынаны білдіреді: «оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағыттылығы оның ерекше өзгешелігі болып табылады.

Әрбір мұғалімнің алдына қойған мақсаты - оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру оқушының қызығуын, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет - ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру - әрбір ұстаздың абыройлы борышы. Бұл ретте ғасырлар бойы қолданылып, сұрыпталып, тұрмыс пен өмір тәжірибесі сынынан өткен салт - дәстүріміз педагогикалық әдіс - тәсіл ретінде пайдаланылады.

Сол себепті оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Жан - жақты ізденістің нәтижесінде білім беру саласында жаңа педагогикалық технологиялардың саны да, сапасы да өсіп келеді. Технология – белгілі бір істегі адамның әдісі, шеберлігі. Осы шеберлік арқылы мұғалімнің өз сабағын оқушыға жоғары сатыда жеткізуіне мүмкіндік береді. Мұғалім үнемі шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс жасап отырса жаңашылдыққа жақын болғаны. Өзгелердің үлгісін өз ісінде пайдалана білсе, оған өзіндік қолтаңбасын қосып отырса - оқушы тәрбиелеу мен білім берудегі жетістігі сол болмақ. Мұғалімдер пайдаланатын оқыту әдісі (яғни, педагогикалық әдістемелер) оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды.

Білім беру шараларының оқушыларға әсерін талдау үшін жүргізілген 155 педагогикалық зерттеу аясында 9000-нан аса метаталдау әдісін пайдаланды. Мұғалімдер пайдаланатын әдіс оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Педагогикалық әдістемелерді жетілдірмей тұрып, оқу бағдарламасын өзгерту білім беру стандарттарына қатысты реформалау шараларының мүмкіндіктерін және нәтижелілігін төмендетеді. Білім беру бағдарламасының, оқыту тәсілдерінің және бағалауды тиімді жүргізу қажет.

Сонымен қатар, оқушыларға диалогке және бірлескен оқуға қатысуға мүмкіндік беру керек. Қазіргі педагогикалық әдебиеттерден сабақ үдерісінде тиімді қолданылатын 50 - ден астам оқыту технологиялары қолданысқа енгізілгені белгілі болып отыр.

Бұл әдіс-тәсілдерді сабақ барысында тиімді қолдану - оқушылардың күзиреттілігін арттыруға тигізер көмегі мол болды. Бұл технологияның тиімділігі - оқушы алған білімін тереңінен жинақтап түсініп, білімін жаңғырта отырып, өткен материалдарды есінде сақтап қалады. Оқушылар өткен материалдарды үнемі қайталап жаңғыртып отырады және теориялық алған білімдерін түрлі ойын түрлері арқылы тәжірибеде қолданады. Ең бастысы сауаттылықтары, фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік талдауларды игерді.

Білімді толық игеру үшін оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, еркін сөйлеуіне, өз ойын ашық және толық айтуға үйрету, ой-өрісін кеңейту - оқытудың ең басты мақсаты. Әрбір оқушыны өз мүмкіндігіне қарай білім, дағды алатындай етіп оқытуымыз дұрыс.

Жеке тұлғаның танымдық үрдістерін дамытуда, сондай-ақ, білім, білік, дағдыны, жалпы дүниетанымын қалыптастыруда оқыту әдістерін, жаңа оқыту технологияларын оқыту үрдісінде тиімді пайдалана білу мұғалім шеберлігіне байланысты. Қазіргі заман талабына сай қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту да жаңа тақырыптарды оқушылардың өздеріне меңгере алатындай билік беру, ізгілендіру, түрлендіру, тұлғаға бағытталған білім беру ұстанымдары арқылы жүзеге асырылады. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген танымал әдістемелері арасында сындарлы (конструктивті) теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған.

Мен үшін әрбір сабаққа жаңалықтарды, озық тәжірибелерді пайдалану үлкен жетістіктерге жетелейді. Әрбір сабақта озық технологияларды пайдалану жақсы нәтижелер беретініне сенімдімін. Кез келген сабақты тақырып бойынша жаңалықтармен таныстыру арқылы бастау дәстүрге айналуы керек. Қызығушылықты арттыру арқылы сабақты бастау сол сабақтың аяғына дейін қызық өтуіне себеп.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсы барысында мұғалімдер әртүрлі жастағы және қабілеттеріне қарай саралау тапсырмалары мен әдіс-тәсілдерді анықтап, сондай-ақ ол әдіс-тәсілдердің оқушылардың танымдық дағдысын дамытуға ықпалын бағамдауға мүмкіндік алады. Оларға жылдам сөйлеуді үйрену үшін тілді қолдану арқылы қалай қарым-қатынас жасау керектігіне қатысты коммуникативтік әдістер туралы білу керек болады. Осылайша оқушыларды талқылауға тарту арқылы олардың тілді меңгеру деңгейі жақсарады.

Коммуникативтік әдіс арқылы тілді үйрету әдіснамасының қағидаларын ұстанатын мұғалімдер:

- дұрыс ұйымдастырылған қарым-қатынас тілді меңгерудің негізі деп санайды;
- оқушыларға тәжірибе жүргізіп, өздерінің білімдерін тексеруге мүмкіндік береді;
- оқушылардың қателіктерінің маңызды екендігін түсінеді, себебі олар оқушыға өзінің ауызекі сөйлеу және қарым-қатынас жасау құзыреттілігін қалыптастыруға көмектеседі;
- оқушыларға тез сөйлеу және сауатты, анық сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді;
- айтылым, оқылым, тыңдалым сияқты әртүрлі дағдыларды байланыстырады;
- оқушылар грамматикалық ережелерді кұр жаттап қана қоймай, қисынды жерде оларды қолданады деп сенеді.

Қазақ тілі пәнін оқытуда жаңа технологиялардың элементтерін қолдана отырып, деңгейлеп оқыту технологиясына ерекше көңіл бөлу қажет. Өйткені, бұл технология баланың жеке мүмкіндігіне бағытталған. Ғалымдар Л.Выготский, В.Давыдов, Д.Эльконин т.б. осыны түбегейлі зерттеп, оқыту мен даму арасындағы тығыз байланысты анықтаған.

Сабақ барысында қандай оқушы болмасын І-деңгей тапсырмасын орындайды. Әрбір оқушы І-деңгейлі тапсырманы орындауға міндетті және одан жоғары деңгейдің тапсырмаларын орындауға құқылы.

Деңгейлеп - саралап оқытудың тағы басты қажеттілігі, оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың шығармашылық бейімділіктері мен икемділіктерін дамыту.

Жеке тұлғаның қалыптасып, ой - өрісінің дамуы, белсенділігі, білім алу қажеттілігі, оны өмірде іс – тәжірибеде қолдануы, шығармашылық міндеттерді ойдағыдай шешудің негізгі құралының бірі – оқушылардың өзіндік жұмысы болып табылады.

Деңгейлеп – саралап оқытудың және бір бағыты – тәрбиелік. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі тиіс. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», деп Әбу – Насыр әл – Фараби айтқан.

Бұл технология қазіргі қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудағы тиімді әдіс болып саналады. Оқу мақсатында негізделген сабақ мақсатын орындау жолында тілдік материалдарды модульдік жолмен ұсыну уақытты да үнемдейді, әрі білім алушылардың ойын түрінде, әдіс-тәсілмен жұмыс істеу дағдысын жетілдіреді. Олар түрлі тараулар мен тақырыптар бойынша дайындалған тірек кестелерімен, мәтінмен, басқа да ізденімпаздық, шығармашылық бағытта орындалатын жұмыс түрлерімен өздерінің іскерлік дағдыларын қалыптастыра алады.

Осы орайда қазіргі қазақ тілі, тіл біліміне кіріспе пәндері бойынша шығармашылық жұмыс түрлерін көбірек ұсыну, ойын түрлерін беру, оны сыни тұрғыдан түрлі пікірлермен оқушылардың талқылауы өз нәтижесін беріп келеді.

Әсіресе, оқу сабақтарында модульдік оқыту технологиялары бойынша ұйымдастырылған ойын түрлерін сөйлесу бөлімінде шебер ұйымдастыра білу оқушыларды сыни ойлауға, өзіндік пікірін айтуға, шығармашылыққа, ізденімпаздыққа жетелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж.- Қазақ әдебиеті /Энциклопедиялық анықтамалық/.- Алматы: Аруна, 2005.- 18-19 беттер
2. Аймауытов Ж. Шығармалары.- Алматы: Жазушы, 1989.- 560 бет.
3. Әлімов А.Қ., «Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану» оқу құралы / Астана, 2014ж. «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
4. Бабанский Ю.К.. Методы обучения в современной общеобразовательной школе. - Москва: Просвещение, 1985. - 208 с.
5. Білім берудегі менеджмент - Менеджмент в образовании 2007-№2.
6. Бақыбекова.Н. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру.-А: Қазақ тілі, №4, 2007.16 б.
7. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. Алматы: Мектеп,

КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ САБАҚ ҮДЕРІСІНДЕГІ ТИІМДІЛІГІ

Спатаева Аксулу Қырқымбаевна

№88 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Шымкент қаласы

Жаңартылған бағдарлама негізінде сабақты қалай ықпалдастырып пайдалану жолдарын және оқушылармен кері байланыс жүргізе отырып, сабақтың өтілу барысына талдау жасайық.

Керібайланыс оқушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді. Керібайланыс сабақтың соңында ғана емес, сабақ барысында оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізіліп отыруы керек. Рефлексия мақсаты-еске түсіру, өзінің сабақ бойындағы іс-әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Мұғалім оқушының кез келген кері байланыс парағын оқи отырып, жұмысының сәтсіз шыққан тұсын және сәтті шыққан қадамын, ендігі іс-әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдынала біледі. Сонымен қатар кері байланыс парағы арқылы оқушының үніне құлақ түріп, оқу мен оқытудағы кездесетін кедергілерді айқындап, келесі оқытуға бұдан да жақсырақ дайындалуына түрткі болады.

Рефлексия сөзі латын тілінен аударғанда reflexio- кейінге айналым мағынасын білдіреді. Бұл терминді Джон Локи 17 ғасырда енгізген. «Рефлексия- адамның өз істерінің мәнін түсініп, оны ойлану барысында өзіне-өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі.

Иә, бұл қасиет бойымызда бұрыннан бар деуге болады. Күнде кешкілік бүгінгі ісімізді, айтқан сөзімізді ойша шолып, есеп беріп, ертеңімізге жоспар құрып аламыз. Демек, "рефлексия" деп ат қойып, айдар тақпағанымыз болмаса, бұл әрекет қанымызда бар нәрсе. Бірақ соны қағазға түсіру немесе жүйелі күнделікті түрлендіріп, осы атпен сабақта қолдану болмағаны ақиқат. Осы бағдарлама бойынша білімді дайын күйінде беруден гөрі оқушыны өзі қорытынды жасауға ықпал ету және кері байланыс есебінде түрлі әдістермен рефлексия жасату тиімді екеніне көзіміз жетті. Керібайланыс жүргізу бір күннің іс-әрекеті емес, оған көп уақыт, ізденіс қажет.

Мұғалім рефлексия арқылы алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдеп, қолданылған әдіс-тәсілдерінің тиімді не тиімсіз болғанын анықтап, орындалған іс-әрекетін зерделейді. Ең алдымен, мұғалім кері байланыс жасауға оқушыларын дағдыландырып алу қажет. Сонда ғана бұл оң нәтиже береді. Оқушылардың ой- өрісінің дамуы оқу үрдісі кезінде болады, ол оқушының өз бетімен толықтыруы мен өзін-өзі дамытуды қамтиды.

Оқушы білім алудың мақсатын саналы түрде түсінсе ғана белсенді бола алады. Қолайлы оқу үшін адамдарға кері байланыс пен мадақтау қажет, сондықтан кері байланыс жүргізілуі тиіс. Ашық сауалдар, оқыту міндеттерімен алмасуы сияқты әдістер оқушылардың өз біліміне белсенді қатысу қабілетіне әсер етеді. Оқушылар жұппен де, өз беттерімен де өз білім деңгейлерін бағалауға және оған жеткенін түсінуге мүмкіндіктер бар.

Рефлексияны әр түрлі әдіс-тәсілдермен сабақтың әр кезеңінде: тақырыптың соңында, сабақ бөлімдерінен кейін және тарау соңында жүзеге асыруға болады. Кері байланысты түрліше өткізуге болады: топтық рефлексия

түрінде, әңгімелесу түрінде т.б. Кері байланысты ауызша және жазбаша да жүргізуге болады.

Сабақтағы кері байланыстың үш түрі бар.

1. Көңіл-күймен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған кері байланыс. Көңіл-күйді білдіретін әр түрлі суреттер, смайликтер және бояу түстерімен анықтау. Мысалы: «Ауа райы», «Бағдаршам», «Алма ағашы». Мысалы «Алма ағашы» әдісінде оқушыларға сабақ басында түрлі-түсті алма беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма – мен бүгін бәрін жақсы орындадым, сондықтан көңіл-күйім көтеріңкі, қызыл түсті алма - мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл-күйім жоқ дегенді білдіреді. «Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (қуаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, рахаттану, алаңдау).

Қ.Бекхожиннің «Ақсақ Темір мен ақын» балладасын оқытуда «Бас. Жүрек. Қол» рефлексиясын жүргіздік. Оқушылар баспен Ақсақ Темірдің тарихтағы орнын, жорықтарын еске түсірді, жүреппен баллададағы оқиғаларды сезінгенін және сыныптағы оқушылардың эмоциясына әсер еткенін айтты, ал қолмен тапсырмаларды орындағандарын жеткізді.

2. Сабақтағы іс-әрекетке байланысты кері байланыс.

Мысалы: «Табыс сатысы» әдісінде кәдімгі сатының суреті беріледі.

1-ші баспалдағы Мен..... БІЛЕМІН,

2-ші баспалдағы Мен ТҮСІНЕМІН,

3-ші баспалдағы Мен ЖАСАЙ АЛАМЫН.

«Салалас құрмалас сөйлем туралы түсінік» тақырыбындағы сабақта оқушыларға алған білімін жинақтау мақсатында «Бір сөйлеммен тұжырымдаңыз» әдісін қолдандым. Мұнда оқушылар жаңа тақырыпты қалай түсінгенін бір сөйлеммен (Мен бүгін салалас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын мысалдар арқылы нақты түсіндім) тұжырымдады.

«Таңдау» әдісінде бес пікір жазылған парақ беріледі.

1. Мен сабақ *қызықты*, *қызықсыз* болды деп ойлаймын.

2. Мен сабақта: көп нәрсені, *үйрендім*, *үйренгенім аз* болды.

3. Мен басқаларды *мұқият зейінсіз* тыңдадым.

4. Мен пікірсайыстарға *жиі сирек* қатыстым.

5. Мен сабақтағы өз жетістіктеріме *ризамын риза емеспін*.

Оқушылар өздерінің сабаққа қатысу деңгейі мен ынтасын білдіретін сөздердің астын сызады.

3. Оқу материалының мазмұнына берілетін кері байланыс. Бұрын мен білмеуші едім. Енді мен білемін деген сияқты ой-пікірлерін білдіру боп табылады. Мысалы: «Плюс, Минус, Қызықты». «Плюс»-оң әсер еткен фактілерді, алған білімдері жайлы жазады. «Минус»-қолымнан келмей жатыр немесе түсініксіз болып тұр деген ойларын жазады.

«Қызықты» - деген бағанға өздеріне не қызықты болды соны жазады немесе не жайында көбірек білгісі келетінін жазады.

«Аяқталмаған сөйлемдер» әдісінде:

Мен бүгін білдім....

Мен бүгін сезіндім..

Мен келесі сабақта білгім келеді.....- деген сөйлемдерді аяқтап жазады.

7-сыныпта өткен М. Әуезовтың «Көксерек» әңгімесі бойынша «Маған 3 нәрсені айт» кері байланыс парағы берілді. Оқушылар Сабақта не өттік? Неден табысқа жеттім? Нені терең білгің келеді? деген сауалдарға олар «Көксерек» әңгімесі арқылы қасқырлардың психологиясын түсініп, оларға да қамқорлық керек екенін ұғынғанын және «Құндылық спектрінде» Құрмаштың өліміне кім кінәлі? деп ортаға тасталған сұраққа өздерінің ойларын еркін жеткізге білгендерін, тағы да қасқырлар туралы жазылған аңыз-әңгімелермен танысқысы келетіндіктерін ашып жазды.

«Мадақтау сәндвичі» 1-бөлік- не ұнады? 2-бөлік не нәрсені жақсарту керек? 3-бөлік- маған ұнады, бірақ келесі жолы Мұнда оқушылар сабақ соңындағы іс-әрекетіне баға береді. «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» рефлексиясында оқушылар екі ұнаған фактор мен бір ұсынысын білдіреді. Қазақ әдебиеті сабақтарында көбінесе «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» рефлексиясын жиі пайдаланамыз.

Атап айтсақ, Ш. Мұртазаның «Тұтқын бала» әңгімесін қорытындылау кезеңіндегі топтық жұмыста оқушылар әңгімені баяндауда сюжеттен ауытқымау, әңгіме мазмұнын әдеби тілмен баяндау сияқты ұсыныстар айтылды.

Жоғарыда келтірілген кері байланыс түрлері жеке оқушының жұмысына бағытталған. Сонымен қатар оқушылардан топтық кері байланысты алуға болады. Бұнда жеке өзінің пікірі емес, жалпы топтың пікірі, топтағы жұмыстардың нәтижесі алынады.

Топтық кері байланыс сұрақтары:

1. Жұмыс барысында топтағы қарым-қатынас тапсырманың орындалуына қалай әсер етті?

- Жұмыстың тиімділігін одан әрі арттыруға көмектесті;
- Жұмыстың жақсы жүруіне кедергі болды;
- Біздің қарым-қатынасымыз тапсырманы нақты орындауға мүмкіндік бермеді;

2. Топтағы қарым-қатынас әсіресе қай дәрежеде көбірек іске асты?

- ақпарат алмасуда;
- Өзара қарым- қатынаста;
- Осы дәрежелердің бәрінде іске асты;

3. Жұмыс барысында қарым-қатынас жасаудың қай стилі басым болды?

- Бір адамға бағытталған стиль
- Тапсырманы орындауға бағытталған стиль.

4. Топтағы орындау барысында топта ауызбіршілік сақталды ма?

- Топта ауызбіршілік пен серіктестік қарым-қатынас сақталды;
- Топтағы бірлік, ауызбіршіліктің бұзылғаны байқалды;

Негізінен рефлексия адамның үш қасиетін: өз бетімен білім алуын, шешім қабылдай білуін, бақталастыққа түсе білуін қалыптастырады. Өйткені бұл -XXI ғасырдың талабы. Сонымен қатар кері байланыс арқылы оқушылар өз-өзіне есеп беріп, өз-өзін реттеуге дағдыланады. Оқушылар ойлауға, сөйлеуге, өзін-өзі дамытуға еркін қол жеткізе алады. Кері байланыс жасауға сабақтың белгілі бір уақытын бөліп, олардың ой-пікірлерін шыдамдылық танытып тыңдау қажет.

Кері байланыс жасау арқылы бұрынғы сабақтарда енжар отыратын оқушының себебін анықтап, олардың белсенділігін арттыруға жол іздеуге болады. Кері байланыс оқушы үшін-өз жетістіктері мен қателіктері туралы ойлану, алға жылжу үшін ұсынба алу; мұғалім үшін өз қызметіне қажетті өзгерістер енгізу мақсатында алынатын ақпарат.

Кері байланысты жасағанда мына жайттарды есте ұстаған жөн: керібайланысты жұмысымызды жақсартудың ең тиімді нысаны ретінде сабырлылық таныту, кері байланыстың субъективті болатынын ескеру, кері байланыс жасалған істі бағалау емес, не жасалу керектігін көрсету. Сонымен бірге кері байланыс оқумен оқытудың қалай жүріп жатқандығын, оның сапасын анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келгенде, рефлексия- көп қырлы, кіріккен әрекет. Бұл әрекет оқушының психикалық қызметінің өзгеруіне ықпал етсе, ал мұғалімнің кәсіби әрекетін жоғары шығармашылық деңгейде жүргізуіне көмегін тигізеді. Рефлексия, яғни кері байланыс - нәтижелі білімнің жоғары көрсеткіші екенін бүгінгі күндегі оқушылардың жеткен жетістіктері арқылы толық сеніммен айта аламыз. Бүгінгі таңда күнделікті сабақтарымызда рефлексия жасауды дағдыға айналдырып келеміз. Рефлексия арқылы оқушының қажеттіліктерін біліп, оларды жинақылыққа тәрбиелеуге болатынын түсіндік. Сабақтағы оқушының ой-пікірін, көңіл-күйін біліп қана қоймай, сабақ мазмұнын қай деңгейде меңгергенін анықтауға болады. Сонымен, керібайланыстың тиімділігіне тоқталар болсақ:

Оқушылар үшін:

- 1-ден, рефлексия-оқушыны өз-өзіне есеп беруге баулиды;
- 2-ден, рефлексия арқылы оқушының қажеттілігін біле аламыз;
- 3-ден, рефлексия арқылы оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасады;
- 4-ден, рефлексия арқылы білім беру барысының сапасын жақсартуға болады және рефлексияның нәтижесінде оқушының сыни көзқарасы қалыптасады, өз-өзіне баға бере алады.

Мұғалімдер үшін тиімді жағы:

- 1-ден, оқытудағы кемшін тұстарын анықтайды;
- 2-ден, келесі сабақтың жоспарына өзгерістер енгізуге, түзетуге яғни оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін таңдауға мүмкіндік береді;
- 3-ден, уақытты үнемді пайдалануға мүмкіндіктер береді.

Кері байланыстан күтілетін нәтижелер:

- мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жақсарады;
- оқушы өзінің мықты, осал тұсын анықтайды және алға жылжуға ықпал етеді;
- оқушы тек бағалауды ғана емес, өз жұмысынан хабардар бола отырып, оқуға қызығушылығын арттырады;
- мұғалім мен оқушы кері байланысына қарай өз жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталады;

Сондықтан да кері байланыстың тиімділігі арқылы оқыту мен оқу сапасын жақсартуға болады деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Бабанский Ю.К.. Методы обучения в современной общеобразовательной школе. - Москва: Просвещение, 1985. - 208 с.
- 2.Білім берудегі менеджмент - Менеджмент в образовании 2007-№2.
- 3.Бақыбекова.Н. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру.-А: Қазақ тілі, №4, 2007.16 б.
- 4.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. Алматы: Мектеп.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ДАРАЛАП– САРАЛАП ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ

Әміртаева Эльмира Бейсенқызы
№88 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы

Еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу барысында білім беруді реформалау жүзеге асырылып жатқаны белгілі. Осыған орай әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мұғалімдердің тәжірибесінде енгізілуде. Осыған орай, өз тәжірибемде жиі қолданып жүрген технологияларының бірі – саралап – даралап оқыту технологиясы. Бұл технология бойынша оқушылардың білімді өздігінен саналы түрде меңгеруіне ерекше мән берілген. Оқушыларға тек білім берумен шектелмей, танымдық әрекетін арттырады және ойлау қабілетін, елестету мен есте сақтауын, белсенділігін, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Тәжірибенің жаңашылығы: компьютерлік технологияны қолдану арқылы оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру, интерактивтік тақталарының мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып оқушылардың ынтасын, белсенділігін арттыру.

Тәжірибенің тиімділігі: пәнге деген қызығушылығын арттырады, оқытуда саралау және жіктеуді қамтамасыз етеді, оқушылардың танымдық процестері мен танымдық қабілеттерін дамытады, оқушылардың сауаттылығын ашуға септігін тигізеді, оқушылардың оқу әрекетінде жетістіктерге жетуіне жағдай туғызады, оқушылардың рухани бай жеке тұлға болуына қалыптасады.

Қазақ тілі пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың жеке бас ерекшелігіне қарай қабілетін аша отыра, осы пәнді теориялық және тәжірибелік жағынан сараланған түрде даралап оқыту, сөйлестіру, жазу мәдениетін жетілдіру, өзіндік ой- пікірін дамыту.

Саралай оқыту әрекеті – білім алуға бағыттаған әрекет. Ол өз бетінше әрі мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады. Біз басшылыққа алып отырған саралай оқытудың жүйелік негізін Б. Ананьев, Л. Выготский, А. Леонтьев, С. Рубинштейн т.б. ғылымдар жасаған. Ал бастауыш мектеп кезіндегі оқу әрекеті Ш. Аманатшвилли, В. Давыдов, Л. Занков т.б. зертеулерінде қарастырылады. Саралай оқытуды ұйымдастыру арқылы баланың ойы абстрактіден нақтыға қарай өрлейді, ілімдік ойлауы қалыптасады. Оқушы дамуының негізгі болып табылатын әрекет, оқу әрекеті әрбір сабақтың өзегі деп түсіну керек. Саралай оқытуды ұйымдастыру арқылы бала ақыл -ой деңгейі мен белсенді әрекеті арқасында репродуктивті емес өнімді нәтижеге жетеді.

Мен өз іс-тәжірибемде оқушылардың өздік білімділігін қалыптастыру үшін «Ұжымдық оқыту технологиясын» да қолдануды жөн көрдім.

Осы технология оқушының қабілетін дамытуға, еңбек етуге баулып, ынтымақтастық, ұйымшылдық қабілеттерін оятуға тәрбиелейді. Өзін –өзі басқаруын қалыптастырып, байқампаздыққа таратады.

Оған мынадай басты талаптар қойылады:

- әр оқушының еңбектенуі және оның еңбегін пайдаға жарату;
- өзінің еңбегімен қоса басқаның да еңбегіне жауапкершілікпен қарау;
- өзі оқи отырып, қасындағы оқушыны да оқыту;
- серіктесінің түсінбегенін түсіндіріп көмектесу;
- әрбір оқушы кезектесіп (ауысып)не оқушы, не мұғалім болады;
- әр оқушы кезек тәртібін сақтап барлығын үйретеді, ал жұп жекеше түрде барлық мүшесін үйретеді;

Әдістеменің ерекшелігі:

- жекелеу оқыту;
- қасындағы оқушымен жұптасып оқыту;
- топпен оқыту;
- ұжымдық оқыту.

Бұл технологияның тиімділігі сол, жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгеруі тиіс. Сондықтан сабақтарда оқушылардың ынтымақын, белсенділігін арттыру үшін, оларға мәселелік сұрақтар қойылып отырады. Тақырып бойынша жасалған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені ол білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Оқушылардың білімін жүйелі түрде меңгеруіне және жеке оқушының қабілет деңгейлерін дамытуда “Сын тұрғысынан ойлау”, “Модульдік оқыту ” технологияларын күнделікті сабақтарымда қолданамын. Сын тұрғысынан ойлау – сынап қарау емес, оқушының шыңдалған ойлау әрекеті. Бастауыш сынып оқушыларының оқытуда тиімді әдістерді пайдалана арқылы оқушының білімге деген қызығушылығын арттырады, терең ойлау қабілетінің белсенділігін қалыптастыруға болады. Бұған дейін оқушы мұғаліммен оқулыққа ғана бағынатын тыңдаушы ғана еді, енді ол сын тұрғысынан ойланып, өз ойын дәлелдей алатын. Сынып оқушылары топпен, жұппен жұмыс істей арқылы өзара пікірлесіп, ең ұтымды жауапты тауып айтуға үйренеді. Берілген сұраққа тынымсыз іздене отырып, әр оқушы өз ойын еркін айтуға, оны дәлелдеп, қорғай білуге мүмкіндігі бар.

Оқу процесін жеделдету міндетіне байланысты, орыс мектептерінде қазақ тілін үйретуінде әр түрлі әдіс тәсілдерді, методикалық құралдарды қолдану қажеттілігі туып отырғаны белгілі. Мен бастауыш сыныптарында өзім жасаған «Дыбысты бағдаршам » деген құралды жиі қолданам. Алғашқы кезеңдерінде уақыттың тығыздығына байланысты тақырыпты қайталауға, бекітуге үлгере алмайтын жағдайлар болды. Енді «Дыбысты бағдаршамды » қолданғаннан бері уақытымды үнемдеп, бірнеше секундта сыныптағы барлық оқушының жалпы білім әсерін көремін. Жалпы сыныптың айқын білім деңгейі анықталады.

Мұғалім сабақ барысында барлық оқушыларды көз аясында ұстап, әр баланың өткен материалды қалай меңгергенін біледі. Бұл құралды оқушылар мұғалімнің басшылығымен өздері жасай алады.

Екінші “Бақылау сұрау” деген құралды үлкен тақырыпты қайталау және бекіту кезеңдерінде, әрбір тоқсан соңында, немесе жыл аяғында оқушылардың қорытынды білімін тексергенде қолдану өте тиімді.

Мұндай бақылау құрал ұжымдық және топтық әрекетті пайдалана отырып жүргізгенде нәтиже береді. Тәрбиелік мағынасы өте зор - әр оқушы өз тобы үшін жауапкершілігін арттырады, өз үшін ғана емес, өз тобы үшін ынтықсын көтереді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Кобдикова Ж.У. «Деңгейлеп саралап оқыту »
2. Ахметов С. «Білім берудің тиімді жолдары »
3. Л. Занков, Д. Эльконин, В. Давыдов, В. Репкин, В. Левин « Дамыта отырып оқыту әдістемесі
4. Якиманская Н.С. «Дамыта оқыту тұжырымдамасы »

СТО ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУ МАҚСАТЫНА ЖЕТУ

Батырбекова Нұрсауле Абибуллаевна №87 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Шымкент қаласы

Бұл технология қазіргі қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудағы тиімді әдіс болып саналады. Оқу мақсатында негізделген сабақ мақсатын орындау жолында тілдік материалдарды модульдік жолмен ұсыну уақытты да үнемдейді, әрі білім алушылардың ойын түрінде, әдіс-тәсілмен жұмыс істеу дағдысын жетілдіреді. Олар түрлі тараулар мен тақырыптар бойынша дайындалған тірек кестелерімен, мәтінмен, басқа да ізденімпаздық, шығармашылық бағытта орындалатын жұмыс түрлерімен өздерінің іскерлік дағдыларын қалыптастыра алады.

Осы орайда қазіргі қазақ тілі, тіл біліміне кіріспе пәндері бойынша шығармашылық жұмыс түрлерін көбірек ұсыну, ойын түрлерін беру, оны сыни тұрғыдан түрлі пікірлермен оқушылардың талқылауы өз нәтижесін беріп келеді.

Әсіресе, оқу сабақтарында модульдік оқыту технологиялары бойынша ұйымдастырылған ойын түрлерін сөйлесу бөлімінде шебер ұйымдастыра білу оқушыларды сыни ойлауға, өзіндік пікірін айтуға, шығармашылыққа, ізденімпаздыққа жетелейді.

Жаңа әрі пайдалы ізденістердің бірі қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолданылып жүрген әдістердің бірі – «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясы. Бұл технология 18 елдің тәжірибесіне енгізілген. Сыни

тұрғыдан ойлау деген –әрбір жеке тұлғаның кез –келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы.

СТО – өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді.

Сыни тұрғыдан ойлаудың тамырын сонау гректік соқраттық дәстүрге дейінгі 2500 жыл бұрынғы дәуірден көруге болады, сол кездің өзінде беделді негізде алынған білімді тексеру үшін жетекші сұрақтарды пайдалану қалыптасқан: олар тиімділік, нақтылық пен логикалық сабақтастықтың талаптарына жауап бере ала ма деген сауалды ортаға тастайды.

Джон Дьюи білім беру саласында осындай зерттеуді бастаған, алғашқылардың бірі болды. Ол оқушылардың ойлау дағдысын қалыптастырудың білім беру бағдарламасын тек оқушылар үшін ғана емес, қоғам үшін және барлық демократиялық құрылыс үшін тиімді болуына бағыттау керек екендігін мойындатты.

Эдвард Глейзер (1941) сын тұрғысынан ойлау қабілеттілігі үш элементтен тұратындығын болжап берді:

1. Проблемалар мен мәселелерді шешу кезінде өзінің тәжірибесін қалыптастыру өрісіне кіретін ойлау үдерісін жүзеге асыру.

2. Логикалық зерттеу мен ой жүгірту әдістерін білу. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Л.Джинни Стил Куртис, С.Мереди, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты - барлық жастағы оқушыларға кез - келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі.

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Александрдің диалог арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту (2001, 2008) тәжірибеде зерттеген диалогтың бес үлгісін ойлап тапты . Олар:

1.Механикалық сақтау (үнемі қайталап отыру)

2.Декламация (тест)

3.Нұсқаулық/ мазмұндама

4.Талқылау(ақпаратты тарату)

5.Диалог.

1956 жылы Бенджамин Блумның төрағалық етуімен білім беру комитеті әзірлеген Блум таксономиясы сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады

Білу - Өткен материалды есте сақтау, -терминдер,ереже,теория,формула.

Түсіну- Негізгі идеяны түсіндіру,сипаттау –аударма жасау.

Қолдану- Жаңа білімді түрлі нұсқада, түрлі нұсқада пайдалану.

Талдау - Дәйектер мен себептерге сәйкес ақпаратты тексеру және жіктеу.

Жинақтау- Ақпараттарды жүйелеу, жоспар жасау, шешім қабылдау.

Бағалау- Критерий негізінде жұмыс сапасын бағалау, дәлелдеп үйрену.

Мен мұғалімдердің әрбір сабағында «Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын» қолдануды ұсынамын.

«Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды.

Бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының кез келген мазмұнға, түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікірді, таңдауға, шешім қабылдауға үйрету.

Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу. Сыни тұрғыдан ойлау сынау емес, шындалған, бірін – бірі толықтырған ойлау. Ең бастысы жекелей, топта, сыныпта оқушылардың білім деңгейін көтеруге ретімен сұрыптап қолданған стратегиялардың қай – қайсысы болсын сабақтың сапасын арттыруда үлесі зор.

Жаңа білімді қабылдау, бекіту, іскерлік пен дағдыны тәрбиелеу барысында жұмыс жүйесін, оқушылардың дербес белсенді әрекетін дамытуда, өздік жұмысының тиімділігін арттыру болып табылады, шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді.

«Сыни тұрғысынан ойлау» барысындағы стратегияларды білімді меңгертудің әр түрлі кезеңінде қолдануға болады.

«Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды» дамыту бағдарламасы ұстаз бен оқушыны ізденуге жетелейтін, шығармашылыққа шабыт беретін, болашаққа деген үмітті арттыратын бағыт. Әр оқушыда өзін – өзі дамыта және жетілдіре бақылай алатын дағды қалыптастыру, соған сәйкес өз бетінше білім алуға үйрету дамыудың ең биік шыңына жету болып табылады.

«Сыни тұрғыдан ойлау» бағдарламаның ішкі құрылымы оқыту мен үйрету моделінің үш кезеңінен тұрады:

I. Қызығушылықты ояту

II. Мағынаны тану

III. Ой-толғаныс.

Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасында 60-қа жуық стратегиялар бар. Қазіргі кезде мен тыңдаушыларыма ұсынып, қолданып жүрген стратегиялар «Венн диаграммасы», «Т» кестесі, «эссе», «ой қозғау», «инсерт», «кубизм» әдісі, «ішіне -сыртына», «синквин», т.б.

Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазу, дамыту технологиясын сабақ үстінде қолдану барысында төмендегідей тиімділіктерге қол жеткізуге болады.

1. Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.

2. Сенімділікке тәрбиелеу.

3. Қиялын дамыту « менің ойымша» деген жауап алуға жағдай жасау.

4. Әр түрлі жауапты соңына дейін тыңдау.

5. Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау.

6. Баланың дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне, әр сабақта жағдай жасау.

7. Жеке тұлға ретінде «мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру

Сын тұрғысынан ойлау» сабақтарының алғашқы бөлігі міндетті түрде қызығушылықты оятуға арналады / сұрақ қою/, екінші «мағынаны тану» кезеңінде /жауаптар іздеу, мәселені зерттеу /мәтінді жан- жақты және әр тұрғыдан талдау жұмысы жүреді.

Үшінші, білім «ой толғаныс» арқылы жалпылама жүйеленеді/ ойлау үрдісінің ең жоғарғы сатысында мәселені талқылау

Яғни, мұғалім оқушыларын ойлауға тұрақты түрде үйретеді . Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін “Топтау”, “Түртіп алу”, “Ойлану”, “Жұпта талқылау”, “Болжау”, “Әлемді шарлау” т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Бабанский Ю.К.. Методы обучения в современной общеобразовательной школе. - Москва: Просвещение, 1985. - 208 с.
- 2.Білім берудегі менеджмент - Менеджмент в образовании 2007-№2.
- 3.Бақыбекова.Н. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру.-А: Қазақ тілі, №4, 2007.16 б.
- 4.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. Алматы: Мектеп,

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗЕКІ ТІЛДЕ СӨЙЛЕУ

ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кадирбаева Кулсара Аманқұлқызы

№75 мектеп-гимназияның

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Шымкент қаласы.

Мектепте қазақ тілін оқытудағы басты мақсат- оқушылардың сөздік қорын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс оқып, айта білуге, сауатты жазуға, бір-бірімен сөйлесе білуге, оқығанын, көргенін, естігенін қысқаша әңгімелеп бере білуге дағдыландыру, ойын қазақша жеткізе алатындай дәрежеге жеткізу, сабаққа деген ынталылығын арттыру, әр тақырыпты олардың санасына жете түсіндіру.

Оқу-тәрбие жұмысының негізі-сабақ. Сабақ-оқытудың барлық кезеңінде мұғалім мен баланың бірлесіп істейтін тиімді әдістерінің жүйесі. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, өз бетінше білімін толықтыруға дағдыландыру сияқты жұмыстар сабақ барысында жүзеге асырылады. Оқушылардың тіл байлығын молайту үшін сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, жаңа технологиялардың элементтерін қолдану. Сабақта қолданылатын мәтін мен жаттығулар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуінің маңызы зор. Пәнаралық байланыс болуына, сабақтың өмірмен байланыстылығына мән беру қажет. Оқушылардың ойлау, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту- әр сабақтың міндеті.

Ауызекі тілде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда грамматикалық ережелерді меңгеріп, оларды түсініп, дұрыс қолдана білудің маңызы өте зор. Орыс мектептерінде қазақ тілін үйрену, лексикалық және грамматикалық тақырыпты меңгеру- күрделі жұмыс. Грамматикалық ережелерді дұрыс түсініп, меңгеріп, орынды қолдана білу дағдыларын дамыту мақсатында сурет бойынша сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыру, әңгімелеу жұмыстарын жүргіземін.

Мәтінмен жұмыс істегенде, оқушыларды жаңа сөздермен таныстырып, ойын дұрыс айта білуге, сұрақтар қоя білуге, берілген сұрақты түсініп, нақты жауап беруді үйретуге тырысамын. Мәтінде кездесетін таныс сөздермен, сөз тіркестермен және меңгерілген жаңа сөздермен сөйлем құрастыруға, әңгімелей білуге дағдыландырамыз. Әр сыныпта тақырыптар бойынша тест сауалдарын қолданып, жарыс, саяхат, ойын сабақтарын өткіземіз.

Жаңа заман сабағы дәстүрлі тақта мен бор арқылы емес, электрондық құралдардың көмегімен, интерактивті тақтамен оқушылардың белсенділіктерін арттыра отырып өткізіледі. Өз тәжірибемде интерактивті тақтаны қолдана отырып «Білімпаздар сайысы» атты сыныптан тыс шара өткіздік. Мультимедиялық мәтін жазылған бейне материалдар, слайд, суреттер, сызбалар, кестелер қолдандым. Оқушылар күнделікті жүз рет сөзбен айтқан ұғымдарды бір рет көру арқылы естерінде сақтайды. Бастауыш сынып оқушыларының ауызекі сөйлеу тіл байлықтарын ақпараттық қатынастық технология арқылы дамыту оқушының өзіндік білім алу іс-әрекетін компьютерлік бағдарламалық және техникалық жабдықтардың көмегімен іске асырылады.

Оқушылар «Жыл мезгілдері», «Құстар», «Үй жануарлары және аңдар» атты кітапшалар дайындап келеді, ол жұмыстарын оқушылар алдында оқып қорғайды.

«Қай ауыл жеңді?», «Кім көбірек біледі?», «Қатені тап» тағы басқа түрлі сөздік ойындарын жиі өткіземін. Оқушылардың пәнге, қазақ тіліне ынталылығын арттыру үшін мынадай ойындарды өткізуге болады; біріншісі: «Кім көбірек сөз табады?» Мысалы: саңырауқұлақ-ақ, қара, су, құлақ, уық. Екіншісі:бір оқушы

сөзді айтады, екінші оқушы сөздің соңғы әрпіне жаңа сөзді ойлап табады. Мысалы: қарға, алма, ат, тауық.

«Сөз жарысы» ойыны. Ойынның мақсаты - сөздік жұмысын қайталау. Бұл ойында үш оқушы тақтаға шығады. Сыныптағы оқушылар сөздерді орыс тілінде айтады. Үш оқушы қазақ тіліне аударды. Үш оқушының қайсысы көп айтса, сол жеңеді. Ойынды тақтаға сауатты жазу қабілетін молайту мақсатында жазбаша түрде де өткізуге болады. "Иә - жоқ" - ойыны сұраулық шылауларды дұрыс қолдану дағдыларын, қисынды ойлау қабілеттерін арттырады. Бір оқушы затты (жануар, тағам, өсімдік ...) жұмбақтайды.

Қалғандары сұрақ қойып отырып, оны табу керек. Бір ерекшелігі: шыққан бала тек "иә" не "жоқ" деп жауап бере алады. Екінші ерекшелігі: оқушылардың сұрақтары тізбектеліп логика жолымен құрылу керек.

Мысалы:

-Ол жануар ма?- Жоқ.

-Ол балық па?- Жоқ.

-Ол құс па? -Иә.

-Ол үлкен бе?- Жоқ.

-Ол суда жүзе ме?- Иә.

-Ол үйрек пе?- Иә.

Деңгейлік тапсырмалар беруде нормативтік, нормативсіз варианттар салыстырылады. Соның нәтижесінде деңгейлік тапсырмаларды орындау негізінде оқушылардың лексикалық сөздік қоры кеңейеді, грамматикалық сөз тіркесінің активтік қоры байиды, тілдік тұлғаларды, оралымды қолдануға жаттығады. Бұл тұлғада деңгейлік тапсырмаларды таңдай мәселесі практикалық мағынаға ие болады да, оқу процесінің проблемалық ситуациясына айналады. Байланыстырып сөйлеуге оқыту үшін деңгейлік тапсырмада әңгіме, мазмұндама жазу ұсынылады.

Оқушысы сөйлеу процесін енгізу үшін, оны тілдік ситуацияға кіргізіп, сол ситуацияда өзін ұстай білуге үйрету керек, яғни оқушы өзінің әңгімелесушін, әңгіме процесінің мақсаты мен шарттарын меңгеруі тиіс. Деңгейлік тапсырмалар оқушыны сөйлете білудің шарттарына бағынышты болады. Тапсырма түрлері оқушының ой желісін жетілдіріп, тілді сезіну қабілеттерін арттырады, тілдік грамматикалық тұлғаларды қолдануға көмектеседі. Деңгейлік тапсырмалардағы жаттығулар оқушылардың мәдениетін қалыптастырады.

Сөйлесу тілін дамыту үшін баланың психологиялық жағдайын ескеру қажет. Бала жақсы сөйлеу үшін оның шабытын оятып, құлшыңдырып сабақты қызықты өткізу қажет. Сөйлемді жақсы құра білсе, сөйлесіп үйреніп қазақ тілін игерсе, онда: сенің қолыңнан бәрі келеді, сен қабілеттісің деп баланы мадақтап қойған жөн. Сонымен бірге «жаз үйрен» деп сенім білдірген дұрыс. Оқушының кішкентай жетістігі болса да, жоғары бағалап, мадақтап, көтермелеу, оқушылар басылымына, өлең, әңгімелерінің жарық көруіне көмектесу, шығармашылық сәтте оқушыға құптаушылық көзқарас білдіру, сезім күйін бақылау, қамқорлық таныту; ақын-жазушылардың, өнер адамдарының шығармашылық дәстүрінен қызғылтқы оқиғаларды әңгіме ету; оқушылар үшін педагог өзін қарапайым жан есебін де таныта білу; олардың психологиялық еркіндігін қамтамасыз ету сияқты әрекеттерді мұғалім білуі тиіс.

Сонымен сөйлеу тілін дамытудағы психикалық жағдайға байланысты оқушының сапалық және сандық өзгерістері:

- нерв жүйесінің жетілуі
- білімнің артуы,
- сезім мен моральдық ұғымдардың пайда болуы
- анатомиялық-физиологиялық есеюі және мінез-құлқының қалыптасуы.

Дамыта оқытуда төмендегі психологиялық жағдайлар ескеріледі.

- сезімі, түйсігі
- қабылдауы, ынтасы
- зейіні, еске ұстауы
- ұғынуы, еркін билеуі
- ойлауы, қиялдауы, болжауы
- сөйлеу қабілеті
- оқу іс-әрекеті, дағдысы
- жауапкершілігі, ізденісі, дербестігі.

Оқушыларды сөйлеуге үйретуде психологияға сүйенбей болмайды.

Сөйлеу тілін дамыту процесінде адамның еркі, есте сақтау қабілеті, ой-өрісінің дамуы, сезімі, қиялдай білу ерекшеліктері негізгі рол атқарады. Олардың барлығы өзара диалектикалық байланыста. Адамның көру, есту сезімдерінің дамуы, ойлау қабілетінің артуы сыртқы объективтік шындықтық әсерінен болады.

Психолог Р.Қ.Көшімбаев «Табыс психологиясы» атты еңбегінде әртүрлі психологиялық жаттығулар мен ойындар арқылы мектеп өмірінде оқу процесіне қажеттілік туғызу, оқушының ойлау қызметін жетілдіру және мұғалім мен оқушыға қиындықтарды жеңу, оқушылардың жеке қабілеттерін дамыту жолдарын үйретеді. Мысалы: Оқушы сабақты дұрыс қабылдамаса, оның зейіні сабаққа ауыспаса, сабақтың ұйымдастырылуы ойдағыдай шықпаса, сіз тез өзіңізді мұғалім рөлінен шығарып, оқушы болыңыз.

Оқушыдан қандай ойынды жақсы көретіндігін сұраңыз. Сол ойынды бастап ойнаңыз. Оқушылар көңілденіп ойынға ұйымшылдықпен кірісе бастаған кезде, сабақ бағытын ойынға бұрыңыз да, өзіңіздің мақсатыңызды іске асыруға кірісіңіз -дейді.

Міне, осы сияқты психологиялық пікірлерді ұсынады. Оқушыға реніш туғызған мұғалымге өзін сол оқушының орнына қойып, оқушыны мұғалім тұлғасында қарап ойлануды ұсынады. Мұндай жаттығулар мен ойындардың ұстаз творчествосына тигізер жәрдемі мол. Қазіргі кезде мектептегі сабаққа пайдаланылатын ойын түрлері, тренинг тәсілдері, ролдік, іскерлік ойын түрлері өте көп. Сөйлеу арқылы тіл жетіледі, дамиды.

Деңгейлік тапсырмаларды құру жеңіл шаруа емес. Бағдарламаға сай тапсырмалар түрін сараптап, зерттеп, оқушылардың оқу дағдысын қалыптасытру талаптарыны басшылыққа ала отырып, ғылыми-әдістемелік түрде оқушы деңгейіне сай құрылуы тиіс. Деңгейлік тапсырмалар оқушы сұранысын қамтамасыз ететіндей, ықшам, әсерлі, жүйелі, түсінікті сипатта болуы қажет. Тапсырмаларда мәтін жұмысы, ситуациялық әңгіме т.б. көркемдік жағы ескерілуі тиіс.

Тапсырмалардың тартымды, қызықты болуын қадағалау қажет, оған қойылатын талаптардың толық сақталуы тапсырманың сапасын арттырып, оқушының сөйлеу тілін дамытуға қолайлы жағдай туғызады. Сондықтан оқулықта, сабақта кездейсоқ алынған жаттығулар болмағаны тиімді.

Репродуктивті тапсырмалардың құрамына ойлауға, есте сақтауға, елстетуге, еске түсіруге арналған жұмыстар, ал рецептивті тапсырмалардың құрамына ойлауға, есте сақтауға, танып-білуге арналған жұмыстар енгізілді. Оқушыларының сөйлеу тілін дамыту үшін жүргізілетін деңгейлік тапсырмалар-бір жағынан, оқушының өз бетімен білім алуына жәрдемін тигізсе, екіншіден оның қиялын, ойлауын дамытады.

Оқушының сөйлеу тілі әрқашан тілдік ортада қалыптасады. Баршамызға белгілі қазақ балаларымен ойнаған орыс баласы қазақ тілін ешқандай грамматикалық ережені оқымай-ақ қатысым арқылы үйреніп алады. Сондықтан сөйлеу тілін дамытудың тағы біртиімді жолы-жағдайлық ойындарды ұйымдастыру.

«Сен дәріханаға келдің» деген тақырыпқа ситуациялық жағдай туғызып, тірек-сызба арқылы сұрақ - жауап әдісімен әңгіме жүргізу. Сөйлеу тілін дамыту кезінде сөздік ойын жаттығулар, оқушыларды өздігінен сөйлеуге мәжбүр етерлік арнайы ұйымдастырылған ситуациялар (жағдаяттар) грамматикалық жаттығулар, әдеби текстер, әңгімелеу, сахналандыру, әңгіме құрастыру, жұмбақ жасыру, мақал, мақал-мәтелдерді пайдаланып оқыту жұмыстары жүргізіледі.

Оқушылардың сөйлеу дағдылары ауызекі сөйлеу жүйесінен, сұраққа қысқа да толық жауап құрастыра алуынан, оқығандарын ауызша да, жазбаша да мазмұндап, беретіндей дағды-машықтарынан, шығарма, хат жазу дағдыларынан құралады. Қазақ тілін оқытуда ең алдымен тәжірибелік мақсат қойылады, оған оқушылардың сөздік қорын байыту, қазақша ауызекі сөйлесуге, сауатты жазуға үйрету, көргендерін, естігендерін әңгімелеп беруге үйрету қажет. Оқушы тілін дамыту үшін әр түрлі әдістер, жұмыстар өткізу керек. Оқушылардың сөйлеу қабілетін дамыту, мәтін бойынша сұхбат құрастыруда, мәтіннің мазмұнын айтқызуда тірек сызбалардың берері көп. Бұл тәсіл жаңа сабақты жылдам түсінуге, есте сақтауға көмектеседі. Тірек-сызба сұхбат құрғыза отырып, оқушылардың қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға, сөйлем құрастыруға мүмкіндік береді. Грамматикалық материалды және лексикалық тақырыптарды оқытуда тірек-сызбалардың қолданылуы тілді дамытуға, сөздік қорды молайтуға, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, ойлау қабілетін дамытуға, ойын қазақша жеткізе білуге жаттықтырады. Тірек-сызбалар арқылы оқушылар кез келген тақырыпқа әңгіме құрастырып, өз ойларын оңай жеткізеді, ауызша тіл дамытып, сөздік қорын молайтып, ауызекі сөйлеуге дағдыланады. Тірек-сызба арқылы сұрақ-жауап әдісі бойынша оқушыларға тақырыпқа байланысты сұрақтар қойып, жауап аламын. Балалар тірек сөздер берілген сызбаны пайдалана отырып әңгіме құрастырады.

Мұғалім әр сабақта оқушыға жағдай жасап түрлі технологияларды жүйелі қолданып, оларды шығармашылықпен пайдалана білсе, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады, қазақ тіліне қызығушылық артады, ауызекі сөйлеуі дамиды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Жұмабаев М.. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992.
- 2.Сыздықова Р., Б. Шалабаев, Көркем тексті лингвистикалық талдау, А., «Мектеп», Исабекова А.К. «Деңгейлік курстарда қолданылатын психологиялық тренингтер жинағы» Көкшетау,2014
- 3.Кәрішалова К. Кітапхана жаңа ғасыр мәдениетінде (балалар әдебиеті проблемалары)// Саясат. - №3. - 2006. - 28-29б.
- 4.Мектептегі кітапхана «Кітап-білім бұлағы» 2011ж.№5.10-11б
- 5.Нұрғалиева. Г.Қ Педагогиканың логикалық-құрылымдық курсы,- Алматы, 1996.

САРАЛАП ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ

Усербаева Дилноза Фахриддиновна

№45 мектеп-гимназиясы

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Шымкент қаласы

*«Қазақстандағы мектеп уақыт өте келе үздік
әлемдік деңгейіне көтерілуі тиіс»*

Н.Ә.Назарбаев.

Бүгінгі өркениетті қоғамда білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге көтеру. Бұл бағытта балаларға жоғары деңгейде білім беретін, еңбекке баулитын, талабын оятып, қозғау салатын орын – мектеп. *«Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс»* - деген болатын мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев. Бұл жүйені өздерту үшін білім бағдарламасын халықаралық стандартқа сай келетін заманауи оқу бағдарламалары екендігін ескере отыра, бұлардың біздің балаларымызға қажетті функционалдық сауаттылық пен сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дарытатындығын айқын. Білім алу және тұлғалық өзін-өзі дамыту, сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау, өзара әрекет жасау дағдыларын дамыту болып табылады.

Бұл дағдылар барлық оқушылар үшін де қажетті. Бірақ оқушылардың барлығы бірдей аталған дағдыларға қол жеткізе бермейді. Осы тұста «неге?» деген сұрақ туындайды. Себебі, оқушыларды бірдей оқыту әдістемесімен оқыта отыра, бұл дағдыларды игерту қиынға соғады. Сондықтан да педагогтардың басты міндеттерінің бірі оқушыларға білімді, ақпаратты көп беру емес, берген білім мен ақпаратты өз бетінше тиімді игеруі үшін жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеріп, қажеттіліктерін қанағаттандыру. Дегенмен *«Неге оқушылар барлығы бірдей бұл дағдыларды қабылдай алмады?»* -деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Себебі әр оқушы жеке тұлға. Барлық оқушыларға бірдей әдіс тәсілдер оң нәтиже көресте бермейді. Бұл проблеманы шешуде жоспарлау мен оқыту үдерісінде педагогикалық тәсілдердің бірі *саралап оқытуды* қолдану тиімді жолдардың бірі болып табылады.

Қазіргі таңда білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында мұғалімдердің тәжірибесінде көптеген өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістер мұғалім тәжірибесін дамытуға бағытталған. Осылайша жоспарлау және оқытуда саралаудың маңыздылығы артуда. Саралап оқыту (дифференциация) латын тіліндегі «difference» сөзінен бастау алған және біртұтас затты түрлі бөліктерге, нұсқаларға, сатыларға бөліп жіктеуді, саралауды білдіреді, ал француз тілінде «differentiation» айырмашылық, ерекшелік дегенді білдіреді. Саралай оқыту әрекеті – білім алуға бағыттаған әрекет. Ол өз бетінше әрі мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады. Біз басшылыққа алып отырған саралай оқытудың жүйелік негізін Б. Ананьев, Л. Выготский, А. Леонтьев, С. Рубинштейн т.б. ғылымдар жасаған. Ал бастауыш мектеп кезіндегі оқу әрекеті Ш. Аманашвилли, В. Давыдов, Л. Занков зерттеулерінде қарастырылады. Саралай оқытуды ұйымдастыру арқылы баланың ойы абстрактіден нақтыға қарай өрлейді, ілімдік ойлауы қалыптасады. Оқушы дамуының негізгі болып табылатын әрекет, оқу әрекеті әрбір сабақтың өзегі деп түсіну керек. Саралай оқытуды ұйымдастыру арқылы бала ақыл-ой деңгейі мен белсенді әрекеті арқасында репродуктивті емес өнімді нәтижеге жетеді.

Жоғарыдағы тақырыптаға педагогикалық кеңестің мақсаты:

Біріншіден педагогикалық ұжымның сабақта саралап оқыту әдістері арқылы әр оқушының мемлекеттік стандарт деңгейде білім алуына кепілдік беріп, қабілетіне сәйкес жағдай жасауды бақылау. Екіншіден деңгейлік жұмыстарды жеке тұлғаға бағыттай отырып, пәнге деген қызығушылығын арттыруды сыныптан тыс сабақтар мен үйірмелерде қолдану мүмкіндіктерін байқау. Үшіншіден оқытуда саралау және жіктеуді қамтамасыз етіп, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту жұмыстарын анықтау.

Саралап деңгейлеп оқыту оқушының ой-өрісінің дамуына тигізер пайдасы өте зор, себебі оларды қолдану сабақ нәтижесін, сапасын, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады. Әсіресе оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты болып білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру табылады. Әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етуі керек. Деңгейлеп оқыту деңгейлік тапсырмалар арқылы іске асады. Себебі сабақтың ерекшелігі және оның тиімділігін арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі-оқушыларға арналған деңгейлік тапсырмалар орындау.

Саралап оқыту - бұл білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүргізіледі. Мұғалім саралау тапсырмаларын дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушының қабілеттеріне қарай отыра сабақты түрлендіру. Конфуций: *«Маған айтсаң ұмытып қаламын, көрсетсең есімде қалар, ал өзім істесем үйреніп аламын»* дегендей оқушының жаңа тақырыпты өз бетімен игеруге мүмкіндік туғызуға мен өзімді ұшталған қарындаш ретінде санаймын. Өйткені мен *«білім беру мазмұнын жүйелі жаңарту жағдайында сапалы біліммен қамтамасыз етуде»* қазағымыздың көшбасшысы Д.Қонаевтың: *«Өмірдің екі тірегі бар: үйренуден жалықпау, үйретуден*

аянбау» деген құнды пікірі мұғалімдерге ХХІ ғасырда ұран боларлық қазына деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 2007 ж.
2. Еркебаева Г.Ғ.Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру жүйесінің міндеттері, бағыттары мен мазмұны.Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Шымкент, 2011. – Б.6-9.
3. Смирнова С.А. Педагогика: теории, системы, технологии. –М., 2006.
4. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М., 1989.
5. Халықова К.З., Абдулжәрімова Г.А. Педагогикалық информатика /білім беруді ақпараттандыру. –Алматы, 2007.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА САРАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫН БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Шымкент қаласы. Таскен т.а.

№103 жалпы орта білім беретін мектебі

Қазақ тілі әдебиет пән мұғалімі

Турганбекова Улзана Рысхановна

turganbekova_ulzana@bk.ru

Ең алдымен, тақырыбымыздың негізгі мәнін түсініп алу өте маңызды бастама. Жалпы саралап оқыту дегеніміз не? Саралап оқыту - орта мектепте оқыту тәсілі. Орта мектептегі оқу жоспары мен бағдарламасын оқушылардың бейімі мен қабілетіне, білім деңгейіне қарай жіктеу. Саралап оқыту оқушылардың білімін жан-жақты дамытуды, оларды қызықтыратын ғылым мен техника саласынан білімін жетілдіруді, сондай-ақ мамандыққа бейімдеуді көздейді. Мұндай оқыту арнаулы мектепте, сыныпта, сынып ішіндегі топта жүзеге асырылады. Саралап оқыту білім деңгейі әр түрлі оқушыларды топтарға жіктеп, әр топты өз деңгейіне сай оқытып, білімін одан әрі жетілдіру үшін қолданылады. Ал, енді саралап тапсырма берудің мақсаты түсінікті болды деп ойлаймын.

Қазақ тілі пәнінде мен жиі саралап оқыту әдісін қолдана отырып, тапсырмалар дайындауға, беруге тырысамын. Мәселен, қазіргі уақытта оның атқарар рөлі маңызды. Ережелерді өтіп, оларға байланысты тапсырма орындауда маған саралаудың көмегі көп тию үстінде. Және, саралап тапсырма берудің мақсаты балаларды бөліп тастауда емес, керісінше олардың деңгейлерін әрі қарай өсіруге көмек қолын созу. Мұғалім үшін оқушының оқу-үлгерімі әрқашан мәлім болуы тиіс. Мұғалім әрбір оқушымен кері байланыста болуға міндетті. Оның барлығына үлгеру үшін саралап оқыту әдісін пайдалану арқылы тапсырмаларды бөлу жеңілдік туғызады. Ол арқылы балалардың деңгейін тексеріп, олармен жұмыс үстеу арқылы деңгейін жоғары көтеруге әрекет жасау. Кез келген бір тақырып алатын болсақ, балаларға олардың меңгерген білімдеріне негізделген әртүрлі тапсырмалар беріледі. Құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді. Мысалы, "Морфология" тақырыбымен танысып алып, оған қатысты тапсырма орындаймыз деген

шешімге келдік. Мен тапсырманы бәріне бірдей таныстырдым, ал орындалу кезеңдерін бірнеше бөлімдерге бөліп қарастырдым. Олар:

1 топ - менімен яғни мұғаліммен бірге;

2 топ - алдымен бірге, содан соң өз бетінше;

3 топ - басынан аяғына дейін өз бетінше орындауы тиіс.

Қазақ тілін оқытуда оқушыларға тиянақты, сапалы да, саналы білім беру — мұғалімнің оқыту әдістері мен тәсілдерін шебер меңгеруі арқылы жүзеге асады. Яғни, әдісті жақсы ұйымдастыру — мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Мысалы, әңгіменің нәтижелі болуы — сұрақты дұрыс, дәл, түсінікті қоя білуге байланысты.

Мұғалім сұрақты дұрыс қоя алмаса, оқушылар да асып-сасып, жауап бере алмайды. Оқушы қиналған кезде жетелеп, сұрақтар беру мұғалімнің іскерлігін көрсетеді. Мәселен,

"Үстеу" тақырыбына арналған саралап оқыту әдісі арқылы жасалған деңгейлік тапсырмалар әзірледім. Өтілген тақырып бойынша жасалған деңгейлік тапсырмалар оқушының тез ойлауын, есте сақтау қабілетін, ынтасы мен белсенділігін арттырады. Бұл жұмыс оқулықпен жұмыс жасауға, өз бетімен іздене білуге үйретеді.

Деңгейлік тапсырмалар:

I деңгей

Мына үстеулермен тіркес құра. Сұрағын қой. Лезде, жылдам, шапшаң, баяу.

Үлгі: лезде жеттік (___?)

Мына сөйлемдердегі "әлі" деген сөз қайсысында үстеу, қайсысында зат есім? Үстеуді қалай табуға болады? Әлі (___?) жетер заман жоқ. (А)

Әлі (___?) ол да өнерлі адам болар

Әлі (___?) талай барармыз

Үстеу істің, қимылдың қандай белгілерін білдіреді?

II деңгей

1. Мына тіркестермен сөйлем құра

Қатар отырды, сонымен қатар. Кейін қайтады, мерекеден кейін қайтады.

III деңгей

Мына үстеулерді қатыстырып, шағын әңгіме жаз.

Мысалы: таңертең, күзде, кешкісін, ілгері, жоғары, төмен

Есіңе сақта!

Үстеу дегеніміз - сын есімнің, етістіктің мағынасын дәлдеп, нақтылап көрсету үшін үстеме мағына беретін әрі қимылдық мезгілін, мекенін, мақсатын, мөлшерін, сынын, себебін білдіретін негізгі сөз табы.

Үстеулер өзгермейді, грамматикалық тұлғалармен түрлендіруге көне бермейді.

Сөйлемде ғана үстеулерді басқа сөз табынан сұрақ қою арқылы ажыратуға болады. Топқа бөлінген оқушылар бір-біріне сұрақтар дайындайды. Мысалы төмендегідей нақты болуы тиіс.

1. Қималардың әр түрлері белгісін, мекенін, мезгілін, мақсатын т.б. сипаттарын білдіретін сөз табы?

2. Үстеу мағанасына қарай неше түрге бөлінеді?

3. Мезгіл үстеуінің сұрақтары?

Қашан? Қашаннан?

Сабақта тапсырмаларды саралап беру және дұрыс пайдалану оқушылардың логикалық ойлау және сөйлеу қабілетін дамытуға көмектеседі.

Сонымен, қазақ тілін мектептерде оқытудың тиімді тәсілдерінің бірі – тапсырмаларды оқушылардың деңгейіне қарай саралап беру мен жаңа технологияларды қолданудың бала жадын жаттықтыруға тигізер септігі мол екендігін көруге болады.

Қорытындылай келе, сыныптағы саралап тапсырма беру әдістері оқушылардың нені үйренгендігін анықтауға және оны бағалауға үлкен мүмкіндік беретініндігіне көз жеткізуге болады. Мұғалімдер оқушылардың нәтижелі түрде білім алуын қамтамасыз етумен қатар, оқушының жеке түрде дамуын анықтау арқылы нені жақсарту, неге көңіл бөлу керектігін түсінуге мүмкіндік беретін икемді үдеріс.

Оқушылар үнемі бағаланып отыратындықтан, олардың оқу-үлгерімінде нәтижелер мен өсудің байқалуы тиіс. Осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай әрдайым түзетіліп отыруы мүмкін. Сонда біз пәнді оқытуда оқушыны оқытуға қарай ілгерілей аламыз.

Сабақтың барлық сатыларында саралап оқыту тәсілдерін енгізу қажет. Мысалы, үй тапсырмасының орындалу барысында да бұл маңызды. Оқушылар тестілеуді ұнатпай кететіндей, пәнге деген қызығушылығын жоғалтып алатындай жағдайға жеткізбеу біздің қолымызда. Ол үшін түрлі әдістемелерді пайдалануға болады. Оқушыларға саралап оқыту әдісін қолдану оқушылардың білім сапасын, олардың біліктілік деңгейі мен қабілеттерін жақсартуға мүмкіндік береді. Сан түрлі тәжірибелерден өтіп, сенімді түрде алға жылжу оқушыларды шабыттандырып, оларды белсенді түрде әрекет етуге ынталандырады. Мен үнемі тапсырмаларды саралау әдісін қолдану арқылы түрлі деңгейге бөліп бергендіктен, оқушылардың деңгейі біршама өсіп жатқандығын байқаймын.

Деңгейлік тапсырма болуы оқушының күш-жігеріне деген сенімін нығайтады, оларды табысқа жетелеп, танымдық қызығушылығын әлдеқайда арттырады және тілді үйретудің соңғы дамыған әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, сабақты тартымды да қызықты өткізуге күш салып, оқушыларға мемлекеттік тілді тереңінен біліп шығуына өз үлесімді қосып жүрмін деп айта аламын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының білім туралы Заңы
2. Мемлекеттік білім беру стандарты
3. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқытудың тиімді әдістері, Алматы, 2000

4. Қазыбаев С. Қазақ тілі методикасы, Алматы, 1990 112-бет
5. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения Москва, 1987, с. 174
6. Чернявская А.П. Педагогическая техника в работе учителя Москва, 2001

САРАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Шымкент қаласы.

№49 жалпы орта білім беретін мектебі

Қазақ тілі әдебиет пән мұғалімі

Адилова Камшат Оспанқызы

Қазіргі таңда білім берудің негізгі мақсаты: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындау.

Әрбір мемлекет өзінің дамуы барысында ең алдымен мемлекеттің тарихына ерекше орын береді. Елімізде де тарих ғылымы қоғамдық-саяси өмірдің алдыңғы қатарына көтерілді. Өйткені отан тарихы ұлттық сананың іргетасы болып табылады. Тарихты өткен өмір ғана, - деп білу қате пікір. Шынайылықты тапқан тарих адамзаттың әлемдегі өзіндік орнын белгілеп берсе, ал бұрмаланған тарих адамзаттың өздігін жоғалтып жібереді.

Бүгінгі күні республикамызда білім беру жүйесінің түбегейлі өзгеріске ұшырауы анықталғаны баршамызға аян. Оның негізгі факторы жаһандану үрдісіндегі білім беру саласында жаңа модельдердің дүниеге келуі, білім беру үрдісінің ақпараттандырылуы болып табылады. Ең алдымен, білім беру жүйесін жаңа бағдарлама бойынша оқытуымыз қажет. Біздің міндетіміз - білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру.

Әр уақытта мемлекет басшылары халыққа Жолдауларында оқушылардың сыни ойлау қабілеті, ө бетінше іздену, креативтілікті, командада жұмыс істей білу, өмір бойы білім алу дағдыларын дамыту жөніндегі міндеттерді алға қояды. Бұндай дағдылар Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында негізгі орта білім берудің басты міндеттерінде көзделген. Олар өздігінен білім алу және тұлғалық өзін-өзі дамыту, сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау, қауымда өзін-өзі іске асыру және өзара әрекет жасау дағдыларын дамыту болып табылады. Бұл дағдылар ХХІ ғасырда оқушылардың өзін-өзі жүзеге асыра алуы үшін қажетті дағдылар. Әрине, бұл дағдылар барлық оқушылар үшін де қажетті. Бірақ оқушылардың барлығы бірдей аталған дағдыларға қол жеткізе бермейді. Осы тұста «неге?» деген сұрақ туындайды. Себебі, оқушыларды бірдей оқыту әдістемесімен оқыта отыра, бұл дағдыларды игерту қиынға соғады. Сондықтан да педагогтердің басты міндеттерінің бірі оқушыларға білімді, ақпаратты көп беру емес, берген білім мен ақпаратты өз бетінше тиімді игеруі үшін жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеріп,

қажеттіліктерін қанағаттандыру. Бұл проблеманы шешуде жоспарлау мен оқыту үдерісінде педагогикалық тәсілдердің бірі саралап оқытуды қолдану тиімді жолдардың бірі болып табылады.

Оқытудағы «Саралау тәсілі» ұғымының негізін салушыларды Карл Роджерс, Абрахам Маслоу т.б гуманистік психология өкілдері деп есептелінеді. Гуманистік тәрбие үшін басты құндылық - барша жақсы, жаман тараптарымен, артықшылығы және олқылықтарымен, тұлғалық ерекшеліктерімен танылған оқушының өзі. Гуманист педагог өзінің тәрбиелік істерін баланың жеке қызығушылықтарын ескере отырып атқарады. Әлемдік педагогика оқуды саралау туралы ХХ ғасырдың 20-шы жылдары ойлана бастаған. Бұл кезеңде кеңестік және шетелдік педагогикада оқуды жеке даралау және саралау саласында белсенді жұмыстар жүргізген.

Өткен ғасырдың басында оқыту үдерісіндегі саралау, даралау әдістерін іздеу АҚШ-да кең етек алған. Кеңес, Батыс Еуропа және Америкада білім саласындағы жеке даралау, саралау бағытындағы зерттеулер бір уақытта басталғанымен, қазіргі таңда батыстық педагогиканың бұл бағытта үлкен практикалық және теориялық тәжірибесі басым. С.Бабаев «Бастауыш сынып педагогикасы» атты оқу құралында: Даралық бағыт әр оқушының танымдық күштерін, белсенділігін бейімділігін және дарынын дамытуға аса қолайлы мүмкіндіктер түзуге жәрдем береді. Мұндай тәрбиелік бағыт «қиын» шәкірттер, қабілеті төмен оқушылар үшін қажет - деп көрсеткен. Саралап оқыту - бұл білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүргізіледі. Біз қарастырып отырған саралап оқытудың теориялық негізін Л.Выготский, А.Леонтьев, Б.Ананьев, С.Рубинштейн т.б ғалымдар жасаған. Ал, бастауыш мектеп кезеңіндегі саралауға байланысты мұғалім әрекеттерін В.Давыдов, Л.Занков, Ш.Амонашвили т.б зерттеулерінде қарастырылған. Кеңестік кезеңде білім беру саласын әр баланың дамуына қарай реттеу Л.В.Занков (1963 ж.) жетекшілігімен қабылданған болатын. Бұл ғылыми мектепте оқуды саралаудың және баламен жекелей жұмыс жасау тәсілінің басты өлшемі оқу материалын игеру деңгейінің жетістігі. Бірақ бұл балалардың бір ғана ерекшелігінің өлшемін қамтиды және бастауыш мектеп оқушысының қажеттілігін қамтиды. Ал, орта және жоғары сынып оқушылары мен мұғалімдері үшін бұл жеткіліксіз болды. Қазақ зиялы қауым өкілдерінің педагогика саласындағы еңбектерінен және әр түрлі ой-пікірлерінен баланың ерекшеліктері, оның қажеттіліктері туралы тұжырымдарын көруге болады. Мысалы, Мағжан Жұмабаевтің «Педагогика» атты еңбегінде: «Баланың әсерленуі, суреттеу, ойлау һәм сезінуі ержеткен адамнан әжептәуір басқа. Баланың бұл жан көріністерінің әрқайсысының жеке-жеке алғанда басқалығы болған сықылды, бұлардың бәрін тұтас алғанда да басқалық бар» - делінген. Демек, өткен ғасырдың басындағы қазақ мектептерінің мұғалімдеріне баланың ерекшелігі туралы бағыт бергені деп түсінуге болады. Сондай-ақ, осы еңбекте Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың: «Сөзді әрбір адамның ақылына қарай сөйле», - депті. Сол айтқандай, балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек» - деп тұжырымдайды. Дәл осы орайда Ахмет Байтұрсыновта: «Бала

білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның біліміне шеберлігінің керек орны, өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолын қысқарту үшін, сол жолдан балалар қиналмай өту үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беруі мен бетін белгілеген мақсатқа түзеп отыру керек» - деп пікір білдірген. «Оқуды саралау» деген ұғымның өзі қазақ даласында болмағанымен, қазақ ғалымдарының еңбектерінен теориялық және тәжірибелік негіздерінің болғанын, сол кезеңнің өзінде әлемдік педагогикадағы жаңалықтарды зерделей отыра, қазақы қырынан ұсынуға тырысқанын көруге болады. Саралаудың педагогикалық және психологиялық тұрғыдағы теориялық негіздерін ескерсек оқуды саралау қазіргі таңдағы білім беру саласындағы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Өзекті дейтін себебіміз әр баланың өзіндік даму ерекшелігі бар. Сондықтан да біз қазіргі таңда барлық баланы бірдей әдіспен оқыта алмаймыз. Әр баланың ерекшелігін ескере отыра, оның қажеттілігін қанағаттандыратындай әдістемемен оқыту қажет. Бұл әдістемелік нұсқаулықтың мақсаты педагог қызметкерлердің сабақты жоспарлау үшін саралаудың педагогикалық негіздерін білу мен түсіну және оқыту үдерісінде оқушылардың қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін саралау тәсілдерін қолдану дағдыларын дамыту болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

7. Қазақстан Республикасының білім туралы Заңы
8. Мемлекеттік білім беру стандарты
9. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқытудың тиімді әдістері, Алматы, 2000
10. Қазыбаев С. Қазақ тілі методикасы, Алматы, 1990 112-бет
11. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения Москва, 1987, с. 174
12. Чернявская А.П. Педагогическая техника в работе учителя Москва, 2001

САРАЛАП ОҚЫТУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Шымкент қаласы.

№49 жалпы орта білім беретін мектебі

қазақ тілі әдебиет пән мұғалімі

Лекерова Бахытгуль Түймебаевна

Қазіргі таңда білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында мұғалімдердің тәжірибесінде көптеген өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістер мұғалім тәжірибесін дамытуға бағытталған. Осылайша жоспарлау және оқытуда саралаудың маңыздылығы артуда. Саралап оқыту (дифференциация) латын тіліндегі «difference» сөзінен бастау алған және біртұтас затты түрлі бөліктерге, нұсқаларға, сатыларға бөліп жіктеуді, саралауды білдіреді, ал француз тілінде «differentiation» айырмашылық, ерекшелік дегенді білдіреді. Саралап оқыту дегеніміз: - мұғалім оқу үдерісінде маңызды болып табылатын белгілі бір ортақ ерекшеліктеріне қарай топтастырылған оқушылар тобымен (гомогенді топ) жұмыс жүргізетін оқу үдерісін ұйымдастыру түрі;

→ оқу үдерісін оқушылардың әртүрлі топтары үшін бейімдеуге мүмкіндік беретіндей етіп құрылған жалпы дидактикалық жүйенің құрамдас бөлігі.

- оқушылардың оқу талаптарына сәйкес оқыту үдерісін реттеу;
- оқушылардың тиімді оқуына мүмкіндік беретін кішкентайдан үлкенге дейін өзгерістер енгізу;
- оқу бағдарламасын әр түрлі жолмен жүргізу.

Дағды, білім, түсінік және сан алуан тапсырмаларды берудің әр түрлі жолымен келетінін көрсету;

- оқушылардың ерекшеліктерін ескеру және оған сәйкес жоспарлау;
- оқушылардың білімдерін кеңейту үшін жеке тұлғалардың не оқушы топтарының әр түрлі қабілеттіліктеріне сай жұмыс беру.

Саралап оқытудың негізгі түрлерінің бірі даралап оқыту болып табылады, сондықтан авторлардың көпшілігі «саралап оқыту» туралы түсінікті «даралап оқыту» (оқушының белгілі бір ерекшеліктерін, қасиеттерін ескеру) ұғымымен тығыз байланыста қарастырады, бірақ әртүрлі анықтама береді (тәсілі, түрі, кешені, топтастырылуы, құралдарына қарай және т.б.). Зерттеулердің нәтижесі саралаудың екі түрін береді. Олар сыртқы және ішкі (сынып ішіндегі) саралау болып бөлінеді: Саралап оқытудың мақсаты: Әртүрлі оқушының бейімділіктерін айқындауға, қабілетін дамытуға қолайлы жағдайлар жасау. Оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру, ойлау қабілетін жетілдіру және болашақ кәсіби қызметіне бейімдеу. Сыртқы саралау бұл оқушыларды анық белгілеріне (қабілеттер, қызығушылықтар және т.б.) қарай тұрақты топтарға бөлу, бұл топтардағы білім мазмұны да, оқыту тәсілдері де сондай-ақ ұйымдастыру нысандары да әр түрлі. Ішкі саралауда кездейсоқ белгілер бойынша құрылған тұрақты топтағы балалардың өзіндік ерекшеліктері ескеріледі. Бұнда топтарға бөлу айқын немесе еркін болуы мүмкін, қойылған оқу мақсатына қарай топ құрамы өзгеріп отырады. Сыртқы саралаумен қатар оқу үдерісін ұйымдастыру барысында ішкі саралаудың қатар жүргені дұрыс. Өйткені сыртқы саралау арқылы құрылатын сыныптар белгілі-бір белгілері бойынша бір-біріне ұқсас болғанымен, басқа белгілері бойынша әр түрлі болып келеді, осы жағдайда мұғалімдер ішкі саралауды қолданады. Саралау әр түрлі деңгейде жүзеге асуы мүмкін.

Нәтиже бойынша саралау.

Нәтиже дегеніміз сабақтың соңында мазмұн бойынша оқушының алған білімін демонстрациялау әрекеті. Мұғалім білімді игерту мақсатында тапсырма береді, барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады. Бірақ жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс жасаудан гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді және жетпей тұрған білімдерін жетілдіру туралы ойланғандары маңызды. Сабақта мұғалім барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізулеріне әрекет жасайды. Оқу ортасы бойынша: мұғалімдер сыныпта қауіпсіз және қолайлы оқу ортасын қамтамасыз ететіндей оқу үдерісін ұйымдастыруы қажет. Сонымен қатар саралаудың айқын және жасырын түрлері де анықталған. Айқын саралау балалар өздерінің сараланып жатқанын білетін, көзге көрінетін саралау түрі.

Мысалы:

- жеке жұмысқа арналған деңгейлік тапсырмалар;

- жоғары деңгейдегі оқушылар үшін күрдегенген тапсырмалар;
- әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар;
- әр оқушыға жеке тәсіл;
- жеке шығармашылық жұмыс;
- сабаққа оқушының қосымша озық материалдар дайындауы;
- шешімдер үлгілерін, теориялық анықтамаларды, қосалқы мәселелерді пайдаланып, тапсырмаларды орындау т.б.

Айқын саралау кезінде қиын балармен жұмыс істеудің, үлгерімі төмен оқушыларға көмектесуге, үлгерімі жоғары оқушыларға көңіл бөлудің мүмкіндіктері пайда болады. Сондай-ақ, мықты оқушылар өз қабілеттерін көрсетуіне, үлгерімі төмен оқушылар өз жетістіктерін сынауына да мүмкіндік туады. Жасырын саралау дегеніміз «оқуды жекешелендіру» немесе оқушыларды деңгейімен «топтастыру» мен «жеке жұмысты» тең деңгейді қолдану дегенді білдірмейді. Жасырын саралау бұл оқыту үдерісінде оқушылардың жекелеген ерекшеліктерін, оқыту түрлері мен әдіс-тәсілдерін есепке алу, қажеттіліктеріне сәйкес тапсырмаларды таңдау құқығын беру. Сыныптағы саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған келесі тәсілдерін қарастыруға болады: Сабақты жоспарлауда және оқытуда жалпы ортақ қабылданған саралаудың осы тәсілдерін барынша орынды қолдануға машықтанған жөн. Себебі, саралаудың осындай тиімді әдістерін қолдана отырып, оқушылар арасындағы ауқымды ерекшеліктерін ескеруге болады. Психолог Н.А.Менчинская «Оқыту тиімділігі оның мазмұны мен әдістеріне ғана тәуелді емес, сонымен қатар, оқушылар тұлғасының жеке басының ерекшеліктеріне байланысты», - деген.

Демек, оқушыларға оқу мақсатына жетуді көздейтін тапсырма, жаттығуларды беру барысында баланың жеке ерекшелігі және қажеттілігі ескерілуі керек. Бұл мәселе аясында ұлы ғұлама Аристотельдің өзі былай деген: «Оқушылар биіктен көрінуі үшін алдыңғыларға жетіп, соңғыларды тоспауы керек». Яғни, әр бала өз ерекшелігіне, қажеттілігіне және мүмкіндігіне қарай тапсырмалар мен жаттығуларды орындай отыра оқу мақсатына жетуі керек. Жоспарлау және оқыту барысында тапсырманы саралаудың маңыздылығы басым. Саралаудың бұл тәсілі негізгі мазмұнды қамтитын түрлі тапсырмалар ойластыруды көздейді. Оқушыларға жекелеп немесе топтарға олардың меңгерген білімдеріне негізделген тапсырмалар беріледі. Аса қабілетті оқушыларға айтарлықтай жоғары деңгейде ойлауды дамытуға мүмкіндік беретін, проблемаларды шешу қабілеттері мен зерттеу қабілетін пайдалануды талап ететін күрделі тапсырмалар беруге болады.

Бұдан біз саралау тәсілдерінің бірі оқушының қарқынын көре аламыз. Сыныптағы жұмыстарды кейбір оқушылар жылдам, ал кейбірі баяу істейді. Қарқыны баяу және де оқу деңгейі төмен оқушылар өз бетімен орындалатын жұмысты сыныптағы жан-жақты тексеру кезіне дейін үлгере алмайды. Сондықтан да тапсырманы орындау үшін қосымша уақыт керек болады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жыл 31 қаңтар. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700002017>
2. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші әнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жыл 10 қаңтар. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar
3. С.Б.Бабаев. Бастауыш мектеп педагогикасы. Оқу құралы. Алматы. 2007. 413 бет.

**НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА
ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ
№103 ЖОББМ**

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі:

Серикбаева Алия Асылбековна

Шымкент қаласы

Заман талабына сай білім берудің парадигмасының өзгеруіне сәйкес құзыретті білім беру басшылыққа алынып, оқу-білім үйретудің жаңа әдістері пайда болды. Құзыретті білім беру көбіне Еуропа елдерінде ұлттық білім беру стандарттарында қолданылады. Әр мұғалім өз пәнінде ақпараттандыру технологиясын пайдалануы: Мультимедия, электронды оқулықтармен жұмыс істеу, керекті ақпараттарды интернеттен шығарып алып пайдалануды іс жүзінде үйренуі керек. Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде «Жаңа ғасыр-адамгершілік ғасыры, ал адамгершілік бастауы-мектеп. Ауыл баласының білімі мен тәрбиесі жаһандану аясында ұлтты рухани мәңгіліктен сақтандыру ұлттық тәрбие мен білімнің қайнар бұлағы»-деген еді. Ал, әлемдік өркениетке жету, мектепті компьютерлендіру, интернет желісіне енгізу және қолданудан көрінбек. Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдыретті күш тек білімде ғана. Егеменді еліміздің тірегі-білімді ұрпақ. Болашақта еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасы мен ішкі және сыртқы саясатын дамытатын да бүгінгі жас ұрпақ. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып отыр. Ал, бүгінгі білім кеңестігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылығының жемісін көрмек.

Сондықтан да, әрбір білім алушының қабілетіне қарай, білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру инновациялық технологияны ендіруді міндеттейді.

Жаңа ақпараттық технология білім берудің стратегиясы ел мақсаттарына қызмет етеді.Қазақстан Республикасы Білім беру стандартына қоғамның қазіргі даму кезеңінен туындап отырған әлеуметтік сұранысқа орай баланың тұлға ретінде қалыптасуына,ақыл-ойын дамытуға,интеллектуалдық және ерік пен сезім белсенділігін қалыптастыруға септігін тигізетін жаңа технологиялық білім мазмұнын жасау және онымен үйлесімді оқытуды ұйымдастыру түрлерін анықтау қажеттілігі атап көрсетілген.Алайда,ғылыми зерттеулер және біздің тәжірибеміз көрсеткендей баланы тұлға ретінде қалыптастыру үшін,қазіргі дидактиканың көкейтесті мәселесі-мектеп пәндерін соның ішінде технология мектеп курсы педагогика ғылымына сай әдістемелік жаңарту,білім беру жүйесін инновацияландыру керек екендігін көрсетіп отыр.Ұстаздың алға қойған мақсаттарының бірі оқушы белсенділігін арттыру, олардың іс-әрекеттерін басқару арқылы іздестіру ой-таласын туғызу. Жаңа педагогикалық технология – ғылым жетістігі.Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады.Жаңа технологияны күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып,педагог мақсат-мүддесін өз шеберлігіне байланысты таңдап алады.Жаңа технологияны жүзеге асыруды,мұғалім белсенділігін,шығармашылық ізденісін,өз мамандығына деген сүйіспеншілігі,алдындағы шәкірттерін әділ бағалауы ерекше орын алады.Білім беру-оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі қазіргі кездегі білім берудегі мақсат жан-жақты,білімді,өмір сүруге бейім,өзіндік ой-толғамы бар,қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына,сабақта пікір таластырып,өз ойларын ортаға емін-еркін сала отырып,ашық айтуының да маңызы зор.

Оқушылармен шығармашылық бағытта жұмыс жасаудың ұтымды жағы:

- 1.Бала оқулық көлемінен шығып ойланады.
- 2.Ойлағаны мен оқығанын саралап,салыстыра біледі.
- 3.Көпшілік алдында шығармашылық жұмысын қорғап,пікір айта біледі.
- 4.Оқуға,білімге, ғылымға қызығушылығы артып,одан әрі дами береді.

Жаңа ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімді болуына негізгі пәндерді игеріп,сапалы білім алып,сауатты да қабілетті азамат болып шығуына ұстаздар жауапты. Олай болса мұғалім үздіксіз білім жетілдіріп,ізденіспен жұмыс жасауы қажет.Мұғалім жан-жақты идеясын байытуда ақпараттық құралдарды қолдану арқылы түрлі инновациялық технологияларды сабақта тиімді пайдаланудың жолдарын табады.Тек өзінің шығармашылық ізденістерін ғана емес,әріптестерінің де жетістіктері мен кемшіліктерін қатар алып,аналитикалық талдаулар жасайды. Тұңғыш Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашақта еңбек етіп,өмір сүретіндер-бүгінгі мектеп оқушылары,мұғалім оларды қалай тәрбиелесе,Қазақстан сол деңгейде болады.Сондықтан ұстаздарға жүктелетін міндет ауыр»-деген болатын.Қазіргі заман мұғалімдері тек өз пәнінің терең білгірі болу емес,тарихи танымдық,педагогика-психологиялық сауаттылық,саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай

білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Ал бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады.

Қорыта келгенде инновациялық технологияларды қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығы байқалады. Мұғалімдер де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде инновациялық технологияларды сабаққа пайдалану-оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар инновациялық технологияларды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен практикалық тапсырмалар орындайды. Әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша қажетті материалдармен танысып, кестелер және сызбалармен жұмыс жасауға дағдыланады. Жаңашыл ақпараттық құралдар арқылы түрлі суреттер, бейне көріністер, дыбыс пен музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға бормен жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі түсінікті. Меңгерілуі қиын тақырыптарды компьютердің көмегімен түсіндірсе жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

Жолдасов Б. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану. – Алматы: Білім, 2007. – №5. – Б. 62-64.

Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – Алматы: Білім, 2004. – 134 б.

Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім // Қазақстан мектебі. – 2008. – №4. – 35-37 б.

Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2008. – №4. – Б. 78-80.

Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – Алматы: Арыс, 2007. – 128 б.

ОРЫС ТІЛІНДЕ ОҚЫТАТЫН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ТЫҢДАЛЫМ ӘРЕКЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ

Туғанбаева Айнаш Батырбекқызы

Қосымша білім беру педагогі

№131 жалпы орта білім беретін мектебі, Шымкент қаласы

Жақсы мұғалім деген атқа түрлі әдістерді меңгеріп, соларды оқытуда қолдана білу арқылы ғана жетуге болады.

Ахмет Байтұрсынұлы.

Білім берудің негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдерімен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Оқыту үрдісін оңтайландыру, соның ішінде тілді оқыту жұмыстарын жандандыру тек бір күннің ғана емес, үнемі жалғасып, дамып отыратын процесс. Тілді оқыту қазіргі кезде жанжақты қарыштап дамыған кезде тілді үйретуде жаңа технологияларды пайдалану маңызды болып табылады. Әрбір оқыту әдісі белгілі бір мақсатқа жетудің құралы болып табылады. Тілді кіріктірілген бағдарлама арқылы оқытудың негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін (оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым, лексика-грамматика) меңгерте білу. Сол себепті де тілді оқытуда тек жазба мәтіндермен шектеліп қалуға болмайды. Өйткені адам баласы өз өмірінде оқу әрекетінен гөрі, тыңдау әрекетінде көбірек болады. Тыңдай білу-тілдік қатынастарда аса қажетті әрекеттердің бірі. Бұл дағдының күнделікті адам өмірінде атқаратын қызметі зор және адамның қатынас икемділігінің негізгі өлшемдерінің бірі болып табылады. Арнайы зерттеулердің нәтижесінде адам орта есеппен уақытының 29,5% -ын - тыңдауға, 25,5% -ын - сөйлеуге, 10% -ын- жазуға жұмсайтындығы анықталған.

«Тыңдалым» – «аудирование» деген терминнің білдіретін мағынасы – «есту арқылы түсіну». Бұл термин айтылған не техникалық аппараттарға жазылған аудиомәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну дегенді білдіреді. Бұл атаудың ең басты мәні адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын тілдік бірліктерді тыңдау, есту арқылы қабылдау және ұғу [1]. Сондықтан тыңдалым - сөйлеу әрекетінің рецептивті түрі, яғни бір мезгілде сөйлеуді есту арқылы түсіну және қабылдау. Тілдік қарым-қатынас екі жақты процесс болғандықтан, оқушылардың тілдік дайындығында тыңдалымды жете бағалау маңызды. Өйткені, оқытудың маңызды мақсаттарының бірі - оқушыларды дыбысты сөйлеуді түсінуге үйрету болып табылады.


Ресейлік профессор, педагогика ғылымдарының докторы Елена Николаевна Соловова тыңдаудың төрт негізгі механизмы атап көрсеткен. Олар [5]:

- сөйлеуді есту
- есте сақтау
- ықтималдық болжау
- артикуляция механизмі.

Тыңдалым оқыту құралы ретінде оқушыларды жаңа тілдік материалдармен таныстыруды қамтамасыз етеді. Сол себепті орыс тілді аудиторияға тыңдалым әрекетінің маңызды орны бар. Әсіресе жекелеген дыбыстар, буындар, сөздер, сөз тіркестерін ажыратуға арналған тапсырмалар, қысқа сұхбаттар, өмірден алынған әңгімелер, теле-радио жаңалықтары, бейнежазбалар, ән клиптері, көркем фильмдерден үзінділер, аутентикалық аудиомәтіндер – қазақ тілі сабақтарында орындалатын тапсырмалардың ажырамас бөліктері. Сондықтан тыңдалым жаттығуларына арналған тапсырмалар арқылы оқушыларды қоршаған ортадағы кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсінуге бейімдеу керек. Ол үшін сабақ барысында түрлі белсенді жұмыс түрлерін пайдалану көп септігін тигізеді. Оқушыға тыңдалым дағдысын қалыптастыру үшін тапсырма түрлері қызықты болуға тиісті. Ал тыңдалымға арналған мәтінді іріктеу кезінде

оқушының мазмұндық сипаттамасы, тілдік және композициялық ерекшеліктері, сондай-ақ, сөйлеу, есту қабілеті, назары, сөйлеу болжамына және ықтималдық болжауға қабілеттілігі, ішкі сөйлеудің дамуы мен дәлелдей білу деңгейі ескеріледі. Сондай-ақ тыңдалым әрекетін меңгертуге арналған жаттығу түрлері тіл үйренушінің тілді білу деңгейіне, жас ерекшелігіне мақсатына, өмірдегі қажеттілігіне қарай құрастырылады. Сонымен қатар тыңдалатын мәтіндердің тәрбиелік мәні, тіл үйренушінің қызығушылығын арттыратындай белгілі бір мәселесі және сөйлеудің әр түрінің (монолог, диалог, полилог) қамтылуы – мәтін мазмұнына қойылатын негізгі талаптардың бірі. Тыңдалған ақпарат қарымқатынас жасауға негіз болу керек. [4].

Тыңдалым барысындағы психолингвистикалық үдеріс



Ғалым Ф. Оразбаеваның айтуы бойынша, түсіну – сөйлесім әрекетінің барлық түрлеріне тән ең басты көрсеткіш. Бір адам екінші адамның айтқанын түсінбесе, ұқпаса, онда пікірлесу мен сөйлесу жүзеге аспайды. Сөйлесім әрекетіне қатысты айту да, оқу да, жазу да, есту де, тілдесу де белгілі бір хабарланған, баяндалған ойды түсінуге негізделеді. Сондықтан «аудирование» дегенді түсіну емес, «тыңдалым» деп атайтынын, түсіну процесін осы әрекеттердің бәріне ортақ ұстаным ретінде танитынын айтады [3].

Тыңдалым әрекетінде аудиомәтінмен жұмыс оң нәтиже береді. Оқушы берілген материал бойынша ауызша, жазбаша тапсырмалар орындау нәтижесінде сөйлесім әрекетіне түседі. Аудиомәтінмен жұмыс үш түрлі кезеңнен тұрады: мәтіналды жұмыс, мәтінмен және мәтіннен кейінгі жұмыс. Мәтіналды жұмыстарында оқушыға белгілі бір жағдаят туғызу немесе жекелеген сөздер, сөз тіркестері, суреттер, жоспар арқылы оқушыға тыңдайтын мәтін тақырыбына болжам жасату керек. Ал мәтінмен жұмыс тікелей мәтінді тыңдау барысында іске асады. Тыңдау барысында түсіну, қабылдау, түйсіну қабілеттерін дамытуға бағытталған түрлі фонетикалық, лексика-грамматикалық жаттығулар тілді коммуникациялық мақсаттарға қолдануға негіз болуы қажет.

Мәтіннен кейінгі жұмыста тыңдалған мәтінді түсіне білуі, алынған ақпаратты шығармашылық өңдеуден өткізе білуі, тілдік қарым-қатынаста қолдана білуі тиіс.

Тыңдалым әрекетін меңгерту, бақылау, бағалауда жақсы құрастырылған тест тапсырмалары, жаттығулар жүйесі оқушының тіл үйренуге деген ынтасын оятады және тілдік білімін жетілдіруге жетелейді, көмектеседі. Сондай-ақ тыңдалымды меңгерту, бақылау мен бағалау міндетті түрде арнайы жазылған аудио, видеокұрылығылар, интернет ресурстар және электронды оқу құралдарымен жұмыс істеуді қажет етеді. Сондықтан да мұғалімнен оқушының жас еркешелігін ескере отырып, әр тақырыпқа сай түрлі материалдарды алдын ала дайындауды қажет етеді.

Қорыта айтқанда, тыңдалым әрекеті оқушылардың талдау, салыстыру, абстракция, нақтылау сияқты сөйлеудің мағыналық қабылдау түрлерін және жаңа тілдік және сөйлеу материалымен танысып, мәтін мазмұнына сай өзіндік ойын жеткізу дағдысын қалыптастырады. Сонымен бірге жаңа материалдың мәнін, нысанын және қолданылуын көрсетуге талпындырады. Сондықтан сөйлеу әрекетінің (оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым, лексика-грамматика) бірі тыңдалым тілдік қарым-қатынастың табысты процесін қамтамасыз етіп, оқушылардың мемлекеттік тілде сөйлей және түсіне білуін дамытуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Оқулық, 2005. – 107 бет
2. Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл-құрал./құраст. - Алматы, 2009
3. Оразбаева Ф. Тіл әлемі: мақалалар, зерттеулер.- Алматы: Ан-Арыс, 2009. - 368 б.
4. Тыңдалым әрекетін меңгерту және бақылаудың маңызы - Көпеш Күләш Бейсенбайқызы <https://nur.nu.edu>.
5. Соловова Е.Н. Методика обучения иностранным языкам: базовый курс лекций. 4-е издание. М.: Из-во «Просвещение», 2006. С.78-79.

**ӘДЕБИЕТ ПӘНІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІН ЖАҚСАРТУДА
ТАПСЫРМАЛАРДЫ САРАЛАП БЕРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ
Шымкент қаласы, Қаратау ауданы Таскен тұрғын алабы
№103 жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
Байбол Сұлушаш Мубаракқызы**

Sulusasbaibol@gmail.com

Әдебиет пәні бойынша саралап оқытудың негізгі міндеті - әрбір оқушыны жұмысқа тарту, "әлсіздерге" көмек көрсету, "күштілердің" қабілеттерін дамыту. Қазіргі таңдағы жаңа форматтағы жаңашыл мұғалім- ұйымдастырушы, бағыт беруші, сабаққа қойылған мақсат-міндеттер мен күтілетін нәтиженің орындалуын қадағалаушы. Әрбір ұстаз әр баланың талабын оның ішкі жан

дүниесін жүрегінен ұға алу керек. Жаңа формация мұғалімі-бұл пәндік білім жүйесінің, іскерлік пен дағдының, кез-келген ғылыми білім сапасын меңгерген маман ғана емес, оқыту технологиясының жүйесімен, оқушылардың өмірге дағдыландыру құзырлығын айқындау бағытындағы әдіс-тәсілдерімен қаруланған тұлға. Ал оқушы ізденуші, білімді өз бетімен меңгеріп, тақырыптың мақсатына өзі жетуі керек. Оқудағы жаңа тәсілдер балаларға оқуды өз бетінше жалғастыруға қажет білімді жинау жауапкершілігін түсінуге, оны өз мойнына қалай алуға болатынын көрсетуге көмектеседі.

Әдебиет пәнінде саралап оқытудың тиімділігі өз тәжірибемде

Әдебиет сабағында саралап оқыту технологиясын үнемі қолданамын, себебі саралап оқыту технологиясы оқушылардың әдебиет саласында қабілеттерін арттырып, жаңа сабақ тақырыбын өткен уақытта қызығушылығын арттырып, білім деңгейлерінің көтерілетінін байқадым:

1. Топшілік саралап оқыту – оқушылар жеке ерекшеліктерін немесе дайындық дәрежесін ескере отырып топтарға бөлінеді.
2. Топтық саралап оқыту - сыныптарды топтарға бөлу, олардың әрқайсысы өз тапсырмасын орындайды (ұжымдық жұмыс болуы мүмкін).
3. Фронтальды саралап оқыту-оқушылар бір жаттығуды орындайды,бірақ олардың тапсырмаларын күрделілік дәрежесі бойынша әртүрлі балаларға бөліп бердім.
4. Жеке саралап оқыту - әрбір оқушы өз тапсырмасын өз бетінше немесе мұғалімнің көмегімен орындайды.

Әдебиет пәнінің біз оқытудың саралап оқытудың тәсілін жүзеге асыратын келесі әдістерді пайдаланамыз:

- 1.Топпен жұмыс
2. Жобалар әдісі
3. Түрлі деңгейлі тапсырмалар

Саралап оқытуды жүзеге асыру үшін жүйелі түрде шәкірттерге күрделілігі әртүрлі жұмыстарды есептеуге беріп, оған қайтарылған жауаптарына назар аударуы, нәтижелерін арнаулы күнделік дәптерге жазу, басқа пән мұғалімдерімен пікір алысып, оқушының өзімен сырласуы, ата-ананы одақтас етіп, ынтымақтастықты арттыру істің нәтижелі болуына мүмкіндік жасайды. Талапты, талантты шәкірттерге қосымша тапсырма беру, әдебиеттер, есептер жинағын, оқу құралдарын ұсыну, сонымен бірге талап-тілектеріне сай қосымша уақыт бөліп, бірлесе сынақ-тәжірибелер жасау, жаппай жасалатын зертханалық жұмыстар даярлауда көмекке шақыру, көрнекі көрсетілетін тәжірибелерді жасауда жәрдемдесу, біріге еңбек ету - саралап оқытудың маңызды міндеті.

Сондай-ақ, сыныптан тыс жұмыстарда пәндік апталықтар өткізуде негізгі көмекшілер тағайындауға, жалпы басшылықты талапты, ұйымдастыру қабілеттері бар жас жеткіншектерге беріп, оларға тек бақылау жасау, қажетті кезеңдерде ғана ақыл-кеңес беріп, үйрету назардан тыс қалмағаны жөн. Мұғалім оқушыларға көптеген тамаша кештерден ең қызықтысын іріктеп алудың тәсілдерін үйретуі тиіс.

Оқыту-тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу барысында әрбір тоқсанда оқу үлгерімдеріне сай кейбір шәкірттерді тереңдетіліп оқытатын курсқа ауыстыру

мүмкіндіктерін қарастырудың, шәкірттердің еңбектерінің лайықты бағаға ие болуын ойластырып, оларды жүзеге асырудың берері аз болмаса керек.

Саралап оқыту идеясы. «Жекелендіру» және «дифференциация» ұғымдары бірізгілікте қарастырылады. Олардың өзара қарым-қатынасы сипатында әрқилы көзқарастар бар: саралап оқыту жекелендірумен байланысады; саралап оқыту құрамына жеке жағдай ретінде (ішкі дифференциация) жекелендіру енеді; саралап оқытудың жекелендіру құралы ретінде қарастырылады.

Оқытуды жекелендіру саралап оқыту мәнін, мақсатты бағыттылығын анықтайды.

Жекелендіру - оқыту процесінде оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру, олардың тұлға ретінде қалыптасуына және дамуына, олардың мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін және қызығушылықтарын ескере отырып жағдай жасау,

Саралап оқыту - жеке оқыту үшін оқытылып отырғандардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып оларды топтарға бөлу. Ол топтар бірқалыпты, салыстырмалы түрде бірқалыпты, ал жеке оқыту - тұрақты, уақытша екенін ескеруді ұмыспаған жөн.

Оқытуда, оқушылардың барлық ерекшеліктерін ескеруді жүзеге асыратын құрал - *саралап оқыту болып табылады.*

Саралап оқытудың мәні – оқушыларды бөлу емес, оларды біріктіруде дер кезінде көмек көрсету.

Тиімділігі – мұғалім оқушылардың жұмысын бақылап қана қоймай, осы уақытта жеке оқушылармен жекеше жұмыс жасайды. *Оқушылар үш режимде жұмыс істей алады:*

- мұғаліммен бірігіп;
- жеке өз бетімен;
- мұғалімнің жетекшілігімен.

Саралап оқыту оқытудың болашағы оның оның формаларының жаңа типологиясын жүзеге асырумен байланысты. *Оның мәні мынада:*

- оқушылардың ерекшелігінің типологиясы негізінде тұрақты класс немесе топ құру;
- оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, жан - жақты дайындықты жүзеге асыру.

Барлық оқушылардың оқуға қабілеттілігінің дамуы мен дайындық деңгейі бірдей болмаған жағдайда дифференциалды оқыту технологиясы қолданылады.

Оқыту үдерісін жақсарту - тікелей мұғалімдерге байланысты іс. Саралау - нәтижеге бағытталған білім беру мазмұнын табысты игеруге, оқушының қабілетін және икемін дамытуға барынша қолайлы білім беру ортасын құру.

Негізінен саралап білім берудің бірнеше тиімді жолдары бар. Ол оқыту үдерісін жақсартуда үлкен әсерін тигізеді.

Мәселен, біз "Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев" атты тақырыпты алар болсақ, бұл тақырып арқылы тапсырмалар дайындаймыз. Ол тапсырмаларды орындау үшін саралап беру өте тиімді. Ең алдымен, оқушыларды өз деңгейіне қарай бөліп аламыз. Және әр оқушыға талантына, талабына көңіл бөле отырып, тапсырмаларды береміз. Балалар өзіндік жұмыс ретінде орындайды, бұл жердегі саралап тапсырма орындатудың мақсаты балалардың деңгейін анықтай отырып, жоғары көтеруге көмектесу. Бұл жерде ешқандай балалардың

деңгейіне тоқталып, оларды төмен не жоғары деп бөлектеу емес. Керісінше, оларға өз деңгейінен нәтижеге бағыттау.

Қорытындылай келе, саралап оқыту – бұл әр оқушының қабілетін, бейімділігін, қызығушылығын ескере отырып жеке басын дамытуды қамтамасыз ететін білім берудің жүйесі. Қай пән болсын, оқыту барысында мұғалім мен оқушы арасындағы байланыс алдыңғы орында. Ал, бір мұғалім барлық баланың сабақ үлгерімін жаттап алу өте қиын. Бұл жағдайда, тапсырмалар арқылы олардың деңгейін біліп отыру үлкен көмек. Сонда қандай нәтиже болып не болмай жатқанына көз жеткізу де әлдеқайда жеңіл болады. Бір деңгейден екіншісіне көтеру оқыту үдерісінің жақсаруына тікелей әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Оқыту технологиясының түрлері. Куәлік №1235 11 қазан 2012. Самашова Г.Е., Құрымбаев С.Ғ., Егоров В.В. және т.б.

2 Манабаева А.Ш., Абылайхан С.М., Байжұманова Н.С. Оқытудың жаңа технологиялары Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2010. – 204 б

3 Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии. М., 1995.

4 Танасейчук М.К., Шкутина Л.А. Развивающая профдиагностика и педагогические технологии. Алматы, 2000.

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Х.Досмұхамедов атындағы №4 жалпы

білім беретін орта мектебі

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Маметханова Меруерт

«Ұстаз болу – жүректің батырлығы» демекші әр ұстаз өз ісінің нағыз шебері, бала жүрегіне жол таба білуші, өзі қолданатын тиімді әдіс-тәсілі болуы керек. Ұстаз болу үшін ең бастысы – дұрыс оқыту тәсілін меңгеруі шарт. Қазіргі кезде жаңа педагогикалық технологияларды тиімді қолдана отырып, білім алушылардың тұлға болып қалыптасуына ықпал ете алу.

Оқушылардың танымдық ойлау қабілеттерін, ой-өрістерін, тілін, сөйлеу мәнерін қалыптастыру мақсатында бірқатар тиімді әдіс-тәсілдерді ұсынамын: «Аяқталмаған сөйлем», «Әдебиет лотосы», «Даналық ағашы», «DEAL», «Еркін пікір», «Ертегі құрастыру», «Кейіпкерлер әлемі» әдістері.

«Аяқталмаған сөйлем» әдісі. Оқушылар тақтадағы өзі қалаған сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады. Алғашқы жазылған сөз тіркесін, сөйлемді өз ой ұшқырлығымен мағынасына қарай жалғастырып, ойды аяқтайды. (Мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді алуға болады)

«Әдебиет лотосы» әдісі. Өтілген тақырып бойынша оқыған әдеби шығармадағы кейіпкерлер туралы кестені толтыру керек.

Шығарма атауы	Авторы	Кейіпкері	Қандай?	Қандай жағымды қасиеттері	Кейіпкердің қай қасиеті ұнады?
----------------------	---------------	------------------	----------------	----------------------------------	---------------------------------------

				бар?	

«Даналық ағашы» әдісі. Оқушылар тақырып бойынша ашық сұрақтар құрастырады. Сұрақтар сандықшаға салынады. Әр оқушы кезекпен сұрақтарды алып, дауыстап оқиды. Ұтымды, дұрыс жауап берген оқушылар бағаланады.

«DEAL» әдісі

D – Describe – баяндау, суреттеу (оқығанды, көргенді сипаттау, сынау, өлшеу)

E – Explain – түсіндіру (құбылыс немесе оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгендерін суреттеу)

A – Analyse – талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау).

L – Libks – байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру).

«Еркін пікір» әдісі. Пікірталас ұйымдастыру, баяндамалар жасау, шағын ғылыми жұмыстарды қорғау арқылы оқушылардың ізденісін, сөйлеу және ойлау қабілеттерін дамыту, қарым-қатынас мәдениеттілігін қалыптастыру.

«Ертегі құрастыру» әдісі. Бастаушы ертегінің бірінші сөйлемін айтады. Қалған оқушылар бір-бір сөйлемнен өздері қалауынша ертегінің сюжетін құрастырады. Қатысушылардың қиял жүйріктігі, тіл байлығына қарай түрлі ертегі құрастырылып шығады.

«Кейіпкерлер әлемі» әдісі. Оқушылар топқа бөлінеді. Әр топ әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар қояды. Сұрақтардың мазмұны шығарма кейіпкерлерімен, орын алған оқиғалармен байланысты болады. Ұтымды сұрақ пен мәнді жауап бағаланады.

Бұл аталған әдіс-тәсілдер оқыту процесінде өзінің ұтымды жақтарын беріп, оң нәтижелер көрсетуде. Заманауи мұғалім өз сабағында түрлі әдіс-тәсілдерді жиі қолданып, жаңартып отырғаны дұрыс. Сонда ғана, білім көгжиегінің өрісі кеңіе бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мақпырұлы С., Сыдықов Т. Қазақ әдебиеті.- Астана: Фолиант, 2007.- 284 б.
2. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры.- Астана 2002.- 528 б.
3. Оразбек М. Ақындық тұлға табиғаты.- Астана: Фолиант, 2002.- 152 б.
4. Тарихи тұлғалар: танымдық-көпшілік басылым.- Алматы: Алматыкітап, 2005.- 368 б.
5. Умарова Г.С. Қазақ әдебиетінің тарихы.- Астана: Фолиант, 2007.- 244 б.

САРАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ

Сарсенбаева Куралай Айдарбековна
№127 жалпы орта білім беретін мектебі
Шымкент қаласы

Қазіргі таңда жаңартылған білім мазмұнында жаңа технологияны, яғни әдіс-тәсілдерді сабақ үрдісіне қолдану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған

оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыру үшін мұғалімге көп ізденіс керек. Сонымен қатар, сыныбындағы оқушыларының қай пәнге қабілетті екенін байқап, ары қарай дамытуға көп көмегін тигізу қажет. Менің оқушылармен қызықты сабақ өткізуге күшімді салуым қажет, яғни көп еңбектенуді қажет етеді. Мен жаңа технология бойынша өз сабағымда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға тырысамын. Осы орайда маған саралау тапсырмасын қолданудың тиімді екенін байқадым. Мұндағы мақсатым- өз бетімен дами алатын, әртүрлі өмірдің қиындықтарына төзе білетін, белсенді, білімді оқушы тәрбиелеу. Сабақ жүргізу нәтижесінде оқушының білім сапасын көтеруге, олардың пәнге деген қызығушылығын арттыру барысында жан-жақтылыққа ұмтыламыз және ізденеміз. Алдында отырған оқушының білім деңгейі, білімді менгеру дағдысы барлығында бірдей болуы мүмкін емес жағдай. Саралап оқыту оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағыттайды.

Саралап оқыту - бұл білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүргізіледі. Біз қарастырып отырған саралап оқытудың теориялық негізін Л.Выготский, А.Леонтьев, Б.Ананьев, С.Рубинштейн т.б ғалымдар жасаған. Ал, бастауыш мектеп кезеңіндегі саралауға байланысты мұғалім әрекеттерін В.Давыдов, Л.Занков, Ш.Амонашвили т.б. зерттеулерінде қарастырылған.

Оқытуды саралау дегеніміз – оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес әртүрлі сыныптар, топтар, мектептер үшін әртүрлі оқу ортасын құру және әртүрлі топтарда оқытуды қамтамасыз ететін әдістемелік, психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық шаралардың кешені.

Ал саралап оқыту дегеніміз: оқыту мен оқуға қатысты анықталған ортақ қасиетті ескере отырып дайындалған, оқушылар тобына мұғалімнің оқу үрдісін ұйымдастыру нысаны. Саралап оқыту- әрбір оқушының мақсатқа жетуіне оң ықпал етудің тиімді жолы. Саралап оқыту дегеніміз - бір материалды барлық оқушыларға әртүрлі оқыту тәсілдерін қолданып оқыту дегенді білдіреді және мұғаліммен әрбір оқушының қабілетіне қарай тапсырмаларды қиындық деңгейі бойынша жіктей отырып, сабақты ұйымдастыруды талап етеді.

Оқытуды саралаудың әдіс-тәсілдері көп. Оқытуды саралауды үйрену үшін бірқатар дағдыларды меңгеру қажет. Әрбір дағды кәсіби шеберліктің бір қырын дамытады, әрі олар бір-біріне сүйенеді. Уақыт өте келе бұл дағдылар әрбір мұғалімнің жұмысының ажырамас бөлігіне айналуы мүмкін. Дегенмен, оқытудың кез келген жаңа тәсілін игеруге, оған машықтануға уақыт керек. Оқушыларымыз үшін қай тәсілдің қолайлы, оңтайлы екенін, ал қай тәсілдің кері ықпалы бар екенін анықтау арқылы біз өзіміз де үйрене отырып, оқыту тәжірибемізді жетілдіреміз.

Бастапқыда бұның бәрі де соншалықты ауыр болып көрінгенімен, ең бастысы бірінші қадам жасау. Бір мезгілде бір ғана тәсілді қолданыңыз. Сіз өзіңізге, сіздің мәдениетіңізге, оқыту стиліңізге лайықтап әдіс-тәсілдерді бейімдей аласыз, бұл тіпті пайдалы болмақ. Содан кейін екінші тәсілді қосыңыз немесе өз тәсіліңізді ойлап шығара аласыз. Осылай дами келе сіз оқытуды саралауда машықтанып, өзіңізді ыңғайлы сезінетін боласыз, әрі оқушылардың

үлгерімін арттыруда бұның қаншалықты тиімді екенін өзіңіз де көре аласыз. Нәтижесінде сіз оқытуды саралау «бірқатар жаттығулар» емес екенін түсінесіз. Бұл - әрбір оқушы өзі үшін оңтайлы қарқынмен білім алатын сыныптағы оқушылар тобын оқыту мен бағалауды жоспарлау жолы.

Сіздер өз тәжірибеңізде оқытуды саралауды қалай жүзеге асырасыз?

Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз?

«Дойбы» әдісімен әр топ саралау тапсырмалары және оның тиімділігі, ерекшелігі туралы өз ойларын айтады.

Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?

«Дойбы» әдісімен саралау жұмысын орындауда қолданатын әдіс түрлері және оның ерекшелігі туралы айтуға болады.

Нәтижесінде:

- тиянақты білім;
- қиялдау мен шығармашылық;
- тез тіл табысу;
- белсенді өмірлік көзқарас;
- командалық рух;
- жеке; дербестік құндылық;
- өз пікірін білдіру, еркіндік;
- іс - әрекетке ерекше назар аудару;
- өзара сыйластық дағдылары дамиды

Саралау тапсырмаларының тиімділігі мен нәтижелері

Оқыту технологиясының тиімді жақтары:

1. Жаңа тақырыпты түсіндіру.
2. Төменнен, жоғарыға қарай деңгейлік тапсырмалар беру;
3. Әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады.
4. Оқушылардың тақырыптан алған білімдерін бекіту.
5. Күрделі тапсырмаға байланысты оқушының ойлау қабілеті артады.
6. Оқушылардың білімін қолма-қол бағалау.

Мақсаты:

1. Әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту.
2. Деңгейі төмен оқушылармен жеке жұмыс жасау, қолдау көрсету;
3. Дарынды оқушының тереңірек білім алуына жағдай жасау;
4. Оқушының ынтасын қабілетін арттыру.

Ерекшелігі:

1. Таланттылар, дарынды оқушылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады.
2. Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.
3. Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушылардың психологиялық ерекшелігін, ақыл-ойының дамуы және өзін-өзі жетілдіру.
2. Дарынды балалар болса оқушының зерттеу жұмыстарын дамыту.
3. Мұғалімнің жан-жақты дамуына мүмкіндік туғызады.

Қорыта айтқанда әдістемелік құралдарда ұсынылған идеяларды ізденістегі мұғалім тікелей қолданғаннан гөрі өз ойымен топшалап, өзіндік жолын таба алса

нұр үстіне нұр болары сөзсіз. «1000 мұғалім, 1000 әдістеме» демей ме, демек өз әдістемеңіз бен шеберлігіңізді дамытуға күш салсаңыз, мақсаттың орындалғандығы деп түсінуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері», Назарбаев Зияткерлік мектептері. ДББҰ, Астана-2016 ж.
2. «Сыныпта сындарлы әңгімені ынталандыратын стратегиялар», Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ, Астана-2016 ж.
3. «Орта мектепте білім алуы технологияландыру» (саралап деңгейлеп оқыту) Ж.У.Кобдикова, 2002 ж.
4. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». М.М.Жанпейісова, Алматы 2002 ж.
5. «Деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту» А.Л.Жұмабекова
6. «Организация дифференцированного обучения в современной школе» И.М.Осмоловская, Институт практической психологии, Воронеж, 1998 г.
7. «Оқыту технологиясының түрлері» Г.Е.Самашова, С.Ғ.Құрымбаев, В.В.Егоров, 2012 ж.
8. «Оқытудың жаңа технологиялары», А.Ш.Манабаева, С.М.Абылайхан, Н.С.Байжұманова. Қарағанды, ҚарМУ баспасы 2010 ж.
9. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы, Мұғалімге арналған нұсқаулық, Назарбаев Зияткерлік мектептері, ДББҰ, 2016 ж.
10. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту тәсілдері. Оқудың жеке тұлғаға 67 бағытталуының он тәсілі. «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасы. 3 апта, 5 күн материалынан.

НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚТА САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ

Исаева Маржан Жунисбековна

№127 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті

Шымкент қаласы

Бүгінгі таңда оқушыларды оқытудың ең биік стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын оқыту тәсілдерінің маңызы өте зор болып табылады. Мұғалімдер пайдаланатын әдіс-тәсілдер оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары оқушылардан өздерінің дағдыларды үйренуі туралы ой-пікірлерін білдіріп, оны талдай және бағамдай білуді талап етеді. Ұстаздар білім алушыларды өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі мол, өзінің және жолдастарының іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқу бағдарламаларын іске асыруда қолданылатын тәсілдердің бірі- саралап оқыту.

Саралау - («Дифференциация» латынша айырмашылық) – білім беру мазмұнын табысты игеруге, оқушының қабілетін және икемін дамытуға барынша қолайлы білім беру ортасын құру. Оқытудағы дифференциацияның негізгі мәні оқушылардың оқуындағы жеке айырмашылықтарды біле отырып және ескерту арқылы олардың әрқайсысы үшін анағұрлым оңтайлы болатын жұмыс түрін анықтау.

Саралап оқыту дегеніміз - бір материалды барлық оқушыларға әр түрлі оқыту тәсілдерін қолданып оқыту дегенді білдіреді және мұғаліммен әрбір оқушының қабілетіне қарай тапсырмаларды қиындық деңгейі бойынша жіктей келе, сабақты ұйымдастыруды талап етеді.

Саралау түрлері мен тәсілдерін тиімді қолдану әр оқушының қажеттілігін ашу мен қолдауға, оқыту процесін жетілдіруге, оқу бағдарламасының қойған мақсат, міндеттеріне жетуге және кең ауқымды дағдыларды игеруіне мүмкіндік береді.

Мұғалімдерге сабақты жоспарлауда дағдыларды дамытуға негізделген саралау әдістерін анықтау, саралау түрлерін алдын-ала жоспарлау мен қолдауды қажет ететін оқушыларды бағыттау үшін әдіс-тәсілдерді қолдану керек.

Қалыптасқан кең ауқымды дағдылар оқушылардың өз білімдерін кез келген жағдайға қалай бейімдеу керек екенін біліп, болашақта кездесуі мүмкін кез келген күрделі тапсырмаларды шешуге кепіл бола алады.

Мысалыға, балаларға олардың меңгерген білімдеріне негізделген жан-жақты, әр түрлі тапсырмалар беріледі. Оның құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді. Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай түрлі кеспе қағаздары немесе жаттығулар мен тапсырмаларды жасау, оқу тапсырмасының мазмұны бойынша: шығармашылық деңгейі бойынша, көлемі бойынша, әрекетті ұйымдастыру бойынша. Мұғалім тапсырманы бәріне бірдей таныстырады, ал орындалу кезеңі төмендегідей болуы мүмкін:

бір топ – мұғаліммен бірге;

бір топ- алдыменен мұғаліммен, содан соң өз бетінше;

бір топ- өз бетінше.

Тапсырмалардың нұсқалары, қиындық деңгейі, шығармашылық деңгейімен және көлемімен ерекшеленеді:

1- нұсқа- негізгі тапсырма

2- нұсқа- көлемі үлкен, қомақты тапсырма

3- нұсқа- шығармашылық тапсырма

Саралауды қамтамасыз ететін тапсырмаларды құруды төмендегідей түрі ұсынылады:

Ашық түрде орындалатын тапсырмалар

Қаламдық түрінде орындалатын тапсырмалар

Таңдау түрінде орындалатын тапсырмалар

Күтілетін нәтиже. Балалар қойылған мақсатқа сәйкес бірдей тапсырмалармен жұмыс істейді, бірақ мұғалім оқушылардың алдыңғы нәтижелерін ескеріп, әр оқушыдан әр түрлі нәтиже күтеді. Нәтиже дегеніміз - сабақтың соңында мазмұн бойынша оқушының алған білімін демонстрациялау әрекеті. Мұғалім бөлімді меңгерту мақсатында тапсырма береді. Барлық

оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың жауаптары, яғни нәтижелері әртүрлі болады. Оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді және жетпей тұрған білімдерін жетілдіру туралы ой түйгендері абзал. Сабақта мұғалім барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізулеріне әрекет жасайды.

Жұмыс қарқыны. Оқушыларға ортақ тапсырма беріледі, бірақ оларды аяқтауға жұмсалған уақыт олардың дағдыларына қарай анықталады. Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді. Қосымша тапсырмаларды, көңіл бөлуге тұратын көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануға болады. Негізгі тапсырмаларды түсіндіруге көмек қажет ететін оқушыларға қосымша уақыт беріледі.

Қорытынды. Барлық оқушылар бір тапсырманы орындағанмен олардың жауаптары әртүрлі болады. Мұғалім тапсырма береді, бірақ тек қана «дұрыс» жауап бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді. Барлық оқушыларға бағытталған нұсқау, тапсырмалар бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетінін түсінгендеріне көз жеткізу керек.

Қолдау. Оқушылардың барлығы бірдей тапсырманы орындайды, бірақ олардың кейбіреулеріне басқаларға қарағанда көбірек немесе азырақ қолдау көрсетіледі. Бұл тәсілді қолдану мұғалімге ерекше жауапкершілік жүктейді. Мұғалім мәселені шешуде өзінің қарапайым тілде егжей-тегжейлі түсіндіруін қажет ететін жоғары деңгейлі оқушылар тобын анықтауы тиіс. Сонымен қатар, мұғалім қабілеті жоғары оқушыларды қолдау үшін жоғары деңгейлі сұрақтарды қолдана алады. Тілдік қолдану мен ынталандыру да бұл тәсілде ерекше маңызға ие болады.

Әрбір мұғалім дағдыларды дамытуда, әрі әр оқушының қажеттілігін ашуға негіздеудің жолын табу үшін оқыту үдерісі мен мазмұнды дұрыс саралау және олардың түрлерін тиімді таңдай білу қажет деп ойлаймын.

Үдерісті саралау - бұл жаңа материалды ұсыну жолдары, оқушылар орындайтын тапсырмалар, қойылатын проблемалық сұрақтар, оқыту әдістері мен оқушылардың бойында дамытылатын ойлау үдерісі. Әр оқушы үшін оқу үдерісі - оның өз ұғымын жетілдіру үшін білім беру бағдарламасының мазмұнын игеруі. Үдерісті оқушының өзара әрекеттесу барысында пайдаланатын ойлау үдерісі ретінде қарастыруға болады. Ол үшін мұғалім білім беру бағдарламасын тиімді саралау үшін өзгерістер енгізе алады.

Жоғары деңгейлі ойлау дағдысы. Пайдаланатын әдістер ақпаратты алуға емес, оны пайдалануға ерекше назар аудару қажет, оқушылар мәліметтерді жаңа жағдайларда қолданып, оларды жаңа идеялар құру үшін пайдалану керек, оны жаңа өнім жасау үшін пайдалану керек.

Ашық ойын айту. Жаттығулардың басым бөлігі ашық жаттығудан, яғни жалғыз дұрыс жауабы болмайтын, одан әрі ойланып, зерттеуге жетелейтін тапсырмалар қажет. Осы тапсырманы орындағаннан соң менің жеткен жетістігім деп өз ойын ашық айта білу керек әрбір білім алушы.

Ойлап табу. Жаттығулардың басым бөлігі оқушылардың заңдылықтарды, идеяларды және негізгі материалдарды игеру үшін бағытталған. Осы негізгі

қағидаттарды меңгере келе, ойлау үдерісін пайдаланып түрлі жаңалық ашуға жетелеу қажет. Зерттеуге, ізденуге жетелейтін тапсырмалардан тұруы қажет. Өз ойын дәлелдеу. Оқушылар өз қорытындыларын ғана емес, осы қорытындыны жасауға негіз болған пайымдарын да айту керек. Өз пікірін мейлінше еркін жеткізе келе, дәлелді пікірмен айтуы қажет.

Таңдау еркіндігі. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі берілуі керек.

Қарқын және әралуандылық. Жаңа материалды таныстыруда мүмкін болса қарқынды жылдамдату және оқушының қызығушылығын қолдайтын және әр түрлі оқу стильдерін қамтитын әдіс-тәсілдерді пайдаланған дұрыс.

Мазмұнды саралау - бұл идея, оқушыға түрлі нысанда ұсынылған тұжырымдамалар, сипаттамалық ақпарат және нақты деректер. Саралау үшін білім беру бағдарламасының мазмұнын түрлендірудің көптеген тәсілдері бар.

Пікірталастың, таныстырылымның, материалдар мен зерттеулердің негізгі бағыты пәндер арасында берілетін түсініктер мен қорытындыларға негізделуі керек.

Күрделілік. Тұжырымдаманың күрделілігі мен көлемі, ұғымдар мен түсініктер арасындағы байланыс, сонымен қатар идеяны түсіну үшін оқытылатын пәннің көлемі мер әр түрлілігі бойынша анықталатын идеялар мүмкіндігіне қарай күрделі болуы керек.

Қорыта келгенде, саралау тәсілдерін орындау негізінде оқытудың оң нәтижелеріне көз жеткіздім. Сабақты саралау әдістері арқылы оқытудың тиімділігі. Сабақтың мазмұны мен сапасы артады. Оқушы өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланып, шеберлігі шыңдалады, жауапкершілігі артады, шығармашылығы артады. Жүйелі оқыту принциптері арқылы оқушы өзін-өзі дамытып, өзін-өзі бағалап, білім деңгейін өсіреді. Оқушы өз қызметіне талдау жасайды, қорытынды шығарады, жаңалыққа ұмтылады. Саралау тәсілдері оқушылардың өз бетімен ізденіп, жұмыс істеуіне жетелейді және сабаққа оң нәтиже туғызуға әсер етеді. Саралау тапсырмаларды орындау оқушылардың белсенділігін арттырып, өмірге икемділігін дамытады, олардың сапалы білім алуына жәрдемін тигізеді. Әр түрлі ситуацияларды меңгеруге көмектеседі. Саралау тапсырмаларды қолдану барысында оқушылардың байқағыштығы, ойлауы, ізденушілік қабілеті өседі. Оның құрылымы мен мазмұны баланың қызығушылығын туғызып, оқушыны терең ой айтуға үйретеді. Саралау тапсырмалар орындату балаға шамадан тыс жүктеме беру емес, керісінше оқушыны біліміне, мүмкіндігіне, сұранысы мен қабілетіне сәйкес дайындалған сатылы жұмыстар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. « Мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері», Назарбаев Зияткерлік мектептері. ДББҰ, Астана-2016 ж.
2. « Сыныпта сындарлы әңгімені ынталандыратын стратегиялар», Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ, Астана-2016 ж.
3. « Орта мектепте білім алуды технологияландыру» (саралап деңгейлеп оқыту) Ж.У.Кобдикова, 2002 ж.

4. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». М.М.Жанпейісова, Алматы 2002 ж.
5. «Денгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту» А.Л.Жұмабекова
6. «Организация дифференцированного обучения в современной школе» И.М.Осмоловская, Институт практической психологии, Воронеж, 1998 г.
7. «Оқыту технологиясының түрлері» Г.Е.Самашова, С.Ғ.Құрымбаев, В.В.Егоров, 2012 ж.
8. «Оқытудың жаңа технологиялары», А.Ш.Манабаева, С.М.Абылайхан, Н.С.Байжұманова. Қарағанды, ҚарМУ баспасы 2010 ж.
9. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы, Мұғалімге арналған нұсқаулық, Назарбаев Зияткерлік мектептері, ДББҰ, 2016 ж.

НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ.

Аманова Бибигуль Ашимовна

Титов атындағы №20 мектеп - гимназиясы

қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

Шымкент қаласы

Білім берудің жаңартылған мазмұнына сай мұғалімдердің тәжірибесінде көп өзгерістер болуда. Бұл өзгеріс ұстаздардың тәжірибесін дамытуға арналған. Соған байланысты оқытуда саралаудың маңыздылығы зор. Саралап оқыту (дифференция) латын тілінен шыққан сөз «айырмашылық» деген мағынаны білдіреді.

Саралап оқыту дегеніміз – мұғалім оқыту кезінде оқушылардың белгілі бір ерекшеліктеріне қарай жұмысты ұйымдастыру түрі. Сол себепті оқытудың түрі даралап оқыту. Яғни оқушының белгілі бір ерекшеліктеріне, қасиеттерін ескеріп оқыту.

Саралап оқытудың мақсаты- оқушылардың әртүрлі бейімділіктерін айқындауға, қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдай жасау.

Жоспарлау мен оқыту кезінде саралуды тәсілдерін қолдану оқушыларға оқу тапсырмаларын өз бетінше орындауға мүмкіндік береді. Оқушылардың оқуға деген ынта мен сенімдігін күшейтеді. Саралаудың әдісі – тәсілдері мен сараланған тапсырмалар оқу кезінде мұғалімдерге оқушылардың мүмкіндіктерін анықтай алуға, қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік туғызады.

Саралап оқыту – білім алуға бағытталған іс – әрекет. Бұл мұғалімдердің өз бетінше жүргізіледі. Оқуды саралау қазіргі білім беру саласында өзекті

мәселелердің бірі болып тұр. Өзекті деп айтып отырған себебім-әр баланың өзідік даму ерекшелігі болғандықтан. Қазіргі кезде барлық баланы бірдей әдіспен оқыту мүмкін емес. Оқыту кезде әр баланың жас ерекшелігін ескеруіміз қажет. Бұлай дейтінім «Бес саусақ бірдей емес» қазақ мақалымен ұқсас келеді. Сыныптағы оқушылардың қажеттіліктері әртүрлі. Сол себепті, саралау әдісін пайдаланып оқытуымыз керек. [1]

Оқушы бойындағы ерекшелікті қалай біліміз:

Жетілу деңгейінен;

Бұрынғы білімдерінен;

Мінекей, осындай ерекшеліктерін байқай отырып, мүмкіндіктерін қарай саралап оқыту қажет.

Жоспарлау мен оқытуда саралаудың маңыздылығы зор. Саралау тәсілі тапсырмаларды ойластыруды қажет етеді.

Негізгі сабақта барлығына бірдей берілетін тапсырмалар кейбір оқушылар үшін қтындық туғызуы мүмкін. Сондықтан оқушының өзіне таңдап орындауына мүмкіндік туғызу керек. Немесе басқа қосымша тапсырма жасап беру керек.

М.Жұмабаев сөзін мысалға келтірейін. «бала ылғи іске ұмтылады. Бірақ бала не істеуге һәм қалай істеуді білмейді. Мағанның осы сөзі сай сыныпта оқушыларға қолдау, көмек беруге мынадай іс – әрекетті іске аыру керек:

Тапсырманы мұғаліммен бірлесе орындау; Содан кейін өз бетінше орындау;

Оқытуды саралаудың әдіс-тәсілдері көп. Олар: тапсырма, жіктеу, бағалау. Оқытуды саралауды үйрену үшін бірқатар дағдыларды меңгеру қажет. Әрбір дағды кәсіби шеберліктің бір қырын дамытады, әрі олар бір-біріне сүйенеді.

Сабақтың барлық сатыларында саралап оқыту тәсілдерін енгізу қажет. 4 сынып қоршаған ортаны қорғау пәнінен өз тәжірибемде үй тапсырмасын тексеруде тақырып бойынша сұрақтарға жауап беру тапсырмасы берілді. Саралау тапсырмасы ретінде өткен тақырып бойынша тест тапсырмасын ұсындым. Жаңа сөздерді меңгерту кезінде суреттер арқылы жаңа сөздермен таныстыру тапсырмасы орындалады. Саралау тапсырмасы ретінде жаңа сөздердің орыс тіліндегі аудармасын сәйкестендіру тапсырмасын ұсынамын. 3- тапсырма Оқылым. Диалогты оқуға беремін. Саралау кезінде кейіпкерлерді ата, олар туралы не білесің әңгімелеп бер тапсырмасын ұсынамын.

Мысалы: үй тапсырмасының орындалуын тексеру кезінде сіз бір әдісті күнделікті пайдаланбай ауыстырып отыруыңыз қажет. Бір әдісті оқушы ұнатпауы мүмкін. [2]

Оқушыларға саралап оқыту әдісін қолдану оқушылардың білім сапасын, олардың біліктілік деңгейі мен қабілеттерін жақсартуға мүмкіндік береді. Сенімді түрде алға жылжу оқушыларды шабыттандырып, оларды қарқынды жұмыс істеуге ынталандырады. Тапсырманың түрлі деңгейде болуы баланың күш-жігеріне деген сенімін нығайтады, оны табысқа жетелеп, танымдық қызығушылығын арттырады.

Уақыт өте келе бұл дағдылар әрбір мұғалімнің жұмысының ажырамас бір бөлігіне айналады. Дегенмен, оқытудың кез келген жаңа тәсілін игеруге, оған машықтануға уақыт керек. Оқушыларымыз үшін қай тәсіл қолайлы, ал қай

тәсілдің тиімсіз екенін анықтау арқылы біз өзіміз де үйренеміз, оқыту тәжірибемізді жетілдіреміз.[3]

Басында бұның бәрі соншалықты қиын болып көрінген. Бір мезгілде бір ғана тәсілді қолданыңыз. Сіз өзіңізге, сіздің мәдениетіңізге, оқыту стиліңізге лайықтап әдіс-тәсілдерді бейімдей аласыз, бұл тіпті пайдалы болмақ. Содан кейін екінші тәсілді қосыңыз немесе өз тәсіліңізді ойлап шығара аласыз. Осылай дами келе сіз оқытуды саралауына машықтанып аласыз. Әрі оқушылардың үлгерімін арттыруда бұның қаншалықты тиімді екенін өзіңіз де көре аласыз.

Нәтижесінде оқытуды саралау «бірқатар жаттығулар» емес екенін түсіндім. Бұл – әрбір оқушы өзі үшін оңтайлы қарқынмен білім алатын сыныптағы оқушылар тобын оқыту мен бағалауды жоспарлау жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Саралап оқыту ауыл мектебінде сабаққа қызығушылықты тәрбиелеу құралы» Семинар 14 қаңтар 2011 ж.
- 2.Жоспарлау мен оқытуда саралау әдістерін қолдану –Атырау -2009ж
- 3.Глейзер Г.Д. «Индивидуализация и дифференциация обучения в школе» - М.1985.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Умирзакова Зульфия Хабибуллаевна

**М.Жұмабаев атындағы №39 жалпы орта білім беретін, мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Шымкент қаласы

Белгілі педагог Ш.А.Амонашвили: *«Оқушылардың білімін арттыру, пәнге қызықтыру үшін оқытуда, жалпы алғанда ең бірінші оқушылардың неге қызығатынын анықтап алып, содан соң содан бастау керек», -дейді.*

«Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе білім» деп ұлы жазушы М. Әуезов айтқандай, тәуелсіздік туын тіккен еліміздің өркениетке апарар жолдың бастауы – мектеп.

Педагогикалық ізденіспен оқытуға жаңалық қосумен мұғалімнің кәсіби шеберлігінің шыңдауға түсетіні айдан–анық ақиқат. Мен қазақ әдебиеті сабағымда оқыту мен оқуға енгізілген өзгерістер әдіс – тәсілдердің тиімді қолданылуы жайында, оқушыларға қай әдістің тиімділігі туралы іс-әрекетімді баяндаймын.

Қашанда еңбектеген бала мен еңкейген кәрінің де жаны жаңалыққа құштар емес пе?! Төле би. «Ердің бақыты - әйел» тақырыбында өткен сабағымда оқушылар ынтымақтастық атмосферасын орнату кезінде оқушылар бір–біріне жақсы тілектер айтып шықты. Мен бұл бір мезеттік әрекет болса-дағы сырттай бақылаған сәтте, олардың бет-әлпетінен қуаныштың, көтеріңкі көңіл күйдің нышандарын айқын көрдім. Бұл мен үшін жағымды құбылыс еді. Себебі, сәтті сабақта белсенділік пен қызығушылық–бәрі көңілден шығады.

Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруда оқушы өз атына қандай? деген сұраққа ұнамды, жағымды сөздер жалғап айтады. Мысалы: Дәурен дарынды, Арайлым ақылды, Мирас мейірімді т.б

Топқа бөлу. «Би-шешендер қоржыны» әдісі арқылы 3 топқа бөлдім. Үш бидің нақыл сөздері және аты жазылған жеребелер қоржынға салынады. 3 жеребеде үш бидің нақыл сөздері жазылған. Оқушы алған билеріне қарай топқа бірігеді.

1. Төле би

Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,
Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.

2. Қазыбек би

Ерден ердің несі артық,
Ептестірген сөзі артық.

3. Әйтеке би

Қара қылды қақ жарған - жақсылардың белгісі.

Үй жұмысын сұрау кезеңіндегі орын алған жас ерекшелігіне сай «Қағып ал, жауабын тауып ал» допты оқушыға бағыттап сұрақтар қойылады.

Үй тапсырмасын сұрау.


Әнет баба. Не арсыз, не ғайып, не даусыз?

Сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар ауызша өзара ой бөліседі.

Әнет баба осы сұрақтарға қалай жауап берді?


1. Үш арсыз?
2. Үш ғайып?
3. Үш даусыз?
4. Үш қадірсіз?
5. Үш тәтті?
6. Үш күшті?
7. Үш жаман?

Оқушылардың жауаптарын қалыптастырушы бағалауда «Бөрік» суретін беру арқылы бағаладым. Жаңа сабақты түсіну барысында, Ұжымдық тапсырма Топтастыру және кесте

<p>Төле би</p> 	<p>Би-шешен, қоғам қайраткері, ойшыл дана, билер кеңесінің мүшесі, заң жасаушы, әулие кісі</p>
<p>Туған жылы, жері</p>	<p>1663ж Жамбыл облысы, Шу ауданы, Жайсаң жайлауы</p>
<p>Әулиелігі, қамқорлығы</p>	<p>12 жасар Әбілмансұрға (Абылай хан) жасаған қамқорлығы, Қарлығаш ұясын бұзбау себептен әулие атануы.(толығырақ</p>

туралы	айту)
Өмірден өткен уақыты	1756 ж Ақбұрқан күзеуі
Кесенесі	Ташкент қаласында

Кесте арқылы Төле би туралы мәлімет бердім. Төле бидің әділ шешімдері туралы бейне баян көрсеттім. Бейне баян көріп болған соң «Ұлы жүздің биі кім?» деген сұраққа тақырыпты болжату барысында, «Топтастыру» әдісі бойынша **Төле биге** сипаттама беру үшін оқушыларға тапсырма бердім.



ҚБ Мадақтау

Оқылым тапсырмасы.

Төле бидің «Ердің бақыты – әйел» мәтінін топқа бөліп бердім. **Төле бидің келін таңдаудағы негізге алған сөздері беріледі:**

1. Байдың байлығына қызықпаймын,
бидің билігіне қызықпаймын.

Асыл пышақ қап түбінде жатпайды.

2. Келінім ақылды болса,
ұлымның елге даңқы кетеді.

Би түскендей үй болу әйелден.

3. Әйелі жақсы болмай, ер оңбайды.

Ердің бақытын кетіретін де – әйел, әперетін де – әйел.

Оқушылар осы сөздердің мағынасын ашып, өз ойларымен бөліседі.

Оқылымнан кейінгі тапсырма. Оқушылар шығарманы оқыған соң, «Екі жақты күнделік» әдісі бойынша мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазып, үзінділерге жеке пікір жазады (нені еске түсіреді, себеп-салдары қандай, қандай сұрақ бар т.б.)

Шығармадағы маған әсер еткен үзінді	Осы үзінді жайында менің пікірім

Елді

түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек»(А.Байтұрсынов.)

«Білгенім бір тоғыз,білмегенім тоқсан тоғыз» демекші, мұғалім шәкірт тәрбиелеп, білім беру жолында ізденуін тоқтатпай, шыңдана, шыңдала түседі деп есептеймін.

Менің ұстаз, жетекші және ана ретінде үнемі білім мен тәрбиені ұштастыра отырып, Абай атамның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Жігіттер ойын арзан күлкі қымбат», «Әсемпаз болма әрнеге», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдерін тілге тиек етіп отырамын.

Аль – Фараби атамның «Тәрбиесіз берілген білім, ол адамның қас жауы, ертең өзіне үлкен кедергі» деген. Мен үшін маңызды тәртіп. Өйткені, тәртіп бар

жерде, білім бар. Адамға адам болу, ойлай білу, тыңдай білу – осы үш қабілет керек. Білім адамның ішінен шығатын нәрсе емес, сырттан келетін нәрсе. Оқымай білімді боламын дегендер, тормен су алғысы келгенмен тең. «Біз қанша білсек, сонша нәрсе қолымыздан келеді. Сондықтан да білім – «күш», - депті ағылшын философы Френсис Бэкон. Оқушылар үшін топқа бөлінуде қызығушылықтары басым келеді. Себебі оқушының бірінші кезекте ойын баласы екенін ұмытпағанымыз жөн. Өйткені (топтық жұмыста) олар еркіндікті сезінеді, өзара ақылдасу, кеңесу оларды бір–біріне жақындата түседі. Сөзімнің дәлелі ретінде айта кетейін, оқушы кері байланыс сәтінде өзінің ойтолғанысын былай деп жазыпты: «Мен сабақта топпен жұмыстың қандай қызық екенін түсіне білдім. Өйткені білмегенімді сыныптасыммен ақылдасу, сұрау, тыңдау арқылы жауап бере алады екенсің ғой! Соны түсіндім» Бұл–оқушының ішкі ойтолғанысы әрі шындық. Оқушы сөзі топтық жұмыстың тиімділігін дәп басып жеткізген. Топтық жұмыс арқылы ұтқаным: сол тапсырмаларды әр топқа бөліп беріп топқа тастау өте тиімді, уақыт үнемделеді, әртүрлі тапсырмаларды орындай алады, сынып алдында таныстыра алады, түрлі топтық тапсырмаларды қорғау арқылы бір-бірімен білімдерін бөлісе алады. Алайда, үнемі сәтті бола бермейді. Кейбір үндемейтін оқушылар со бойы үнсіз қалуы да мүмкін. Мен ол оқушыларға жекелеген жетектеуші сұрақтар беру арқылы тақырыпты меңгеруіне ықпал жасауға, ортаға тартуға тырысамын.

Жеке жұмыс «Ердің бақыты - әйел» шешендік сөзінің кейіпкерлеріне мінездеме береді..

Би	
Алакөз	
Бай	
Данәгүл	

Сабақты пысықтау: Жеке жұмыс

ҚБ: «Кезбе тілші» әдісі бойынша топтар келесі сыныптас топтарға жүріп келе «Бүгінгі сабақта білгеніңнің ең маңыздысы неде? » немесе «Сабақтың қай тұсы түсініксіз болды?» т.б сұрақтарын қояды.

Оқушылар сұраққа жауап береді, оқушының жауаптарын бағалаймын..

Үйге тапсырмасына «Төле би және қазақ шешендік өнері» тақырыбына шығарма жазуды тапсырдым.

Саралау: Сабақты қорыта келе «Бөрік» сөзіне сипаттама бергіздім.

Оқушы алған біліміне есеп беру сабақтың маңызды бөлігі десем қателеспеймін. Себебі оқушының өз ойын, сабаққа деген көзқарасын, ұсынысын қағаз бетіне түсіру оңайырақ, қай деңгейдегі оқушы болса да тиімді. Осы айтылғандарды, оқыту мен оқуға енгізілген өзгерістердің бәрін де тілге тиек ете отырып, бұған дейінгі тәжірибемде анықталған, балалардың еркін, ашық ой білдіруге және бәсекеге қабілетті, сындарлы әрі әділ бағалаушы екендіктерін тани түстім. «Ақылмен арыстан да ұстауға болады, ал күшпен тышқан да ұстамайсың», - депті Махмұт Қашғари.

«Өзгелерді үйретіп жүріп, өзіміз де үйренеміз» дейді Сенека. Шынында да, өмірдің өзі сабақ. Шәкіртті бәйгеге салам деп, қосам деп жүріп, өзіңнің де

бапталып жүйрік боп шығарыңның, үйренгенің мен түйгенің, тоқығаныңның молая берері сөзсіз. Мақаламды Төле бидің нақыл,ақыл сөздерімен аяқтағым келеді.

*Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол!
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол!
Көп тонның жағасы болма,
Көп қолдың ағасы бол!
Ақты ақ деп бағала,
Қараны қара деп қарала.
Өзегің талса өзен бойын жағала
Басыңа іс түссе, көпшілікті сағала.
Өзіңе-өзің кәміл бол,
Халқыңа әділ бол,
Жауыңа қатал бол,
Досыңа адал бол!*

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық
2. «Алаш айнасы» журнал басылымы № 3/25.05.2015ж
3. Ұлттың ұлы ұстазы. «Ұлы тұлғалар» сериясы. – Алматы: Комплекс, 2001ж 305 б
4. Кемел Мырзакелді «Абзалдық әліппесі» Алматы Әл-Ф

САРАЛАП ОҚИТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Гулзахира Жолдасқызы Жубаева

**Шымкент қаласы №131 жалпы орта білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші**

Әдебиеттанушы, терең ойшыл, жарқыраған публицист, ізденуші ғалым, керемет ұйымдастырушы және өз халқының дамуына қызығушылық танытқан қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының «Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді» деген керемет сөзі дәл мұғалімдерге айтылғандай. Бүгінгі ғылым мен технологияның қарқындап дамып жатқан кезеңінде біз де үнемі ізденіп, жан-жақты дамып, алдымыздағы шәкірттеріміздің сапалы білім мен саналы тәрбие алуы үшін тынымсыз еңбектенуіміз керек. Жинақтаған сапалы біліміміз – біздің балалардың болашағына жол салатын алтын көпір болары рас. Бүгінгі жаңа заман балалары да көзі ашық, көкірегі ояу тұлғалар, болашақта өз кетігін тауып қаланып жатса ұстаздың еңбегінің жемісі.

Қазіргі қоғам ұстаздарының алдындағы жауапты міндет пен артар жүгі - сапалы білім берумен қатар жан-жақты дамыған, өзіндік ой-пікірі қалыптасқан

тұлға қалыптастыру. Тұлға- қалыптастыру жолында баланың тәні мен жанын қатар дамыту, танымдық қызығушылығын дамытудың әдіс-тәсілдерін іздеу, анықтау, жүйелеу, қолдану. Интербелсенді ағылшын тілінен келген «inter» өзара, «akt»- әрекет жасау дегенді білдіреді, яғни интербелсенді әдістер үйренішілердің өзара әрекеттесуіне жол сілтейді. Көне қытай ғұламасы Конфуций (Кун Цзы) 2500 жыл бұрын: «Маған айтып берсең - ұмытып қаламын, көрсетсең - есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген екен. Интербелсенді әдістер білім алушылардың есте сақтау дәрежесін өлшемей, олардың әрекеттерін бағалайды.

Сабақ өз деңгейінде өтуі үшін жоспарымыз сапалы жасалуы тиіс. Сырттай қарағанда мұғалімнің жұмысы аса қиын еместей көрінуі мүмкін, алайда сол сабақ майданының қолбасшысы болған біз - ұстаздар ғана өз сабағымыздың қыр-сырын терең түсінеміз. Ең алдымен сыныптағы балалардың деңгейін зерттеп, әр баланың қызығушылығын, бойындағы ерекше қабілетін, өзіндік пікірін қалай жеткізуін, достарымен қарым-қатынасын бақылап алуымыз қажет. Оқу үдерісінде саралап оқыту арқылы әрбір оқушының мақсатқа жетуіне оң ықпал ете аламыз.

Саралап оқыту дегеніміз не, осы сұраққа жауап іздеп көрейік.

Дифференциация сөзі латын тілінен (difference) шыққан және «айырмашылық», «бөлу» деген мағынаны білдіреді. Осы тұрғыдан «дифференциация» - бұл оқулары әр түрлі жүзеге асатын жекеленген оқушылар тобын бөліп алу. Оқытудағы **дифференциацияның негізгі мәні** оқушылардың оқуындағы жеке айырмашылықтарды біле отырып және ескерту арқылы олардың әрқайсысы үшін анағұрлым оңтайлы болатын жұмыс түрін анықтау. Саралап оқыту дегеніміз - бір материалды барлық оқушыларға әртүрлі оқыту тәсілдерін қолданып оқыту дегенді білдіреді және мұғаліммен әрбір оқушының қабілетіне қарай тапсырмаларды қиындық деңгейі бойынша жіктей отырып, сабақты ұйымдастыруды талап етеді. Бір сабақтың үстінде бірнеше түрлі тапсырма бергенше, бір тапсырманы бірнеше түрлі етіп беру, яғни бір тапсырманы оқушылардың ақпаратты қабылдау қабілетіне қарай емес, бейімдеуге қарай беру. Бұл саралаудың басты шарттарының бірі болады. Қолдану бойынша жоғарыда айтып өткендей сыныбымыздағы баланың әлеуетін зерттеу қажет. Алғашқыда оқушыларды ең қарапайым ақпаратты қабылдау қабілетіне қарай 3 топқа бөліуге болады: аудиал, визуал, кинестетик. Сонан кейін оқушыларды қызығушылығына, жылдамдығына қарай тапсырманы орындау уақытында, ынтасына, гендерлік психофизикасына (аса жауапты саралаулардың бірі), қолдауды қажет ететіндігі/етпейтіндігіне қарай топтастыруға, жұптастыруға болады. Және де өз бетінше жұмыс істей алу қабілетіне қарай жеке жұмыстарды/ жобаларды дайындау ұсынылады.

Оқу жоспары мен оқу бағдарламасын оқушылардың бейімі мен қабілетіне, білім деңгейіне қарай жіктеу. Саралап оқыту оқушылардың білімін жан-жақты дамытуды, оларды қызықтыратын ғылым мен техника саласынан білімін жетілдіруді, сондай-ақ мамандыққа бейімдеуді көздейді. Мұндай оқыту арнаулы мектепте, сыныпта, сынып ішіндегі топта жүзеге асырылады. Саралап оқыту білім деңгейі әр түрлі оқушыларды топтарға жіктеп, әр топты өз деңгейіне сай оқытып, білімін одан әрі жетілдіру үшін қолданылады.

Сабағымызды Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн.

Қазақ әдебиетінен 9-сыныптың 3-тоқсан бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарында «**Адам жанының құпиясы**» бөлімінде Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаяты берілген. Оқу мақсатында шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру. Тапсырманы дәл осы оқу мақсатына сүйене отырып жасаймыз, тапсырманы орындату үшін тиімді әдістерді шебер қолдансақ, өз сабағымыздың мақсатына жете аламыз. Бұл орайда оқушының таңдауы бойынша тапсырма жағымды оқу ынтасының қалыптасуына әсер ететінін естен шығармауымыз керек. Яғни сабақ үстінде қолданатын әдісіміз оқу мақсатының нәтижелі болуына ықпал етуі тиіс. Сонымен қатар балалар қызығушылықпен берілген тапсырманы жоғары деңгейде орындап, оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларының дамуына жол салуы қажет.

Сабақ барысында «**ФАКТ немесе ШКІР**» әдісі арқылы балаларға ортақ тапсырма берілді, «Шұғаның белгісі» хикаятындағы оқиғадан нақты үзінділер келтіріп, бүгінгі күнмен салыстырып, өз пікірін ортада айту. Тапсырманы орындау барысында қабілеті жоғары оқушыларым оқулықтан шығарма желісі бойынша үзінділер тауып, қазіргі өмірмен салыстырды. Шығарманың басты кейіпкері Шұғаның басына түскен жағдайға баға беріп, сол заманның қыздарының тағдыры ауыр болғанын атап, бүгінгі қазақ қыздарының тағдыры, теңдігі өз қолдарында екенін айтып, «Шұға сабырға келіп, Әбдірахманды күтуі керек еді» деген өзіндік ойларын ортаға салды. Басқа топтағы оқушылар әке қаталдығын сынға алып, бүгінде де қоғамымызда Есімбектей әкелердің әлі де бар екенін қынжыла сөз етті.

«**Хикая картасы**» әдісі де әдеби шығармаларды талдауда, шығарманың құрылымы бойынша тапсырма орындауда өте тиімді. Бұл әдіс арқылы оқыған шығармадағы негізгі оқиғаның мән-жайын жазу және сол оқиғалардың суретін салып мазмұндау. Оқиғаны, әңгімені бірлесіп мазмұндау жаттығуы. Оқылым кезінде, оқылымнан кейінгі жаттығуда қолдануға болады.

«**Көңіл-күй кестесі**» әдісі мұғалімнің басшылығымен оқылатын бүкіл хикая кезінде кейіпкердің эмоциясы қалай өзгертетінін көрсету үшін, тыңдаушылар қарапайым сызықтық кесте құрады. Бұл тапсырмалар мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым, үйге оқуға берілген кітаптарды оқып бітіру жаттығуы, сонымен бірге, тыңдалымға және айтылымға арналған жаттығулар болуы мүмкін. Осы әдісті де сабақ барысында Шұғаның шығармадығы түрлі көңіл-күйін көрсетуді тапсырдым. Шәкірттерім қызығушылықпен шығарманы оқи отырып, Шұға қай тұста қуанды, қай жерде өкінді, мұңайды, жылады, берілген кестеге түрлі көңіл-күйін жазып көрсетті.

«**Пікірлер сызығы**» әдісі уәмегімен мәтінді бірлескен оқылым кезіндегі мәлімдеме байланысын құру, мысалы: «Менің ойымша, ол ..., басты кейіпкер дұрыс шешім қабылдаған жоқ». Тыңдаушылар пікірлер сызығына бөлінеді, яғни, келісетіндер – бір жаққа, келіспейтіндер – бір жаққа. Тыңдаушылар мәтінге қатысты себептерді айта отырып, неліктен ол жерді таңдағандары

туралы айтады. Басқа жауап берушілердің айтқан себептеріне сәйкес тыңдаушылар орын ауыстыра алады. Осы орайда біраз оқушыларым Шұғаның мұңға батып, психологизмге бой алдырғанын құптамаса, қарсы топ басына түскен сынақтың қиындығын айта отырып, қыздың тағдырының ауыр деген пікірлерін жеткізді.

Жаңа сабақты қорытындылауда «БЕС СҰРАҚ» әдісі өте тиімді. Бұл әдіс ақпарат жинақтауға арналған, ол сондай-ақ оқушыларға мәселені терең зерделеуге немесе оны шағын тақырыптарға немесе тармақтарға бөлуге мүмкіндік береді. Бұл оқушыларға күрделі тақырыптарды түсінуге көмектеседі. Аталған әдіс іс-әрекетті жоспарлауға және мақсат белгілеуге ықпал етуі мүмкін әртүрлі мүмкіндіктерді қарастыруды көздейді.

Сыныптағы саралау әдістері сыныптағы жекелеген оқушылардың нені үйренгенін анықтауға және оны бағалауға мүмкіндік береді. Мұғалімдер оқушылардың табысты оқуын қамтамасыз етумен қатар, оқушының жеке даму аймағын анықтау арқылы нені жақсарту қажеттігін түсінуге мүмкіндік беретін икемді үдеріс. Топтық, жұптық тапсырмаларды орындауда балалар бір-бірінің пікірін мұқият тыңдап, өзара бағалауды жүргізеді, әділ баға беруді үйренеді. Оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі жүзеге асады. Сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыны оқытуға қарай алғы көшілгерілейміз.

Сабақтың барлық сатыларында саралап оқыту тәсілдерін қажет. Оқушыларға саралап оқыту әдісін қолдану оқушылардың білім сапасын, олардың біліктілік деңгейі мен қабілеттерін жақсартуға мүмкіндік береді. Тәжірибе корсеткендей, сенімді түрде алға жылжу оқушыларды шабыттандырып, оларды қарқынды жұмыс істеуге ынталандырады. Тапсырманың түрлі деңгейде болуы баланың күш-жігеріне деген сенімін нығайтады, оны табысқа жетелеп, танымдық қызығушылығын арттырады. Қазақ елінің болашағы білімді жастарымыздың қолында, жас ұрпақтың әлемдік деңгейде бой көрсетіп, жетістікке жетуі – ұстаздардың біліктілігіне байланысты, еліміздің ұстаздар қауымына артып отырған жүкті жұмыла көтеріп, қашан да зейінді шәкірттеріміздің ортасында, толағай табысымызбен білім саласында қызмет етеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақ тілі мен әдебиет» журналы. 2008 жыл
2. Глейзер Г.Д. «Индивидуализация и дифференциация обучения в школе» - М.1985.
3. Нағымжанова Қ.М. Оқу процесінде инновациялық іс-әрекеті. Өскемен: МедиаАльянс,2004.
4. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Астана 2014

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА САРАЛАУ ТӘСІЛІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Елтай Арайлым

№23 мектеп-лицей, Шымкент қаласы

Қазіргі таңда елімізде әлемдік білім беру деңгейімен терезе теңестіретін, Жаңа Қазақстан құру мақсатында жаңарту процесі жүріп жатыр. Осыған байланысты оқу процесінің педагогикалық теориясы мен практикасы айтарлықтай өзгеріске ұшырауда. Ал мұғалімнің жұмысына жаңа талаптар қойылады. Соның бірі – білім беруді коллаборативті орта жағдайында жүргізу. Бұл тұрғыда оқушыларды қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша белсенді оқыту процесіне тарту мақсатында саралау тәсіліне талаптар күшейеді.

Саралау тәсілі – ең алдымен, әр оқушыны жеке дамыту мақсатында белгілі бір бағдарлама бойынша жұмыс істеген кезде жеке ерекшеліктерін ескеру [1, 46]. Саралау әртүрлі деңгейде жүзеге асырылады. Ғалымдар оның сыртқы және ішкі формасын ажыратады.

Оқытуды сыртқы саралау кезінде салыстырмалы түрде тұрақты топтар құрылады. Онда білім мазмұны мен оқушыларға қойылатын оқу талаптары әртүрлі болады. Сыртқы саралаудың бір түрі – селективті саралау. Селективті саралау – белгілі бір пәнді тереңдетіп оқытатын арнайы мектептерде жүзеге асырылады. Ал селективті саралау базалық білім беру кезінде пәндерді еркін таңдауды көздейді.

Ю.К.Бабанскийдің, М.А.Мельниковтің, Н.М.Шахмаевтың және т.б. еңбектерінде саралау негізінен оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып оқытуды көздейді. Оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасын ерекше ұйымдастыру саралау тәсілінің нысаны ретінде түсіндіріледі.

Саралау оқу процесінің ұйымдастырылуымен байланысты. Саралау тәсілінің ең негізгі критерийі – оқушылардың білім алуы [2, 111]. Осыған байланысты оқушылардың 4 тобын бөліп көрсетуге болады:

1-топ – оқу деңгейі жоғары оқушылар;

2-топ – жоғары оқу қабілеті болуы ықтимал, бірақ жұмыс істеуге қызығушылығы мен ықыласы жоқ оқушылар;

3-топ – оқуы төмен, бірақ еңбекқор оқушылар;

4-топ – ең көп көңіл бөлуді қажет ететін «тәуекел тобы» деп аталатын білімді меңгеруде қиындыққа тап болатын оқушылар [3, 53].

Оқушылардың оқу мүмкіндіктерін дамытуда тапсырмаларды қиындық бойынша емес, мұғалімнің оқушыға көмек көрсету дәрежесі бойынша саралау шешуші рөл атқарады. Бұл әсіресе рационалды ақыл-ой әрекетін үйрету керек әлсіз оқушыларға қатысты. Ал ерекше қабілетті оқушылар шығармашылық сипаттағы стандартты емес тапсырмаларды орындау кезінде өз мүмкіндіктерін дамытып, оларды мүмкіндігінше жүзеге асыра алады. Жұмысты ұйымдастыру кезінде мұғалімнің көмегінің мөлшерін біртіндеп азайтуға және еркіндікті арттыруға назар аудару керек. Сонымен қатар, сыныптағы тапсырмаларды ғана емес, үй тапсырмасын, білімін бағалауды, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеретін қателіктермен жұмыс істеуді саралау қажет.

Саралау тәсілі жаңа тәсіл емес. Алайда білім беру мазмұнын жаңарту тұжырымдамасында ол басты орынға ие. Білім беруді саралауды жүзеге асырудағы мынадай мақсаттар қарастырылған:

- әркім өз қабілеттері мен мүмкіндіктері деңгейінде оқуы керек;
- оқыту оқушылар топтарының ерекшеліктеріне бейімделеді.

Саралап оқыту тәсілі өз кезегінде мынадай оң нәтижеге қол жеткізеді:

- кейде мектеп бағдарламасы аясында оқу қиын болатын балаларға жүктеме азаяды;
- үлгермеушілік проблемасы азаяды. Бұл дегеніміз – әркім өз қабілеттерінің шамасын біледі, психологиялық ахуал жақсарады;
- әр оқушы жалпы білім минимумын меңгереді. Осы мақсаттар оқытудағы проблемаларды шешуге мүмкіндік береді.

Оқушылардың көпшілігі мұғалімнің назары ерекше қабілетті оқушыға ғана аударылады деп шағым жасайды. Осыған орай саралау тәсілі мұғалімге әртүрлі деңгейдегі оқшыларды көруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әлсіз оқушылармен жұмыс тапсырмалар көлемін азайтуды емес, оқу әрекеттерін неғұрлым егжей-тегжейлі алгоритмдеуді білдіреді. Ал ерекше қабілетті оқушылармен жұмыс істеу тапсырамалар көлемін ұлғайтуды емес, олардың әртүрлілігін білдіреді. Мысалы:

- диктант мәтіндерін жасау;
- зерделенген материал бойынша карточка-тапсырмалар құрастыру;
- тақырып бойынша жалпылама кестелерді құрастыру;
- ребустар, жұмбақтар жасыру;
- дайындық деңгейі төмен оқушылардың тапсырмаларын тексеру;
- сыныптағы әлсіз оқушыларға кеңес беру;
- сабақ үзінділерінде мұғалімнің рөлін орындау.

Енді осы саралау тәсілін қазақ тілі пәніне қалай енгізуге болады? Мысалы, 9-сыныпта 5-бөлім «Отбасы және демографиялық өзгеріс деп аталады. Тақырыбы – «Ұлттың болашағы халықтың демографиялық өсімінде». Оқу мақсаты ретінде «Салалас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлерін ажырату» берілген.

Алдымен, саралау тәсілі арқылы жаңа материалды сәтті игеру керек. Мұнда дайындық жаттығулары маңызды. Бұны ойындар, өздік жұмыстар қатыстыру арқылы іске асыруға болады. Мәселен, «Артығын алып таста» ойыны. Салалас құрмалас сөйлемнің 6 түрімен қатар, оған дейін өткен оқшау сөздердің 3 түрін: қаратпа сөз, қыстырма сөз, одағай сөзді жазып, артығын алып тастау арқылы қалған ыңғайлас, қарсылықты, себеп-салдар, кезектес, талғаулы, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерге мысал келтіру. Оларды орындау және тексеру кезінде жалғаулық шылауға қатысты ережені де қайталау маңызды.

Жаңа тақырыпты түсіндіру негізінен барлық оқушыға бірдей жасалады. Көрнекілік неғұрлым көп қолданылса, оқушыға материал соғұрлым жақсы сіңеді. Бастапқыда тақтаға жаңа тақырып бойынша тапсырмаларды орындайтын, ережені айтатын 2-3 ерекше қабілетті оқушы шақырылады. Содан кейін ол оқушылар қосымша және негізгі тапсырмалар бойынша өз бетінше жұмыс істеуді жалғастырады. Ал орташа қабілетті оқушылар тақтадағы жұмысқа қосылады. Сабақты қорытындылау кезінде сабақты түсінген

оқушыдан ережені тұжырымдауды сұраған жөн. Содан кейін тақырыпты түсінбеген оқушы оны қайталауы керек.

Саралау тәсілі қатысқан жаңа теориялық материал дайын түрде берілмейді. Теориялық тапсырмалардың болуы оқытуда проблема тудыруға септігін тигізеді. Бұл өз кезегінде сабақты қызықты етеді.

Ал сабақты бекіту мақсатында схема, тест тапсырмаларын берген кезде саралау тәсілі өзінің ұтымды болуымен пайдалы. Мысалы, салалас құрмаластың әрбір түріне мысал келтіріп, сәйкестендіру тапсырмасы арқылы бекітуге болады.

Өздік жұмыстарды орындау кезінде оқушыларға саралау тәсілін қолдану оқушылардың тапсырманы орындауға қызығушылығын арттырады. Өздік жұмысының мазмұны қазақ әдебиетімен байланысты болғаны тиімді. Мәселен, ерекше қабілетті оқушыларға Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романынан, орташа қабілеттілерге Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесінен 10 салалас құрмалас сөйлемді тауып келу жұмысы берілсе, бұл бір жағынан қазақ әдебиеті пәнінен өздері қатар өтіп жатқан шығарманың да оқылу ықтималдығын арттырады.

Саралау тәсілі арқылы жұмыстарды орындау оқушының өзі жұмыстың мазмұнын анықтауға септігін тигізеді. Осындай шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды орындау мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастықтың нығаюына алып келеді.

Ал оқушылар арасында үлкен көлемді прозаны толығымен оқу азайып бара жатқан заманда қазақ әдебиеті сабағында саралау тәсілін қолдану нәтижелі болады. Бірақ алдымен әдебиеттің оқырманға, оның ішінде оқушыға әсер ету күшін анықтап алған жөн. Ол ең алдымен жас ерекшелігіне, оқушының әдеби дайындық деңгейіне, қабылдауына байланысты. Сол себепті қазақ әдебиеті сабағында саралау тәсілін енгізу оқушылардың оқырмандық қабылдауын жүйелі зерттеу әрі жетілдіру үшін көмегі орасан зор.

9-сыныптың оқу бағдарламасында «Шұғаның белгісі» повесі берілген. Оқушылардың қызығушылығын, шығарма көлемін, ол жерде берілген портреттердің, сөйлеу сипаттамаларының рөлін байқай білу үшін саралау тәсілін тиімді қолданған жөн. Сабақ саралау тәсілі арқылы мынадай қызмет деңгейлері бойынша құрылған топтарда жүргізіледі:

Бірінші топ – пейзаж (қызмет деңгейі – із кесу). Шығармада кең дала қалай суреттелген? Автор табиғат көрінісін бейнелеуде неге баса назар аударады? Пейзаж арқылы Шұғаның портретіне қалай ойысады?

Екінші топ – Шұға (қызметі – ішінара іздеу, бірақ топ 2-3 мәселеге жауап іздей отырып, жалпылауға дейін көтерілуі керек). Шұға мен Әбдірахманның кездесуі. Екі жастың әлеуметтік жағдайы.

Үшінші топ – авторлық бағалаудағы кейіпкерлер (қызмет деңгейі – зерттеу. Шығарманың ішкі мәтіні, сюжеттің көркемдік құрылымы). Автордың кейіпкерлерге деген көзқарасы қандай? Шұғаның ауруға шалдығу себебі неде? Автор кімнің жағында? Әйел теңсіздігі бүгінгі күні де актуалды тақырып па?

Міне, осындай жетелеуші сұрақтар арқылы оқушыларға интерпретация құруды үйрееді. Содан кейін жазбаша жауаптарға дайындалуға көмектесетін сұрақтарды жасауға болады. Саралау тәсілі негізінде оқушыға зерттеушінің белсенді рөлі берілген.

Қорыта айтқанда, саралау тәсілі бойынша мұғалім оқушылардың жеке қабілеттерінің белгілі бір деңгейге жетуге мүмкіндік беретінін ескеру керек. Бұл ретте барлық оқушылар жоғары нәтижеге жете бермейді, мұғалім тапсырмаларды дайындау кезінде мұны ескере білуі керек. Осы тапсырмаларда саралау тәсілін қолдану әртүрлі білім деңгейі бар оқушылардың білімді максималды игеруіне мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. James H., Xianxuan Xu. Instructional Methods for Differentiation and Deeper Learning. – Publisher: Solution Tree Press, 2015. – p. 144
2. Richard M.Cash., Ed.D., Advancing Differentiation: Thinking and Learning for the 21st Century. – Publisher: Free Spirit Publishing; second edition, book with digital content, 2017. – p. 240
3. John McCarthy., So All Can Learn a Practical guide to Differentiation. – Publisher: Rowman and Littlefield Publishers. – p. 202

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУДАҒЫ САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІ

Утембаева Динара Байдуллаевна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Шымкент қаласы А.Макаренко атындағы №41 мектеп- лицейі

Почта: u.dina@list.ru

Телефон: +77073591209

*«Болашақта еңбек етіп,
өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары,
мұғалім оларды қалай тәрбиелесе,
Қазақстан да сол деңгейде болады.
Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет ауыр».*

Қазіргі кезде жаңартылған білім мазмұнына сәйкес, саралап оқыту тәсілі-оқушыға тапсырманы түсінікті, қиындық тудырмайтындай, өз деңгейіне сәйкес жетістікке қол жеткізу үшін жағдай жасайды. Балалардың, оқушылардың жас ерекшелігін, қабілетін, мүмкіндігін, талабын ескеру – тапсырмаларды мүмкіндігінше деңгейін ескере отырып түрлендіруді, терең ойлауды, мұқият жоспарлауды талап ететін күрделі мәселе. Сондықтан, оқушыларға оңтайлы мүмкіндік пен тапсырма орындауда алаңдаушылық болмас үшін оқытудың түрлі әдістері мен саралау тәсілдерін қарастыру өте маңызды.

Әрине бұл тұста тек жеңіл тапсырмалар беріп қана қоймай, жеңілден күрделіге қарай, қабілеттерін, дағдыларын, қызығушылықтарын ескере отырып сараланып беріледі. .

Дарынды және қабілетті оқушы оқу мақсатына сәйкес алынған тапсырмаларды орындауда белсенділік көрсетіп, ойын тұжырымдай алады.

Ал, тапсырма орындау барысында қиындық келтірген оқушыларға жұбының қолдау білдіруі, көмек көрсетуі олардың кеңірек түсінуіне, дамып жетілуіне оң әсерін тигізеді.

Мұғалім оқушылар арасындағы дербес ерекшелікті анықтау үшін олардың сабаққа деген, тапсырмаға деген ынтасын, ойлау қабілеттерін мен есте сақтау қабілеттерін, деңгейін мұқият зерттеп алу қажет. Бұл ерекшелікті анықтау берілген білімді меңгеруін анықтауға арналаған сұрақ-жауап, әңгіме жүргізу маңызды. Оқушылардың жеке ерекшеліктері сабақ барысындағы пысықтау сұрақтарын беру кезінде, әңгімеге кіріспе кезінде ақпаратты қабылдау кезінде ескерілгені жөн. Әрине, бұл тұста қабылдауы қиын оқушыға ғана тапсырма беріп шектелмей, жеңілден күрделіге қарай жүзеге асатындай етіп, сұрақ-жауап, талқылау т.б ретінде ұсынылады.

Бұл тұрғыдан алғанда, әрбір оқушыны өз мүмкіндігіне қарай білім, дағды алатындай етіп оқытқан жөн. Мысалы, қабілетті оқушылар сыныпта логикалық ойлауы жетілген, оқулықпен жұмыс істей алатын оқушылар үшін жаңа материалды түсіндіргенде проблемалық ізденіс әдісін қолданған дұрыс. Ал орташа, нашар оқушылары көп сыныпта репродуктивті әдісті қолдана отырып, сабақты ойын, әңгімелеу түрінде өткен ұтымды. Саралап оқытудың ең басты шарты - сынып оқушылары үш топқа бөлу. Бірінші топқа мынадай оқушылар топтастырылады: қабілеті жоғары, білім, білік дағдылары қалыптасқан, өз бетімен ойлау қабілеті бар, сабаққа деген белсенділігі күшті, мұғалім көмегін қажет етпейтін топ. Бұл топта жүргізілетін жұмыстың мақсаты - оқушы бойында ғылыми, сын тұрғысынан ойлау бағытында ойлау қабілетін қалыптастыру.

Ал ендеше сабақ мақсатының бағалау критерийлеріне қарай алынған тапсырмалар, яғни саралау тәсілдері қалай жүзеге асырылатынына назар аударайық:

Сабақтың басталуындағы *«Бұл қандай сөз» әдісі* бойынша қорапқа тақырыпқа сәйкес сөздер жазылады. Оқушы қораптан қағазды алып, белгілі ақыт ішінде сөзді атамай, сипаттап түсіндіруі қажет. Сөзді тапқан оқушы келесі сөзді алып, ойынды жалғастырады. Қорапта ұялы байланыс, ұшақ, бейнекамера сынды сөздер бар. Осы сияқты сөздер арқылы оқушылар сабақтың тақырыбын анықтап, топқа бөлінеді.

Сабақтың ортасы:

Тыңдалым мәтіні. Тақырыпқа сәйкес *«Жаңа технология»* тақырыбындағы мәтін тыңдатылады.

Айтылым. 1-тапсырма. *«Тыңда, талқыла» әдісі бойынша оқушылар өзара топқа бөлініп, «Жаңа технология заман талабы» тақырыбында қарсы және жақтаушы топ болып, пікірталасқа түседі.*

Дескриптор:

Тақырыпқа сәйкес термин сөздерді қолдана алады;

Пікірталасқа түсе алады;

Өз ойын нақты жеткізе алады;

Қалыптастырушы бағалау ауызша жүргізіледі. Өз ойыңды нақты жеткізе алдың, термин сөзді орынды қолдана алдың, пікіріңді толықтыр.

Саралап оқыту оқу үдерісін оқушылардың топқа бөлініп, оқушы бойындағы жеке қабілеттерін ескеру мақсатында әр түрлі тапсырмалар арқылы ұйымдастыруды көздейді. Мысалы,

1- топ: «Сайлау» әдісі арқылы топтан екі оқушы таңдалынып алынады. Мақсаты жас технолог атауына үміткер болып, өз жобасын ұсынады. Басқа оқушылар олардың жобаны қорғауына, тапқырлығына, сөйлеу шеберлігіне баға береді.

2-топ: «Жарнама» әдіс бойынша тақырыпқа сәкес технологияға қатысты сөздерді қолдана отырып, техника өніміне жарнама жасауы қажет. Жарнамада сөздің нақтылығы, ойының дәлдігі, терминдерді, тіркестерді орынды қолдануы ескеріледі.

Дескриптор:

Ойын нақты жеткізе алады;

Терминдерді орынды қолдана алады;

Қалыптастырушы бағалау ауызша жүргізіледі. Дәлелдер жеткіліксіз немесе дәлелдер нақты, пікіріңді толықтыр немесе пікірің дәлелсіз.

Рефлексия: «Үш мәселе» әдісі

Сен үшін жаңа мәселе

Ерекше ұнаған мәселе

Дәлелсіз болған мәселе.

Міне, саралау тәсілі сабақтың өне бойында түрлі әдістер арқылы жүзеге асырылып отырады. Саралауда оқушының ерекшелігі, деңгейі байқалады. Сабақ үдерісі кезінде оқушылар да өздеріне саралау жасайды.

Саралау тапсырмалары қажеттіліктерін ескере отырып тапсырма беру, әр түрлі дереккөздерден алынған талқылау мәтіні, әр түрлі қиынды сөздерді құрастыру, кестелер, т.б тапсырмалар болуы мүмкін. Кейбір оқушылардың шеберлігіне қарай қосымша тапсырмаларды да қарастыруды ұмытпаған жөн.

Топқа бөлуде ескерілуі керек қажеттіліктер:

- Деңгейі, қолдауы шамалас оқушылар;

- Талаптары түрлі оқушылар;

Мысалы, «Жаңа технология» тақырыбы бойынша сабақта «Жарнама» әдісі арқылы берілген тапсырманы орындауда төмен деңгейдегі білім алушылар дайын тіркестер мен терминдерді қолдана алды. Орта деңгейдегі оқушылар дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, жаңа технологияның бір өніміне жарнама жасай алды. Жоғары деңгейдегі оқушылар жарнама жасауда қосымша тың деректер іздеп, өмірмен байланыстыра алды. Бұл тұста мұғалім дұрыс жауапқа, ана емес, әрбәр оқушының мықты, әлсіз тұстарын назарға алып, кері байланыс берген дұрыс. Себебі, төмен деңгейдегі оқушының да ерекше қабілеті болады. Оқушыға сұрақтар қойып, ынталандыруға болады. Оқушыны үнемі бағалап отыру керек, ерекшелігіне қарай бағалаумен атар саралау да орындалып отырады. Педагогикалық оқу үдерісінде жақсарту мен түзету, бағдар беру үлкен рөл атқарады.

Саралау тәсілінде барлық оқушыға бірдей тапсырма берілгенімен, әр түрлі деңгейдегі нәтиже күтіледі. Себебі, оқушының жылдамдығы, орындау уақыты

әр түрлі. Топтық жұмыс бірге орындалғанымен әркімнің өз атқаратын рөлі бар, бұл оқушының өз қабілетін көрсетуіне берілетін мүмкіндік.

- Мұғалім сұрақты оқушы деңгейіне қарай саралайды(түсінуден білу деңгейіне дейін)

- Үй тапсырмасы берілгенде кейбір оқушыларға сынып жұмысын аяқтап келу беріледі.

Саралау тәсілінің нәтижелері:

- Оқушының білімге деген қызығушылығын арттырады;

- Нашар оқитын оқушылардың қателіктерін болдырмауға мүмкіндік береді;

- Білім сапасының көрсеткіші артады;

- Оқушының бойында жеке қабілет пен сенімділік дамытады;

Ендеше, мұғалім өзінің сабақ беруін ғана емес, оқушыны дамытуға күш салғаны жөн. Сабақ барысын «қажеттіліктен» «өте қызықты» деген деңгейге жеткізу. Бұл сөз оқушының сабақты, білімді, ақпаратты толық қабылдағанын байқатады. Осы талдауға негіз болған мақаланың идеясы білім мен түсінікті оқушы өзі құрады, ал мұғалім- оқу үдерісінде көмек беруші (көпірше) жан.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық (III деңгей)

2. Үлестірме материал. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ

«Педагогикалық шеберлік орталығы» 2016 ж

3. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарға арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

4. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер «Педагогикалық шеберлік орталығы»

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Астана 2014ж

НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: « ҚАЛАЙ ОҚУ КЕРЕКТІГІН ҮЙРЕНУ» МОДУЛІН ӨЗ САБАҒЫМДА ҚОЛДАНУ

Калиева Назекет Мадиевна

**А.Макаренко атындағы №41 мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік
мекемесі, Шымкент қаласы**

Оқушылардың білімді болуы, қазіргі заман талабына сай білім алуы, мұғалімдердің білімді болуын және кәсіби шеберлігін қажет етеді. Әр ұстаз

өзінің жұмысын шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай сабақты түрлендіріп, сабақта әр-түрлі әдіс-тәсілдер пайдаланып, топтық, жұптық жұмыстар жүргізу арқылы сабақты бірлесіп оқу арқылы, нәтижеге жетеді.

Мен орыс сыныптарына қазақ тілінен беретін болғандықтан, оқушылардың ойлау, сөйлеу дағдыларын қалыптастыра отырып, танымдық қабілетін дамытумен қатар, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру басты мақсатым болды. Бұл орайда мен «қалай оқу керектігін үйрену» модулін таңдағанды жөн көрдім. Өзге ұлт өкілдері қазақ тілінде өз ойын жеткізе алмай қиналып жатады. Сол себептен өз тәжірибемде оқушылардың өзіндік ойлау, сұрақ қойып, жауап беру, сөйлем құрастыру, сөйлеу қабілеттерін қалыптастырғым келді. «Қалай оқу керектігін үйрену» модулінің атауы «өзін-өзі реттеу» үдерісіне жатады. Бұл үдерісте оқушылар метатану үдерісі арқылы түсіну, бақылау және оқу тәжірибесіне қадағалау жүргізу қабілеттерін дамытады. «Метатану» термині оқушылардың саналы білім алуы мен ойлауын ықпал ететін бірқатар үдерістерге қатысты қолданылады. Метатануға танымдық үдерістерді білу, түсіну және реттеу немесе танымдық үдерістерді қарастыру үшін танымдық үдерістерді қолдану, соның ішінде қатесін танып білу және ойлауды бақылау деген анықтама беруге болады. Өз жұмысының нәтижесінде Флейвелл (1976) метатану өлшеудің үш құрылымын сипаттай отырып, балалар метатануының мониторингі мен талдауының негізін анықтады:

- білім алушы тұлға өзі туралы білімі;
- мақсаттар мен тапсырмаларды білу, түсіну және бағалау;
- тапсырманы орындатуға қажетті стратегияларды білу және оларды бақылау.

Бірінші өлшем жеке білімге қатысты; өзін оқушы ретінде тани отырып, бала мысалы, өзінің мықты және әлсіз жақтарын сезінеді, оқу үдерісінде не ұнайтынын, не ұнамайтынын түсінеді және жеке мақсаттарды белгілеу қабілеті туындайды. Флейвелл оқушылардың өзінің оқуын саналы түрде сезіну дамыған сайын балалардың басқа оқушылардың да өз оқуына қатысты таңдауы, күшті және әлсіз жақтары бар екендігі туралы метатанымдық түсінігінің де кеңейтетіндігін анықтады.

Флейвеллдің екінші өлшемі тапсырмаға бағытталған, ол оқушының өз мақсаты мен тапсырмаларын білу, түсіну және бағалауды қамтиды. Метатанудың бұл аспектісі оқушының тапсырманы қалай таңдайтынын және бағалайтынын немесе күрделілік деңгейін қалай салыстыратынын көрсетеді.

Сондай-ақ үшінші метатанымдық құрылымды Флейвелл тапсырманы орындауға қажетті білім мен тәсілдерді бақылау деп анықтайды.

Өздігінен реттелетін оқудың үш элементі аса маңызды болып табылады. Перри 2002

- Тапсырмамен жұмыс барысында өздігімен бағытталушылығы.
- Оқушының проблемалар мен мақсаттарды өздігінен айқындауы.
- Проблеманы шешу мен мақсатқа жетуге арналған әдіс-тәсілдерді өздігінен таңдауы.

Таңдалып алынған тапсырмалар өзін-өзі реттеу тәсілдерін жүзеге асыруға ықпал етуі қажет.Өздігінен реттеу тапсырмаға қызығушылықтың неғұрлым жоғары деңгейіне өтуге ықпал етеді.

Оқудың әлеуметтік - мәдени теориясын дамыту барысында Выготский оқушының өз бетінше қол жеткізе алмайтын оқу деңгейін ересек немесе «маңызды» адамның көмегімен қамтамасыз етудегі ролі туралы жазады; мұндай оқудың әлеуметтік көлемі «Жақын арадағы даму аймағы» - ЖАДА ретінде анықталды.

Мен үшін ең басты міндет жеті модульді өз сабағыма ендіру. Көкейімде қалай сабағымды түрлендіріп, одан әрі оқушыларды ынталандырсам деген сұрақ пайда болды? Мерсер мен Литатон өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылықтарымен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатынын атап көрсетеді. Қазірдің өзінде сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігін көрсететін дәлелдер жеткілікті. Олар:

- Оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді.
- Оқушылардың басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын түсінуіне көмектеседі.
- Оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуге көмектеседі.

Диалог арқылы оқушылардың тілдік қарым-қатынасы, сөздік қоры, ойлау қабілеті дамиды. Диалогті оқыту баланың қабілеті мен талантын ашуға көмектеседі. Оқушының бойында еркін пікір айтуға деген құлшынысын арттырады. Белсенділігін арттырады. Сабақ кезінде ең қиын кездесетін жағдай ол – оқушылардың ойларын еркін жеткізе алмауы, сөздік қорының жоқтығы, сөйлем құрай алмауы. Диалогты оқытудың өзі осы мақсатыма, осы мәселені шешуге көп септігін тигізді. Сыныптағы диалогтік әңгімені дамытудың Мерсердің (2000) зерттеуі бойынша 3 түрі бар.

- Әңгіме- дебат;
- Кумулятивтік әңгіме;
- Зерттеушілік әңгіме.

Мен өз сабақтарымда диалогтік әңгімелесудің 3 түрін қолдандым десем де болады. «Наурыз – түркі халықтарының дәстүрлі мейрамы» тақырыбындағы сабақты бастамас бұрын «Ой сергіту» сәтін ұйымдастырдым. Оқушылармен бірге шеңберде тұрып қолдарын жоғары көтеріп, беліне қойып, шеңберде айналып киіз үйді бейнеледім. Киіз үйдің құрлысы туралы шағын видео көрсетіп.

«Егер сіздер бүгінгі сабаққа әдемі көңіл-күймен келген болсаңыздар, оң қолдарыңызды көтеріңіздер...

Егер сіздер өз білімдеріңізге сенімді болсаңыздар сол қолдарыңызды көтеріңіздер...

Егер сіздер бүгінгі сабаққа дайынмын десек, қолымызды алға созамыз...

Ал, ендеше сабағымызды бастаймыз десек, қол соғамыз» - дей келе жағымды орта қалыптастырдым.

Оқушыларды «мазайка» әдісі арқылы Қызғалдақ, Раушан, Бәйшешек қима қағаздары арқылы 3 топқа біріктірдім. Топқа біріктіргеннен кейін оқушыларда келіспеушіліктер кездесті, мен оларға мадақтау сөздерімді айтып, ескерту айтып бір жүйеге келтірдім. Оқушылар шеңбер құрып «доп лақтыру» әдісі бойынша өткен тақырыптардағы сөздерді қайталады. «Үштік одақ» құру арқылы өткен тақырыпты пысықтады. Берілген сөздерге сұрақ-жауап ұйымдастырды. Оқушылар бірін-бірі Жапондық әдісі арқылы бағалады. О-О-О тамаша керемет! М-М-М ойлану керек. Дұрыс келісемін! Басқа көзқарасым бар! Толықтырамын!

Миға шабуыл. Сурет арқылы сабақ тақырыбын болжады. Сабақтың мақсатымен таныстырдым. Мағынаны тани отырып мәтінмен жұмыс тапсырамалары берілді. Мәтінді түсініп оқып, таныс емес сөздерді түртіп алу еді. Сабақ барысында топтағы оқушылардың іс-әрекетін көруге болады. Топ ішіндегі оқушылардың берілген тапсырмаға белсене қатысып отыруын өз беттерімен жаңа материалды меңгерулерін, жұпта және топ ішінде талқылауын бақыладым. Топтағы әрбір оқушы мәтінді түсініп оқып, дәптерге таныс емес сөзді түртіп алды. Содан кейін өз ойларын, пікірлерін бөлісе отырып, «Суретті сөйлет» әдісі бойынша. Сұрақтарға жауап бере отырып, суреттер бойынша оқиға желісін баяндады. Осы тұрғыда топтық жұмыс жасау оң нәтижесін берді. Әңгіме-дебат барысында оқушылардың ой пікірлерінде үлкен алшақтық болды және әркім өз шешімдерінде қалды. Ресурстарды біріктіруге аздаған талпыныс жасалды. Қарым – қатынас көбіне «Иә бұл солай», «Жоқ олай емес» деген бағытта жүзеге асты.

Орта бірлесуден гөрі, көбіне бәсекелестікке бағытталды. Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беріп отырдым. Таратпа материалдар, кеспе қағаздар беру арқылы оқуға қызығушылығын арттырдым. Оқушыларға көбіне «Семантикалық карта» бойынша мәтінді талдау ұнады. Өйткені олар Семантикалық карта ішіндегі сұрақтардың жауабын өздері тандап алды. Өзі тандаған сұрақтың қиын болуы да, оңай болуы да өз тандауларында болды. Оқушылар «Ұяшықтағы ұпайлар» ойыны бойынша сабақты пысықтау мақсатында сұрақты топпен талқылап жауап берді.

Кері байланыс алынып, ішкі уәждерін ескере отырып, ертеңгі сабақта нені? қалай? қайтіп? оқыту керектегін түсіндім. Менің түсінгенім: оқушылардың пікірлерінің құндылығы, топта жұмыс жасағанда бір-бірімен тығыз қарым қатынаста диалог орнайтындығы. Мен сабағымда «қалай оқу керектігін үйрену» модулін соның ішінде жаңа тәсілдердің көрініс тапқанын білдім. Әйтседе уақыт тапшылығына байланысты оқушылардың ашылмай қалған қырларын зерттеу менің алдағы мақсатым болды. Үздіксіз білім алудың басты қағидасы осы жеті модульмен тығыз байланысты екендігіне көз жеткіздім. Жеті модульдің бірі «қалай оқу керектігін үйрену» жұмыс жүргізгендегі жетістіктерім: сұрақ қойып, жауап беруге машықтанды. Өз ойларын еркін айтуға дағдыланды. Оқушылардың шығармашылық белсенділіктері және сын тұрғысынан ойлау әрекеттері бағаланды.

Сыныпта достық қарым-қатынас орнады. Пәнге деген қызығушылықтары артты. Нәтижелі білім алу үдерісі мұғалімдердің өздігінен меңгеріп, таныта білген білім дағдылары мен амал көзқарастарына зейін қойып, зерделей білген

білім модулдері аясында ғана жүзеге асады. Оқыту үдерісінің басында оқушылар не біледі? Оларда қандай қате ой түйіндері бар және бұны түзету үшін әр тапсырма орындалған сайын кері байланыс алып, оқушыларды іштей өзін-өзі реттеуге бағыттап отырдым. Егер мұғалім мен оқушының білім игерудегі бастау нүктесі өзара үйлеспейтін болса, онда оқуда табысқа жету күмәнді болады. Онда тіпті ең жақсы оқушылардың өздерінде де алған білімдерін есте сақтау қиындық тудырып, тестіден немесе емтиханнан өткеннен кейін мүлдем ұмытып қалады. Осыған орай, әр сабақта оқушыларға оқу үдерісінің барлық аспектісіне белсене қатысу керек; олар өздерінің болжамдары мен сұрақтарын тұжырымдайды, бір-біріне кеңес береді, өз алдына мақсат қояды, алынған нәтижелерді қадағалайды, идеялармен эксперимент жасайды және қателер – оқудың ажырамас бөлігі екенін түсіне отырып, тәуекелге барады. Оқушылардың алған ақпаратты есте сақтауының орташа пайызы; дәріс 0%, оқу 10%, аудио-визуалды қабылдау 20%, көрсетілім 30%, талқылау 50%, Тәжірибеде жасау 75%, өзгелерді оқыту 90%. (Бефель). Уақытты тиімді жеткізу үшін, оқушыларға берілетін тапсырмаларды азайтып, олардың сапасын көтеру керек.

Әр сабақта Блум таксономиясының алты деңгейіне сәйкес келетін алты тапсырма берудің орнына алты деңгейді қамтитын бір тапсырма бердім. Олай болу үшін тапсырмалардың барлығы да жоғары Талдау, Жинақтау, Қолдану немесе Бағалау деңгейлерінде болды. Тайм менеджментті жақсы қолдану керек: сабақ жоспарын әр минутына дейін нақтылап, соны міндетті түрде қадағаладым. Оқушыларды да уақытқа бағынуды үйреттім. Әр топта уақытты қадағалаушы болды. Тапсырманы аяқтауға берілген уақыт болған жұмысты тоқтатпау керек. Сонда ғана уақытты тиімді пайдалануға болады. Осындай талап қойып, оқушылар бірден жұмыс істеуге, тапсырманы уақытылы дұрыс орындауға, белсенділік танытуға дағдыланды. Осылайша оқушыларды өзін-өзі басқаруға, өздігімен жұмыс жасауға, бірін-бірі үйретуге, тексеруге үйреттім. Оларға еркіндік бердім, топтық жұмыс пен жұптық жұмыста өз пікірлерін білдіріп, өзара ақылдасып, сабақты бірлесе оқыды.

Мысалы менің екінші сабағымның тақырыбым: "Қазақы наурызнама" сабақты бастамас бұрын бірінші оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырдым. Мен сабағымды ребус шешуден бастадым. Тәтті кәмпиттерді тарату арқылы оқушыларды топқа біріктірдім. Әр топқа бөлек тапсырма беріп, оқушылар оны топ ішінде игеріп болғаннан кейін топ құрамдарын өзгертіп, оларға екінші топқа өз тақырыбында үйретуді ұйымдастырдым. (жигсо тәсілін қолдану арқылы). Оқушыларға «Даналық сөзден дән ізде» ойынын ойнаттым. Бірінші топ мақал-мәтелдің екінші жартысын жоғалтушылар. Екінші топ мақал-мәтелдің жалғасын табушылар. «Сөз асылы мақал» Ұсынылған мәтінді топ ішінде оқып, аударып, мәтін мазмұнына мақал-мәтел жазды. Оқушыларға топ ішінде суреттер берілді. Сол суретке қарап мақал-мәтел тапты. Оқушылар топ ішінде «Веен» диаграммасы арқылы, «Наурыз» сөзінің шығу тарихы мен «Наурыз» мерекесінің айырмашылығын салыстырып, түсіндірді. «3*3» тәсілі арқылы оқушылар бүгінгі сабақта үйренген Наурыз мерекесінің шығу тарихын үш оқушыға айтып берді. Оқушылар Наурыз - бірліктің мерекесі екенін топпен оқу арқылы, бірлік бар жерде тірлік бар екенін түсініп. «Наурыз - бірліктің

мерекесі» деген тақырыпта эссе жазды. Әр тапсырма орындалған сайын оқушыларға кері байланыс беріп, мақтау сөздер айтып, оқушыларды жігерлендіріп отырдым. Зерттеушілік әңгіме үстінде әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынды. Әркімнің идеясы бағалы деп саналғанымен, мұқият бағаланды. Оқушылар бір-біріне сұрақ қойып, айтқандарын дәлелдеді, осылайша әңгімеде дәлелдеме көрінді. Менің өз сабақтарымда кемшіліктер де кездесті. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» демекші, тәжірибелі әріптестерім сабақтарыма талдау жасап, кемшіліктерімді айтып, түсіндірді. Әрине, ол мен үшін қуаныш. Алайда, сабақтарымда кемшіліктер мен қатар жетістіктерге де қол жеткіздім. Алға қойған мақсатым кемшіліктерді жою, кедергіден шығу жолдарын іздей бастадым. Мен нені өзгерте аламын? Өз сабағымда дәстүрлі білім беруді, сындарлы оқытумен алмастырамын. Осы өзгерісті енгізу барысында өзіме мынындай мақсат қойдым.

Өткізілген сабақтар оқушылар үшін өте қызықты сабақтардың біріне айналды. Алғашқы сабақтар қарапайым тапсырмалардан басталды.

«Мұғалім ретінде бұл талапқа сай болу үшін ізденіп, шығармашылықпен жұмыс жасап, өмірдегі болып жатқан өзгерістерді тез ұғынып, тынбай еңбек ету керектігін түсіндім. Үшінші сабағымның тақырыбы: «Наурыз - уыз мерекесі». Сабақта «Алты қалпақ» әдісін қолдану арқылы оқушылардың сыни қабілеттерін байқағанды жөн көрдім. Оқушылар қалпақ түсіне қарай түрлі – түсті топқа бірігіп, түрлі-түсті конверттегі жұмбақтың шешуін тапты. Әр тапсырма сайын оқушылар бірін-бірі жетон арқылы, фишкалар арқылы бағалап отырды. Логикалық ойындар ойнады. «Ойлы болсаң ойлап көр» әдісі арқылы жұптасып сұрақ құрастырып, өздері құрастырған сұрақтың шешуін, келесі жұп шешті. Кумулятивтік әңгіме барысында байқалған жайлар. Айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әр қайысысы механикалық түрде келісе берді. Әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгендіктен оған қатысушылардың өзгелер ұсынған қандайда бір болсын идеяларды төзімділікпен тыңдады. Сабақ оқушыларға қызықты, көңілді өтті.

Мектептерде «Оқушы үніне» көңіл бөлуге баса назар аударылып келеді. Джин Раддок «Оқушы үнінің» белгілі жаратушысы ретінде «Оқушылармен пікірлесудің мақсаты – оқушының көзқарасы тұрғысынан оқудың не екенін түсіну, жекелеген оқушылар мен топтар үшін оқуды қалай жақсарту» екендігін жазды. «Қалай оқу керектігін үйрену» бойынша жүргізілген ауқымды зерттеу барысында Кембридж университетінің зерттеушілері «Оқушы үні» жобасы бойынша жұмысқа тартылды. Ол жобаның мақсаттары ;

- Оқушының оқыту мен оқу туралы пікірін ескеру;
- Оқушылардан кеңес алудың әдіс-тәсілдері бойынша, мұғалімдерге арналған нұсқаулық әзірлеу.
- Мектепте ашық және қауыпсыз диалог құрудың проблемалары мен мүмкіндіктерін анықтау болатын.

Мен сабақ соңында стикерлерге оқушы үнін жаздырып, оқушының пікірін тыңдап, оқушының да пікірі маңызды екенін ескеріп, оқушылардың өзіне сенімділігін қалыптастырып, келесі сабағымды жоспарладым.

Қорыта келгенде, оқуға үйрету оқушылардың қалай ойлайтынын әрі қарай қадағалау, бағалау, бақылау және өзгерту, қабілетін дамытудан тұрады. Олар өздері оқудың әр-түрлі әдістерін түсіну арқылы, сұрақ қоя отырып, қателесе отырып өздігінен білім алуға үйренеді. Кері байланыс алу арқылы, қате пікірлерді іштей түсінуіне әр – түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып нәтижеге жеттім. Мен сабағымның барысында осыған көз жеткіздім.

Пайдаланған әдебиет

1. Asher, J. (1986) *The Total Physical Response Method For Second Language Learning* / Екінші тілде оқытудағы «Тыңдау – Көру - Орындау» тәсілі/.
2. Berg, C. (1999). *The effects of trained peer response on ESL students revision types and writing quality* /Екінші тілді үйренуші оқушының жазылым түрлері мен сапасын қайта қараудағы білікті әріптесінің жауабының әсері/. *Journal of Second Language Writing* 8
3. Black, V. and Eaton, R. (2011), *Developing teaching and learning: The textbook for the Cambridge International Certificate for teachers and trainers* /Оқу мен оқыту деңгейін дамыту. Мұғалімдер мен тренерлерді Кембридж халықаралық сертификатын алу үшін даярлауға арналған оқулық/.
4. Rata, E. (2012). *The politics of knowledge in education* /Білім берудегі білім саясаты/
5. Burkill, V. and Eaton, R. (2011). *Developing teaching and learning: The textbook for the Cambridge International Certificate for teachers and trainers* /Оқу мен оқыту деңгейін дамыту. Мұғалімдер мен тренерлерді Кембридж халықаралық сертификатын алу үшін даярлауға арналған оқулық/. Cambridge: Cambridge University Press

ОҚУШЫЛАРҒА САРАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫН БЕРУ АРҚЫЛЫ ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН БІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Шертаева Гүлсара Жақсылыққызы

Шымкент қаласы

№ 52 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Аннотация

Қазіргі заман талабына сай білім беру үшін бүгінгі таңда оқытудың мазмұнын өзгерту, білім сапасын арттыру қажеттілігі туындап отыр. Осыған байланысты білім берудегі бірыңғайлықтан бас тартып, көп нұсқалы білім алу жүйесіне бет бұрып тұрған жағдайда оқушылардың топтық ерекшелігімен қоса жеке танымдық ерекшелігін ескеріп, саралап оқытуды ұйымдастыру. *Оқу*

материалын игеру үдерісінде оқушыларды белсенді ойлау және практикалық әрекетке итермелейтін әдістер. Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімдерді баяндауына, оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес, оқушылардың белсенді ойлау және практикалық әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы және дамуы оқытудың

алдына оқушыларға білім ғана беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың, өз бетінше ақыл-ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етуімен байланысты.

Білімділік мақсат: тақырып бойынша ғылыми-теориялық зерттеу негізінде тұжырымдар жасау, оның қорытындысын саралау, білімді меңгеруде дамыта оқытудың соны әдістерін анықтау, сабақ беру барысында талдау, саралау, болжау әдістерін тиімді қолдану.

Білім сапасын арттыру: білім беруде теория мен практика үндестігін сақтау, оқыту бағдарламасына сәйкес қажетті оқу материалдарымен қамтамасыз ету, білім беруде пайдаланылатын соны техникалық оқу құралдарымен толық жабдықтау.

Оқушылардың білім алуын басты қағидат ретінде ұстана отырып, мұғалімнің оқу-әдістемелік шеберлігін жетілдіру, оқушылардың білім алу іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру. Мектепте оқыту теориясын практикамен ұштастыра жан бітіретін мұғалімнің әдістемелік білім-білік дағдыларын іс-әрекет объектісіне айналдыру қажет.

Сабақ өту барысында мұғалім оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын оята отырып, олардың енжар қалмай, белсенді түрде сабақты меңгеруге талпынысын ояту. Білім берушінің теория мен практиканы ұштастыра отырып берілген білімнің сапас іс-әрекеттерді баса назарда ұстауы қажет.

Сабақ мынадай кезеңдерден тұрады: білім берудің мақсаты, білім беруді жүзеге асыруда ғылыми-әдістемелік әдіс-тәсілдерді тиімді таңдау.

Білімді меңгеруді іске асыру, оның орындалуын бақылау, орындау барысындағы қажеттіліктерді тиімді шешу арқылы оқушылардың білімін бағалау. Оқушылардың білімін бағалауда қателерін түзету, іс-тәжірибе түрінде дәлелдеп көрсету, түсіндіру жұмыстары баса назарда болуы қажет. Оқушылардың өтілген сабақты жете меңгеруі үшін олар сабақты түсіндіру барысында бар ынта-шынтасымен тыңдауы керек, теория мен практиканың ерекшеліктеріне баса назар аудару қажет, білім беруші оқушының жаңа сабақты меңгеруіне қызығушылықтарын оятатындай әдіс-тәсілдерді жас ерекшеліктеріне қарай таңдап алуы тиіс.

Оқушыларға саналы да сапалы білім беру үшін мұғалім оқытудың активті-интерактивті тәсілдерін, заманауи әдіс-тәсілдерді оқушының жас ерекшеліктеріне қарай таңдап ала отырып, оны жеткізудің тиімді жолдарын жіті меңгеруі керек. Оқушылар жаңа сабақты меңгергенде танымдық-тағылымдық мәні бар дағдыларды анықтау барысында ғана өздігінен білім алуға деген нық қадаммен талпыныс жасауға итермелей алады.

Білім берушінің басты назарға алатын негізгі міндеті болып саналатын оқушының білімін арттыру мәселелеріне мыналар жатады:

Сабақтың ұйымдастыру кезеңіндегі берілетін білімнің негізгі мақсаттары мен міндеттерін айқындау. Өтілетін тақырып бойынша қандай іс-әрекеттер жасау керек, оны қалай іске асыру керек деген мәселеге қатысты іс-әрекеттерді нақтылау. Оқушылар жаңа білімді меңгеру барысында қандай бағытта жұмыс жасау қажеттіліктері анықталып, оларды іске асыратын қажетті материалдық

жабдықтарды дайындау. Әрине, ол іс-әрекеттердің барлығы да оқушының жас ерекшеліктерін баса назарда ұстау қажет.

Оқушы ұсынылған көрнекіліктер негізінде жаңа тақырыпты байыппен бақылап, байқап, тапсырмаларды орындағаннан кейін меңгерілген білімді бөліп алуға болады. Ережеге негізінде орындалған жаттығулардың сәйкестілік жолын, орындалу ерекшеліктерін, ереже бойынша қандай нәтиже шыққандығын айқындайды.

Мұғаліммен бірге орындалған жаттығуларды егжей-тегжейлі саралап, меңгерілген теория мен практиканың сәйкестілігі нақтыланады.

Ұсынылған материалды рет-ретімен меңгеру барысында оқушылардың қызығушылығы, меңгеруі, есте сақтай отырып ары қарай алып кету қағидаттарының амал-әрекеттері белсендіріледі. Сол себепті де жаңа сабақты түсіндіру барысында оқушының қаншалықты меңгергендігі берік білімнің тетігі болып табылады.

Жаңа сабақты өту кезінде ең алдымен оқушының сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру жолдары басты назарда болуы қажет. Себебі, біз қызығушылық тудыру арқылы оқушыны шығармашылық ізденіс жұмыстарына бағыттай аламыз. Мұндай көрсеткішке қол жеткізу үшін оқушылардың білім деңгейі мен жаңашылдықты қабылдау дәрежесін бақылай отырып, соған сәйкес сабақта берілетін білімнің құрылымын нақтылап аламыз, белгілі бір бағытта оқушыны тиянақтылыққа, зейін сала отырып тыңдауға және оқушының ой-түйсігіне сәйкес қарапайым тілде, нақты әрі ықшам түрде меңгеруін бақылауды негізгі ұстанымдардың бірі ретінде бекіту керек. Жаңа сабақта берілетін материал мен өтілген сабақтың мәліметтерін өзара байланыстыра отырып, миға шабу тәсілі негізінде сұрақтарды оқушылардың білім деңгейлеріне сәйкес қоя отырып, берілген білімнің есте қалу мүмкіндіктерін ұлғайту. Осы тұста, оқушыларды бір сарынды теориялық білім беру негізінде жалықтырып алмас үшін түрлі ойын түріндегі дидактикалық материалдарды орынды пайдалану арқылы оқушылардың өз бетімен шығармашылық жұмыс жасауына ынталандыру қажеттілігі айқындалады.

Қазіргі таңда, білім беру жүйесінде тесттік бақылау жұмыстары көптеп пайдаланылуда. Бұл тесттік жүйе оқушының есте сақтау қабілетін нақты бір арнаға бағыттай отырып, біліміндегі кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылардың өз бетінше орындайтын виртуалды тапсырмалары арқылы да олардың жеке-дара іс-әрекеттерін, тығырықтан шығу жолдарын анықтау үшін ойлау қабілетін шығармашылық белсенділіктерімен байланыстыра отырып білімін арттыру. Виртуалды тапсырмалар арқылы оқушы білімінің тек сабақ уақытымен ғана шектеліп қалмай, сабақтан тыс уақытта да қызығушылығын ояту төңірегіндегі мәселелерді көтере отырып, белгілі бір шығармашылықпен айналысуына бағыт-бағдар беру қажет. Сол арқылы біз оқушылардың қаламынан туындаған тың туындыларды көре аламыз деген үміттеміз.

Тапсырмаларды орындау жолдарын меңгеру үшін сөйлемнің құрылымын, қалай байланысып тұрғандығын анықтау жолдарын үйрету қажет. Белгілі бір жаттығуды орындамас бұрын, оның орындалу тәртібіне, ережелеріне шолу жасау керек. Оқушылар кез келген жаттығуды орындауда ол сөз құрамына

талдау болса да, сөйлем мүшесіне талдау болса да немесе фонетикалық, синтаксистік талдаулар болса да, оның орындалу жолдарын айқындап алып, ішінде ең тиімдісімен ғана жұмыс жасауға дағдыланған, ал оны іске асырудың басқа да жолдары барын іздестіріп, сол арқылы жұмыс жасауға талпынбайды да. Осы бағытта мұғалім түрлі әдіс-тәсілдер негізінде жаттығуды орындауға болатынын оқушыға түсіндіріп, оларды бағыттап отыру қажет. Кез келген сөзді құрамына қарай талдау, оның іске асу түрлері мен қағидаттарын анықтап алу қажет. Қағидаттарды анықтау үшін оқушы өтілген тақырыптың теориялық жағын терең меңгеруі тиіс.

Өзіндік жұмыс оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, логикалық ойлау, шығармашылық қаблеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Мұғалім сабақта әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс-тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып, қабілеті әртүрлі балалардың ортасынан қаблеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан-жақты тану, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыруға негізделеді. Оқушыға өзіндік жауап жұмысын жазуға итермелеу оларға өздерінің мықты тұстарын және білім алудағы ыңғайлы тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді. Сабақтарда оқушыларға тапсырма түрлерін таңдауды ұсыну тиімді. Егер оқушылар түсініктермен жұмыс істеп жатқан болса, оларға, мысалы, білімді өзіндік қабылдауына визуалды интерпретация, көрініс не сөз сөйлеуге сценарий жазу немесе бірқатар сұрақтарға жауап беру деген сияқты тапсырмалардың біреуін таңдауға мүмкіндік беру. Оқушылардың шағын топтарымен жұмыс істеу - бұл мұғалімдерге әрбір оқушының нақты қажеттіліктерін қанағаттандыруға және мақсатты кері байланыс беруге мүмкіндік беретін дифференциация стратегиясы

Заманауи білім беру жүйесінде жас ұрпақты білім алуға қызығушылығын оята отырып, саналы, білімді ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Бұл мәселені шешуде ана тілінің алар орны ерекше. Білім нәрін ана тілімен сусындандыра отырып, білім алушының пәнге деген қызығушылығын, ынта-жігерін ояту негізінде заманауи білім беру. Пән бойынша берілетін мәліметтерді шынайы өмірмен байланыстыра отырып түсіндіру, мысалдар келтіру оң нәтиже берері хақ. Бұл нәтижеге жету үшін сабақ өту барысында әрбір оқушының қызығушылығын, көзқарасын, өзіндік ерекшеліктерін анықтап, оны дұрыс бағытта қолдана білу қажет. Қорыта айтқанда, болашақтың бәсекесіне қаблетті ХХІ-ғасыр шәкіртін тәрбиелеу білім беру саласының еш назарынан тыс қалған емес. Соған сай әр ұстаз - ХХІ ғасыр мұғаліміне сай болу үшін - ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, жан-жақты шебер, тынымсыз еңбекқор, терең қазыналы білімпаз, гуманист, белсенді патриот болғанда ғана қоғамның мықты да білікті, жоғары мәдениетті, жан-жақты дамыған, шығармашылығы жоғары деңгейлі жеке тұлғаны қалыптастырып, тәрбиелейтінімізге нық сенім білдіремін.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Кобдикова Ж. Орта мектеп білім алудағы технологияландыру (саралап деңгейлеп оқыту) 2002 жыл
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы: Ана тілі, 1998 ж.
3. С.Мираситов Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде.
4. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері. Қарағанды, 2011 ж.
5. М.Рахымбаева Оқыту мен оқулықтағы сыни сұрақтардың танымдық және метанымдық рөлі. Астана, 2018 ж.
6. Қ.Р. білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
7. Білім технологиялары Алматы. 2009ж.

САРАЛАП ОҚЫТУ ТӘСІЛІНДЕГІ ТЕРЕҢДЕТУ ПРИНЦИПІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Шымкент қаласы, А.П.Чехов атындағы № 21 жалпы орта білім беретін мектебі

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Нуржанова Улту

Қазіргі таңда оқушы нақты білімді тиісті деңгейде қолдана алмаса, ақпарат қажеттілігін жойып, бірте-бірте ұмытылуы мүмкін. Мектеп, ЖОО бітірген түлек қоғамда тиісті мәселені шеше алмайтын, өзіндік ойлау, талдау жасамайтын жай ақпаратты толық игерген маман ғана болатын. Қазіргі жаңа технологияның орнын кейін басқа да тәсілдер алмастыруы мүмкін. Оқыту жүйесіндегі басты бағыт - жеке тұлғалық қасиетке бағытталған білім беру жүйесі. Сондықтан оқыту процесі мазмұнды және іс-әрекетке бағытталуы тиіс, оған қоса қолжетімді және қызықты болуы шарт.

Саралап оқытудың тереңдету принципін жүзеге асыру кезде бастапқы теориялық мәліметтер қажеттілігі байқалды. Даму психологі және Гарвард университеті жанындағы білім берудің Жоғары мектебінің білім беру профессоры Говард Гарднер ойлауды лингвистикалық, логика-математикалық, музыкалық, дене-кинестетикалық, кеңістік, тұлғаралық, тұлғашылық және табиғат зерттеуші деп сегізге жіктеген. Бұл оқушыларды қабілеттері бойынша бөлу үшін өте маңызды, яғни сәйкесінше оқушылардың оқуы, ақпаратты есте сақтауы, тапсырмаларды орындауы мен түсінуі әртүрлі деңгейде. Оның айтуынша, егер мұғалім оқыту мен бағалаудың түрлі әдіс-тәсілдерін пайдаланса, оқушылардың білім сапасы жақсарды. Бұл көп оқушыны қамтып, олардың мазмұнды игеруін жақсартады.

Мектепте гуманитарлық пәндерде әртүрлі қабілетпен, дайындық деңгейімен келіп отырған оқушыларға сабақ бере отырып, «өз шәкірттеріме не үйретемін?» сұрағын жиі қоямыз. Өз алдымызға келген оқушыларға жаңа ақпаратты меңгертіп қана қоймай, оған қоса сол ақпаратты басқа, тиімді жолмен ұсына отырып, өмірмен байланыстыруға да болады. Әрбір оқушыға кез-келген

ақпараттарды тиімді түсіндіруге болады. Алайда оқушы тілін табудың ең тиімді жолы – бұл дәстүрлі әдіс-тәсілдермен қатар, жаңа тиімді әдістерді кең қолдану. Соның ішінде сыни ойлау дағдыларын дамытатын тәсілдерді ерекше атауға болады. Осыған орай саралап оқытудың тереңдетілген принципі бойынша сабақты қалай жоспарлауға болады, оқытудың қандай стратегияларын қолданған жөн, қалыптастырушы бағалауды қалай тиімді жүзеге асыруға болады деген сұрақтар туындады. Сондай-ақ алдымызда «Тереңдетілген принциптің тиімділігі неде?» деген басты сауал тұрды.

Зерттеу аясында 2 сабақ өткізілді. Бірінші сабақ қазақ тілі пәнінен өтсе, екінші сабақ Қазақстан тарихы болды. Әр сабақтың жоспары шығармашылық топтың талқылаулары негізінде құрылды, сәйкесінше сол топтың мүшелері сабаққа бақылау жүргізіп, соңында сындарлы ұсыныстар берді.

1-зерттеу сабағына «Суға қатысты ырымдар мен тыйымдар» тақырыбы алынды. Оқу мақсаты ретінде «8.ӘТН4.3. Шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану» таңдалды.

Сабақты жоспарлаған кезде мұғалім сабақта бағалауды тиімді жүзеге асыруда қиындықтармен кездесті. Бағалауды жоспарлау кезінде әр тапсырмадан кейін кері байланыс беру қажеттілігі туады. Алайда тереңдетілген принцип бойынша оқушылар орындап болған тапсырмадан кейін келесіге көшеді, ал оқушылардың тапсырмаларды орындау жылдамдығы әр түрлі. Мұғалім тапсырманы орындап болған бірінші оқушының жұмысына кері байланыс беріп жатқан кезде екінші оқушы орындап болу мүмкін, екіншіден кейін үшіншіс, үшіншісінен кейін төртінші, т.с.с. Сыныпта 19 оқушы болғандықтан, әр оқушыға кері байланыс беру сапасы төмен болады, тіпті кей оқушылардың жұмысы бағаланбай қалады деген қауіп болды. Сондықтан мұғалім сабақта топтық жұмысты ұйымдастыруды ұйғарды.

Сабақтың басында мұғалім оқушыларға шылаудың 5 белгісін кезек-кезек көрсетіп оны жасырды. Деңгейі жоғары оқушылар 2-тұжырымнан кейін-ақ шылау екенін тапты. Орта және төмен деңгейлі оқушылар 5-тұжырымнан кейін сабақтың тақырыбы шылаумен байланысты екенін түсінді. Мұғалім сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты мен бағалау критерийлерін түсіндіріп болған соң, мағынаны тану мақсатында әр оқушыға шылау түрлерінің ережесі берілді. Оқушылар мәтінді «Speed dating» стратегиясы арқылы меңгерді. Бұл мәтінді тез әрі сапалы меңгеруге мүмкіндік берді.

Ережені талқылап, шылаудың түрлерін анықтағаннан кейін, саралап оқыту басталды, яғни топтар тапсырмаларды өз деңгейлері бойынша орындады. Бірі ерте аяқтап, келесі тереңдетілген тапсырмаға көшсе, кейбір топтар белгілі бір тапсырмаларды орындауда қиналды. Нақтылап айта кетсек, 2-тапсырма Блум таксономиясы бойынша құрылды. Білу, түсіну деңгейі бойынша топтар берілген шылауларды түрлеріне жіктеді. Топтар бұл тапсырманы жоспарланған уақытта орындай алмады. Бұған себеп – сөздердің көп берілуі. Сондай-ақ шығармашылық топпен талқылағанда, алдыңғы жаттығуда ережені талдағанда, мысал сөздерді қосуға ұсыныс берілді. Бұл тапсырманы орындап болған топтар келесі қолдану деңгейіндегі тапсырмаларға көшті. Атап кететіні, барлық топтар бұл тапсырманы бір уақытты аяқтамады, сондықтан мұғалім әр топтың жұмысына кері байланыс және келесі тапсырмаға нұсқаулықты беруге үлгерді.

3 және 4-тапсырмаларда топтар меңгерген шылау сөздерді берілген мәтіндегі бос орындарға мағынасы бойынша дұрыс орналастыруы және мәтінде шылауы кездеспейтін 3 сөйлемді шылау сөзді қосу арқылы өз сөзімен қайтадан жазу (перфираз жасау) керек болды. Осы орайда бағалауда қиындықтар туды. Мұғалім топтардың жұмысына өзінің тарапынан кері байланыс беруді жоспарлады, алайда 3-тапсырманы аяқтап болған топтармен қатар 2-тапсырманы тәмамдаған топтар да бағалауды қажет етті. Бұл жағдай мұғалімнен мобильді жұмыс жасап, тез кері байланыс беруді талап етті. Шығармашылық топтың ойынша, барлық жұмыстарға тиімді кері байланыс беріліп, сындарлы ұсыныстар айтылды.

5-тапсырмада топтар талдау және баға беру деңгейі бойынша 3 сұрақтың бірін таңдап, 40-50 сөзден тұратын жазба жұмысын жазу жоспарланды. Бұл тапсырманы 5 топтан 2-еуі орындаса, қалғандары білу, түсіну, қолдану деңгейіндегі жаттығуларды толығымен орындап шықты. Сабақ «БББ» рефлексиясымен аяқталды. Рефлексия парағын саралағанда барлық оқушылар тапсырманы орындау барысында шылаудың барлық түрлерін меңгере алғандығын және сабақта өзін қолайлы ортада сезінгенін көрсетті.

Әдетте дәстүрлі қазақ тілі сабағында топтарға тапсырма берген кезде барлығына бірдей уақыт беріледі. Уақыт аяқталған соң топтар өз жұмыстарын ортаға шығып қорғап, мұғалімнен не сыныптастарынан кері байланыс алады. Осы орайда кей топтар тапсырманы тез, ал кейбіреулері баяу орындауы мүмкін. 1-зерттеу сабағында саралап оқытудың тереңдетілген принципін қолдану нәтижесінде жоғары және орта деңгейлі оқушылардың қажеттіліктері ескерілді. Әр деңгейдегі оқушылар тапсырманы сапалы орындады. Шығармашылық топ тарапынан білу, түсіну, қолдану деңгейінде бағалау кезінде тапсырманы орындап болған топтарға шығарылған дайын жауаптарды беру ұсынылды. Себебі сабақтың бұл кезеңінде жеке бағалау толығымен өз қызметін орындап, мақсатына жетеді деген болжам бар.

Әрбір оқу мақсатына тиісті бағалау критерийлері ұйымдастырылды. Бағалау критерийлері: барлығы, көпшілігі, кейбірі орындай алатын деңгейге бөлшектеп ұсынылды. Тереңдету принципі бойынша өткен аптада қазақ тілі сабағына қатыса отырып, келесідей қорытынды жасалды: тереңдету принципі негізіндегі әдіс-тәсілдердің басым бөлігі жұптық және жеке жұмыс орын алған жағдайда тиімділігі, нәтижесі көрініс табады. Өйткені қазақ тілі пәнінде оқушылар топқа бөлінгендіктен, саралап оқыту тәсілінің тиімділігі нақты көрініс таппады. Оған қоса, бағалауда бірнеше кедергілер орын алды.

Сабақтың бастапқы бөлігінде оқушылардың қызығушылығын арттыратын тапсырма барлығына ұсынылды. Тақтаға Қазақстан картасы түріндегі сурет және бағыттаушы сұрақтар берілді. Сурет алдыңғы сабақта көрсетілгендіктен, оқушылардан «Неліктен өткен сабақтағы карта қайтадан көрсетіліп тұр?» сұрағы қойылды. Оқушылар өткен сабақпен байланыстыра отырып, жана тақырыпқа болжам жасады. Тапсырманың ұтымды жағы сынып оқушыларының барлығының қатысуы, алайда, сұрақты тез түсінген, қабылдаған оқушылардың жауабы айтылған уақытта қалған оқушылар өз жауаптарын ұсынудан бас тартты.

Сабақ тақырыбы, оқу мақсаты, бағалау критерийлері таныстырылғаннан кейін, дескрипторлар оқушылармен бірге құрастырылды. Өздеріне қолжетімді дескрипторларды құра отырып, оқушылардың белсенділігі осы тұста арта түскендігі анықталды. Тиісті дескрипторлар нақтыланғаннан кейін, бағалау критерийлерінің барлығы, көпшілігі, кейбір секілді сөз тіркестеріне назар аудартамыз. Тиісті критерийлерді орындау үшін оқушыларға 4 басты тапсырма ұсынылып, тапсырмалардың мазмұнын қарапайымнан күрделіге қарай тереңдетілетіндігі ескертілді. Әрбір тапсырманы орындауға тиісті уақыт, бағалау құралдары да ұсынылды. Оқушылар алдымен, жұптық кейін жеке жұмыстар орындады.

Тапсырманы оқушылар уақытылы орындағанымен, тиісті нәтижеге қол жеткізген оқушылар саны 4-еу болатын. Ал бастапқы тапсырманы барлық 12 оқушы бірдей деңгейде орындады. Басқару жүйесінің тірек-сызбасын толықтырғаннан кейін, әрбір оқушыға дайын жауабы ұсынылды. Оқушы дайын жауап арқылы өз жұмысын тексере отырып, кейбір қателіктерді анықтады. Қателіктердің басым бөлігі асығыстықтан, тапсырмаға ұсынылған мәтіндік ақпаратты толық түсінбегендіктен орын алды. Тапсырманың ұтымды тұсы оқушыға графиктік-органайзер арқылы өз ойларын жүйелі, нақтылы түрде ұсынудың тиімділігі анықталды. Графикалық органиайзерлер – оқушылардың ақпаратты тиімді түрде талдау, есте сақтау және қолдану үшін қағаз бетіне (немесе компьютерге) тиімді түрде түсірудің әдіс-тәсілдері.

Оқушы алдыңғы тапсырманы толық орындап, тиісті қателіктерін жойып, түзету жұмыстарын жасағаннан кейін, келесі тапсырманы орындауға көшті. Сыныптағы 12 оқушының 6-уы келесі тапсырманы орындады. Қалған оқушыларға қателіктерін түзету үшін тағы да 5 мин уақыт берілді.

Әрбір оқушы өз жауабын ұсына отырып, қалған оқушылармен идеясының ұқсастығы қарастырылды. Тапсырма жоғарғы деңгейдегі ойлау дағдысына бағытталған. Сондықтан сыныптың барлық оқушыларының осы тапсырманы орындай алмауы орынды деп есептейміз. Тапсырманы орындауын талдай келе, оқушылар өз қабілеттеріне қарай ұқсастықтары мен айырмашылығын анықтағанымен, тиісті толық, аргументтелген жауап ұсына алмады. Берілген дескрипторда ұқсастық пен айырмашылықтың саны жазылғанымен, қандай көлемде, мазмұны қандай болу керек? міне осы тұрғыдан алғанда оқушы жұмысында қателіктер орын алды. Тапсырманың ұтымды тұсы венн диаграммасы арқылы нақты білім деңгейі анықталып, тексерілді. Оған қоса жұмыс тиісті уақытта орындалды. Алайда, анықталған ұқсастықтар мен айырмашылықтардың толық жауабының болмауынан 6 оқушының 3-уі ғана келесі шығармашылық тапсырмаға жіберілді. Сонымен 3 оқушы 3 тапсырманың қателіктерін түзету жұмыстарын жүргізсе, қалған 6 оқушы 2-ші тапсырмаларын аяқтап, 3-ші тапсырманы орындай бастады. 3-ші тапсырманы аяқтаған 3 оқушы шығармашылық тапсырманы орындауға көшті. Тапсырмада оқушы тиісті мәтіндегі сот жүйесіндегі өзгерістерді талдай отырып, «сот жүйесі қалай өзгерді?» сұрағына жауап іздейді. Халық сотының қызметімен таныса отырып, интерпретацияланған тарихи деректі арқылы «Смағұлдың ісін шеш» ситуациялық мәселені шешеді. Мәселені шешуде оқушылар тиісті аргументтер келтіре отырып, ойды толық дәйектер арқылы дәлелдейді.

Тапсырманы орындаған 3 оқушының 2-уі толық деңгейде өз ойларын ұсына білді. Аргументтерді нақты көрсетті, ал 3-ші оқушы мәселені жай сипаттау арқылы шешті. Сондықтан, өз жауабын толық негіздей алмады. Тапсырманың ұтымды тұсы, шығармашылық, өзіндік шешім қабылдайтын түрде берілуі. Алайда, тапсырманы оқушылардың барлығы дерлік орындай алмауы, жеке субъективтік көзқарастың басым болуы, нақтылы тарихи деректерге сүйене алмауы – оқушының тарихи дерекпен жұмыс жасауда белгілі бір кедергілердің орын алатындығын көрсетеді.

Сонымен 8-сынып оқушыларына тереңдету принципі негізінде өткізілген сабақта оқушылардың барлығы 1 және 2 бағалау критерийлерін орындау арқылы толық сабақтың 2 мақсатына қол жеткізді. Ал кейбірі 3 бағалау критерийін, тек бірнешеуі ғана 4 бағалау критерийлерін орындауға қол жеткізді. Жалпы тереңдету принципі бойынша өткізілген сабақтың кейбір тұстары оқушы үшін тиімді болғандығы анықталды. Мысалы: тапсырмаларда бағалау тәсілдерінің әртүрлі болуы (өздік, өзіндік, жұптық, мұғалім бағалауы), тапсырмаларды орындай алмаған жағдайда қатемен жұмыстың орын алуы, тиісті тапсырмалардың қарапайымнан күрделіге қарай бағытталуы нақты көрсетілді. Оқушылар тапсырмаларды графиктік органиайзер түрінде жүйелі түрде ұсынылғандығын баса көрсетті. Алайда берілген бағалау критерийлеріне сыныптағы барлық оқушылардың қол жеткізе алмауының да өзіндік себептері бар. Мысалы: мұғалім тарапынан толық түсіндірмелік жұмыстың жүргізілмеуі. 1-бақылаушы мәлімдеуінше, оқушы мұғалімнің тапсырманы қалай орындау қажеттілігін дұрыс түсінбегендіктен, толық өз қабілеттерін көрсете алмай, тиісті тапсырмалардан қателіктер жіберді. Оған қоса оқушылар топтық жұмысқа бейімделіп, жазба, жеке жұмыстарда ортақ мәселені талдауға аса көп мән бермеді.

Сабақ соңында мұғалім оқу мақсаттары мен бағалау критерийлеріне қайта оралып, қорытынды жасаған уақытта оқушының қаншалықты деңгейде тапсырманы орындай алғандығы анықталды. 2-бақылаушының пікірінше, тапсырма санын азайтып, берілетін уақытты, арнайы қатемен жұмысқа, бағалауға көбірек бөлген жағдайда, мүмкін тиісті тапсырмаларды барлық оқушылар орындап, сабақ тақырыбы бойынша қорытынды жасауға толық уақыт жеткілікті болар еді. 3-бақылаушының пікірінше, берілген тарихи дереккөздерді оқушы қабілетіне емес, жас ерекшеліктеріне қарай өңдеп, ықшамдап, қысқартылған күйде бергенді жөн деп тапты. Өйткені мәтінді талдауға, график-органиайзерлермен жұмыста оқушылардың біразы кедергілерге тап болды.

Екі зерттеу сабағы нәтижесінде гуманитарлық пәндерде саралап оқытудың тереңдетілген принципін қолдануға арналған келесі ұсыныстар айқындалды:

- Сыныпта жеке немесе жұптық жұмысты ұйымдастыру;
- Жеке бағалау жұмыстарын ұйымдастыру;
- Орындауға тиісті тапсырмалардың нұсқаулығы мен дескрипторларын сабақтың басында айтып түсіндіру.

Сондықтан осы ұсыныстарды есепке ала отырып, алдағы уақытта сабақта саралау әдісінің тереңдету принципінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді сабақ жоспарын құрастыруды алға қоямыз деп ойлаймыз. Алдағы

уақытта саралап оқытудың басқа да принциптері бойынша оқушы қабілетін ескере отырып, үнемі қолдау көрсету, жан-жақты дамыту, зерттеуге бағыттау арқылы өз пәніміздің тиісті оқу мақсатын меңгертіп қана қоймай, зерттеушілік дағдыларын қалыптастырып, қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік аламыз деген сенімдеміз.

Пайдаланылған ресурстар:

1. Дулама Мария Элиза. Кластеры как форма организации мышления. //lib. 1september/ruhtm
2. Gardner, Howard (1983), *Frames of Mind: The Theory of Multiple Intelligences*, Basic Books, ISBN 978-0133306149
2. Жампеисова М.М. Технология модульного обучения. Актөбе, 1999, С.129
3. Загашев И.О., Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В. Учим детей мыслить критически.- СПб: Изд-во «Альянс-Дельта», 2003.
4. Загашев И.О. Новые педагогические технологии в школьной библиотеке: образовательная технология развития критического мышления средствами чтения и письма // lib. 1september/ru. 2004/17/15. htm-35к.
5. Кобдикова Ж. Орта мектепте білім алуды технологияландыру (саралап деңгейлеп оқыту). 2002, 27 б.

САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН ТҮРЛЕРІ, ТИІМДІЛІГІ

Балабекова Канзат Исаққызы

№42 Хамза атындағы ЖОМ, Шымкент қаласы

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған көкейтесті мәселелерінің бірі білім сапасын арттыру, оның әдістемесін жетілдіру жас ұрпақтың тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау. Осыған сәйкес бүгінгі күн талабы — баланың ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, тілін дамыту, заман талабына сай оны жүйрік етіп тәрбиелеу.

Саралап оқыту - бұл білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүргізіледі. Біз қарастырып отырған саралап оқытудың теориялық негізін Л.Выготский, А.Леонтьев, Б.Ананьев, С.Рубинштейн т.б ғалымдар жасаған. Ал, бастауыш мектеп кезеңіндегі саралауға байланысты мұғалім әрекеттерін В.Давыдов, Л.Занков, Ш.Амонашвили т.б зерттеулерінде қарастырылған [1].

Бүгінде білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында мұғалімдердің тәжірибесінде көптеген өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістер мұғалім тәжірибесін дамытуға бағытталған. Осылайша жоспарлау және оқытуда саралаудың маңыздылығы артуда. Саралап оқыту (дифференциация) латын тіліндегі «difference» сөзінен бастау алған және біртұтас затты түрлі бөліктерге, нұсқаларға, сатыларға бөліп жіктеуді, саралауды білдіреді, ал француз тілінде «differentiation» айырмашылық, ерекшелік дегенді білдіреді.

Саралап оқыту дегеніміз - мұғалім оқу үдерісінде маңызды болып табылатын белгілі бір ортақ ерекшеліктеріне қарай топтастырылған оқушылар тобымен (гомогенді топ) жұмыс жүргізетін оқу үдерісін ұйымдастыру түрі. Ол оқу үдерісін оқушылардың әртүрлі топтары үшін бейімдеуге мүмкіндік беретіндей етіп құрылған жалпы дидактикалық жүйенің құрамдас бөлігі. Оқушылардың оқу талаптарына сәйкес оқыту үдерісін реттеуді, олардың тиімді оқуына мүмкіндік беретін кішкентайдан үлкенге дейін өзгерістер енгізуді жүзеге асырады. Оқу бағдарламасын әр түрлі жолмен жүргізе отырып, дағды, білім, түсінік және сан алуан тапсырмаларды берудің әр түрлі жолымен келетінін көрсетеді. Оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, оған сәйкес жоспарлайды және олардың білімдерін кеңейту үшін жеке тұлғалардың не оқушы топтарының әр түрлі қабілеттіліктеріне сай жұмыс береді.

Саралап оқытудың негізгі түрлерінің бірі даралап оқыту болып табылады, сондықтан авторлардың көпшілігі «саралап оқыту» туралы түсінікті «даралап оқыту» (оқушының белгілі бір ерекшеліктерін, қасиеттерін ескеру) ұғымымен тығыз байланыста қарастырады, бірақ әртүрлі анықтама береді (тәсілі, түрі, кешені, топтастырылуы, құралдарына қарай және т.б.).

Оқытудағы саралау мәселесі ХХ ғасырдың 20-шы жылдары қолға алына бастаған. Бұл кезеңде кеңестік және шетелдік педагогикада оқуды жеке даралау және саралау саласында белсенді жұмыстар жүргізілген.

Дайындық деңгейі бойынша саралау - оқушылардың нақты білімдерді, түсініктерді және дағдыларды меңгеруінің ағымдағы деңгейі деген ұғымды білдіреді. Ол дегеніміз - тиісті күрделілік деңгейін қамтамасыз ету үшін тапсырманың күрделілік дәрежесін реттеу, мұғалім немесе тең нұсқаулықты қосу немесе алып тастау, манипуляцияларды қолдану, тапсырма үшін үлгілердің болмауы, оқушының тәжірибесіне немесе оның дағдыларына негізделіп отырып тапсырманы артығымен немесе кемімен таныс етіп жасау, шағын топтардың қажеттіліктеріне әртүрлі тікелей оқыту.

Ал қызығушылық бойынша саралау - бұл оқушының назарын, қызығушылығын және үрдіске араласуын тарту. Бұл бойынша ортақ қызығушылықтар саласында тәлімгер болу үшін, алдын ала білімі бар ересектерді немесе құрдастарды пайдаланады. Оқушыларға тақырыпты немесе өрнектерді оқып-үйрену үшін әртүрлі мүмкіндіктер беріледі. Материалдар мен технологиялардың кең спектріне кең қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, оқушыларға тапсырмалар мен өнімдерді, оның ішінде оқушы әзірлеген нұсқаларды таңдауға ұсынады. Оқушылардың қызығушылықтары саласындағы негізгі тұжырымдамалар мен қағидаттарды зерттеуді немесе қолдануды ынталандырады.

Оқыту стилі бойынша саралау дегеніміз- контентті қабылдау, зерделеу немесе білдіру үшін ерекшелік дегенді береді. Оқу ортасы бойынша саралау басты деңгейде келесілерден құралады: бөлмеде тыныш және алаңдатпай жұмыс істеуге болатын орындар, мәдениеттер мен үй жағдайларының алуан түрлілігін көрсететін материалдарды ұсыну, жеке қажеттіліктерге сәйкес келетін өзіндік жұмыстың нақты басшылық қағидаттарын белгілеу, мұғалімдер басқа оқушылармен жұмыс істейтін және оларға дереу көмектесе алмайтын кезде оқушыларға көмек алуға мүмкіндік беретін рәсімдерді әзірлеу, сондай-ақ

оқушыларға кейбір оқушыларға қозғалу керек, басқаларға тыныш отыру керек екенін түсінуге көмектесу.

Кэрол Анн Томлинсонның зерттеуі бойынша мұғалімдер саралап оқытуды төмендегідей төрт жолмен жүргізе алады [2].

Мазмұн бойынша саралау: Бұл оқушылардың нені оқуы (зерделеуі, үйренуі) керектігі немесе оқушының ақпаратқа қалай қол жеткізе алатынын білу. Мұғалім оқу мазмұнын Блум таксономиясы (төменгі ойлау деңгейінен жоғары ойлау деңгейіне дейін зияткерлік деңгейлер жіктемесі) бойынша әртүрлі деңгейді қамтитын оқушылар тобына әртүрлі оқу әдістерін ұйымдастыруы керек.

Үдеріс бойынша саралау: Бұл мазмұнды түсіну немесе меңгеру үшін оқушы қатысатын іс-әрекеттер. Оқушылар мазмұнды жақсы түсіну үшін орындайтын жаттығулар мен практикалық жұмыстар және іс-әрекеттер. Үдерісте оқушыларды ақпаратты қабылдау қабілеттеріне қарай визуалдарды оқулықпен қамтамасыз ету, аудиалдарға аудио жазбаларды тыңдату, кинестетиктерге тапсырмаларды өздеріне жасап көруге мүмкіндік беру.

Нәтиже бойынша саралау. Нәтиже дегеніміз- сабақтың соңында мазмұн бойынша оқушының алған білімін демонстрациялау әрекеті. Мұғалім білімді игерту мақсатында тапсырма береді, барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады. Бірақ жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс жасаудан гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді және жетпей тұрған білімдерін жетілдіру туралы ойланғандары маңызды. Сабақта мұғалім барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізулеріне әрекет жасайды.

Оқу ортасы бойынша: мұғалімдер сыныпта қауіпсіз және қолайлы оқу ортасын қамтамасыз ететіндей оқу үдерісін ұйымдастыруы қажет. Сонымен қатар саралаудың айқын және жасырын түрлері де анықталған.

Айқын саралау балалар өздерінің сараланып жатқанын білетін, көзге көрінетін саралау түрі. Мысалы:

- жеке жұмысқа арналған деңгейлік тапсырмалар;
- жоғары деңгейдегі оқушылар үшін күрдегенген тапсырмалар;
- әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар;
- әр оқушыға жеке тәсіл;
- жеке шығармашылық жұмыс;
- сабаққа оқушының қосымша озық материалдар дайындауы;
- шешімдер үлгілерін, теориялық анықтамаларды, қосалқы мәселелерді пайдаланып, тапсырмаларды орындау т.б.

Айқын саралау кезінде қиын балармен жұмыс істеудің, үлгерімі төмен оқушыларға көмектесуге, үлгерімі жоғары оқушыларға көңіл бөлудің мүмкіндіктері пайда болады. Сондай-ақ, мықты оқушылар өз қабілеттерін көрсетуіне, үлгерімі төмен оқушылар өз жетістіктерін сынауына да мүмкіндік туады.

Жасырын саралау дегеніміз - «оқуды жекешелендіру» немесе оқушыларды деңгейімен «топтастыру» мен «жеке жұмысты» тең деңгейді қолдану дегенді білдірмейді. Жасырын саралау бұл оқыту үдерісінде оқушылардың жекелеген

ерекшеліктерін, оқыту түрлері мен әдіс-тәсілдерін есепке алу, қажеттіліктеріне сәйкес тапсырмаларды таңдау құқығын беру.

Сыныптағы саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған келесі тәсілдерін қарастыруға болады: тапсырма, дереккөздер, қарқын, жіктеу, бағалау, диалог және қолдау көрсету, қорытынды.

Сабақты жоспарлауда және оқытуда жалпы ортақ қабылданған саралаудың осы тәсілдерін барынша орынды қолдануға машықтанған жөн. Себебі, саралаудың осындай тиімді әдістерін қолдана отырып, оқушылар арасындағы ауқымды ерекшеліктерін ескеруге болады. Психолог Н.А.Менчинская «Оқыту тиімділігі оның мазмұны мен әдістеріне ғана тәуелді емес, сонымен қатар, оқушылар тұлғасының жеке басының ерекшеліктеріне байланысты», - деген . Демек, оқушыларға оқу мақсатына жетуді көздейтін тапсырма, жаттығуларды беру барысында баланың жеке ерекшелігі және қажеттілігі ескерілуі керек. Бұл турасында ұлы ғұлама Аристотельдің өзі былай деген: «Оқушылар биіктен көрінуі үшін алдыңғыларға жетіп, соңғыларды тоспауы керек». Яғни, әр бала өз ерекшелігіне, қажеттілігіне және мүмкіндігіне қарай тапсырмалар мен жаттығуларды орындай отыра оқу мақсатына жетуі керек.

Жоспарлау және оқыту барысында тапсырманы саралаудың маңыздылығы басым. Саралаудың бұл тәсілі негізгі мазмұнды қамтитын түрлі тапсырмалар ойластыруды көздейді.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үдерісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді. Профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылды. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Қараевтің деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы мынандай 4 түрге бөлінген:

- 1) репродуктивтік деңгей – жалпыға бірдей стандартты білім негізінде тапсырма беріледі. Мұндай тапсырмалар оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқушыға байланысты
- 2) алгоритмдік деңгей – мұнда оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылдаған ақпаратты пайдалана отырып орындайды.
- 3) эвристикалық деңгей – оқушы өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді қолдана отырып жауап береді.
- 4) шығармашылық деңгей – оқушының таза өзіндік шығармашылығын байқатады [3].

Қорыта келгенде, жаңартылған білім мазмұны жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқу бағдарламаларын іске асыруда қолданылатын тәсілдердің бірі – саралап оқыту.

Саралау –мұғалімнің белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруда қолданылатын ресурстардың ішінен ең қажеттісін, маңыздысын, өзектісін, тиімдісін таңдап алу, саралап алу, екіншіден, жоспарланған шараны жүзеге асыру кезіндегі

оқушының әрекетін саралау, сол арқылы күтілетін нәтижеге бағыттау болып табылады.

«Саралау қай кезде жүзеге асырылады?» деген сұраққа келсек, саралау сабақты жоспарлаудан басталады. Яғни, сабақтың тақырыбына сәйкес оқу мақсатын оқу бағдарламасындағы ұзақ мерзімді жоспардан дұрыс, нақты таңдау, оқу мақсатының нақты, шынайы, қолжетімді, өлшенген, уақыты шектеулі болуы, яғни, СМАРТ-қа негізделуі керек. Оқу мақсатынан сабақ мақсатын нақтылау: оқушылардың барлығы, көпшілігі, кейбіреуі орындай алатын мақсаттарды анықтау. Ойлау дағдыларының деңгейлерін анықтау: Блум таксономиясына негізделген білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау. Оқу мақсатына сәйкес бағалау критерийлерін нақты құрастыру. Бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмаларды саралап алу. Тапсырмаларды саралауда оқушылардың жас ерекшелігі, қажеттілігі, қабілеті, деңгейлері ескерілуі тиіс. Тапсырмаларға сәйкес дескрипторды дұрыс, дәл, нақты құрастыру. Сабақ соңындағы оқушының рефлексиясын ұйымдастыру. Пәнаралық байланыс, сабақ үдерісінде қолданылатын ақпараттық – коммуникациялық құралдар, ресурстар, қалыптастырушы бағалау жүргізу тәсілдері – барлығы жоспар жасау барысында мұқият сараланып, жан-жақты талдаудан өткізілуі керек. Қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасауда сабақ үдерісі кезіндегі мұғалім мен оқушының әрбір әрекетіне жете мән беру маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілді емес мектептердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы, Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.
2. Үлестірме материал. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.
3. Мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Астана – 2016 ж.
4. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі және әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар
5. Сыныпта сындарлы әңгімені ынталандыратын стратегиялар, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Астана – 2016 ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА САРАЛАУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Нуримова Зауреш Абдешевна

Ұлықбек атындағы № 3 ЖОББМ, Шымкент қаласы

Қазіргі таңда білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында мұғалімдердің тәжірибесінде көптеген өзгерістер орын алуда. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында негізгі орта білім берудің басты

міндеттерінің бірі – оқушылар өздігінен білім алу және тұлғалық өзін-өзі дамыту, сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау, қауымда өзін-өзі іске асыру және өзара әрекет жасау дағдыларын дамыту болып табылады.

Бұл дағдылар ХХІ ғасырда оқушылардың өзін-өзі жүзеге асыра алуы үшін қажетті дағдылар. Әрине, бұл дағдылар барлық оқушылар үшін де қажетті. Бірақ оқушылардың барлығы бірдей аталған дағдыларға қол жеткізе бермейді. Осы тұста «неге?» деген сұрақ туындайды. Себебі, оқушыларды бірдей оқыту әдістемесімен оқыта отыра, бұл дағдыларды игерту қиынға соғады. Сондықтан да педагогтердің басты міндеттерінің бірі оқушыларға білімді, ақпаратты көп беру емес, берген білім мен ақпаратты өз бетінше тиімді игеруі үшін жеке ерекшеліктері мен қабілеттері ескеріп, қажеттіліктерін қанағаттандыру. Бұл проблеманы шешуде жоспарлау мен оқыту үдерісінде педагогикалық тәсілдердің бірі саралап оқытуды қолдану тиімді жолдардың бірі болып табылады [1].

Саралап оқыту (дифференциация) латын тіліндегі «difference» сөзінен бастау алған және біртұтас затты түрлі бөліктерге, нұсқаларға, сатыларға бөліп жіктеуді, саралауды білдіреді, ал француз тілінде «differentiation» айырмашылық, ерекшелік дегенді білдіреді. Оқытудағы «Саралау тәсілі» ұғымының негізін салушыларды Карл Роджерс, Абрахам Маслоу т.б гуманистік психология өкілдері деп есептеледі [1].

Педагог Ахмет Байтұрсынов: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның біліміне шеберлігінің керек орны, өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолын қысқарту үшін, сол жолдан балалар қиналмау өту үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беруі мен бетін белгілеген мақсатқа түзеп отыру керек» [5], - деп пікір білдірген.

Демек, оқушыларға оқу мақсатына жетуді көздейтін тапсырма, жаттығуларды беру барысында баланың жеке ерекшелігі және қажеттілігі ескерілуі керек. Ал ұлы ғұлама Аристотельдің өзі былай деген: «Оқушылар биіктен көрінуі үшін алдыңғыларға жетіп, соңғыларды тоспауы керек». Яғни, әр бала өз ерекшелігіне, қажеттілігіне және мүмкіндігіне қарай тапсырмалар мен жаттығуларды орындай отыра оқу мақсатына жетуі керек [2].

Мұғалімдер дамыту жұмыстарын жүргізу барысында біртіндеп жүзеге асырылатын рефлексия, сабақты жоспарлау, кеңес беру арқылы қолдау таба алады. Біз оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, олардың қызығушылықтарын, әр оқушының нені жақсы көретінін және не істегісі келетінін түсінуге тырысамыз. Осы ретте оқушылардың жеке, тұлғалық ерекшеліктері, олардың білімі мен тәжірибесі, қабілеттері мен танымдық мүмкіндіктері ескерілетін оқу үдерісін ұйымдастыру керек, сондықтан да жасырын және айқын саралау жүргізілуі қажет [3].

Жасырын саралауда оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес тапсырмалар беруге болады. Мәселен: оқушыларды жекелеп немесе топтарға олардың меңгерген білімдеріне негізделген тапсырмалар беруге болады. Ал айқын саралауда балалар өздерінің сараланып

жатқанын біледі. Мысалы: жеке жұмысқа арналған деңгейлік тапсырмалар, әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар, жеке шығармашылық жұмыс т.б.

Саралаудың белгілі тәсілдері: тапсырма, дереккөздер, жіктеу, қарқын, қорытынды, диалог және қолдау көрсету тағы басқаларын да жоспарлау және де сабақ барысында барынша түрлендіріп қолдана алуына да мүмкіндік туғызады [1].

Сыныптағы саралауды келесі жолдармен жүзеге асыруға болады:

1. Тапсырманы түрлендіру арқылы:

- білім деңгейі әр түрлі оқушыларды тапсырмалар мазмұнына сай қолдау (күрделендіру керек пе, әлде қолдау керек пе?);
- қажеттілікке қарай кесте, жаттығулар дайындау.

2. Дереккөздер арқылы:

- кейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей алады;
- дереккөздер талқылауға негіз болатын мәтін, қиын сөздер, күрделі идеялар болуы мүмкін;
- баспадан шыққан, электронды дереккөздер болуы мүмкін.

3. Білім алушылардың қарқынына байланысты:

- кейбір оқушы басқаларға қарағанда жылдам жұмыс істейді;
- қарқыны күшті оқушылар үшін қосымша тапсырмалар қолдануға болады;
- қарқыны баяу оқушылар үшін негізгі тапсырмаларды орындауға уақыт беріледі.

4. Топқа бөлу арқылы:

- топ құруда пайдалы кеңестер;
- қиындық деңгейі, қолдау шамасы ұқсас оқушылар;
- талаптары әр түрлі оқушылар;
- Кәсіби дағдыларына қарай топтастыру немесе сарапшы топ, т.б.

5. Саралау тәсілдері бойынша нәтиже қандай болмақ? Барлық оқушы тапсырманы орындаса да, олардың нәтижелері әр түрлі болады. Мысалы, М. Әуезовтің "Көксерек" хикаяты атты сабақта «Үздік төрттік» әдісімен талқылаушы топ, төмен деңгейдегі білім алушылар тақырып бойынша өз пікірлерін білдірді. Белгілеуші топ, орта деңгейдегі оқушылар сол пікірлерді негізге ала отырып, дәлелдер келтірді. Байланыстырушы топ, жоғары деңгейдегі оқушылар өмірмен байланыстыра отырып, бірнеше нақты мысалдар, фактілер, аргументтер келтірді. Қорытындылаушы топ тақырып бойынша өз ойын қорытындылады. Ең негізгі нүктесін қойды. Мұндайда тек «дұрыс жауап беруге» ғана мән бермей, керісінше, оқушылардың мықты, не әлсіз тұстарына қарай кері байланыс берген жөн. Себебі ең төмен деген оқушының өз артықшылығы болады.

6. Диалог және қолдау көрсету:

- кейбір оқушыларға тапсырманы орындауда жан-жақты көмек, қолдау қажет болады. Мұндайда ойланту үшін немесе бірқатар жауаптар алу үшін сұрақтар қоюға болады. Сөзбен қолдау, ынталандыру да маңызды рөл атқарады.

7. Бағалау:

-оқушылар тапсырманы қандай деңгейде орындаса да, үнемі бағаланып отырады. Оқушының қажеттілігіне қарай саралау да, бағалау да өзгертіліп отыруы мүмкін. Педагогикалық үдерісті жақсарту, түзету, табысты арттыруды қолдайтын әмбебап үдеріс болуы керек.

Қорыта келгенде, саралау нәтижесінде:

-мұғалімде әлсіздерге көмектесуге, мықтыларға назар аударуға мүмкіндік болады;

-қоғамдық нормаларға бейімделе алмайтын қиын балалармен тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік туады;

-мықты оқушылардың білім беру үдерісінде жылдам және тереңнен білім алуға деген ынталары жанданады;

-«Мен» тұжырымдамасы: мықтылар өз қабілеттеріне көз жеткізеді, әлсіздер оқудағы жетістіктерін сезінуге мүмкіндік алады, толыққанды емес комплекстен арылады [6].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Ізғали Жоламан.Жоспарлау мен оқытуда саралау тәсілдерін қолдану. Әдістемелік құрал /Использовании дифференцированных способов в планировании и обучении. Методическое пособие /– Атырау / 2019.

2.Саралап оқыту ауыл мектебінде сабаққа қызығушылықты тәрбиелеу құралы. Қашықтықтағы семинар. 14 қаңтар 2011 жыл.

<https://burabay.akmoedu.kz/documents/view/F9D97E1FB2988BAA.html>.

3.Каирбаева Жанна. Сабақты жоспарлау кезіндегі саралау тәсілдерін қарастыру.Мақалалар. 2019-05-14.Қарағанды қаласы. <https://bilimainasy.kz/>

4.«Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында). Негізгі орта білім беру (5-9 сыныптар)

5.А. Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы. Ана тілі. 1992жыл.

6. **Аяпбергенова Сауле Шабанбаевна.** Саралау қай кезде жүзеге асырылады? [Мақалалар](#). 2020-06-26. Нұр-Сұлтан қаласы.

<HTTPS://BILIMAINASY.KZ/26-06-02/>

7.Мағзумова Арайлым, Мунбаев Сакен.Саралап оқыту тәсіліндегі тереңдету принципін жүзеге асырудың тиімді жолдары

8.Кобдикова Ж. Орта мектепте білім алуды технологияландыру (саралап деңгейлеп оқыту). 2002.<https://bilimainasy.kz/>

ҚАЗАҚ ТІЛІН САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Кансеитова Айгуль Байдильдаевна

№42 Хамза атындағы ЖОМ, Шымкент, Қазақстан

Тіл – қастерлі де, қасиетті ұғым. Мемлекеттік тілді өзге ұлт мектептеріндегі оқушыларға үйрету аса күрделі ізденісті қажет етеді. Қазіргі таңда мемлекеттік

тілді оқытуда жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, оны жүйелі түрде қалыптастыра білу – уақыт талабы.

Ғылым мен техниканың жылдан-жылға жедел қарқынмен дамуына байланысты жаңа технологияларды енгізу олардың білімін көтеруге үлкен әсер етіп отыр. Жаңа технологияларды қолданғанда оның әрбір кезеңдерін мұғалім өзі жақсы түсініп, оқушыларға жеткізе білуі қажет. Технологияның деңгейлеп саралай оқыту, блокпен оқыту, бейімдей оқыту, ұжымдық оқыту, М.М.Жанпейісованың модульдеп оқыту, Ш.А.Амонашвилидің білім беруді ізгілендіру технологиясы, сондай-ақ В.Ф.Шаталов технологиясы деген тағы басқа түрлері бар. Солардың бірі – саралап оқыту технологиясы.

Саралау түрлерін тиімді қолдану әр оқушының қажеттілігін ашу мен қолдауға, оқыту процесін жетілдіруге, оқу бағдарламасының қойған мақсат, міндеттеріне жетуге және кең ауқымды дағдыларды игеруіне мүмкіндік береді.

Саралау негізіндегі педагогикалық технология мазмұнының ерекшелігі ретінде жеке құрылымдарға бағдар беру; білім мазмұнының сипаты мен көлемі, оқу жоспарының, материалының, баяндау түрлерінің дидактикалық құрылымын атауға болады. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты - әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді, деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді, деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей. Оқытудағы саралау әдісінің әдістік негіздері - оқушының оқу материалын жеңілден күрделіге қарай жүйелі меңгеруі, алынған нәтижені өлшеуге болатындығы, оқу үдерісінің жарыс түрінде ұйымдастырылуы, бағалаудың жетелеушілік қасиеті, дамыта оқытудың әдісі.

Деңгейлеп-саралау негізіндегі педагогикалық технология әдістемесіне келсек, жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – білім алушыларды «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау, оқытудың тиімділігін арттыра отырып, сапалы білімге қол жеткізу. Саралай оқыту әрекеті – білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әрі мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады. Біз басшылыққа алып отырған саралай оқытудың жүйелік негізін Б.Ананьев, Л.Выготский, А.Леонтьев, т.б. ғалымдар жасаған. Саралай оқытуды ұйымдастыру арқылы баланың ойы абстрактіден нақтыға қарай өрлейді, ілімдік ойлауы қалыптасады. Оқушы дамуының негізі болып табылатын әрекет, оқу әрекеті әрбір сабақтың өзегі деп түсінуі керек. Саралай оқытуды ұйымдастыру арқылы бала ақыл-ой деңгейі мен белсенді әрекеті арқасында репродуктивті емес нәтижеге жетеді.

Мұғалім қазақ тілі пәні бойынша оқу модельдерін әзірлеп, әдістемелерін жинақтауы керек. Ол үшін оқушылардың жеке тұлғасын зерттеп, деңгейлеп-саралап оқытудың тұлға қажеттіліктерін қанағаттандыруға және оны дамытуға ықпалын анықтау және оқушылардың пәнге деген тұрақты қызығушылығын тудыруға ықпал етеді. Егер деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын оқу-тәрбие үдерісіне енгізіп, ғылыми-әдістемелік құжаттармен, ұсыныстармен

қамтамасыз етілсе, онда оқушылардың 100 пайыздық үлгерімі қамтамасыз етіледі, оқушылардың жүктемесін оңтайландыруға мүмкіндік туады (үй тапсырмасы азаяды), оқушылардың оқу қызметтерінің нәтижелері әділ бағаланады, оқушыларда сәтсіздік, қорқыныш, мазасыздық сезімі жойылады, дарынды оқушылар дер кезінде анықталып, оларды дамытуға жағдайлар жасалады, танымдық үдерістерді, оқушылардың танымдық қабілеттерін зерттеу әдістері жүйеленеді, олимпиада, конференция жүлдегерлері, шығармашылық жұмыстардың жеңімпаздарының саны артады.

Оқушылардың дербес ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім алдымен, олардың ықылас-жігерін, ынтасын, еске сақтау мен ойлау қабілеттерін, жалпы білім деңгейін зерттеуі керек. Бұл ерекшеліктерді айқындау үшін білімді меңгеру деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар дайындау, оқушы біліміне диагностика жүргізу, оқушыларға сауалнама, психологиялық тәжірибе жасау, ата-аналармен әңгіме жүргізу керек. Оқушылардың жеке ерекшеліктері сабақтың сұрақ беру, кіріспе әңгіме, оқыған материалды, т.б. тиянақтау сатыларында ескерілуі тиіс. Мәселен, үлгерімі жақсы оқушыларға берілген сұраққа тікелей жауап беру талап етілсе, орташаларына ойланып, қажетті есептеулер жасауға, суреттерін салуға уақыт беріледі, ал үлгерімдері төмендеріне нақты сұрақтың тізімі, жауап берудің жоспар үлгісі ұсынылады. Оқыту үдерісін оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сай ұйымдастыру үшін оқу-тәрбие жұмысында пән мұғалімі өзіне лайық әдіс енгізеді.

Мұғалімдерге сабақты жоспарлауда дағдыларды дамытуға негізделген саралау тапсырмаларын анықтау, саралау түрлерін алдын-ала жоспарлау мен қолдауды қажет ететін оқушыларға бағыттау үшін әдіс-тәсілдерді қолдануда шеберлікпен қатар әдіс те керек. Қалыптасқан кең ауқымды дағдылар оқушылардың өз білімдерін кез-келген жағдайға қалай бейімдеу керек екенін біліп, болашақта кездесуі мүмкін кез-келген күрделі тапсырмаларды шешуге кепіл бола алады. Ал, бұл дағдыларды дамыту оқу бағдарламаларының жүйелі түрде жүзеге асуына байланысты болмақ.

Білім беру технологиясы дегеніміз, В.П.Беспальконың сөзімен айтар болсақ, «Оқу үрдісін жүзеге асырудың мазмұнды техникасы»[1]. Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне үйретуде жаңа технологияларды қолдану олардың өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануына, ізденуіне, өз нәтижесін көріп, өз-өзіне сын көзбен қарап, жеткен жетістіктеріне қуануына кең мүмкіндіктер береді.

Тіл үйретудің нәтижелі болуы көптеген жағдайларға, атап айтқанда, тіл үйренушінің қабілетіне, мұғалімнің шеберлігіне, мұғалімнің тілді үйрету тәжірибесіне, оқыту тәсілдеріне, тіл үйренушінің тілді үйренуге деген ынтасына байланысты.

Саралап оқытудың тереңдету принципін жүзеге асыру кезде бастапқы теориялық мәліметтер қажеттілігі байқалады. Даму психологі және Гарвард университеті жанындағы білім берудің Жоғары мектебінің білім беру профессоры Говард Гарднер ойлауды лингвистикалық, логика-математикалық, музыкалық, дене-кинестетикалық, кеңістік, тұлғаралық, тұлғашылық және табиғат зерттеуші деп сегізге жіктеген[2]. Бұл оқушыларды қабілеттері бойынша бөлу үшін өте маңызды, яғни сәйкесінше оқушылардың оқуы,

ақпаратты есте сақтауы, тапсырмаларды орындауы мен түсінуі әртүрлі деңгейде. Оның айтуынша, егер мұғалім оқыту мен бағалаудың түрлі әдіс-тәсілдерін пайдаланса, оқушылардың білім сапасы жақсарады. Бұл көп оқушыны қамтып, олардың мазмұнды игеруін жақсартады.

Сабақ кезінде әртүрлі қабілетпен, дайындық деңгейімен келіп отырған оқушыларға жаңа ақпаратты меңгертіп қана қоймай, оған қоса сол ақпаратты басқа, тиімді жолмен ұсына отырып, өмірмен байланыстыруға да болады. Әрбір оқушыға кез-келген ақпараттарды тиімді түсіндіруге болады. Алайда оқушы тілін табудың ең тиімді жолы – бұл дәстүрлі әдіс-тәсілдермен қатар, жаңа тиімді әдістерді кең қолдану.

Үдерісті саралау – бұл жаңа материалды ұсыну жолдары, оқушылар орындайтын жаттығулар, қойылатын сұрақтар, оқыту әдістері мен оқушылардың бойында дамытылатын ойлау үдерісі. Әр оқушы үшін оқу үдерісі – оның өз ұғымын жетілдіру үшін білім беру бағдарламасының мазмұнын игеруі. Үдерісті оқушының өзара әрекеттесу барысында пайдаланатын ойлау үдерісі ретінде қарастыруға болады. Саралау үдерісі анағұрлым жоғары деңгейлі ойлау үдерісін пайдалануды ынталандырады. Мұғалімдер білім беру бағдарламасын тиімді саралау үшін келесі өзгерістерді енгізе алады:

Жоғары деңгейлі ойлау дағдылары: Пайдаланылатын әдістер ақпаратты алуға емес, оны пайдалануға айрықша баса назар аудару керек; оқушылар мәліметтерді жаңа жағдайларда қолданып, оларды жаңа идеялар құру үшін пайдалануы, орындылығын бағамдауы және оны жаңа өнім жасау үшін пайдалануы керек.

Ашықтық: Жаттығулардың басым бөлігі ашық жаттығудан, яғни жалғыз дұрыс жауабы болмайтын, одан әрі ойланып, зерттеуге жетелейтін тапсырмалардан тұруы керек.

Жаңалық ашу: Жаттығулардың басым бөлігі оқушылардың заңдылықтарды, идеяларды және негізгі қағидаттарды аңғару үшін ойлау үдерісін пайдалана алатын түрлі жағдаяттардан тұруы керек.

Ой-пайымдарының дәлелі: Оқушыларға өз қорытындыларын ғана емес, осы қорытындыны жасауға негіз болған пайымдарын да айтуды ұсыну керек.

Таңдау еркіндігі: Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі берілуі керек.

Қарқын және әралуандылық: Жаңа материалды таныстыруда мүмкін болса қарқынды жылдамдату және оқушының қызығушылығын қолдайтын және әр түрлі оқу стильдерін қамтитын әдіс-тәсілдерді пайдаланған дұрыс.

Саралау үшін білім беру бағдарламасының мазмұнын түрлендірудің көптеген тәсілдері бар.

Кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасаудың бірден-бір жолы төменде берілген саралау түрлерін тиімді таңдай алу.

Сыныптағы саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған жеті тәсілі бар:

Тапсырма: мұның құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді, оқушылардың қажеттіліктеріне қарай (көмек керек пе, әлде күрделі тапсырмалар беру керек пе) түрлі кестелерді немесе жаттығулар мен

тапсырмаларды жасау, күрделілігіне қарай алға ілгерілеп отыратын тапсырмалары бар карточкаларды пайдаланыңыз.

Дереккөздер: кейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей алады, дереккөздердің ауқымы талқылауға негіз болатын мәтіндерден бастап, анағұрлым қиын сөздерді және күрделі идеяларды түсіндіретін мәтіндерге дейін ауытқып отырады, баспадан шыққан және электронды дереккөздер де пайдалануы мүмкін. Бұл материалды пайдаланудың анағұрлым ауқымды көлемін көрсетеді.

Қарқын: кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді, қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануға болады, негізгі тапсырмаларды түсіндіруде көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі.

Қорытынды: барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады, мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді, барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізу керек.

Диалог және қолдау көрсету: кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады, мұғалім оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын ала дайындалған сұрақтарды қоюына болады. Бұл әдісті қолдану барысында сөзбен қолдау көрсету және ынталандыру да маңызды рөл атқарады.

Бағалау: оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін. Педагогикалық қызмет табыстылықты, жақсартуды, түзетуді қажет ететін салаларды анықтайтын әмбебап үдеріс болуы керек, сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыны оқытуға қарай жылжи аламыз.

Жіктеу: Оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құруда пайдалы көптеген тәсілдер бар: мүдделері ұқсас оқушылар (мысалы, қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі), талаптары әртүрлі оқушылар, джигсо топтары, кәсіби дағдыларына қарай бөлінетін топтар немесе сарапшы топ, гендерлік топ, аралас гендерлік топ, ұйымшыл топ.

Сабақ тартымды болу үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді дұрыс қолдана білген жөн, сонда ғана жұмыс нәтижелі шығады. Ол үшін жұмыс түрлерін дұрыс таңдап алу керек. Бұл оқушыларды жалықтырып, шаршатып алмау мақсатында қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.У.Кобдикова «Орта мектепте білім алуды технологияландыру (саралап деңгейлеп оқыту)». 2002 жыл
2. М.М. Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде» Алматы 2002 жыл

3. Қазақ тілді емес мектептердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы, Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.

4. Сыныпта сындарлы әңгімені ынталандыратын стратегиялар, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Астана – 2016 ж.

НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ

Аманова Айжан Онгаровна

Т.Рысқұлов атындағы №25 мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Шымкент қаласы

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінің ең бастысы - ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу мақсатында «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс» - деген болатын мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев 2017 жылдың 31 қаңтарындағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа жолдауында [1]. Жолдауларында оқушылардың сыни ойлау қабілеті, өз бетінше іздену, креативтілікті, командада жұмыс істей білу, өмір бойы білім алу дағдыларын дамыту жөніндегі міндеттерді алға қояды. Осыған байланысты педагог қызметкерлердің сабақты жоспарлау үшін саралаудың педагогикалық негіздерін білу мен түсіну және оқыту үдерісінде оқушылардың қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін саралау тәсілдерін қолдану дағдыларын дамыту болып табылады. Бұндай дағдылар Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында негізгі орта білім берудің басты міндеттерінде көзделген. Олар өздігінен білім алу және тұлғалық өзін-өзі дамыту, сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау, қауымда өзін-өзі іске асыру және өзара әрекет жасау дағдыларын дамыту болып табылады.

Бұл дағдылар ХХІ ғасырда оқушылардың өзін-өзі жүзеге асыра алуы үшін қажетті дағдылар. Сондықтан да педагогтардың басты міндеттерінің бірі оқушыларға білімді, ақпаратты көп беру емес, берген білім мен ақпаратты өз бетінше тиімді игеруі үшін жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеріп, қажеттіліктерін қанағаттандыру. Бұл проблеманы шешуде жоспарлау мен оқыту үдерісінде педагогикалық тәсілдердің бірі саралау оқытуды қолдану тиімді жолдардың бірі болып табылады. Бұл ғылыми мектепте оқуды саралаудың және баламен жекелей жұмыс жасау тәсілінің басты өлшемі оқу материалын игеру деңгейінің жетістігі. Саралаудың педагогикалық және психологиялық тұрғыдағы теориялық негіздерін ескерсек оқуды саралау қазіргі таңдағы білім беру саласындағы 5 өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Өзекті дейтін себебіміз әр баланың өзіндік даму ерекшелігі бар. Сондықтан да біз қазіргі таңда барлық баланы бірдей әдіспен оқыта алмаймыз. Әр баланың ерекшелігін ескере отыра, оның қажеттілігін қанағаттандыратындай

әдістемемен оқыту қажет. Бұл әдістемелік құралдың мақсаты педагог қызметкерлердің сабақты жоспарлау үшін саралаудың педагогикалық негіздерін білу мен түсіну және оқыту үдерісінде оқушылардың қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін саралау тәсілдерін қолдану дағдыларын дамыту болып табылады.

Саралап оқыту дегеніміз не? Саралап оқыту (дифференциация) латын тіліндегі «difference» сөзінен бастау алған және біртұтас затты түрлі бөліктерге, нұсқаларға, сатыларға бөліп жіктеуді, саралауды білдіреді, ал француз тілінде «differentiation» айырмашылық, ерекшелік дегенді білдіреді. Олар сыртқы және ішкі (сынып ішіндегі) саралау болып бөлінеді. Саралап оқытудың мақсаты: Әртүрлі оқушының бейімділіктерін айқындауға, қабілетін дамытуға қолайлы жағдайлар жасау Оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру, ойлау қабілетін жетілдіру және болашақ кәсіби қызметіне бейімдеу 7 Сыртқы саралау бұл оқушыларды анық белгілеріне (қабілеттер, қызығушылықтар және т.б.) қарай тұрақты топтарға бөлу, бұл топтардағы білім мазмұны да, оқыту тәсілдері де сондай-ақ ұйымдастыру нысандары да әр түрлі. Ішкі саралауда кездейсоқ белгілер бойынша құрылған тұрақты топтағы балалардың өзіндік ерекшеліктері ескеріледі. Бұнда топтарға бөлу айқын немесе еркін болуы мүмкін, қойылған оқу мақсатына қарай топ құрамы өзгеріп отырады. Сонымен, біз не үшін саралаймыз? - Екі бала бірдей емес; - Барлық балалар бірдей түрде үйренбейді; - Бір бала үшін жақсы орта басқа бала үшін жақсы орта болмауы мүмкін. Бұл «бес саусақ бірдей емес» деген қазақ мақалына саяды. Сыныптағы балалардың қажеттіліктері әр түрлі сондықтан да саралауымыз қажет. Бұл ерекшеліктер қайдан шығады? - Бұрынғы білімдерінен; - Бұрынғы тәжірибелерінен; - Нақты мәдени құндылықтар мен нормаларынан; - Танымдық дамуындағы биологиялық айырмашылықтарынан; - Жетілу деңгейлерінен; - Мектепті және оқуды мәдени түрде қабылдауларынан. Міне осындай ерекшеліктерді көре отыра, ескеріп оқушылардың әр түрлі қажеттіліктері, ерекшеліктері, мүмкіндіктеріне қарай саралауды жүзеге арсыру қажет.

Саралап оқытудағы жоспарлау:



→ мұғалім оқу үдерісінде маңызды болып табылатын белгілі бір ортақ ерекшеліктеріне қарай топтастырылған оқушылар тобымен (гомогенді топ) жұмыс жүргізетін оқу үдерісін ұйымдастыру түрі;

→ оқу үдерісін оқушылардың әртүрлі топтары үшін бейімдеуге мүмкіндік беретіндей етіп құрылған жалпы дидактикалық жүйенің құрамдас бөлігі.

→ оқушылардың оқу талаптарына сәйкес оқыту үдерісін реттеу;

→ оқушылардың тиімді оқуына мүмкіндік беретін кішкентайдан үлкенге дейін өзгерістер енгізу;

→ оқу бағдарламасын әр түрлі жолмен жүргізу. Дағды, білім, түсінік және сан алуан тапсырмаларды берудің әр түрлі жолымен келетінін көрсету;

→ оқушылардың ерекшеліктерін ескеру және оған сәйкес жоспарлау;

→ оқушылардың білімдерін кеңейту үшін жеке тұлғалардың не оқушы топтарының әр түрлі қабілеттіліктеріне сай жұмыс беру.

Осылайша жоспарлау және саралаудың маңыздылығы артуда.

Жоспарлау мен саралау тәсілдерін қолдануды жүзеге асыру үлгілері

№1. Сарапшы топтарда ұсынылған тақырыптардың бірін талқылаңыздар.

1) Қысқы ұйқы;

2) Көші-қон;

3) Маусымдар;

4) Түн мен күн.

Сыныптағы оқушылар бастапқы топтан 4 сарапшы топқа бөлінеді. Оларға төрт түрлі шағын тақырыптар беріліп, талқылау жүргізілуі сұралады. Белгіленген уақыт өткенен кейін талқылауды бастапқы топта жалғастырады.

№2. Берілген мәтінді оқыңыздар. Шағын топта талқылау жүргізу үшін топ мүшелерімен келісіп, өз мүмкіндіктеріңізге қарай рөлдерді бөліп алыңыздар.

→ Баяндамашы;

→ Жазушы;

→ Ақпарат ұсынушы;

→ Қосымша ақпарат іздеуші.

(Берілген тапсырма барысында саралаудың «жіктеу» тәсілі оқушыларды мүмкіндіктеріне қарай рөлдерге бөлу арқылы кіріктірілген).

№3. 1 қадам: Берілген мәтіндерді оқып танысыңыздар (Уақытпен шектеген және мәтінді оқу барысында түртіп отырғандары жән. Мысалы, INSERT стратегиясы).

I топ: Кушан мемлекетінің қалыптасуы;

II топ: Кушан мемлекетінің гүлденуі және құлауы;

III топ: Экономикалық қатынастары;

IV топ: Діни көзқарастары;

V топ: Кушандықтар өнері.

2 қадам: Мәтінді оқып болған соң сыныптағы оқушылар кезекпен 1-ден 5-ке дейін ретімен санап шығады. 1 дегендері I-ші топқа, 2 дегендері II-ші топқа т.с.с оқушылар шағын V топқа бөлінеді.

3 қадам: Бес шағын топқа жиналған әр оқушы тақырып бойынша 5 түрлі мәлімет алып келеді. Барлығы түртіп алған мәліметтерін ортаға салып бірбіріне түсіндіреді. (Бұл тапсырмада бөлінген мәліметтер арқылы оқушыларды топқа бөлу арқылы саралаудың «жіктеу» тәсілін жүзеге асыра алады)

№ 5. Суреттерге қарай отырып алғашқы адамдардың наным-сенімдерін сипаттап әңгіме құрастырыңыздар.

- Қолдауды орташа қажет ететін оқушылар үшін әңгіме құрастыруға арналған сұрақтар:

1. Бұрын қандай наным-сенімдер болды деп ойлайсыздар?

2. Қазір қандай наным-сенімдер бар?

3. Үйден қандай наным-сенім байқайсыз?

- Қолдауды көбірек қажет ететін оқушылар үшін әңгіме құрастыруға арналған тіркестер: «Адасқан сөздер» 3 Байлаймыз, қызыл, көлік, тимес, жіпті, үшін, көз. 4 Май, үшін, қорғау, пәле-жаладан, тамызамыз, отқа. 5 Құямыз, шошынғанда, басқа, қорғасын.

• Тапсырманы сәтті орындаған оқушылар смайлик арқылы марапатталып қолдау көрсетіледі.

Қорыта келгенде, нәтижеге бағытталған жоспарлау мен саралау түрлерін тиімді қолдану әр оқушының қажеттілігін ашу мен қолдауға, оқыту процесін жетілдіруге, оқу бағдарламасының қойған мақсат, міндеттеріне жетуге және кең ауқымды дағдыларды игеруіне мүмкіндік береді.

Мұғалімдерге сабақты жоспарлауда дағдыларды дамытуға негізделген саралау тапсырмаларын анықтау, саралау түрлерін алдын-ала жоспарлау мен қолдауды қажет ететін оқушыларға бағыттау үшін әдіс-тәсілдерді қолдану қиындық тудырмау үшін жоғарыда көрсетілген саралау түрлері осы кездескен қиындықтарды шешуге көмек бола алды. Қалыптасқан кең ауқымды дағдылар оқушылардың өз білімдерін кез-келген жағдайға қалай бейімдеу керек екенін біліп, болашақта кездесуі мүмкін кез-келген күрделі тапсырмаларды шешуге кепіл бола алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жыл 31 қаңтар. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700002017>
2. С.Б.Бабаев. Бастауыш мектеп педагогикасы. Оқу құралы. Алматы. 2007. 413 бет.
3. М.Жұмабаев. Педагогика. 1922 жыл, 15 сентябрь, Қызылжар. https://qamba.info/site/book/online/maghzhan-zhumabaev_pedaggika/content/content_1.xhtml/
4. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы. Ана тілі. 1992. 442б.
9. Саралап оқыту ауыл мектебінде сабаққа қызығушылықты тәрбиелеу құралы. Қашықтықтағы семинар. 14 қаңтар 2011 жыл. <https://burabay.akmoedu.kz/documents/view/F9D97E1FB2988BAA.html>

НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ

**Омиртаев Мухит Калярович
Т.Рысқұлов атындағы №25 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шымкент қаласы**

Нәтижеге бағытталған сабақтардағы саралау - сабақта оқу процесін құрудың дидактикалық негіздерінің бірі. Бұл қоғам дамуының нақты кезеңіндегі оқу міндеттерімен, сондай-ақ білімді игерудің психологиялық заңдылықтарымен байланысты.

Оқытуды саралаудың мақсаттары келесідей. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, әр оқушының бейімділігі мен қабілеттерін анықтауға, қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға оңтайлы жағдай жасауға негізделген оқытуды даралау [1].

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда-қоғамның шығармашылық, зияткерлік, кәсіби әлеуетін қалыптастыруға мақсатты ықпал ету.

Дидактикалық тұрғыдан - түбегейлі жаңа мотивациялық негізге негізделген оқушыларды сараланған оқытудың жаңа әдістемелік жүйесін құру арқылы оқытудағы өзекті мәселелерді шешу.

Қазіргі заманғы мектеп барлық балаларды теңестіреді, бір деноминаторға әкеледі, бәрін бір қысқышта ұстайды. Әр түрлі таланттар осындай монотонды мектепте тұншығып, тиісті жаттығулардың жетіспеушілігінен бас тартуы керек. Сабақтың қабілеттеріне сәйкес келмейтін адамдар оларға деген жеккөрушілікті ғана шешеді, бұл көбінесе өмір бойы өтпейді".

Ақыл-ой қабілеті айқын болған, бірақ қазіргі мектеп жағдайында ғана дамымаған балалардың тағдыры да алаңдаушылық тудырды.

Біздің мұғалімдерімізге болашақ мектебі оқытуды даралау тұрғысынан қалай көрінді? Мысалы, А. Н. Острогорский оны балалардың әртүрлі ақыл-ой қабілеттеріне "қолданудың" маңызды қасиеті деп санады. "Саралау" термині қолданылмады, бірақ конструктивті іздеу дәл осы тұжырымдамаға сәйкес келді.

Екі тәсіл белгіленді. Біріншісі-білім беру мазмұнынан саралау, бір сынып, мектеп ішіндегі оқу жоспарларын даралау. Екінші тәсілдің мәні-тікелей оқу процесін саралау. Мұны В. П. Вахтеров нақты тұжырымдады: мектеп оқушыларды қабілеттері мен бейімділіктеріне қарай бөлу, оқыту әдістері мен әдістерін әртүрлі жеке сипаттамаларға бейімдеу арқылы қалыпты балалардың барлық жеке мүмкіндіктеріне бейімделуі керек. Бұған жету үшін мұғалім практикалық психологияның мәліметтеріне сүйене отырып, әр оқушының психикалық дамуының ерекшеліктерін анықтауы керек.

Ғалымдардың бірқатар еңбектері психикалық даралықты диагностикалау мәселелеріне арналды.

Педагогикалық процесті саралау идеясы, педагогиканың шығу тегіне қарай, онда ерекше орын алады, психологиялық білімнің берік негізіне қойылады.

Даралау-қандай ерекшеліктер мен қандай нысанда ескерілетініне қарамастан, барлық нысандар мен әдістердегі оқушылардың жеке ерекшеліктерін оқыту процесінде ескеру.

Саралау-оқушылардың жеке ерекшеліктерін оқушыларды жеке оқытудың кез-келген ерекшеліктеріне сүйене отырып топтастырылған түрде есепке алу: яғни саралау – бұл дараландырудың бір түрі, онда олар құрылады.

Тұрақты сыныптар мен оқушылар топтары оларға тән кез-келген жалпы белгілерге негізделген. Саралау оқыту әдісі ретінде даралау негізінде пайда болды.

Дараландырудың психологиялық негізі, демек, оқытуды саралау - бұл оқушылардың жеке психикалық ерекшеліктерін ескеру. Мұнда оқу іс-әрекетіне әсер ететін және оқу нәтижелері байланысты болатын ерекшеліктер көрсетілген. Бұл әртүрлі физикалық және психикалық болуы мүмкін тұлғаның қасиеттері, есте сақтаудың танымдық процестерінің ерекшеліктері, жүйке жүйесінің қасиеттері, мінез-құлық белгілері, ерік-жігер; қабілеттің мотивациясы, дарындылық.

Оқушылардың оқу іс-әрекетіне әлеуметтік факторлар әсер етеді (сыныптағы мәртебе, үй жағдайлары және т.б.). Оқытуды даралау әр түрлі ерекшеліктердің жиынтығын немесе қандай да бір жеке ерекшелікті ескеруді қамтиды. Көбінесе практикада дұрыс диагноз қою қажет білім, дағдылар, дағдылар мен танымдық қабілеттер деңгейі басым болатын кешен ескеріледі.

Мұндай ерекшеліктер кешеніне мыналар кіреді:

1. ақыл-ой дамуының деңгейі, яғни оқытудың қалыптасқан алғышарттары (білім алу), алған білімі (білім алу), неғұрлым қысқа мерзімде меңгерудің неғұрлым жоғары деңгейіне қол жеткізу қабілеті;
2. оқу материалын игеру жылдамдығы күрделі құбылыс, оның маңызды көрсеткіші есте сақтау жылдамдығы ғана емес, жалпылау қарқыны да;
3. жалпы ақыл-ой қабілеттері-есте сақтау қабілеті, логикалық операцияларды орындау, шығармашылық ойлау, яғни психологияда дерексіз ойлау қабілеті ретінде түсіндірілетін ақыл-ой;
4. балалардың ерекше қабілеттері мен дарындылығы – олардың диагностикасы жалпы қабілеттердің диагностикасы (тесттер, білім беру эксперименті) сияқты жүргізіледі.

Оқытуды даралау және саралау тек ақыл-ой қабілеттерінің кешеніне ғана емес, сонымен бірге зияткерлік дағдылардың кешеніне де негізделген, соңғысы ақыл-ой еңбегінің дағдылары, оқу дағдылары: жаңа материалды қабылдау және өңдеу кезінде, одан маңыздысын бөлу кезінде, материалды құрылымдау кезінде, оны бұрын өткенмен байланыстыру кезінде, жалпылау, қайталау, білгендерін қолдану кезінде.

Ақыл-ой қабілеттері мен оқу қабілеттерінен басқа, ақыл-ой дамуының деңгейі білім, білік, дағды, яғни анықталады. Білім, білік, дағды - қабілеттерді жүзеге асырудың маңызды негізі; оларды күнделікті өмірде, әдебиеттен, бұқаралық коммуникация құралдарынан, мектеп пәндерін оқу кезінде алуға болады. Білімді, дағдыларды диагностикалаудың ең тиімді әдісі-пәндік тесттер.

Оқытуды даралау және саралау оқушылардың мотивация саласындағы жеке ерекшеліктерін ескеру міндетін қояды.

Оқу мотивациясы-оқушылардың оқу іс-әрекетінің әртүрлі аспектілеріне бағытталуы. Мотивтер танымдық, сонымен қатар тар әлеуметтік болуы мүмкін (бедел, басқалардың мақұлдауы).

Мұғалім мысалы, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінен оқу тапсырмаларын саралау кезінде қандай мотивтерге сенуге болатындығын және қандай мотивтерді қалыптастыру және дамыту керектігін білуі керек. Бұл туралы ақпаратты күнделікті мақсатты әңгімелерден, бақылаулардан, эсселерден алуға болады [2].

Мотивация туралы ақпарат дараланған тапсырманы өзі орындауға мүмкіндік береді, әсіресе оқушылар әртүрлі тапсырмалар арасында таңдау мүмкіндігі болған жағдайда.

Жоғарыда айтылғандардың бәрінен қорытынды жасауға болады: оқушылардың психологиялық ерекшеліктері, олар ең алдымен оқу жұмысын даралау мен саралау кезінде ескерілуі керек:

- оқу қабілеті, яғни жалпы ақыл-ой қабілеттері мен ерекше қабілеттер;
- оқу дағдылары;
- бағдарламалық және бағдарламадан тыс білімдерден, дағдылардан және дағдылардан тұратын оқыту;
- танымдық қызығушылықтар (жалпы оқу мотивациясы аясында).

Психологиялық факторлардан басқа, оқу процесіне оқушының денсаулық жағдайы да, физикалық ақаулар да әсер етеді (көру, есту қабілетінің бұзылуы, ақыл-ой дамуындағы кідірістер).

Оқытуды дараландыру мен саралауды жүзеге асыратын мұғалімнің міндеті - оқушылардың барлық физикалық және психикалық ерекшеліктерін ескерудің нақты мүмкіндіктерін табу.

Оқытуды дараландыру білім алушының жеке басының барлық ерекшеліктерін ескеруді талап ететіндіктен, дараландыру мен саралаудың нақты мақсаты – білім алушылардың білімін, іскерлігін және дағдыларын жетілдіру, әрбір білім алушының және білім алушылар тобының білім деңгейін, іскерлігін, дағдыларын арттыру арқылы оқу бағдарламаларын іске асыруға жәрдемдесу, осылайша абсолюттік және салыстырмалы артта қалуды азайту, білім алушылардың білім алуына негізделген білімді тереңдету және кеңейту. Қызығушылықтар мен арнайы қабілеттер.

Оқытуды даралау мен саралаудың дамытушылық мақсаты – оқушының проксимальды даму аймағына сүйене отырып, оқу жұмысының логикалық ойлауы мен дағдыларын қалыптастыру және дамыту.

Оқытуды даралау мен саралаудың үшінші нақты мақсаты жеке тұлғаны тәрбиелеуді қамтиды, оқушылардың қызығушылықтары мен ерекше қабілеттерін, жаңа танымдық мүдделерін дамыту үшін алғышарттар жасайды.

Даралау және саралау оқушылардың жағымды эмоцияларын тудыратын, оқу мотивациясына, оқу жұмысына деген көзқарасына жағымды әсер ететін қосымша мүмкіндіктерге ие. Бұл оқытуды даралау мен саралаудың нақты (төртінші) мақсаты.

Оқуды даралау және саралау тым қиын немесе тым оңай жұмыс істемеуге мүмкіндік береді, оқушыларды қабілеттер бойынша жұмысқа қосады. Тым жеңіл жұмыс психикалық күйзеліс пен жалқаулықтан алшақтауға әкеледі; тым қиын жұмыс кезінде тапсырмалар орындалмай қалады, ал оқушы мағынасыз стресстен бас тартады. Сондықтан оқытудағы даралау мен саралауды еңбек тәрбиесі, міндет пен жауапкершілік сезімін тәрбиелеу құралы ретінде қарастыруға болады.

Сонымен, даралау мен саралаудың барлық мәселелері оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді жалпыға бірдей ізгілендіру процесіне байланысты. Бұл оқушының ерекше тұлғасын сақтауды және одан әрі дамытуды қамтиды. Оқу жұмысын даралау және саралау оқу процесінің "ашықтығына" бағытталған: тапсырмаларды таңдау, оны орындау тәсілдері, оқытудың жеке стилі және т. б.

Қорытындылай келе: сараланған оқытудың елеулі оң нәтижелерін бірнеше жыл бойы жүйелі жұмыс істегеннен кейін ғана күтуге болады. Жалпы және қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінде сараланған оқыту, атап айтқанда, мұғалімнен үлкен әдептілік, шыдамдылық, оқушының ішкі әлеміне назар аударуды талап етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Н.И.Болдыревтің «Мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі» оқулығы
2.Ф.Ш. Оразбаева, Ж.Т.Даулетбекова, Р.С.Рахметова, А.Қ. Рауандина, Б.Қ.Мүкеева. Қазақ тілі мен әдебиеті. Тіл-байрақ. Оқулық.

НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ

Фазылханұлы Нұржан

Т.Рысқұлов атындағы №25 мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Шымкент қаласы

Әр түрлі оқушылардың оқу қажеттіліктеріне бейімделетін оқыту. Оқу мақсаттары барлық оқушылар үшін бірдей, бірақ оқушылар оқу қажеттіліктеріне байланысты әр түрлі жылдамдықта материал бойынша алға

жылжи алады. Мысалы, оқушыларға берілген тақырып бойынша алға жылжу, өздері білетін ақпаратты қамтитын тақырыптарды өткізіп жіберу үшін көп уақыт кетуі мүмкін[1].

Саралау дегеніміз әр түрлі оқушылардың қалауына бейімделген оқытуды білдіреді. Оқу мақсаттары барлық оқушылар үшін бірдей, бірақ оқыту әдісі немесе тәсілі әр оқушының қалауына немесе зерттеу көрсеткендей, олар сияқты оқушылар үшін ең қолайлы болып табылады.

Жоспарлау мен саралау тәсілдерін -оқу қажеттіліктеріне бейімделетін, оқу қалауын ескере отырып және әр түрлі оқушылардың нақты мүдделерін ескере отырып оқыту. Толығымен жекелендірілген ортада оқытудың мақсаттары мен мазмұны, сонымен қатар оқыту әдісі мен қарқыны әр түрлі болуы мүмкін (нәтижеге бағытталған, жоспарлау мен саралауды қамтиды).

"Мен әрқашан үйренуге дайынмын, бірақ маған түрлі жағдайда үйрену әрдайым ұнамайды" деп Уинстон Черчилль айтқан екен. Бұл нақыл сөз арқылы нені айтқым келді. Яғни мектепке келген оқушылар барлығы үйренуге білім алуға келеді. Бірақ әр оқушының тапсырмалар мен білімді қабылдауы әр – түрлі[2].

Жеке оқыту ортасында біз барлық оқушылар үшін оқу профилінің құндылығын көреміз, бұл олардың қалай жақсы оқитынын түсінуге мүмкіндік береді. Оқушылардың қалай оқып жатқанын түсінуі үшін оқушыларға профиль құралының нұсқасын мұғалімдермен қалай ақпарат алғысы келетінін, білгендерін және мазмұнмен қалай араласқысы келетінін білдіруге көмектесу үшін пайдалануға болады. Егер оқу іс-әрекеті олар үшін маңызды және маңызды болса, оқушылар оқуға және оқу процесіне қатысуға көбірек ынталы болады [3].

Қазіргі уақытта нәтижеге бағытталған сабақ жасауда мұғалім шебер болуы қажет. Мысалы мен практикалық тапсырмаларды оқушылардың барлығына қызықты етіп ұсыну үшін түрлі инновациялық құралдарды қолданып, нәтижеге жетіп жүрмін.

Жеке оқу ортасында құралдар мен ресурстарды мұғалім таңдайды және кейде арнайы оқыту маманы немесе кеңесші ұсынады. Ең жақсы жағдайда, мұғалімдер немесе парапрофессионалдар оқушыларға осы құралдарды оқуды қолдау үшін қолдануға үйрету үшін осы арнайы құралдарды қолдануды үйренеді. Егер бұл құралдар жүйелі түрде қолданылса, оқушы оларды құралдар жиынтығының бөлігі ретінде қабылдайды.

Сараланған оқыту ортасында мұғалім сабаққа кіретін әрекеттер немесе өнімдер негізінде оқушылар топтары үшін құралдар мен ресурстарды таңдайды. Мұғалім сонымен қатар құрал немесе ресурс оқушылардың әртүрлі топтары үшін қаншалықты қолайлы екенін шешеді. Оқушы оқу деңгейіне немесе дағдыларына байланысты мазмұнды немесе ресурсты таңдай алады.



Жеке оқу ортасында оқушылар оқуды қолдау үшін тиісті құралдарға қол жеткізе алады. Олардың сыни ойлау қабілеттері бар, сондықтан олар мектепте немесе үйде болсын, кез-келген оқу тапсырмасын шешуге қажетті құралдарды өздері таңдай алады[4].

АКТ (ақпараттық және коммуникациялық технологиялар) саласындағы сауаттылық жеке оқу ортасындағы маңызды дағды болады.

21 ғасырдың оқушылары ретінде олар бүкіл әлем бойынша құрдастарымен, сарапшылармен және басқа да оқушылармен бірге ынтымақтасады, білімдерімен бөліседі және оқиды.

Бірақ ізденіс бар адам табады. Мен үнемі мәтіндермен жұмыс жасағанда оқушылардың ой-танымын кеңейту, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасау, олардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында А.Байтұрсынов мысалдары («Өгіз бен бақа», «Екі шыбын», «Айна мен маймыл», «Қара бұлт», «Маймыл мен көзілдірік») және Ы.Алтынсарин әңгімелері бойынша («Бақша ағаштары», «Жаман жолдас», «Асыл шөп») тақырыптарына арналған мәтіндермен жұмыс жасауда, анимациялы бейнефильмдерді қолдана отырып, мәтіндерді жандандырып талдап тәрбиелік мәнін тереңдете түсуге тырысамын.

А. Байтұрсынов мысалдары бойынша мәтіндерге анимациялы мультфильмді қолдану арқылы - оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамыту. «Неге тыңдалым дағдысы?» деген сұрақ тууы мүмкін. Оқушы өзіне керек мәліметті тыңдау арқылы тауып үйренсе, ол басқа үш дағдыны да (айтылым, жазылым, оқылым) дамыта алады. Яғни айтылып жатқан мәліметті түсінеді; өз пікірін білдіре алады және басқалармен қарым-қатынас жасайды; көтерілген мәселеге өз көзқарасын жазбаша да, ауызша да жеткізе алады.



1-сурет Нәтижеге бағытталған саралау тәсілі бойынша жасалған тапсырма үлгілері

Нәтижеге бағытталған сабақ жасауда, оқушыларға ұсынатын тапсырмаларды мұғалім саралауы тиіс. Мысалы: дидактикалық-иллюстративтік материал дайындадым. Жасаған иллюстрациялық материалдарым оң нәтижені көрсетті. Оқушылар иллюстрациялық дидактикалық материалдарды пайдалана отырып, сауатты, ұтымды сөйлеуге, қиялдай, болжам жасай алуға төселді. Көркем ойлауға дағдыланды. Мәтіндермен жұмыс жасауда, оқушылардың тәрбиелік жағынан және ойлау жағынан дағдылары шынайы түрде қалыптасты[5].



«Күй»



«Саятшы Ораз»

2-сурет Нәтижеге бағытталған саралау тәсілі бойынша жасалған тапсырма үлгілері

Саралау тәсілін қолдануда жоғарыда айтқанымдай, шебер мұғалім бір тәсілдің өзін түрлендіріп қолданады. Мәселен, бірде иллюстративті дидактикалық құралдан алынған суретті ұсына отырып мәтіннің мағынасын терең түсінуге және, оқушыларға тақырыпты болжатуға болады. Бірде оқиғалар ретін иллюстрациялы суреттер арқылы баяндату, шығарманың белгілі бір эпизодын суретке қарап отырып мазмұндату немесе иллюстрациядағы бейнеленген кейіпкерлердің бет-бейнесі, қимыл-әрекеті арқылы жанама мінездеме бергізу сияқты жұмысты түрлендіруге де болады. Тіпті сол иллюстрация жөнінде жарнама жасату, хабарландыру құрастыру т.т. жұмыстар ұсынуға да болады[6].

Қорыта келе айтарым, әр мұғалім - өз сабағының режиссеры. Ал әр сабақ – бір әлем. Оқушының асыл сөздің тұнығына мейірін қандыру мұғалім шеберлігіне байланысты. Менің ойымша, әр мұғалім ізденіп, әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, мақсатына сай қолдана білсе, халықтың рухани байлығы – әдебиетін жан-жақты игертуге зор мүмкіндік алады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Тілдік дағдыларды дамытуда мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері» Астана 2018ж
- 2.«Оқу сауаттылығы» Жаңа форматтағы тесттер жинағы. 2021 ж
3. Б. Қапалбек, М. Жолшаева, Ш. Ерхожина, Л. Ишанова «Қазақ тілі» оқулығы, Жаратылыстану бағыты. «Мектеп» баспасы 2020 ж
4. Құрастырған М. Орманова «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында орта мектепте «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәнін оқыту әдістемесі» Қызылорда 2018 ж
- 5.«Оқу сауаттылығы» Жаңа форматтағы тесттер жинағы. 2021 ж

Б.Б. Қапалбек, М. Жолшаева, Ш. Ерхожина, Л. Ишанова «Қазақ тілі» оқулығы, 11-сынып . Жаратылыстану бағыты. «Мектеп» баспасы 2020 ж.

ОҚЫТУДА БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ШАРТЫ- ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ

Алмабаева Балнур Сагиевна

Ө.А.Жолдасбеков атындағы №9ІТ

лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Ата-бабалардың аңсауымен, желтоқсаншы жастардың қайсарлығымен Тәуелсіздік есіктен еніп, жанымызға шаттық сыйлағалы міне 30 жыл, 30 жас. Отыз жылда ел жаңа, еліміз көркейіп, жеріміз жандануда. Осы аз уақыттың аралығында Қазақстан терезесі тең елдермен иық тіресті. Білім, ғылым, спорт, медицина, мәдениет тағы басқа салалар алдыға жылжыды, өсті, дамыды. Осы орайда өзім педагог маманы болғандықтан білім саласына тоқталғым келеді.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғалы бері еліміздің рухани өмірінде көптеген оң өзгерістер орын алды. Бұл оң өзгерістер болашақ жастарды тәрбиелеуде жаңа мақсат пен міндеттерді жүктеп отыр. Қазақстан жастарының рухани кеңістігін қалыптастыру ошағы ол мектеп. ХХІ ғасырмектебінің мақсаты жас жеткіншектерді жауапкершілігі жоғары, парасатты, адамгершілік мәдениеті қалыптасқан, өмірге икемді, ұлтжанды тұлғаға айналдыру. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, басқа да көптеген қасиеттерінің қалыптасуына көмектеседі, оқу-тәрбие үдерісін дұрыс ұйымдастыруына үлкен әсерін тигізеді сөзсіз.

Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің қасиетті борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін , барлық шәкіртін , мектебін шексіз сүйетін ерекше жан. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сол үшін де, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі,ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті – өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеп, қоғамға қосу деп санаймын.

Қазақ тілі сабағында жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі өте зор. ХХІ көшбасшысы – жаңашыл, ізденімпаз, шебер ұстаз. ХХІ ғасыр ұстазы бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, өмірге реалистік тұрғыдан

қарайтын, терең біліммен қаруланған оқушы тұлғасын сомдау үшін өзі де шеберліктің шыңынан көрінуі тиіс. Әр баланың бойындағы туғаннан пайда болған интуициясын әрі қарай дамытуға ықпал ету, оқушының табиғи қасиеттерін пәндік білім деңгейін тереңдету үшін оқытуды жоспарлы түрде ұйымдастыру, өз бетінше білім алу дағдыларының дамуына негіз салу болып табылады. Шығармашылық жұмыстар арқылы оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға жетелеп, қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке ынталандырады. Оқушылардың танымдық, интеллектуалдық қабілеттің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдылары қалыптастырады.

Қазіргі таңда оқу үрдісінде қазақ тілін оқытуда сан-алуан жаңа әдіс-тәсілдері мен технологиялар сапалы білім беруде үлкен рөл атқарады. Қазақ тілін оқыту – қиын да қызықты жұмыс. Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы және терең білім беру, олардың ойлау, көру қабілеттерін жетілдіру, уақытты дұрыс пайдалану, әртүрлі әдістерді қолдану, сабақты мазмұнды да қызықты өткізу, мұғалімнің жеке басының интелектісін дамыту, оқу іс-әрекетін, өтілетін тақырып мазмұнын толықтай аша білу. Сонымен жеке тұлғаны дарынды, білімді де білікті етіп шығару мұғалімнің педагогикалық шеберлігі. Яғни оқытудың жаңа инновациялық технологиясын қалыптастыру. Сын тұрғысынан ойлау әдісі, оқытуда дамыған технологияға жатады. Бұл иллюстративті-түсіндірмелі, ішінара іздену. Проблемалық, пікір-сайыс, ойын, шығармашылық, өзін-өзі дамыта оқыту әдістерінің жиынтығы. Сын тұрғысын оқу-тәрбие үрдісінде басқару мен ұйымдастырудың тиімділігі оқушылардың өз алдына белсенді дамуына негізделеді. Сын тұрғысынан ойлау әдісі оқушының еркін сөйлеуіне, өз пікірін айтуға, достарының ойын тыңдауға, жағдаяттарды шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған бағдарлама. Сын тұрғыдан ойлау дегеніміз-ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген -білгенін талдап салыстырып, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасай білу.

Сыни ойлау – ашық қоғам негізі. Сыни ойлау деген – әр жеке тұлғаның кез – келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ол – өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Нағыз сабақ – ол әрқашан диалог, іздене, дайындала, үйрене, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірибенің бірлігі. .Сын тұрғысынан ойлау үш бөліктен тұрады: Біріншіден, сын тұрғысынан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады. Екіншіден, сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, оқушы оқып, оны еске сақтап айту қаблеті жоқ, керсінше терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыру мүмкін, тың идеялар ойлап табуы мүмкін.

Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Жалпы адамзат баласы тумысынан

білуге құмар болып келеді.Өзінің жеке қызығушылықтарымен қажеттіліктеріне жауап беруге талпынады.Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде “Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту” бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру.Бұл бағдарлама Қазақстан қоры жанынан 1998 ж. қазан айынан бастап жүргізіліп келеді.Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың ең басты міндеті бола болу керек.RWCT бағдарламасы – ағылшын тілінен аударғанда “Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу” дегенді білдіреді. Бұл бағдарлама оқытудың 60 түрлі стратегияларынан: әдістерінен тұрады. Мақсаты – шығармашылық ойлауды, сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Қазақ тілі сабағында оқушылардың еркін ойлау мүмкіндіктерінің ашылуына себеп болған стратегия – ой толғаныс сатысы. Ой толғаныс сатысы кезеңінде, жаңа алынған білімдерді айқындайтын және ұштайтын деңгейде оқушыда шешім қабылдай алатын мүмкіндік болу керек.

- оқығанын өзіндік ойлау тұрғысынан көрсете білу;
- өз сұрақтарын қою және оған жауаптар табу;
- болжау жасай білу және олардың дұрыстығын тестілеу;
- жаңадан пайда болған жағдайларды тез түсінуде осы білімді қолдану.

Сабақтың ой толғаныс кезеңінде «Еркін жазу» стратегиясын қолдану өте тиімді екенін атап айтқым келеді.Оқушыларға мәтіндегі негізгі оқиғалар жайлы,одан алған әсерін,не үйренгенін,нені әлі де біле түсу керек екенін тағы басқа өз пікірлерін қағаз бетіне түсіруді тапсырдым.Жазуға уақыт бердім.Уақыт аяқталған кезде оқушылар өз жазғандарымен топта талқылап,ең жақсы деп танылған шығарманы ортаға шығып оқыды.Мәтіндегі негізгі идеяларды талқылауда қолданған әдістердің бірі «ыстық орындық».Әр топтан бір оқушы алға шығып пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді .Кейбір оқушылар рөлге кіріп кейіпкерді сипаттап та береді. «Ыстық орындық» кезінде оқушылар сыни тұрғыдан ойланатын сұрақтарды өте ұтымды қойып отырды.Балалардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерінен табуды қажет ететін негізгі ерекшеліктер:

Ұтқырлық: ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылу;
үзілді –кесілді жауаптарды іздеудің орнына сұрақтар қою;

Сыңаржақтылықтың болмауы: барлық қорытындыларды бағалау;
баламалы интерпретацияларға ашық болуға ұмтылу. (Мұғалімге арналған нұсқаулық.54-б)

Жалпы сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады,олар сұрақ қойып,дәлелдерді талдайды,мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегиялар қолданады.

Сабақтың мақсаты:

- А) қызығушылықты ояту – сұрақтар қою;
- Ә) мағынаны ажырату – жауаптар іздеу, мәселені толық зерттеу;
- Б) ой толғаныс – ойлау процесінің ең жоғарғы сатысында мәселені талқылау, яғни үш фазада сабақты бөліп өту, оқыту мен оқу процесін осындай үш сатыда ұйымдастыру.

Қазақ тілі сабақтарында оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдана отырып тұлға қалыптастыру тәжірибесін сабақтарда қолданудамын. Сын тұрғысынан ойлауда оқушы болжайды, зерттеп, қорытып, өз ойын жеткізеді, негізін ашады, сұрыптайды, талқылайды, сын көзбен қарайды, пікірін дәлелдейді, пікір алмасады, ортақ пікірге келеді, мақсатқа жетеді, өзін – өзі басқарады, топпен жұмыс істеуге үйренеді, жан дүниесін өзгертеді, ойлауды дамытады, қызығушылықты дамытады, қызығушылықты артырады, кез – келген сабақты меңгертеді, оқушы өзін – өзі тәрбиелейді.

Мен өзімнің сабақтарымда стратегияларды оқу бағдарламасына сәйкес бірізді жүйелі түрде қолданып келемін. Сабақта қолданып жүрген әдістерім атап айтқанда: Және оларды үш топқа бөліп қарастырамын.

I – қызығушылықты ояту фазасында ой қозғау (шақыру).

II – мағынаны ажыратуда түртіп алу жүйесі, 5 жолды өлең.

III-ой толғаныс фазасында Венн диаграммасы, еркін жазу т.б. стратегиялар арқылы баланың дамуына, оның бойындағы жеке қабілеттердің ашылуына, шығармашылықпен ізденуіне жол саламыз.

СТО бағдарламасына қатысудың нәтижесінде сабақта жеткен нәтижелерім: Сабағымда сабақтың жаңа құрылымы пайда болды.

Сабақтың жоспары:

1. Психологиялық дайындық

1. Ой ашар.

2. Үй тапсырмасын тексеру

2. Жаңа сабақ.

I. Қызығушылықты ояту.

A) Ой қозғау.

Ә) Өзіндік жұмыс.

B) Түртіп алу — + ? v (INSERT)

II. Мағынаны ашу сатысы.

A) Топпен жұмыс. Ә) Бес жолды өлең.

III. Ой толғаныс сатысы.

A) Венн диаграммасы. Ә) Бағалау. B) Үйге тапсырма.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту сабақтарының негізінде менің сабағымда оқушыларымның арасында:

- белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланды:

- мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға;

- бір-біріне құрметпен қарауға; бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың негізі қаланды;

- өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашуға;

- өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға;

- өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға;

- достарының ойын тыңдап, мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге;

Ойларын қорытып, оны қағаз бетіне түсіреді және өз тұжырымдамасын жасайды.

Қорыта келе сыни тұрғыдан ойлау стратегиясын өз сабақтарымда қолдану брылы оқушыларда психологиялық ахуал қалыптасты.Өзін жеке дара тұлға ретінде танып,бір-біріне құрметпен қарауға үйренді.Сыни тұрғыдан ойлау арқылы өзін-өзі бақылау,сөйлеу,тыңдау қабілеттері артты.Білімді өз бетімен алуға деген ынтасы,шығармашылық жұмыстарға қабілеттері артты.

Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады. Оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді. Жаңа әдіс-тәсілдерді мән-мағыналарына, ерекшеліктеріне қарай таңдап қолдана білсек, балаға білім беруде ұтарымыз анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияның элементтерін қолдану. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. 2015, №5, 14-22-б
2. Инновациялық технологиялар арқылы функционалдық сауаттылықты көтерейік. Қазақстан мектебі.2014,№9, 17-19-б.

НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ

Сункарова Каламкас Каныбековна

**№28 жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Шымкент қаласы**

Қай қашанда болмасын, қандай елде болмасын болашақ пен келешек деген ұғым қатар жүріп, қатар дамитыны белгілі. Сол қоғамның келешегінде ата –баба, болашағында ұрпақ деген атау жатыр. Бұл дегеніміз үлкен мән мағынаға ие атау. Бүгінгі болашақ бұл ертеңгі тарихтың ізін жалғар ұрпақ яғни алтын көпір. Еліміз тәуелсіздік алған 30 жылдан бері қаншама өзгеру, қаншама жаңару жатыр қай салада болсада. Оған бүгінгі осынау еліміз куә. Ел болашағының іргесін мығым етіп қалау үшін оның ұрпағын саналы, білімді етіп тәрбиелеу шарт. Осы тәуелсіздік алған жылдардан бергі білім саласында болып жатқан өзгеріс бұл келешекке деген үміт пен сенім.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша жаппай ұстаздарымызды оқыту 2015-2016 жылдар аралығында бастау алды. Бұл кезде бәрімізге таңсық , ерсі көрінген нәрсе бүгінгі күні үлкен мақсатымызға айналды. Бұл білімдегі тың өзгерістің бұрынғы біліммен айырмашылығы айтарлықтай көп деуге болады. Мысалы біз кішкене күнімізде кейбір пәндерден қаншама қиналып сол пәнді білмегеніміз үшін өз ортамыздан ұялып өстік. Ал сол математикадағы формула, химиядағы элементті біз осы күнде өз өмірімізде қолданып жүрміз ба? Әрине жоқ демек бұл бастапқы берілген білім жалпылама десек болар. Ал қазіргі

қоғамда әрбір оқушы өз ойын айтуға, өз білімін көрсетуге, жеке тұлға екенін танытуға шектеу жоқ. Бұл дегеніміз біздің болашақта қаншама мықты мамандар жұмыс жасайды деп сенуге болады. Себебі қазіргі қоғам соны талап етуде. Мысалы қазақ тілінде бала сабақтан алған білімінен нәтиже көрсету үшін оған нақты алғышарттар дайындап қойған. Бала айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым дағдыларына мұғалім арқылы нақты дағдыланса ол өмірде сол алған білімін өз қажетіне жоғары деңгейде пайдалана алады деген сөз. 21-ғасыр ақпараттық технологияның дамыған ғасыры деп жатырмыз ал біздің тәрбиелеп жатқан оқушыларымыз осыған барынша қабілетті болуы үшін біз оған ерік беруіміз қажет. Осы күндегі білімде саралау арқылы нәтижеге қол жеткіземіз. Бала өз қажетіне, мүмкіншілігіне қарай нақты пәнді таңдау арқылы сол пәнді мектеп бағдарламасында, тереңдетіп оқуға мүмкіндігі бар. Әрбір пәндегі берілген тақырыптар шеңбер тәрізді жүйеленген. Бұл да балаға жақсы мүмкіндік екені белгілі. Орыс тілі, ағылшын, қазақ тілі бұлардың тақырыптарында өзара сабақтастық жоғары дәрежеде қалыптасқан. Бұл нәтижеге жету жолындағы ең ұтымды тәсіл деуге болады. Қазіргі таңда ұстаздарымыз өз пәніне қызығушылығы жоқ баламен күнделікті жұмыс жасап отырғаннан қарағанда сол пәнді тереңірек білгісі келген баламен жұмыс жасау арқылы көптеген нәтижеге қол жеткізіп отыр. Сабақ барысындағы саралауды бірнеше бағытта қарастырып көруге болады. Ол дегеніміз қысқа мерзімде, орта мерзімде және ұзақ мерзімде жүзеге асу керек саралау мен нәтиже . Ең оңайынан бастай отырып берген білімнің нәтижесін алу.

Саралау мен жоспаралау тапсырмаларын мұғалім күнделікті қысқа мерзімді жоспар құру барысында назарға алуы керек. Өз оқушыларыңыздың деңгейлеріне қарай оларға арнайы тапсырмалар әзірлеу арқылы және сабақ мақсатын нақты айту арқылы сіз өз сабағыңызда нәтижеге жету жолында жұмысты жоспарлайсыз. Қазіргі білімдегі ең үлкен өзгеріс бағаның орнына баллдық жүйенің енгізілгені. Осы орайда бұлда жаман өзгеріс емес екенін байқауға балады. Сабақ барысында мақсат, тапсырма, дескриптор, бағалау міне осы үрдісдер сіздің сабағыңыздың нәтижелі болуының басты алғы шарттары. Бүгінгі таңда өз қоғамының экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени өміріне араласуға қабілетсіз болып отырған адамдар санының ұлғаюы бүкіл әлемде алаңдаушылық туғызуда. Осы тұрғыдан алғанда, білім – адам қабілеттіліктерін арттырып, оларға өмірге мән беретін, сән беретін еркіндіктерді пайдалануда мол мүмкіндік ұсынатын негізгі тетік ретінде қарастырылады. Біріншіден, мектепте меңгерілген негізгі дағдылар – оқи және жаза білу өз алдына жеке құндылықтар. Екіншіден, білімінің арқасында адам өз өмірін жақсарта алады.

Әлемдік педагогика оқуды саралау туралы ХХ ғасырдың 20-шы жылдары ойлана бастаған. Бұл кезеңде кеңестік және шетелдік педагогикада оқуды жеке даралау және саралау саласында белсенді жұмыстар жүргізген. Өткен ғасырдың басында оқыту үдерісіндегі даралау әдістерін іздеу АҚШ-да кең етек алған. Қазақстан әлемнің дамыған 30 елдерінің қатарына қосылу үшін ең алдымен бүгінгі жасампаз ұрпақтың болашығымен жұмыс жасауы қажет. Қоғамға ең алдымен қажетті деген мамандықтар қатырын тізбектеп осыған орай мамандар

дайындау қажет. Ол үшін ең алдымен мектеп бағдарламасындағы өзгерістермен танысып сол арадағы олқылықтармен жұмыс жасау қажет. Сол кезде ғана білімдегі нәтижелерді саралай алады деуге болады. Білім мен руханилық қатар жүретін құбылыс. Егер де білімде болсын, басқа да болсын нақты тәртіп болмаса ол теңізге қосылған тамышы іспетті. Сол үшін де кез келген нәрсенің себебі мен салдарын анықтау жолында күресу қажет екенін бүгінгі күнгі ұстаздарымыз түсінсе екен.

Қорыта келгенде, Абай атамыз айтқандай :
Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де –бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан. Демекші бүгінгі ұрпақтың кемел кірпішін қалаушы ұстаздарымыз мықты болса болашақ ұрпақтан кетігі табылар бала болуы мүмкін емес дегім келеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ы.Е.Маманов Қазақ тілі морфологиясы
2. <https://bilimainasy.kz/>
3. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. Алматы

ОҚУ МЕН ОҚЫТУДАҒЫ САРАЛАУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Исмайлова Уркия Курбантаевна

**№28 жалпы білім беретін орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі, п.ғ. магистрі, халықаралық тренер
Шымкент қаласы,**

Қазіргі таңда білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында мұғалімдердің тәжірибесінде көптеген өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістер мұғалім тәжірибесін дамытуға бағытталған. Осылайша жоспарлау және оқытуда саралаудың маңыздылығы артуда. Саралап оқыту (дифференциация) латын тіліндегі «difference» сөзінен бастау алған және біртұтас затты түрлі бөліктерге, нұсқаларға, сатыларға бөліп жіктеуді, саралауды білдіреді, ал француз тілінде «differentiation» айырмашылық, ерекшелік дегенді білдіреді. Саралап оқыту дегеніміз: мұғалім оқу үдерісінде маңызды болып табылатын белгілі бір ортақ ерекшеліктеріне қарай топтастырылған оқушылар тобымен (гомогенді топ) жұмыс жүргізетін оқу үдерісін ұйымдастыру түрі; оқу үдерісін оқушылардың әртүрлі топтары үшін бейімдеуге мүмкіндік беретіндей етіп құрылған жалпы дидактикалық жүйенің құрамдас бөлігі. оқушылардың оқу талаптарына сәйкес

оқыту үдерісін реттеу; оқушылардың тиімді оқуына мүмкіндік беретін кішкентайдан үлкенге дейін өзгерістер енгізу; оқу бағдарламасын әр түрлі жолмен жүргізу. Дағды, білім, түсінік және сан алуан тапсырмаларды берудің әр түрлі жолымен келетінін көрсету; оқушылардың ерекшеліктерін ескеру және оған сәйкес жоспарлау; оқушылардың білімдерін кеңейту үшін жеке тұлғалардың не оқушы топтарының әр түрлі қабілеттіліктеріне сай жұмыс беру. Саралап оқытудың негізгі түрлерінің бірі даралап оқыту болып табылады, сондықтан авторлардың көпшілігі «саралап оқыту» туралы түсінікті «даралап оқыту» (оқушының белгілі бір ерекшеліктерін, қасиеттерін ескеру) ұғымымен тығыз байланыста қарастырады, бірақ әртүрлі анықтама береді (тәсілі, түрі, кешені, топтастырылуы, құралдарына қарай және т.б.).

Бұл дағдылар ХХІ ғасырда оқушылардың өзін-өзі жүзеге асыра алуы үшін қажетті дағдылар. Әрине, бұл дағдылар барлық оқушылар үшін де қажетті. Бірақ оқушылардың барлығы бірдей аталған дағдыларға қол жеткізе бермейді. Осы тұста «неге?» деген сұрақ туындайды. Себебі, оқушыларды бірдей оқыту әдістемесімен оқыта отыра, бұл дағдыларды игерту қиынға соғады. Сондықтан да педагогтардың басты міндеттерінің бірі оқушыларға білімді, ақпаратты көп беру емес, берген білім мен ақпаратты өз бетінше тиімді игеруі үшін жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеріп, қажеттіліктерін қанағаттандыру. Бұл проблеманы шешуде жоспарлау мен оқыту үдерісінде педагогикалық тәсілдердің бірі саралап оқытуды қолдану тиімді жолдардың бірі болып табылады.

Оқытудағы «Саралау тәсілі» ұғымының негізін салушыларды Карл Роджерс, Абрахам Маслоу т.б гуманистік психология өкілдері деп есептелінеді. Гуманистік тәрбие үшін басты құндылық – барша жақсы, жаман тараптарымен, артықшылығы және олқылықтарымен, тұлғалық ерекшеліктерімен танылған оқушының өзі. Гуманист педагог өзінің тәрбиелік істерін баланың жеке қызығушылықтарын ескере отырып атқарады [1, 82- 83бб.]. Әлемдік педагогика оқуды саралау туралы ХХ ғасырдың 20-шы жылдары ойлана бастаған. Бұл кезеңде кеңестік және шетелдік педагогикада оқуды жеке даралау және саралау саласында белсенді жұмыстар жүргізген. Өткен ғасырдың басында оқыту үдерісіндегі даралау әдістерін іздеу АҚШ-да кең етек алған. Кеңес, Батыс Еуропа және Америкада білім саласындағы жеке даралау 4 саралау бағытындағы зерттеулер бір уақытта басталғанымен, қазіргі таңда батыстық педагогиканың бұл бағытта үлкен практикалық және теориялық тәжірибесі басым.

Саралап оқыту – бұл білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүргізіледі. Біз қарастырып отырған саралап оқытудың теориялық негізін Л.Выготский, А.Леонтьев, Б.Ананьев, С.Рубинштейн т.б ғалымдар жасаған. Ал, бастауыш мектеп кезеңіндегі саралауға байланысты мұғалім әрекеттерін В.Давыдов, Л.Занков, Ш.Амонашвили т.б зерттеулерінде қарастырылған. Кеңестік кезеңде білім беру

саласын әр баланың дамуына қарай реттеу Л.В.Занков (1963 ж.) жетекшілігімен қабылданған болатын. Бұл ғылыми мектепте оқуды саралаудың және баламен жекелей жұмыс жасау тәсілінің басты өлшемі оқу материалын игеру деңгейінің жетістігі. Бірақ бұл балалардың бір ғана ерекшелігінің өлшемін қамтиды және бастауыш мектеп оқушысының қажеттілігін қамтиды. Ал, орта және жоғары сынып оқушылары мен мұғалімдері үшін бұл жеткіліксіз болды [2]. Қазақ зиялы қауым өкілдерінің педагогика саласындағы еңбектерінен және әр түрлі ой-пікірлерінен баланың ерекшеліктері, оның қажеттіліктері турасындағы тұжырымдарын көруге болады. Мысалы, Мағжан Жұмабаевтің «Педагогика» атты еңбегінде: «Баланың әсерленуі, суреттеу, ойлау һәм сезінуі ержеткен адамнан әжептәуір басқа. Баланың бұл жан көріністерінің әрқайсысының жеке-жеке алғанда басқалығы болған сықылды, бұлардың бәрін тұтас алғанда да басқалық бар» - делінген.

Демек, өткен ғасырдың басындағы қазақ мектептерінің мұғалімдеріне баланың ерекшелігі туралы бағыт бергені деп түсінуге болады. Сондай-ақ, осы еңбекте Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың: «Сөзді әрбір адамның ақылына қарай сөйле», депті. Сол айтқандай, балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек» [3] – деп тұжырымдайды. Дәл осы орайда Ахмет Байтұрсыновта: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның біліміне шеберлігінің керек орны, өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолын қысқарту үшін, сол жолдан балалар қиналмай өту үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беруі мен бетін белгілеген мақсатқа тнзеп отыру керек» [4, 336б.], – деп пікір білдірген. «Оқуды саралау» деген ұғымның өзі қазақ даласында болмағанымен, қазақ ғалымдарының еңбектерінен теориялық және тәжірибелік негіздерінің болғанын, сол кезеңнің өзінде әлемдік педагогикадағы жаңалықтарды зерделей отыра, қазақы қырынан ұсынуға тырысқанын көруге болады. Саралаудың педагогикалық және психологиялық тұрғыдағы теориялық негіздерін ескерсек оқуды саралау қазіргі таңдағы білім беру саласындағы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Өзекті дейтін себебіміз әр баланың -өзіндік даму ерекшелігі бар.

Сондықтан да біз қазіргі таңда барлық баланы бірдей әдіспен оқыта алмаймыз. Әр баланың ерекшелігін ескере отыра, оның қажеттілігін қанағаттандыратындай әдістемемен оқыту қажет. Бұл әдістемелік құралдың мақсаты педагог қызметкерлердің сабақты жоспарлау үшін саралаудың педагогикалық негіздерін білу мен түсіну және оқыту үдерісінде оқушылардың қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін саралау тәсілдерін қолдану дағдыларын дамыту болып табылады. Әдістемелік құралда саралап оқытудың педагогикалық және психологиялық тұрғыдағы теориялық негіздері, тапсырмаларды жоспарлауда белгілі саралау тәсілдерін жүзеге асыруға арналған мысалдар, жоспарлау мен оқыту үдерісінде қолдануға болатын саралаудың әдістері және қысқа мерзімді жоспарларда саралау тәсілдерін жүзеге асырудың үлгілері ұсынылған.

Психолог Н.А.Менчинская «Оқыту тиімділігі оның мазмұны мен әдістеріне ғана тәуелді емес, сонымен қатар, оқушылар тұлғасының жеке басының ерекшеліктеріне байланысты», [5] – деген. Демек, оқушыларға оқу мақсатына жетуді кәздейтін тапсырма, жаттығуларды беру барысында баланың жеке ерекшелігі және қажеттілігі ескерілуі керек. Бұл турасында ұлы ғұлама Аристотельдің өзі былай деген: «Оқушылар биіктен көрінуі үшін алдыңғыларға жетіп, соңғыларды тоспауы керек». Яғни, әр бала өз ерекшелігіне, қажеттілігіне және мүмкіндігіне қарай тапсырмалар мен жаттығуларды орындай отыра оқу мақсатына жетуі керек. Көмек немесе қолдаудың мүмкіншіліктері бар: ынталандырушы, бағыттаушы және оқытушы [6]. Ынталандырушы көмек бұл оқушы өзіндік жұмысты орындауға ене алмай отырғанда маңызды. Мұғалім оқушыны ынталандырып тапсырманы түсіндіреді және әрекетін ұйымдастыруға көмектеседі. Сонымен қатар ынталандырушы көмек қателіктер жіберген оқушыларға да көрсетіледі.

Мұғалім қателікті табуға ынталандырады немесе қатені көрсетіп түзетуді ұсынады. Бағыттаушы көмек ынталандырушы көмек әсерлі болмаған жағдайда қажет. Оқушыға тапсырманы дұрыс орындауға немесе қатені түзетуге жол көрсетіледі. Яғни, білімді өзектендіретін, тапсырманың орындалуын жеңілдететін бағыт беруші қолдау (подсказка) көрсетіледі. Оқытушы көмек оқушыға өзіндік жұмысты бағыттаушы көмек арқылы да орындай алмай отырған жағдайда беріледі. Бұндай жағдайда мұғалім оқушы алдында не жасау керектігі жәнінде тапсырманы орындау жолын ашып көрсетеді немесе үлгілеуді көрсетеді. Яғни, алдымен ұқсас тапсырманы немесе жаттығуды өзі орындап көрсетеді, кейін оқушыға орындауға береді. Оқытушы көмек әрекеттердің қадамдарын ескеретін әңгіме түрінде жүреді. Ал, оқушы іс жүзінде жүзеге асырады. Кез келген көмек оқушы тапсырманы өзі орындауға әрекет жасағанда тоқтатылуы қажет. Оқыту үдерісінде қолдау тек алаңдап отырған оқушыларға көрсетілмейді. Сонымен бірге қабілетті оқушыларыңызға да білімнің кейбір салаларында жеке көмек немесе қолдау қажет болуы мүмкін. Мысалы, жазба, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, оқу машықтарын немесе бірлесіп оқу машықтарын дамытуда.

Көмек беру бойынша саралау балалардың жеке ерекшеліктерін, оның білімді игеру деңгейін толық ескеруге мүмкіндік береді. Оқушыларға жақын арадағы даму аймағын есепке ала отыра тапсырма беріледі. Л.С.Выготскийдің айтуынша жақын арадағы даму аймағы балалардың тапсырмаларды ересектердің жетекшілігімен және қабілетті құрдастарымен ынтымақтастықта орындай алуымен анықталады. Бұл әр оқушының даму жолын анықтайды. «Бүгін бала ынтымақтастықта жасай алғанын, ертең өзі орындай алады». Осы талаптаға көбірек жауап беретіні бағыттаушы көмек. Бұндай көмектің негізгі екі түрі ерекшеленеді. Көмектің бірінші түрі – қосалқы тапсырмалар және дайындаушы жаттығулар түрінде. Оқу деңгейі төмен оқушыларға негізгі тапсырманы орындау үшін дайындалуға мүмкіндік беретін қарапайым

тапсырма беріледі. Оқу деңгейі жоғары оқушыларға бірден негізгі тапсырма беріліп, кейін олар тез орындаған жағдайда қосымша тапсырмалар беріледі.

Көмектің екінші түрі – бағыт беруші қолдау (подсказка) түрінде: көмекші-карточка, кеңес беруші-карточка. Үшінші топ оқушыларына (оқу деңгейі жоғары) тапсырманы өздеріне орындау ұсынылады, ал бірінші және екінші топ оқушыларына түрлі деңгейдегі көмек беріледі. Көмекші-карточкалар барлық балалар бірдей тандайды немесе жеке-жеке тандайды...

Әдетте, мұғалім тандаған сабақтағы жұмыстың орташа қарқыны оқушылардың белгілі бір бөлігі үшін ғана қалыпты, ал басқалары үшін ол тым тез, ал басқалары үшін тым баяу. Кейбір балалар үшін бірдей оқу міндеті күрделі, шешілмейтін мәселе, ал басқалары үшін бұл оңай мәселе. Бірінші оқудан кейін балалар бір мәтінді түсінеді, басқалары қайталануды қажет етеді, ал үшіншісі түсіндіруді қажет етеді. Басқаша айтқанда, оқу материалын игерудің сәттілігі, оны игеру қарқыны, білімнің маңыздылығы, баланың даму деңгейі тек мұғалімнің іс-әрекетіне ғана емес, сонымен қатар көптеген факторларға байланысты оқушылардың танымдық қабілеттері, қабылдау, есте сақтау, ақыл-ой белсенділігі, атап айтқанда, физикалық дамуына байланысты. Демек, әр мұғалімнің алдында үнемі үлкен міндет тұрады – мұндай қарама-қайшылықтардың жағымсыз салдарын бейтараптандыру, жағымды жақтарын күшейту. Әр баланың нақты және ықтимал мүмкіндіктерін оқудың сыныптық-сабақтық түрінде пайдалану мүмкін болатындай жағдай жасау. Бұл практикалық мәселені шешу оқушыларға сараланған және жеке көзқарасты дәйекті жүзеге асырумен байланысты. Мысалы:

6.3.4.1 А.Құнанбаевтың «Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс» өлеңдерін тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру.

Жеке жұмыс.

Саралау тапсырмасы:

Дарынды, талантты оқушылар А.Құнанбаевтың «Күз» өлеңін

А. С.Пушкиннің «Уж небо осенью дышало» өлеңімен салыстырады.

(ресурс бойынша)

Қабілеті әртүрлі оқушыларға көпірше ретінде сұрақтар ұсынылады:

1. Екі өлеңнің ұқсастығын айқындайтын тұстарын қай шұмақтан кездестіруге болады?


2. Екі мезгілдің ауа райында, ағаштар мен өсімдіктер тіршілігінде қандай өзгерістер байқалады? т.б.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға көпірше ретінде сөз тіркестерінің (антонимдік, синонимдік қатары) ұсынылады:

тойынған мал, семірген мал, ашық аспан, бұлтты аспан, көкорай шалғын, сыйдифан ағаш, алаңсыз тіршілік, тіршілік қамымен...

Осы сөз тіркестерін өлең жолдарынан тауып, мағынасын ажырату арқылы синонимдік қатарды – ұқсастығына, : антонимдік қатарды - айырмашылығына орналастырады.

«Венн диаграммасы»



«Жаз өлеңі

1. Ашық аспан
2. Көкорай шалғын
3. Тойынған мал
4. Көңілді қыз-Келіншектер
5. Жайлаудағы сән-салтанат
6. Құстар сайраны
7. Мамыражай жаз
8. Алаңсыз тіршілік
9. Жадыраған шілде айы

«Күз» өлеңі

1. Бұлтты аспан
2. Сыйдиган ағаш
3. Семірген мал
4. Малма сапсыған жүдеу әйел
5. Үй жамаған кедей тұрмысы
6. Қайтқан құстар
7. Қырдың қара суығы
8. Тіршілік қамымен
9. Тозған күзеу көрініс

6.Ж2. Алаш қайраткері – Міржақып Дулатов тақырыбында берілген мәтін бойынша жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып мінездеме, құттықтау, өмірбаян құрастырып жазу;

Саралау тапсырмалары

▶ **Жоғары қабілетті(дарынды/ талантты) оқушыларға:**

Публицистикалық стиль жанрларының біріне М.Дулатұлы жайлы өмірдерек немесе шағын очеркке (суреттеме , проблемалық- аналитикалық) таңдау жасай алады. (Таңдауы бойынша саралау)

▶ **Қабілеті әртүрлі (көпірше) оқушыларға:**

Төмендегі тіркестерді қатыстырып, М.Дулатовқа құттықтау хат жазу.

-тұңғыш математик -оян қазақ -рухани ұстаз -мәңгіге қалу.

Түрлі сөздіктер көпірше ретінде ұсынылады:

Тұрақты теңеулер сөздігі (Т.Қоңыров, Алматы 2007)

«Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (І.Кеңесбаев А-2007ж)

Синонимдер сөздігі (С.Бизақов, Алматы 2007) *Қабілеті әртүрліге*

▶ **Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға - алгоритм (көпірше)** төмендегіше ұсынылады:

▶ **Өмірбаян. (М. Дулатұлының)**

▶ **Құрылымы:**

▶ 1.Құжаттың атауы.

2. Аты-жөні, туған күні, айы, жылы, туған жері.

3. Ұлты. Азаматтығы.

4. Білімі, оқыған оқу орындары.

5. Жетістіктері.

6. Отбасы туралы мәлімет.

7. Қосымша мәліметтер (тіл білуі, қызығушылығы)

8.Қазіргі жұмысы, мекен-жайы туралы мәлімет.

9.Құжаттың жазылған күні, айы, жылы.

10.Қолы.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. С.Б.Бабаев. Бастауыш мектеп педагогикасы. Оқу құралы. Алматы. 2007. 413 бет.
2. Иванова Е.Ю. Технология дифференцированного обучения в условиях реализации <https://multiurok.ru/files/tiekhnologhiia-diffierentsirovannoghoobuchieni-2.html>
- 3.М.Жұмабаев.Педагогика.1922жыл,15сентябрь,Қызылжар.
4. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы. Ана тілі. 1992. 442б.
5. Саралап оқыту ауыл мектебінде сабаққа қызығушылықты тәрбиелеу құралы. Қашықтықтағы семинар. 14 қаңтар 2011 жыл.
6. Деркач С.В. Дефференцированный подход к проверке знаний. <http://ext.spb.ru/2011-03-24-15-59-19/142-preschool-pedagogy/6662-differenzirovanniypodhod.pdf>

НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ

Натбаева Айзада Амзеевна
№28 жалпы орта білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Шымкент қаласы

Қазіргі қоғам бұрынғы қоғаммен салыстырғанда арасы жер мен көктей айырмашылыққа ие деп айтуға болар. Қоғамдағы үдеріс барлық саланы қамтып жатқаны белгілі соның ішінде білім саласына да тың серпіліс пен өзгеріс алып келгенін білеміз. 2016 жылдан бері қолданылып келе жатқан жаңартылған бағдарлама бұл біздің білім саласындағы көптен бергі күткен жаңашылдыққа ұмытылу жолындағы алғашқы қадамымыз деп айтсақ та болар. Қазақ тілінің ағартушылары А.Байтұрсынов пен Ы.Алтынсарин салып кеткен дара жолды осы күнде негізін бұзбай бірақ содан тамыр ала отырып келер ұрпаққа саналы түрде жеткізуіміз шарт.

XIX ғасырда қазақ қоғамында жаппай сауаттандыру саясаты жүрді десек XXI ғасыр сол білімді ары қарай арттыру мен биік шыңға көтеру ғасыры болып қалмақ. Бұл ғасыр біздің Қазақстан үшін ғана жаңару ғасыры емес дүниежүзі

елдері бойынша өз жүйесіне, өз тарихтарына өзгеріс енгізіп жатқан заман. Себебі әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне яғни технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басты. Ал қазіргі білім саласындағы өзекті мәселенің бірі бұл балаға білім бере отырып нәтижеге оңай қол жеткізу болып отыр. Бұл әрине нәтижеге бағытталу. Бізден бұрынғы ағартушыларымыздың еңбектерінде де кеңінен айтылған. Лекция ретінде алған білімді практика жүзінде жүзеге асыру бұл бізден бұрынғы ғалымдардың еңбектерінде көп кездеседі. Қазақ тіл білімінің грамматикасын зерттеуші ғалымдардың бірі С.Исаевтың « Қазақ тіл білімінің анталогиясы» атты еңбегінде де білім бере отырып тың нәтижеге жетелейтінін байқауға болады. Сонымен бірге саралап оқыту - бұл білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүргізіледі. Біз қарастырып отырған саралап оқытудың теориялық негізін Л.Выготский, А.Леонтьев, Б.Ананьев, С.Рубинштейн т.б ғалымдар жасаған. Ал, бастауыш мектеп кезеңіндегі саралауға байланысты мұғалім әрекеттерін В.Давыдов, Л.Занков, Ш.Амонашвили т.б зерттеулерінде қарастырылған. Ал біздің бүгінгі жаңартылған білімнің де айтары сол балаға білім беру үдерісі бұл қиын процесс арқылы жүзеге аспауы қажет. Бала мектепте алған білімін өмірде де барынша өз пайдасына асыра білу қажет. Мектеп бағдарламасындағы кез келген пәнді оқыту барысында да осы нәрсе мұғалімнің назарында болуы шарт.

Жаңартылған білім мазмұнының тағы бір жақсы жағы енжар баланы ілгері дамытуға бағыттау. Міне бұл дегеніңіз нәтижеге жол ашу. Бала өз қателігін қателік деп қарамай ол да осы қоғамның бір мүшесі, жеке тұлға екендігін сезініп өсу. Бұл деген баланың бойына сенімділік қабілетінің ұялауына зор мүмкіндік беретіні сөзсіз. Ал баланың білімін саралау үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануыңызға болады. Әрине білім жайдан-жай беріле бермеу керек ол көрсеткіш, нәтиже бере алуы шарт. Ол үшін бала білімі сарлануы қажет. Білімді саралаудың бірнеше бағыттарын қарастыруға болады. Сабақ соңында жасалау керек сараптамаларды қарастырсақ:

- ✓ Кері байланыс алу;
- ✓ Кесте, диаграмма, шартты белгілер арқылы;
- ✓ Төрт сөйлем , ақпаратты теру, қос жазба ;
- ✓ Баланың өз ойын айтуға мүмкіндік жасау;
- ✓ Мақсатқа жетпеген жағдайда да өзін еркін сезіне отырып түсінікті қайта сіңіру;

Міне әр мұғалім өз сабағында дәл осындай саралау жұмысын жасап отырса сол күнгі сабақ өз нәтижесін береді. Осындай тәсілге үйренген бала да сабақ бойында ширақ қимылдап , білім алу жолында күресері анық. Білім саласындағы тағы да бір жаңалық бұл баға емес бала өз білімі үшін 10 баллдық жүйемен бағалану. Бұл бағалау түрі қазіргі балалар мен ата –аналарға жақсы

көрсеткіш әкеле білгенін айта кетуге болады. Бала бір сабақта өзіне тиісті ұпай алу үшін сабақ барысындағы мақсат пен критерийге негізделген дескриптор арқылы өз ұпайын шынайы ала алатын болды деуге болады. Осы күнде білім саласында нақтылық пайда болды. Бала өз кемшілігін түсініп шынайылық пен таза білім алуға ұмытылатын жағдайға жетті десек болады. Нәтижеге бағытталған сабақтың ең негізгі ұстанымдары төмендегідей болмақ.

- Сабақ мақсаты, оқу мақсаты;
- Дағды мен деңгейлік үйлесімділік;
- Бағалау критерийлері, дескриптор;
- 10 баллдық жүйемен бағалау;

Жоғарыдағы айтылған ұстанымдарды оқушыға пән мұғалімі меңгертер болса сабақтағы жоспарлау мен саралау тапсырмалары жүйелі болмақ.

Қорытындылай келе балаға сіздің қойған бағаңыз емес сіздің сабақтан ала білген білімі қажеттірек болмақ. Бала біздің болашағымыз олай болса сіз сол болашақтың алтын діңгегін осы сәттен бастап қалап жатқан абзал жансыз. Баланың бойындағы таланты мен көшбасшылық қабілетін ашу сіздің алдыңыздағы мызғымас паразыңыз себебі сіз ұстазсыз. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегенді ұмытпағаныңыз абзал.

Пайдаланған әдебиеттер

1. С.Исаев «Қазақ тіл білімінің анталогиясы» 2010 Павлодар
2. <https://infourok.ru/> ғаламтор желісіндегі ақпарат.
3. А.І.Сүгірбекова қазақ тілі «Саралау тапсырмалары»

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ, ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Ақылбекова Қарлығаш Дүйсенбайқызы
«Ш.Уәлиханов атындағы №18 жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Мемлекет болашағының кепілі - жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - деген. Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі

мақсаты- білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда елбасы Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады.Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады.

Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – ортілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ - ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары). Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі шиыршық қағидатпен берілуі. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығы мен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсіл мен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау.

Баланың жан-жақты ізденуін ынталандырады. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдер де пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылым мен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі біроқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім

деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Оқушы білімін бағалау жаңа білім беру мазмұнында бес балдық бағалау емес, критериалды бағалау арқылы бағалануы –оқушылардың оқу жетістіктерін нақты айқындалған, бірге даярланған, оқу үдерісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі, білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сай критерийлермен салыстыруға негізделген бағалау үдерісі. Критериалды бағалау оқыту, тәлім-тәрбие беру және бағалаудың өзара байланысына негізделген.

- Қалыптастырушы бағалау шынайылыққа бағытталады.
- Оқушының өз бетімен жұмыс жасап, тұжырым жасауына ықпал етеді. Мұғалім үшін қай оқушының қандай деңгейде екендігін байқауға мүмкіндік береді.
- Оқушының өзара бір-бірін бағалауын қалыптастырады.
- Ата-ана өз баласының қай оқу мақсатынан төмендігіне көз жеткізіп , сол бойынша жұмыс жасауға мүмкіндік жасап отыр.
- Әр мұғалім қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын жасау арқылы өздерінің кәсіби бағытта дамуына қол жеткізетіндігі.

Шығармашылық –бұл адам іс-әрекетінің түрі, бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігімен сапалы, дәлелді шешімдер кезінде қабылдай білуге үйренуі керек.Тек шығармашылық қана адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге мүмкіндік әпереді. Мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру ісінің алғашқы сатыларының бірі болып табылатын бастауыш мектептің алатын орны ерекше, өйткені бастауыш мектеп:

- 1.Оқушылардың интеллектуалдық, рухани, табиғи нышандарын дамытуға өзінің қызығушылықтарымен бейімділіктерін іске қосуға жағдай жасайды.
2. Жеке адамдық сенімдерін қалыптастыруға жағдай жасайды.
3. Ұжымдық және жеке іс-әрекеттер тәсілдеріне үйретеді.

Баланың еркін шығармашылықпен ойлауына, оның барлық қабілеттерін дамытуға, өз күшіне деген сенімнің болуына жағдай жасайды. Кіші жастағы баланың оқуға, оқу арқылы қабілеттерінің дамуына көп мүмкіндіктер бар. Ұстаз үшін ең маңызды мақсат-әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу.Оны жүзеге асырудың бір жолы –оқушыларға білім беру, тәрбиелеу барысында кеңінен қолданылып келген,оқушылардың білім сапасын көтеруге жағдай жасайтын, сабақты тиімді ұйымдастыруға, сабақ уақытын ұтымды пайдалануға, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға көп көмегін тигізетін әдіс - эссені қолдана білу.Эссе -жеке көзқарасты білдіретін шағын көлемдегі, еркінкомпозициялық прозалық шығарма.

Эссе жазудың нақты мақсаты:

Белгілі мәселе бойынша өз пікірін айту және дәлелдеу;

- Сұрақ бойынша өзінің түсінігін, ойын айту;
- Оқырмандарды ақпараттандыру;

- Мәселені талқылау және шындықты табуға тырысу;
- Өзінің және оқырманның көңілін толтыру;
- Көңіл-күйінді білдіру және оқырман көңілін аудару, эмоция туғызу;
- Іс-әрекетке түрткі болу.

Эссе жаза отырып оқушылар басқа адамның көзқарасын білу, іскерлік қарым-қатынас жасау, қоғамдық ойға пікір білдіру, өз жаңалығын жүзеге асыра, табысқа қол жеткізе алады. Қазіргі кезде эссе жазуға оқушылар төселіп келеді. Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақты мынадай жолдармен өткізуге болады:

- 1.Сабақта АКТ-ны тиімді пайдалану;
- 2.Сабақты түрлендіріп өткізу;
- 3.Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, кестелер мен сызбаларды пайдалану;
- 4.Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Осылардың нәтижесінде дарынды, қабілетті жеке тұлға қалыптасады. Жаңартылған білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір –бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі. Қазіргі күні оқу процесінде «ең бірінші тыңдаймыз» деп оқушылардың тыңдалымға дағдылануына баса назар аударып отыру оқушыда өз бетімен тыңдауға назар аудару дағдысын қалыптастыруда.

Күнделікті сабақ басталмас бұрын бүгінгі сабақтың мақсатын таныстыру оқушыда өз алдына мақсат қоя білуге, сабақ соңында бүгінге мақсатқа қол жеткізгендіктеріне қайта шолу жасау арқылы өз нәтижесіне саралау жасауға мүмкіндік беру бұл да жаңа білім беру мазмұнының жаңа бір қыры деп айтуға болады.Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Шәкірттерді бәсекеге қабілетті жеке тұлға дәрежесіне жеткізе білу әр ұстаздың міндеті. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Садуова Ж.Н. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру – Алматы, 2002
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы – 2012ж
3. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық – Алматы, 2007ж-2006
4. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде – Алматы,2002ж

ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫН ДАМЫТУ
№ 42 Хамза атындағы жалпы орта мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі
Шанаева Гүлшахар Курмашовна

*Қашанда бір істі істегіңіз келсе, ол іске әуелі
ақылыңызды, одан соң қолыңызды
жұмылдырыңыз,
егер де ақылыңыз дұрыстаса, көзіңіз көріп, жөнін
тауып мақұл көрсе, тіліңіз бен қолыңызға ерік
беріңіз.*

Ыбырай Алтынсарин

Заманауи педагогикалық технологиялар туралы сөз қозғалғанда ең алдымен «технология» деген не? -деген ой келеді. Технология – бұл қандай да бір істе, шеберлікте, өнерде қолданылатын тәсілдер жиынтығы. Бұл педагогтың қызметіне қатысты барлық іс-әрекеттер белгілі реттілікпен және тұтастылықпен ұсынылатын құрылымы, ал оны орындау қажетті нәтижеге жетуді тұспалдайды және болжамды сипатқа ие. Сондықтан әр педагогта әдістемелер, тәжірбиелер, нәтижелер туралы толық түсінік қалыптасуы қажет. Жүздеген білім беру технологиялары бар. Жаңа психологиялық-педагогикалық технологиялардың пайда болу себептері әр түрлі болады.

Мысалы: білім алушылардың психофизиологиялық және тұлғалық ерекшеліктерін тереңнен ескеру және қолдану қажеттілігі, білім берудің тиімділігі төмен вербалды (ауызекі) тәсілін жүйелі-қызметтік тәсілге алмастыру қажеттілігін түсінуі, оқу үдерісін, оқудың кепілдемелі нәтижелерін қамтамасыз етуші оқытушы мен оқушының әрекеттестігінің ұйымдастырушылық нысандарын жобалау мүмкіндігі сияқты. Жеке оқудың болмауы Қазіргі кезде оқу үдерісіндегі репродуктивті қызметтің (жадыда сақталғандарды еске түсіру) үлесін азайтудың есебінен баланың тұлғалық дамуын қамтамасыз етуші заманауи білім беру технологияларын қолдануды білім сапасын арттырудың, оқушылардың жүктемесін азайтудың, оқу уақытын барынша тиімді пайдаланудың негізгі шарты ретінде қарастыруға болады. Заманауи білім беру технологияларының қатарын тізбектейтін болсақ

- мәселелі оқытуды;
- әртүрлі деңгейлік оқытуды;
- оқытудың ұжымдық жүйесін;
- өнертапқыштық тапсырмаларды меңгеру технологиясын (ӨТМТ);
- оқытудың зерттеушілік әдістерін;
- оқытудың жобалық әдістерін;
- оқытуда ойын әдістерін: рөлдік, іскерлік және өзге де оқыту ойындарын қолдану технологиясын;
- ынтымақтастықта оқытуды (командалық, топтық жұмыс);
- ақпараттық-коммуникативтік технологияларды;
- денсаулық сақтау технологияларын және тағы басқа ұйымдастырудың, қолданудың тәсілдерін жатқызуға болады.

Сабақты ұйымдастыру барысында шебер мұғалім әр оқушы үшін сәттілік жағдайын жасауға ұмтылады. Тұлғалық бағдарланған оқыту технологиялары әртүрлі деңгейлік оқыту технологиясы материалды меңгеруге берілетін уақыт шектелмеген жағдайлардағы оқушылардың қабілеттіліктері зерттелді және мынадай санаттары бөліп көрсетілді:

- қабілеті аз, олар оқу уақытының көп бөлігін жұмсаған жағдайда білім мен машықтардың алдын ала белгіленген деңгейіне жетуге қабілетсіз;
- дарынды (шамамен 5 %), олар қалғандарының шамасы келмейтін дүниені орындай алады;
- білім мен машықтарды меңгеруге деген қабілеттіліктері оқу уақытын жұмсауға байланысты оқушылардың шамамен 90 %. Ұжымдық өзара оқу технологиясы Осы технология бойынша жұмыс барысында жұптардың үш түрі қолданылады: статистикалық, динамикалық және вариациялық;
- Статистикалық жұп. Мұнда қалауы бойынша екі оқушы біріктіріледі, олар рөлдермен алмасады: «мұғалім» мен «оқушы». Осылай өзара психологиялық үйлесімділік жағдайында екі әлсіз, екі мықты, мықты және әлсіз оқушы жаттыға алады;
- Динамикалық жұп. Төрт оқушы таңдалады және оларға төрт бөліктен тұратын тапсырма беріледі; оқушы тапсырманың өзіне берілген бөлігін орындағаннан және өзіндік бақылаудан кейін тапсырманы үш рет талқылайды, яғни әрбір әріптесімен, әр кезде оның баяндау логикасын, екпінін, қарқынын және т. б. ауыстыру керек, яғни жолдастарының жеке ерекшеліктеріне бейімделу тетігін іске қосу керек.
- Вариациялық жұп. Мұнда топтың төрт мүшесінің әрқайсысы өз тапсырмасын алады, оны орындайды, мұғаліммен бірге талдайды, қалған үш жолдастарымен сызба бойынша өзара оқытуды жүргізеді, нәтижесінде әрқайсысы оқу мазмұнының төрт үлесін меңгереді. Ұжымдық өзара оқыту технологиясының басымдықтары:
- үнемі қайталанып отыратын жаттығулардың нәтижесінде логикалық ойлау және түсіну дағдылары жетіледі;
- өзара араласу барысында жадысы іске қосылады, алдыңғы тәжірибе мен білімді жұмылдыру мен өзектендіру жүреді;
- әрбір оқушы өзін емін-еркін сезінеді, жеке қарқында жұмыс істейді;
- тек өзінің жетістіктері үшін ғана емес, сонымен бірге ұжымдық еңбектің нәтижелері үшін жауаптылығы артады;
- сабақ қарқынын ұстап тұру қажеттілігі жойылады, бұл ұжымдағы шағын ортаға оң әсерін тигізеді;
- тұлғаның адекватты өзіндік бағасы, өз мүмкіндіктері мен қабілеттіліктерін, артықшылықтары мен шектеулерін бағалауы қалыптасады. Бір ақпаратты бірнеше ауыспалы әріптестермен талқылау ассоциациялық байланыстар санын арттырады, сәйкесінше, барынша мықты меңгеруді қамтамасыз етеді. Ынтымақтастық технологиясы Шағын топтарда оқуды білдіреді. Ынтымақтастықта оқудың басты идеясы – бір-бірін көмектесіп қана қоймай, бірге оқу, өзінің жетістіктері мен жолдастарының жетістіктерін ұғыну. Ынтымақтастықта оқуды ұйымдастырудың бірнеше нұсқасы бар. Шағын

топтардың жұмысын ұйымдастырудың барлық нұсқасына тән негізгі идеялар – мақсаттар мен міндеттердің ортақтығы, жеке жауаптылық және жетістіктің тең мүмкіндіктері.

Мұғалім қойған сұрақтың жауабын табу үшін оқушы мәселені өзі көтереді және өзі шешеді (зерттеушілік әдіс). Мәселелі оқытуда зерттеушілік әдіс басты орын алады, мұнда оқу жұмысы оқушылар білім алудың ғылыми әдістерімен танысатын, ғылыми әдістер элементтерін меңгеретін, жаңа білімді өз бетімен алу машықтарын игеретін, ізденуді жоспарлайтын және өзі үшін жаңа тәуелділікті немесе заңдылықты ашатын деңгейде ұйымдастырылады. Мұндай оқу үдерісінде оқушылар логикалық, ғылыми, диалектикалық, шығармашылық тұрғыдан ойлануға машықтанады; олар алған білім дәлелдерге айналады; олар тереңнен қанағаттанушылық, өзінің мүмкіндіктері мен күштеріне деген сенім сезімін басынан өткереді; өз бетімен алған барынша мықты. Алайда, мәселелі оқыту үнемі оқушыға қиындық тудыратын дүниелермен тығыз байланысты, ойлану мен шешу жолдарын іздеуге дәстүрлі оқытумен салыстырғанда барынша көп уақыт кетеді. Педагогтар жоғары педагогикалық шеберлік талап етіледі. Дамыта оқыту Дамыта оқыту әдістемесі – бұл оқу қызметінің түбегейлі басқаша құрылымы, оның атүсті дайындау мен жаттауға негізделген репродуктивтік оқытумен ортақ ештеңесі жоқ. Оның тұжырымдамасының мәні баланың дамуы мұғалім үшін де, оқушының өзі үшін де басты міндетке айналатын жағдайларды жасаудан тұрады.

Дамыта оқытуды ұйымдастыру тәсілі, мазмұны, әдісі мен нысандары баланы жан-жақты дамытуға бағдарланған. Мұндай оқыту барысында балалар жаңа білімді, машықтар мен дағдыларды меңгеріп қана қоймайды, сондай-ақ ең алдымен оларға өз бетімен жету тәсілдерін игереді, олардың қызметке деген шығармашылық көзқарасы қалыптасады, ойлауы, қиялы, зейіні, жадысы, ерік-жігері дамиды. Дамыта оқытудың өзекті идеясы – ойлауды ілгерінді дамыту, бұл баланың өзінің шығармашылық әлеуетін өз бетімен қолдануға дайындығын қамтамасыз етеді. Дамыта оқытудың өзіндік ерекшелігі – дәстүрлі мектеп бағаларының болмауы. Мұғалім балалардың еңбегін жекелеген эталондар бойынша бағалайды, бұл олардың әрқайсысы үшін сәттілік жағдайын қалыптастырады. Жеткен нәтижені мазмұнды өзіндік бағалау енгізіледі, ол мұғалімнен алынған нақты өлшемшарттардың көмегімен жүргізіледі. Оқушының өзін өзі бағалауы мұғалімнің бағасынан бұрын беріледі, қатты айырмашылық болса ол сәйкестендіріледі.

Оқушы өзін өзі бағалау әдістемесін меңгеріп, өзінің оқу іс-әрекеттерінің нәтижесінің соңғы мақсатқа сәйкес келетіндігін өзі айқындайды. Кейде тексеру жұмыстарына әдейі сабақта өтпеген материал немесе балаға бейтаныс тәсілдермен шешілетін тапсырмалар енгізіледі. Бұл қалыптасқан оқу машықтарын бағалауға, балалардың бағалау қабілеттілігін, олардың нені білетін-білмейтіндігін айқындауға, олардың зияткерлік қабілеттіліктерінің дамуын қадағалауға мүмкіндік береді. Оқу қызметі бастапқыдан-ақ ұжымдық ойлану, пікірсайыстар мен мәселені шешу нұсқаларын бірлесе іздеу ортасында ұйымдастырылады. Оқудың негізін мұғалім мен оқушы арасындағы, сондай-ақ өзара диалогтық қатынас құрайды.

«Мұғалім–оқушы» жұбындағы жұмыс оқу үдерісі тараптарының өзара әрекеттестігі тәсілдері бойынша ұсынымдар тиімді қалыптасса, мұғалімнің айтқан ойын оқушы тез түсінеді, тиімді орындайды. Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс - тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман , оқушы, азамат дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз- атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін , барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам.Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті.Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы,коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға. Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындап отыр.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек « кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін « үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Психологтар да, педагогтер де адамның рухани интеллектуалдық, кәсіби шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы өмірінің әр кезеңінде әр қалай деп көрсетеді. Мысалы, ұлы педагогтер А.Дистерверг, К.Ушинский А.Макаренко, В.Сухомлинский, т.б мұғалімдік еңбекті адамтану ғылымы, адамның жан дүниесі, рухани әлеміне бойлай алу өнері дей отырып, педагогикалық шеберліктің дамуына зор үлес қосқан. Осы тұрғыдан алып қарағанда педагогикалық шеберлік - кәсіби әрекетті жоғары деңгейге көтеретін мұғалімнің жеке қасиеттерінің, оның білімі мен білігінің жүйесі. Осы мәселені терең зерттеген А.Маркова мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің төмендегідей психологиялық критерийлерін анықтаған. Ұлы педагогтердің ойларын тұжырымдай келе заман талабына сай мұғалімнің ең бірінші кезекте «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек сол кезде ғана мақсатына жетеді. Қазіргі кәсіптік- педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.

Ал, білім беруде оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық- ізгілілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс- қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз.

Қазақ мектебінің бүгінгі жайы мен ертеңі, Заманауи білім беру: әдістемелер, тәжірибелер, нәтижелер оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейі шешуші дәрежеде мұғалімге, ата-анаға және қоғам қауымдастығына жүргізілген жұмыстарға, ізденісіне байланысты. Бастауыш сыныптарға арналған бағдарламалар педагогикалық үрдісті жаңаша қарауды талап етеді. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты – жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, оқытудағы негізгі мақсат - өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Жеке тұлғаның дамуында маңызды роль атқаратын оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра

білу; сол арқылы материалды саналы меңгерудің жүйесін жасау; оқушының түрлі дара қабілеттерін арттыру.

Өз бетінше жұмыс қазіргі жеке тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеуде, білім берудің приоритетін түбегейлі өзгертуде, яғни бұрынғыша оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыруды түбегейлі өзгертуде. Өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге күштарлығын ояту. Мұғалім сабақта әдіс - тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс - пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс - тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып оларды сөйлетуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан - жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыру әрбір мұғалімнің міндеті.

Қорыта келе, заманауи білім беретін, әдістемелері құнды, тәжірбиелері сапалы, нәтижелерін ел білетін мұғалімдердің оқушылары, Қазақстанның болашағын дамытып, келешегін қолға алып, рухани дамуына ат салысатын азаматтар көп болсын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.С. Макаренко. Педагогические сочинения. М., «Педагогика», 1988.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б
3. С.Е. Шишов. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002. 88-б
4. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет
5. К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі » атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32-б
6. Ы.Алтынсаринның нақыл сөздерінен

САРАЛАП ОҚЫТУ – ОҚУШЫ ЖҰМЫСЫН БЕЛСЕНДІРУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ

Урмахамбетова Гульданай Кулахметовна

«Ш.Уәлиханов атындағы №18 жалпы орта білім беретін мектебі»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту, оқушылардың пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек», -

деген. Осы орайда мұғалімдер қауымы үшін білім беру ісінде нәтижелілікпен сапалы білім беру маңызы көзделіп отыр. Ал, нәтижеге қол жеткізуде саралауға бағытталған сабақ мақсаттары нақты критерийлерге негізделген, анық, айқын, қолжетімді болуы абзал.

Сондай-ақ сабақ жоспарын, оқушылардың танымдық деңгейлерін ескере отырып жоспарлау, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасын арттыру мақсатында жеңілден күрделіге оқу мақсатына жете алатындай тапсырмалардың түрлерін түрлендіру. Саралап оқыту тәсілі әр түрлі оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерін саралау тәсілдерін қамтиды. Оқушыларға тапсырма жеңілден күрделіге қарай, қабілеттерін, дағдыларын, қызығушылықтарын ескере отырып сараланып беріледі. Оқушылардың дербес ерекшеліктерін анықтау үшін оқытушы алдымен, олардың ықылас-жігерін, еске сақтау мен ойлау қабілеттерін, ынтасын, жалпы білім деңгейін зерттейді.

Бұл ерекшеліктерді айқындау үшін білімді меңгеру деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар дайындап, оқушы біліміне диагностика жүргізу қажет.

Саралап оқытудың ең басты шарты - сынып оқушыларын үш деңгейге біріктіру. Бірінші деңгейге мынадай оқушылар топтастырылады: қабілеті жоғары, білім,білік дағдылары қалыптасқан, өз бетімен ойлау қабілеті бар, сабаққа деген белсенділігі күшті, мұғалім көмегін қажет етпейтін топ. Бұл топта жүргізілетін жұмыстың мақсаты - оқушы бойында ғылыми бағытта ойлау қабілетін қалыптастыру.

Орташа қабілетті оқушылар екінші деңгейді құрайды. Білім,білік дағдылары әлі тұрақсыз, өзіне-өзі көп сене бермейтін, мұғалімнің белгілі мөлшерде көмек көрсетуін қажет ететін оқушылар. Мұнда алға қойылатын мақсат-білім, білік дағдыларының тұрақты болуына,өз бетімен жұмыс істеу қабілетінің дамуына ықпал ету, олардың бірінші топқа көшуіне көмектесу.

Үшінші деңгейге қолдауды қажет етеін оқушылар жатқызылады. Бұлар тұрақты назарды ұстауды,білім,білік дағдыларын қалыптастыруда мұғалімнің үлкен күш жігер жұмсауын, жүйелі жұмыс жүргізуін, яғни, мұғалім көмегін көп қажет ететін оқушылар.

Мәселен, қабілеті жоғары оқушылар қазақ әдебиеті сабағында шығарманың идеясын анықтап, айтылған ойдың бүгінгі күндегі өзектілігіне баға беріп,дәлел келтіре ой тұжырымдаса,орташа қабілетті оқушылар шығармадан көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет, метафора) тауып, қызыметін анықтайды, ал қолдауды қажет ететін оқушыларға шығарманы түсініп, ашық сұрақтар құрастыру ұсынылады.

Біздің басты мақсатымыз - сынып оқушыларының ерекшелігін анықтау. Бұл тұрғыдан алғанда, әрбір оқушыны өз мүмкіндігіне қарай білім, білік, дағды алатындай етіп оқытқан жөн. Мысалы, қабілеті жоғары оқушылардың логикалық ойлауы жетілген болғандықтан, жаңа материалды түсіндіргенде проблемалық ізденіс әдісін қолданған дұрыс. Ал, орташа қабілетті оқушылармен өз ойын,өз көзқарасын білдіре алатын тапсырмалар, қолдауды қажет ететін оқушылармен сыныпта репродуктивті әдісті қолдана отырып, сабақты ойын, әңгімелеу түрінде өткен ұтымды.

9-сыныпта Бұқар жырау Қалқаманұлының «Тілек» өлеңін өту барысында оқу бағдарламасындағы 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау мақсатына сәйкес, осы мақсатты іске асыруда «Екі жақты күнделік» әдісін қолдандым.

Дескриптор:

- ✓ шығарманы мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді, жыраудың психологиялық көңіл күйін анықтайды;
- ✓ шығарманың жанры мен негізгі идеясын анықтайды;
- ✓ шығармада берілген тірек сөздерді негізге алып, өз өлең – тілектерін жазады;

ҚБ Өзін-өзі бағалау жүргізіледі

Осы әдісті қолдану барысында оқушылардың ойлау, есте сақтау, шапшаңдық қабілеттерінің арта түскендігін, саралап оқытуға негізделген сабақ мақсатының тиімді екендігін түсіндім. Өзін-өзі бағалау тәсілін қолдану арқылы оқушы оқу жетістіктерін нақты айқындап, ынтасы арта түседі. Ұстаздар жаңа идеяларды әр сабақта жан – жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолданғанда ғана білім беру жүйесі ілгерілемек.

Қорыта келгенде саралау тәсілі білім алушыларға өздерінің оқудың қай сатысында тұрғанын, қай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жетуге болатындығын анықтап, сол бағытта жұмыс жасауға жетелейді. Ал мұғалімдерге сыныптағы оқушылардың деңгейін бақылап отыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы – 2012ж
2. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде – Алматы, 2002ж

НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Имашева Зада Кадыркановна

Қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәні мұғалімі

«Көктерек орта мектебі» КММ

Катонқарағай ауданы ШҚО

Қазіргі таңда жаңа мазмұндағы білім беру жүйесінің ең басты міндеті- ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде жас ұрпақтың білім деңгейін әлемдік дәрежеге жеткізу. Сабақ-мұғалімнің жұмыс процесінің көзге көрінетін негізгі бір бөлігі. Мұғалімнің әрбір сабағы біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асыруға бағытталады. Яғни, оқыту процесі мазмұнды, қызықты және қолжетімді болуы шарт. Сабақ жоспарын жоспарлау-табысты сабақты құрылымдаудағы жауапты кезең. Сабақтың тиімді және нәтижелі болуын арттыру, оның табыстылығын қамтамасыз ету- әрбір ұстаздың біліктілігі мен кәсіби шеберлігіне негізделеді. Осы бағытта зерттеушілер нәтижелі сабақты ұйымдастыруда кездесетін проблемаларды анықтаған:

-сабақта уақытты тиімді қолданбау;

- әдіс-тәсілдердің бірсарындылығы;
- АКТ-ны тиімді қолданбау;
- ресурстардың жеткіліксіздігі;
- оқушылардың жеке тұлғалық ерекшелігін ескермеу;
- субъектінің танымдық әрекетке тартылуын қамтымау;
- шектен тыс тапсырмалармен жалықтыру;

Аталған қиындықтарды шешу жолдарының бірі-сабақты белсенді әдістер қолдану арқылы тиімді жоспарлау болып табылады. Бүгінгі мектеп өміріндегі өзекті мәселенің бірі-саралап оқытуды ұйымдастыру. Саралап оқыту принципін жүзеге асыру кезде теориялық мәліметтер қажеттілігі байқалды. Профессор Говард Гарднер ойлауды лингвистикалық, музыкалық, логика-математикалық, кеңістік, дене-кинестетикалық, тұлғаралық, тұлғашылық, табиғат зерттеуші деп сегізге жіктеген. Бұл оқушыларды қабілеттеріне қарай бөлу үшін өте маңызды., яғни тұлғаның есте сақтау қабілет ерекшелігі, тапсырмаларды орындауы мен түсінуі әртүрлі деңгейде. Г.Гарднердің зерттеуінше, егер мұғалім оқыту мен бағалаудың түрлі әдістерін қолданса, оқушылардың білім сапасы жақсарады.

Бұл көп оқушыны қамтып, олардың мазмұнды игеруін жақсартуға мүмкіндік береді. Саралау-білім беру мазмұнын табысты игеруге, жеке тұлғаның қабілетін дамытуға қолайлы білім беру ортасын құру. Ал саралап оқыту әрекеті-білім алуға бағытталған әрекет. Яғни, оқу бағдарламасындағы белгілі бір тақырыпты өтуде барлық оқушыларға әртүрлі оқыту әдістерін қолданып оқыту, олардың танымдық қажеттілігін қанағаттандыру әдістерінің бірі. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің бағыттауымен жүзеге асады. Яғни, мұғалім ақпарат беруші және ұйымдастырушы, бағыттаушы қызметін ғана атқарады. Ұстаздар оқушыларға сапалы білім беруде барынша нәтижелі жетістіктерге жетуге қолайлы жағдай жасайды. Оқушылардың жеке және тұлғалық ерекшеліктерін, білімін, танымдық мүмкіндіктерін ескеру-ойлауды, талқылауды, жоспарлауды талап етеді.

Сондықтан әр сабақта саралау тапсырмаларды оқушы үшін ескере отырып ұйымдастыру қажет. (Топ құрамында әртүрлі деңгейдегі оқушылар бірігіп жұмыс жасайды және белсенді жұмыс атқаратын оқушылар басқаларға көмек көрсетеді). Сабақ барысында саралау тәсілдерін дұрыс таңдау арқылы («Айнымалы бекет», «ПОПС формуласы», «Кестені толтыру», Венн диаграммасы, РАФТ т.б) оқушының ойлау, зерделеу, есте сақтау қабілеттерін, ынта-зейінін, жалпы білім деңгейін анықтай аламыз. Саралап оқыту дегеніміз не? Саралап оқыту технологиясының мақсаты неде? Саралап оқыту – бір материалды барлық оқушыларға әртүрлі оқыту әдістерін қолданып оқыту. Саралап оқыту технологиясының мақсаты:

- субъект өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгеруді қамтамасыз етеді;
- әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;
- оқушының өзіне деген сенімділігін қалыптастырады;
- әртүрлі деңгейдегі оқушыларға саралау тапсырмаларымен жұмыс істеуге мүмкіндік туғызады;
- деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы тұлғаның шығармашылық деңгейге көтерілуін анықтайды;

Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында оқуды меңгерудің үш деңгейі қарастырылады:

А) ең төменгі деңгей (базалық), В) бағдарламалық, С) күрделенген деңгей.

Қазіргі дамыған заман ағымында үздіксіз білім алу қажеттігі бізден өздігінен білімді игеру қабілетін талап етеді. Сондықтан жаңаша кезеңдерден өтуіне қарай өз-өзіне сенімді жеке тұлға ең нәтижелі болады. Саралап оқыту технологиясы тиімді және нәтижелі болу үшін субъектінің жеке ерекшеліктеріне, технологиялық даму ерекшеліктеріне, пән бойынша білімді меңгеру деңгейіне көңіл бөліп отыру қажет. Саралап оқыту тәжірибесі көрсеткендей, бастапқы кезеңде мұғалімдер жасырын саралау, кейін айқын саралау жүргізеді. Оның барысында оқушылар оқу үдерісіне саналы әрі белсенді түрде қатысады.

Мұғалімдер сабақ процесінде оқушыларды жоғары деңгейлі тапсырмаларды таңдауға ынталандырады. Бұл үдерісте әр оқушы оқу материалының күрделілігіне қарай өзінің жеке ерекшеліктеріне байланысты шешім қабылдап, саралау тапсырмаларын орындайды. Алайда бұл барлығына міндетті деңгейден төмен болмауы тиіс. Нәтижесінде оқыту үрдісінде саралау стратегияларының тиімділігі::

- оқушының сабаққа қызығушылығы артады;
- уақытты тиімді пайдалануға ұмтылыс болады;
- өзінің оқу іс-әрекетін ұйымдастыра алады;
- нәтижелері бойынша өзара және өзін-өзі бағалауды жүзеге асырады;
- ресурстарды саралау;
- диалог/сұрақтар қолдану;
- түрлі қажеттіліктері мен деңгейі бар оқушыларға қолдау көрсетіледі;
- оқушылардың жұмыстары әділ бағаланады;
- дарынды оқушыларды анықтап, олармен жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігінің орнауы;
- оқушы мен мұғалімнің шығармашылық қызметін белсенді түрде дамытуы;
- заттық-кеңістік ортаны ұйымдастыру;
- білім дәрежесі бірдей топтарды тексеру ісінің жеңілдеуі;

Қорыта келгенде, саралау тапсырмаларының түрлерін тиімді қолдану әр тұлғаның жеке қажеттілігін жетілдіру мен қолдау көрсетуге, оқыту процесін меңгеруге, оқу бағдарламасының қойған мақсат-міндеттеріне жетуге және ауқымды дағдыларды игеруіне мүмкіндік береді. Мұғалімдерге сабақты жоспарлауда дағдыларды дамытуға негізделген саралау тапсырмаларын анықтау, саралау түрлерін алдын-ала жоспарлау мен қолдауды қажет ететін оқушыларға бағыттау үшін әдістерді қолдану қиындық тудырады. Сондықтан мұғалімдер өзінің сабақ беру емес, оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескеріп, оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген саралау түрлері осы кездескен қиындықтарды шешуге көмек бола алады. Қалыптасқан тиімді дағдылар оқушылардың кез келген жағдаятта қалай бейімдеу керек екенін біліп, болашақта кездесуі мүмкін кез келген шешімі күрделі тапсырмаларды шешуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.С. Макаренко. Педагогические сочинения. М., «Педагогика», 1988.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б
3. С.Е. Шишов. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002. 88-б
4. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ДАРАЛАП – САРАЛАП ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ

Смайлова Жалын Турдалиевна

№87 ЖОББМ

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Шымкент қаласы

Еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу барысында білім беруді реформалау жүзеге асырылып жатқаны белгілі. Осыған орай әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мұғалімдердің тәжірибесінде енгізілуде. Осыған орай, өз тәжірибемде жиі қолданып жүрген технологияларының бірі – саралап – даралап оқыту технологиясы. Бұл технология бойынша оқушылардың білімді өздігінен саналы түрде меңгеруіне ерекше мән берілген. Оқушыларға тек білім берумен шектелмей, танымдық әрекетін арттырады және ойлау қабілетін, елестету мен есте сақтауын, белсенділігін, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Тәжірибенің жаңашылығы: компьютерлік технологияны қолдану арқылы оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру, интерактивтік тақталарының мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып оқушылардың ынтасын, белсенділігін арттыру.

Тәжірибенің тиімділігі: пәнге деген қызығушылығын арттырады, оқытуда саралау және жіктеуді қамтамасыз етеді, оқушылардың танымдық процестері мен танымдық қабілеттерін дамытады, оқушылардың сауаттылығын ашуға септігін тигізеді, оқушылардың оқу әрекетінде жетістіктерге жетуіне жағдай туғызады, оқушылардың рухани бай жеке тұлға болуына қалыптасады.

Қазақ тілі пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың жеке бас ерекшелігіне қарай қабілетін аша отыра, осы пәнді теориялық және тәжірибелік жағынан сараланған түрде даралап оқыту, сөйлестіру, жазу мәдениетін жетілдіру, өзіндік ой- пікірін дамыту.

Саралай оқыту әрекеті – білім алуға бағыттаған әрекет. Ол өз бетінше әрі мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады. Біз басшылыққа алып отырған саралай оқытудың жүйелік негізін Б. Ананьев, Л. Выготский, А. Леонтьев, С. Рубинштейн т.б. ғылымдар жасаған. Ал бастауыш мектеп кезіндегі оқу әрекеті Ш. Аманатшвилли, В. Давыдов, Л. Занков т.б. зертеулерінде қарастырылады. Саралай оқытуды ұйымдастыру арқылы баланың ойы абстрактіден нақтыға қарай өрлейді, ілімдік ойлауы қалыптасады. Оқушы дамуының негізгі болып табылатын әрекет, оқу әрекеті әрбір сабақтың өзегі деп түсіну керек. Саралай

оқытуды ұйымдастыру арқылы бала ақыл -ой деңгейі мен белсенді әрекеті арқасында репродуктивті емес өнімді нәтижеге жетеді.

Оқушылардың дербес ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім алдымен олардың ықылас-жігерін, еске сақтау мен ойлау қабілеттерін, ынтасын жалпы білім деңгейін зерттеу қажет. Бұл ерешеліктерді айқындау үшін білімді менгеру деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар дайындау, оқушы біліміне диагностика жүргізу, оқушыларға сауалдама., психологиялық тәжірибе жасау ата-аналарымен әңгіме жүргізу керек. Оқушылардың жеке ерекшеліктері сабақтың сұрақ беру, кіріспе әңгіме, оқыған материалды, тағы да басқа тиянақтау сатыларында ескерілуі тиіс. Мәселен, үлгерімі жақсы оқушыларға берілген сұраққа тікелей жауап беру талап етілсе, орташаларына ойланып, қажетті есептеулер жасауға, суреттерін салуға уақыт беріледі, ал үлгірімдері төмендеріне нақты сұрақтың тізімі, жауап берудің жоспар үлгісі ұсынылады. Оқыту үрдісін оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сай ұйымдастыру үшін оқу – тәрбие жұмысында мұғалім өзіне лайық әдіс енгізеді.

Өзіндік әдісті жүзіге асыруда мына мәселелер көзделеді:

1. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін зерттеп, типтік топтарға бөлу.
2. Оқу үрдісінің барлық сатыларында әр түрлі топтардағы оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әдістемелігін жасау.
3. Әр алуан мақсатта жеке дидактикалық материалдардың жүйесін құру.
4. Білімді бағалау, бақылай жүйелерін жетілдіру.

Оқушыларды топтарға бөлгенде олардың оқуға және жұмысқа деген қабілеті ескеріледі. Оқуға қабілеттілік деп оқушының неғұрлым қысқа мерзім ішінде білімнің биік деңгейіне жету қабілетін түсінеміз. Бұл белгі бойынша оқуға қабілеті жоғары, орташа , стандартты немесе төмен деп 4 топқа бөлуге болады.

Сыныпта барлық балалардың ойлау қабілеті бірдей емес. Сондықтан сабақ кезінде әрқайсысының деңгейіне қарай жұмыстың түрін таңда, сол тақырыпты егеру көзделсе, өте пайдалы.

Бірінші деңгей (оқытушылық деңгей) – білімнің минималдық шегі. Граммаикалық тапсырмалар, жазба жұмыстарын орындау, мәтінді түсініп оқу, жаңа сөздерді сөздікке жазып алу, сұрақтарға түсініп жауап беру.

Екінші деңгей (алгоритімдік деңгей) - үйренушілік деңгейдегі білімін толықтыру күрделі материалдарды жүйелей алуы, алған білімдерін басқа тапсырмаларды орындағанда пайдалана алуы, сол тақырыпты еркін меңгергені ескеріледі.

Үшінші деңгей (эвристикалық деңгей) – материалды саналы түрде меңгеру. Бұл деңгейде оқытушылардың меңгерген білімдерін тереңдету үшін танымдық ізденіс, әр – түрлі логикалық тапсырмаларды талдай, жинақтай алатын және салыстыра білуді қажет етеді.

Төртінші деңгей (шығармашылық деңгей) - өз бетімен оқу материалдарын менгеру. Құбылысты өз бетімен талдай келіп, шағын шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу.

Деңгейлік тапсырмалардың өзі дамытпалы түрде болады. Барлық оқушы өз қызметін ең төменгі деңгейдегі тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана келесі

деңгейге көшіп отырады. Бұл оқушылар арасында жарысу жағдайларын туғызады және әр оқушының мемлекеттік стандарт деңгейде білім алуына кепілдік береді. Әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары жағдай жасайды.

Деңгейлік саралау оқушы мен мұғалімнің белсенді шығармашылық қызметін дамыту мен қатар, оқушыларға өз білімін жаңа әдіспен бағалауға мүмкіндік береді. Меселен, оқушылардың алған бағасы арнайы таблода көрсетіліп тұрады. Әр деңгейдің өз бағалауы бар. Олардың барлығы оқушылардың көз алдына тұрады. Мұның өзі білім берудегі демократия критерийлері болады.

Даралап – саралап оқытудың маңыздылығы:

- 1.Сынып оқушыларын жаппай жұмыс істеуге әкеледі.
- 2.Бос отырған оқушы болмайды.
- 3.Әркім өзінің білім деңгейін біліп, оны дамытуға тырысады.
- 4.Қиындықтарды және білуге дағдыланады, пәнді оқып үйренуге қызығушылығы пайда болады.
- 5.Ізденіс дағдысы қалыптасады.

Даралап-саралап оқытуда күтілетін нәтиже:

1. Алдына қойған мақсатына жете алатын оқушы тәрбиелеу.
2. Әр оқушы өз білім деңгейін, мүмкіндігі, іскерлігін біліп ғана қоймай оны дамытады.
3. Өз бетімен ізденіс дағдыларын шығармашылық қабілетті жетілдіретін, шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

Ерекшелігі:

1. Таланттылар өздерінің қабілеті мен икемдігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен айырылады.
2. Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.
3. Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.

Даралап – саралап оқыту технологиясы оқушы мен мұғалімнің белсенді шығармашылық қабілетін дамытумен қатар оқушыларға өз білімін жаңа әдіспен бағалауға мүмкіндік береді. Оқушының білімі мен білігіндегі жетістіктерді, кемшіліктерді, олардың себептерін анықтап, мұғалім өз жұмысына талдау жасайды, оны жетілдірудің жолдарын белгілейді. Сонымен қатар даралап – саралап оқыту барысында оқушылар да өзінің оқу жұмысындағы жетістіктер мен жіберген кемшіліктері туралы мәліметтер алып, өз еңбегіне талдау жасайды. Ең бастысы, оқудан ләззат алуға, білім мен ғылымға деген құштарлығын арттыруға дағдыланады. Барлық оқушы өз қызметін ең төменгі түрде орындап болғаннан кейін ғана, келесі деңгейге көшіп отырады. Бұл оқушылардың арасында өзара жарысу және оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғарғы деңгейге көтерілуіне жағдай туғызады.

Сондықтан да мұғалімдерге саралап - даралап оқыту технологиясын қазақ тілі сабағында пайдаланған өте тиімді.

Мен өз іс–тәжірибемде оқушылардың өздік білімділігін қалыптастыру үшін «Ұжымдық оқыту технологиясын» да қолдануды жөн көрдім.

Осы технология оқушының қабілетін дамытуға, еңбек етуге баулып, ынтымақтастық, ұйымшылдық қабілеттерін оятуға тәрбиелейді. Өзін –өзі басқаруын қалыптастырып, байқампаздыққа таратады.

Оған мынадай басты талаптар қойылады:

- әр оқушының еңбектенуі және оның еңбегін пайдаға жарату;
- өзінің еңбегімен қоса басқаның да еңбегіне жауапкершілікпен қарау;
- өзі оқи отырып, қасындағы оқушыны да оқыту;
- серіктесінің түсінбегенін түсіндіріп көмектесу;
- әрбір оқушы кезектесіп (ауысып)не оқушы, не мұғалім болады;
- әр оқушы кезек тәртібін сақтап барлығын үйретеді, ал жұп жекеше түрде барлық мүшесін үйретеді;

Әдістеменің ерекшелігі:

- жекелеу оқыту;
- қасындағы оқушымен жұптасып оқыту;
- топпен оқыту;
- ұжымдық оқыту.

Бұл технологияның тиімділігі сол, жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгеруі тиіс. Сондықтан сабақтарда оқушылардың ынтымақын, белсенділігін арттыру үшін, оларға мәселелік сұрақтар қойылып отырады. Тақырып бойынша жасалған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені ол білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Оқушылардың білімін жүйелі түрде меңгеруіне және жеке оқушының қабілет деңгейлерін дамытуда “Сын тұрғысынан ойлау”, “Модульдік оқыту ” технологияларын күнделікті сабақтарымда қолданамын. Сын тұрғысынан ойлау – сынап қарау емес, оқушының шыңдалған ойлау әрекеті. Бастауыш сынып оқушыларының оқытуда тиімді әдістерді пайдалана арқылы оқушының білімге деген қызығушылығын арттырады, терең ойлау қабілетінің белсенділігін қалыптастыруға болады. Бұған дейін оқушы мұғаліммен оқулыққа ғана бағынатын тыңдаушы ғана еді, енді ол сын тұрғысынан ойланып, өз ойын дәлелдей алатын. Сынып оқушылары топпен, жұппен жұмыс істей арқылы өзара пікірлесіп, ең ұтымды жауапты тауып айтуға үйренеді. Берілген сұраққа тынымсыз іздене отырып, әр оқушы өз ойын еркін айтуға, оны дәлелдеп, қорғай білуге мүмкіндігі бар.

Оқу процесін жеделдету міндетіне байланысты, орыс мектептерінде қазақ тілін үйретуінде әр түрлі әдіс тәсілдерді, методикалық құралдарды қолдану қажеттілігі туып отырғаны белгілі. Мен бастауыш сыныптарында өзім жасаған «Дыбысты бағдаршам » деген құралды жиі қолданам. Алғашқы кезеңдерінде уақыттың тығыздығына байланысты тақырыпты қайталауға, бекітуге үлгере алмайтын жағдайлар болды. Енді «Дыбысты бағдаршамды » қолданғаннан бері уақытымды үнемдеп, бірнеше секундта сыныптағы барлық оқушының жалпы білім әсерін көремін. Жалпы сыныптың айқын білім деңгейі анықталады. Мұғалім сабақ барысында барлық оқушыларды көз аясында ұстап, әр баланың

өткен материалды қалай меңгергенін біледі. Бұл құралды оқушылар мұғалімнің басшылығымен өздері жасай алады.

Екінші “Бақылау сұрау” деген құралды үлкен тақырыпты қайталау және бекіту кезеңдерінде, әрбір тоқсан соңында, немесе жыл аяғында оқушылардың қорытынды білімін тексергенде қолдану өте тиімді.

Мұндай бақылау құрал ұжымдық және топтық әрекетті пайдалана отырып жүргізгенде нәтиже береді. Тәрбиелік мағынасы өте зор - әр оқушы өз тобы үшін жауапкершілігін арттырады, өз үшін ғана емес, өз тобы үшін ынтасын көтереді.

Қолданылған әдебиеттер:

5. Кобдикова Ж.У. «Деңгейлеп саралап оқыту »
6. Ахметов С. «Білім берудің тиімді жолдары »
7. Л. Занков, Д. Эльконин, В. Давыдов, В. Репкин, В. Левин « Дамыта отырып оқыту әдістемесі
8. Якиманская Н.С. «Дамыта оқыту тұжырымдамасы »

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ

Мусабекова Алтынай Дильдахановна

№87 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Шымкент қаласы

Қазақстан Республикасының білім беру мен ғылымды дамытуға бағытталған Мемлекеттік бағдарламасы мектептегі білім берудің мазмұнды және процессуалдық өлшемдерінің негізгі стратегиялық бағыттарын белгіледі.

Аталмыш міндеттер білім берудің маңызды құрылымдық-мазмұндық компоненттерін шығармашылықпен жоспарлау мен реформалауды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда жаңартылған бағдарлама аясында оқушылардың оқу танымдық қажеттілігін ұйымдастыруда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін дамыту, практикалық іс-әрекет түрі ретінде маңызды болып саналады.

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі - нәтижелі білім берудің негізі. Қазіргі ұстаздардан білімалушыны оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Оқушылардың оқу-танымдық қажеттілігін ұйымдастыруда сабақ үрдісінде қолданылатын әдіс-тәсілдер ақыл-ой белсенділігін, танымдық қабілеттерін өрістету олардың тұлға ретінде жетілуінің маңызды саласы болып табылады. Сондықтан, оқушылардың оқу танымдық қажеттілігін, танымдық қабілетін дамытуға арналған тапсырмалар мен ойындарды жүйелі қолдану қажет.

Демек, оқушыларға тапсырмалар бергенде талдауға, жинақтауға, салыстыруға, топтауға арналған тапсырмалар олардың логикалық ойлауын, тілін дамытатындай болуы керек.

Қазіргі таңда, жаңартылған бағдарлама аясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнін жаңаша бағытта ұйымдастыру міндеттеліп отыр. Осы нұсқаулықта

ұсынылған жаңа сабақты жоспарлаудың ерекшелігі мен үлгісі оқушылардың оқу танымдық қажеттілігін ұйымдастыруда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін дамытумен қоса жаңаша көзқараспен жұмыс жасауға бағыттайды.

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулық, оқушылардың оқу танымдық қажеттілігін ұйымдастыруда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің дүниетанымын кеңейтіп, құзіреттілігін жетілдіріп, перспективті мүмкіндіктерін аша түседі. Яғни, пән мұғалімдері тиімді білім беру әлеуетін қалыптастыруды қажет ететін ортаға түсіп, оқушылар алған білімдерін, іс-әрекет тәсілдерін іс жүзінде қолданып, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін жинақтап, эмоционалды құндылықты қарым-қатынас пен әлеуметтік қасиеттерге ие болады.

Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне біртұтас үрдіс ретінде қарап, педагогикалық тәжірибе барысында мұғалімдердің білім берудегі тек әдістемелік дағдысын қалыптастыруға көңіл бөліп қана қоймай, олардың теориялық білімін көтеру, кәсіби құзіреттілігін дамыту, оқушылардың оқу танымдық қажеттілігін ұйымдастыру, тәрбие мен оқытудың дидактикалық жүйесін меңгеру мүмкіндігін жетілдіру керектігін көрсетеді.

Психологтардың зерттеулеріне қарасақ, оқу-танымдық құзіреттіліктің қалыптасуы әлеуметтік ортамен және жеке тұлғаның танымдық қажеттілігін оятуға ынталандыратын оқу және тәрбие үрдісі, сондай-ақ оның жеке басының белсенділігімен, ұжымдық іс-әрекет рөлімен, оның ұстанған мақсат-мүддесімен үндесе жүретін күрделі үрдіс. Ал, таным дегеніміз не? Таным - бір-бірінен ажырамас, тығыз байланыстағы екі компоненттің қатынасын көрсететін күрделі үрдіс. Танымдық құзіреттілік - бұл жеке басына маңызы бар және әлеуметті қажетті танымдық мәселелерді шешудегі оқушының өзі басқара алатын, сол мәселені шешу барысында оқушы белгілі бір білім, білік дағдыларға ие болу.

Оқушы оқу-танымдық іс-әрекеттің субъектісі болады, себебі оқушы үшін бұл іс-әрекет маңызды, оның қажеттілігін және әлеуметтік маңызды танымдық мәселелерін шешеді. Мұғалім мен оқушы арасындағы байланысын, қызметтік-тұлғалық деп айту артық, өйткені мұғалім үшін ең бастысы баланың тұлғалық қасиеттері, тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыруы емес, олардың жетістігі болып табылады. Қазіргі білім берудегі басты мақсат жас ұрпақтың білім деңгейін көтеру және жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Өз тәжірибемде оқыту барысында алға қойған мақсатым – баланы субъект ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Оның бастысы оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу үдерісінде бірлесе әрекет ету.

Мемлекетіміздің дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы еліміздің жаңа сапалық деңгейге жылдам өту қажеттілігін туындатуда. Осыған орай қазіргі кезде жасалып жатқан реформалар даму институттарының қалыптасуына немесе өсуден тұрақты даму кезеңіне өтуге және саяси бағыттардағы осындай өзгерістер өмірдің барлық саласындағы шығармашыл тұлғаның мәртебесін көтеріп, мерейін үстем етуде.

Білім - адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестік, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Қазіргі білім беру үрдісі адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, әр адамның өзінің «Менін» сезінуге, толықтыруға көмектесетіндей, сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынастарда өз орнын табуға, өзін шығармашылықпен өзгертуге белсенділік танытуға ықпал етуі тиіс. Бүгінгі таңдағы қоғам кәсіби білімі жетік, құзіретті, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді. Білікті ұстаз, білімді маман болу үшін - әрбір мұғалім өз білімін үздіксіз көтеріп отыруы тиіс. Білімін тұрақты көтеріп отыру - мұғалімдердің құқықтары әрі міндеттері. Білім беру жүйесінің тұрақты дамуының кепілі, Мемлекеттің дамуының құралы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж.- Қазақ әдебиеті /Энциклопедиялық анықтамалық/.-Алматы:

Аруна, 2005.- 18-19 беттер

2. Аймауытов Ж. Шығармалары.-Алматы: Жазушы, 1989.- 560 бет.

3. Әлімов А.Қ., «Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану» оқу құралы / Астана, 2014ж. «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.

4. Бабанский Ю.К.. Методы обучения в современной общеобразовательной школе. - Москва: Просвещение, 1985. - 208 с.

5. Білім берудегі менеджмент - Менеджмент в образовании 2007-№2.

6. Бақыбекова.Н. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру.-А: Қазақ тілі, №4, 2007.16 б.

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ – НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

Есимкулова Малика Сахаповна

№87 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Шымкент қаласы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту», - деп атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді.

Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Қазақстан Республикасының білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2021 жылдарына арналған Мемлекеттік бағдарламасында білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілік көрсетілген. «Құзырлық» сөзі туралы қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «құзыр (компетенция) - жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деп берілген. Латын тілінен аударғанда «құзырлық - өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі» деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладағы құзырлылықты меңгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған қандай да бір негізі бар ой - тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды есептеуге болады. Тұлға құзырлылығының құрылымын анықтауда өте көптеген тәсілдер бар.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа интеграциялануға ұмтылысы еліміздің білім беру жүйесіне өзіндік әсерін тигізуде. Бұл жерде бірінші кезекте оның алдына қойылатын мақсаттың өзгеруі, соның салдары ретінде білім беру мазмұнын және сапасын өлшеу құралдарын жаңарту мәселелері шығады. Қазіргі уақытта іс-әрекет субъектісі ретінде мұғалімге, оның тұлғалық-кәсіби қасиеттеріне қойылатын талаптар өзгерді. Бұл талаптарға жауап беретін педагог даярлау, ең алдымен, оның құзыреттілігін қалыптастырумен байланысты болады. Бұл әдістемелік нұсқаулықта осы құзыреттілік мәселесінің педагогикалық әдебиеттерде қарастырылуы сөз болады.

Ең алдымен, «құзыреттілік» терминінің мәнін филологиялық тұрғыда ашып алайық. Ол үшін құзыр (компетенция) және құзыреттілік (компетенттілік) ұғымдарына жекелеп тоқталу қажет. Өйткені педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде бұл ұғымдар бірде-бір мағынада, негізінен көбіне түрлі категорияларды белгілеу үшін қарастырылады.

«Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде» «құзыр» ұғымына «қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деген анықтама берілсе, С.И.Ожегов сөздігінде «құзыреттілік - белгілі бір мәселені жан-жақты білу» екендігі айтылады.

«Шет тілдері сөздігі» «құзыретті» түсінігіне «құзырларға - қызметтік өкілеттікке ие» деген анықтама берген. Ал жалпы педагогикалық әдебиеттерде «құзыреттілік» аясында білім алушылардың мына негізде әрекеттің күрделі түрлерін жасай алу қабілеті түсіндіріледі, яғни нәтижесі:

- білімдер болып табылатын танымдық іс-әрекет тәжірибесі;
- іскерліктер түрінде болатын іс-әрекет тәсілдерін іске асыру тәжірибесі;
- проблемалық жағдайда шешім қабылдай алу іскерлігі болып табылатын шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі.

Педагогикалық әдебиеттерде құзыреттіліктің төмендегідей түрлері көрсетіледі:

- түрлі ақпарат көздерінен білімдер алу тәсілдерін меңгеруге негізделген өзіндік танымдық іс-әрекет саласындағы құзыреттілік;
- азаматтық-қоғамдық іс-әрекет саласындағы құзыреттілік (азамат, сайлаушы, тұтынушы ролін орындау);

- әлеуметтік-еңбек іс-әрекеті саласындағы құзыреттілік (өзінің кәсіби мүмкіндіктерін бағалай алу, өзін-өзі ұйымдастыру дағдылары т.б.);
- тұрмыстық саладағы құзыреттілік;
- мәдени-демалыс саласындағы құзыреттілік (бос уақытты тұлғалық сұраныстарға жауап беретін талаптарға сай ұйымдастыра алу).

Білім беру мазмұнында түсініктердің, іс-әрекет тәсілдерінің және жеке позицияның көрініс табуы тәжірибесінің кіріктірілуі білім алушының өзіндік іс-әрекет тәжірибесін оқытушымен бірлескен шығармашылық іс-әрекетте жүргізіледі. Бұл жерде құзыреттілік оқыту нәтижесі бола отырып, одан тікелей шықпайды, керісінше, индивидтің өзіндік дамуының, тұлғалық және іс-әрекеттік тәжірибені қорытудың салдары болып табылады.

Жаңа сапаға қол жеткізу үшін берілетін білімдердің, іскерліктердің, дағдылардың санын арттыру шарт емес. Бұл жерде тек берілетін білім көлемін ұлғайту арқылы жоғары сапаға қол жеткізу мүмкін болмайтындығын айта кету керек. Егер біз сапаға сан арқылы қол жеткізу жолымен жүретін болсақ, онда тиісінше қалыптастырылатын құзыреттіліктердің саны да шекіз болып шыға келеді. Бұл өз кезегінде оларды шын мәнінде қалыптастыруды қиындатып, білім беруге құзыреттілік тұрғыдан келудің мәнін жояды.

Сондықтан да, негізгі немесе басым құзыреттіліктерді іздеу барысында кілттік (базалық) құзыреттіліктер түсінігін қолданылады. Кілттік (базалық) құзыреттіліктер дегеніміз - неғұрлым спецификалық құзырлар қалыптастыруға негіз болатын кең спектрлі әмбебап құзыреттіліктер.

Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Қатаң талаптары қалыптасып келе жатқан инновациялық экономика қай салада болса да, бүгінгі маманның құзыреттілігін, яғни өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуын, кәсібилігін, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін, оған сай өз білімін пайдалану ғана емес, оны қажеттікке қарай толықтырып отыруды талап етеді.

А.Ф.Присяжная педагогика ғылымында құзыреттілік - тұлғаның белгілі бір сферадағы функциялары мен уәкілеттігін анықтайтын, оның интегративті қасиеті ретінде қарастылатындығын айтады .

Жалпы алғанда, «құзыреттілік» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзыреттілік ұғымы - соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзыреттіліктің латын тілінен аудармасы «competens» белгілі сала бойынша жан - жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді.

Бұл жайлы Б.Тұрғынбаева «...өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н. Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз - педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы».

Ш.Таубаева: «Құзыреттілік - ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның

жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті» -деп қарастырылады.

Сонымен, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жана технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың мақсаты - оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыра отырып, шығармашылықпен жұмыс істеу және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту. Оқушылар әңгіме, поэзия, драма, сондай-ақ ғылыми және бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарын (газет-журналдар т.б.) сын тұрғысынан оқи отырып, өз түсініктерін дамытады. Оқу арқылы танымдық дағдыларын арттыра отырып, білім әлеміне жол ашады. Қазақ тілі пәнін оқу арқылы оқушылар:

- сөздік қоры мен тілдік сауаттылығын дамытады;
- тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметін түсінеді;
- ойлау және танымдық қабілеттерін дамытады;
- коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді және өзгелермен еркін қарым-қатынасқа түсуді үйренеді;
- Қазақ халқы мен мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қалыптастырады, қызығушылығын арттырады. Білім сапасын арттыру, бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осы мәселені шешу - білім беру мазмұнын жаңашаландырумен, оқу үрдісін ұйымдастыру технологиясы мен нәтижесіне ерекше мән берумен тығыз байланысты.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Аванесов В.С. Теория и практика педагогических измерений// Материалы публикации в открытых источниках и Интернете. ЦТ и МКО УГТУ-УПК. 2005. С. 98.
2. Бұзаубақова.К.Ж. «Инновациялық педагогика негіздері» Алматы, 2009 ж.
3. Қуанышбаева А. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану. А: Қазақ тілі: Әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №2, 2004. 47 б.
4. Оралбаева Н. Жақсылықова Қ. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі, А: 1996 жыл.
5. Қожамқұлова . Ж. «Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар» Алматы, 2013 ж.

Интернет көздері:

3. Полат.Е.С. метод проектов [Электронный ресурс]/ Е.С.Полат.
4. <http://www.ioso.ru/distant/proiect/meth%20project/metod%20pro.htm>.
2. http://www.brainboxx.co.uk/a3_aspects/pages/TALKrainbow.htm
3. http://www.xpday.org/session_formats/goldfish_bowl
4. http://drscavanaugh.org/discussion/inclass/discussion_formats.htm

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚАЖЕТТІЛІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУДА САБАҚ ҮРДСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС- ТӘСІЛДЕР

Калтаева Жибек Аидаровна

№87ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Шымкент қаласы

Оқыту әдістері - оқытудың мақсат-міндеттеріне сай оның мазмұнын оқушыларға меңгертуде мұғалім мен оқушылардың қолданатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы болып табылады. Мұғалім оқыту әдістерінің көмегімен оқушыларға білім беріп, олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін оқушылардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады.

Мұғалім оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал-тәсілдерімен қатар оның құралдарын да пайдаланады.

Қазақ тілі сабағында қолданылатын әдістер:

Сөздік әдістер: түсіндіру, әңгіме, әңгімелесу, кітаппен жұмыс.

Көрнекі әдістер: иллюстрация және демонстрация.

Оқыту үрдісінде ең көп тараған дәстүрлі әдіс - сөздік немесе мұғалімнің ауызша баяндау әдісі. Бұл әдіс оқыту процесінде басқа әдістерге қарағанда жетекші роль атқарады.

Көрнекілік әдістер оқу материалын оқушылардың көзімен көріп, нақтылы түсінулеріне мүмкіндік береді.

Бұған демонстрация, иллюстрация тәсілдері жатады.

Тәжірибелік әдістердің ішінде ең көп қолданылатыны - **жаттығу** әдісі. Оқу барысында теориялық ережелер мен қағидаларды қайта пысықтап, тиянақты меңгеру жаттығу арқылы орындалады.

Ауызша жаттығу оқушының оқу материалын ауызекі баяндауға дағдылану мақсатын көздейді.

Оқушы бірінші сыныптан бастап қазақ тілін үйрену барысында тілдегі түрлі қолданылатын атауларды (әріп, дыбыс, буын, сөз, сөз тіркестері, сөйлем, сөз бен сөзді байланыстыратын жалғау, жұрнақ, тыныс белгілері – нүкте, үтір, леп белгісі, сұрау белгісі, сызықша, қос нүкте, түрлі грамматикалық анықтама, ережелерді оқып үйренеді.

Қабілеті әр түрлі оқушы тілдің мұндай белгілері мен атауларын бірден меңгеріп кетуі мүмкін емес, тек оның негізгі, қажеттілерін (анықтама, ережесін) есте сақтауы мүмкін.

Қазіргі сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар, ұнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді.

Қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Оқушылардың білім сапасының көп жағдайларда төмен болуы, осындай түрлі ойлау әрекеттеріне бейімделмеуден, дағды бермеуден деп айтуға болады.

Қазіргі кезде қазақ тілін қандай бағытта, қандай мазмұнда оқыту керек?

Меніңше, коммуникативті функционалды бағытта болуға тиіс. Сондықтан тілдің коммуникативті механизмін ашу қажет. Яғни, оның сөйлеу процесіндегі, сөйлем құрудағы, мәтін бойынша әңгіме құрастырудағы рөлі амал - құралдар арқылы меңгертіледі.

Мектептерде қазақ тілін үйрену, білу қазіргі таңның басты мәселесі. Сабақта бұл мәселені шешу жолдарының бірі - әр түрлі әдіс- тәсілдерді тиімді қолдана отырып, жаңа технологияларды енгізу. Қазір технологиялардың түрлері өте көп. Орыс мектептерінде қазақ тілін үйрену, лексикалық және грамматикалық тақырыптарды меңгеру күрделі жұмыс. Сондықтан басқа ұлтқа қазақ тілін оқыту, ауызекі сөйлеуге үйрету қиын да, қызық жұмыс.

Грамматикалық материалдарды және лексикалық тақырыптарды оқытуда тірек сызбалардың қолданылуы тілді дамытуға, сөздік қорды молайтуға, бір-бірімен, қарым- қатынас жасауға (сөйлеу, айту, жазу, оқу) ойлау қабілетін дамытуға, ойын қазақша жеткізе білуге үйретеді.

Бүгінгі таңда әрбір жаңашыл ұстаз үшін, оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау әдісі кез келген стратегияларға құнды, әрі бағалы. Бұл стратегиялар оқушылардың қызғушылығын арттыра отырып, ұстаздың тығырыққа тірелетін сәттерінен арылтады. Сұрақ қою, ой шақыру, білім көпірі, бес жолды өлең, еркін жазу, білемін, үйренгім келеді, білгім келеді, Венн диаграммасы, пікірталас, болжау, Автор орындығы, топтастыру, т.б, стратегияларын қолдану оқушылардың мотивациясын оятып, ынталандыра түсері сөзсіз. Сонымен қатар бұл стратегиялар оқушының көзқарасын, түсінігін дамыта түседі, жалықтырмайды.

Бір сыныпта отырған балалардың ұлты, оқу ынтасына қарай тілді білу дәрежесі де әртүрлі болып келеді. Сол себепті де нақты нәтижеге жету үшін модульдік оқыту технологиясының тиімді екенін күнделікті іс- тәжірибемнен көріп келемін. М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясының негізі баланың тұлғасын алға қояды, бұл жаңа білім парадигмасына сай келіп отыр. Модульдік технологиясының басты ерекшелігі - оның тек қана білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді, яғни жадының алуан түрлерін ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай- ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін- өзі өзентілендіру, өзін - өзі бекіту, қарым- қатынас, ойын танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттануға белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталады.

Сондай-ақ, профессор Ж. Караевтың «Деңгейлеп оқыту» технологиясының маңыздылығы зор. Деңгейлеп оқытуда күтілетін нәтиже: Алдына қойған мақсатына жете алатын оқушы тәрбиелеу; Әр оқушы өз білім деңгейін, мүмкіндігін, іскерлігін біліп қана қоймай, оны дамыту; Өз бетімен ізденіс дағдыларын, іскерлік қабілетін жетілдіретін шығармашылық тұлға қалыптастыру;

Деңгеймен оқытудың ерекшелігі:

1. Таланттылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады.

2. Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.

3. Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.

Қазақ тілін үйретуде іскерлік, рөлдік ойын түрлерін қолдану, диалог, монолог, сұхбат, сұрақ - жауап, көрініс қою, тақпақ оқу, ән айту, мәнерлеп оқу, жұмбақ, сөзжұмбақ шешу, пікір айту, пікірсайыс, тірек схемасын пайдаланып, жүйелі түрде әңгімелеу, т.б. әдіс-тәсілдерді сабақта пайдалану, оқушының басқа тілді үйрене алмаймын деген сенімсіздігін сейілтіп, тілді үйренуге ынтасын арттыратынын өз іс-тәжірибемнен күнделікті жұмыс барысында байқаймын.

Қорыта келе осы әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесі:

- Оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға;
- Оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға;
- Белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін ұстартуға;
- Тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оны білу, қарым - қатынас, ойын, танымдық, өзін-өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.

Оқу үдемелілігі.

Біріншісі - сапалы, жақсы мәтіннің маңыздылығы және оқушылар өз «дауысын» іздеу арқылы оқылым үдерісінде шабыттана алатыны.

Екіншісі - жазылымның барлық аспектілерін үйрету барысында мәнмәтіннің астарлы мәнін мойындау, нақты айтқанда, жазылым мәнмәтінсіз - тақырыпсыз, мәтінсіз немесе тәжірибесіз тиімді бола алмайды.

Үшіншісі идея - оқушыларға тек «дауыс» қана емес, сонымен қатар, жазылатын шығарманың мазмұны мен белгілі бір детальдарын бере отырып, жазылым үдерісі басталғанға дейін идеяны жан-жақты зерттеу мен дамытудың қажеттілігі. Сондай-ақ оқу үдемелілігінде жақсы мұғалімдер оқылым мен жазылымды дамыту үшін айтылым мен тыңдалымды қолдану мүмкіндіктерін қарастырады. Барлық оқушылар оқу мен жазуды үйренуден бұрын алдымен тыңдау мен сөйлеуді үйренеді. Сонымен қатар, оқушылар әлеуметтік өзара әрекет үдерісінде жазылым мен оқылым дағдыларына қарағанда, өздерінің айтылым және тыңдалым дағдыларын көбірек жетілдіреді. Сондықтан оқушыларға бұл дағдыларын шынықтыруға айтарлықтай уақыт бере отырып, білім беру бағдарламасы оларға:

- идея мен жазба жұмысының жоспарын ойластыруға уақыт береді;
- олардың түсініктерін нақтылай отырып, жауап берер алдында ойларын жинақтауға мүмкіндік береді; білімдерін нығайтып, не үйренгендері туралы айтуға мүмкіндік береді;
- жазбаша нұсқаны дайындауға кіріспес бұрын идеяға қатысты жылдам жауап алады;
- проблеманы бірлесе шешуге мүмкіндік береді.

Мектептердегі қазақ тілінің оқу бағдарламасында оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамытуға ерекше мән берілген, бұны оқу жоспарындағы оқушыларға телехабар, кинофильм, ән және ересек адамдарды тыңдау және оларға жауап беруді көздейтін жаттығулардан көруге болады. Аталған жаттығулар тізбектелген сабақтар топтамасында қамтыла отырып, сабақтың

басында қолданылатын ынталандырушы материал ретінде немесе басқа дағдыларды шыңдардың алдында идея жинақтауға арналған мүмкіндік ретінде ұсынылады. Осылайша, оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым дағдыларының әрқайсысын жеке шыңдай отырып, оларды бір-бірімен өзара тығыз байланыста кешенді түрде оқытылады. Үйренушілер білім алудың бірізділігі аясында грамматиканы белгілеп, саралай алуы керек. Оқу кезеңінде олар сөз тіркестеріне, құрылымға сөздердің орын тәртібіне, сөйлем құрылысына және сөйлеуге басты назар аударады.

Негізгі ойды анықтау кезеңінде оқушылар тілдің тиімді құрылымы мен пайдалы лексикасын қолдануы керек. Олар бақылау жұмыстарында, тәжірибелік сабақтарда және өз бетінше орындалатын жазба жұмыстарда байқалады.

Жаңартылған бағдарлама негізінде «Қысқа мерзімді жоспар құрған кезде мұғалімге төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алуына болады:

- сабақты ұйымдастыру кезінде оқу бағдарламасында және оқу жоспарында көрсетілген мақсаттарды басшылыққа алу қажет;
- орта мерзімді жоспарда ұсынылған барлық іс-әрекеттерді ұйымдастыру ұсынылады;
- мұғалімнің қалауы бойынша іс-әрекет түрі қажеттілігіне қарай толықтырылып отырады.

Жаңа форматты сабақ балаларды оқыту процесіне белсенді тартуды, олардың талқылауларға қатысуын, өткен материалды талдау және қорытуын, зерттеу жүргізуін, бағалау пікірлерін айту, өзін-өзі бағалау және т. б. көздейді. Сабақтың міндетті элементі ретінде оқушыны қолдауға бағытталған мұғалімнің әрекеттерін түзетуге мүмкіндік беретін кері байланыс болуы тиіс.

Қысқа мерзімді жоспарлау кезінде мұғалім міндетті түрде мыналарды анықтап, әзірлеуі қажет:

- тілдік оқу мақсаттары
- терминдермен жұмыс және т.б.;
- саралау:

білім алушыларға қолдау көрсету қалай жоспарланады? Қабілетті білім алушылардың алдына қандай міндеттер қою жоспарлануда? Білім алушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруге болады?

- метапәндік байланыстар;
- денсаулығы мен қауіпсіздігін, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарымен және АКТ-мен байланысын қамтамасыз ету.

Мұғалім тек білім көзі ретінде ғана емес, білім алушылардың өздерінің оқу-танымдық әрекеттерінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етуі тиіс» (2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. - Астана: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2021, 211 б.).

Байқап отырғандарыңыздай, мұнда тілдік мақсаттар, сабақ мақсаттарын саралау, пәнаралық байланыстар, денсаулық пен қауіпсіздік, құндылықтар, АКТ құзіреттілігін дамыту сабақ жоспарының міндетті компоненті ретінде ұсынылады. Бұл мынаны білдіреді: «оқу бағдарламаларының тек пәндік білім

мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағыттылығы оның ерекше өзгешелігі болып табылады.

Әрбір мұғалімнің алдына қойған мақсаты - оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру оқушының қызығуын, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет - ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру - әрбір ұстаздың абыройлы борышы. Бұл ретте ғасырлар бойы қолданылып, сұрыпталып, тұрмыс пен өмір тәжірибесі сынынан өткен салт - дәстүріміз педагогикалық әдіс - тәсіл ретінде пайдаланылады.

Сол себепті оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Жан - жақты ізденістің нәтижесінде білім беру саласында жаңа педагогикалық технологиялардың саны да, сапасы да өсіп келеді. Технология – белгілі бір істегі адамның әдісі, шеберлігі. Осы шеберлік арқылы мұғалімнің өз сабағын оқушыға жоғары сатыда жеткізуіне мүмкіндік береді. Мұғалім үнемі шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс жасап отырса жаңашылдыққа жақын болғаны. Өзгелердің үлгісін өз ісінде пайдалана білсе, оған өзіндік қолтаңбасын қосып отырса - оқушы тәрбиелеу мен білім берудегі жетістігі сол болмақ. Мұғалімдер пайдаланатын оқыту әдісі (яғни, педагогикалық әдістемелер) оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды.

Нормативтік құжаттар:

1. ҚР Білім және ғылымды дамытудың 2021-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Нұр-Сұлтан, 30 қазан, 2022ж.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші басылым-2012 жыл

Негізгі әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж.- Қазақ әдебиеті /Энциклопедиялық анықтамалық/.-Алматы: Аруна, 2005.- 18-19 беттер
2. Аймауытов Ж. Шығармалары.-Алматы: Жазушы, 1989.- 560 бет.
3. Әлімов А.Қ., «Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану» оқу құралы / Астана, 2014ж. «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.

МАЗМҰНЫ

1.	Медетбекова М.А НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ - УАҚЫТ ТАЛАБЫ	
2.	Кенжебаева Г.М., Арысбаева Ж.А. САБАҚТА САРАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫН ЖОСПАРЛАУ	
3.	Аблаева А.Е. ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
4.	Төнкерқызы А. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ	
5.	Арысбаева Ж.А. ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТИІМДІ СТРАТЕГИЯЛАР	
6.	Ергарина С. САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУ КЕЗІНДЕГІ САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚАРАСТЫРУ	
7.	Нұрмолдаева А.А. БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ОҚУҒА ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ДАМУДА САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	
8.	Ефремова В.Н. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢАШЫЛ ӘДІС - ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ	
9.	Нұрбекова Ә.Б. ОҚУ ҮРДІСІНДЕГІ КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІ	
10.	Қосарова Б.Қ. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ДЕҢГЕЙЛЕП-САРАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ	
11.	Сергазина З.Д. САБАҚ ЖОСПАРЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	
12.	Бурибаева Р.О. НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ - МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ	
13.	Жангабулова А.А. ОҚЫТУДА САРАЛАУ ТӘСІЛІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ	
14.	Ахметбекова Н.А. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	
15.	Оязбекова К.К. «БІЛІМ АЛУШЫНЫ ОЙЛАУҒА БАҒЫТТАЙТЫН	

	ТӘСІЛДЕР»	
16.	Жамбосынова И.А. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА САРАЛАП ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕРІ	
17.	Смагулова Г.Ш. «НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ	
18.	Қосарова Б.Қ. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ДЕҢГЕЙЛЕП-САРАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ	
19.	Ахметова А.С. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ НӘТИЖЕГЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ	
20.	Конкабаева Г.Қ. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ- БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДІҢ НЕГІЗІ	
21.	Сарсенбаева Г.Е. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖОСПАРЛАУ МЕН ОҚЫТУДА САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ	
22.	Азимбаева Б.Ш. ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДА МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІ	
23.	Мельдебаева А.Т. ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРУ ЖОЛДАРЫ	
24.	Жаркеева Г. Б.ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ДАМУДАҒЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫҢ РӨЛІ	
25.	Шералхан Г. ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА ОҚУ МАҚСАТТАРЫНА НЕГІЗДЕЙ ОТЫРЫП ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
26.	Ермаханова К.К. ТІЛДІ МЕНГЕРТУДЕГІ ТӨРТ ДАҒДЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ	
27.	Ермаханова К.К. САБАҚҚА ҚОЙЫЛАТЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҚСАТТАР.SMART МАҚСАТ	
28.	Төлеуіш Ж.М. «САБАҚТА ТИІМДІ КЕРІ БАЙЛАНЫС БЕРУДІ ЖҮЙЕЛІ ҰЙЫМДАСТЫРУ»	

29.	Апбазова М.У. ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР	
30.	Анарбаев Б.С. САРАЛАП ОҚЫТУ - НӘТИЖЕЛІ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕГІ	
31.	Алжанбаева Н.Ж. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА НӘТИЖЕГЕ ЖЕТУ ЖОЛЫНДА ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ	
32.	Татибекова А.А. ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ ОҚУ МАҚСАТТАРЫНА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ	
33.	Тобугов М.Т. СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ	
34.	Салгараева С. С. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА САРАЛАП ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕРІ	
35.	Бейсебаева Ф.И. ТҮРЛІ ӘДІСТІ БОЛУ –САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ КЕШЛІ	
36.	Мұңайтбас Ө.О. НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ	
37.	Абишева М.Т. САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУДА БАСШЫЛЫҚҚА АЛАТЫН САРАЛАП ОҚЫТУ ҚАҒИДАТТАРЫ	
38.	Болатбек Д.Б. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ	
39.	Кусёва С.Ж. ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ТАРИХИ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ	
40.	Бекетова С.Н. НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ	
41.	Ахалиева А.Б. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ	
42.	Аманбаева А.Ш. БЕЛСЕНДІ ОҚУ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ	
43.	Батырбекова Р.О.	

	НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚТЫ ҚҰРЫЛЫМДАУДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР	
44.	Сатыбалдиева Ф.Б. КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ОҚУШЫНЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУДАҒЫ ЫҚПАЛЫ	
45.	Бекмурзаева С.Н. КЕРІ БАЙЛАНЫС ҚАҒИДАТТАРЫН ҰСТАНАЙЫҚ!	
46.	Тулемисова Г.А. ОРТА БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ ТУ МӘСЕЛЕСІ	
47.	Ермаханова К.К. ТІЛДІ МЕНГЕРТУДЕГІ ТӨРТ ДАҒДЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ	
48.	Қойшыбай Р.М. САБАҚҚА ҚОЙЫЛАТЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҚСАТТАР. SMART МАҚСАТ	
49.	Күдереева Б.Ж. ОҚУШЫЛАРДЫҢ МӘТІН ҚҰРАУ, ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ	
50.	Агабекова Э.К. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ	
51.	Исаева Э.Н. НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ	
52.	Нарбек К. ТІЛДІ МЕНГЕРТУДЕГІ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	
53.	Иманбердиева Р.А. КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ-ӘДІЛ БАҒА КӨРСЕТКІШІ	
54.	Ботанова М.Ш. ОҚУ МАҚСАТЫНА ЖЕТУДЕ СЫНИ ТҮРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	
55.	Исманова Р.Э. ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ ТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛАР	
56.	Байбосынова Г.Т. «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?	
57.	Әшенова Г.А. САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛАР	
58.	Курбанкулова Г.Н. «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІНЕ АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАНЫҢ	

	МАҚСАТЫ	
59.	Орынбаева Ғ.А. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРДЫ ҚҰРУДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР	
60.	Примкулова Г.М. КЕРІ БАЙЛАНЫС - ОҚУ МЕН ОҚЫТУДЫ АЛҒА БАСТЫРУДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ	
61.	Файзуллаева С.С. КЕРІ БАЙЛАНЫС КЕМЕЛДЕНДІРЕДІ	
62.	Рыскиева Айжан Абуовна ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫН ЖОСПАРЛАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҚ	
63.	Медетова Алия Оспановна ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДАҒЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ДАМУ	
64.	Әлімбек А.Б. ҚАЗАҚ ТІЛДІ ЕМЕС СЫНЫПТАРДАҒЫ САБАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ	
65.	Шадман Л.И. ОҚУШЫЛАРҒА ТИІМДІ КЕРІ БАЙЛАНЫС БЕРУДІҢ 20 ЖОЛЫ	
66.	Боранбаева И.С. САБАҚ ҮДЕРІСІНДЕГІ МҰҒАЛІМ КӨШБАСШЫЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	
67.	Тайлыбаева Қ.Б. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ТӘСІЛДЕРІ	
68.	Арыстанбекова А.П. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ	
69.	Сырымбетова Г.Д. БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ДАМУ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ	
70.	Дуйсенова К.А. ДАМУ ОҚЫТУ ТҰРҒЫСЫНАН АЛЫНҒАН ПӘН МАЗМҰНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
71.	Өмірәлиева Г.Н. ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНУҒА ТИІМДІ ӘДІС- ТӘСІЛДЕР, ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ	
72.	Аманбаева К.М. ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДА МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІ	
73.	Касимова А.И. ШӘКІРТТІҢ ШЫҢДАЛҒАНЫ-ҰСТАЗДЫҢ ШЕБЕРЛІГІ	
74.	Исмайлова У.К. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ҰЛТШЫЛДЫҒЫНЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ	

75.	Коркенбаева К.Н. ҚАБІЛЕТТІ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	
76.	Игамбердиева Г.Е. ОҚЫТУ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЕМЕС МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМУА ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ	
77.	Хидоятова Н.С. ҮШТҰҒЫРЛЫ ТІЛ САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ	
78.	Байташева Ұ.Б. ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМУА ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН АМАЛДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ	
79.	Момынова Г.А. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛДІК ҚАТЫНАС ЖАСАУ МӘСЕЛЕСІНЕ БЕРІЛЕТІН БАСЫМДЫЛЫҚ	
80.	Әділбек А. Т. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫНЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ БІЛІКТІЛІГІН ДАМУА	
81.	Байконысова Н.Р. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫНЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ БІЛІКТІЛІГІН ДАМУА	
82.	Султанбекова К.А. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	
83.	Мурзабаева Б.С. САБАҚТЫҢ ОҚУ МАҚСАТЫНА ЖЕТУДЕ АКТ ТИІМДІЛІГІ	
84.	Адилова Ж. А. ОҚУШЫНЫ МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ АРҚЫЛЫ ДАМУА	
85.	Медетова Г.Б. ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН МӘТІНДЕР АРҚЫЛЫ ДАМУА	
86.	Артыкова А.С. НӘТИЖЕГЕ ЖЕТУДЕ МҰҒАЛІМ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІНІҢ МАҢЫЗЫ	
87.	Пардаева А.С. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	
88.	Жаманбаева М.С. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚАЖЕТТІЛІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУДА САБАҚ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР	
89.	Курманбекова А.С. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚАЖЕТТІЛІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУДА САБАҚ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР	
90.	Спатаева А.К.	

	КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ САБАҚ ҮДЕРІСІНДЕГІ ТИІМДІЛІГІ	
91.	Әміртаева Э.Б. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ДАРАЛАП– САРАЛАП ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ	
92.	Батырбекова Н.А. СТО ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУ МАҚСАТЫНА ЖЕТУ	
93.	Кадирбаева К.А. ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗЕКІ ТІЛДЕ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	
94.	Усербаева Д.Ф. САРАЛАП ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ	
95.	Турганбекова У.Р. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА САРАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫН БЕРУ ЖОЛДАРЫ	
96.	Адилова К.О. САРАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	
97.	Лекерова Б.Т. САРАЛАП ОҚЫТУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?	
98.	Серикбаева А.А. НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ	
99.	Туғанбаева А.Б. ОРЫС ТІЛІНДЕ ОҚЫТАТЫН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ТЫҢДАЛЫМ ӘРЕКЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ	
100.	Байбол С.М. ӘДЕБИЕТ ПӘНІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІН ЖАҚСАРТУДА ТАПСЫРМАЛАРДЫ САРАЛАП БЕРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ	
101.	Маметханова М. ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТИІМДІ ӘДІС- ТӘСІЛДЕР	
102.	Сарсенбаева К.А. САРАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ	
103.	Исаева М.Ж. НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚТА САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ	
104.	Аманова Б.А. НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ	
105.	Умирзакова З.Х. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС- ТӘСІЛДЕР	

106.	Жубаева З. САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ	
107.	Елтай А. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА САРАЛАУ ТӘСІЛІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ	
108.	Утембаева Д.Б. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУДАҒЫ САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІ	
101	Калиева Н.М. НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: « ҚАЛАЙ ОҚУ КЕРЕКТІГІН ҮЙРЕНУ» МОДУЛІН ӨЗ САБАҒЫМДА ҚОЛДАНУ	
102	Шертаева Г.Ж. ОҚУШЫЛАРҒА САРАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫН БЕРУ АРҚЫЛЫ ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН БІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	
103	Нуржанова Улту САРАЛАП ОҚЫТУ ТӘСІЛІНДЕГІ ТЕРЕҢДЕТУ ПРИНЦИПІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ	
104	Балабекова К.И. САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН ТҮРЛЕРІ, ТИІМДІЛІГІ	
105	Нуримова З.А. ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА САРАЛАУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ	
106	Кансеитова А.Б. ҚАЗАҚ ТІЛІН САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	
107	Аманова А.О. НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ	
108	Омиртаев М.К. НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ	
109	Фазылханұлы Н. НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ	
110	Алмабаева Б.С. ОҚЫТУДА БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ШАРТЫ- ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ	
111	Сункарова К.К. НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ	

112	Исмайлова У.К. ОҚУ МЕН ОҚЫТУДАҒЫ САРАЛАУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ	
113	Натбаева А.А. НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ	
114	Ақылбекова Қ.Д. ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ, ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ	
115	Шанаева Г.К. ОҚУШЫЛАРҒА ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ-ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫН ДАМЫТУ	
116	Урмахамбетова Г.К. САРАЛАП ОҚЫТУ – ОҚУШЫ ЖҰМЫСЫН БЕЛСЕНДІРУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ	
117	Имашева З.К. НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚ: ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ	
118	Смайлова Ж.Т. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ДАРАЛАП – САРАЛАП ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ	
119	Мусабекова А.Д. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ	
120	Есимкулова М.С. МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ – НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ	
121	Калтаева Ж.А. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚАЖЕТТІЛІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУДА САБАҚ ҮРДСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР	

